

1649  
H. 38



MƏPTƏK

---

МАРТУК



Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының  
тарих факультеті  
Мәртөк аудандық әкімдігі

# МӘРТӨК

(ҒЫЛЫМИ-ТАРИХИ АНЫҚТАМАЛЫҚ)

442 115

Мәртөк - 2009

*КС* *Әскер*  
Мәртөк аудандық  
централизованная  
система  
филиал №2

ББК 26.89  
М 36

М 36 Мәртөк:

Ғылыми-тарихи анықтамалық. – Мәртөк, 2009. – 832 бет.  
Жалпы редакциясын басқарған профессор **М. Қ. Тәжібаев**

ISBN 9965-819-52-1

Бұл кітап аудан тарихы туралы оқытушыларға, мектеп оқушыларына және студенттерге арналған. Жалпы тарих мәселерімен айналысатын оқырмандарға құрал ретінде пайдалануға болады.

ББК 26.98

Редакциялық кеңестің құрамы:

**А. А. Әміргалиев** - аудан әкімі, кеңестің төрағасы

**Е. Б. Ониськова** - өлкетанушы, кеңес төрағасының орынбасары

Кеңес мүшелері:

**А. Қ. Смағұлов**

**Ж. М. Қарылғашов**


**Н. Қ. Қаспақов**

**Ф. М. Шакиров**

Бас редактор: **Р.Ж. Ділмағамбетов**, **С.О. Қаракеев**.

М  $\frac{1805080000}{00(05)-08}$

ISBN 9965-819-52-1



© ПринтА, 2009

## АЛҒЫ СӨЗ

Ұлы дала қойнауы – Қазақтың қасиетті де қадірлі ата-мекені – тұнып тұрған тарих. «Дала» деген ұғымды тек бір шөл деп ұғынуға болмайды. Алтайдан Донға дейін созылған Ұлы дала екі құрлықтың басын қосып, Еуропа мен Азияның қақпасына айналған тоқсан тоғыз жолдың торабы екендігі баршамызға аян.

Біз ата тарихымызды таразылап жатырмыз. Әр өлкенің ерте заманнан бергі тарихы тұтаса келіп, бүгінге дейін талай жақсылықты да, қорлық пен қасіретті де басынан кешірді. Соңғы жылдары ғана ұлттық тарихымызды түгендеп, ел болып еңсе көтеріп жатқан біз үшін ең маңызды нәрсе – елдігімізді, бірлігімізді нығайтатын тарихымызды ұрпақтан ұрпаққа жеткізу.

Тарихы шежіре, қойнауы құт Мәртөк ауданының іргетасы қаланғанына келер жылы 75 жыл толғалы отыр. Ауданымыз – есімдері республикаға танымал, өлкеміздің экономикасы мен мәдениетінің дамуына үлкен үлес қосқан қоғам қайраткерлері, өнер тарландары мен даңқты ғалымдардың қалдырған өлшеусіз еңбектерімен құнды өлке. Бұлақ көзі – бастаудан. Қазір аудан халқынан, соның ішінде ел ағалары, зейнеткерлер, қоғам қайраткерлері және кәсіпкерлер мен қожалық иелері, мемлекеттік емес ұйымдар жетекшілері атынан аудан әкімі атына 75 жылдық белесті атап өтуге бірлескен ұсыныстар түсіп жатыр.

Соған байланысты аудан бойынша комиссия құрылып, «Мәртөк» ғылыми-тарихи анықтамалық атты кітап құрастыруға шығармашылық топ құрылған болатын. Елдің зиялылары зерделеген тарихи деректерді қайта қарап, мұрағат, мұражай, әдеби, тарихи кітаптар, бірқатар мекеменің бұйрық кітапшаларын ақтару нәтижесінде анықтамалық құрастырылып, біраз мәлімет жинақталды.

Ұсынылып отырған кітап – Ұлы даланың бір бөлігі – Мәртөк өңірінің сол аймақты ғасырлар бойы мекендеп келе жатқан халықтың замана ағымына орай сан құбылған тағдыры жайлы сыр шертетін еңбек. Бұл анықтамалықта, сондай-ақ «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградталған ардақты аналарымыз ерекше орын алып отыр. Мұндағы ойымыз - Қазақстанның гүлденуіне өзіндік үлестерін қосқан сәбилерді дүниеге әкелген аналардың даңқын асқақтату, мадақтау.

Ар мен абырой мәселесі, еркіндікті таңдау шарты секілді осы ғасырдың негізгі проблемасы. Біз ар мен намысқа жүгініп, адами қасиетпен аналарымызға жүрек жылулары мен ерліктері үшін құрмет

көрсетуге тырыстық. Қасиетті, қастерлі Мәртөк жері көп балалы аналарымен ғана емес тарих парақтарында елеулі іздерін қалдырған, ел мақтанышына айналған әйел-тұлғаларға кенде емес.

Өкінішке орай, біздің еліміздің бірнеше ұрпағы тарихты тек бұрмалаушылықтың ғана емес, оны үзілді-кесілді жоққа шығарушылық науқан әрекеттердің де куәсі болды. Кей кездері тікелей сол озбыршылыққа қатынасып, өз қолдарымен «орындаушылар» да кездесті. Оны мақтан тұттық. Нәтижесінде тарихқа қиянат жасалды. Тарих – мемлекеттің, қоғамның өркениеттілігін көрсетеді. Өркениетті елдердің тарихы да бұрмалаусыз, ақиқатты түрде аяқталған. Ондай елдерде өз тарихына деген салауатты, парасатты, қадірлеушілік көзқарас қалыптасып, ол жақсы дәстүрге айналған. Өзіне дейінгі өткен тарихын сыйлай білген ұрпақ, өзінен кейінгілерге де дәуірін сыйлата біледі. Сондықтан мемлекетіміз өзінің тәуелсіздігін алып, бұрынғы идеологиялық, тоталитардық құрсаудың бұғауы үзілген соң жаппай өз халқымыздың тарихын жазуға бет алдық. Қазақ тарихы халықтың бірлігін, қасиетін нығайту үшін қызмет етуі қажет.

Мәртөк өлкесінің тарихы – бүкіл қазақ тарихының құрамдас бір бөлігі. Мәртөк туралы жазылған бұл кітаптың мақсаты – осы өлкені мекендейтін халыққа төл тарихын танытып, жас және келер ұрпаққа өшпес өнеге ету ғана емес, сонымен қатар, күллі қазақ елі тарихын көркейте түсуге жасалған ізгі қадам болмақ.

Аудан әкімі:



Алтынбек ӘМІРҒАЛИЕВ.

## МӘРТӨК АУДАНЫНЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ОРНЫ

Мәртөк ауданы Ақтөбе облысының солтүстік бөлігінде орналасқан, солтүстігінде Ресей Федерациясының Орынбор облысымен, оңтүстік батысында Қобда ауданымен, оңтүстік шығысында Алға ауданымен және Ақтөбе қаласы маңындағы елді мекендермен, солтүстік шығысында Қарғалы ауданымен шекаралас. Ауданның көлемі 660532 га немесе 6605,3 шаршы км.

Мәртөк ауданы 1935 жылғы ақпанда құрылды. Мәртөк станциясы оның орталығы болып белгіленді. Ауданның қашықтығы солтүстігінен оңтүстігіне дейін 110 км, шығысынан батысына дейін 147 км.

Егер өлкенің тарихын тілге тиек ететін болсақ, қауымдасып тұрған алаңдар тайпалары Батыс Қазақстанның ежелгі дәуірдегі тұрғындардың негізгі бөлігі болып табылады. Мәртөк станциясынан оңтүстігіне қарай орналасқан Целинный моласындағы № 6 қорғандағы биіктігі 6 м., жерленімдегі 2 метрлік тереңдікте, батыс қабырғаны бойлай алып бойлы (2 метрдей) ұзын темір семсермен қаруланған ер адам жерленген. Ағаш қындағы семсер қара қошқыл түске боялған. Сондай-ақ, ұзын темір сапты римдік өндірістен шыққан қола шөміш, алтын жалатылған күміс фибула, күміс жүген және көзе ыдысы табылды. Орта Азиялық өндірістің ғұн молаларының табылған бұл олжалар археологтардың пікірінше, Орта Азияның орталықтарымен байланыстың болғандығын білдіреді. IV-V ғасырларда ғұндар алаңдар соғысқа кірісті. Жеміске жеткен ғұндар Дунайдан бастап Жайыққа дейінгі аралықта империя құрды. Батыс Қазақстанның даласында Алтай ежелгі түріктерінің ұрпақтары келгенге дейін бірнеше ғасыр бойына тыныштық орнады. XVII ғасырда, дәлірек айтсақ, 1693-1748 жылдары Кіші жүзге Әбілқайыр билік жүргізді. Хан ордасы Мәртөк жерінен оңтүстікке қарай, ал жазғы жайлауы аудан аумағында орналасқандығы ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Өйткені, халықтың одан бергі тарихы Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың Ресей азаматтығын алуға байланысты болса, одан кейінгі онжылдықтарда шаруалардың Ресейдің орталық губернияларынан Қазақстанға қоныс аударуымен сипатталады. Ақтөбе қаласының іргесі Ақтөбе қамалы ретінде (ескі жылнама бойынша 1869 жылғы 9 мамыр) қаланғаннан кейін біздің өлкемізге де Ресейден қоныс аударушылар ағыла бастады. Ақтөбе маңында құнарлы жер бар, және жергілікті тұрғындар диканшылықпен шұғылданбайды деген қауесет Ресейдің орталық губернияларының шаруалары арасында тез тарап кетті. Бірақ қоныс аудару процестерінің ең басты себебі бұл – патшалық Ресейдің саясаты болды. 1878 жылдан бастап Рязань, Воронеж және Тамбов губернияларынан Ақтөбе жеріне қоныс аударушылар келе бастады.

1901-1905 жылдары Орынбор-Ташкент теміржолының құрылысы басталды. 1904 жылы теміржолдың Мәртөктен Ақбұлаққа дейінгі бөлігі салынды. Ауданның одан әрі дамуы осы оқиғаға байланысты. Жақсы өмірге үміт артқан алғашқы қоныс аударушылар Мәртөктің аумағында 1904-1905 жылдары пайда болды.

Олардың арасында: Кривенко, Тарасов, Дегтерьев және басқалары бар еді. Бұл жылдары дала теміржол құрылысымен атағы шықты, ол қоныс аудару процесін жеделдете түсті. 1905 жылы вокзал салынды да Мәртөк теміржол станциясы ретінде дами бастады.

Мұрағат материалдары кентте бірінші үй 1907 жылы салынғандығын дәлелдейді. Сол кезден бастап Мәртөк ауыл ретінде дами басталды деп есептеледі. 1911-1913 жылдары 30 үй есепке алынды, 1916 жылы алғашқы диірмен құрылысы пайдалануға берілді.

«Мәртөк» елді мекенінің атауына қатысты пікірлер осы уақытқа дейін әртүрлі. Олардың барлығы да назарға алуға тұрарлық, бірақ мұрағаттық дәлелдер жоқ. Газеттердегі жарияланымдардың біреуі ауданның атауы «мортық» шебінен шыққан десе, басқалары мибатпаққа батып кеткен ақмандай жалғыз мүйізді бұқа туралы аңыздан қалды дейді. Мәртөктің аумағы бұрын батпақты болған. Біздің өлкемізді зерттеу жөніндегі материалдар Н.Рычков пен А.Жемчужниковтан бастау алады.

Аудан аумағы (жан-жануарлары, өсімдігі, халқы) Орынбордан «қырғыз даласын шолу, Бұқара мен Хиуаға баратын керуен жолын қауіпсіз етуге көмектесетін бекіністер құрылысына орын белгілеу» мақсатында арбалы керуенмен төтен экспедиция келген 1802 жылдан бастап зерттеле бастады.

Экспедиция құрамында патша селосындағы лицейді бітірген В.Вольховский бар еді. В.Вольховский далаға шолу жасады және жол картасын белгіледі. Өлкені зерттеу кезінде ол тасқа айналған жан-жануарлардың сүйектерін, көмір кен орнын тапты, Елек өзенін көрді және оларды суреттеді.

Воль Вольховскийдің бағыты Елек өзені және Мұғалжар таулары бойымен өтті. 1821 жылы ол осы маршрутпен кейін Орынборға оралады.

## ЖЕР БЕДЕРІ ЖӘНЕ ТОПЫРАҒЫ

Мәртөк ауданы Батыс Қазақстанға жатады. Оның жер бедерінің шығу және даму тарихы Батыс Қазақстан жер бедерінің дамуы тұрғысында қаралады. Ғалымдар бор, юра, триас кезеңдерінде облыс тұтас, соның ішінде біздің ауданның да аумағы теңіз түбі болғандығын дәлелдеп берді. Су өзендердің аңғарларына басып кірді. Мәртөк кентінің оңтүстігінен 8 км

жердегі Ақсу ауылы жанындағы қыратта орналасқан үлкен аумақ бұған дәлел бола алады, бұл жерден қазба кезінде өліп қалған теңіз жануарларының (ұлулардың, балықтардың, теңіз жұлдызшаларының) жиынтығын табуға болады. Бұл жерде атап айтқанда, жол құрылысына қажетті құрылыс материалдарын өндіретін карьер, сондай-ақ Қаратоғай станциясының маңында Бор карьері бар. Өйткені, тау жыныстары өткен дәуірлердің барлық оқиғалары «із қалдырған» геология тарихының негізгі құжаттары болып табылады және организмдердің қалдықтары тарихи уақыттарда Мәртөк ауданының аумағы теңіз түбі болғандығын растайды.

Төрттік (четвертичный) кезеңде климат бірнеше қайтара өзгереді де біздің дәуірімізге жақындау физикалық-географиялық жағдай қалыптасады.

Осы кезеңнің тау қалыптастыру қозғалыстары әлсіз болды да біздің аумағымызда бірде бір тау жүйесін қалыптасқан жоқ.

Ауданның жер бедері толқынды төбелі биік жазықтық. Оған 300-400 метрге дейін биіктікке жететін Қызғалдақ тау, Қызылжар, Тас шоқы, Түйіскен сияқты елеулі төбелердің және кең аңғарларда ұшырасатын аласармалардың кезектесуі тән.

Ауданның аумағы екі: оңтүстігінде кара топырақты және карақоңыр топырақ зонашықтарына бөлінген далалық және қуаңдалалық аймақтарда орналасқан.

Қаратопырақ зонашығы ауданның солтүстігінің жартысын қамтиды және 23 мың га алып жатыр, сортаң 31 мың га, сор 0,3 мың га. Қарақоңыр топырақ зонашығы ауданның жартысын қамтыған және 241 мың жерді алып жатыр, сортаң 35 мың га, құм 1,7мың га. XX ғасырдың ортасында мемлекет жүргізген тың және тыңайған жерлерді игеру саясаты апат әкелді. Жерді ғылыми тұрғыдан негіздемей және тәртіпсіз жырту ауданның оңтүстігіндегі топырақ қабатын эрозияға ұшыратты.

## ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАРЫ

Пайдалы қазба - жер қойнауында қатты, сұйық немесе газ күйінде кездесетін (соның ішінде шипалы балшық) материалдық өндірісте қолдануға жарамды табиғи минералдық түзілім.

Пайдалы қазбалардың шығу тегі және қолда бары Мәртөк ауданы жер бедерінің даму тарихымен тығыз байланысты. Мезозой дәуірінің бор, юра, триас кезеңдерінде аумақ теңіз түбі болды. Өртүрлі дәуірлерде су біресе кері шегінсе, біресе басып кетіп отырды. Мезозой дәуірінде Батыс Қазақстан түтелімен теңіздің астында қалды. Су Қызылорда аумағын басып, Сарыарқаға дейін жетті. Ақтөбе және Қызылорда облыстары аумақтарындағы мұнай кен



орындары бұған дәлел. Батыс Қазақстанды басып кеткен теңіз Торғай қолаты арқылы Солтүстік Мұзды мұхиттың теңіздерімен қосылып жатқан деген болжам да бар.

Мұнай мен газдың жаралымы болып жатты. Облыстың батысында ыстық климаттың ылғал климатқа ауысуы, шығыста құрғақшылық континенталдық ылғалдың жиналуына әкеп соқтырады. Мәртөк ауданындағы мұнай кен орындарының пайда болуы осылайша түсіндіріледі.

1870 жылдың өзінде ұлы ғалым Д.И.Менделеев Жуса қонысына жақын жерден алынған мұнайды зерттей келе осы кен орнына табанды түрде ерекше назар аудару қажетті деп ұсыныс жасады.

1985 жылы облыстың геологтары барлау жасағаннан кейін «Оңтүстік Мәртөк» кен орнын ашты.

Геологиялық барлау мәліметтері ауданның аумағы мұнайға бай екендігін білдірді. Соғыстың алдындағы жылдарда аудан еңбекшілері үшінші бесжылдықтың тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындау үшін күресіп жатқанда Мәртөк ауданы бойынша мұнай кәсіпорындарының құрылысы және мұнай өндіру ойластырылғаны кездейсоқтық емес.

Геологиялық барлау мәліметтері бойынша Мәртөк ауданының қойнауында Асу кентіне жақын жерде қоңыр көмір жатыр. Бұл таскөмір кезеңінде өсімдіктер әлемінің көптігінен теңіз кейін шегініп, көмір жаралғандығымен түсіндіріледі.

Палеозой дәуірінде Мұғалжар таулары жаратыла бастады. Жер қыртысына құрамында алтын, хромит, мыс, титан, никель кені бар магма еніп интрузия құбылысы жүзеге асты. Степанов ауылдық округінің аумағындағы Чайда ауылының маңынан титан кенінің шоғырлары табылды, ол кен орындары болашақта игерілетін болады. Соғыс жылдарының алдында көмір кәсіпорындарының құрылысы мен қоңыр көмір өндіру жоспарланды, бірақ Ұлы Отан соғысы кедергі келтірді. Көне көз карттардың сөздеріне құлақ түретін болсақ, 40 жылдардың басында Мәртөк ауылынан оңтүстікке қарай Елек өзенінің жоғары жағында «Горняк» шахтасы жұмыс жұмыс істеді. Бүгіндегі Кеңсахара кенті «Горняк» шахтасының шахтерлеріне өзінің пайда болуымен борышты.

1945 жылы Ақтөбе облысының батыс шекарасы Жайсаң станциясының қасында болды. Осы жерде геолог К.Д.Мұсатаев қоңыр көмір кен орнын ашты, оның қоры 10 млн тонна, кейін 97 млн тоннаға болып белгіленді. Дейтұрғанмен, бұл кен орны пайдалануға берілген жоқ, бірақ мемлекеттік баланста тұрған көмір қоры өзінің уақытын күтуде.

## ІШКІ СУЛАР

Елек өзені ауданының негізгі су тамыры болып табылады. Өзен бастауын Мұғалжар тауының батысында орналасқан Бестөбе тауынан алады және Қарғалы, Жарық өзендерімен қосылып, ауданнан тысқары Жарсуат ауданында Орал өзеніне құяды. Елек өзеніне, сондай-ақ Мәртөк елді мекенінің атауына қатысты ортақ пікір жоқ. Ғалымдардың пікірі бойынша атышулы Елек өзенінің 2 арнасы бар, олар бірі екіншісінің астында орналасқан. Електен сүзіліп өткендей, құмнан екінші жерасты өзеніне су өтіп жатыр – «Елек» деген сөз осыдан шыққан. Өзге ұсыныстар әртүрлі аңыздарға байланысты.

Өзен Ресей Федерациясының Орынбор, біздің республикамыздың Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстары аумақтарынан ағады.

Өзеннің жалпы ұзындығы 623 км., аудан бойынша қашықтығы 74 км. Көктемде су деңгейі 2-6 метрге дейін көтеріледі, арнасы кең. Гидрологтарихшы ғалымдардың мәліметтері бойынша тарихи орта антропологиялық дәуірде өзен арнасы 6 км дейін жеткен. Ол Геродоттың карталарында «Лик» өзені деп аталған. Өзен жайылмасы үлкен. Жайылмада орман, бұта тектестер, әртүрлі шөптер өседі. Жаздың құрғақ айларында өзеннің жоғары ағысы шағын көлдерге бөлініп кетеді. Мәртөктің қасында: «Черепашье», «Сайтан көл», «Колхозка», «Каменка», «Тұзды өзені» бар. Нагорный және Мәртөк ауылдарының арасындағы Елек өзенінің жайылмасында, әсіресе оның оның оң жақ жағалауында ұзындығы 0,5 және 1,2 км, ені 50 метр, тереңдігі 3-4 метр «Жайлыбай», «Бело-бердей», «Үмбетәлі» сияқты көлдер көп.

Судың минералдануы – 1300-1700 промилль. Елек қарашаның екінші жартысында ката бастайды. Мұз сәуірдің аяғында ғана көтеріледі.

Електің 75 шағын және үлкен салалары бар, олардың ұзындығы 10 және көп км жетеді. Ең ірі салаларының бірі – Қобда. Елек өзені Қарақобда және Сарықобда өзендерінің қосылуынан шығады. Алға және Қобда аудандарының аумағынан ағады.

Тәңірберген өзені Мәртөк ауданының аумағында Елек өзеніне құяды, ұзындығы 85 км, бастауын Тасқора тауынан алады, арнасы 40-60 метрге жетеді. Қарғалы өзені Қарғалы және Алға аудандарының аумағынан ағып өтеді. Бұл өзеннің ұзындығы 114 км, ол Жылантау етегіндегі бұлақтардан бастау алады, Ақтөбе қаласының аумағында Елек өзеніне құяды. Су көкөніс және мал шаруашылығын дамытуға пайдаланылады. Облыстың ірі су қоймаларының бірі Қарғалы өзенінде орналасқан Қарғалы су қоймасы. Ол 1975 жылы пайдалануға берілген. Көлемі 28,5 шаршы км., ұзындығы 13,7 км. Су қоймасының сыйымдылығы – 280 млн метр куб. Жағалаулық жиегінің ұзындығы 45 км. Суландыратын жері 9,4 мың шаршы км. Ақтөбе облысы

бойынша Елек өзенін нәрлендіріп отыратын басты өзендер: Жарық, Табантал, Қарғалы, Тамды, Сазды, Тәңірберген, Жаксы қарғалы, Бұтақ, Көкпекті, Қуағаш, Жейішке, Ақсу, Қобда, Құраша, Жамансу. Бөрте өзені Мәртөк ауданының аумағынан басып өтеді. Абдан, Торангүл, Қия сияқты салалары бар және ол Орал өзеніне құяды.

## ЖЕР АСТЫ СУЛАРЫ

Мәртөкке жақын жерде Қазан, Шайда мұльдаларында жер асты суларының артезиандық бассейндері бар.

Оларда тұщы сулардың мол қоры жатыр. Мәртөк кентін сумен кешенді түрде қамтамасыз етуге жағдай қолайлы. Жер асты суларының Мәртөктегі кен орындары 1969-1970 жылдары Мәртөктің орталығын шаруашылыққа арналған және ауыз сумен қамтамасыз ету үшін барланған. Жарияланған су қажеттілігі секундына 135 литр.

Кен орны Мәртөк кентінің оңтүстік батысындағы Елек өзенінің аңғарындағы оның арнасынан 100-150 метрдегі оң жақ жағалауда. Өзен бұл жерде айналып өтіп, екі жағынан құйма жасай отырып, жер асты суларының қоректенуі мен қорын қалпына келтіруі үшін қосымша қолайлы жағдай туғызады. Жуық жылдарда Мәртөк кентінде сумен қамтамасыз ету жүйелерінің құрылысы жоспарлануда, жоғарыда аталған орын қорек көзіне айналмақ. Тұщы сулар кен орындарының аумағы гидрографиялық жағынан Елек өзенінің кең аңғарын аңғартады.

Төрттік аллювий түзілімдерінің сулылық белдеуі өзеннің жайылмасымен сабақтасқан.

Жер асты сулардың деңгейі өзеннің жайылмалық бөлігінде 05 және 2 метрде, аңғардың бүйіріне жеткен жерде 9-15 метр. Сулы белдеу атмосфералық жауын-шашын мен қар суларын сіңіру есебінен қоректенеді.

Мәртөк кентінің өзінде бірқатар кәсіпорындарды (май зауыты, сыра зауыты, элеватор) сумен қамтамасыз ету 1958 жылдан бастап аллювий түзілімдерінің жер асты сулары есебінен жүзеге асырылып келеді. 1987-88 жылдары Мәртөктің солтүстік жағына қарай геологиялық құрылымдар-мұльда учаскелерінде жер асты суларға іздестіру-барлау жүргізілді. Бұрғылау жұмыстары Байтұрасай және Қазан учаскелерінде іске асырылды. Бұл жерде жоғары триас кешені болашағы бар сулы кешен болып есептеледі. Байтұрасай учаскесінде малтатае пен гравийлі құм суды сіңіріп алатын жыныс болып табылады. Су деңгейінің жату тереңдігі 0,7- 27 метр. Суы тұщы. «Қазан» учаскесіндегі тиімділік қуаты 60 метр. Ораныдалған барлау

жұмыстарының нәтижелері 1989 жылғы 27 наурызда «Запазгеология» НТС қаралды. Геологтар Н.Н.Денщик (1972жыл), А.А.Васин (1987 жыл) Мәртөк ауданы жер асты сулары барлау жұмыстарының авторлары.

## КЛИМАТЫ

Климат көп ретте географиялық орнына сәйкес айқындалатындығы белгілі.

Мәртөк ауданы материктің ішінде, аудан аумағындағы климатқа ауадағы теңіз массалары әсер етпейді. Яғни аудан климатына ерекшеленіп тұратын континенталды климат тән. Климаты бірінші аргоклиматтық, қуаңшылықты, жылы аймаққа жатады. Қыста аумақ ішінара сібір антициклонның әсерінде болады, ал жазда жартылай шөлейт пен шөлдің құрғақ субтропикалық ауа массалары өтіп кетеді. Жылдық орташа температура маусымда +21-33С°. Ауа температурасы қыс бойына аязды күндермен сипатталады. Кейбір жылдары ең жоғары температура 40 градустан асады. Егер аязсыз күндер ауданның оңтүстігінде 150-160 күн болса, солтүстігінде 130-140 күн. Ауданның солтүстік бөлігінде кей уақыттарда сәуірдің екінші жартысына дейін жатады. Жауын-шашынның жылдық орташа сомасы оңтүстігінде 160 мм-ден солтүстігінде 300 мм дейін ауытқып отырады. Бірақ, жаңбырлы жазда немесе қарлы қыста жауын-шашын нормадан артық түсетін кездері де болады. 1956 жылы ауданның солтүстік бөлігінде жауын-шашын 576 мм жетті. Жыл бойына аудан аумағында жауын-шашын біркелкі түспейді. Жазда жауын-шашынның едәуір бөлігі маусымда және шілденің бірінші жартысында, тамыз айында сирек түседі. Бұл күзгі жаңбыр.

## ӨСІМДІКТЕР ӘЛЕМІ

Өсімдіктер әлемі ауданның табиғи аумақтары бойынша бөлінеді. Қара топырақты жерлерде астық тұқымдастар мен боз, бетеге, далалық арпабас, түлкіқұйрық (лисохвост), бидайық, шисабақ, тимофеевка басым.

Қоңыр топырақ бетеге мен боз тұқымдастарына тән.

Бетеге мен бозды тығыз түбірлі деп атайды. Қысқа түбірге қар жабысады, көктемгі, жазғы түндерде жапырақтарға шық жиналады. Далалық дақыл түбірінің ішінде ыстық жаздың өзінде ылғал әрі қоңыр салқын, яғни бұл өсімдіктер құрғақ климатқа бейімделген. Боз – еңсіз жапырақты және мықты тамыр жүйесі бар астық тұқымдас. Гүлдеу кезінде оның бойынан

ұзын ақ мұшалар өсіп шығады. Бетегенің күміс айдарлары далаға сән береді, бірақ бетегенің мұртшалы жемістері қойлар үшін қауіпті.

Оңтүстікке қарай климат құрғақтай бастайды, ағарыңқы- күміс жусан, хош иісті түймедақ пайда болады. Сорда күнгірт жасыл жапырақты жусан, ал батпақты учаскелерде қара жусан және өзендердің жайылмаларында құрақ, қоға, сиректеу қамыс өседі.

Ауданда далалық үкікөз, ирис, қызғалдақ, шегіршін сияқты шөптесін өсімдіктер көп. Қарапайым өсімдіктер – бетеге, жүзгін оңтүстікте. Ауданның табиғи аймақтарында өсімдіктердің 300-ден астам түрі зерттелген.

Ағаш тектес өсімдіктердің шағын шоғырлары ауданның ерекше келбетіне сән береді. Өзендердің жылгалары мен ылдиларында жылға қара қандыағашы орналасқан. Ылғалы мол дәуірде Елек аңғарларын жаулап алған қара қандыағаштар біздің ауданнан өздеріне баспана тауып алды және ыстық құрғақ климат кезеңінде өздеріне Електің жайылмалық террасасы мен оның салаларынан орын таңдап алып тіршіліктерін жалғастырып келеді.

Қара қандыағаштың қасында итмұрын, қарақат, бүрген, ырғай, бұршаққап, мойыл өсіп тұр, бұта тектестер құлмақ пен қожақат нуымен алмасып келеді.

Елек бойында өсіп тұрған қара қандыағаш тізбегі Мәртөк кентінің солтүстік жағынан басталып, өзеннің сағасына дейін созылады. Бұл ағаш ылғалды көп қажет етеді және жылғалардың бойында, бұлақтардың қасында, өзендер мен көлдердің жағасында ғана өседі. Сайда өсетін қара қандыағаш оңтүстік Орал ланшафты аласа тау, тауы бөктерінің қарапайым серігі. Мұғалжарда, Елек өзені алқабының оң жақ жағалаулық салаларында кеңінен тараған қара қандыағаштар мұз дәуірінде басым қонысқа айналды. Елек алқабына ылғал дәуірде қоныс теуіп, оны ыстық та құрғақ уақытта тастап кетуге асыққан жоқ. Олар құлама жарлардың етегінен, Елек жайылмасының үстіндегі террасалардан өздеріне қоныс тапты. Бұл жерлерде әдетте өзіндік қара қандыағаштық мибатпақтар тіршілігі үшін қажетті тұрақты ылғал жасаған жер асты сулары сызашықтанады.

Жаңбыр және қар суларын сіңіріп алатын жайылма үстіндегі террасалардың адырлы құмдары жер асты суларының қуатты аккумуляторы ретінде қызмет етеді. Қара қандыағаштың жіптіктей діңгектері бауырайларда шағын шоғырмен орналасқан. Олардың қасында арақидік болса да итмұрын, бүрген, мойыл өседі. Сондай-ақ қастарында қырыққұлақ өседі және кең таралады, олардың үлкен құстың қауырсынына ұқсас жапырақтары орманға ерекше көрік береді. Қара қандыағаш жамылғысының астында түрлі жан-жануарлар баспана табады. Су жыландар, батпақ тасбақалары, су егеуқұйрықтары, ондатралар, камшаттар қара қандыағаш мибатпақтарын ұнатады. Қамыс нуында үйректер, балшықшылар балапандарын басып шығарады. Ескі ағаштардың қуыстарында үкі және жарқанаттар өмір сүреді.

Қара қандыағаш осы бірегей қоныстардың негізгі құндылығы. Ол ілгеріден су асты имараттары құрылысына пайдаланылады: оның ағашы суда төзімді бола түседі. Қара қандыағаштан фанер, жәшіктер, жиһаз жасап шығарады. Оның қабығымен тер илейді және қоңыр, қара бояу алуға қолданылады. Яғни қара қандыағаштың қасиеттері елеусіз қалмаған. Қандыағаш тез өсетін ағаштардың бірі. 10 жылдан 10-12 метрге жетеді. Елек маңындағы шоғыр ормандарда биіктігі 20 метрге және діңгегінің диаметрі 30-35 см дейін жететін 30-40 жастағы қандыағаштар басым. Қара қандыағаш – бағалы дәрілік өсімдік. Қандыағаш ұраларының қайнатпасы халық медицинасында уылдыратын және қан тоқтататын зат ретінде пайдаланылады. Қандыағаш ұраларынан дизентерияны емдеу кезінде қабылданатын хмелин жасалады. Наурыз, сәуір айларында жиналған сырғагүлдерден есекжем және диатез кезінде малма жасайды. Қара қандыағаштар өлкемізде заманымыздың шымтезек жасалымының жалғыз ошағы. Ұлы Отан соғысы жылдарында және соғыстан кейінгі алғашқы жылдарда Елек шымтезектері жергілікті отынның маңызды резерві болғаны кездейсоқтық емес. Қара қандыағаштардың тізбегі Елек өзенінің сағасына дейін созылады.

Аудандағы көне қандыағаштың екінші учаскесі Шевченко ауылының шетінде орналасқан. Атап өткеніміздей, қандыағаш ылғалды сүйеді, ал бұл учаске жер асты сулары мен бұлақтардың молдығымен ерекшеленеді. Мамандар бұл учаскеге тұқымдар желдің көмегімен ұшып келді және оған қолайлы жағдай көне жапырақтардың пайда болуына мүмкіндік берді деп топшылайды. Олар жолаушыны қоңыржай самалымен, таза ауасымен өзіне тартады.

Мыналар:

1. Шевченко ауылының шетіндегі көне тоғай – үшінші кезеңдегі некендер - қырыққұлақ (кочедыжник женский) өсетін облыстағы жалғыз ғана жер. Қоныс – тоғайлар, қайыңдық, көктеректік орман шоғырлары. Күзетілетін объектінің көлемі 7 га. 2 тоғай бар: 1) 4 га; 2) 3 га. Табиғи ескерткіш санаты ботаникалық-зоологиялық. Черепица сияқты баршынгүлдің орны Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген. Ұзындығы 100-120 см және биіктігі 60-80 см ірі құмырсқа илеулерінің барлығымен сипатталады.

2. Қызылжар ауылдық округінің шабындығы;

3. Жаңатаң қыстағы жанындағы Қандыағаш ҚР Үкіметінің 1998 жылғы 1-желтоқсандағы № 1213 қаулысына сәйкес «Тірі табиғат ескерткіштері» мәртебесін алды.

Жаңатаң қыстағы қасындағы қандыағаш тоғайында жойылып бара жатқан өсімдіктердің 61 түрі бар. Мысалы, орман бүлдіргені, алтай жұлдызгүлі, жоңғар марьяннигінің сылдырағы (погремка). Мұнда аумақты жыртуға, орманды шабуға, орман материалдарын жинауға және дайындауға тыйым салынған.

Қандыағаш күтіп сақтауды қажет ететін өте ежелгі өсімдік. Егер ежелгі заманды сөз ететін болсақ, онда 1970 жылы жер жұмыстары кезінде осы учаскенің маңында сүйек қалдықтары, мамонттардың тістері табылды. Мұның бәрін Ақтөбе қаласының өлкетану мұражайынан көруге болады. 1996 жылы «Мәртөк ауданының ерекше қорғалатын аумақтары және оларға «Тірі табиғат ескерткіштері» мәртебесін беру туралы» Мәртөк ауданы әкімінің шешімі шықты. Бұл шешімге «Облыстың ерекше қорғалатын аумақтары туралы» облыс әкімінің 1995 жылғы 26 желтоқсандағы № 130 шешімін орындау мақсатында қол қойылды. «Тірі табиғат ескерткіштерінің» ормандар мен жан-жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекеме берген паспорты бар, дербес шаруашылық ретінде Мәртөк орман шаруашылығының базасында Қазақ ССР Мемлекеттік комитетінің 1963 жылғы 03 сәуірдегі № 42 бұйрығына сәйкес құрылған. Ормандар мен жан-жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Мәртөк мемлекеттік мекемесі шаруашылығы аумағының қашықтығы солтүстігінен оңтүстігіне дейін 48 км., шығысынан батысқа дейін 95 км. Жалпы көлемі 7669 га, оның 2878 га орман дақылдары, яғни қолдан отырғызылған екпелер. Бұл мекеме өсімдік және жан-жануарлар әлемін қорғаумен айналысады. Ауданның аумағында дәрілік өсімдіктер: пұстырник, қайың бұршіктері, түймедақ, өгейшөп, сүйелшөп, мия, киікоты, шайқурай, сәлбен, қара алқа, жұмыршақ, бөртегүл, жалбыз, ақбас жусан, жебір, жусан, кровохлебка және басқалары кездеседі. Көптеген: рядовка, свинушкалар, ақ груздь, вешанкалар сияқты саңырауқұлақтар ұшырасады. Олар аудан және облыс тұрғындарының ойсыз әрекеттерінің салдарынан кеміп келеді. Аудан аумағында арамшөптер көп. Зерттелген 118900 га егістік алқаптың: 50% өте жоғары дәрежеде, 3% орташа дәрежеде және 27000 га шамалы дәреже арамшөп басқандығы анықталды. Биологиялық құрамы бойынша ауданда қарапайым бетеге, жасыл итқонақ және тауық тарысы, қосжарнақтылардан – арамшөптік күнбағыс, көпжылдық арамшөптерден: далалық қалуен, далалық шырмауық, сүттіген және т.б. басым.

## ЖАН-ЖАНУАРЛАРЫ

Жануарлар әлемінің әртүрлілігі біздің ауданның табиғи аймақтарына тікелей байланысты.

Аққұлақ, күзен, борсық, қарсақ, қасқыр барлық жерде тіршілік етеді. Бұл жануарлардың саны тұрақты. Соңғы уақытта осы жануарлардың ішінде қасқыр ашкөздігімен өзіне назар аударуда. Олар үй және басқа да жабайы жан-жануарларды құрта отырып, мал шаруашылығына, аңшылық шаруашылығына елеулі нұқсан келтіреді. Бұған бір себеп, бұрын ұжымшарлар мен кеңшарлар болған кезде шаруашылықтарда арнайы өлген малды көметін жерлер болатын. Жабайы жан-жануарлар сол жерден

қоректенетін. Қасқырлар адамдарға шапқан оқиғалар да ұшырасты. 2002 жылы Жайсаң кентінде және Ново-Михайлов ауылдық округінің шекарасында да тап осылай болды. Соған байланысты қасқырды жыл бойына атуға рұқсат берілген.

Елек өзені бойында Қазақстан Республикасының Қызыл Кітабына енгізілген европалық қара күзен мен орман сусары мекендейді. Сондай-ақ кәмшат мекендейді, сілеусін кездеседі, барлық жерде суыр ұшырасады. Аудан бойынша суыр саны белгісіз, бірақ облыстың экологиялық комитетінің мәліметі бойынша облыстағы саны 35-40 мың бас. Суыр кәсіби аңшылықтың нысаны. Ор қоян мекендейді, барлық жерде саршұнақ, атжалман көзге түседі. Өлке құстардың әртүрлілігімен ерекшеленеді. Құстың 200 түрінің 160-тайы ауданда ұя салады, қалғандары маусымдық ауу кезінде кездеседі. Аудан аумағында 27 түрі қыстауға қалады. Құстардың 70 түрі ауданда тұрақты мекендейді. Сонымен қатар құстардың 35 түрі сирек кездесетін, жойылып бара жатқан құстардың қатарына жатқызылып, Қазақстан Республикасының Қызыл Кітабына енгізілген. Маусымдық ауу уақытында қызылжемсаулы қарашақаз, аққу (малый лебедь), жыланшы бүркіт, бүркіт, лашын кездеседі.

## ТАРИХЫ

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Украина мен Ресейдің Полтава, Херсон, Воронеж, Курск, Орлов облыстарынан «бос» жерлерге жақсы өмір іздеп келген алғашқы қоныс аударушылардың ауыртпалыққа, бейнетке және азапқа толы жолы аудан тарихынан жақсы көрінеді. Шаруалар бұл жерде де патша шенеуніктері мен кулактарға қайтадан кіріптар болды.

1917 жылғы төңкеріс мәртектіктердің өмірін өзгертті. Бұған дейін осында продкомиссар болған А.Я.Попов болыстық атқару комитетінің бірінші төрағасы болды. Жергілікті тұрғындарды тонап отырған ақ гвардия бандаларының шабуылдары ауылдың зәресін ұшырды. Жаулар Мәртөк ауылында ғана емес, жақын маңдағы елді мекендерде де осылай істеді. Басшы органдардың назары контрреволюционерлердің қарулы жорығын талқандауға бағытталды, барлық жұмыс майданға бағындырылды. Жаулар жаулап алған аумақта партизандық күрес жүргізілді.

1918 жылдың тамызында Жайсаң теміржол станциясындағы барлық көшелер атты патрульмен күзетілді. Ауылды қорғауға жаяу әскерлер – мадьярлар қатысты. Жайсаңдағы жеңіс елеулі тарихи оқиға болды. Вознесенка ауылының маңындағы ұрыс полк операциясы сәтті ұрыстардың бірі болды. Ақтөбеге жол ашылды. Жабдықтаушылар әскерді киіндіру үшін қолдарынан келгеннің бәрін жасады. Қаратубаста, Мәртөкте, Жайсаңда



қолдарына ине ұстауға қабілетті әйел тұрғындардың барлығы жылы киім тізуге отырды.

Ақтар жың ұрғандай қарсылық көрсетіп бақты, бірақ ескі дүниені сақтап қалу мүмкін емес еді. Ақ гвардияшыл солдаттар Қызыл Армия жағына взводтарымен, роталарымен, тіпті полктарымен өтіп жатты. Мәртөктіктер азамат соғысында батырлық көрсетті. Мәртөк жасағындағы жастар болса тұрақты Қызыл Армия қатарына қызмет ету үшін өтіп жатты.

Жайсаң, Вознесенка ауылдары революциялық тарихи оқиғаларға толы. Азамат соғысына белсене қатысушылардың естеліктерінде: «қулақтың балалары әрине көзден тасаланды, ал жастардың көпшілік бөлігі Армия қатарына жазылды» деген жолдар кездеседі. Вознесеншылар – Н.Кардыш., И.Шейко., Л.Логвиненко Орынбордың түбінде батырлықпен қаза тапты.

Сол мезгілден бері талай жыл өтті, бірақ жайсаңдықтар басынан өткерген күндер жадымыздан өшірілмейді. Азамат соғысы жылдарында Қаратоғай, Линовицкое, Андреевка, Веренка, Байторысай ауылдары жаулармен жанкешті айкастардың орны болды. 1919 жылы Ақтөбе майданы жойылды. Ауданның аумағында кеңестер билігі орнады. Еңбекші шаруалар қалың бұқарасының арасында алғашқы партия ұялары өз жұмыстарын жандандырды. Вознесенка ауылында өткен жабық жиналыста артель ұйымдастыру, оны «Муравьи» деп атау туралы шешім қабылданды. Артель өмірінде жаңашылдық, игілік көп болды. Құрылыс жүргізілді, асхана, ұсталық-слесарьлық шеберхана және т.б. объектілер салынды. Сұсты соғысты қуаң жаз алмастырды, 1921 жылдың күзінде артель тарап кетті. Осы артельдің негізінде «Степь» коммунасы құрылды. Е.А.Саенко төраға болып сайланды. 1923 жылы екі коммуна қосылды. Егістікте «Фордзон» тракторы пайда болды. В.Костюк пен П.Коваленко бірінші тракторшылар атанды.

1930 жылы ұжымдастыру толқыны есіп өтті. «Победа», «Свет», «Төңкеріс» және т.б. ұжымшарлар ұжымдық шаруашылықтардың қатарына қосылды. Ұжымдастыру сынды үлкен істе ұшқарылық және асыра сілтеушілік көп болды. Кейбір жер заңсыз орта шаруаға да кесірі тиді. 1929 және 1932 жылдары жаппай ұжымдық шаруашылыққа кіру басталды. Кедейлер үшін ұжымшарлар өмірлік қажеттілік еді. Алғашқы жылдары жерді атпен, өгізбен өңдеді, кейін тракторлар алды. Шаруашылықтар күшейе түсті, уақыт сынынан өтті. 1932 жылы облыста бірінші болып Мәртөк және Жайсаң МТС ұйымдастырылды. Содан кейін олар төртеу (Ново-Федеров, Андреев) болды.

## АУДАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖЫЛДАРЫ

Әрбір ауылдың, ауданның, қаланың адамдардағы сияқты өз өмірбаяны, өмірі бар. 1934 жылғы 23 желтоқсанда ВКП (б) Орталық Комитеті Пленумының 1934 жылғы 25-28 қарашадағы «Аудандарды ірілендіру жолымен аудан басшыларын өндіріске жақындату туралы» нұсқауының негізінде және ОАК «Орынбор облысын құру туралы» 1934 жылғы 7 желтоқсандағы қаулысына сәйкес Мәртөк ауданы құрылды. Ол 1934 жылдың аяғында Ақбұлақ ауданынан бөлінді. Степной, Родников, оңтүстігінде Ключевой аудандарымен және негізінен Ресейдің Ақбұлақ ауданымен және Ақтөбе облысының Қобда ауданының бір бөлігімен шекаралас болды. Ақтөбе қаласынан 75 км. Құрамында 29 ауылдық кеңес, 5485 түтін, тұрғындары – 23051 адам, егістік көлемі – 53865 (1935ж.) га. 1939 жылғы 1 қаңтардағы санақ мәліметі бойынша аудан халқы – 25537 адам, соның ішінде – 8171 казак, 3320 – орыс, 13024 – украин және басқа ұлт өкілдері 1022 адам. Ауданда әкімшілік жағынан 24 ауылдық кеңес атқару комитетіне бөлінген 98 елді мекен есепке алынды. Ауданның барлық ұйымдарында іс орыс тілінде жүргізілді. Құрылған жылы жер көлемі 5070 шаршы м., соның ішінде тың жерлерді қоса есептегенде жыртуға жарамды – 166337 га., өріс пен жайлау – 293185,9 га., шабындық жер – 11599 га болды.

Дамыған мал шаруашылығы және жергілікті өнеркәсібі бар аудан негізінен егін шаруашылығымен айналысты: 16 дңірмені мен 2 май зауыты, НКПП жүйесі, 3 электр станциясы, астық дайындау кәсіпорыны, 1 баспаханасы болды.

### Қысқаша экономикалық сипаттама:

Барлық мал басы 01.01.1938	Ірі кара	шош-қа	қой	жылқы	ешкі	түйе	есек	Қатынас құралы	Көлік және байланыс	Тарату жүйесі	Телеграфпен хабарлау
46543	20443	318	19077	2816	803	148	70	Темір жол	1	1	1

Ауданда 54 бастауыш мектеп, 8 толық емес орта және 1 орта мектеп, 2 жетім балалар үйі, 14 клуб, 21 қызыл отау, 1 кітапхана, 1 амбулатория, 8 фельдшерлік қосын, 1 аурухана, 1 перзентхана болды.

1935 жылғы 1 қаңтарда – Мәртөк ауданын ұйымдастыру кезеңінде 59 ұжымшар болды. Аудан бойынша 1195 бас ірі кара, 7825 қой, 1889 шошқа, 162 түйе мен 1863 жылқы есепке алынды. Яғни ауданның екі: Дзержинский және «Междуреченский» кеңшарларында мал аздау болды (1980 жылғы мәлімет бойынша). Егіс алқабы 60 мың га.

Мәртөк ауданының  
централизованная  
система  
филиал №

442415

Ұжымшарлардың алқаптарында барлығы қуаты аз 277 трактор мен 107 комбайн, 70 автокөлік жұмыс істеді, ал кейбір шаруашылықтарда техника болған жоқ. 1934 жылы «Құмсай» ұжымшарының иелігінде үш жылқы, төрт түйе, екі жүп бұқа, он жеті сиыр мен он бұзау болса, «Қызылжар» ұжымшарында 33 жұмыс өгізі мен бір жылқы болды. Бірақ ұжымдық шаруашылықтар жыл санап нығая, жаңа экономиканың жолына түсті. Аудан уақыттан қалыспады. Кезінде «мұнда патриалдық тәртіп, жартылай жабайылық орнатылған» деген әңгімеге арқау болған өлке мәдениеті жоғары, егін шаруашылығы жоғары дамыған және мал шаруашылығы қарқынды дамып келе жатқан өлкеге айналды. Аудан қалай өскендігін, Мәртөк ауданы үздіктердің бірі болуы үшін аға ұрпақ қалай еңбек еткендігін білген жөн. Ауданның даңқты өткен дәуірі, жақсы бүгінгі күні және керемет болашағы бар.

Ағарту жүйесінде 178 мұғалім жұмыс істеді. Аудандық білім бөлімі селоларда, ауылдарда мәдени-ағарту жұмыстарымен айналысты. Тұрақты жұмыс істейтін және жылжымалы кітапханалар, 25 оқу үйі, 20 клуб, 3 киноқондырғы және 47 қызыл бұрыш елеулі рөл атқарды.

Кейін Кеңес Одағының Батыры атағына ие болған Ф.Ф.Озмитель жылжымалы кітапхана меңгерушісі болды. Т.М.Исинев 1935 жылдан бастап білім бөлімін басқарды.

Жаппай сауатсыздық белең алды. 1939 жылдың аяғында барлығы 24,4 мың тұрғынның 1564 шала сауатты болды, ал 1041 адам оқи да жаза да білмеді. Әсіресе осы адамдардың арасындағы сауатсыздықты жою мақсатында 1912-1913 жылдарда туылған әскерге шақыру жасындағы жастарды оқумен қамтуға ерекше назар аударылды. Тұрғылықты жерлерде ұйымдастырылған оқу өз жемісін берді. Кейбір жерлерде оқу үйде ұйымдастырылды. 1940 жылдың бірінші жартыжылдығында мектептер 62 жетті, оның 12 толық емес және 5 орта мектеп, оларда 213 мұғалім жұмыс істеді. 342 сыныпта оқитын 5920 оқушы жалпы білім беретін мектеппен қамтылды. Оқу-ағарту саласының бюджеті 201 миллион сом құрады.

Мемлекет жыл өткен сайын аудандағы әлеуметтік-мәдени іс-шараларға қаржы бөлуді ұлғайтып отырды. Ауыл шаруашылығының техникамен жабдықталуы жақсарды. Аудан еңбекшілері күйлірек тұра бастады. 1939 жылғы жұмыстың қорытындысы бойынша ауданның 7 шаруашылығы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы көрмесінің қатысушысы болды және Құрмет кітабына жазылды.

Соғыс қарсаңындағы жылдар қауырт еңбек кезеңі болды. Мәртөктіктердің көбісі ұжымшарларды құруда аянбай еңбек етті. Олардың есімдері ауданға ғана емес, одан тысқары жерлерге белгілі болды. Нақ олар туралы сөз қозғау, жылы сөзбен еске алу қажет сияқты. Бұлар ауданда 1936

жылдың қорытындысы бойынша алдыңғы орындарды жеңіп алған, бекітіліп берілген әрбір сиырдан 1787-1836 литрден сүт сауған сауыншылар: «Заветы Ильича» ұжымшарының Жарманова, И.Кранско, Шевченко атындағы ұжымшардан М.Бедная, М.Герасименко, А.Калинько, әрбір қойдан 3,5 кг жүн қырыққан озат шопандар: «Степь» ұжымшарынан С.Синько, «Социализм» ұжымшарынан Н.Горобец.

533-738 гектарға дейінгі алқаптан астық жинаған ауданның озат комбайнерлері Мәртөк МТС-нен В.Сеньге., Н.Батураға., Богатыревқа., И.Церепкоға., М.Фисенкоға., Ново-Федоров МТС-нан А.Калюжниковқа еліміздің егін шаруашылығы халық комиссарының 1937 жылғы 7 сәуірдегі бұйрығымен «Комбайнмен астық жинау шебері» атағы берілді.

Ауыл шаруашылығының қызметшілері жыл өткен сайын еңбек жеңістеріне жете берді. 1939 жылдың қорытындысы бойынша 1940 жылы оның Құрмет кітабына ауданның 7 шаруашылығы: Буденный атындағы, «Красный скотовод», «Красный угол», «Путь революции», «Свет», Сталин атындағы және Шевченко атындағы ұжымшарлар бекітілді.

Ұлы Отан соғысы (1941-45жж) көптеген материалдық және адам ресурстарын бөліп әкетті. Соғыстың алғашқы айларының өзінде ерлердің көпшілігі майданға аттанды. Мәртөк жерінен 3 мыңнан астам адам майданға сапар шекті. Сол кезде қам-қаракеттің барлық ауыртпалығы майданға аттанған еңбекшілерді алмастырған әйелдер мен қарттарға түсті. Олар жанқиярлықпен жұмыс істеді. Жалпы аудан тұрғындары қандай ауыртпалықтарды бастан кешіру қажеттігін түсінді.

Тракторшылардың орнын тракторшы қыз-келіншектер, бақташылардың орнын бақташы қыз-келіншектер басты. Соғыстың алғашқы күдерінде көптеген шаруашылықтар мен ұйымдарда 12 сағаттық жұмыс күні жарияланды. Аудан біздің көпұлтты республикамыз, бүкіл Кеңес Одағы сынды «Бір сағат да тыным жоқ! Барлық уақытта және барлық жерде жауды жеңу үшін күш жұмсалсын!» ұранымен өмір сүрді. Өз еңбектері арқылы мәртөктіктер майданға жәрдем беруге ұмтылды. «Ақтөбемұнай» тресінің бұрғышылары Жусада бұрғылау нормасын 200 процентке орындап отырды. (Кейін бұл мұнай шағын мөлшерде алынған болса да ауданның пайдаға асты). «Бірінші май» ұжымшарында Карташовтың звеносының көкөнісшілері әрбір гектардан 1000 центнер картоп түйнегін алуды өздеріне міндет етті. Буденный атындағы, «Искра», «Первый путь», «Красный пахар», «Құмсай» және басқа ұжымшарлар мемлекетке пішен жеткізу жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Пішен отуда «Құмсай» ұжымшарынан Дүйсенбай Кошімов пен Балғали Жәкыпов алғашқы күннен бастап нормадағы 4 га-ның орнына 6 га алқаптың шөбін орды. Егер бұрын күніге 55-60 арба мая үйлетін болса, соғыстың алғашқы күндерінен бастап маяланған пішен қоры 90-95 арбаға

дейін өсіп отырды. «Красный маяк» ұжымшарынан Ж.Қалиев ауылдастарын өткізілетін өнімнің барлық түрі бойынша мемлекетпен мерзімінен бұрын есептесуге шақырды, ал өзі ет өнімдерін 9 шілдеде тапсырып, жылдық салықтан тыс 36 кг ет өткізді. «Красный пахарь» ұжымшары армияның қажеттілігі үшін екі бұқа, төрт шошқа бөліп берді, 40 кг жүннен ұжымшаршылар қызыл әскер жауынгерлеріне шұлық, қолғап тоқыды.

Ауыл шаруашылығының еңбеккерлері жыл сайын Отанға жүздеген тонна сүт және ет өткізді. Соғыстың ауыр жылдарында «Социализм» шаруашылығында кейбір шопандар әр жүз саулықтан 120-130 қозыдан алды және өргізді. Сүт сауудан сауыншылар жоғары көрсеткіштерге жетті. 1942 жылы мемлекет мәртөктіктерден 172099 центнер астық, 5999 центнер картоп, 2399 центнер көкөніс және 18555 центнер пішен алды. Астықтан басқа өнімдер соғысқа дейінгі жылдардағыдан көбірек сатылды. Мал басы бірнеше есе өсті, соған байланысты оның бөлігі еліміздің батыс аудандарына жеткізілді. Ал 1943 жылы ет 1940 жылға қарағанда 34116 центнерге, сүт – 7434 центнерге, сүзбе – 147 центнерге, жұмыртқа – 1718 данаға, жүн соғысқа дейінгіге қарағанда екі есе артық тапсырылды. Мәртөктіктер тылда қаһармандықпен еңбек етті, майданға көмек көрсету жөнінде үлкен жұмыс қолға алынды. Ақша, құнды заттар, жауынгерлерге сыйлық, сондай-ақ жетім балалар қоры жиналды.

1943 жылы ауыл шаруашылығының қарт еңбеккері М.Ордабаев танк колоннасын жасауға 30 мың сом, 60 пұт астық берді. Кейбір ауыл тұрғындары да өз үлестерін қосты. Танк колоннасын жасауға мектеп оқушылары 13477 сом аударды. Мұндай мысалдар жетерлік. Аудан еңбеккерлері әскер қорына 2 млн 513 мың сом аударды және 11688 пұт астық өткізді. Мәртөктіктер Бүкілодақтық қорғаныс қорын құруға ат салысты, шаруашылықтардың центнерленген және тонналанған астығы, еңбеккерлердің жеке жинақтары елдің аталған қорына берілді. Соғыс жылдарында майдан мен тылды бір ғана ой мазалады - ол ой тез арада жаудың көзін құрту еді. Мәртөктіктер майданға жүздеген вагон сәлемдемелер, азық-түлік, жылы киім, май, жұмыртқа, кептірілген нан тиіп жіберіп отырды. Аудан еңбеккерлері зардап шеккен халықтар мен елдерге жәрдем беру үшін қолдарындағы соңғы үзім нанымен бөлісті.

Қажет болған жағдайда Дзержинский атындағы ұжымшардан Федор Пчеланың, «Красный пахарь» ұжымшарынан Василий Потапович Пономаренконың жастар бригадалары, «Зеленый Гай» ұжымшарынан Дуся Кальницкаяның комсомол-жастар звеносы гвардияшылардай, жауынгерлердей жұмыс істеді.

1944 жылдың қаңтарында қарт-ұжымшаршылардың аудандық жиналысы болып өтті, оған 150 адам қатысты. Онда Ақтөбе облысының барлық қарт-

ұжымшаршыларына арнап Үндеу қабылданды. Онда былай делінді: «Біздердің ұлдарымыз бен немерелеріміз ұжымшар шаруашылығын біздерге – қарттарға, әйелдерге, жастарға қалдырып, Отан қорғауға аттанып кетті. Ал біздер, қарттар, қарттығымызды, ақ шашымызды ұятқа қалдырмаймыз». «Тарангұл» ұжымшарынан 72 жастағы тарышы Бердәлі Мүсірәлин, «Ударник» ұжымшарынан 68 жастағы Яков Эчин, «Украинец» ұжымшарынан 65 жастағы бригадир Василий Приходько, «Красный пахарь» ұжымшарынан 77 жастағы Зиновий Усик және т.б. айтқан сөздерінде тұрды.

Басты, жеңіс әкелген 1945 жылы аудан егіншілері Отанды мол астықпен қуантты. Жайсаң МТС М.Герашенконың, П.Киньконың, А.Қабаяның звенолары, Мәртөк МТС В.Н.Пономаренко мен М.Величконың бригадалары және т.б. әрбір гектардан 25-30 центнерден бидай және тары алды. Мәртөктіктер бір ғана астық өсірумен шектеліп қалған жоқ. Олар жыл сайын Отанға жүздеген тонна сүт және ет өткізді. Мал шаруашылығы мамандары қиын жағдайда еңбек етті. Мал азығы, жай, көлік жетіспеді, осы жағдайдың өзінде малшылар ауыр міндеттерін абыроймен орындап, үлгі-өнеге көрсетті.

Соғыс әрбір еңбекке қабылетті адамның экономикалық және ұйымдық күштерінің сынағы екендігін уақыт дәлелдеп берді.

Көптеген мәртөктік жауынгерлер ерлік пен батырлықтың үлгісін көрсетті, Кеңес Одағының Батырлары – Ф.Ф.Озмитель, К.Я.Губин., А.Г.Батура, М.С.Кожемякин, Е.К.Мазков солардың қатарында.

Аудан экономикасы соғыс аяқтағаннан кейін әлсіреді, еңбек ақы төмен болды. Егін шаруашылығында, қоғамдық мал шаруашылығын дамытуда да қалыптасқан жағдай нашар еді. Бірақ 1950 жылдың өзінде мәртөктіктер экономиканы қалпына келтіріп қана қоймай, алға қарышты қадам жасады. Тың және тығайған жерлерді игеру қарсаңында Мәртөк ауданы сол уақыттағы өлшем бойынша Ақтөбе облысындағы экономикасы дамыған аудандардың бірі болатын. Ұжымшарлардың табыстары 1953 жылы 1952 жылға қарағанда 15,8 млн сомға өсті, ұжымшаршылар 6 кг дейін нан және 2-ден 7,5 сомға дейін ақшалай еңбеккүн алып жүрді. Мал шаруашылығы жайлары мен қырмандар механикаландырылған жоқ. Адамдар астықты қолмен аударды, тиеді, мал азығын таратты, астындағы қиды тазартты. Жергілікті электр станцияларының қуаты жарық беруге ғана жетті, ал кейбір ауылдарда ол тіптен болған жоқ. Техника жетіспеді. Бүкіл ауданда 325 дөңгалақты және шынжыр табанды трактор, 172 комбайн болды. Олардың барлығы тозған еді. Көлік те жетіспеді, автомашиналар болмағандықтан шаруашылықтарда барлық жерде ат арбалар мен МТС күймелері пайдаланылды. Ұжымшарлардың білікті маман кадрлармен нығайтылуы нашар болды. Барлық МТС-та, ал олар 4 еді, бас инженерлер мен ұжымшарлар басшыларының жоғары ауыл шаруашылық білімі болған жоқ.

Көптеген агрономдар мен зоотехниктердің теориялық даярлықтары да жеткіліксіз еді. Механизатор кадрлар жетіспеді. Міне осындай қолайсыз жағдай кезінде ауданда тың игеру жөніндегі азаматтық қозғалыс басталды.

## ТЫҢ ЖӘНЕ ТЫҢАЙҒАН ЖЕРДІ ИГЕРУ

Үндеу бойынша жүздеген еріктілер шешуші шабуылға шықты. 1954 жылдың наурыз айында Мәртөк ауданына 78 адам келді. Олар топтасып, отрядтармен, отбастарымен және жеке дара келіп жатты. Жаңадан қоныстанушылар негізінен Қырғыз, Харьков облыстарынан және Запарожьеден келді. Алғашқы энтузиасттарды Қазақстанның астанасы Алматы қаласының жастары қарсы алды. Тың көтеруге жергілікті тұрғындар да белсене қатысты. Олардың арасында И.Х.Қалимуллин де болды, ол кейін Дзержинский атындағы кеңшарда жұмыс істеді, кеңшардың директоры болып, оны үлгілі шаруашылыққа айналдырды. Сол уақыттағы жастар барлық қиындықтар мен кедергілерді жеңе отырып, алға қойған мақсаттарына жетті. Сөйтіп оларға көрсетілген сенімді ақтады. Олардың еңшілеріне қиын шаруа тиді, тұрмыстың ауыртпалықтарына мойынсұнуға тура келді. Тыңгерлердің күш-жігерінің және жүздеген жергілікті тұрғындардың еңбегінің арқасында шындығында ерлік іс жасалды. 1955 жылдың аяғында тың және тыңайған жерлерді игерудің белгіленген 25 мың гектарлық жоспары ауданда 5 мың гектарға асыра орындалды. Ал алғашқы үш жыл ішінде ауданның шаруашылықтарында аудан тарихында 136 мың гектар жер өңделді, бұл алғашқы жоспардан 5 есе асып түсті. Осы уақыт ішінде аудандағы егістік алқап үш еседей өсті және қазіргі уақытта да 296 мың га жер өңделіп келеді. Ауданда тың жерлерді бағындыру бүкіл экономиканың дамуына алғышарт жасады. Соның әсерінен ауданда 5 ірі ұжымшар ұйымдастырылды. 1954 жылы ауданда 100 гектарға 4 бас ірі қарадан, соның ішінде 1,1 бас сиырдан, 2,1 бас шошқадан келді.

1976 жылы жыртылған жерлердің үш есе ұлғайтылуына қарамастан, 100 гектар айдалған жерге ірі қара 2,5 есе, сиыр 2,1 есе, шошқа 2,2 еседен астам көбейді. Аудан бойынша 1980 жылы барлығы 53400 бас ірі қара, соның ішінде 12,6 мың сиыр, 18,5 мың қой, 20 мың шошқа болды. 1979 жылы бір сауын сиырдан 1953 жылғы 1334 литрге қарағанда 2180 литрден құрады. Мал шаруашылығы мен егін шаруашылығының өнімдерінің барлық түрлері бойынша өнімділік және тауарлылық өсті.

1937 жылы ауданда жергілікті климаттық жағдайларға икемделген жаңа, өнімділігі жоғары сорттар өсіру жөнінде ғылыми жұмыс жүргізілді. 1980 жылы ауданда 1410 трактор, соның ішінде 175 К-700, 646 өзі жүретін астық

жинау комбайн, 556 жүк автомашинасы, 1565 түрлі тұқым сепкіштер, 492 тракторлық шалғы, 550 трактор тіркемесі және басқа да көптеген ауылшаруашылығы техникалары болды. Басшы және өндірісті ұйымдастырушы инженерлік-техникалық кадрлардың сапалық құрамы жақсарды.

50 жылдары шаруашылықтарда абаттандыру, тұрмысты жақсарту мәселелерін жан-жақты шешу мүмкіндіктері болмады. Біраз жылдарды артқа тастағаннан кейін, жеделдетілген ырғақпен тұрғын үйлер, мал шаруашылығы мен мәдени жайлар құрылысы жүргізіле бастады. Аудан орталығы мен ауылдардың келбеті адам танымастай өзгерді. «За большевистские колхозы» атты аудандық газеттің бірінші редакторы Д.К.Мастерова өзінің «Дело всей жизни» кітабында Мәртөк туралы былай депті: «Мәртөк үлкен, бай ауыл. Оған алыстан көз салсаң, біреу әдейі тегіс жерге сіреңкеңің қорбына ұқсаған үйшік-үйлерді арнайы қойған сияқты. Олардың барлығы бірдей, саманнан салынған жазық төбелі, қастарында сирек қараағаштар өсіп тұр...».

Патшалық Ресейден мұраға қалдырылған жазық төбелі балшық үйлер сапалы, кең, жарық үйлермен ығыстырылды. 1954 астықты жылы аудан небәрі 18 мың тонна астық тапсырды. 1980 жылы мемлекетке астық сату жөніндегі жоспар 123,4 процентке орындалды да өткен жылдардың берешегі жойылды.

Ауданда оның Ресейдің Ақбұлақ ауданынан бөлінер кезеңінде (1934 жылдың аяғында) 6 фельдшерлік қосын, тіс, дәріхана кабинеттері бар амбулатория жұмыс істеді, 15 орындық перзентхана құрылысы аяқтала келді. 54 бастауыш мектеп, 8 толық емес орта мектеп және бір орта мектеп қызмет көрсетті. Осы мектептерде сол кезде 6103 бала оқыды. 1935 жылы алғаш рет аудандық клубта дыбысты аппарат орнатылды және 27 балаға арналған бала бақшаның бірінші ғимараты салынды.

60 жыл ішінде экономикада, сондай-ақ мәдени-тұрмыстық қатынастарда көптеген өзгерістер болды. 59 қуатты шамалы шаруашылықтың орнына өткен тарихи кезең ішінде қуатты техникасы бар 13 ірі ұжымшар, 5 кеңшар ұйымдастырылды. Енді олар ауыл шаруашылығының өнімдерін көптеп шығара бастады. Әрбір шаруашылықта 41 дейін трактор, 33 комбайн және 25 жүк таситын автокөлік болды. Өткен тоғызыншы бесжылдықта ғана мемлекетке ет өткізу немесе өндіру 61976 центнер және сүт 1172486 центнер құрады және мал шаруашылығы өнімдерін өткізу 10 есе өсті. Осы бесжылдықта өте қолайсыз климаттық жағдайдың өзінде 17 млн 457 мың пұт астық тапсырылды, мұның өзі аудан ұйымдастырылған сәттен бастап тапсырылған астық мөлшерінен 8-10 есе асып түсті.

Ауданда 1985 жылы 50764 ірі қара, 45659 шошқа, 2040 жылқы болды. Мәдениет пен тұрмысты дамытуда, тұрғындардың материалдық әл-ауқатын




жақсартуда үлкен өзгерістерге ұласты. Ауруханалардың, мәдениет ошақтарының саны артты. Бастауыш мектептердің саны 54-тен 13-ке дейін кеміді. Орта мектептердің саны 1-ден 11 дейін, сегізжылдық мектеп 18 дейін көбейді. Мұнда оқитын оқушылар саны 7870 адам құрады. Ауданда 51 фельдшерлік-акушерлік қосын, 180 орындық аудандық аурухана, 150 орындық Мәртөк туберкулез ауруханасы және 100 орындық үш учаскелік аурухана, 125 мәдениет мекемесі жұмыс істейді. Барлық елді мекендерге қатты жамылғылы жол, капитал салымының жалпы көлемі 3 миллион сом Мәртөк-Ақтөбе трассасында 4 көпір салынған. 175 орындық 10 бала бақша құрылысы салынды және пайдалануға берілді. 80 жылдардың ортасына дейін 2100 оқушы орындық 5 типтік мектеп іске қосылды, 130 орындық ғимарат мектепке берілді, 8 клуб және 2300 орындық Мәдениет үйі, 27100 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

Осы тарихи кезеңде капитал салудың жалпы көлемі 32 млн. сом құрады. Өндірістік кәсіпорындар өнімінің көлемі елеулі өсті. Жылына жалпы есеппен 8,5 млн сомның өнімі өндірілді, ал бесжылдық бойынша өнім өндіру көлемі сегізінші бесжылдықпен салыстырғанда 42% немесе 11,3 млн сомға өсті. Тұрғындардың табыстары ұлғайды. Тұрғындарға 92 млн 290 мың сомның орта есеппен жылына 18 млн. халық тұтынатын тауарлары өткізілді немесе өткен уақытпен салыстырғанда жан басына шаққанда тауар айналымы 38,8 процент құрады. Тұрғындар жинағы 12 млн сомнан асты. Тұрғындардың жеке пайдалануында 5 мыңнан астам көлік болды. Келтірілген деректер аудан тұрғындары әл-ауқатының өскендігінің жарқын белгісі. 1975 жылғы қуаңшылық қиындық әкелді. Мұндай жыл аймақтың қарт тұрғындарының айтуы бойынша гасыр басынан бері болмаған.

1980 жылдың екінші жартысы аудан үшін түбегейлі қайта құру кезеңі болды. Тоқсаныншы жылдар бұрынғы одақтық республикалардың егемендіктерін жариялаумен және тәуелсіз алуымен сипатталады. Қоғамның саяси құрылымы өзгерді. Кәсіпорындарды, шаруашылықтарды жекешелендіру басталды, баға еркіндікке жіберілді, бірақ ең бастысы – нарықтық қатынастарға көшу басталды. Уақыт - өзі төреші. Өмір атмосферасы, ырғағы, күйі, адамдардың іске көзқарасы өзгерді. Бұл ең алдымен, барлық тараптарға және жұмыс салаларына және ең алдымен экономикаға әсер етті. Қоғамның социалистік құрылымы құрылымы қирағаннан кейін қирау кезеңі тарихи уақыты басталды. Бүгінде аудан экономикасы осы заманға сәйкес бейімделіп дамып келеді және жасампаздық кезеңі басталды. Аудан еңбеккерлері ауданды қайтадан эволюциялық даму жолына түсірді және реформалар жүргізді.

Қазақстан тәуелсіздігінің он жылы ішінде институционалдық өзгерістер болып өтті. Бұл – жеке меншік иелері жіктерінің пайда болуы, бағаның еркін

## МАРТУКСКИЙ РАЙОН




№	Наименование сельской округе	Центр округа
Мартукский район		
1	Мартукский	Мартук
2	Яйсанский	Яйсан
3	Первомайский	Вознесенка
4	Новомайайловский	Новомайайловка
5	Степановский	Степановка
6	Нагорный	Нагорное
7	Каратаевский	Каратаев
8	Каратаевский	Каратаусай
9	Байтурсайский	Байтурсай
10	Кызылжарский	Андреевка
11	Хлебодаровский	Хлебодаровка
12	Родниковский	Родниковка
13	Хазретовский	Хазрет

### УСЛОВНЫЕ ОБОЗНАЧЕНИЯ

- Кумсай - населенный пункт
- Реки
- — — Железные дороги
- - - - - Граница района
- — — Граница сел. округов
- ⊙ Районный центр
- — — Автомобильные дороги

1:800 000  
В одном сантиметре 8 км






Қарагай орманы



Аққайын орманы



Мәртөк элеваторы



«Мәртөк» теміржол стансасы



Аудандық әкімдік ғимараты



Аудан әкімшілігінің екінші ғимараты



Мәртеқ селолық округ әкімдігінің ғимараты



«Қазақтелеком» ғимараты



Мадениет үйі



«Колос» кинотеатры



«Жайсаң» кеден бекеті



Халықаралық «Жайсаң» кеден кешені





Бауырластар ескерткіші



Қамбар Медетов атындағы көшедегі стела



Ұлы Отан соғысынан оралмаған жерлестерімізге қойылған ескерткіш



Православ шіркеуі



Мұсылман мешіті



Аудандық бөлім, мекеме басшылары: Айжан Жұмабаева, Вячеслав Бурцев, Төлеу Жаңабергенов, Алшынбай Шарипов, Бердікұл Абдуллин, Қанат Оразов, Марат Жақанов, Құсайын Бекешов, Сәттігүл Қаракеев, Бақытгүл Хасенова, Күнзада Бапишева, Жанар Кангереева, Киікбай Өтешов, Асқар Қилыбаев, Кәрімжан Бердиев, Жақсылық Рысқалиев, Қанат Төлелбергенов, Нұрболат Үмбетов, Ниязбай Қаламғазин, Сергей Чекрызлов, Бүлбүл Күзембаева, Шамиль Саринев, Ергазы Шамелов, Фарит Шакиров, Алтынбек Әмірғалиев, Амантай Смағұлов, Рафхат Мифтахутдинов, Гүлзада Алматыбаева, Нина Роленко, Айсұлу Тұрмағамбетова.



Аудан өкімі аппараты: Айсұлу Жалменова, Бақытгүл Хасенова, Гүлмира Төлеуова, Өмір Жалмұратов, Дархан Боранқұл, Талгат Келкебаев, Нұрпейіс Бекқалиев, Сайра Аамандықова, Асылжан Жақылова, Ергазы Шәмелов, Вера Дегтярева, Алтынбек Өмірғалиев, Ирина Цыба, Мақсұт Жұмағалиев, Төлеу Жаңабергенов.



Аудан әкімі, орынбасары, аппарат басшысы және селолық округ әкімдері:  
Бисен Қаспақов, Бақытжан Мұлькаев, Алтынбек Күзенбаев, Қалыбай Жұмабаев, Рыспақ Ильясова,  
Сақтапберген Матен, Қанат Төлепбергенов, Бекболат Сәрсенбаев, Қуаныш Отаралин, Аманжол Сеитов,  
Анатолий Ридель, Алтынбек Әміргалиев, Ирина Цыба, Ергазы Шәмелов, Қуанбай Коктов.

белгіленуі, шаруашылық жүргізуші субъектілердің жоспарға емес, табысқа бағдарлануы, қатаң бәсекелестік, мемлекеттік емес инфрақұрылым және т.б. Межелі уақыт өткеннен кейін шағын және орта бизнестің негізі беки және олардың қызметінің ауқымы өсе түседі. Бастапқыда түрлі құрылымдарды (серіктестіктерді, қоғамдарды, кооперативтерді және т.б.) қолдау және дамыту жөніндегі жұмыстар ретке келтірілді. Негізінен шағын және орта бизнеске назар аударылды. Ең алдымен адамның өзі және өзінің отбасы үшін табыс табу мүмкіндігінің жағдайын жасау бағыты мақсатты түрде жүргізіліп келеді. Ауданның кейбір ауылдарында соңғы жылдары тұрғындардың көшіп-қонуы азайды. Ресейге және Германияға көшіп кеткен мәртектіктердің өздерінің отандарына қайта оралу оқиғалары жиі болып тұрады.

Экономикалық жағынан дамып келе жатқан ауылдарда аумақтан тысқары көшіп жатқандар жоқ. Полтавка ауылында тұрғын үй сатып алу проблема. Адамдар аулаларында бес-алты ірі қарадан байлап отыр. Бұл жерде қазір басқалармен салыстырғанда тұрмыс жақсырақ, қызықтырақ және толыққанды. Полтавалықтар барлық шаруа қожалықтарына мынадай үндеу тастады: «Әрбір ауылда ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін мектепке учаске бөліп берейік, күшті, өмірдің шындығына мейлінше бейімделген ізбасарлар тәрбиелеу үшін анағұрлым қолайлы жағдай жасайық». Қиындықтарға қарамастан, жылдан-жылға шаруа қожалықтары көбейіп, ауданның экономикасы орнықтырақ болып келеді. Бастысы – экономикалық инфрақұрылым түгел нарықтық қатынасқа көшті. Егіс көлемі 63 мың га 95 га немесе 1,5 есе өсті. Өнім орта есеппен гектарына 8 центнерден жиналды. 2002 жылы егіс көлемі 130 мың гектарға дейін ұлғайтылды. Ал болашақта егістік 150 мың гектарға дейін жеткізілмек. Бұл қолда бар құнарлы жерді есепке алғанда аудан үшін оңтайлы.

2002 жылы ауа райы диқандар үшін қатаң болды. Аудан бойынша әрбір гектардан орта есеппен 7,5 центнерден өнім алды, келер жылға тұқым құйылды.

## **ЭКОНОМИКАСЫ. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ӨНЕРКӘСІБІ**

Жүргізілген шағын барлау жұмыстарының негізінде Вознесенов ауылында қоңыр көмір бар екендігі анықталды, геологиялық барлау бойынша көмір шоғыры 889891 тонна, Ақсу өзенінде 220 мың тонна деп есептеледі. Ауданда көмірден басқа бордың, әктастың және Жуса ауылында мұнайдың мол қоры бар. Кен орындарының көбісі Орынбор-Ташкент, Орынбор-

Жаманкала және Қандыағаш-Атырау теміржолының бойында орналасқан. Аудан құрылғаннан кейінгі алғашқы он жыл ішінде жергілікті маңызы бар 27 өнеркәсіп орны: құрамында 90 жұмысшысы, 16 қызметкері бар «Мәртөк көмір» Вознесен шахтасы жұмыс істеді. Оның жалпы өнімі 1939 жылғы құндылығы НКМП белгілеген бағада 176376 сом құрады. 45 жұмысшысы және 14 қызметкері бар «Горняк» артелі 1939 жылдың ІҮ тоқсанында құндылығы 96500 сомға бағаланған көмір мен бор өндірді. 72 жұмысшысы, 13 қызметкері бар «Промышленник» артелі құндылығы 971235 сомға бағаланған өнім өндірді. Днирмендер саны – 24, оның 12-шаруашылықтарда, 3-«Союзмука» кәсіпорнында болды.

Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуші және ауыл шаруашылығына қызмет көрсетуші «Алғабас» ЖШС, «Нияз және К», «Феррохром» АҚ сүт цехы және «Ремонтник» ЖШС кәсіпорындары ауданның өнеркәсібінің қатарына жатады. Ауданда барлығы 6 өндіріс орыны бар. Олардың барлығы Жайсаң ауылдық округінің аумағында орналасқан. 2001 жылдан бастап ауданда өңдеуге ерекше мән беріледі, онда сүт өнімдерінің 10 түрі өндіріледі және ет өңделеді. Ет өңдеу жөнінде «Алғабас» ЖШС және «Қазанбаев» ЖК цехтары жұмыс істейді, олар 10 түрлі жартылай фабрикат шығарады.

Өндірістің құлдырауын тоқтатуға мүмкіндік туды. Мәселен, 2000 жылы тауарлы өнім көлемі 109,9 млн теңге, 2001 жылы – 118,4 млн теңге және 2002 жыл толық аяқталмай жатып 43,5 млн теңге құрады. Көрсетілетін қызметтің жана түрлері пайда болды. «Ремонтник» ЖШС теміржолға қызмет көрсетеді. Май зауыты банкротқа ұшырағаннан кейін екі дербес өңдеу кәсіпорны пайда болды. 2001 жылдан бастап ауданда сүт өңдеумен қатар ет өңдеуге назар аударылады. Түшпара шығару жолға қойылды. Өңдеуші кәсіпорындар 2002 жылдың тоғыз айында: буып-түйілген 365 тонна сүт, 256 тонна айран, 80 тонна майлы айран, 7 тонна май, 11 тонна ірімшік, 32 тонна қаймақ, 34 тонна балмұздақ және 70 тонна түшпара өндірді. Отандық шағын бизнестің дамуы 1992-1993 жылдары басталды. Ондаған жылдың ішінде кәсіпкерлердің қатары елеулі өсті. Ауданда шағын кәсіпкерлік ілгері даму сипатында және әлеуметтік шиеленісті азайту факторы ретінде өз жемісін беруде. 2004 жылғы 1 қаңтарда аудан бойынша 755 шағын бизнес субъектісі тіркелген, оның 52 заңды, 723 жеке тұлғалар. Шағын бизнес субъектілері өндірген өнім көлемі 2389 млн теңге құрады, бұл салық жинауға игілікті әсер етуде. Биыл аудан бойынша салықтар мен басқа төлемдер 127 млн теңге сомасында жиналды. 2000 жылмен салыстырғанда кәсіпкерлік қызметпен айналысушылар саны 175 адамға ұлғайды және 3178 адам болды.

## ҚОҒАМДЫҚ, ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕР МЕН СЯСИ ПАРТИЯЛАР

Қоғамдық ұйымдар бастауын сонау ақсақал кенесінен бастау алады. Қазақстан Республикасында саяси партиялар, кәсіптік одақтар және азаматтардың ортақ мақсаттарға жету үшін ерікті негізде құрылған, заңдарға қайшы келмейтін басқа да бірлестіктері болып табылады. Бұған Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген. Ауданда мәдени ағарту, спорттық, әлеуметтік көмек, табиғат қорғаушылар қоғамдары, ал «Еңбек туралы» Заң қабылданғаннан кейін 1918 жылдан бастап кәсіподақтар, кейінірек «Қазақ тілі», соғыс және еңбек ардагерлерінің қоғамдары жұмыс істеді.

Ерікті қоғамдардың бастауыш ұйымдары шаруашылықтардың, кәсіпорындардың, мекемелердің ұжымдарында және аудан тұрғындарының тұрғылықты жерлерінде құрылды.

Аудан бойынша 4: мәдениет, денсаулық сақтау, халыққа білім беру және мемлекеттік мекемелер кәсіподақтары тіркелді.

## СЯСИ ПАРТИЯЛАР МЕН ЖАСТАР ҰЙЫМДАРЫ

Саяси партиялар қоғамдық ұйымдардың тармақтарының бірі. Саяси партиялар XX ғасырдың басында пайда болды. Аудан аумағында коммунистердің бірінші партия ұялары 1919 жылдың қарашасында Қаратаусай және Полтавка, содан кейін Мәртөкте және Вознесеновкада құрылды, 1920 жылдың аяғында 14 партия ұясы есепке алынды, олар 130 коммунистің басын біріктірді. Сондай-ақ жастар ұйымдары (комсомол) да құрыла бастады. Вознесеновка ауылының мұғалімі Г.Я.Суховарова үлгілі жетекшілердің бірі болды. Кейін ол дәрігер мамандығын игеріп, Ұлы Отан соғысына қатысты, екі орденмен және үш медальмен наградталды. Әскер қатарынан медицина қызметінің капитаны атағында оралды. Қазір Қорған қаласында тұрады.

Қоғамдық ұйым комсомол ұясы бастапқыда 16 адамның басын біріктірді. Ұяның алғашқы мүшелері: Е. Яковенко, Д. Тимошенко, Ф. Позыченко, Г.Я. Сухарова және басқалары. Жастардың саяси органы бірте-бірте өсті және беки түсті. Жастардың мәдени ағарту секторы көпшіл болды. Драма үйірмесіне фельдшер Я.М.Бойко, мұғалім А.С.Ширко жетекшілік етті, үйірмеге А.Горобец, Е.Яковенко және басқалар қатысты. Олар А.А.Островскийдің, А.М.Горькийдің, А.С.Грибоедовтың, Н.В.Гогольдің және басқа да авторлардың пьесалары бойынша спектакльдер қойды. Костюмдер



мен бутафорияларды үйлерінен алып келді, ал декларацияларды қатысушылардың өздері істеді. 30 адамнан құралған хор үйірмесі (жетекшісі И.М.Тимошенко) жұмыс істеді. 90 жылдың басында комсомол таратылды. Оның орнына «Қазақстан Жастары Одағы» қоғамдық бірлестігі келді.

Бірінші ұйымдастыру конференциясында (1935 жылғы ақпанда) Ф.Буланин аудандық партия комитетінің хатшысы болып сайланды. Аудан құрылған 1935 жылдан 1991 жылы партия органдарын таратқанға дейін коммунисттік партия саяси басшылықтың орталығы болды. 1990 жылдардан кейін ауданда «Отан» және Қазақстан Азаматтық партиялары құрылды. Екі партия да халықтың тұрмысын жақсарту, Қазақстан экономикасын көтеруге септесу, қоғамдық саяси жұмыстарға белсене қатысу мүдделігі және басқалар өздерінің бағдарламаларының негізгі мәселелері деп біледі.

ДІН. Аудан аумағында қазан төңкерісіне дейін мұсылмандар қауымы мұсылман мәдениетін дамытуға зор үлес қосты, діни сенім бостандығы мен діни салттарды жүзеге асыруды адамның негізгі құқықтарының бірі ретінде таныды. Бастапқыда исламды уағыздау шындыққа не қандай да болмасын дәлелдерге негізделген халық арасында басталды, мұны ата-бабаларының түсінігі арқылы қабылдады. Қасиетті құранда бкл жөнінде былай делінген: «жоқ біз әкелеріміздің ізін басамыз. Егер әкелеріміз ештеңе түсінбеген болса бұлай тура жүрмес еді ғой».

Өткен ғасырдың 37 жылына дейін Хазрет, Вознесен, Жамбыл, Құмсай және разьезде 3 мешіт діни салттармен айналысты. Шамамен 1875-76 жылдары Ақтөбе болысы Елек уезінің Хазрет ауылында бай қазақ Нұрпейіс Байғарин мешіт салды. Ол өзін жоғары дәрежелі діни атақ хазретпін деп атады. Араб тілінен аударғанда тақуа. Бұл ауылдағы Н.Байғарин мешітіне бүкіл Елек уезінен дінге сенетін қазақтар (1880 жылғы «Русский вестин» журналы) ағыла бастады. Тарихи себептерге және оларға қысым жасаудың нәтижесінде өңірдің мұсылман қауымы бұл дәстүрлерін жалғастыра алмады.

Уақыт биліктің қатаң талабына өзгеріс енгізді. 1948 жылы қабылданған Адам құқықтарының халықаралық декларациясының 18 бабына сәйкес әр адам ой-пікір, ар-ождан және дін бостандығына құқығы бар. Билік қайырымдылық және дін қоғамдарының пайда болуына және дамуына кедергі келтіруді қояды.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері тұрғындардың рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға барынша көңіл аударып келеді. Мәртөк ауылында мешіт құрылысының жүргізілуі аса маңызды істердің бірі болды. Ауданда 4 діни бірлестік – Ислам мешіті, Мәртөк приходының Қасиетті Богородица қамқорлығы, евангельдік христиан баптистердің шіркеуі және Благодать шіркеуі жұмыс істейді. Олардың барлығы облыстық әділет департаментінде тіркелген.

## МӘДЕНИ АҒАРТУ ЖҰМЫСЫ

Мәртөк мәдени ағарту үйірмесінің негізі Мәртөк училищесінің оқытушысы В.Романскийдің және Мәртөк тұрғыны В.Сакалевскийдің бастамасы бойынша қаланды. 1917 жылғы 27 желтоқсанда ұйымдастыру жиналысы болып өтті, оған жергілікті зиялы қауым, сондай-ақ жергілікті шаруалар арасынан ағарту ісіне тілектестер қатысты. Жиналыста төрт адамнан тұратын басқарма сайланды, оларға үйірме жарғысын әзірлеу тапсырылды. 1918 жылғы 1 қаңтарға 30 адам үйірме мүшесі ретінде жазылды. Жарғыға сәйкес үйірме екі: ағарту және көңілге қонымды ермектер секцияларына бөлінді. 1918 жылғы маусым және 1919 жылғы қыркүйек арасында жүргізілген секция өз жұмысын тоқтатты. Өйткені, үйірменің біраз мүшелері Қызыл Армияның құрамына жұмылдырылды. Спектакльдерден және ерікті қайырмалдық мүшелік жарналарынан 2324 сом 78 тиын сомасында таза түсім келді. Оның 1907 сом 90 тиыны әдебиеттер мен брошюралар сатып алуға, сахнаны жабдықтауға, спектакльдерді рәсімдеуге, кітапхана мүкәммалдарына жұмсалды. Қалған ақшаға 1919 жылғы 1 қыркүйекте ашылған және қорында әртүрлі мазмұндағы 1200 дана мұсылман, 1600-дей орыс әдебиеті болған Мәртөк үйірмесі кітапханасының қызметшілерін ұстауға мүмкіндік жоқ еді. Сондықтан мәдени-ағарту үйірмесі Қырғыз өлкесін басқару жөніндегі әскери ревком жанындағы халық ағарту бөлімінен көмек сұрау қажет деп шешті. Бұған Мәртөк мәдени-ағарту үйірмесінің жарғысы қоса берілді. В.Романовский мәдени ағарту үйірмесі басқармасының төрағасы болды. 1919 жылы Қырғыз ревкомы Ақтөбе уезінде осындай үйірмелер ұйымдастыру үшін өзінің нұсқаушыларын ауылдық жерлерге жіберді. 20 жылдардың басында ауылда клуб және кітапхана жұмысының функцияларын атқаратын әмбебап мәдени ағарту мекемелері - қызыл отаулар құрыла бастады. Олар шаруалардың көпшілік бөлігіне еліміздің саяси өмірінен дұрыс және тұрақты ақпарат беретін орталық болуға тиіс болатын. Ең алғашқы қызыл отау 1919 жылы Линовицкий ауылында ашылды. Онда И.Бондаренко кітапханашы болып жұмыс істеді. Қызыл отау жексенбі күндері кешкі 4-тен 8 дейін ашылды. Ол училищеде орналасты. Кітапханашы тегін жұмыс істеді. Отауға орта есеппен 20 ер адам, 10 әйел адам, жай күндері 10 ер адам, 6-7 әйел адам келіп тұрды. Қызыл отаудың қоры шағын небәрі 200-300 кітап болды. 1920 жылы Макар Бушан Вознесенка кітапханасында меңгеруші болды. Осы аймақта Покровка ауылында 1920 жылғы 18 мамырда училищенің ғимаратында, қызыл отау ашылды, оған Ц. Вилков меңгеруші болды. Полтавка ауылында кітапхана 1920 жылғы 15 желтоқсанда ашылды. Студенттер ауылында қызыл отау желтоқсанда жұмыс істей бастады. Оның меңгерушісі Цеско еді. Осы айдың

16 күні Жайсаң ауылының жалпы жиналысында кітапхана ашылады да оның меңгерушілігіне К.Нащекина сайланады. Барлық жерде кітапхана жұмысы ертенгілік сағат 9-00-ден кешкі 8-00 дейін белгіленеді.

1920 жыл Мәртөк ауданында Ақтөбе уезінің № 2 Қаратоғай болыстығында мұсылмандардың алғашқы кітапханасының ашылуымен әйгілі. Қызыл отау кітапханасының қоры 159 кітаптан тұрды. Әбіш Жұрынов оның алғашқы кітапханашысы. 1921 жылы Горноводск ауылында қызыл отау ашылды, кітапхана қоры - 150 кітап, кітапханашысы З.Кривцов, Полтавка ауылында - кітапханашысы - Н.Батура, Ново-Донцыда - кітапханашысы - Т.Мринский, Ново-Федоровкада, Қаратаусайда, стапановкада, Ново-Михайловкада және басқаларында кітапханалар ашылды. 1921 жылғы 21 наурызда Ақтөбе уезі Бөрте болыстығының № 5 ауылында екінші ауылдық кітапхана ашылды. Сауатты адам Жүсіп Молдашев ауыл кітапханашысы болып сайланды, қорында 72 дана кітап болды.

1924-27 жылдар аралығында тұрғындардың көпшілік сұраныстарын қанағаттандыруға арналған және тұрғындарға кітаппен және газетпен қызмет көрсетудің ең арзан және қолайлы нысаны көшпелі кітапхана қызыл отаулар саны өсті. Көшпелі кітапханалардың басты қасиеті олар тез әрі жеңіл жинақталды, адам аяғы баса қоймайтын жерлерге барды, тұрғылықты тұрғындарға көшіп-қонып жүрген кездерінде қызмет көрсете алды, көпшілік уақытта арнайы штат қажет етпеді. Бір ауданнан екінші ауданға бару мүмкіндігіне байланысты бір бумадағы кітап стационар кітапханадағы кітапқа карағанда көп оқырманға қызмет көрсетті. Жылжымалы кітапханалардың қорлары ұдайы жанартылып отырды. Белсеңді оқырмандардың, мұғалімдердің қолдарына берілді. Бұдан басқа Қазақстанның аумағында теміржол бойымен жылжымалы вагон кітапхана жүріп тұрды, олар станцияларда ұжымдық абоненттер ретінде оқырмандарға қызмет көрсетті. Кітаптар жергілікті комитеттер төрағаларының жауапкершілігіне берілді. Жұмыс істеген кітапхана желісі теміржолшылар одағының мүшелерін және олардың Хлебодаровка, Қаратоғай, Мәртөк, Жайсаң ауылдарындағы отбасы мүшелеріне де қызмет көрсетті. Мәдени ағарту органдарының 30 жылдардағы ауылдық жерлердегі көпшілік жұмыстары едәуір жақсарды және жайлап қызыл отау, клуб ауылдағы бүкіл мәдени ағарту жұмысының орталығына, тірек қосынына айналды. Ол өте саясаттыңдырылған еді, «Саяси ағарту органдары – ауылға және деревняға бетбұрыс жасаңдар!» ұраны қолданылды. Осы жылдары ауданның көптеген ауылдарында мәдениет мекемелеріне арналған ғимараттар салынды, оларда сауатсыздықты жою үйірмелері жұмыс істеді, кино жұмысы жолға қойылды, жылжымалы киноқондырғылар әрекет етті. Ауданның ұжымшарлары баспасөзге жазылу науқанына ерекше мән берді, мәселен, «Батрак»

ұжымшары /Жайсаң ауылы/ 1930 жылы «Жайсаң газетін» жаздырып алды. Бүгінгі «Мәртөк тынысының» негізі 1935 жылы қаланды. 1930 жылдары ауданда мешіттер мен шіркеулер жабылды және олардың орындарына клубтар ашылды. Бөрілі болыстығының № 3 ауылында Фахрутдин хазрет салған тарихи ескерткіш – мешітпен де солай болды. Ол Николай патша заманынан бері жұмыс істеп тұрған-ды. Ішіндегі едені топырақ еді және қатты тапалған болатын. Артынан қоймаға айналды, кейін ішіне еден төселді және онда ауылдық клуб ашылды. 1930 жылы қазіргі Есет Көкіұлы көшесінде өлкетану мұражайы ашылды. Бұл кездегі аудан үшін үлкен мәдени ағарту саласындағы жаңалық еді. «Мәртөктік қызыл отаушы ешкімге білдірместен мұражай ұйымдастыруға негіз қалады да, өзіне көмектесетін жақтас адамдарды тапқаннан кейін ертегідей тез арада мұрайжайды ашып жіберді. Онда ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, тарихи, қазақтардың өмірі мен тұрмысы, дінге қарсы күрес, минералогия бөлімдері және болашақ зоология бөлімінің (зоопарктің) ұшқыны - тірі жандар бұрышы болды» деп жазды «Степная правда» газеті 1930 жылғы 23 тамызда. 1935 жылы Мәртөк ауданында саяси ағарту мекемелері жанындағы ересектер арасында жұмыс жүргізу жөніндегі нұсқаушы лауазымы тағайындалды. Бұған сауат ашу қосындары, клубтар, кітапханалар және т.б. кірді. Ол кезде аудандық кітапханада ұжымшарларға жүйелі түрде қызмет көрсетуге арналған 5 жылжымалы кітапхана болды. Осы жылдан бастап барлық жерде қордың сақтығы және есептілігі үшін кітапхана каталогтары енгізілді. Құғын-сүргін жылдары саяси ағарту мекемелері штаттарынан айрылды. Кадрларды жасақтауға қойлатын талап қатаң болды, жыл сайын І қаршаға дейін қызыл отаулардың, ұжымшарлар клубтарының байқаулары өткізілді. Олардың жұмыс тәжірибелері баспасөзбеттерінде талқыланып отырылды. Қызыл отаудың, қызыл мүйістердің, жылжымалы кітапханалардың, жылжымалы киноқондырғыларының жұмыстарын жолға дұрыс қойғандар арасында сыйақылар белгіленді. 1930 жылдың соңы ауданда аудан үгіт бригадасының дүниеге келуімен ерекшеленді. Олар көктемгі егін егу, шөп шабу, егін жинау уақыттарында бүкіл ауданды аралады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақ ССР Халық ағарту комиссариаты 1941 жылғы тамыз-қыркүйекте «Кітапханалардың, қызыл отаулардың, клубтардың, мәдениет үйлерінің соғыс уақыты жағдайындағы жұмысы» нұсқамалық материалының топтамасын шығарды, онда майдандағы жағдай туралы ақпараттарды дауыстап оқуды ұйымдастыру, шақыру қосындарындағы анықтама үстелдерінің жұмысы, әуе қорғанысы дайындығы және т.б. туралы нұсқаулық жан-жақты әзірленді. Міне сол кезде Қазақ ССР Халық ағарту комиссариатының еңбекшілерге интернационалдық тәрбие беру туралы бұйрығы шығарылды. Бұйрықта барлық елдер халықтарының

ынтымақтастығы, өзара бірлескен іс-қимыл жасауы және жан-жақты байланысы атап өтілді. Соғыс кезінде кітапханалар, қызыл отаулар, клубтар жан-жақты көпшілік үгіт жұмыстарын жүргізді. Мәдениет мекемелері газеттермен, журналдармен, жаңа әдебиеттермен, плакаттармен, ұрандармен қамтамасыз етілді. Жыл сайын 25 тамызға дейін қысқа үзіліссіз қаржыландыру қамтамасыз етілді. Соғыстың сұрапыл жылдарында «За большевистские колхозы» аудандық газеті «Степь» ұжымшары қызыл отауының меңгерушісі Анна Загоритько туралы былай деп жазды: «Қызыл отауда оқырман балаларға көңілді мереке өткізіледі. Бұйра шыршаны кітапханашы көркем әшекейледі, Коленко әжей балаларға сый-сияпат – ыстық күлше пісірді. Аяз ата балаларды аралады және дәмді сыйлықтар табыс етті». Ұлы Отан соғысы жылдарында ауданның үздік кітапханашысы – Кеңес Одағының батыры, әйгілі «Грозный» отрядының командирі Ф.Ф. Озмитель ерлерше қаза тапты. Соғыс жылдарында мәдени ағарту мекемелерінің желісі өте қысқарды, қалғандарының материалдық-техникалық базасы едәуір әлсіреді.

50 жылдар кезінде киноқондырғылар саны жыл сайын өсе түсті. Киноқондырғылар 1949 жылы – 5 болды, ал 1948 жылы 3 болатын. 1949 жылы 74 мың адамға қызмет көрсетілді, 54 ұжымшар, 4 МТС қамтылды, 1409 киносеанс қойылды, 163 мың сом жиналды, фильмдерді көрсету сапасы мен мәдениеті әлдеқайда жақсарды. Мысик, Дарвин, Скала - Мәртөк ауданының белгілі киномеханиктері. Олар тұрғындарға қызмет көрсету жөніндегі жоспарды ұдайы орындап отырды. Жайсаң ауылының киноқондырғысы (киномеханигі Мысик) тұрғындарға қызмет көрсетуде жоғары өндірістік көрсеткіштерге жеткені үшін Қазақстан Кинематография министрлігінің құрмет грамотасымен марапатталды. 50-60 жылдары П.Ф.Шияновтың басшылығындағы аудандық кинофикация ерекше өрлеу кезеңінде болды. 1955 жылғы 19 қыркүйекте Мәртөк ауылында қысқы кинотеатр пайдалануға берілді, жазғы маусымдық кинотеатр онымен қатар жұмыс істеді. Тың көтеру жылдары аудандық лекторлар тобының құрылуымен ерекшеленді, олар ауданды аралап ғылым мен техниканың барлық салалары бойынша лекциялар оқыды. Мәртөк аудандық мәдениет бөлімінде біліктілігі жоғары мамандар еңбек етті. Қазақ ССР Министрлер Кеңесі жанындағы Мәдени ағарту мекемелерінің істері жөніндегі комитеттің 1951 жылғы кадрлардың жағдайы және олармен жұмыс туралы жылдық есебінде «Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Ново-Михайловка қызыл отауының меңгерушісі В.Г.Пчела қызыл отау жанынан 5 адамнан тұратын ауылдық лекторий, 7 адамнан тұратын кеңес ұйымдастырды, 15 адамнан тұратын актив, үйірмелер жұмыс істейді, лекциялар мен баяндамалар оқылады, классиктердің жекелеген шығармаларын оқу және жұмыстың басқа да нысандары өткізіліп тұрады»

делінген. Бұл мекеме республика бойынша мәдени ағарту мекемесі деп танылды. 1950 және 1959 жылдары Қаратаусай және Горноводск ауылдарында екі ауылдық клуб есігін айқара ашты.

60 жылдар ауданның мәдени ағарту мекемелерінің құрылымына шұғыл өзгерістер енгізді. Ұзақ уақыт көштің алдын бермеген қызыл отаулар екінші кезекке көшірілді, клубтар мен кітапханалар жұмыстарын жандандыра түсті. 1961 жылғы 1 наурызда аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушілігіне Ф.М.Шакиров тағайындалды. Ауылдарда кітапханалар қайта ашыла бастады, стационарларда жана киноқондырғылар пайда бола бастады, үгіт бригадалары, Шатшнайдердің жетекшілігіндегі үрмелі аспаптар оркестрі құрылды. 1961 жылғы 17 ақпанда Чайда ауылында Г.И.Деньга жұмысқа кірісті, ақырында осы кітапханашы облыстың үздік мәдени ағарту саласының қызметкері деп танылады. 50 жылдардың аяғында және 60 жылдардың басында заңғатар мен мылқаулар қоғамының қызыл мүйісі белсенді жұмыс істей бастады. Онда П.А.Калиберда еңбек етті. 1963 жылғы 9 қазанда мәдениет бөлімі мен киножүйесін бөлу жүргізілді. Бір жылдан кейін аудан орталығында балаларға арналған үлкен мереке болды – жана балалар кітапханасы ашылды. Кейінгі жылдары ауданда көркемөнерпаздар үйірмелері жанданды, клуб жұмысында Р.Х. Баун, А.Н.Пичеруш, Г.Г.Гньдебрант, кітапханашылар арасында -С.Б.Табанова, Р.А.Ердәулетова, Н.Н.Руденко, К.И.Кальницкая, Р.И.Шевченко көзге түсті. 1969 жылы Мәртөк аудандардың телевизиялық фестиваліне қатысты, онда үздік деп танылды. 1968 жылғы 1 мамырда жаңа «Колос» кинотеатры алғашқы фильмін көрсетті. 1971 жылдан бастап АОК кітапханашысы Л.В.Петухова кино жөніндегі кеңеске жіберіледі. 1976 жылы ол киножүйе дирекциясын басқарды.

70 жылдардың ортасында ауданда кітапхана қорын орталықтандыру аяқтала келді, ал аудандағы үйлестірілетін әдістемелік орталық әдіскерлердің Бүкілодақтық байқауында бірінші орынды жеңіп алды. Ол кезде аудандық мәдениет бөлімін В.М.Шакиров, АМУ директоры Н.Д.Барт. ОКЖ директоры Р.А.Ердәлетова болды.

70 жылдары Мәртөк ауданының барлық орталық усадьбасында дерлік жаңа мәдениет үйі ашылды, АМУ – 1976 жылғы 7 қараша, Вознесен ауылдық клубы - 1978 жылы, Целинный-1977 жылы, Шевченко – 1973 жылы, Коминтерн -1974 жылы, Степанов – 1974 жылы, Рыбаков – 1974 жылы. Сексенінші жыл «Сувениры» ВАА дүниеге келуімен есте қалды. Оның құрамында Ю.Пичеруш, А. Яблуновский, С.Лукиянов, С. Миняйло, руководитель ансамбля А.Кравченко болған еді. 2000 жылы «Сувениры» ВАА өзінің 20 жылдық мерейтойын салтанатты түрде атап өтті. Топ бұрынғысынша жас, кез-келген мерекенің асыға күтер қонағы, оған деген сүйіспеншілік жұртшылық арасында өше қойған жоқ. 80-90 жылдары

ауданның мәдениетінде өрлеу кезеңі болды, тұрақты түрде көпшілік шерулері: «Наурыз мейрамы», «Зимушка-зима», «Праздник первой борозды», «Масленица», «Праздник урожая», «Дни культуры села», «Проводы в армию» және т.б. өткізіліп тұрды. 2002 жылы Мәртөк ауданында мынадай мәдениет мекемелері жұмыс істейді: 6 мұражай, 7 кітапхана, 24 мәдени демалыс орыны. Бұдан басқа «Шаңырақ» отбасы клубы, «Отау» әдеби-поэтикалық клубы, «Ардагер» клубы жұмыс істейді. «Жоққа тұсау», «Кітаптар – кітапханаларға» қайырымдылық акциялары көптен дәстүрге айналды. «Қазақстан ән мен жырдың кені» фестивалі жұршылыққа ұнамды. Полтавка, Родниковка, Мәртөк ауылдарының хореографиялық ұжымдары бірнеше мәрте облыстық конкурстардың жүлдегері болды. Мәртөк ауданының өкілдері жыл сайын «Назерке», «Жас дәурен», «Әнші балапан», «Балдәурен», О.Бокеева атындағы мәнерлеп оқу шеберлерінің, Қазанғап атындағы термешілердің және т.б. конкурстарға қатысады. Кәсіпорындар күндері, Кәсіпкерлер күндері, мәдениет, денсаулық эстафеталары өткізіліп тұрады. Жастар мен балалар үшін жұмыстың тиімді нысандары мен әдістері іздестірілуде. «Аккорд» вокалды-аспапты тобы, «Радуга» халық аспаптар оркестрі, «Нота» ансамблі, бишілер театр-студиясы және басқа да балалар ұжымдары өздерінің көрермендерін орындаушылық шеберліктерімен тәнті етуде. Орынбор және Ақтөбе облыстары арасында мәдени ынтымақтастық ауқымындағы халықаралық фестивалдар да шығармашылық ретте мәртебелі әрі мазмұнды. Өз кезегінде Мәртөк ауданы Орынбор облысының Ақбұлақ және Беляев аудандық мәдениет бөлімдерімен тығыз қарым-қатынас жасап келеді. Бұл күдер халықтар арасында ізгілік пен достықтың шуағын төккен мерекеге айналады.

Е. Ониськова

## ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

1918ж. Ақтөбе қаласында халық саулығы бөлімі жұмыс істейді, ол медицина кадрларына үлкен жетіспеушілік сезінген болатын, әйтсе де сайланбалы уездік кеңес және жұкпалы аурулар және ашаршылық пен күрес жөніндегі санитарлық азықтық-эпидемиялық отряд жасақтай білді. 1921-1922 жылдар аралығында губернияда төтенше эпидем жағдай орнады, сондықтан тырысқақ және безгек індетімен күресетін төтенше санитарлық комиссия құрылады. Бұл уақытта Мәртөкте 10 орындық дәрігерлік қосын жұмыс жасаған болатын, оның штатында дәрігер, акушер, дәрі-дәрмек жөніндегі көмекші (лекпом) болды. Қосын ашылғанға дейін Мәртөкте Ақбұлақтың дәрігері қызмет көрсетті. 1923 жылы губерниялық денсаулық

бөлімінде ана мен сәбиді қорғау бөлімшесі жұмыс жасай бастады. Сол мезгілден бастап барлық медициналық мекемелерде тұрақты түрде ана мен сәбиді қорғау апталығы өткізілді.

1924ж. Мәртөкте және Жайсаңда фельдшерлік қосындар ашылды. Бұл жерде дәрі – дәрмек әлеуметтік жағдайы төмендігі туралы анықтамасы барларға берілген. 1927ж. ауданда дәрігерлік амбулатория және 5 фельдшерлік қосын жасап отырды. 1928ж. аудан аумағында 1 амбулатория, 2 ФАП, 4 ФП, 2 балабақша болды. 1930ж. ократком Мәртөк ауруханасын қалыпқа келтіруге 40 мың сом бөлді.

1935ж. Ақтөбе облыстық медицина қызметкерлерінің 1 съезі өтті, 1936жылдан бастап Жайсаңда балалар емханасы жұмыс істей бастады, бұл жерде жетім балаларды емдеген, алғашқы жыл мұнда 9 адам болды. 1939 жылға дейін аудандық денсаулықтық сақтау бөлімін К.Д.Козыревский басқарған, ал қараша айынан бастап оны В.Г.Самсонов ауыстырды. Аудандық аурухананы дәрігер И.Ю.Гендлер, босану бөлімін С.И.Хлевнер, балалар-әйелдер кеңес беру бөлімін дәрігер Исағалиева басқарды.

1939 ж. қараша айында Полтавка селосында безгек індеті басталады, оны залалсыздандыруға арнайы комиссия жіберілді. Жедел түрде қажетті дез құралдарымен және егу материалымен уақытша амбулатория жасақталды. 1940ж. 4 қаңтарда еңбекті сараптау комиссиясы құрылады. Осы уақытта аудандық аурухана да, аудандық курорттық комиссия да құрылады. 40-шы жылдары аудандық аурухананың бекітілген дәрігері «Горняк» шахтасында қызмет көрсетті, ол жұмысшыларды айына 2 рет тексеріп отырған. Бұл уақытта ауданымыздағы эпидемжағдай ушығып тұрды, дифтерия, дизентерия, жәншау, сүйек туберкулезі, өкпе туберкулезі, қышыманың кең жайылған кезі еді.

Соғыс алдындағы жылдары ГСО-ға қорғаныс үйірмелерін дайындау үшін, әр мекемеге медициналық персонал бекітілді. Соғыс жылдары медицина қызметкерлері әскери тәртіп бойынша жұмыс істеді. 1941ж. 19 шілдеде Мәртөктік медицина қызметкерлері шекара бойындағы адамдарды қабылдап, оларға жәрдем көрсете бастады. Күзден бастап, КСРО Халық комиссариаты Кеңесінің эвакуация тұрғындарына медициналық жәрдем көрсету мәселесіне қатысты қаулысына сәйкес Мәртөк аудандық денсаулық сақтау бөлімі аудан орталығының дәрігерлерін қызметшілік етуге міндеттеді.

Мәртөк теміржол бекетінде, 1941ж. 14 қарашадан бастап эвакуация тұрғындарымен келген эшелон тоқтаған кезде келгендер тегіс медициналық тексеруден өткізілген. Аурулар анықталған жағдайда сол бойы стационарлық орынға оқшауланған. Эвакуация тұрғындары аудан орталығындағы мектептерге орналастырылды, бұл жерлерде дәрігерлер бекітілді: казак мектебінде - Гендлер, орталау мектебінде Полонская, орта мектебінде -



Церанда, қорғаныс үйінде (1 Май ұжымшарының қызыл бұрышы) – Гончаренко, барлық уақытша тұрақтар, қабылдау қосындар және басқа орындар бойынша –Терехов. 1942 жылдың 6 шілдесінен бастап аудандық аурухананың меңгерушісі болып В.В.Александров бекітілді. Қатал соғыс жылдары Мәртөктің балаларын тамақпен қамтамасыз еткен сүт асханасы бірқалыпты жасап тұрды. Қызыл әскер және эвакуацияланған тұрғындардың балаларына аса назар аударылды. 1943ж. 23 ақпанда аудандық ауруханада РККА қосалқысына медбикелер дайындау курсы ашылды, курс бастығы дәрігер Гудановский болды. Медбикелер курсының оқу бөлімін Голубева басқарды. 1943ж. бастап аудандық денсаулық сақтау бөлімінде емдеу мекемелеріне, бөлімнің жұмысшылары мен қызметкерлеріне арналған қосалқы шаруашылық жұмыс істей бастады. Аурухананың бас дәрігері И.Ю.Гендлер оның төрағасы болып тағайындалды. Соғыс уақытында барлық дерлік операциялық жұмысты дәрігер-хирург Коневская жасады.

1943ж. 29 наурызда аудандағы балаларға медициналық жәрдемді жақсарту және осы маңызды учаскені басқарудың сапасын арттыру мақсатында балалар консультациясын амбулатория құрамынан шығарып, балалар және әйелдер консультациясы бір басшылыққа біріктірілді.

Соғыс жылдары Мәртөкте әскери госпиталь, 1943ж. онда безгек індеті басталды. Санэпидем өңдеудің бар күші аурудың ошақтарын жоюға жұмылдырылды. Аудандық кеңес сол аурухананы апталық азық-түлік қорымен қамтамасыз етті. Сондықтан 1943ж. 1 сәуірде аудандық денсаулық сақтау бөлімінде эпидемстанция ұйымдастырылды.

1943ж. бастап эвакуацияланған дәрігерлер неміс басқыншыларынан босаған өз отандарына қайта бастады. 1944ж. 26 желтоқсанда ҚазКСР денсаулық сақтау Халық комиссариатының бұйрығымен штаттарға бас хирург, бас терапевт лауазымдары енгізілді. Жеңістен кейін, 1945 жылдың жазында безгектен жаппай ауру болды. Ол өндіріске және ұжымшарлық алқаптарға сәуір зардабын тигізді. Дәрігер Шикованың басшылығымен станция ашылды. 50ж. дейін инфекциялық жағдай қиын болып тұрды.

Көптеген қызметкерлер майданда болды. Станция бойынша 1946 ж. ауданның денсаулық сақтау органдарының дәрігерлік кадрлар толықтығы 25,5 процент ғана, орта медицина қызметкерлер толықтығы 42,5 процент болған. 1947 ж. екі дәрігер болған, аудандық аурухана, аудандық амбулатория, балалар-әйелдер консультациясы, 9 ФАП жұмыс жасады. 1948 ж. аудандық аурухананың бас дәрігері Ф.А.Волков болды. Осы мезгілде тубдиспансер ашылды.

40 ж. соңында аудандық ауруханаға: А.И.Колючкина, А.П.Ерошова, Ф.А.Темирова, С.Г.Вишне夫斯基 сияқты жоғары дәрежелі дәрігерлер келді. 1950 ж. 20 тамызда аудандық ауруханада рентген кабинеті ашылды. 1953 ж.

ауданда Қызыл Крестің бастауыш ұйымдары құрылды. 1955 ж. орталық аудандық аурухана 50 орындық болды. Стационарда 4 дәрігер: терапевт Ю.И.Горох, инфекционист А.П.Кубитович, хирург Ф.А.Тимирова, педиатр А.Г.Григорьева, әйелдер бөлімшесінде А.Г.Матвеева жұмыс істеді. 1951 ж. Мәртөк ауданында дәрігер жұмыс істеді. Тың игеру жылдарында медициналық қызмет көрсетуді жақсарту мақсатында алғашқы тың игеру бригадаларына медицина мамандары жіберілді. Ауданға тың игеруші медицина қызметкерлері келді, олар фельдшерлер, медбикелер, дәріханалық қосын менгерушілері болды. Сол жылы, Мәртөк аудандық денсаулық сақтау бөлімінің бар жұмысы тың игеруде жүрген халыққа қызмет көрсетуге жұмылдырылды. Медицина қызметкерлері егіндік стандартын, МТС бригадалардың күнделікті қонағы болды, ұжымшарлардың санитарлық-эпидемиологиялық жағдайын мұқият қадағалады. Дәрігерлік учаскелердің, фельдшерлік қосындардың медицина қызметкерлері тарапынан ауыз су көздері, тамақтану орындары, азық-түліктерді сақтау және дайындау әрдайым бақыланып тұрды. Әрбір елді-мекенде және егіндік алқапта санпостар, дәріханалар жұмыс істеуді табиғи ошақтың ауруының алдын алу шаралары жүргізілді. 1954 ж. 21 шілде күні КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің жолдамасымен тың жерлерді игеру үшін дәрігер-терапевт А.П.Кубитович келді. 1954 ж. 25 желтоқсанда шыққан Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау бөлімінің бұйрығы негізінде 1 ақпаннан бастап, безгек ауруына қарсы станса санэпидстансамен біріктірілді, сонымен қатар аудандық СЭС құрамында паразитология бөлімі ұйымдастырылды. Сондай-ақ денсаулық сақтау объектілерін салу жалғасып жатты, ауданда ФАП-тар, учаскелік ауруханалар ашылды. 1955 ж. 18 сәуірінде Степановск учаскелік аурухана іске қосылды. 50-ші жылдың екінші жартысында туберкулез ауруымен ауыратындарды толыққанды емдеу қатаң бақылауға алынды. Стационарлық емдеуді қажет ететін туберкулез аурулар 100 процент емдеуге жатқызылды. 1957 ж. 3 желтоқсанда аудандық аурухана Мәртөк біріктірілген ауруханасы болды, келесі жылы оның құрамына аудандық СЭС кіргізілді.

60 ж. ауданның денсаулық сақтау саласы қарқынды дамуын жалғастырды. 1963 ж. 16 қазан күні Жайсаң селосында 50 орындық диспансер ашылды. Мұнда бірінші бас дәрігер болып В.Н.Передрий тағайындалды. 1963ж. 2 сәуір күні денсаулық сақтау мекемелерінің бүкілодақтық санағы өтті, қорытындысы бойынша ауданда 1 аурухана, 4 селолық аурухана, 24 мед. қосын, 4 әйелдер босану үйі және тубдиспансер болған.

Жоғары дәрежелі маман, жақсы ұйымдастырушы А.П.Ершова 1962 жылдан 1973ж. дейін бас дәрігер болды. Оның алғашқы қадамы аудандық балалар арасында алдын-алу жұмысын жақсарту болды. Мәртөк балалар

консультациясында егу кабинеті ашылды. Балалар арасында алдын-алу жұмысын жақсарту мақсатында Мәртөк және жақын селоларда педиаторлық шағын учаскелер ашылды. Әр учаскеге аудандық аурухананың орта медициналық қызметкері бекітілді. 1964 ж. аудандық үздік донорлары Қазақ КСР ОКК ОК-нің грамоталарымен марапатталды. Оның ішінде медкызметкерлер - Е.В.Регер, Л.И. Забосина, Ф.А.Темирова, В.И.Новиков, Ю.И.Дирекко, Т.А. Демидова бар. Ауданда 2 балалар бөлімшесі жұмыс істеді, екінші 40 орындық аурухана 1966 ж. іске қосылды, 20 орындық гинекологиялық бөлімшесі қайта ашылды. Хирургия бөлімшесі 25 орынға және әйелдер бөлімшесі 30 орынға кеңейді. 1956 ж. бастап учаскелік ауруханалар ашылды. Жайсаң селолық учаскелік аурухана 50 орындық, Новомихайловка 35 орындық, Андреевка 15 орындық, Родниковка 25 орындық, 10000 тұрғынға 72 ауруханалық кереуеттен келеді. Стационарлық мекемелерден басқа ауданда 12 ФАП болды, оларда 22 әйелдер босану кереуеті орналасты, 18 ФП, 7 ұжымшарлық әйелдер босану үйі мұнда 13 босану кереуеті болған. Осы мезгілде ауданда 16 дәрігер, 39 фельдшер, 19 окулист, 64 медбике, 4 тіс дәрігері жұмыс істеді.

60 ж. соңында Родников учаскелік ауруханасы алдын-алу жұмысында өте жақсы нәтижеге қол жеткізді. 1967 ж. Л.Г.Григорьева, З.П.Гонтарь сынды 2 педиатр жұмыс істеді.

70 ж. басында Мәртөк денсаулық сақтау бөлімінің көрсеткіштері мынадай болды: 335 орын, оның ішінде 50 туберкулездық, дәрігерлер (бас дәрігерді қосқанда) -31, ФАП және ФП-32, босану үйлері – 6, балалар бақшасы-1(30).

1970 ж. аудандық ауруханада Ақтөбе медициналық училищесінің филиалы ашылды, ол аудандық ауруханаға арнап көптеген медбикелер даярлап шығарды. Қызыл крестің 2 жылдық курсы училищенің ашылуына мұрындық болды. Медучилище селобаға қажетті медициналық кадрларды дайындайтын нағыз ұстаханаға айналды. Онда аудандық ауруханалық жоғары дәрежелі дәрігерлер ұстаздық етті. Осылай аудандық ауруханаға қажетті орта медициналық қызметкерлер дайындады. 1972ж. Мәртөкке 25 медбике мен фельдшер-акушер жолдамамен келді. 1974ж. дәрігерлер саны 27, орта қызметкерлер - 148 болды. 1978 ж. 15 тамызда жасөспірімдер медициналық қызметті жақсарту мақсатында жасөспірім дәрігері тағайындалып, жасөспірім кабинеті ашылды. 1-ші дәрігер - Л.В.Медведева. Сәйкесінше аудандық емханада комиссия құрылды. Сол жылы шетелге іс жоспармен және туристік жолдамамен шығатындарды медициналық куәландыру үшін құрамында терапевт дәрігер, инфекционист, фтизиатр және дәрігер эпидимиолог бар комиссия жұмыс істей бастады. Осы уақытта Жайсаң селосында сумен, балшықпен емдеу орны қосылды. Селолық мекемелерде тіс дәрігерлік кабинеттері ашылды. 80 ж. 23 қазанда дәрігер

терапевт Л.В.Медведева Целиноград қаласында өткен Қазақстан терапевтерінің III съезд жұмысына қатысады.

80 жылдары аудандық ауруханадағы кереуеттер саны 185-ке дейін көбейді. Ақтөбе қаласында медициналық институттың ашылуымен ауданда лор, невропатолог, көз дәрігері сияқты мамандар пайда болды. 1986 ж. аудандық аурухана жана ауруханалық кешен ғимаратына көшті. Ақтөбе облысы бойынша жалғыз селолық жұқпалы аурулар ауруханасы салынды. 1990 ж. ауданда дәрігерлер саны 64-ке жетті, орта медқызметкерлерінің саны 187 болды. 1995 ж. 1 қаңтардағы деректер бойынша дәрігерлердің 58-ге дейін, орта медқызметкердің 165-ке дейін азайғандығы байқалды.

Медкадрлардың азаюы денсаулық сақтау саласында бой алған қайта құрылымдарға, шағын стационарлардың жабылуына орындық қордың қысқаруына, еңбектерінің мөлшерленуіне, кей қызметкерлердің орталықтандыруына және негізінен медкадрлардың жоғары еңбекақы салаларына кетуіне байланысты. 90 жылдары медициналық жәрдем 16 мамандық бойынша көрсетілді. Хирургиялық жәрдем деңгейі айрықша өсе түсті. Мұнда жеті ірің ауруын емдеудің жана әдістер игерілді. Мұнан басқа 1980 ж. бастап хирургтар электростимуляция қолдану арқылы сүйек сынығын емдеу проблемасымен айналысты. Сол жылдары хирург бөлімшесіне жоғары дәрежелі хирург дәрігер Ж.М.Қарлығашов басқарды. Аудандық аурухана материалдары бойынша 30-ға жуық ғылыми жұмыс, әдістемелік ұсыныстар жарияланды, жанашыл ұсыныстар енгізілді.

Бүгінгі күні аудан халқына 90 орындық аудандық аурухана, Қызылжар селолық амбулатория, 1 ФАП, 19 ФП медициналық жәрдем көрсетіп отыр. Бүгінгі таңда аудандық емханада халыққа амбулаториялық жәрдем 15 мамандық бойынша көрсетіледі (терапевт, гинеколог, педиатр, хирург, тіс дәрігері, инфекционист, дерматолог-венеролог, психиатр, нарколог, көз дәрігері, лор, онколог, эндокринолог, кардиолог, фтизиатр). Жедел жәрдем көрсету бөлімшесі жұмыс істейді, 2002 ж. 9 жас дәрігер маман және 8 орта медициналық қызметкерлер қабылданды. Аудан бойынша 2 дәрігердің және 16 орта медқызметкерлердің жоғары дәрежесі бар. 3 дәрігердің және 5 орта медқызметкердің 1-ші дәрежесі бар, 5 дәрігердің және 5 орта қызметкердің 2-ші дәрежесі бар.

1993 жылы аудандық ауруханада Ақтөбе мемлекеттік медициналық колледжінің филиалы ашылды, 2002 ж. алғашқы түлектерін түлетті. ҚР Президентінің Жарлығын және «Халық денсаулығы» бағдарламасын орындау мақсатында аудандық ауруханада туберкулезге қарсы және бактериоскопиялық бөлімшелер ашылды. Туберкулез бойынша ДОТС стратегиясы енгізілді. Соңғы жылдары УДС кабинеті ашылды. 2001 ж. сүт асханасы және жиі ауыратын балалар үшін «Тополек» балабақшасында

санаторлық топ ашылды. «В» вирусты гепатиті ауруының алдын-алу мақсатында жаңа туған нәрестеден бастап балаларға вакцина жасалынады. Қамту проценті 100. Жылжымалы еңбек бригадасы жұмыс жасайды. Әйелдер босану бөлімшесінде ана мен баланың бірге болатын палаталары ашылды, аудандық емханада диабет мектебі жұмыс жасайды. Көкірекпен қоректенуді енгізу әйелдер, әсіресе, аз қамтылған отбасылар арасында отбасын жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді. Денсаулықтарында ауытқулары бар балалар диспансерлік есепке алынды. Сауықтыру мақсатымен 30 бала «Ақтөбе» орталығына, «Хазрет» ЖШС есебінен 30 бала «Геолог» профилакториясында демалды және 44 бала «Чайка» санаториясында емдеуден өтті.

Қазір дәрігерлердің қамтамасыз етілуі 10 мың халыққа – 18,8 орта медқызметкерлермен - 43,8, жасөспірімдер бақылау - 98,9, Отан соғысы мүгедектерін кешенді медициналық бақылаумен қамтылуы – 90, интернационалист жауынгерлері - 82,9 процент. Ауданда дәріхана саны 6. Халыққа медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру үшін мынадай іс-шаралар жүргізіліп отыр, дәрігерлерді мамандандыру, емдеу, алдын-алу мекемелерді жаңа жабдықпен қамту. 2002 ж. 13 дәрігер және 22 орта медқызметкер мамандықтарын жетілдірді.

Аудандық ауруханада медициналық жәрдемнің сапасын көтеру мақсатында алғаш рет 2003ж. бастап ауруларды отбасынан бөлмей қалыптасқан әлеуметтік жағдайда күндізгі бақылауға алып емдеу тәсілі жүрді. Ол үшін қаржыны талап ететін тәуліктік бақылау орнына Қызылжар, Родниковкада және аудандық емхананың жанынан әрқайсысы 10 орындық, барлығы 30 орындық күндіз емделетін бөлімше ашылды. Аурухана тарихында В.Г.Самсанов, И.Ю.Гендлер, В.В.Александров, П. Г. Пекинер, В. Ю. Герасимова, А. К. Жабәгиев, А.П.Тищенко бас дәрігерлер болды. Қазіргі уақытта ауданның денсаулық сақтау саласын Ж.М.Қарлығашов басқарады.

Көптеген медицина қызметкерлеріне «Денсаулық сақтау саласының үздігі» атақтары берілді, мемлекеттік наградалармен марапатталғандар да аз емес. Еңбек Қызыл Ту орденімен Ершова, Горох, Темірова, Халықтар достығы орденімен А.Х.Калышева, Ерен еңбегі үшін медалімен Т.А.Тучина, Л.И.Дерепко марапатталды. «Тәуелсіздіктің он жылдығы» медалімен аудандық аурухананың бас терапевті М.Д.Залалетдинова, терапия бөлімшесінің меңгерушісі Н.В.Пчела, аудандық аурухананың бас дәрігері Ж.М. Қарлығашов марапатталды.

Денсаулық сақтау жүйесінің дамуын және медицина қызметкерлерінің еңбегін өз дәрежесінде көрсету мақсатында 2004 жылғы наурыз айында денсаулық мұражайы ашылды.

## I тарау. Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының аумағы қола дәуірінде

### 1.1. Алакөл кезеңі

Евразия деп аталатын алып құрлықтың Тынық мұхиттан Қара теңізге дейінгі кең байтақ далалық аймақтарында есте жоқ ескі замандардан өмір кешіп, бүгінге дейін жалғасқан ұлттар мен ұлыстардың бірде жаугершілік, бірде ауа-райы себепті бірде бірігу, бірде бөліну тарихының айқыш-ұйқыш түскен іздерінің айқын табы Ақтөбе облысы өңірінде де сайрап жатыр. Бұл жерден орта ғасырларда Батыс пен Шығысты жалғастырған әйгілі керуен жолы өткен. Ресей жағынан тартылған ұлы сапар Ойылдың төменгі ағысы мен Сағызды бойлап оңтүстік бағыттағы сан-алуан тілде сөйлеп, сан-алуан ғұмыр кешкен сан-алуан жұртқа жеткен Осы аймақтың үстімен алыс Алтайда "хүн" болып тіршілік еткен тегі көне түркіге тартатын этностың сиянбилер билігін мойындамай батысқа бет бұрған бөлігі кейін "ғұндар" деген қаһарлы атаумен бүкіл Европаны қалтыратқан Атилланың жасақтары жүрді. Олар әрине, ессіз, елсіз жерлермен жүрген жоқ. Мұнда да тарихы, кем дегенде, тас дәуіріне кетіп, өсуі мен өркендеуі сол замандардың жағдайлары мен талаптарына ыңғайланып өмір сүрген қауымдар болатын. Алайда сол көне дәуірлердің әсіресе археологиялық ескерткіштері тым аз зерттелгендіктен Атыраудан Аралға дейінгі ұланғайыр аралықтың тарихында ақтаңдақ беттер әлі көп. Археологиялық зерттеулердің Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдері мардымсыз болғаны белгілі. Бұл саладағы кейінгі істер, негізінен республиканың орталық және оңтүстік өңірлеріне ойысып, елдің батыс бөлігі, оның ішінде Ақтөбе аймағы назардан тыс қалды. Оның негізгі себептерінің бірі республиканың орталығы мен оңтүстігін ерекше көрсету мақсаты емес, сол аймақтар жөніндегі көне мәліметтердің әсіресе шетелдік жазба әдебиет-терде неғұрлым молырақ сақтапуынан еді. Қазақ жеріндегі тарих пен көне мәдениетті зерттеуде аталған әлгі екі өңір туралы мол мағлұматтар беретін қытай, парсы, араб жазбалары елеулі роль атқарды. Соның өзінде там-тұмдап жеткен көздерден көненің Ақтөбе жеріндегі ошақтары да ескіні танып-білудің өзіндік ерекше мысалдары бола алатындығын аңғартады. Ахеменид дәуірінің патшалары: бірінші Дарий /б.э.б.552-486 ж.ж./ және Ксеркс /б.з.б.486-465 ж.ж./ жазбалары, Ктесидің "Персия тарихында", Страбонның географиясында" казакжерінің ертедегі этностары туралы біршама құнды деректер болғанмен маңызды да нақты материалдар X ғасырдағы араб географы әрі саяхатшысы әл-Истархидің өзінен бұрынғы әл-

Балхидың неғұрлым ертедегі, бізге дейін жетпеген географиялық еңбегінің өңделген және толықтырылған нұсқасы болып табылатын "Жолдар мен мемлекеттер туралы кітабында", тағы да арабтың екі саяхатшысы Ибн Фадлан мен Әбу Дулафтың "Жазба" /Рисала/ деген туындысында баяндалған Үстірт, Жайық бойындағы қазіргі батыс облыстар жерлерін мекендеген печенегтерге, башқұрттарға және оғыздарға қатысты этнографиялық сипаттағы мәліметтер берген. Сондай-ақ араб тарихшысы, әрі географ әл-Масудидің еңбектерінде де Қазақстанның батысында болған /IX ғасырдың екінші жартысы/ тарихи оқиғалар баяндалған. Бұл жерде Қазақстан тарихының өткен-кеткенінен хабар беретін әдебиеттердің батыс аймаққа қатысы барлары ғана аталып отыр. Мұндай әдебиеттер бергі уақыттарда да отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері арқылы пайда болды. Жалайыр тайпасынан шыққан түркі тарихшысы Қадырәлі бек 1602 жылы ауызша аталып келген тарихи аңыздар мен Рашид ад-Диннің /XVI ғ./ тарихи жинағы негізінде құрастырған "Оқиғалар жинағы", Хиуа ханы Әбілғазының /XVII ғ./ "Түріктер шежіресі" мен "Түрікмендер шежіресі" кітаптарында түрік этнонимдерінің этимологиясы қамтылып, тарихи география әңгімеленеді. Ресей тарихшылары В.Н.Татищевтің, Н.М.Карамзиннің, С.М.Соловьевтің, В.Г.Василевскийдің, Н.Арис-товтың, А.Бамберидің, А.Левшин мен Н.И.Городековтың, В.В.Рад-ловтың, В.В.Бартольдтің еңбектерінде осы өңірде өмір сүрген қазақ рулары мен тайпалары туралы мәліметтер көп. Сондай-ақ А.Ю.Якубовский мен С.П.Толстовтың, С.И.Руденконың, Ә.Марғұланның, М.Қадырбаевтың, М.И.Артамоновтың, С.А.Плетневаның, Г.А.Федоров-Давыдовтың, Л.И.Гумилевтің еңбектері жалпытүркілік те, жалқы аймақтық тарихты тану мен игерудің тамаша құралдары болып табылады. Сөйтсе де осы аталған бағалы, құнды еңбек-тердің ешқайсысы да өңірдің ертедегі гоминидтер мекендеген кезеңдерінен бергі тарихи іздерін толық ашып беретіндей айқын картина жасай алмайды. Оның себебі аталған еңбектердің, зерттеулердің әлсіздігінен емес, олардың қай-қайсысы да баға жетпес құнды деректер, оның себебі өлкені ғылыми зерттеудің мақсатты жүйесі болмаған-дығында. Зерттеулерге қарағанда бұдан 1,5 -1 млн. жыл бұрын Каспий маңы ойпатының ашық кеңістіктерінде, Тұран далаларында гоминидтердің тұрақтары болған. Тас ғасырының аяғына қарай далалық - орманды далалық өңірде жылқы, қоян суытқан, құндыз, қасқыр, түлкі, аю, қабан, елік, бұлаң қарақұйрық, киік, бизон тұр секілді жабайы жануарлар көбейіп, тұрғындардың өмірінде аң аулаудың жеке әдістері жетекші маңыз алды. Осымен байланысты қоныс аудару енді аң аулау мақсатына тәуелді болды. Қазақ тарихында Ақмола облысының бір ауданы бойынша аталған "Атбасар мәдениеті" деген атау бар. Ол сол жердегі ертедегі тұрақтардың мейлінше шоғырланған жері. Оның таралған аумағы далалық өңірдегі Есіл

өзенінің аңғары мен қазақтың ұсақ шоқылы өңірінің солтүстік батыс бөлігі. Бұл мәдениет б.з.б. VII мыңжылдықтың аяғы - VI мыңжылдықтың басында Арал өңірінің, немесе шығыс Каспий маңы өңірінің тұрғындары араласуы жағдайында жергілікті мезолит тайпаларының кельтеминер және ойықты мәдениеттері негізінде қалыптасқан. Бүгінде аталған өңірде сақталып қалған іздерге қарағанда тұрғын үйлері жеңіл жердің бетіндегі сипатта болған.

Бұлар көлемі 25 шаршы метрден аспайтын дөңгелек және төрт бұрышты лашық түріндегі құрылыстар еді. Неолит дәуірінде байқала бастаған шаруашылық өзгерістері б.з.б. II мыңжылдықтың аяғында - I мыңжылдықтың басында далалық өңірдегі тұрғындардың көпшілігін мамандануға ықпал етіп, көшпелі мал шаруашылығына көшірді, енді ұзақ уақытқа арналған қоныстарда сумен жабдықтаудың жаңа әдісі құдық қазу шығады. Қола дәуіріндегі экономиканың басты басты екі бағыты болып табылатын мал шаруашылығы мен металлургияның тез дамуы өндіріс күштердің өсуіне, қоғамдық еңбек мамандануының күшеюіне, қоғамдық өмірдегі ірі өзгерістерге жеткізді, жеке отбасылар оқшауланды, отбасылық меншік кеңейді, рулық қауым ішінде мүлік теңсіздігі өсті. Қола дәуірінде Сібірдің, Жайық өңірінің, Қазақстанның және Орта Азияның ұлан-ғайыр далаларын тегі жағынан және тарихи тағдырларының ортақтығы жағынан туыс тайпалар мекендеді, өзіндік үлгідегі жарқын мәдениет қалдырды. Бірінші ескерткіштің табылған жері Ачинск маңындағы Андронов селосының атауына қарай бұл мәдениет ғылымда шартты түрде "Андронов мәдениеті" деп аталады. Оның мәдени-тарихи қауымының негізгі орталықтарының бірі - Қазақстан аумағы. Археологиялық деректер андроновтық тұрғындардың басым көпшілігі отырықшылық өмір сүргенін көрсетеді. Қоныс-мекендері кең жайылма шалғыны бар өзендердің жағаларына орналасты. Олардың жанынан әртүрлі шаруашылық жайлар мен мал қамайтын қашарлар салынды. Бұл қоныс-мекендерге мал бағу кәсібі басым малшылық егіншілік шаруашылығының кешенді сипаты тән болды. Осы тұста металдан жасалған еңбек құралдары, қарулар және сәндік заттар: ұнғысы бар, дүмі шығыңқы балталар, сағасында ойығы бар пышақтар, балға-шоттар, найзалар мен жебелердің өзгеше ұштары, біле-зіктер, айналар, моншақтар көп тарады. Тұрқы әртүрлі тас қоршаулар түрінде зираттар тұрғызды, олартікбұрышталып, дөңгелектене, сопақталып қоршалатын болды. Кейде, бұлардың орнына обалар үйілді. Сәндік заттардың андроновтық тайпалар мәдениетінен тараған ерекше түрлері: алтын жапырақшадан бір жарым қайырым бүктеліп жасалған сырғалар, бас киімге және басқа да киімге тағылатын "көзілдірік тәрізді" және "табан із" тәрізді сәнді салпыншақтар, қақтама өрнекті тағалар, шеттері өрнектеліп түйілген білезіктер болды. Өндіріс техникасының дамығандығы және қола заттар балшық ыдыстар түрлерінің әлемілігі мәдениет деңгейінің



жоғары болғандығын көрсетеді. Андронов мәдениетін, негізінен, екі кезеңге: федоровтық және Алакөл деп бөліп қарау бар. Алакөлдік кезең андроновтық тайпалардың дамыған шағы болып табылады. Ақтөбе аймағына екі кезеңдік осы мәдениеттің алакөлдігі тән делінеді.

## 1.2. «Алтын қорған»

Ер адамның көсем және жауынгер ретінде рулық қауымның басшысы болуы, патриархалдық қатынастардың орнығуы, табиғат күшін құдірет деп біліп күнге, отқа, жануарлар мен өсімдіктерге табыну қола дәуірінің құбылыстары. Андроновтық мәдениеттің Ақтөбе өңірі де жататын алакөлдік кезеңдегі көшпелі шаруашылыққа қолайлы жерлердің аздығынан құнарлы шүйгін аймақтарға бір тайпаның орнына екінші тайпа келіп, үздіксіз пайдалануда болды да замандар ағымында көп қабатты ескерткішті аймақтарға айналды. Археологиялық қазбалар осылай дейді. Ақтөбе облысы аумағын алғашқы археологиялық зерттеулер осыдан 114 жыл бұрын басталған болатын. Оны 1887-1888 ж. орыс археологі Ф.Д.Нефедов жүргізді. Оның осы жылдары атқарған істері жөніндегі есебі Мәскеуде 1899 жылы жарық көрген "Шығыс губернияларының археологиясы бойынша материалдардың" үшінші томында жарық көрді. Ф.Д.Нефедовтың баяндауы бойынша Оралдың шығыс етегіндегі алғашқы қазба жұмыстарын 1864 жылы Челя-бинск уезінде Р.Г.Игнатъев бастаған. Ал Торғай мен Орал облыстарының далалары 1884 жылға дейін археологтар үшін беймәлім болатын. Сол Ф.Д.Нефедов пен К.А.Фишердің 1884 жылы Електің сол жағасындағы Тамареткел деген жерде "алтын" қорғанды қазуынан кейін археологтар Торғай даласына мықтап назар аударды. Ф.Д.Нефедов жоғарыда айтылған есебінде облыстың қазіргі шекарасы тұсында бірнеше тарихи ескерткіштер мен археологиялық орындар барын еске салған. Олар: Ұлыборсық құмы бағытында ертеде болған Балғасын қаласының қалдықтары. Қала күйдірілген кірпіштен салынған бірер жеке ғимараттар болмаса, негізінен құм астында қалған. Осы жерге кейін 1897 жылы келген А.Матов және 1907 жылы келген И.А.Кастанье бір кездері Балғасын деп аталған мұнараның енді тек қалдықтарына ғана кезіккен. Бұл -1960 жылы жарық көрген Қазақстан археологиясы картасы кадастарында № 2024 санымен тіркелген. Орынбордан Ақтөбе бекінісіне қарай бағытталған жол бойымен 185 верст жердегі бесжұлдыз формалы қорған сипатталған. Ескерткіш Мәртөк ауданы мен Қарғалы ауданының шекарасында. Ф.Д.Нефедовтың ескертуі бойынша өте-мөте құнды олжа Қиыл-Ойыл болысының № 17 аулында мал үшін шұңқыр қазып жатқанда табылған адам мен жылқының

қаңқалары, олардың қасына қойылған күміспен, алтынмен қапталған ертұрман және өліктің аузына салынған алтын ырым зат. Ол жер Қиыл өзені сағасының оң жағындағы 9-19 верст қашықтықтағы Батпақты деген жер деп көрсетілген. 1887 және 1888 жылдары қазба жұмыстары Орынбор қаласының шығыс жағындағы Нежинск мен Нижне-Озерск елді мекендері аудандарында, Торғай облысына қарасты Илецк уезінің 4-пунктіңде және Тұзтөбеге таяу жерде жүргізілді. Елек алабындағы қазбалар Ақтөбе уезінің батыс шекарасы бойымен өзеннің сол жағалауында орналасқан. Олардың шығыс жағындағы шеткерісі - 6 қорғаны қазылған Торғай облысындағы Елек уезінің № 1 Қаратоғай болысы аулына жақын Қарабұтақ өзені маңайы.

Тұзтөбеден Ақтөбе бекінісіне қарай бағыт алған жолдың 65 верст қашықтығындағы осы жерде 500 шамасы обалары бар көлемді зират жатты. "...Алайда 1888 жылы көрі көз қариялар да естіп, білмеген үрейлі дауыл тұрып, жүзге жуық обалардан басқаларын қиратып, жермен жексен етіп кетті. Бұл ескерткіш қазіргі Сагарчин станциясының қасында, Ақтөбе облысының батыс шекарасынан 15-20 км, шамасында. Әлгі дүлей дауылдан кейін құрастырып жиналған материалдар мен сау қалған 6 обаны қазу жұмыстары әртүрлі тарихи маңызы бар аса қызықты заттық материалдар берді". Ф.Д.Нефедов "алтын" қорғаннан табылған материалдарды скиф /сак/ замандарына теліді, ал Пчельник дейтін жерде қазылған қорғаннан табылған заттарды Абдолла ханның тұсында соғылған бұхарлық монеттерге қарап X-XI ғасырларға жатқызды. Жоғарыда аталған № 1 Қаратоғай болысының ауылы қасынан қазылған обаның дауылдан құлағаннан бері қатпар қабатынан андрон мәдениетіндегі алакөл кезеңінің жерлеу рәсімі болғандығы дәлелденді. Мұнда зиратқа өлікпен бірге ішінде өсімдіктен жасалған тағамы бар өрнекті құмыра, әйелдердің мыс қаңылтырға оралған күміс пен алтынды сырғасы мен салпыншақ жүзік түріндегі әшекейлері қойылған. Олардың жасы б.з.б. екінші мың жылдықтың үшінші ширегі, яғни андрон мәдениетінің алакөл кезеңі. Осы қорымда әйелдердің одан кейінірек замандардағы да әшекей, сәндік заттары кезікті. Ол мысалы, қоладан құйылған шағын айнаның сынықтары, сырғалар. Мұндай айналар XII-XIII ғасырларға, сырғалар VIII-XIV ғасырларға тәк Археологтың есебінде Мертвецов поселкасы мен Елек қорғанының арасында бір-бірінен 3 верст қашықтықта 2 бекініс бары баяндалады. Олар ішінде шөп өсіп кеткендіктен адамның тұрағы ретінде із-белгі қалмаған, биіктігі 2 аршынға дейін жеткен /1,4 м/ төрт бұрышты топырақты жалдар. Кейінірек, дәл осындай бекіністі топограф Баннов әлгінің шығыс жағынан қазіргі Родниковка селосы қасынан кезіктірген. Зерттеулер көрсеткендей, Төрткүл, Төртбұрыш, немесе Қора деп атала-тын мұндай құрылыстар қазақ халқының монғол шапқыншылығына дейінгі отырықшылық кезеңін бейнелейтін IX-XIII ғасыры екендігі

айтылады. Алматы қаласынан, ғылым академиясы баспасынан, 1960 жылы жарық көрген "Қазақстанды археологиялық зерттеу" деген очеркте мынадай жолдар бар: "XIX ғасырдың 90 жылдары аяғында көне дәуірлерді зерттеуге деген қызығушылық пен археологияда өлке тануға деген ынталылардың көбеюі арқылы археологиялық ескерткіштерді есепке алу мен оларды бастапқы зерттеуді жүзеге асыратын ғылым пайда бола бастады". Біздің облыста осымен байланысты қызметтер, жоғарыда айтылғандай, Ф.Д.Нефедовтың Елек өзенінің төменгі ағысындағы Тамды - Төрткүл елді мекенінен тапқан "Алтын" қорды қазуымен жанданды. Оның алтын бұйымдары, әйнек моншақтар, қола жебелер, құйылып жасалған айналар, ат әбзелдеріндегі қаңылтырлар және басқалары скиф-сармат көшпенділерінің ілкі кезеңдеріне тән болып табылады. Осы шамадан бастап Оңтүстік Оралдың көне қорымдарын қазу ісіне тіптен православие шіркеуінің священниктері Александр Инфантьев әкей мен Илья Инфантьев әкей де кірісіп, қазба жұмыстарын бәсекеге айналдырған. Осы секілді өз қызметін XIX ғасырдың 90 жылдары бастаған ерікті қоғам Орынбор ғылыми археология комиссиясы /бұдан былай ОҒАК деп жазылады/ болды. Ақтөбе облысы жеріндегі археологиялық ескерткіштердің есебін алу және ОҒАК протоколдары мен хабарламаларын тіркеу 1904 жылы осы комиссияның ғылыми хатшысы А.В.Поповтың инициативасымен басталды. Осы адам, орынборлық дәрігер Александр Владимирович Попов, архив комиссиясына мүше бола отырып, бір уақыттары аталған комиссияның хатшысы, тіптен төрағасы бола жүріп, көне дәуір ескерткіштерін есепке алу қызметін бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін жалғастырды. Бұл жұмыстарды барынша тездетіп мұқият жүргізіп және оған еңбек етіп жүрген интеллигенцияны қатыстыру мақсатында ол 1904 жылдың мамыр айында топография партиясының Торғай үйінде: "Торғай және Орал облысының археологиясына қатысты бірер сөз" деген тақырыпта баяндама жасады. Ал сол 1904 жылдың соңына таман архив комиссиясы кезекті отырысының № 14 хаттамасына қосымшада топографтар тапқан ескерткіштер туралы мәліметтерді тіркеді. Олардың арасында ерекше маңыздылары: С.П.Банновтың Ақтөбе қаласының солтүстігі жағындағы 40 верстік жердегі үйінді обалар мен олардың батысжағындағы 4 және 7 верст жердегі екі қорым жөніндегі хабары; М.И.Седельниковтың Жаксықарғалы өзені жағасындағы Қызылтам бейіті /қазіргі Қарғалы су тоғаны/, Қобда болысының Қарағанды-Қобыландық дейтін жеріндегі Темпек; топограф В.В.Карлсонның Қобыланды ауылы маңынан нұсқаған қираған мавзолей мен кірпіш қалдықтары бар төбе туралы хабары мен тағы да осы адам айтқандай, периметрі жарты верстік, таспен қаланған таға тәрізді ескерткіш. Осы жұмыстардан кейін архив комиссиясының хабарлары бойынша археологиялық ескерткіштер жүйелі түрде тіркеліп отырды. Оның соңғы

мәліметтерінің бірі - ОҒАҚ жинақтарының 1913 жылғы XXIX басылымының 224-225 беттерінде Ақтөбе уезінің солтүстік шығысындағы Тоқмансай, Естемес және Қамсақты болыстарынан материал берілген. Осы материалдың ішінде геолог Пригоровскийдің қазіргі Мұғалжар ст. солтүстігіндегі және солтүстік шығысындағы екі ескерткіш: көне зират пен "Тас адам" балбалы туралы әңгіме бар. Ақтөбе облысындағы, төңкеріске дейінгі, қазба жұмыстарды аталған комиссияның тағы бір мүшесі гимназия оқытушысы И.А.Кастанье жүргізді. Ол жазғы каникул күндерінде Қарғалы өзенінің алабында 1904,1906 және 1909 жылдары шағын далалық жұмыстарды атқарды. Атап айтқанда, 1904 жылы жақсы Қарғалы өзенінің оң жағынан 3 верст жердегі Шилі карст үңгірін осы маңдағы карст апанындағы үш бейітті зерттеп, Ащысай обасын қазды. Жақсы Қарғалының жиегіндегі шикі және күйдірілген кірпіштен тұрғызылған кесенені зерттеді. Ал 1906 жылы ол тағы да төрт жерден 6 обаны, 1909 жылы Жаманқарғалы зиратының солтүстік ең үлкен обасын қазды. Ақтөбе жерін төңкеріске дейін зерттеу ісі осымен аяқталды. Бірақ ол мұнымен мүлдем доғарылған жоқ. Кеңес өкіметі жылдарында ойдағыдай қарқын алмағанымен ара-тұра болса да бірқатар нәтижелі зерттеулер көрінді. Ол зерттеулер, негізінен, Ақтөбе қаласы маңайы мен Тасты-бұтақта жүргізіліп, өңірдің қола дәуіріндегі тұрмыс-тіршілігінен хабар берді. Бұл өңірде ағаштың болмауы, не аздығы себепті, мысалы Тастыбұтақ қонысындағы үйлердің кейбір ерекшеліктері бары аңғарылды. Мұнда осы себепті тіреуіш құрылыстар аз пайдаланылып, оның есесіне тас кеңінен қолданылған. Тастан ішкі қабырғалар қаланды, жерошақтар да таспен қаланды, әртүрлі шаруашылық қажеттеріне тас қорымдар жасалды. Тұрғын үйлерде қабырғалары сексеуілмен шегенделген құдықтар болды. Тұрғын үйдің немесе оның әрбір бөлігінің неге арналғандығы, үйлердің орналасуы, ошақтардың шаруашылық ұра-ларының саны мен орны дәлме-дәл белгіленген. Металл қорыту, құрал жасау ісі арнаулы орындарда жүргізілді. Кейбір үйлер қоғамдық жиындар өткізуге, табыну гұрыптарын атқаруға арналды. Тастыбұтақ-І қорымының бетіндегі құрылыстар дөңгелек, сопақ, қисық қаланған тас қоршаулар болып келеді. Бұл қоршаулар тігінен қазылып орнатылған тастардан кейде ешқандай да байланыс-тыратын материалдарсыз жай қаланған тастардан жасалған. Археология ғылымы кейінгі қола дәуіріндегі оңтүстік Орал маңын сол кезеңнің орасан зор құрылымдары қима және андрондық түзілімдердің шекарасы деп есептейді.

## II-тарау. Қима және андрон мәдениетінің шекарасы

### 2.1. Сармат мәдениетінің пайда болуы

Бұл сол қима және андрондық дәстүрлердің араласуымен сипатталатын ерекше ескерткіштер топтарының қалыптасуынан кәрінеді. Бірақ бұл реттегі мақсатты зерттеулер, негізінен Орынбор мен Башкирия жерлерінде ғана жүргізіліп, Ақтөбе төңірегі ұзақ уақыт сырт қалды. Археологиялық қазбалар көп реттерде, тек жекелеген бейіттерді қазу істерімен шектеліп келді. Осы себепті мұндағы алақөлдік және қималық тұрғындардың өзара қатынасының сипаты әліге толық айқын емес. Кейінгі қола дәуіріндегі аймақ тұрғындарының шаруашылық қызметтерімен байланысты мәселелерінде де даулы тұстар баршылық. Бұл жағынан келгенде ақтөбелік геологтар Р.А.Сегедин мен С.Г.Грешнердің әр жылдары Ақтөбе облысында геологиялық барлау жұмыстарын жүргізген кездері қола дәуірінің қоныстары мен кен орындарынан алған материалдары біршама айғақты мәліметтер береді. Геологтер кезіккен қола дәуірлік Сарымырза қонысының орны Хромтау ауд. Сухановка елді мекенінің солт. батысында, Сарымырза өзенінің сол жағалауында. Осы және Мұғалжар ауд. Еңбекші ауыл оңтүстік шығысында 8 км. Тікбұтақ /Ор. өз. оң жақ саласы/ өзені бойында палеогей жыныстарынан түзілген жерден табылған қыш бұйымдар қалдықтары кезінде әртүрлі түстер беріліп жасалғандығын аңғартады. Осылар секілді Ұлыталдық I, Ұлыталдық II, Сырлыбай кеніші, Ақтоғай, Шуылдақ, Шохыр, Құркұдық кеніштерін қазу мен қыш бұйымдар қалдықтарын зерттеудің барысы да андрондықтар мен қималықтардың шаруасы мен тұрмысынан, тіршілік етуінің ерекшеліктерінен, алақөлдіктердің өзімен шектес жерлердегі мәдени құрылымдарымен қатынастарынан хабар береді. Өлке тарихын археологиялық жағынан зерттеуге елеулі үлес қосып жүрген ақтөбелік тарихшы С.Ю.Гуцалов "Савромат мәдениетінің" пайда болуына байланысты кейбір даулы тақырыптарды анықтау жұмыстарымен айналысып келеді. Ақтөбе университет. ол басқарған арх. экспедициясы сол дәуірге жататын бірқатар жерленген орындарды тауып, зерттеді, эксп. тапқан кезіккен бейіттердің топографиясы ұқсас келуімен ерекшеленеді олар өзен жайылмасының суайрықтарындағы қияларында орналасқан. Мұндай зерттеулерді тарихшы Елек өзені бассейні төңірегінде жүргізе отырып, Жаман Қарғалы I, Шығыс Құрайлы I, Целинный I бейіттерінің савроматтар кезеңіне жататындығын олардағы жерлеу рәсімі, материалдық, салт-дәстүрлік белгілер арқылы дәлелдейді. Экспедиция зерттеуіндегі ортағасырлық жерлеуді талдаудың қорытындылары да өлке тарихын тануға септігін тигізді. Бұл Сарықобда өз. оң жағалауындағы /Алға ауд./ Болгарка

1,11 обаларын, Талдық өз. сол жағалауындағы Атра-II бейітін, Орқаш-I бейітіндегі № 15 обаны зерттеулермен байланысты болды. Осы соңғы объектіден шыққан сым сырға Солүстік, Орталық Қазақстан мен Орта Азиядағы УІІ-УІІІ ғ.ғ. тән түркілік ескерткіштерге ұқсас келеді.

## 2.2. Көшпелі мәдениет – экономиканың ерекше түрі

Жалпы алғанда, бұл жерлеулерде аталған кезеңнің дәстүрінде VIII ғ. Х ғ. дейінгі түрлердің өте кең хронологиялық ауқымының сипаттары мен заттары жиі кездеседі. Мысалы, атпалық жерлеудің орқаштыққа ұқсастығын айыру қиын емес. Мұндағы бұйымдар түрлерінің де Евразия даласының ортағасырлық көне мүліктерінен бөлектігі жоқ. Жоғарыда баяндалған археологиялық жұмыстар сипаты мен сапасына қарай тек адамдар тарихының әртүрлі кезеңдерін анықтап қоймайды, сонымен бірге әр кезеңдегі әртүрлі мәдениеттің түрлерінен мағлұмат береді. Олай болса, Ақтөбе өңірі де "жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен", яғни неше алуан ұлыстар мен тайпалардың кезектесіп келіп, кезектесіп көшкен аймағы. Біздің далаларымызда алғашқы көшпенділердің пайда болуы, жоғарыдағы археологиялық зерттеулерден айқындалғандай, б.з.б. II мың жылдықпен I-мың жылдықтың аралығы. Б.з.б. I-мың жылдықтың ортасына таман көшпелі мал шаруашылығын бақташылық алмастырды. Сөйтіп Европа мен Азияның орманды далалары үш мың жыл бойы көшпеліліктің бесігі болып тербелді. Этнографтар көшпелілікті сол көшке малмен бірге тұрғындардың көпшілігі, немесе басым бөлігі еріп жүріп, жыл бойы бағып шығатын экстенсивті мал шаруашылығы деп есептейді. Бұл сипат сол замандардың экономикасына сәйкес келеді, алайда көшпелілік тек экономиканың ерекше түрі ғана емес, ол сонымен бірге сол қауымдарға ғана тән ерекше өмір салты, материалдық және рухани мәдениет, діни наным-сенімдер, қоғамдық құрылыс және саяси тарих. Біздің өлкемізді мекендеген савромат бірлестігінің бірі - аорс тайпасын б.з.б. II -ғасырдағы грек-рим жазушылары Оңтүстік Жайық өңірінен және Қазақстан жерінің шектес солтүстік-батыс аймақтарынан шыққан болуы керек деп есептейді. Мұндай қорытынды Жайық-Елек өзендері аралығы мен Еділ-Дон арасындағы ескерткіштер тобының тығыз этникалық-мәдени байланыстарын көрсететін археологиялық деректерімен сәйкес келеді. Геродоттың баяндауына қарағанда, исседондар да Орталық Қазақстан далаларында, немесе Оңтүстік Жайық өзені мен осы Ақтөбе маңы аймақтарында тіршілік еткен деп топшылауға болады. Батыстың савромат тайпалары Қара теңіз скифтерімен көрші болып, олармен сауда-саттық жасады, соғыс одағын құрды, немесе қарулы қақтығыстарға түсіп жүрді. Олар өз тағдырын өте ертеде, Ахеменид

заманына дейін Үлкен Хорезм және Бактрия патшалығы сияқты мемлекеттік құрылым-дармен байланыстырды. Ал оның бергі жағында қола дәуіріндегі Орынбор далалары мен Арал өңірі тұрғындарының арасындағы белсенді байланыстар, андрон мәдениетінің Батыс Қазақстан нұсқасының Орталық Қазақстан, немесе Солтүстік Қазақстан нұсқасынан айырмашылығы, қималық «компоненттің Жайық өңірі савроматтары мен Оңтүстік Арал өңірі сактарының мәдениеттерінде ұқсастығы болды. Олар, ескерткіштердің сипатына қарағанда, Жайық, Елек, Жем, Сағыз, Ойыл секілді өзендер бойларында шоғырланғандығы байқалады.

## **III Тарау. Кең дала төсінде - Түрік қағанаты**

### **3.1. Оғыз мемлекетінің өсуі**

Уақыт - өз дегенін істейді. Тарих сахнасынан Савромат-сарматтар да кетіп, б.з. II-V-ғ.ғ. халықтардың ұлы қоныс аударуы жүріп тұр бірлестігі дәуірлеген еді. Уақыт оның да түбіне жетіп, VI ғасырда жалпақ далаға әйгілі Түркі қағанатын әкелді. Кезінде Алтайдан Қара теңізге дейінгі аралықты еркін меңгерген қуатты, гүлденген "Түркі елі" атауымен төрткүл дүниені таңқалдырған бұл қағанат екі ғасырдан кейін қашан да, қайда да барлық жұрттың түбіне жеткеніштегі берекесіздіктен 756 жылы түркі тілді қарлұқ тайпасының соққысынан құлады. Бұл шамада кейін елеулі әскери және саяси күшке айналып ілкіде қанғар, сонынан печенег атауымен мәлім болған, алайда IX-ғасырдың соңында оғыздардан жеңілген жұрт қалыптасып келе жатқан еді. Оғыздар сол жеңістерінен кейін Жайық және Еділ өзендерінің аралығына ие болып, қанатын Сырдың төменгі ағысына дейін жайды. 956 жылы Хазария жеңілгенге дейін оғыздар хазар қағандарымен ұзақ уақыт күрес жүргізді. Оғыздардың хазарлармен қантөгіс шайқастары, сірә, Маңғыстауға батыс жағынан іргелесетін далаларда өткен болса керек. Хазар қағанатының талқандалуы оғыз державасының саяси қуаты өсуіне себепші болды. Алайда кейін алым-салықтардың жыртықшылықпен жиналуына наразы болған оғыз тайпаларының көтерілістері жиілеп, мемлекет X-XI ғасырларда құлдырай бастады. Оғыздар кең-байтақ жерді мекендеді. Шығыста олардың кейбір топтары Балқаш көлінің оңтүстік жағасына дейін жеткен, тайпалары X ғасырда Ырғыз бойында, Мұғалжар тауының баурайында, Жем, Жайық бойында, Аралсор, Ойыл жағалауларында көшіп жүрген. Мұғалжар жотасы төңірегінде оғыздардың Нуджақ және Балағак деген қамалдары, Мұғалжардың солтүстік-шығыс беткейлері мен Оңтүстік Орал сілемдері арасында Даранда /Дендара/ және Дарку деген шағын бекіністері болған.

Соңғысы оғыз "патшасының" жазғы ордасы болған секілді, онда үнемі сауда жасайтын, қолөнермен айналысатын адамдар тұрған. Бұл кезде күні кеше ішкі алауыздықтан күйреген Батыс түркі қағанатының орнында көшпелі және жартылай көшпелі түркі тілдес тайпалар қазіргі Қазақстан аумағында күдіретті үш мемлекет құрды. Жетісуда - Қарлұқ этникалық-әлеуметтік бірлестігі; Шығыс және Орталық Қазақстанда - Кимек қағанаты; Сырдарияның орта және төменгі ағысы мен Арал сырты далаларында - Оғыз державасы. Қазақ, қырғыз, татар, башқұрт, түрікмен, өзбек, қарақалпақ этностарының қалыптасуында компоненттердің бірі болып қатысқан оғыздар қыпшақ тайпаларының соққыларынан құлап, олардың талқандалған қалдықтары XI ғасырда Дешті қыпшақтың түркі тайпаларына сіңісіп кетті. Ал осыдан бір ғасыр бұрын бір кездері далалық Алтай, таулы Алтай және Ертіс өңірлерін мекендеген кимектер, қыпшақтар және құмандар батысқа тереңдеп енген еді. Әл-Идрисидің "Сурат әл-ард" картасында Орал тауын бейнелейтін Аскасия тауларының оңтүстік-шығыс жағында онша қашық емес жерде Тағур таулары көрсетілген, құмандар елінің орталығы мен астанасы Кумания сонда орналасқан. Нақты географиялық схемаға сәйкес, Тағурды Мұғалжар тауымен салыстыруға болады. Орта ғасырлардағы шығармалардың тексіне қарағанда, Мұғалжар құмандар қоныстанған негізгі аймақ болып табылады. Құмандар қимақ-қыпшақ бірлестігінің батысындағы тармағы. Тарихшы әл-Масудидің /X ғ./ атап өткеніндей, кимек және оғыз тайпаларының қыстаулары мен жайлаулары Жем және Жайық өзендерінің бойына орналасқан. XI ғасырда бұрынғы кимек, қыпшақ және құман тайпалары қоныстанған аумақта әскери-саяси үстемдік қыпшақ хандарының қолына көшіп, ғасырдың екінші жартысында бұрынғы "Оғыздар даласы" деген атаудың орнына "Қыпшақтар даласы" /'Дешті Қыпшақ' атауы келді.

## XVIII ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ

1731 жылы Кіші жүздің Ресей мемлекетінің қарамағына қосылуы тарих, жағрапия, халықтану, т.б. ғалымдарының қазақ даласына назарын аударды. Өңірімізді тұңғыш зерттеушісі - Петр Иванович Рычков. Ол - XVII ғасырдың белгілі оқымыстысы, Ресей ғылым академиясының корреспондент мүшесі, тамаша тарихшы, жағрапияшы. Орынбор губерниясы туралы жазған «Топография» кітабы тек қана Ресей халқын емес, өзге елдің де халықтарын қызықтырды. Кітап тұңғыш рет өз оқушыларын Еділден, Арал теңізіне дейінгі аралықтағы тамаша табиғатпен, осы өлкеде тұратын халықтардың тұрмысымен жан-жақты таныстырады. Өйткені, кітап авторы бұл өлкеде 20 жылдай өмір сүрген адам еді. П.И. Рычков Орынбор губерниясын жаза



отырып, Ақтөбе облысын да, оның ішінде, Мәртөк жерін де қамтыды. Ол Жайықтың арғы бетіндегі таулар мен өзендерді, құмдар мен келдерді, кен даланы тамаша суреттей отырып, табиғат байлығын тілге тиек етті.

Мұнан кейінгі зерттеуді 1820 жылы Сыртқы істер министрлігінің шенеунігі А.Ф.Неру жалғастырды. (Оның қарамағында бас штаб қызметкері В. Вольховский болды). Оның алғашқы бағыты Орынбордан Мұғалжар тауына жету көзделді. Жолаушылар біздің өлкеден көп көлемде белемнитилармия, аммониттерді, өлген малоскалардың бастарын, акулалардың тістерін, Жіңішке өзенінің бойынынан отынға жарайтын тас көмір кездестірді. Ақтөбе өңірінде күтіп отырған Арынгазы жолаушыларды Бестамақ арқылы Мұғалжарға дейін жеткізіп тастауға көмектесті. Зерттеушілерді Елек өзені, өзеннің екі жақ бетіне орналасқан мал шаруашылығымен айналысқан ел қызықтырады. В.И.Даль қатты аяз, ысқырған жел және қалың қардың бетімен тура жүріп тарихи-этнографиялық, фольклорлық материалдар жинады. Б.Юзефич 1880 жылы Хазірет ауылынан кірпіш үйлер, 3 екі қабатты үйлердің болғанын, Хазірет Байгариннің мектептер салғанын, кейін бұған өзге қазақтардың қосылып, олардың 4-еуі кірпіштен, 6-уы ағаш үйлер салғанын жазады. Б. Юзефичтің бұл ауылда болған уақытында 33 отбасы өмір сүргенін баяндайды. Орынбордан шығып Елек өзені бойымен Мәртөктің үстімен Бестамақ арқылы Эмбаға жеткен А.Ф.Можайский де әуеде ұшу жолдарының заңдарын тауып, 1873 жылы оны іске асыруға кіріседі.

Аудан тарихы әдейі зерттелмеген, бірақ Ақтөбе облысының аумағында алғашқы археологиялық зерттеулер жүрген кезде, археологтар, геологтар қазба, бұрғылау жұмыстарын жүргізген. Табылған материалдар кезінде республикалық көлемде жарияланған. Ал орыс археологі Ф. Нефедов 1887-1888 ж.ж. зерттеу жүргізіп, өзінің Мәскеуде жасаған есебінде, Ақтөбе облысындағы (Мәртөк осы облыстың батыс бөлігіне жатады). Електің сол жағасындағы Тамараткел деген жерден «алтын» қорғанды қазуынан кейін, облыстың қазіргі шекарасы тұсында бірнеше тарихи ескерткіштер мен археологиялық орындардың барын баяндайды. Археологиялық жұмысты ХІХ. 90 жылдары Орынборды ғылыми-археологиялық комиссиясы жалғастырады. 1904 жылдың аяғына таман комиссия (№14 хаттама) Қазақстаннан тапқан жаңа ескерткіштерді тіркеді. Соның бірі – С.П.Банковтың Ақтөбе айналасынан тапқан үйінді обалар мен екі қорым. Өлке тарихын археологиялық жағынан зерттеуге елеулі үлес қосқан ақтөбелік тарихшы С.П.Гуцалов. 1988 жылы Ақтөбе университетіндегі ол басқарған арх. экспедиция Қазақстанның жерінен археологиялық іздеу жүргізген. Ол іздеулер Тәңірберген, Ақсу, Елек өзендерінің бойынан Саржан сай, Кеңсахара, Құмсай, Мәртөк, Жайсаң ауылдары маңындағы қорғандардан

іздеу жүргізген. «Савромат мәдениетінің» пайда болуын анықтаумен айналысты. Олар бірқатар жерленген орындарды тауып, зерттеді. Мұндай зерттеулерді тарихшы Елек өзені бассейні төңірегінде жүргізе отырып, Жаман Қарғалы, Шығыс Құрайлы, Целинный бейіттерінің савроматтар кезеңіне жататындығын, олардағы жерлеу рәсімі, материалдық, салт-дәстүрлік белгілер арқылы дәлелдеді.

Олар: Ұлыборсық құмы бағытында ертеде болған Балғасын қаласының қалдықтары, қаланың күйген кірпіштен салынғаны және оның құм астында қалғаны туралы баяндайды. Кейінгі зерттеушілер А. Матов пен И. Кастьянью Балғасын мұнарасының қалдықтарына кезігеді. Ал 1960 жылы Қазақстан археологиясында Орынбордан Ақтөбе бекінісіне қарай бағытталған жол бойындағы 185 верст жерде бес жұлдыз формалы қорғанның болғаны сипатталады. Ескерткіш Мәртөк пен Қарғалы ауданының шекарасында, Нефедовтың өте құнды Олжа-Қиыл-Ойыл болысының 17-аулында мал үшін қазылған шұңқырдан адам мен жылқының қаңқалары, күміспен қапталған ертұрман, өліктің аузына салынған алтын ырым заттар болады. Ол жер Қиыл (бұрынғы Мәртөк жері) өзені жағасының оң жағасындағы 9-19 верст қашықтықтағы Бекбақшы жер деп көрсетілген. 1887-1888 ж.ж. қазба жұмыстары Елецк уезінің 4-пунктіндегі және Тұзтөбеге таяу жүргізілген Елек алқабындағы қазбалар, Ақтөбе уезінің батыс шекарасы бойымен Елек өзенінің сол жағында орналасқан. Олардың шығыс жағындағы шеткерісі - 6 қорғаны қазылған. Ол Елек уезінің Қараторғай болысы ауылына жақын Қарабұтақ өзені маңайы. Тұзтөбеден Мәртөкке қарай бағыт алған жолдың 65 верст қашықтығындағы осы жерде 500 шамасы обалары бар көлемді зират жатты. Алайда, 1888 ж. адам естіп, білмеген керемет дауыл тұрып, обалардың 400 дейін қиратып, жермен жексен еткен. Бұл ескерткіш Жайсаңға жақын қазіргі Шегірін стансасының маңы. Сау қалған 6 обаны қазу жұмыстары және сұрастыру тарихи маңызы бар аса қызықты заттық материалдар берді. Ф.Нефедов «алтын» қорғанның табылған материалды скиф (сақ) заманына теліді. Пчельник деген жерден қазылған қорғаннан табылған заттарды Абдолла ханның тұсында соғылған бұқарлық мәліметтерге қарап X-XI ғ.ғ. жатқызады. Қараторғай болысының ауылы қасынан қазылған обаның дауылдан құлаған бірқатар қабаттан, андрон мәдениетіндегі алакөл кезеңінің жерлеу рәсімі болғандығын дәлелдейді. Мұнда зиратқа өлікпен бірге, ішінде өсімдіктен жасалған тағамы бар өрнекті құмыра, әйелдердің мыс қаңылтырға оралған күміс пен алтын сырғасы, салпаншақ жүзік түріндегі әшекейлері қойылған. Олардың жасы б.з.б. 2 мыңжылдықтың 3-ші ширегі. Яғни андрон мәдениетінің алакөл кезеңі. Осы қорымда әйелдердің одан кейінірек замандардағы да әшекей, сәндік заттары кезікті. Ол – қоладан құйылған шағын айнаның сынықтары. Бесоба қорымы зерттеген қазақстандық

археологтар - М.Қыдырбаев, Ж.Құрманқұлов. Қорым Хлебодар аул. оңт-батысқа қарай 3,5 км. (1973,74,76) үйілген 12 обаған тұрады, диаметр-16-48 м, биіктігі 03-3м. Үйінді астында балшықтан, ағаштан салынған төртбұрышты және дөңгелек қабір болған, іші тегістеліп салынған. Шалқасынан, басы батысқа қарай жерленген. Әрбір қабір ішінде 1-4 адам қаңқасы бар. Қасында аттың жүтені, аң бейнесі салынған тағалар т.б. киім әшекейлері, қорамсақ, қыш ыдыс, сақина, сырға, моншақ беделді әскербасы - (9-оба) үлкен обаға, абыз әйел-(3 оба) диам-6 м, тереңдігі-0,6 м шұңқыр. Әскер бастығы қорамсақта 94 жедел ұшу, белінде балдағы алтынмен қапталған темір ақинақ, асатсыз, алтын алқа. Әйелде (абыз) алтын моншақ, алқа, киімнің өңірінде жарты шар пішінді тапсырмалар.

2-ші мыңжылдықтың 3-шірегі, яғни андрон мәдениетінің алақол кезеңі. Осы қорымда әйелдердің одан кейінірек замандардағы да әшекей, сәнді заттары кезікті. Ол, мысалы, қолдан құйылған шағын айна сынықтары, сырғалар. Мұндай айналар XII-XIII ғ.ғ., сырғалар VII-XIV ғ.ғ. тән. Археологтың есебінде Мертвецов поселкасы мен Елек қорғанының арасындағы бір-бірінен 3 верст қашықтықта, екі бекінісі бары баяндалды. Биіктігі 2 аршыңға жеткен төртбұрышты топырақты жолдар бар. Осындай бекіністі топограф Баннов. әлгінің шығыс жағынан қазіргі Родников селосы қасынан кезіктірген. Аудан жерінде жергілікті халықтардың ерте заманнан келе жатқаны Байторысай ауылының шығыс жағында 7-8 км. Жерде жатқан Қарамола қорғанынан табылған адам скелеттері мен тұрмыс заттары да аудан жерінде мұнан бірнеше ғасыр бұрын адамдардың өмір сүргендігін дәлелдейді.

Ф.Нефедовтың Елек өзеніндегі төменгі ағысындағы Тамды-Төрткөл елді мекенінен тапқан «Алтын» қорды қазумен жанданды. Оның алтын бұйымдары, әйнек моншақтар, қола жебелер, құйылып жасаған айналар т.б. Скиф-сармат көшпенділерінің ілкі кезеңдеріне тән болып табылады. Жоғарыда баяндалған археологиялық материалдардың сыр-сипаты Мәртөк жеріндегі адамдар тарихын баяндап қоймайды, сонымен бірге тіршілік қамын, мәдениетінен де хабар береді. Жайық маңындағы савроматтар мен Арал сақтарының мәдениеттері бір-біріне ұқсас екендігін баяндайды. Дегенмен тарих сахнасынан савроматтар-сарматтар кетіп, ғұндар келді. Бұлардың орынын түркі қағанаты басты. Мұны оғыздар алмастырды. «Оғыздар даласы» атауының орнына «Қыпшақтар даласы» келді. Сөйтіп тарихқа бәрін өзгертіп отырды. Кіші жүзге біресе қалмақ, біресе башқұрттар тиісті. Әбілқайыр бәрін қорғап қалды.

Тек қана Ресей патшасының 1898 жылы Торғай облысының картасына түсініктеме берген бөлімінде жергілікті халықтардың басым көпшілігі XIX ғасырдың бас жағында алты үш жүз бұрын Батыс Қазақстан жағына көшіп

келгендерді байндайды. Хабарламада жергілікті халықтың негізінен Тама, Табын руларынан тұратын ел басқарып отырған Табын руларынан тұратын көрнекті адамдардың аты-жөнін бере отырып, сол жылдары өткізілген. Санақтың мәліметіне сүйенсе ауылдағы адамдар санына, түліктердің көлеміне талдау жасап береді. Ал әкімшілік ауылдардың аттарын нөмірлеп, отбасы санын көрсеткен.

Мортық аумағы-қазақ елінің, қазақ жерінің-Қаратөгі ай болысының бөлігі. Алғашқы заманда бұл жердің беті терістікке жақын, өзен-сулары мол болған. Осыған орай ауа-райы ылғалды, өзендердің айналасы шүйгін шөпке, шұрайлы жайылымдарға мол болды. Өсімдіктердің көп болуы, жан-жануарлардың өсіп-өнуіне қолайлы жағдайлар жасап отырды.

Ежелгі адамдар пайдаланған тас-құралдары адамдардың, жануарлардан бөліне бастауының алғашқы қадамы және хайуанаттарды қолға үйрете бастауы деп аталатын дәуірге жатады. Одан кейінгі қола дәуірі адамдар өміріне үлкен өзгерістер әкелді. Әрбір отбасы өзінің тұрмысына керекті заттарды жасайтын дәрежеге жетті. Тоқу, тігуді, қару-жарақ жасауды үйренді, тұрмыста пайдаланатын болды. Күрделі заттарды шығару адамдардың топтасуына итермеледі, ал топтасу туыстық жағын сақтап отырды. Кейіннен ол ру деп аталды, әрқайсысының тұрағы болды және олар бір-бірімен іргелесе орналасты. Еңбек ету тәсілі барған сайын күрделене түсті. Енді егін егіп, мал бағуға көшу үшін, бірнеше рудың бірігуі қажеттілігі туды. Осыдан барып тайпа шықты. Кейіннен тайпа одақтары құрылды.

Төрт түлік малын бағып, кең далада еркін-еркін көшіп жүрген қонақжай, ақпейіл, жомарт, бейбіт қазақ халқына көршілес елдер көз аларта бастады. Шыңғыс хан бастаған монғолдар 1218ж. шапқыншылық жорыққа шықты. Олар Жетісудан бастап, Сырдарияға дейінгі жерлерді басып алды. Елдің өзара байланысын үзіп, шаруашылығын қиратты. Қазақ жері 3-ке бөлініп, Шыңғыс ханның 3 баласының билігіне көшті.

Тек қана 14-15 ғ.ғ. қазақ халқының шаруашылығы дұрыстала бастады. Егін шаруашылығы өрістеп, мал шаруашылығы дамыды. Тайпалар мен рулар арасындағы байланыс жақсарып, хандық құруға жол ашылды. Ол қазақ жерінде 15ғ.60ж. басталды. Мұның негізін қалаған Жәнібек пен Керей болды. Келешекте бір ғана ханға бағыну үшін рулар жүздерге бірікті. Еділ, Жайық бойын жағалаған Жетіру, Алты ата Әлім, Он екі ата Байұлы және Алшын Кіші жүзге кірді. Халық ақсақалы Асан қайғы ру белгісі етіп таңба үлестірді.

Орта ғасыр дәуірінде Ресейдің одан әрі дамуы үшін жаңа сауда жолдары, шикізат өндіру, тауар өткізу орындары қажет болды. Сондықтан Ресей патшасы жаңа жерлерді өзіне қосып ала отырып, жер аумағын кеңейтіп, қосылған халықтардың салығының есебінен мемлекет қоржынын

толықтыру үшін, отарлау саясатын 18ғ. бас жағынан-ақ кіші жүз халқынан бастады. Бұл өңірде, Електе, Ақтөбеде бекеттер салып, казак әскерлерін орналастырды. Елек, Жайық жағасына, Орынбор аймағына орналасқан казактарға шұрайлы жерлер бөлініп, негізгі халық өкілдерін құнарсыз жерлерге қарай ығыстыра бастады.

Орыс әскерлері казак жерлерін соғыссыз-ақ, ал жоңғарлар жайылымдарды, су көздерін соғыспен басып ала бастады. Ең күшті 150 жылға созылған жоңғар (ойраттар, қалмақтар) жорықтары болды. Еділ қалмақтары мен Жайық казактарының, башқұрттардың шабуылдарынан ұлыстар қиратылып, малдар айдап әкетіліп, бала-шағалар тұтқынға алынды. Оның үстіне кей жылдардағы қатаң қыс халықтың берекесін кетіріп отырды.

1723 жылы жоңғарлардың аяусыз, қатты соққысы тек Батыс Қазақстан халқына ғана емес, бүкіл казак елін босатып жіберді. Ұлы, Орта жүз Сыр өзеніне, кіші жүз халқы Арал теңізінің оңтүстік өңіріне қарай шұбырды. Өз мекендерінен ығысқан казактар қайткен жағдайда болмасын Ресей мемлекетінің әскери бекеттерінің маңына жақын орналасуға тырысты.

Жайсаң мен Шегірінші ауылының арасындағы әскери лагерьдің айналасына орналасқан XVI ғ. басында көшіп келген 239 отбасы бар. Елек болысының 2-ші әкімшілік ауылын құраған ірілі-уақты 14 ауыл орындарынан мызғымастан соғыс кезінде аман қалды. Патша үкіметі өзі де әлі казак даласына бекініп те үлгерген жоқ еді, оның үстіне казак жүздерімен шарттасып та болған жоқ болатын-ды. Мұндай жағдайда казак халқының бірлігі қажет болды. Оны казактың Бөгенбай, Тама Есет (1667-1749), Қабанбай т.б. батырлары шешті.

Жоңғар шапқыншылығынан ел қонысынан, мал-мүлкінен айырылып Сыр бойына, тіпті, Қаракұмға қарай ауысты. Кіші жүз халқының құрып кету қаупі төнді. Халық бірліксіз күн көре алмайтынын түсінді. Ерлікке шақыратын жыршылар, ақылгөй шешендер, ту ұстайтын батырлар шықты. Олардың басын біріктіріп көсемдік етуге Тәуке хан, Абылай хан шықты. Әбілқайыр бастаған алғашқы шабуыл, 1726 жылы жеңіспен аяқталды, 1729 жылы казактардың біріккен қолы тағы да жеңіске жетті.

Қаһарман батырлардың бірі-Табын ұрпағының өкілі Қанжығалы (ру аты) Бөгенбай (1690-1775). Ол 1708 жылы 30 мың жасаққа қолбасшы болып, ел берекесін алып отырған казак орыстарды талқандап, Еділден әрі ысырып тастады. Әуелі қалмақпен, кейін қытай әскерімен соғысып жеңіске жетті. Кейіннен үш жүзден жиналған 40 мың қолды басқарып, Іле өзені бойында жеңіс туын тікті.

Қанжығалы Бөгенбай 60 жылдан астам өмірін елін қорғауға жұмсады. 1742 жылы түрікмендерге қарсы аттанды.

Есет Көкіұлы (1667-1749) –Жетіру тамасының ұрпағы кіші жүз жасағының құрамында 80 жылдардан-ақ жоңғарлардың, Еділ қалмақтарының, башқұрттардың, түрікмендердің шапқыншылықтарына қарсы соғыстарда батыр атанды. (Тәуке хан заманы 1690-1710 жылдары) 1703-1704ж.ж. екі мың қол жинап, Ойыл өңіріне төнген түрікмендерге қарсы шабуыл жасады. Екі шайқаста 12 рет жекпе-жекке шығып жеңіске жетті. 1709 ж. жоңғарларға қарсы Жетірудың 10 мың қолын басқарды. Ол 47 рет жоңғар, башқұрт, орыс-казак, қалмақ Текежәуіт батырларымен жекпе-жекте жеңіске жетті. 1710-49 жылдары кіші жүздің 30 мың күшін басқарған қолбасшы, 1722 жылы аға биі болды. Батырдың ақсауыты 1968 жылға дейін Жайсаң орта мектебі мұражайында сақталып келді, кейін облыстық мұражайға тапсырылды.

Соғыс бәсеңсіп, Ресей патшасы кіші жүз елін өз қоластына алғаннан кейін, босып кеткен кіші жүз халқы батпақтар, Сыр өзені, Арал теңізі, Қарақұм маңын тастап бұрынғы қоныстарына қайта орала бастады.

Орынбор генерал-губернаторы Г.Волконский (1803-17ж.ж.) мәліметтерінде, кіші жүздің түрлі рудағы 6 мың отбасы, соның ішінде, тама тайпасы өз туыстарын тастап, Шу, Сарысу өзені бойындағы Орта жүз халықтарымен араласты. Бұлардың ішінде 1100 отбасыдан тұратын Табындар да бар еді.

Табынның 4 мың отбасы Аралдың Батыс жағалауын, Каспий бағытындағы Шаматай шатқалдарын, Шінге тауы іргесін, Шұрық көші зиратының түбіндегі құмда қыстады. Жазда Жемге қарай ауысты. Байұлы адайларының 10 мың отбасы Маскар руының 3 мың, таздардың 3 мың отбасылары, Жайық пен Жем аралығын, Бұлдырты, Жасалы, Шыңғырлау, Қобда өзені сағаларында қыстады. Табын тайпасының 2 мың отбасы жазда, Орал бекінісінің Қырқасында Қаңлы, Доңыз, Қобда, Елек өзенін шашырай жайлап алды. Жағалбайлының мың отбасынан тұратын 12 атасы жазда кейіннен, Тобыл өзені бойында қыстады. 1850-18881 ж.ж. генерал-губернаторлықтың орталығы болды. 1859 ж. Орынбор қазақтардың облысын құрды. 1868 ж. Торғай облысы құрылды. Оған Торғай, Елек, Ырғыз, Николай уезі кірді.

## ШАРУАЛАР КӨТЕРІЛІСІ

Патша үкіметі қазақтарды бағындыру үшін мемлекеттік шаралар жүргізді, ол үшін зерттеу жұмыстарын жүргізіп, сауда жолдарын ашты. Қалалар сала бастады, қаламен бірге Елек пен Ақтөбе бекіністерін салуды қолға алды. Осыған орай мал жайылымдарын қысқартты. Бекініс маңындағы

ауылдарға жорықтар жасап, малдарын айдады. Мұндай сорақылық ұлт азаттық қозғалысын тұтатады. Осындай қозғалысты Сырым, Барак, Тіленші, т.б. басқарды. Қозғалысқа Тама, Табын, Шекті, Кете рулары қатысты. Сырым мен Барак Імың адамдай қол жинап, Орал, Елек бекіністеріне шабуыл жасады. Көтерілістің негізгі орталығы Бейбақты Табын және тама рулары тұрған жерлерде болды. Бейбақты Орал бекінісіне, Табын-Сахарный бекінісі, Ойыл, Ұлы Қобда, Елек өзеніне қарай, Тама-Сахарный, Росымной бекінісіне қарай шабуылға шықты. Тама руларының старшиналарының Қадір мен Садыр да айтарлықтай ерлік жасады. Орынбор шекара комиссиясы жазалаушы әскери топтар ұйымдастырып, қарсы тұрды. 1785 ж. ақпанның 17 күні Орынбордан Елек өзенінің жоғарғы жағына генерал-майор Смирнов, Сегірін бекінісінен Колпаков пен Пономарев бастаған жасақылар аттанды. Майор Назаров бастаған отряд Сахарныйға келе жатқанда, оған Айшуақтың (Жетісу) баласы Аппақ қарсылық көрсетіп қаза табады. Назаров отряды Айшуақтың 2-ші баласы Жантөрені Табын ауылы қорғау кезінде соққыға жығады. Назаров Айшуақ сұлтанның өзін тұтқынға алып, Орал түрмесіне қаматады. Патша үкіметі хандық тәртіпті жоюға кірісті. Бұл 1786-90ж.ж. шамасында Орынборға барған қазақ билері мен старшиналарын қамауға алынады. 1795-96 ж.ж. шамасында кіші жүз жұтқа ұшырап, кедейлердің малы қырылады, аштық басталады. Патша хандық қайта тұрды. Орынбор маңынан Айшуақ хан болды. Енді Қокан мен Хиуа хандығы шабуыл жасады. Хиуа ауылдарға ұшыр, зекет салығын салды. Қокан хандығы әр үйге жылына 6 қой, төрт сексеуілден, 1000 бума қамыс дайындауға мойынсұндырып, егіннің 1/3-ін беруге, Қокан хандығы үшін соғысуды міндеттеді. Кіші жүз халқы сол тұста түгелімен атқа мініп, найзаны қолға алды.

Отаршылдық тепкісіне шыдай алмаған кіші жүз қазақтары Емельян Пугачев бастаған шаруалар көтерілісіне қосылды. Шаруалар соғысы 1775 ж. жеңілсе де қазақтардың наразылығы тоқтамады.

1783 жылы кіші жүздің Тама руының жерінде басталған көтеріліс басқаларға таралды. Көтеріліс шығуына қазақтардың мал жаятын жерлерін, тартып алуы, патша бекіністеріндегі қазақ-орыс әскерлерінің шабуылы, халықтан ретсіз алым-салық алу болды.

«Салық бермесін, ханға сенбесін, сұлтандарға ермесін. Халық өзін-өзі қорғасын!» деп Сырым Датұлы (Баймақты ру) атқа қонды. Патшаға: Орал бекінісінің атаманы Данил Донсковтың басшылығымен 1500 солдат қазақтарға шабуыл жасап, 225 үйді қиратты, 150 адамды өлтірді, 57 адам тұтқынға алынды және көптеген жылқы және түйе, сиыр, қойды алып кетті.

Көтеріліс барған сайын өрши түсті. 1792 жылы көтерілісшілер Сырмының басшылығымен Елек болысына жайылды. Патша үкіметі көтерілісшілердің көптеген талаптарын орындауға мәжбүр болды.

Сырым Датұлы сауатты болған, өнерпаз, шешендікпен әуестенген. Әділ билігі үшін бала би атанған. Ол адал да ақылды және батыл болған. Тама руының батыры, биі Малайсарыдан бата алған.

Сырым өлгеннен кейін (1712-1802) Ресей патшасының отаршылдық езгісі күшеймесе, бәсеңдемеді. Қазақ жеріне әскери бекіністерінің көбеюі, халықты аяусыз қанауы қатал тәртіп, есепсіз салық халықты көтеріліске шақырды. Бұл жолы көтерілісті Исатай мен Махамбет басқарды. 1836-38 ж.ж. Қиялы молдаға, Теректі құмдағы, Тастөбедегі айқастар Махамбет пен Исатай мен ерен еңбектерін көрсетті. Осы көтерілісімен Кенесары Қасымұлының ұлт-азаттық көтерілісі де Махамбет көтерілісімен қанаттасты. Кенесары әскерінің саны 20 мыңға жетті, бірақ патшаның қарулы әскерлерін жеңуге шамасы келмеді.

## ҚАРАТОҒАЙ БОЛЫСЫ

Қаратоғай болысы терістігінде Борлы, батысында Елек, оңтүстігінде Қара Қобда, шығысында Ақтөбе болыстарымен көршілес орналасқан. Болысты екі бөліп тұрған Елек өзені бар. Бұған оң жағынан Құрбұтақ, (Қарабұтақ емес) Ащысай, Мортұқ, сол жағынан Жамансу, Ақсу, Тамды, Торайғыр, Байнасай өзендері келіп құяды. Мортұқ өзені 2-су. Оның бірі Ақтөбе қаласының батыс жағындағы 75 км, екіншісі 85 км қашықтықта жатыр. Ауданның Мортұқ болып аталуы осы өзендерге байланысты. Мортұқ өзені сағасына қоныстануға 1750 ж. алып келген Тама тайпасы Тоқпамбет руының Келбет Жанызағы. Ол 36 жаны, 21 жылқысы, 50 ірі қарасы бар 6 отбасыны өзімен бірге алып келіп, Мортұқ ауылының ірге тасын қалаған. Мұнан 10 жыл бұрын келген осы рудың Баубек Айдан бастаған 11 үйі Келбет Жанзақтан 5 км қашық отыр еді. Тама тайпасы Сығалай руы Тоқпамбеттің 326 шаруашылық үйі, Табын тайпасы Мәмбетшора руының 48 шаруашылық үйі ХҮІІ ғ. орт. келіп орналасқан. Бұл ауыл кейіннен болыстың 2-ші әкімшілік ауылы деп аталған. Бұлардың мұнда келіп орналасу себебі Жайсаң ауылының батыс жағындағы Шегіршін әскери лагерь маңына ХҮІ ғ. басында орналасқан өз қандастары, Тама тайпасының Сүтей, Жаман рулары болса, екіншіден бұл жер мал бағуға да, егін егуге де қолайлы еді. Орал тауының етегінде жылқы да, қой да ұстауға қолайлы болған. Өзендер тасығанда бөлініп қалатын көлдері, бұлақтардан пайда болған қарасулар өсімдіктерді көбейтіп, түрлендіріп жіберіп отырған.

XX ғ. басында Қаратоғай болысының 1416 шаруашылық үйдің қарамағында 7935,4 десятина егістік жері болды. Оның 282 десятинасына бидай, 210 десятинасына сұлы, 7442 десятинасына тары екті. Арпа мен қара бидайды өсірумен айналыспады. Егістік жерді өңдейтін 928 сабаны, 1047 бір



тісті соқасы болды. егістік жерге тұқым қолмен шашылып, қол орақпен, пышақпен, шалғымен орылып, атпен, келте таяктармен, кей жерлерде атқа тіркелген астық басқыш таспен бастырылды. Егін сабандары мал азығына берілді. Шаруашылықтың ең пайдалысы мал басын өсіру болып келді. XIX ғ. соңында болыста 6691 жылқы болса, қой саны 24 451-ге, ешкі-2361-ге, түйе саны 1309-ға жетті. Мал азығын дайындау өмірлік тәсілге айналды. Өзендер тасыған жылдары сай-салаларда көлдер пайда болып отырды, бұлақтар суы ойдым-ойдым қарасуларға айналды. Сулардың мол болуы өсімдіктерді көбейтіп, түрлендіріп отырды. Сулы жердің молшылығы егістікке де, шабындыққа да қолайлы еді. Болыс өзендері мен көлдері құсқа, балыққа бай ел. Болыс жері шабындыққа мол, №2 әкімшілік ауыл жаңбырлы, сулы жылдары әр десятина жерден 60, шамалы жылдары 30 шөмелеге дейін жинап келді. Ақсу, Торайғыр, Тамды өзені бойларының шөбі мол болып келген.

Болыс 7 әкімшілік ауылдан тұрған. Бұл өңірге 2-ші болып ХҮІ ғасырдың соңында Тама тайпасының Бөйет пен Сығалай рулары келіп, Ащысай өзенінің сағасына орналасқаннан кейін бұл ауыл 5-ші әкімшілік ауыл деп аталған. 1820ж. Тәңірберген өзені бойын жағалай Табынның Абыз, Әшібек рулары қоныстанған. Бұл 4 әкімшілік ауыл деп атанса, 6-әкімшілік ауылға бір топ Ізбасарлар Құрайлы, Құрбұтақ, Ащысай сағаларына келіп орын тепкен.

1840 жылы Мырзалы руының өкілдері Ақсу өзенінің басына, Тілес руы осы өзеннің сағасына, бір топ Шүрен Торайғыр өзенінің сағасына орналасып, 103 үй бірлесіп түтін түтеткен.

Шаруашылықты жүргізудің жолдары шаруаларың өмір сүруінің әдістерін белгілейді. Мал шаруашылығын ұтымды жүргізу үшін көшпенді өмірге көшуге мәжбүр болды. Олар қысқы өмірден- жазғытұрымға, жазғытұрымғыдан-жазғы жайлауға, одан күзгіге, күзгіден қыстыққа көшу өмірімен алмасып отырған. Сондықтан Сырдария жағалауынан -Торғайға, Ырғыздан-Тобылға, Үстірттен Ұяға , Обағанға және одан әрі Жайық, Елекке қарай көшіп –қонып келген. Қазан, Астрахань, Сібір хандығы орыс мемлекетті бағындырып алғаннан кейін, Жоңғар хандығының қаупі күшейді.

## ҚАРАТОҒАЙ БОЛЫСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

№1 Әкімшілік ауыл 1900 жылы басында ашылған. Бірінші қоныстанушы-Дәртай Бектұрған. Руы-Табынның Есенгелдісі. Күрекбай өзені сағасында орналасқан. Қаладан 90 км. Жиырма бес жылдан кейін Есенгелді руының Шолақ Бугурасы қоныстанған.

171 шаруашылық үйде 941 адам, 177 киіз, 170 саз балшықтан не шымнан салынған үйлерге орналасқан. Тұрғындар Табын тайпасының Мұрат,

Есенгелді, Алтыбасар руларының өкілдері. Бұлар қаладан 85-90 км қашықтықтағы Елек өзені бойында, Күрекбай өзені сағасындағы, орман, суатты Қарасу бойын жағалай орналасқан. Негізінен мал шаруашылығымен айналысқан XX ғ. басында қолдарында 591 жылқы, 75 түйе, 2013 қой, 166 ешкі, 1585 ірі қара болған. Шабындықтары 25222 десятина, егістігі 943 десятина құраған. Егін егетін 81 сабаны, 113 соқасы болған.

№2 әкімшілік ауылдың алғашқы тұрғыны - Баубек, Айдан (Таманың Токпамбеті). Осы жерге 1740 жылы 11 үймен келіп, 10 жылдан соң тағы 211 үйді көшіріп алған.

Атақты адамдары: Қиімбай, Танай, Жарас Асқазы, Меке Тілеміс, Мұхамеджан Бесім, Шолақ Бәкірәлі, Дортан Бектұрған. Халқы: Ақсу, Сазды, арасы 2 шақырымнан екі Мортұқ өзені, Ақтүбек, Бектайсай өзені сағаларын, Қарағаш бойын, Иса, Қолша, Қарасу айналасын 1760 жылдан бастап мекендеген. Әкімшілік ауыл Ақтөбе қаласына 75-85 км қашықтықта болған. XIX ғ. соңында ауыл халқы 274 шаруашылық үйге өкетті. Ауыл Елек өзенінің 2 жақ бетіне орналасқан. Халық саны 1611 адамға жеткен. Ауыл 283 жер, 309 киіз үйден тұрған. Орта есеппен әр үй 10 ірі қарадан, 5 жылқыдан ұстаған. 274 үйдің 62-сі Табынның Мәмбетшора руы болса, 212-сі Тама тайпасы Сығалайдың Токпамбеті руы өкілдері еді. Ауылда 857 ер, 754 әйел адам болған. 1438 жылқы, 2805 ірі қара болған. Қазіргі Мортұқ ауылының ірге тасы 1750 ж. қаланған. XX ғ. басында орыс көшпенділері Мортұқ ауылына іргелес қоныстанған, кейін Мортұқ сөзі Мәртөк болып өзгеріп кеткен.

Атақты адамдары Тамадан: Ермағамбет Қартбай, Дәлетжан Иса, Есірген Муса, Әли Аба, (Құрман) Баймұрза Ахмет, Бәйкен Баяу, Тоғызбай Байнақ, Баубек Айдан, Қисық Түлкібай, Мырзабай, Ерқатам, Жарылғас Үскембай, Сәрсенбі Қолша (Қолша Қарасуы қасында тұрған), Қайдауыл Есебай, Жанділде Мұхамбетәлі, Ешім Жолмағамбет (Мортұқ сағасында тұрған), Сүйенқара Өтебай (Өтебай талы бар), Өтеген Ізбасар, Сүлеймен Асан (Сүлеймен Қарасуы кейін аталған), Келбет Жанзақ (Мортұқ сағасында тұрған), Тұрман Шапдес, Таңғатар Ноғай, Мұқаш Нұрым.

Табынның Мәмбетшорасынан: Сатыбалды, Токсымбай, Нысанбай Сары, Әйтім Наурыз, Мұсабар Қолдыбай, Ілияс Тұрым, Мамын Қостай. Әкімшілік ауылдағы ерлер саны 857 адам болса, әйелдер 751 адам болған, немесе әйелдер саны еркек адамдарға қарағанда 106 адамға аз.

№3 әкімшілік ауыл (қазіргі Құмсай ауылы): 1840 ж. 2-ші ауылдың шығысында 238 шаруашылық үйді құрап тұрған. Мұндағы 21 шаруашылық үй Таманың Бәйеті болса, 217-сі Сығалайлар еді. Атақты 10 адам осы ауылдың ақылшылары болып есептелген. Олар: Тоқожа түбегінде жайғасқан 30 үйге Дәуім Бозамбай, үлкен Қарасу айналасына орналасқан 21 үйге Боранбай Көшенай, (кейін Көшенай қарасуы деп аталып кеткен), Қара

түбекті қыстау қылған 28 шаруашылық үйдің ақылдасы Досмағамбет Тілеуберген Елек бойын жағалаған. Қарағанды өзекке 33 шаруашылық үйді жинаған, Шайқы мен Жәбет, Міржақып, Мырзаболат, Әсембектің Нұржаны да (бәйет) 21 үйге басшы болған. Ақтүбекке 25 үйді жинаған Тапан Қосым. Жамансу сағасындағы 40 үйге Қазмағамбет Қиқы мен Алдияр Сарылар Мұқтарбай Өркенбай өзінің 30 үй тумасымен Елекке жақын жайғасқан. 1899 жылы санақ бойынша әкімшілік ауылда 1327 адам тұрған. Ерлерге қарағанда әйелдер саны 25 адамға кем болған. Ауылда ірілі-уақты 1061 жылқы, 2021 ірі қара бағуға алынған.

№4 әкімшілік ауыл 1820 жылы қазіргі Жаңа елек ауылы (Красный маяк). Абыз Дәукен Қашқынбай Тәңірберген өзенінің бас жағына жайғасқан. Ізтілеу Абылай мен Жұмаш Алақай . Әшімбектер мен Абыздар Елек, Бөрте, Тәңірберген өзені жағаларынан, Жалғыз ағаш сайы бойынан мал азығын дайындаған. Жас отауға малы аз, жері көп отбасы жерінен шабындық, егістік жер бөліп беріп отырған. Ауыл 229 отбасыдан, 1514 адамнан тұрған.

Осы болыстың 5-ші әкімшілік ауылы 1790ж. Таманың Есенгелді және Аташал руларынан тұрған. Әр ауылдың шабындығы өзгеше. №2 және 10-шы ауылдар жайлауға көшпеген. Ақтөбе қаласының месжаниндері Дедиков, Зайцев, Кривоножкин, Қарағай-құдық ауылы маңынан шағын ауыл салған. 21. 12. 1898ж. жергілікті халыққа егін егуге 100 десятина жер бөліп, жыл сайын онан түсіп отыратын 125 сом ақшаны болыс үйін салуға жұмсап отырған.

Қаратоғай болысының №6 ауылының негізі 1830ж. құралған. Қаладан 38 км жерде болған. Ащысай сағасына Бейсенкен Сұқан, Қаракемірге Жұмағаш Айтабан (рулары Ізбасар Жирен) Құлмырза тоғайына Қожанияр Өтетілеу, Құрайлы сағасына Әбдірақман Шаман мен Мақаш Жылгелді, Құрбұтақ сағасына Қошан Тілеуқұл орналасқан. Бұлар қаладан 38 км жерде тұрған.

№6 әкімшілік ауыл Табын тайпасы Қарымсақ, Барақ Ізбасар руларынан тұрды. Мал жайылымдары өзара келісіле пайдаланылып, мал азығын Елек, Ащысай, Құрбұтақ өзендері бойынан дайындаған. Жаңадан көшіп келгендерге, немесе жаңадан құрылған отбасыларға жер ауылдастардың шешімімен беріліп отырған. Егістік жер Елек өзенінің сол жағынан берілген, мал бағуға әдейі бақташы бөлінгендіктен егістік жерлерге күзетші ұстауды әдет қылмаған.

Сонымен болыстың 1452 шаруашылық үйлерінде 8490 адам тұрды, оның 4482-сі ер, 4008-і әйелдер болған. Бұлардың қарамағында 1536 киіз, 1455 жер, 2 ағаш үй болған. Болыс билігі болысқа, әкімшілік ауыл билігі-ауылдық старшинаға берілген. Болыста 6991 жылқы, 13277 ірі қара, 1369 түйе, 24451 қой, 2361 ешкі болған. 7935 десятина жер , оның 7442 десятина тары еккен, шөпті сатып алып та, сатып та отырған .

№7 әкімшілік Ақсу ауылы 1840ж. құрылған. Ақсу Торайғыр өзендердің бойын, Қамбар қарасуының бойын жайлаған. Тұрғындар: Тілес, Шүрен, Мырзалы, Жақсығұл руларынан тұрған. 103 отбасыға 617 адам, 559 жылқы, 1026 ірі қара малдары, 28 түйе, 1861 қой, 278 ешкі, 44 сабан, 77 сокасы болған. Сарыөзекке, Байнияз Жорты Қожақеткен бойына орналасқан, Омар Бектұрған, Шоқпұт Жылгелді Ащысайдан орын тепкен. Таманың Базарғұл руының Дәули Құрманбайы, Байдәулет Тілесі, Құрамыс Ертісі Құсағаш саласын мекендеген.

Болыс жері негізінен жазықтық, тау тастағы аз, бұталы өзен жағалауларына орналасқан. Осы болыстан 506 және I-әкімшілік ауыл жерлерін дала ақселеуі мен бірге, жусаннан басқа ештеңе шықпайтын ақ сордақтар жайлаған. Мұндағы шұбар жерлер қойлар мен түйелерге ғана пайдалы болды. III-IV әкімшілік ауылдарға Жамансу, Ақсу, Талды өзен жағаларында ашы сордақ жерлер кездесе, Електің оң жақ негізінен құмдақтау болып келген.

Таманың Қызылқұрт пен Кенжебай рулары шабындыққа Елек, Жамансу өзендерінің бойын пайдаланған. Ал Табынның Малғасары Елек, Ақсу, Торайғыр өзендері жағалауларынан шөп дайындаған. Ал егістікке Қурайлы өзені бойын пайдаланған. Қаратоғай болысының ауылдары негізінен тары өсірумен айналысқан 77935 десятина егістік жердің 7442-сі тары егісіне берілді, ал бидай өсіруге 282, сұлыға 210 десятина жер пайдаланылған. Арпа мен қарабидай өсірумен айналыспаған. Егістік жерді өңдеуге бір түрленді 928 сабан, 1047 соқа пайдаланған.

Егістік жерге тұқым қолмен шашылып қол орақпен, шалғымен, кейде пышақпен орып отырып, атпен, келте таяқтармен, кей жерлерде атқа тіркелеген астық басқыш тастармен бастырылған. Егін алаңдары мал азығы үшін, шаруашылық жұмыстарға пайдаланылып келген. Мал азығын дайындауға негізінен өз күштерін пайдаланған. Осындай әдіспен жыл сайын өз жерлерінен 282627, далалықтан 21242 шөмеле шөп дайындап отырған. Мал азығы үшін қосымша 10118 шөмеле сабан дайындаған. Мал азығы жетпеген жылдары өзге жерлерден шөп сатып алып отырған. Шеттен сатып әкелген шөп кей кезде 50000 шөмеелеге дейін барған, ал сыртқа шығарып сататын шөп жыл сайын 10000 шөмееледен аспаған. Мал азығының жетіспеуін есептеген ауыл адамдары қыста жайып бағуға көнетін жылқы, қой малдарын көбірек ұстауға тырысқан. Орта есеппен болыстағы әр үй 5 жылқы, 18 қой-қозы, 10 ірі қараны ұстаған, ал түйені үй басына біреуден, ешкіні екеуден асырмаған.

## БӨРТЕ БОЛЫСЫ

(Қазіргі Аққұдық, Байторысай, Қызылжар, Родников ауылдық (селолық) округтер алып жатқан жер).

Орал тауының етегіндегі Орта Бөрте өзені мен Қиялы Бөрте аралығына орналасқан. Жері суға мол. Мұнда орта Бөрте, Борлы, Қиялы Бөрте, Күшікбай, Торанғұл, Жоса, Жамылшы, Қоршансай, Қызылсай, Айдан өзендері, Қоймас, Таймас таулары бар. Қаратоғай болысымен салыстырғанда қысы 1-2 жеті ерте түсіп, қар жай ериді. Өзендер мен көлдер айналасында ойдым-ойдым ағаштар өседі, құстар мен жәндіктер де мол. Өзендер айналасы шабындыққа мол, жер беттері құнарлы. Егіс алқаптары бар. Борлы болысында мал басын көбейтуге географиялық жағдай қолайлы болған. Терістік жағындағы биік тау жоталары мал басын суық, ызғарлы желден сақтап қалуға қолайлы. Соның арқасында әрбір шаруашылық үйлер орта есеппен 6-10 жылқыға дейін ұстап отырған. Ал бұл көрсеткіш Қаратоғай болысында 4-6 жылқыдан, 7 ірі қарадан келеді. Сондай-ақ тау бөктерлері де қой шаруашылығын басым дамытуға жағдай жасаған. Борлы болысына қайтып оралу, (1723ж Ақтабан шұбырындыдан кейін) 1700 жылдың басында басталған. Осы жылы алғашқы тұрғындары болып 71 Көкі, 74 үй Таз, 52 үй Бұйра руларының және 26 үй Әлім тайпасының Қаракесегі Қарағашты, Ақтөбесай Сарқұл өзені сағасына Құдабай қарасуы айналасына, Отарбай бұлағы қасына көшіп келіп орналасқан; Көкінің 18 үй Мойылды өзені бойына ХҮІІІ ғ. 65 ж. келіп Борлы болысының 2-ші әкімшілік ауылының негізін қалауды аяқтаған. Бұл екі ауыл ХХ ғ.басында 223 шаруашылық ауылға жеткен. Көлдеріне қаз қонып, өрістегі жылқысы 1189, ірі қарасы 2625-ке дейін жетті. Ауылда отырықшылық өмірге тұрақтанып 241 киіз үйдің қасына 235 жер үй салынды. Жүсіп Қопан бастаған Таздар ағаштан 3 үй тұрғызды. Қаракесек Ахмет Жүзбатыр да ағаш үй тұрғызып, ауыл сәнін күшейте түсті.

Болыстың №1 әкімшілік ауылының негізін қалаған Есжан Нысанбай (Назаралы руынан) 1700ж. басында Жамылша жағасына 57 адамнан тұратын 8 үйді тастап әкелген, кейіннен осы ауылға 257 үй Көкі, Бұйра, Таздар келіп қосылды. Сөйтіп, Торанғұл, Қызылсай, Қарағаш бойына көшіп келушілер 1870ж. дейін жүріп жатты. ХХ ғ.басында 1-ші әкімшілік ауыл 379 отбасыдан тұрса, 16 ірілі-уақты ауылға дейін барған. Бұлардың 2236 адамы бар. Ауылдың ірі қарасы 4248, жылқы саны 2671 басқа жетті.

Назаралы Есжан келгеннен кейін 50 ж. соң өзге Назаралылар да Қызылсай (қазіргі Покровка), Қоршансай және Жамылша өзені бас жағына орналасты. Байшатақ Сейталы, Ысмайыл Қарабас Төлепберген Шақ, Баймұқамбет Жолдыбай бастаған 150 үй Бөрте өзені бойына орналасты.

Қоныстану 1700 жылы басталып 1850ж. аяқталды. Ауылдан сауда орындары 70-150 км қашықтықта еді.

Көкі, Бұйра, Таздар №1 әкімшілік ауылға 1750 жылдан келгенмен, олардың қандастары 1700жылдың басында 172 шаруашылық үйлерден тұратын 7 ауыл Жайық өзенін жағалаған. Мойылды өзенінен 1189 жылқыны, 2625 ірі қараны суару мақсатында осы өзендердің төңірегінде Түйетауықты, Қарағаш, Сарыкөл сағасына, Құдабай қарасу мандарына орналасты. Ауылдағы су қоры қыс айларында жетіспейтін болғандықтан мал суаруды ірі өзендерге бекітті. Мұндағы ауылда үй басына 5 жылқыдан ғана және 10-11 ірі қарадан ұстауға мүмкін болды. Осыған ауқатты адамдары Есбосын Дос бастаған 3 үй Таздың және Көкі Есенбай Нарабайдың ешбір шаруашылықтары болмады. Дегенмен Жүсіп Қоналы бастаған 3 үй таз, Ахмет Жүзбасар (қаракессек) ауылда ағаштан салынған үйлерде тұрып жатты.

1-ші әкімшілік ауылға қарағанда ауылдың көшіп келуі ұйымшылдықпен жүргізілген. Бұлар негізі 1700ж. көшіп келген болатын-ды. Бұл жерде Көкілердің соңы 1865ж. келді. Ауылдың 1189 жылқысы, 2625 сиыры қыста мал суаратын жері Жайық өзенінің және Мойылды өзені бойы болды. Ауылда ірілі-уақты 223 отбасы болды. олар 724-і ер, 624-і әйелден тұрды. Әр үй орта есеппен 4 жылқыдан, 11 ірі қарадан ұстады. Сауда – саттық онша қашық болмады, 35 үй қара кете 1750 ж. Ақтүбек бойын, 11 үй 1800 ж. Қабан, Аман моласы маңын, 31 үй Қожа, 1830 ж. Матыгүл қарасуы маңынан орын теуіп №3 әкімшілік ауылдың негізін қалады.

Сонымен Борлы болысының №1 әкімшілік ауылының негізін 1700ж. көшті бастап келген Назаралылар болса, 223 үйден тұратын Көкі, Таз, Бұйра ауылының 1318 отбасы бар 9 шаруашылық №2 ауылдың қазығын Жайық өзеніне жақын жерде қадады.

Орал тауының етегінде сай саланы қуалай аққан Борлы өзені жағасы 1750ж. 113 шаруашылық үйден тұратын Кете балаларының енісісіне бұйырды. 1830 ж. бұл жерге 31 үй қожа, 1800 ж. 11 үй Қабақтар келіп қосылды. Сөйтіп XIX ғ. соңында 3-әкімшілік ауылда 155 шаруашылық үй болды. Қара Кете ұрпақтары Ақтүбек пен Қаратоғай, Құраша сағасын, ши бойын, Қызыладыр бойын мекендесе, Қожалар Матыгүл қарасу бойын, Қабақтар Аман моласы маңын мекендеді. Құраша мен Қызыладыр су көптеген жағдайды ащы болып отырды. Ауылдағы 915 адам, 856 жылқы, 1284 ірі қара бағып күн көрді. Әрбір Қара Кетенің жеке басының қыстағы болды, ал қыстақ қасында 158 киіз үй тұрды. Өзен таулардың байлығын пайдалана отырып өндірістік жұмыспен, қой, ешкі өсірумен айналысады, ал 44 адам жалдамалы жұмыста жүрді.

Құраша мен Қызыладыр арасына 78 үй қара кетелер орналасты. 3-ші әкімшілік ауылдың 215 жаны бар 155 отбасыдан тұрды. Әр үйдің 5-6

жылқысы, 8-ден ірі қарасм болды. Қысы-жазы мал суару үшін Жайық, Борлы өзендерін, қар су мен құдықтарды пайдаланып отырды. Қожаның 3 үйі, Қабақтың 2 үйінің жеке шаруашылықтары болады.

Бұл болыстың әкімшілік ауылының батыс жақ шеті Күшікбай өзенінің бастауынан басталып шығыстағы Қиялы Бөрте өзенімен қосылуымен аяқталады. Өзеннің терістік беткейін тау жоталары, шиеге мол таулар бөгет тұрса, Таймас, Қойбас таулары өзенінің осы жерге тікелей қатысы бар екенін байқатады. Өзеннің оң жақ қанаты жазықтау келген. Егістік жерге қолайлы, Күшікбай өзенін қуалай орналасқан Абдан, Торанғұл өзендері, ал Абданның батысы Мақпалсайдағы бұлаққа келіп тірелді. Мақпалсай әнші Молдабай ауылы деп те кезінде аталған. Абданның шығыстағы сағасы Қызылжар елді –мекенін иекендеген.

Қазіргі Полтав, Студент, Қызылжар жеріндегі ауыл борлы болысының №4 ауылы деп аталды. Бұлар негізінен Күшікбай, Абдан Қиялы бөрте өзендерінің жағалауларына Мақпалсай бұлақтың маңында орналасқан. Қарағаш бойына Сарының 67 адамнан тұратын 9 үйі, Күшікбай Жұмағазы Рыспай бастаған Раим руының 27 үйі осы өзеннің бойын жағалай Сарының Шакан Абайы, Шәміт Қойқарасы қыстақ еткен.

Жұмағазы Жарасы (небәрі 54 үйі), Байлының Жүсіп Жарысы, батырдың Баймұқамбет Байжаны жайлаған. Абдан өзен бойын Қошқар руының Есентай Көбенбайы 21 үйімен мекендеген. Шуақтың 16 үйі Қиялы бөрте өзеннің жағасына орналасқан. Шуақтарға Тұрман Тұрдыбек ағалық еткен. Артық мал өнімдері әкімшілік ауыл Троицк қаласының айырбас орындарында өткізіп отырған. Бірақ шаруаларының қалаға баруынан гөрі қала саудагерлерінің ауылға келулері жиі болған. Болыстың 5-ші әкімшілік ауылы негізінен Базар Есназар, Жанты және Таз руының 30 үйінен тұрған. Бұлар Торанғұл, Жоса, Бөрте өзенінің бойында Қара үңгір, Ақ үңгір, Қызылсай, Есталды бұлақ бойында өмір сүрді. 5-ші әкімшілік ауыл 283 отбасы тұрған. Халқы 1732 жеткен, мал басы жылқы 1571-ге ірі қара , 2852-ге жеткен.

№5 әкімшілік ауыл 283 отбасыдан тұрды. Мұнда келген Базар, Таз, Есназар, Жанты руларының өкілдері 1732 адамнан тұрады. Ауылда 1571 жылқы, 2852 ірі қара болды. ауыл Торанғұл, Жоса өзендерінің бойында, Қара үңгір, Ақ үңгір жерлерінде Торанғұл өзені сағасында тұрды. Байдәулет Құттыкелді Торанғұл 21 сағасына орналасты. 17 үй Есназардың Жұмағали былқылдақ жерді меншіктеді.

Сөйтіп Борлы болысында ХХ ғ. басында 1217 шаруашылық үйде 7363 адам (3893ер, 3470 әйел) олар 1272 киіз, 1246 жер, 15 ағаш үйде тұрып жатты. Жылқы саны 7172-ге, ірі қара 12516-ға жетті.

Қорыта келгенде Борлы болысына Ақтабан шұбырындыдан жергілікті халықтың көшіп келулері 1700 ж. басталған. Болысқа келушілердің басым

көпшілігі Көкі, Таз, Бұйра рулары болған. Олардың өкілдері болыста 337 отбасы құраған. Мұнан кейінгілер батыр шеркеш ұрпақтары болған. Батыр, Қошқар, Шуақ және Базар, Шеркештер 214 отбасыдан тұрып 3-ші орында болса, 229 отбасы бар Назаралы 2-ші орында мекендеген. Қаракете руының өкілдері- 148 үй болса, табының Ералысы да 76 үйге жеткен. Жергілікті халық мал, егінмен күн көріп өмір сүрген, дегенмен 17 үйдің еш шаруашылығы болмай 311 адамның мал ұстамай күн көруі де бір қиындығы болып табылады.

## АЗАМАТ СОҒЫСЫ

Ресейдегі қазан төңкерісі туралы хабар Ақтөбе обл. жеріне тез тарады. Қалалар мен ауылдарда билік кеңес үкіметінің қолына көше бастады. Бірінші болып 1917 ж. желтоқсан айында Темірдің қалалық кеңесі билікті өз қолына алды. Кейіннен кеңес үкіметінің билігі өзге қалалар мен ауылдарға көше бастады. Сол жылдың желтоқсан айының ортасында Ақтөбе қаласының теміржолшылар съезі, кеңес үкіметін қолдайтынын білдірді. 1918 ж. қаңтар-наурыз айларының аралығында болыстық, ауылдық кеңес құру басталды. Оған дейін билік болыстық старшина Қыстаубайдың қолында болатын-ды. І д.ж. соғыс Ресейге де, Қазақстанға да қайғы қасірет әкелді. Қазан төңкерісі Азамат соғысына ұласты. Большевиктер мен кеңес үкіметін жақтаушылар «қызылдар» деп аталса, оларға қарсы тұрғандар «ақтар» деп аталды. Кеңеске қарсы Колчак әскерлері, атаман Дутовтың бандылары соғыс ашты, бұларды кезінде Ресейден қоныс аударып келгендердің ауқатты топтары, казак ауылының бай-шонжарлары, ұлтты және діни саяси ұйымдар жақтады. 1918ж. қаңтар айында Ақтөбеде, наурыз айында Мәртөкте Кеңес үкіметінің орнағаны жарияланды. Ақтөбе уезкомы терістіктегі Колчак әскері мен Орынборға орналасқан атаман Дутовтың бандыларынан елді қорғауға кірісті. Ақтөбе штабы жергілікті белсенділерден дүниежүзілік соғыс майданынан оралған С. Марченко, Ф.А. Арготюк сияқты жауынгерлерден тұрады. Штаб кеңесі үкіметін жақтайтын ересек адамдардан қызыл әскерлер тобын жасақтап, және қаланы Орынбор –Ташкент теміржолын қорғайтын полк құрды. Мәртөктегі ауылдық жиында жауынгерлік жасақшы тобы ұйымдастырылды.

1918ж. Түркістан соғыс қоршауында қалды. Орынбор –Ақтөбе арасындағы байланыс үзілді, оны жалғастыратын жалғыз-ақ күш ұшқыштар болды. Қақаған аязда, солқылдаған дауылда байланысты орнататын ержүрек, шыныққан, ұшқыш қажет болды. Ол – Батыс майданының әуе күштерінің бастығы А.А. Шавровка жүктелді. Оған Орынбордан Ақтөбеге дейінгі 500 км. қашықтықты 25 градус суықтықта, бұрқыраған боранда жетуге тура келді. Шавров бұл абыройлы



талсырманы орындау мақсатында 1919ж. 8-ақпан күні таңертең Орынбордан ұшып шықты. Ауа райы қолайсыздығы ұшақты 150 м-ге дейін төмендетіп, тек темір жол үстімен ұшуға итермеледі. Бұл Мәртөк жері арқылы ұшқан тұңғыш ұшақ еді. Әрине А.Ф.Можайскийдің ұшу аппаратының 15.Ү. 1858 ж. Орынбордан Ақтөбеге Елек өзені бойымен ұшқанын ескерсе, онда А. Шавровтың Мәртөк үстімен ұшуы 2-ші ұшақ деуге болады.

А. Попович болыстық комитеттің төрағасы болып сайланды. Соның ұйымдастыруымен жасақшылыққа 1-ші күні 100 адам жазылса, 2-күні жазылушылардың саны 240-қа жетті. Жасақшылар қаруланды, оның командирі болып А.М.Гонора тағайындалды. Жасақшылар саны күзде 900 жетті. Олар күндіз өз жұмыстарын жасаса, түнге қарай ауылды күзетті. Темір жол көпірлері маңына пулеметтерді орналастырды. 1918 ж. қаңтарында ауданға қауіп төнді. Атаман Дутов әскерлері қызыл армияның сан жағынан азығын пайдаланып, Түзтебе станциясын Ақбұлақ ауылын басып алды. Жау әскерлері мен артиллериясы темір жолдың №32 бекетіндегі көпірді бұзып, Жайсаңға Харьковский, Вознесен, Рыбаков ауылдарына, Мәртөк станциясына шабуыл жасап, басып алды. Мәскеуден Орта Азияны бөліп тастау мақсатында Илецк-Шашқан арасындағы темір жолды тарқатып, рельстер мен шпалдарды тасып жоғалтты. Ташкентке қарай тиелген эшолондар өтісімен-ақ ауданның әр жерінен ақ гвардияшылардың баскесерлерінің көрінуінің жиілене бастауы Мәртөк ауылын қорғайтын ерікті жасақшылардың ұйымдасуын тездетті. 1918 ж. сәуір айында халық арасында түсінік жүргізу мақсатында I Мәртөк құрылтай съезінің делегаты, Торғай халық комиссары Ф.Е. Маслов келді.

Сонымен бірге, Вознесен, Жайсаң, Мәртөк селоларында, Ақтөбе қаласында жасақталып жатқан әскери топтарға келушілердің саны I д.ж. соғыс майданынан оралғандар, жастар, кедей-шаруалар есебінен толықтырылды. Соның бірі-Петр Карпенко, ол «Патша және Отан үшін соғысынан» келіп, осы жылғы маусым айында жасақталып жатқан Қызыл Әскер қатарынан бір-ақ шықты. Бір ғана Вознесен селосынан 60 жас жігіт Қызыл әскер қатарына өтті. Ақ гвардияшылар да қарап қалған жоқ. Олар өз қатарына елдегі адамдарды қорқыту, үркіту, алдау арқылы жүргізді. Халықтың қолындағы жылқыларды, азық-түлікті тартып алып зорлық көрсетті. Қолға түскен Қызыл әскерлерді топ алдына зәбірлеп, айуандықпен өлтірді. Өлгендердің денесін жерлеуге рұқсат бермеді. Дутов шабармандардың қылығы халықтың ашу – ызасын күшейтті. «Осындай көз алдымда істеліп жатқан зомбылық маған 14 жасымда қару ұстауға мәжбүр етті»-деп жазды Ходотаев И.М. –Әкем «Қызылдар» тапсырмасымен Жайсаңда қалды. «Ақтар» әкемді ұстап, атып тастады. 3 күнге дейін өлікті бермеді, үшінші күні түнде өлікті ұрлап, әкетуге тура келді. Колчак әскерінің

шабуылына сенген атаман Дутов өз әскерімен аудан аумағындағы шабуылын үдетті. Жайсаң, Вознесен, Верен, Рыбаков, Қарашай, Қаратаусай селоларын басып алып Мәртөк, Қаратоғай станцияларына төнді. Осындай шабуыл 1918 жылдың желтоқсан айында Құрайлы станциясында болды. «Ақтың» әскерлері бекгауыз қасында тұрған жылы вагонға шабуыл жасады. Қызыл әскер тұла бойы жылыға бұйығып ұйқыға кеткен кезде, ақтар шабуылмен т.ж. стансасына кірді. Ұйықтамаған қызыл әскер Яков Божко «Максимкадан» оқты жаудырғанда, ұйқыдан оянған екеу Яковке қосыла кетті. Жау шабуылы сәтсіз аяқталды. Соған қарамастан жау енді Қаратоғай стансасына төнді. 18ж. тамыз айының басында Верен, Дмитрев селоларында тұрған атты және жаяу (негізіне башқұрттардан тұратын) әскерлерімен шабуыл жасады. Мәртөк стансасын зеңбірекпен атқылады. Жаудан қорғану қызу жүргізілді. Бір түнде 17-50 жас аралығындағы ерлер қаруланды. 31-Түркістан дивизиясының командирі Г.В. Зиновьевке хабарлады. Ол 220 винтовка, брондалған пойыз, Ақтөбеден зеңбірек тиген бірнеше машина, атты әскерлер тобын жіберді. Темір жол көпірлеріне орнатылған 2 пулемет, бронепоезд, «Смелый» темір жолды қуалап орналасқан жаяу әскерлер жауды стансаға жақындатпады, зеңбіректер үсті-үстіне оқ жаудырып, жауды жолатпады. Атты әскерлер айла жасап, жауды қырғынға ұшыратты. Жау талқандалып, 1200 әскері, 2 зеңбірек, көптеген қару-жарақ қолға түсті. 28 тамыз күні тыныштық орнады, енді соғыс қаупі қыркүйекте Қаратоғайға ауысты. 1918ж. қыркүйек айында Дутов баскесерлері Қаратоғай т.ж. қопару мақсатында көпірге дүркін-дүркін шабуыл жасады. Тал арасында тығылып отырған 8 қызыл әскер «Колот» пулеметінен оқ жаудырып, жаудың көздеген мақсатын орындатпады. Ондағы 8-дің бірі С.Марченко еді. Бұл кезде Ақтөбеде жаңа полктарды жинақтау қызу жүріп жатты. Қызыл Армия қатарына сұранушылар күннен күнге көбейе түсті. Ақтөбеден Торғай халық комиссары Ф.Маслов 1918ж. тамыз айында 12-інде Ақтөбе уезінің комиссары Степановтың бұйырығымен 1884-98ж.ж. арасында туылғандар әскер қатарына шақырылды. Олардан №8 полк Орск қаласынан шегініп келе жатқан 28 Орал полкіне көмекке жіберілді. Бұл кезде қоршаудан шыққан 28-Орал полкінің жауынгерлерін терістіктен Колчак әскерлері оңтүстікке ығыстырып Андреев селосына тықты. Линовицк селосынан атаман Дутов әскерлері қыспаққа алды. «Ақтар» штабы Линовицкіде болатын-ды. 12.09.18ж. Ақтөбеден 8-ші Орал полкі және III интернационал полкі Құрайлыға поезбен жеткізіліп, Линовицкіге жаяу аттандырылды. Байқап қалған жау соғыс ашты. Полк Құрайлы стансасынан түсіп, Андреев ауылына жаяу аттанды. Алдында келе жатқан барлаушылар тобы Линовицк ауылын тұрақтанған ақтармен кездесіп, соғысқа кірісті. Хабар алған полк тездетіп Линовицк ауылына жетті. 1-ші полк, III интернационалдық полк 2-3 км қашықтықтағы, Чайковск ауылына

орналасты. 17.09.1918ж. соғыс басталды. Оқ-дәрінің аздығына байланысты Қызыл әскерлерге оқты дәлдеп ату бұйрығы берілді. 16.09.1918ж. күні «қызылдардың» атты эскадроны Қаратоғай ст. түсіріліп, Линовицкіге тартты. Байқаған жау оқты боратты. Андрей Панкеев бастаған экадрон қарсы жауап берді. Жау Андреевкіге қарай ығыстырылды, кейін талқандалынды. Қыркүйек айында Мәртөк жасақшыларының саны 900-ге жетті. Олар Ақтөбе қаласына келіп, Қызыл әскер қатарын толықтырды. Виктор Тимофеевич Обухов /ҰОС кезінде оған Кеңестер Одағының Батыры, генерал-полковник атағы берілген/. 08.18ж. Қаратоғай стансасына келіп, «Линовицк шабуылын» басқарды, сондай-ақ Қандыағаш, Ембі қорғансын, Колчакқа қарсы шабуылды ұйымдастырды. III Бұзылық кеңес полкі 31 Түркістан дивизиясымен қосылды, оны бұрынғы Питер жұмысшысы К.В.Зиновьев басқарды. Колчак әскерлеріне тойтарыс бере отырып, Дутовтың әскерлерін Линовицкіде, Шевченкода, Қарашайда, Қартаусайда ойсырата жеңіп, Дмитриев пен Вереннен қуып шықты. Үлкен шайқас Аққұдық үшін басталды. Бұл майдан туралы рота командирі Федор Самгонович Кольук кейіннен былай деп еске алды: «...Біздің полк Ақтөбе бағытындағы темір жол бойында әскери қимыл жасады. Ақтар жаңа күштерін жинақтап шабуылға шықты. Майданның бір шетін атты әскерлер ұстады. Шабуылды зеңбіректер батареясы қостады. Дегенмен біздің атқыштар бөлімшесі жауға бірнеше оқ жаудыра отырып, қарсы шабуылға шықты. Қарсы жауған оққа шыдай алмаған жау беттерін қайта бұрып, каша жөнелді.

Мұнан кейінгі күшті соғыс Рыбаковка селосы маңында болды. Жау соңғы күштерін жинастырып шабуылға көшті. Қызылдардың батальонына қарсы Кольчактар жағына ауысты, ол ақтардың жеңілуіне әкеп соқтырды.

Ақтөбеге шабуылдың жемісті болуы Жайсаң-Вознесен бағытындағы 2 күндік ұрысқа байланысты болды. Мұны шешу 210-атқыштар полкіне берілді. Өйткені, жаудың күші 2 есеге артық болатын-ды. Жағдай өте ауыр және қауіпті болды. Бұл жөнінде В.Вершин мен Д.Лебединский былай деп жазды: «Жау күшінің басымдылығы атты әскер полкін кейін ығыстыра бастады. 1-ші батальон шегінуге мәжбүр болды. Осы сәтте полк командирі Степан Пацек резервте тұрған 2-батальонды жедел көтеріп, 1-батальонға және 10 -атты әскер полкіне көмекке жіберді. Жау жақын қалды. Осы уақытта полк командирі өзі атқа мініп, бір топ әскермен жауға қылышын сермей уралап қарсы шабуылға шықты. Жаумен бетпе-бет кезуге бірнеше адым қалғанда, жау оғынан құлады. Ат тоқтап қалды. Бірақ полк түгелімен жауға шабуылға шықты. Қол соғысы қызылдардың жеңуімен аяқталды. 24.XII. 1919ж. С.Пацек Орынборда қайтыс болды. Т.ж. алаңында жерленді». Бұл кезде ол 24 жаста еді. Колчактың таңдаулы оңтүстік армиясын Вознесеновке түбінде «Талқандау-3» атты әскер дивизиясының шапшаң

қимылдап 2 қыркүйек күні Ақтөбені жаудан босатуға көмектесті. Жау қайткен күнде де т. ж. алаңында жерленді». Колчактың таңдаулы оңтүстік армиясын Вознесеневке түбінде «Талқандау-3» атты әскер дивизиясының шапшаң қимылдап 2 қыркүйек күні Ақтөбені жаудан босатуға көмектесті. Жау қайткен күнде де т.ж. бұзуды көздеп, шабуылды тоқтатпады. Қызыл әскер жаудың бағдарламасын орындатпай қойды. Свободный селосы үшін соғыс 3 күнге созылды. Ауылдар қолдан-қолға көшіп отырды. 1918ж. қазан айында I-Ақтөбе «қызылдар» тобы I-Торғай полкімен біріктірілді. Олар Қурайлы-Қандыағашты қорғады. Кейін полк 31 түрік дивизиясымен қосылып, Бөгірслан-Биебей-Уфа-Воронеж-Дондағы Ростовқа қарай бет алды. Ақтармен шиеленіскен шайқас Жайсаңнан басталды. Ең алдымен, осында орналасқан ақ гвардияшылар штабын талқандаудан басталды. «Ақтар» Сегірін мен Ақбұлақты қолдан бермеуге тырысты. Бірақ Гришаев басқарған зеңбірекшілер жауды оқтың астында ұстады, ал атты эскадрон күрт шабуылға кірісті. Дутовшылар қалай бастағанда да Жайсаңды қайтарудың жолын іздеді. Бұл майданды басқаруға атаман Дутовтың өзі қатысты. Қараңғы түнді пайдаланып, жер бауырлай жүріп Жайсаңға бет алды. Таңсәріде «қызылдар» «ақтарды» оқпен қарсы алды. Қызыл әскерлер мен III мадьяр ұлттық тобы жауды Сегірін мен Ақбұлақтан қуып шығып, Тұзтөбеге қарай ығыстырды. Т. ж. үстінде «Смелый» бронепоезды алда жүріп отырды. 7.11.1918ж. кеңес үкіметінің орнағанына 1 жыл толды. Бұл күні ауылдарды түрлі жиналыстар мен митингілер өтіп жатты. Нагорный ауылының тұрғындары да кеңсе алдында жиналды. Кеңсе алдында Қызыл Ту желбіреді. Батарей командирі Перизка мәжіліс құрметіне ие болып, трибунаға көтеріле бергенде Електің арғы бстіндегі №36 т.ж.бекетінен зеңбірек тең оқ атылды. Батарей командирі 8 зеңбірекке оған жауап берді. Ақтар тайып тұрды. Көп ұзамай қыс келді. Қыспен бірге аяз келді. Ақтөбе майданына Ә.Жангелдин Мәскеуден (Астрахань, Каспий теңізі, Шалқар арқылы) қару-жарақ әкелді. Соғыс қимылына үлкен көмек көрсетті. 1918ж. қаңтарында Орынбор, сәуірде Уфа қалалары жаудан босатылды. Соғыс 19.04 Воронежге ауысты. Мәртектің солдатты 9.01.20ж. Ростовты алып, Солтүстік Кавказға аяқ басты. Құрамында мәртектің бар I - кеңес полкі басмаштардың желігін басу үшін Орта Азияға аттанды.

## ӨТКЕН ЖЫЛДАР ТАҒЛЫМЫ

Бұдан 74 жыл бұрын яғни 1934 жылғы 23 желтоқсанда Ақтөбе облыстық атқару комитетінің президиумы ВКП (б) Орталық Комитетінің 1934 жылғы 25-28 қарашадағы пленумының "Аудандарды ірілендіру арқылы аудан

басшылығын өндіріске жақындау туралы" нұсқауы негізінде және Орталық атқару комитетінің 1934 жылғы 2 желтоқсандағы «Орынбор облысын құру туралы» қаулысына сәйкес бұрынғы Ақбұлақ ауданының шекарасынан Мартөк ауданын құрды. Аудан орталығы Орынбор теміржолының Мартөк стансасы болды. Ауданда 29 ауылдық Совет, барлығы 5485 түтін, 23051 адам болды. Егіс алқабы 5865 гектар еді.

Өткен тарих беттерін парақтай отырып, аудан тарихымен танысқанда оның уақытпен бірдей қадам басқанына қуанасың. Бір кездерде «патриархалдық, жартылай жабайылық және нағыз жабайылық жайлаған жер» деп аталып келген бұл өлке сол 74 жыл ішінде жоғары мәдениетті, егін және мал шаруашылығы қарышты дамыған өлкеге айналды. Аудан қалай өсіп-өркендеді, оның атақ-даңқын көтеру үшін қаншама еңбек сіңірілді? Бұл жөнінде білу артық болмас еді. Ауданның өткен күндері ерліктерге толы, бүгінгі көз қуанарлық, болашағы жарқын. Оны біздің балаларымыз, ұрпақтарымыз толық баянлап, жазатын болады.

Аудандық атқару комитетінің "Мартөк ауданындағы 1934-35 жылдардағы малдың өсімі туралы" құжатында былай делінген. "1935 жылдың 1 қаңтарына Мартөк ауданының аумағында 11995 ірі қара, 7825 қой, 1889 шошқа, 162 түйе, 1863 бас жылқы болды".

Бұдан 60 жыл бұрын аудан мемлекетке 17194 центнер сүт, 7801 центнер ет, 116943 центнер астық сатты. Тек қана Дзержинский атындағы және "Междуреченский" совхоздарының өзі тапсырмадағыдан ауыл шаруашылығы өнімдерін әлдеқайда артық тапсырды.

Ол кездерде совхоздардың қуаты аз еді. Әрбір шаруашылықтың жері 1000-1200 гектар болды. 1934 жылы "Құмсай" колхозында небәрі үш ат, төрт түйе, 4 өгіз, он жеті сиыр, тоғыз бұзау, ал «Қызылжар» колхозында 33 жұмысқа жегетін өгіз, бір ат бар болатын.

Бірақ ұжымдық шаруашылықтар жыл санап нығая түсті де, социалистік экономиканың айқын жолына шықты. Тракторлардың да саны көбейіп, колхозшылардың тұрмысы оңала бастады.

Аудандық «За большевистские колхозы» газетінің 1937 жылғы 7 қарашадағы санында "Мартөк ауданы Ұлы Октябрь социалистік революциясының 20 жылдығына қандай табыстармен келді" деген мақала шықты. Онда былай делінген: "Мартөк ауданында 59 колхоз бар, колхоздардың егіс алқабы ұлғайды. 1935 жылы аудан бойынша 60945 гектар, 1937 жылы 70284 гектар егіс егілді". Бұл қазіргіден екі есе аз. Колхоздардың көпшілігі машина-трактор станцияларының қызметін пайдаланады. Аудан колхоздарының далалықтарында 277 трактор, 107 комбайн жұмыс істейді. Ауданда 70 автомашина бар. Олардың 47-сі колхоздардың қарауында. 7 фельдшерлік пункт, арнайы кабинеттері бар аудандық амбулатория, дәріхана,

аудандық аурухана жұмыс істейді. 15 орындық әйелдер босанатын үйдің құрылысы аяқтала келді. Ауданда 54 бастауыш мектеп, 8 орталау, бір орта мектеп шәкірттерге тәрбие береді.

Халық ағарту жүйесінде 178 мұғалім жұмыс істеп, оларға аудандық оқу бөлімі жалпы басшылық жасайды. Инспекторлық сектор нұсқаушы-әдіскерден және мектеп инспекторынан тұрды. Оқу бөлімі селодағы мәдени-ағарту жұмыстарымен де айналысатын болғандықтан штатта саяси-ағарту жұмыстары жөніндегі инспектор да болды. Ол аудандағы кітапханаларға басшылық жасады. Бұл кітапханалар адамдарға білім беріп қана қоймай, оларды социалистік мәдениетке бағыттады. Осындай жылжымалы бір кітапханада Федор Федорович Озмитель менгеруші болды. 1935 жылы аудандық оқу бөлімін Т. М. Исимеев басқарды.

30-жылдардың аяғында 2 кітапхана, 25 оқу үйі, 20 клуб, 3 киноқондырғы және 47 қызыл мүйіс жұмыс істеді. Аудандық оқу бөлімі 1935 жылы 8 марттағы №37 бұйрығымен барлық директорлардан, мектеп менгерушілерінен, мәдениет қызметкерлерінен сауаты аз, тіпті сауаты жоқ адамдардың тізімін алып, тұрғылықты жерлерде олардың оқуын ұйымдастыруды талап етті. Армия жасына дейінгі 1912-1913 жылы туған жастарды оқумен қамтуға айрықша көңіл бөлінді. Сауатсыздықты жою үшін мектептер ұйымдастырылды. С. Таймұқанов, А. А. Романенко, тағы басқалары осы жұмысқа тағайындалды. Тұрғылықты жерлерде ұйымдастырылған оқулар өз нәтижесін берді. Бұл жыл жастар үшін де, үлкендер үшін де сауаттылыққа, білімге ұмтылған жыл болды. Адамдар жұмыстан кейін мектепке барып, жермай шамның жарығымен оқу оқыды. Бірқатар жерлерде оқу жеке үйлерде ұйымдастырылды.

Халық ағарту ісінің басында өз еңбек жолын Горноводск бастауыш мектебінде бастаған В. И. Калюжный, Қараағаш бастауыш мектебінде ұстаздық еткен К. Бөлекбаев, ондаған жылдар халыққа білім ұрығын сепкен А. Сердюк, Н. Аманжолов сияқты тамаша педагогтар болды.

Ауыл шаруашылығының техникамен жарактандырылуы жыл өткен сайын жақсара түсті. Соғыстың алдындағы кезең қарбалас жұмыс жылдары болды. Көптеген мартөктіктер колхоз құрылысында тиімді еңбек етті. Олардың есімдері аудан ішінде ғана емес, ауданнан тысқары жерлерге де таныла бастады. Бүгін солардың есімдерін құрметпен еске алуға болады. Олар: "Заветы Ильича" колхозының сауыншысы Б. Жарманова, И. Кравченко, Шевченко колхозынан М. Бедная, М. Герасименко, А. Калимько. Бұлар 1936 жылдың қорытындысы бойынша ауданда алдыңғы орындарға шығып, өздеріне бекітілген сиырлардың әрқайсысынан 1787-1836 литрден сүт сауды. Ол кезде бұл өте жоғары керсеткіш еді. Озат шопандар "Степь"

колхозынан С. Снитко, "Социализм" колхозынан Н. Горобец әр койдан 3,5 килограмнан жүн қырықты.

533 гектардан 738 гектарға дейінгі жердің астығын орган Мартөк МТС-ның комбайншылары В. Сень, Н. Батура, И. Богатырев, И. Дрепко, М. Фисенко, И. Фисенкова, Ново-Федоровская МТС-ның комбайншысы А. Калюжныйға еліміздің егін шаруашылығы халық комиссары 1937 жылғы 7 сәуірдегі бұйрығымен "Комбайнмен астық орудың шебері" деген атақ берді. Аудандағы Ленин орденін алған алғашқы механизаторлардың қатарында "Социализм" колхозынан Н. Т. Махин бар. Ол бір маусымда 1030 гектар жер жыртып, нормасын 4 есеге артығымен орындаған. Ол озат тракторшылар мен комбайншылардың 1936 жылы Москвада өткен кеңесіне қатысты.

Ауыл шаруашылығы еңбеккерлері жыл сайын жоғары табыстарға ие болып отырды. 1939 жылдың қорытындысы бойынша ауданның 7 шаруашылығы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы көрмесіне қатысып, оның Құрмет кітабына жазылды. Бұлар – Буденный атындағы, "Красный скотовод", «Красный угол», "Путь революций" «Свет», Сталин атындағы және Шевченко атындағы колхоздар.

1937 жылғы 4 тамызда аудандық газетте "Біздің аудан үшінші бесжылдықта" деген мақала жарияланды. Бұнда да ауданның жетістіктері жөнінде былай делінген: "Үшінші бесжылдықта Мартөк ауданы бойынша көмір мен мұнай өндіретін кәсіпорын салу ұйғарылуда. Геологиялық барлау мәліметтері Мартөк ауданының жер қойнауында көмір (Студенческое селосы маңында) және мұнай (Жосада) қоры бар екенін көрсетеді. Сол сияқты кірпіш зауытын салу, известь күйдіру, көмір шығару, сыра қайнататын зауыт салу жобалануда. Ауыл шаруашылығы саласында үшінші бесжылдықта мыналар белгіленеді: мал шаруашылығы бойынша колхоз-шаруа секторында мал басын 45 есе, соның ішінде ірі қараны 3,5 есе, 4,5 есе көбейту.

## МАЙДАН МЕН ТЫЛДА

1941 ж. ыстық жазында «Правда» газетінде: Отан –анамызға қатер төнгенде ол өз балаларын көмекке, қорғанысқа шақырады,-деп жазылды. Жылдар өткен соң балалар ата –аналарынан: «Сен сол қиын кезде не істедің? Қаһарлы жауды талқандауға қандай үлес қостың?» - деп сұрады деген жолдар болды.

Қаһарлы, да ұлы уақыт... Сол кезең туралы айту үшін басқа эпитеттер таңдап алу қиын.

Ұлы Отан соғысының жалынды жылдары алыстай берген сайын, біздер кеңес халқының жасаған ерлігінің ұлылығын сезіне түсеміз. «Ештен де

ұмытылмайды, ешкім де ұмыт қалмайды»-дейді біздің адамдар. Суық майдан отын кешкендердің, Жеңіс күнін жақындату үшін күні-түні тылда толассыз еңбек еткендердің көздеріне қарап тұрып: «Сіздердің ерліктеріңіздің алдында бас иеміз»-дейміз. Балаларыңызбен бен немерелеріңізге айтып жүріңіздер, бейбітшілік пен бақыт үшін жасаған ерліктеріңізді ұмытпай, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырсын.

Соғыс жылдарындағы газеттерді қараңыз. Оларға тері мен түгін иісі сіңген. Газет бетіндегі ұрандар мен үндеулер кеңес адамдарын майдан мен еңбек ерлігіне шақырды. Ұлы Отан соғысына 3200-ден астам біздің жерлестеріміз қатысып, майдан даласынан жартысынан азы қайта оралды. Соғыс жылдары 1500-ден астам мәртөктік жауынгерлер мен офицерлер марапатталған.

Төрт жерлесімізге Кеңес Одағының Батыры атағы берілген. Олар: ұшқыш Александр Григорьевич Батурин, Михаил Степанович Кожемякин, артеллерист Константин Яковлевич Губин, батыл барлаушы Федор Федорович Озмитель. Майданға кеткен әрбір адам туралы үлкен повесть жазуға болады. Олар соған лайықты.

Соғыстың алғашқы айларынан бастап біздің жерлестеріміз ержүректік пен батырлықтың үлгісін көрсетті. Бұл туралы аудандық «Большевиктік ұжымшарлар үшін» газеті мен редакцияға кейде келетін майдан газеттерінде жазылды, газеттер жауынгерлердің тума туыстарына жіберілетін.

Бұл туралы ауданымыздың газеті бетінде жүйелі басылып майдангерлер хаттары көбірек жазылып келді.

Хаттар алыс майдан мен тылды байланыстырып тұрған жалғыз хабар көзі еді. Кішкентай қағазға асығыс, кейде аяқталмаған, дәрі мен түгін иісі сіңген бір жапырақ хат бір ғана отбасы емес, кейде бүкіл село, ұжымшар күткен аманат еді. Газет беттеріне басылып шыққан хаттар үлкен ұйымдастыру қайрат көзі болатын. Бұл хаттарда кешегі ұжымшаршылар мен жұмысшылар, мұғалімдер мен дәрігерлер өздерінің ерліктері туралы жазып, тылдағыларды жеңіс жолында аянбай еңбек етуге шақырып отырды.

Соғыстың алғашқы күндері, 1945 жылдың тамызында, жерлесіміздің танкист В.Швачкодан, кейін тағы бір жерлесіміз Т.П.Божкодан хат келді. Екеуі де жауды аяусыз қыратындығы, тылдағыларды еңбекке шақыратындығын жазған.

Өз хатында жерлесіміз, қызыләскерлік З.Ибраев: «Біздер, социалистік Отанымыздың қорғаушылары, жауды талқандауда қанымызды да, жанымызды аямаймыз», - деп жазды.

1942 ж. 1 қаңтарында аупартком хатшысы Королев пен ЛКЖО-ның ауком хатшысы Нечитало атына майданнан комсомол түлегі, партия кандидаты, Сталин атындағы ұжымшар бригадирі сержант Зобенко Иван Василиевичтің



ерліктері туралы жазылған хат келді. (Зобенко И.В. жолдас шайқаста жараланғанына карамастан фашистерді аяусыз жайратты. Жау әскері бірінен соң бірі большевик колынан ажал тауып жатты. Осы ерлігі үшін И.В. Зобенко Партия мен үкімет атынан «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталды», деп мақтанышпен 103 отряд политругі С.П. Усенко мен жауынгер И.А. Медведев баяндап, тума туыстарына жеткізуін сұраған. Аудандық партия комитеті Зобенконың тума-туыстарын құттықтап, партия хатшысы, комсомол ұйымдары мен ұжымшар төрағасына алғыс хат жазады.

Оңтүстік-Батыс майданында жерлесіміз П.С.Логвиенко ерлікпен шайқасып жүрді. Қаһарлы 1941ж. оның төсіне екі жауынгерлік орден – «Қызыл Ту» және «Қызыл Жұлдыз» ордендері тағылды. 1941ж. күзі мен 1942ж. қысында Отанымыздың астанасы Москваны және басқа да қалаларды қорғай жүріп, жас офицер, авиация штурманы, жерлесіміз М.С.Кожемякин көзге түсіп, ерлігі мен тапсырманы мүлтіксіз орындағаны үшін Кеңес Одағының Батыры атағын алды.

Өзінің бомбалық соққысының күшін Ленинград, Брянск және Батыс майдандарында көрсетіп, жау күшіне айтарлықтай нұқсан келтірді. Басшылықтың ең қиын деген тапсырмаларын орындайды.

122 жеке, 1498 полк қатарында ұшуларын үлгілі орындағаны үшін, ұшу топтарына бастау бергені үшін, тапсырмаларды орындағанда көрсеткен батылдығы мен ержүректігі үшін 1945 ж. 27 маусымында Кожемякинге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Соғыстан кейін ол Әскери Әуе флотының қатарында қалып, жаңа әскери ұшқыш ұрпақтарын дайындайды.

1942ж. қиын қысында басшылықтың тапсырмаларымен жау тылында соғысқан жерлесіміз соғысқа дейін, Линовицк мектебінің мұғалімі болған, соғыста барлаушы болып, көптеген ерлік істер көрсеткен.

1942 жылдың ақпанында оны 17 топтың бірінің басшысы ретінде неміс тылына, гитлершілдердің тактикалық ойларын білуге, жаудың тірі және техникалық күшіне соққы беруге, немістердің негізгі коммуникациясын жоюға, стратегиялық темір жол үшбұрышы (Смоленск, Витебеск, Орша) аумағындағы гитлершілдермен күресуге арнайы жіберілді. Ф.Ф.Озмитель бастаған «Грозный» отряды жауға қатерлі соққы беріп отырды. Аз уақыттың ішінде 9 эшелон аударылып, 229 жауынгер мен платформалар істен шығарылып, 60-тан астам вагон мен жүзге жуық автомашиналар жойылды. Москва-Минск автострадасы үш рет жарылып, 15 рет Берлин-Майдан жер асты кабелі істен шықты. Сонымен қатар отряд бірнеше жүз гитлершілдерді жойып ондаған фашист агенттері мен полицейлерінің бетін ашып, жау әскерінің қимылдары туралы маңызды ақпарат берді. Отрядтың қимылына неміс басшылары қатты алаң болды. отрядқа қарсы дивизия құрамында

жазалау экспедициясы жіберілді. Бірнеше ұрыстарды сәтті өткізіп, отряд басшылық бұйрығымен баяғы орнына жылжыды. 1943 ж. мамыр айында аға лейтенант Ф.Ф.Озмитель Мәскеудің бұйрығымен тәжірибелі партизан ретінде жаңа құрылған арнайы отряды басқарып, немістер окупациялаған Орша-Борисов ауданына жіберілді. Тағы да көпірлер мен әскери эшалондар көкке ұшып, қару-жарақ қоймалары мен фашист штабтары, жау солдаттары жойлады.

1944ж. маусым айында Минск облысында жазалаушылардың үлкен күші бірнеше партизан отрядын қоршап алады. Партизандар үш бірдей шеңберді бұзып Ф.Ф.Озмитель отряды жасаған «өткел-дәліз» арқылы біраз жауынгерлер шығып үлгерді. Тек отряд командирі шығып үлгермеді, оның екі бірдей аяғын пулемет жаралап кетті. Достары оны лып шыққысы келіп еді, бірақ ол отрядты жауып тұру үшін артта қалды. Оқ-дәрілер біткен соң Ф.Ф.Озмитель ең соңғы гранатасымен фашистермен қоса өзін-өзі жарып жіберді. 1944ж. 5 қарашасында КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының Жарлығымен аға лейтенант Ф.Ф.Озмительге арнайы тапсырмаларды үлгілі орындағаны үшін, жау тылында көрсеткен ерлігі мен батырлығы үшін өлгеннен кейін Кеңес Одағының Батыры атағын берді. Әрине, соғыс жылдары жерлесіміздің ерлігін онша көп ешкім біле берген жоқ, тек жеңістен кейін оның жауынгер достары, А.Казницкий мен Л.О.Розенберг және т.б. Озмительдің ерліктері туралы айтып берді.

Мәртөктік Иван Седенко 18 жасында орта мектепті бітіргесін майданға аттанды. Жас офицер 1942 жылы көрсеткен ержүректігі үшін екі мәрте «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталып үлгерген. Ол Сталинград түбінде соғысып, Белоруссияны азат етуге қатысып, 1944 ж. жазда Белоруссияда жау оғынан қаза табады.

Біздің жерлестеріміздің ішінен алғашқы Кеңес Одағының Батыры атағын алғандардың бірі-Александр Батурич. 1943ж. тамызында А.Батурич 560 әскери ұшуға шығып үлгерді. Балтикалық ұшқыштың жауынгерлік есебінде 1943ж. шілдесінде 22 жойылған жау ұшағы болды. Кеңес Одағының Батырының машинасының фюзельяжында 22 жұлдыз жылтылдап тұрды.

1943ж. маусымында «Снайпер» майдан газетінің бетіне жерлесіміз, Жаңа-Таң ұжымшарының бригадирі болған Қамаш Тағаниязов туралы мақала шықты. Мерген ретінде Қамаш Тағаниязов 11 неміс жауынгерін өлтіріп, танытқан ерлігі үшін «Жауынгерлік ерлігі үшін» медальмен марапатталды»-деп жазады.

1943 ж. мамырда «Красный Маяк» ұжымшарының төрағасы болған Жақсылық Қалиев: «Мен Ленинград майданының маңызды учаскелерінің бірінде жатырмын. Фашист жексұрындары мені үш жерден жаралады. Қазір

госпиталяда жатырмын, бірақ жақында қайтадан Ленин қаласы қорғаушылардың қасына қосыламын.

Менің взводом соғыс ұрыста жаудың 27 автомашинасын, 80 жүк тиелген арбасын, 27 неміс солдатын жайратты, осылардың ішінде 7 неміс солдатын өзім өлтірдім»-деп жазды.

1943ж. ыстық қаһарлы жазында Курск доғасында болған үлкен шайқастарға қатысқан жауынгерлердің қатарында біздің жерлестеріміз Михаил Егорович Закоморный, Григорий Максимович Васильев, Федор Максимович Ерошенколар болды. Қиын учаскеде болған ауыр ұрыстарды көрсеткен ерліктері үшін жоғары үкіметтік наградалармен марапатталған. 1944ж. батырларымыз Қызыл әскерге жаңа жеңістер алып келді. Жауды біздің жерден қуу басталды. Майданнан қуаныш пен жеңіске сенімділік толы хаттар ағылды.

1944ж. 7 қарашасында шыққан газеттің мерекелік санында Иван Сорокалеттің хаты жарияланды. Ол: «Қазан ауылынан Қызыл Әскер қатарына қосылғанымызға аз уақыт өткен жоқ. Бұл уақыт мен үшін бос өтпеді:соғыс уақытында мен немістің 5 «тигрін», 4 зеңбірегін және де көптеген қаруларын жойып, 300 гитлер жеңдетін мерт қылдым, сол үшін маған екі рет «Қызыл Жұлдыз» орденін берді»-деп жазды.

Өздерінің табыстары туралы басқа да жауынгерлер хат жазып тұрды. «Қыздар, біздерге хат жазып тұрыңдар»,-деп жазды бір топ жауынгерлер 1944 жылы. Неміс басқыншыларын қырмайынша қолымыздан қару тастамаймыз.

Бірінші Белорус және бірінші Прибалтика майдандарында көрсеткен ерлігі үшін офицер Петр Борисович Онищенко Жауынгерлік «Қызыл Ту», «Қызыл Жұлдыз», Александр Невский ордендерімен, 6 медальмен марапатталған.

Солтүстік-Кавказ майданында кәрі коммунист Петр Иванович Нагавкин немістерді жайратып жүрді. Оған «Қызыл Жұлдыз» және 5 медаль берілген.

Победа» ұжымшарының төрағасы болған, әскер офицер Василий Данилович Миняйло Мәскеу түбіндегі шайқастарға қатысып, Ресей мен Украинаның көптеген қалаларын азат еткен.

В.П.Меняйло батальонның саяси бөлімінің орынбасары болған. Батальонның жауынгерлік қимылдарынан үзінді келтіретін болсақ: «1943ж. желтоқсанның 2-сі мен 15-і аралығында батальон 80 шақырым ұрыс жолын жүріп, 5 танк, 25 бронемашина, 17 автомашина, 2 зеңбірек, 2 ауыр қару, 20 пулеметті құртып, 31 фашистің көзін жойған.

В.Д. Меняйло «Қызыл Жұлдыз», Ұлы Отан соғысының 1 және 2 дәрежелі орденімен Жауынгерлік «Қызыл Ту» және 7 медальмен марапатталған.

Мәскеу түбіндегі, Сталинград пен басқа да майдан учаскелерінде соғысқан, аға сержант, қазіргі зейнеткер Иван Филиппович Звонарев та танытқан ержүректігі мен батырлығы үшін екі Қызыл Жұлдыз және 5 медальмен марапатталған.

Соғыс ардагері Николай Кириллович Коменданттың төсін үш «Ерлігі үшін» медаль мен «Қызыл Жұлдыз» ордені безендіріп тұр.

Иван Семенович Толстов Мәскеу түбіндегі соғысқа, Вена мен басқа да қалаларды азат етуге қатысқан. Оның ерліктерін «Ерлігі үшін» медальмен, III дәрежелі Даңқ орденімен, 4 медальмен бағалады.

1945 ж. 14 қаңтарда Константин Яковлевич Губин Польшадағы Висла өзенінің арғы бетінің соңғы ұрысын өткізді. Қатты бекінген Пуловский платцдармындағы фашистерге Губин басқарған самоходкалар батареясы күшті соққы берді. Жаудың техникасы мен тірі күштері жойылды. Алған жарақатына карамастан К.Я.Губин соққы беруді доғармады. Көрсеткен ерлігі мен батырлығы үшін К.Я.Губинге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Ұлы Отан Соғысы 1418 күн мен түнге созылды. Сол күндері кешегі жұмысшылар мен ұжымшаршылар, қызметкерлер Қызыл Әскер қатарында соғысты. Әлемді фашизм құлдығынан құтқарды. Отанымыздың қорғанысына тұрған ұлы әскердің қатарында біздің ауданымыздың жауынгерлері болды. олар ұрпақтарының жарқын келешегі мен бақытты өмірі үшін аянбай күресіп, жандарын құрбан етті.

Соғыстың алғашқы айында-ақ ерлердің біразы майданға аттанып кетті. Жұмыс қолы, тракторшылар мен комбайншылар, жүргізушілер жетіспеді, техника аз болды. егістікке 1941 жылдың бай астығы пісіп тұрды.

1941 ж. 28-29 маусымда Қазақстан Компартиясы аупарткомының VI пленумы болып өтті. Баяндама жасаушылар аудандық партия комитетінің хатшысы Королев пен аудандық атқару комитетінің төрағасы К. Нұрлыхин не істеу керектігін, қойылған тапсырмалардың маңыздылығын атап өтті. Аудандық партия комитетінің хатшысы Королевтің баяндамасында: «Отан соғысы жағдайындағы Мәртөк ауданының большевиктерінің алға қойған мақсаты астықты барынша табысты жинап, мемлекетке тапсыру. Дүрбелеңге қарсы күресу керек. Осындай қиын қыстау кезінде заң бұзушылықты болдырмау қажет, заң бұзғандар Кеңес үкіметінің жауы ретінде қаралады»- делінген.

Әскерді керек-жарақпен қамтамасыз ету қиындығы ең бірінші соғыс күндерінен бастап әйелдер мен қарттардың, жасөспірімнің мойнына түсті. Адамдар бұны түсінді. Ондаған қыздар мен әйелдер тракторларға отырды. 1941ж. 30 маусымында Мәртөк МТС-ында Ақтөбе қаласы және Ақтөбе облысының жұмысшы әйелдеріне, ұжымшаршы әйелдеріне, барлық

еңбекшілерге арналған Ақтөбе облыстық еңбекшілер депутаты Кеңесі және Ақтөбе КП(БП) обкомының үндеуі талқыланды.

Шілде айында «Путь социализма» ұжымшарында 14 адам, «Сталин» ұжымшарында 11 адам оқыған қыз-келіншектерге арналған тракторшылар курсы жұмысын бастады. Шілденің аяғында «Буденный» ұжымшарының 10 қыз-келіншегі тракторға отырды, ал тракторшы Матрена Головченко, Татьяна Евдокимовскаялардың газет арқылы барлық әйелдерге солардың жолын ұстауға шақырды. «Заветы Ильича» ұжымшарынан Жапарова Жазық, Касянова Дәмеш және т.б. трактор оқуын бітіріп еңбек етті.

Комсомолдар мен жастар барлық жердегідей алдыңғы қатарда болды. Өз хатында «Степной пахарь» ұжымшарының комсомолдары «Барлығы Отан қорғанысына!»-деп ұран тастады.: Біздер «Степной пахарь» ұжымшарының комсомолдары, Ұлы Отан соғысы күндері өзімізді жұмылдырылған деп есептейміз. Ұйымымызда 18 адам-9 қыз және 9 ер балалар бар. Бәріміз Отан қорғанысын күшейту үшін ұжымшар даласында еңбек етіп, ұжымшардың нығаюына үлес қосамыз».

Әрі қарай қыздардың трактор, ұлдардың әскери іске үйреніп жатқандығы айтылады.

Мәртөк ауданы Жаңа Таң ауыл шаруашылық артелінің ұжымшаршы ерлері мен әйелдері Ақтөбе облысының барлық еңбекшілеріне: «Жолдастар, күштерімізді он есе күшейтейік, майданға көмегімізді он есе арттырайық. Біздің көмегімізбен қызыл әскер жауды-герман фашизмін жеңуге керек нәрселермен қамтамасыз етеміз»,-деп үгіт жолдады. Еңбекшілер күштерін он есе өсірді. Тек әйелдер ғана емес, жастар мен мектеп оқушылары да аянбай еңбек етті. Сол жылдары балалардың жасаған игі істері туралы газетте көп жазылды.

Бірінші жылдары тылда қалған санаулы механизаторлар күні-түні ұйқысыз, демалыссыз еңбек етті.

1945ж, «Еңбектегі ерлігі үшін» медальмен марапатталған Мәртөк МТС комбайншысы Гусев Данил Трофимовичтің есімі құрмет тақтасы мен газет беттерінен түскен жоқ...

1945ж. Т.Д.Гусев «Социализм» ұжымшарында екі «Сталинец» комбайнның тіркеумен 820 га, ал комбайншы Богатырев 740 га жер орды. Комбайншы Ф.Пчела, А.Усенко, А.Иваницкий, Е.Опря, Н.Попик, Екатерина Воробьевскаялар есіл еңбек үлгісін көрсетті.

Жаңа Елек ұжымшарының тракторшылары Мусина Ағасын, Третьяченко мен Ольга Швачколар 1941 ж. күзінде 266-390 га жер жыртып, 120-200 кг жанар-жағар май үнемдеп қалды.

Майдан мен тыл... Соғыс жылдары олар тек бір оймен- жауды тез талқандаумен өмір кешті. Майдандағылар тылдағыларын ойлады. 1942ж.

жазында «Свет» ұжымшарының бақташысы болған Лаврентий Захарович Шабов та ауданға хат жолдады. Жеміс өнімдерін уақтылы және шығынсыз жинап алуға үндеу тастады. Оның жары Лидия Тотовна майданға кеткен күйеуін ауыстырды. Оның звеносы аянбай еңбек етті. Сол жылы көкөніс пен картоптан бітік, күшті шығып, адамдар уақтылы жинап алуға тырысты. Майданға тек астық қана жинап қойған жоқ, ақшалай, заттай да көмек берді. Лаврентий Шабовтан жерлестері оған ұжымшар жағдайы туралы, Ленинградтың ержүрек қорғаушыларына 236 кг ет, 157 центнер астық пен азық-түлік жібергендерін жазды.

Гвардия аға лейтенанты Кранданов та: «Тылда гвардиялықтардай еңбек етіңдер!»-деп үндеу тастады. «Гвардияшылардай соғысу дегеніміз: халық үшін, Отан үшін қаны мен жанын аямау, жерлестер, сіздер тек гвардиялықтардай еңбек етулерің керек, бұл Отанымыздың, батырмайдангерлердің талабы», -деп жазды.

1944ж. сәуірінде біздің газетімізде: «Күн сайын екі норма беру тракторшыларға заң болғандай», -деген жолдар болды. «Красный пахарь» ұжымшарында ерлі-зайыпта Усиковтар озаттар арасында құрметті орынға ие болды.

6 күн ішінде Ксения мен Федор Усиковтар «Универсал» тракторында 90 га норманың орнына 185 га жер тұқым септі. Федордың ағасы Иван Усиков та бір жарым, екі норма орындалды.

4. Соғыс жылдары құрамының көп бөлігіне қыз-келіншектер, жасөспірімдер кірген ондаған комсомол –жастар бригадалары мен звенолары құрылды.

Өз істерімен «Путь социализма» ұжымшарының Дмитрий Белый бригадасының атағы бүкіл облысқа жайылды. Бұл бригада құрамында негізінде қыздар еңбек еткен. 1943ж. жоғары көрсеткіштері үшін бригада ЛКЖО ОК Құрмет грамотасын алды. Сол жылы Дмитрий Белый бригадасына Мәртөк МТС-ның көшпелі Қызыл Ту табыс етілді.

Осы бригаданың тракторшы қыздары Анастасия Белая, Анна Васильченко, Анна Герасименко, Вера Горуктар ерінбей еткен еңбектерімен көзге түсті.

«Завета Ильича» ұжымшарының Мария Стротинская бастаған қыздар трактор бригадасы да алдыңғы қатарда болды. бригаданың көбісі сол кездері 16-17 жастан жаңа аскандар болды.

1944 ж. бригада жылдық тапсырманы 150 пайызға орындап, Наркомзем сыйлығына ие болды. осы бригада тракторшысы Вера Петухова өзінің ХТЗ тракторында жылдық тапсырманы 153 пайызға орындап, 583 кг жанар-жағар майды үнемдеді, оның құрбысы Анастасия Деньга да жоғарғы көрсеткіштерді көрсетті.

Дзержинский атындағы ұжымшарындағы Федор Пчеланың, «Красный пахарь» ұжымшарындағы В.П.Пономаренконың, «Зеленый Гай» ұжымшарындағы Дуся Кольницкаяның комсомол-жастар бригадалары мен звенолары есіл еңбектерімен көзге түсті.

Адамдарға нан табу қиынға соқты, жұмыс қолы мен техника жетіспеді. Жерді жылқымен, бұқа-сиырмен жыртып жүрді. Газеттің мәлімдеуінше, «Қазақстан» ұжымшарында негізінен жануарлар есебінен егіс егеді екен. Жұмысқа 166 бас мал жұмылдырылған, соның ішінде ұжымшаршылардың сиырларында болған. Осы ұжымшардың коммунисі Мактым Әбілова басқарған бригадасы 1943 жылдың 10 майында жоспардағы 193 га орнына 210 га жер жыртып, 316 га егін сепкен.

Құрамындағы Катя, Алексей, 12жастағы Вася, Екатерина Бондарева бригадасы да алдыңғы қатардан табыла білді. Олар соқа басына 1,5 га орнына 2,5-2,6 га жер жыртып, ол 12 жасар Вася озат тырмалаушылардың қатарында болған.

Дзержинский сиыр мен жер жыртуда Ульяна Пчела, Вера Мельник, Евгения Солошенколар тапсырмадағы 0,95 гектар орнына 1,5 гектар жер жыртып көзге түскен. Оларға Миша Пчела мен Ваня Клипенштейн жақсы қолқанат болған.

Жеңісті 1945 ж. аудан дикандары Отанымызды жоғары дәнді –дақыл түсімімен қуантты. Жайсаң МТС-ң Мария Геращенко, Пилагея Кинко, Әлима Қабаевалардың звенолары, Мәртөк МТС-ң Вн.Н.Пономаренко мен Мария Величко бригадалары әр гектардан 25-30 центнер өнім алды. Мәртөктіктер тек қана нан өсіріп қана қойған жоқ. Жыл сайын Мәртөктіктер Отанымызға 100-деген тонна сүт беріп отырды. Мал өсірушілер де ауыр жағдайда болды. Жем-шөп, азық-түлік пен техника жетіспеді. Сонда да аянбай еңбек етіп, керемет батырлық танытты.

Соғысқа дейінгі жылдардың өзінде «Свет» ұжымшарының шошқа бағушысы Дария Васильевна Марченконың атағы ауданға әйгілі еді. соғыс жылдары ол шошқа фермасын басқарған. 1940ж. Дария Васильевна БАШК комитетінен күміс медаль мен 1000 сом сыйақы алды, ал ұжымшарға II дәрежелі диплом және сыйақы ретінде 5мың сом мен мотоцикл берген.

Жоғары көрсеткіштер үшін Д.В.Марченко 1944ж. Бүкілодақтық Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің мүшесі болу мәртебесіне ие болды. Дария Васильевна аудан бойынша ең жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізді, сонымен қатар шошқа фермасында оның көмекшілері Анастасия Мельникова мен Мария Ищенко да аянбай еңбек етті.

1943ж. «Степь» ұжымшарының МТФ меңгерушісі, кейін Социалистік Еңбек Ері атағын Мария Михайловна Чипегина, шошқашылар А. Морозова

мен М. Назаренколарды бір мезгілден 1942ж. 17 торай алғандары үшін газетіміз «Мал өсіру стахановшылары» деп атады.

«Красный Октябрь» ұжымшарының шошқашысы Надежда Ефимовна Якунина 26 мезгілден 350 торай алып өсірген.

1943ж. «Крестьянин» ұжымшарының шопаны Рылай Моисей 100 қойдан 134 қозыдан алған.

Жоғары сүт сауу көрсеткіштеріне «Свет» ұжымшарының сауыншылары Ксения Камышникова, Наталья Козыдуб, Полина Дюба, Шевченко атындағы ұжымшар сауыншылары Мария Герасименко, Евдокия Черная, «Крестьянин» ұжымшарынан Анна Рудая не болды.

Соғыстың қиындығына карамастан «Крестьянин», «Красный Пахарь», «Социализм» және т.б. ұжымшарлар жоспарларды сәтті орындап жүрді. 1945 ж. «Социализм» ұжымшары ауданда 1-ші болып астық жеткізу жоспарын орындап 40мың пұт астық жөнелтті. Ұжымшардың көрсеткен жоғары көрсеткіштер үшін оның төрағасы Андрей Емельянович Репалов 1945ж. Ленин орденімен, ал «Красный Пахарь» ұжымшарының төрағасы Василий Иванович Резепкин Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталды.

Қиын соғыс жылдары әйелдер тек егістер мен фермаларда еңбек етіп қоймай, сонымен қатар олар қиын учаскелерді басқарып, звено, бригада, селолық Кеңес басшылығында болды. 1943ж. басқару жұмыстарында 83 әйел, оның ішінде 21 қазақ қыз-келіншегі болған. Ферма менгерушісі, ұжымшар төрағасының орынбасары болып 22 әйел, денсаулық сақтау және халықтың білім беру басқармасында 18 әйел, ұжымшар төрағасы болып 2 әйел, селолық Кеңес төрағасы болып 7 әйел қызмет етті.

Аудандық партком жанындағы қайта даярлау курстарынан 129 адам өтті, солар ішінде ұжымшар төрағалары, бригадирлер, звеношылар, агротехниктер болды, солардың жартысында көбінде әйелдер болды.

Майдан азық-түлікті көптеп қажет етті. Мәртөктің өндіру мен жеткізуді қамтамасыз ету үшін қолдан келгеннің бәрін жасады. Дәнді-дақылдар мен көкөністен түсетін өнімді арттырудың бірден-бір жолы суармалы алқаптарды игеру болатын. Тек 1 жыл ішінде тары егу үшін 1200 га жер игерілді. 1944 ж. аудан бойынша бұл көрсеткіш 2271 га жетті. Үлкен учаскелерді «Путь Социализма», «Жаңатан», «Красный маяк», «Интернационал», «Буденный» атындағы, «Социализм» ұжымшарлары игерді. Көптеген суармалы алқаптардан тары, картоптан мол өнім алынды. «Жаңатан» ұжымшарының Қарасай Шақанов звеносы суармалы 8 га Берсиев тарысының әр га-нан 120 центнерден өнім алып, звеношы Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталды. «Свет» ұжымшарының А. Тимошенко басқарған звеносы 5 га жерден 100 центнер тары жинады. Ал «Құмсай» ұжымшарының Даулетиярова звеносы 3,5 га жерден 200 центнер картоп алды. «Степь»



ұжымшарының Анна Лашь звеносы да картоп пен көкөніс өндіруден жоғарғы көрсеткіштерге жетті.

Қолайсыз 1944 ж. өзінде «Социализм» ұжымшарының Мария Величко звеносы суармалы алқаптан 24 центнер тары жинады.

Өнімді арттыру жұмыстар көптеген жұмыс қолын қажет етті. Әйелдер, балалармен қатар қарт адамдар да далалар мен фермаларда аяныбай еңбек етті.

1944 ж. қаңтарында Мәртөкте 150 адам қатысқан аудандық қарт ұжымшаршылар жиналысы болып өтті. Қарт ұжымшаршылардың үндеуі Ақтөбе облысының бүкіл егде жастағы ұжымшаршыларына арналды: «Біздің балаларымыз бен немерелеріміз Отан қорғау үшін майданға кетті. Ұжымшар шаруашылығы біздің, қарттардың, әйелдер мен жасөспірімдердің мойнында қалды. Біздер қарттар ақ шашымызбен абыройсыздықта қалмаймыз!». Ардагерлер ұятқа қалмады. «Тораңғұл» ұжымшарының 72 жасар тарышысы Бердәлі Мүсірәлин, «Ударник» ұжымшарының малшысы 68 жастағы Яков Эчин, «Украинец» ұжымшарының бригадирі 65 жасар Василий Приходько, «Красный Пахарь» ұжымшарының шаруасы 77 жастағы Зиновий Усик және т.б. жұмыстарда жастардан қалыспады.

Соғыстың сұрапыл жылдарында біздің жерлестеріміздің ерен еңбегінің арқасында мал мен көкөніс, астық өнімдерінің түсімі жақсарып, көбейе түсті.

Аупарткомының, ауаткомының басшылығымен ауданымызда майданға жаппай қаржы жинау қозғалысы болды. Қызыл Әскер жауынгерлеріне ақшалай, заттай сыйлықтар жиналып, азат етілген аудандарға, жетім-жесірлерге қолдан келген көмек көрсетіліп отырды.

Қорғаныс қорына нан, ет және т.б. азық-түліктер жинады. «Қазақстан ұжымшаршысы» танк колоннасын құру үшін патриоттық қозғалыс басталды, жинақтар, бағалы заттар тапсыру басталып кетті. Осындай игі істің негізін салған Сталин атындағы ұжымшардың ұжымшаршысы Трофим Козока болды. Ол танк колоннасын салуға өзінің жеке жинағынан 60мың сом ақша, 40 пұт астық берді. Ұжымшаршы-патриоттың соңынан оның жерлестері ерді. Зинченко Савелий 30мың сом ақша, 30 пұт астық, 6 га жерге егуге тұқым берді. Погребная Анна 40 мың сом ақша, 12 пұт астық 8 га жерге тұқым берді.

«Степной Пахарь» ұжымшарының ұжымшаршылары Анастасия Ивановна Копача 50 мың сом ақша, Клавдия Глуханкина 25 мың сом үлес қосып, телеграммамен Жоғарғы қолбасшыдан алғыс хат алды.

«Свет» ұжымшарының ауданның озат шошқашысы Марченко Дария Васильевна танк колоннасын салуға 50 мың сомға үлес қосты. Мәртөк 7 жылдық мектебінің оқушылары «Мәртөк пионер» танкісін жасауға 12200 сом жинаған. Сол үшін Жоғарғы Қолбасшы И.В.Сталин алғысын білдірген.

Соғыс жылдары көмектеспеген адам болмаған шығар. Әркім қолынан келгенше көмектесуге тырысты.

Тек 1943 жылы Мәртөк ұжымшаршылары танк колоннасын салуға 2,5 млн сом жинаған.

Аупартком хатшысының атынан: «Мәртөк, Ақтөбе облысы Қазақ ССР-ы Мәртөк аупартком хатшысы Могилев жолдасқа. «Қазақстан ұжымшаршысы» танк колоннасын салуға 2,513.000 сом ақша, Қызыл Әскер қорына 11 688 пұт астық жинаған Мәртөк ауданының ұжымшаршыларына менің туыстық сәлемім мен Қызыл Әскердің шексіз алғысын жолдаймын. И.Сталин», – деген жеделхат келді.

Қызыл әскерге Мәртөктіктер жинақтарын ғана беріп қоймай, сонымен қатар жылы киімдер, азық – түлік салынған 100-деген сәлемдемелер жіберген.

1942 ж, 1 мамырында мәртөктіктер жауынгерлерге сыйлық ретінде 3 вагон зат жіберді: 1 вагон бидай, екіншісінде сөк, 3шісінде 260 сәлемдеме болды. сәлемдемелерде 320 кг шұжық, 266 кг сары май, 6440 жұмыртқа, 383 кг кептірілген нан болатын. Көптеген сәлемдемелер майданға ғана кеткен жоқ. Олар соғыстан зарлап шеккен аудандардың халқына да кетті.

Сталинград қаласының еңбекшілері Мәртөктіктерге үлкен алғыс хат жолдаған: «Сіздердің сталинградтықтарға көрсетіп жатқан қамқорлықтарыңыз қаһарман қаланың қайта құрушыларына жаңа еңбек ерлігін жасауға талпыныс берді».

1945ж. мамырдың 9 күні ауылдарға қуанышты хабар келіп жетті. Қанды соғыс аяқталды. Көптен күткен бейбітшілік күні туды. Соғыс майданынан жеңімпаздар оралды. Жарқын Жеңіс күніне жете алмағандар да жеткілікті еді.

## ТЫҢҒЕР БОЛЫП ТАБЫСТЫҚ

"Елімізде астық өндіруді одан әрі ұлғайту және тың және тыңайған жерлерді игеру туралы" тарихи қаулы халықтың өміріндегі маңызды оқиға болды. Біздің ауданда 1954-1955 жылдары 25 мың гектар тың және тыңайған жерлерді көтерудің нақты шаралары жасалды.

Тың және тыңайған жерлерді игеру қарсаңында біздің аудан облыстың сол кездегі экономикалық жағынан дамыған аудандарының бірі болатын. Колхоздардың табысы 1953 жылы 1952 жылғымен салыстырғанда 15,8 миллион сомға өсті, колхозшнлар еңбеккүнге 6 килограммнан астық және 2-ден 7,5 сомға дейін аша алды.

Сол жылдардағы ерікті жастардың патриоттық сезімін алғашқы тың игерушілердің бірі Мария Власова былай жеткізді: "Біз - жас ұрпақ өкілдері

алға қойылған міндеттерді абыроймен орындаймыз. Барлық қиындықтан барлық кедергілерден сүрінбей өтіп, өзімізге көрсетілген сенімді ақтаймыз!"

Шынында да, олардың көпшілігі өз ұжымдарының сенімін абыроймен аяқтап, тыңды бағындырушы деген жоғары атақты лайықты алып жүр. Мәртөк ауданына Воршиловград облысынан жолдамамен коммунист-отызымыншы Алексей Васильевич Лукьянов келді. Ол 22 жылдан астам Карл Маркс атындағы колхоздың төрағасы болып істеген. Сол сияқты коммунист-отызымыншылар Наговкин, Клавдиев, тағы басқалар тамаша еңбек етті.

Тың туралы әңгімелегенде әртүрлі лауазыммен осы істің басы-қасында басшылық жасаған, тыңды игеруге белсене қатысқан жандарды атамауға болмайды. Рас, олардың көбісі қазір заңды еңбек демалысына кетті, кейбіреулер бүгінде қатарда жоқ. Бүгінде Мәртөктіктер тың ардагерлерінің есімін құрметпен атайды. Олар:

Хвостов Михаил Ионович - аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, Бычков Александр Степанович - аудандық Совет атқару комитетінің төрағасы, Глухов Николай Сергеевич - аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, Клименко Федор Иванович - аудандық партия комитетінің МТС жөніндегі хатшысы.

Бұлардың қатарына бастауыш партия ұйымдарының хатшылары Андрей Игнатьевич Кравченко, Иван Афанасьевич Новиковты, Қасым Аамандықовты, Мәртөк МТС директоры Иван Потапович Пономаренко, МТС бас инженерлері Иван Иванович Ренерді, Виктор Иванович Моисеенко, агрономдар Николай Владимирович Лавровты, Николай Федорович Юревичті, Александр Давыдович Квиндті, Қамаш Балгазинді, Пимен Иванович Маценко қосуға болады. Колхоз төрағалары Василий Назарович Едаменко, Феодосий Иванович Брикун, Альберт Федорович Гофман, Петр Николаевич Горох, Евдокия Никитична Иващенко, тағы басқа көптеген ардагерлер тың игерушілердің көшін бастаушылар.

Энгельс атындағы колхозда тың көтерудің алғашқы күндерінен бастап Федор Силыч Гаврилко еңбек етті. Ұлы Отан соғысының ардагері 1954 жылы Запорожьеде келіп өзінің кейінгі бүкіл өмірін Қазақстанмен байланыстырды. Әрдайым жұмыстың керек учаскесінен табылып, бірде тіркемеші, бірде диірменші болды. Қай жерде жүрсе де елеулі еңбектің үлгісін танытты.

Сол кездегі одақтың әртүрлі облыстарынан келген Иван Михайлович Бородин, Геннадий Иванович Милютин, Алексей Григорьевич Куралдин (Ленин атындағы колхоздан), Александр Андреевич Колчин, Евгений Константинович Подоляя, Мария Павловна Волошенко, Зинаида Павловна

Козаченко, Николай Емельянович Шишени (Дзержинский атындағы колхоз) екпінді еңбек иелері еді.

Алғашқы тың игерушілердің үлкен бір тобы әр кездерде "Междуреченский" совхозына келді. Ол кезде бұл совхоз қазіргідей совхоз дәрежесінде емес болатын. Олардың ішінде Александр Прокопьевич Васильев еңбектегі үздік жетістіктері үшін II және III дәрежелі Еңбек Данқы орденімен наградталды. Яков Гаврилович Перунов, Евгений Фадорович Соколов, Николай Васильевич Соротник, Алексей Николаевич Липов, Иван Федорович Кузнецов екпінділер қатарында болды.

Осы шаруашылықта алғашқы тың игеруші Василий Степанович Осьмаков жұмыс істейді. Ол қазір село әкімі. Белгород облысында механизация училищесін бітіргеннен кейін Василий Степанович комсомолдық жолдамамен Шевченко МТС-ына келді. Ұзақ уақыт Шевченко атындағы колхозда механизатор болды, институт бітіргеннен кейін инженерлік лауазымдарда істеді, көп уақыт шаруашылықтың партия ұйымын басқарды.

Алғашқы тың игерушілердің 17-сі осы уақытқа дейін Жайсаң совхозында еңбек етеді. Анис Каюлович Скарбов Ленин орденімен, Чеслов Гудебский "Халықтар достығы" орденімен, Александр Прохорович Бутенко "Құрмет белгісі" орденімен наградталған. Қазір ауданда алғашқы тың игерушілер еңбек етпейтін шаруашылық жоқ.

Сол жылдары Энгельс атындағы және "Жаңа таң" колхоздарында тың игеруде жүрген А. А. Алекрицкий мен А. К. Скарбовтардың трактор бригадалары арасындағы жарыс, олардың жеткен табыстары жөнінде аудандық "Сталинское знамя" газеті бірнеше рет жазды. Бір ғана 1954 жылдың ішінде бұл бригадалар 2500 гектар жаңа жер өңдеді.

Тың игеру жұмысына жергілікті тұрғындар да белсене араласты. Солардың арасында И. Х. Қалимуллин кейін Дзержинский атындағы совхоздың директоры болды. Алғашқы жылдары ол трактор бригадаларын ұйымдастыруға тікелей қатысты да өзі бір бригадала бригадирдің көмекшісі міндетін атқарды. Одан кейін Жайсаң МТС-ында комсомол ұйымының хатшысы болды. Ибрагим Құсайынұлы өзі басқарған Дзержинский совхозын үлгілі шаруашылыққа айналдырып, кеудесіне Октябрь революциясы, үш Еңбек Қызыл Ту орденін тақты.

1955 жылдың аяғында ауданда 25 мың гектар тың және тыңайған жерлер игеру жоспары 5 мың гектарға артығымен орындалды. Ал алғашқы үш жылда аудан шаруашылықтарында 72 мың гектар жаңа жер игерілді.

Р.Ділмағанбетов,  
М.Тәжібаев.

### САУАТ АШУ, БІЛІМ БЕРУ

Мәдени мұраларды зерттейтін Ресей саяхатшылары, ғалымдар мен жазушылардың, археологтардың келе бастауы білім мен өнерге жол ашты. Дегенмен жергілікті халық өкілдерінің сауаты төзгісіз жағдайда қала берді. Оқи және жаза білу негізінен ақсүйектер мен дінбасылардың үлесіне тиді. Бұл кезде бастауыш мұсылман мектептері әлділердің меншігінде болып ауыл адамдарының, ата-аналардың қаражаттарымен жұмыс істеді. Оқудың негізгі мазмұны құран, әптік сүрелерінен жаттап, Мұхаммед пайғамбардың шаригатын насихаттаумен жалғасты.

Ауқаттылардың балалары Орынбор, Уфа, Ташкент қалаларында оқып, білім алды. Кейін жер жерде болыс, қадим мектептері ашыла бастады. XIX ғ. II жартысында Торғай облысында жеті болыстық мектеп жұмыс істеді. Қадим мектептер негізінен Қазан, Уфа қалаларында орналасты. Онымен қатар кей жерлерде қазақ орыс мектептері ашыла бастады. Мұнда оқулықтар орысша білім алуға ықпал жасады. 1879 ж. ашылған «Азиат мектебі» орыс әкімшілігіне, жергілікті халықтың дәулетті адамдарының балаларына тілмәш болуды, іс қағаздарды жүргізуге үйретті. Шығыс халықтары тілдерін үйретіп, жағрапияны, жер өлшеу білімдерін үйретті. XIX ғ. I жартысында Омбы, Орынбор қалаларында ашылған әскери училищелер қазақ жуандары балаларына тәлім-тәрбие берді. Училище шәкірттеріне әскери білімімен қатар тарих, әдебиет, физика, зоология, минералогия пәндерін, шет, шығыс халық тілдерін үйретті. 1850 ж. Орынборда шекара комиссиясының жанынан жеті жылдық мектеп ашылып, жергілікті отарлаушы орындарға кеңес хатшысын, тілмәш даярлады. Қабылданған 30 баланың ішінде Ыбырай Алтынсарин де болды. Ол кейіннен ұлттық мектеп ашып, оған оқу-әдістемелік құралдар шығарды. Алғашқы оқулығы 1879 ж. Орынборда басылып шықты. Кеңес дәуірінің алғашқы кезеңінде білім алуға жол ашылды.

Жер жерде «Қызыл керуен» жорыққа шығып, «Қызыл отау» тігілді. Оқу үйлері ашылды. Олар сауатсыздықпен күресе отырып жалшылар мен кедейлер арасында әсіресе, әйелдер мен жастар арасында жаңа өмірді насихаттап жаппай оқу – ағарту жұмыстарын жүргізіп отырды.

Діни оқулықтармен қатар бұл аймақта қазақтарға зиялы білім беру басталды. Осы мақсатта 1825 ж. 8 жылдық білім беретін Неплюев кадет корпусы ашылды. Оның тыңдаушылары болып атакты адамдардың балалары қабылданады. 1866 ж. бұл корпус әскери гимназияға айналған соң қазақ

балаларын оқыту тоқтатылды. Ал осы уақыт ішінде 28 қазақ баласы оқу орынын тәмамдап шықты. Ал мұның 6-уы ақтөбеліктер болатын.

1850ж. Орынбор қаласындағы шекаралық комиссия жанынан ашылған қазақ балалары үшін мектеп 1869 ж. дейін 48 қазақ баласын оқытып, тәрбиелеп шығарды. Әрине, қазақ даласындағы жергілікті халық баласын оқыту мәселесін Неплюев кадет корпусында да, Орынбор қазақ мектебі де, әскери қорғаныс орындары да шеше алған жоқ. Ашылған мектептерде патша үкіметі бұратана халық балаларының арасында орыстандыру, колониялық бұғауда ұстау мақсатын жүргізіп отырды. Дегенмен орыс халқының таңдаулы ұлдары мен қыздар қазақ халқына Еуропаның білімі мен мәдениетін жеткізуге, мұндай құндылықтарды меңгеруіне көмектесіп, бақты. Осы мақсатта Орынбор қаласында мұғалімдерді дайындап қана қойған жоқ, ауылдық, болыстық мектептердің ашылуына көмектесті. Осындай мектептер, Қаратоғай, Бөрте, Борлы болыстарының ауылдарында ашыла бастады.

Облыста тұңғыш мектеп 1864 ж. Ырғызда, одан кейін 1882ж. 23 қазанда Бөрте болысында ашылды. Тұңғыш ауылдық мектеп Қаратоғай болысының №2 ауылында 8.01.1893ж. ашылды. Оның мұғалімі болып Орынбор училищесін бітірген Меңдіханов келді. 1893-1905 ж.ж. Ақтөбе облысында 14 ауыл мектебі сауаттылардың қатарын 5468 адамға жеткізді.

Хазірет мешітінің түлегі Қазі Мыңкісіұлы (ол Ақтөбе уезі, Борлы болысы №3 ауылында, бұрынғы Амангелді ауылында туған) өзінің ауылында жұмысты молдалықтан бастап, балаларды мұсылманша оқытуға үйрете келе, кейін оқуды А. Байтұрсыновтың жаңаша оқуымен жалғастырды.

Аталмыш діни білім берушілердің бірі болған Хазірет ауылында Нұрфаис Байғариннің қолдауымен 1875-76ж.ж. тұрғызылған мешіт болды. Қаратоғай болысының Дәлетияр, Үмбетәлі, Бәйет мешіттері (қазіргі Құмсай ауылы), Күшікбай бойында Фаһрадин мешіті шаңырақ көтеріп, жұмыс істей бастады. Мұндай мешіттер Сынтас пен Жамбылда халық арасында ислам дінін кеңінен таратып қана қойған жоқ, жас ұрпақты араб тілінде оқытуға, жазуға үйретті. Ел жұрттың көшіп жүруіне байланысты оқу жылына 3-4 айға созылды. Негізгі оқу «Иманшарт» болды, онда діни ережелер оқытылды. Кейін орыс-қазақ тілін үйрететін «Тілмәштар» даярлайтын мектептер ашылды.

Ал кеңес кезеңіндегі мектепті мешіттен, мешітті мемлекеттен бөлу саясаты аудандағы мешіт жұмыстарын тоқтатып, дін үйлерін басқа мақсатта пайдаланып, олардың қирауына әкеліп соқтырды. Республикамыздың тәуелсіз ел болуына байланысты Нұрфаис мешіті қайта қалпына келтіріліп, Мәртөк селосында аудан жұртшылығының күшімен жаңа мешіт үйі (1998) бой көтерді. Оның құрылысын «Қызылжар» шаруа қожалығының басшысы Тұрмағамбет Сағызбаев басқарды.

Сонымен XIX ғ. II жартысынан бастап балаларды оқыту негізінен 3 бағытта жүргізілді.

**Біріншісі**—кадим немесе мұсылмандық мектептер: діни мектептер оқушыларға алғашқы білім берсе, Хазірет мешіті, Қадим мектебі ретінде-бастауыш мұсылман мектептерінің молдаларын, казиларын, шаригат заңын түсіндіретін қызметкерлерді даярлады. Ауылдық мектептер көшпелі өмірге бейімделіп, оқуды күз, қыс айларында жүргізді. Діни мектептерде оқу араб тілінде оқытылды.

**Екіншісі**—жаңашыл оқу, ол негізінен XIXғ. соңында XXғ. бас кезінде басталды. Орыс-қазақ мектептерінің негізгі мақсаты, Ресей үкіметіне қызмет ететін қызметкерлерді (тілмәштарды даярлап, ислам діні ықпалынан қорғауды көздеді). Ы.Алтынсарин білім берудің жаңа жүйесін жасау мақсатында 1889 ж. Орынборда қазақ мұғалімдері мектебін, мұғалімдер семинариясын (1903-1913) Ақтөбеде, Оралда құрды. Ұлт мектептерін дамыту мақсатында оқу құралдарын әзірлеу басталды. А.Байтұрсынов ұлттық мектептерге оқулықтар әзірлеуге белсене кірісті. Ол қазақ тіліндегі әліппені және өзге оқу құралдарын жазуды Орынбор қаласында ұйымдастырды. «Тіл құралы» 1914ж. жарық көрді. Бұл оқулықтың иегері Ы.Алтынсарин мен А.Байтұрсынов болды және жаңаша оқытудың негізін қалады.

**Үшіншісі**—оқу өзге жүргізіле бастады.бұл негізінен жергілікті емес халықтардың ауданға Қазаннан, Бессарабиядан, Украина мен Волга жағалауынан, Шешенстан мен Қырымнан, Ресейден келген татарлар мен бессарбтардың, украиндықтар мен орыстардың, шешендер мен Қырым татарларының, немістердің соғыс қарсаңында көптеп көшіп келуінің әсерінен оқу қазақ және орыс тілімен қатар, татар, шешен, неміс тілдерінде де жүргізілді. Көшпенділер негізінен XIX ғ. соңында XX ғ. бас кезінде ауданға келе бастады. Мектептерді қажетті мұғалімдермен толықтыру Орынбор, Ақбұлақ, Ақтөбе Пед. Техникумдарында Ақтөбе, Орал мұғалімдер даярлайтын институттар арқылы жүргізілді. Оқытуды ескі де жаңаша түрлерімен жұмыс істегендердің қатарына Медет Мұқанов, Ағнай Жанаев, Абылай Асауов т.б. болды. бұлар оқытуды араб тілінен бастап кейін латын тіліне ауыстырылып, 1940 жылдары оқуды орыс алфавитімен жүргізді, Кеңес үкіметінің 1919ж. «Сауатсыздықты жою» декретін орындауға белсене ат салысты. Олар күндіз жас ұрпақты оқытса, кешкісін ересектер арасындағы «Сауатсыздықты жою» күресімен айналысты. 1923-1924 ж.ж. ұлт мектебіне арналған Ахмет Байтұрсыновтың, Мағжан Жұмабаевтың оқулықтарын мектеп өміріне енгізу жұмысы да бұлардың еншісіне тиді.

XIX ғ. II жартысында татар халықтары өкілдерінің, XX ғ. бас кезінде поляк, украин, орыс халқының өкілдерінің жер іздеп келе бастауы, Орынбор-Ташкент теміржолының салынуы аудан халқы санын біраз өсіріп, діни

мектептермен бірге орыс тілінде оқитын мектептердің саны көбейгенмен, қазақ балаларын оқытудың жағдайы мәз бола қоймады. 100 баланың 2-уі ғана еді. Олардың өздері де ауқатты адамдардың балалары еді. шаруа балалары сауатсыз болып қала берді, өйткені, әдейі салынған мектеп үйлері болмады, ұлттық кадрлар жетіспеді. Қазақ қыздарының оқуы, ер балаларға қарағанда шектеулі болды. Балалар оқуының қиындай түсуінің тағы бір себебі көптеген жағдайда ауылдардың бытыраңқы орналасуында болса, екінші жағынан көшпенділігінде еді. соңғы жағдайға байланысты күз және қыс айларына көшірілді. Білім бастауыш сынып көлемінде беріліп, орталау не орта білім беретін мектептер, Қазан төңкерісіне дейін ашылмады. Орыс тілінде оқитын мектептердің ашылу тарихы өзгеше. 1904 ж. Украинадан, Астрахань өңірінен көшіп келгендердің бір тобы Вознесен селосына орналасты. Бірақ балаларын оқыта алмады: мектеп үйі де оқу құралдары да жоқ еді. келесі жылы шаруалар өз өкілдерін Орынбор земствосына жіберіп, мектеп ашу мәселесін шешті. 1906 ж. мектепке 25 бала келді. Арнаулы мектеп үйі болмағандықтан мектеп орны жыл сайын өзгеріп отырды. Вознесен мектебі 1-ші жылы Ақбұлақ көшесіндегі үйде болса, келесі жылы Кооператив көшесіндегі саудагер үйіне ауысты. Оқу жылы бітісімен бұл орынды тастап кетуге мәжбүр болды. шаруалар қайта-қайта Орынбор жеркомына барып, мектеп үйін салу мәселесін де шешті. 1907ж. Линовицк ауылындағы мектеп жеке адамның пәтеріне орналасты. Кейін де мектеп орны ауыстырыла берді. Мектеп үйі болмаса да ауылдағылар шіркеу салды, бірақ оған барушылар аз болғандықтан көбіне бос тұрды. Ново-Михайл, Бұлақ селосында мектеп жеке адамның үйлеріне орналастырылды. Ново-Федор бастауыш мектебінің оқу үйі болмағандықтан 1908ж ғана өз есігін оқушыларына ашты.

Патшалық Ресей кезіндегі оқуды «Қазақ КСР еңбегі сіңген мұғалімі П.Гришаева былай деп еске алды: «Мен 1905ж. бастап жұмыс жасап келемін, мен ол кезде 16 жаста едім. Түкпірдегі деревняда жұмыс жасадым. Мектеп үйі болмағандықтан, шаруа қожалығының пәтерінде оқытты. Оқытқан жерде үй иесінің өзі де, малдары да тұрды, парта орнына кесілген келте ағаш (чурбак) тұрды. Айына 15 сом алатын едім, ал мұндай түкке тұрмайтын көк тиынмен отбасымды асырау қиынға түсті. Кей күндері қара нан да болмайтын-ды. Патша тыңшылары ізімді бағатын болды. оқитындар ауқатты адамдардың балалары, ал кедей балаларының мектеп есігін ашуға жағдайы болмады. Сөйтіп, кедей балалары оқудан тыс қалып отырды». 1908-09ж.ж. Ақмоласай, Байнасай ауылдарында бастауыш мектептер ашылды,-бұлардың жағдайы мәз болмады. Дегенмен ауыл халқы мұғалімінің де тұрмыс жағдайы ерекше назар аударып, жақсартудың жолдарын іздеді. Ақмоласайда салынған мектеп үйінің бір бөлмесі мектепке берілсе, екіншісі мұғалімнің пәтеріне айналды. Сөйтіп, мұғалімге бөлме, кейде арнайы үй салынса, кейде пәтер



жаданылды. Әйтеуір мұғалімнің тұрмыс деңгейі жақсартудың жолдары іздестірілді.

Дегенмен, ауылдық жерден бастауыш мектеп ашу мәселесі кешеуілдей берді. Қаратоғай болысының №1 ауылында мектеп 1941 ж. Хлебодар ауылында 1922ж ашылды. Ашылған жылы Хлебодар мектебінің 1-ші сыныбында 8-16 жастағы 60 бала келді. 1914-15 оқу жылында бүкіл Ақтөбе уезі бойынша 148 мектеп болған болса, Мәртөк ауданында 10-ға жуық еді. Дегенмен, мектеп ашу қарқыны барған сайын өсе түсті. Білім алудың жолдары мен түрлеріне Қазан төңкерісі өзгерістер енгізді. Ең алдымен діни мектептер жабылып ересектер мектебі ашылды. Олар сауатсыздар және шала сауаттылар мектебі болып екіге бөлінді. Елімізде азамат соғысы мен шет елдер интервенциясы қызып жатқан кезде экономика әлсіреп, аштық белең алды, отын жетіспеді. Осыған қарамастан Халық Комиссарлар Кеңесі «Халықтың сауатсыздығын жою туралы» декрет қабылдады. 1920ж. жүргізген халық санағы елімізде сауатсыз адамдардың оның ішінде қазақтардың өте көп екенін көрсетті. Сауатсыздық еліміздің экономикасын әлеуметтік, мәдени өмірін дамытуға тұсау болды. Сондықтан сауатсыздықпен күресі – халықтық күреске айналды.

1920ж. республикамызда 2412 сауатсыздықты жою пункті ашылса, мұндайлар Мәртөкке де жетті. Ересек адамдарға арналған мектеп есігі осы жылғы қараша айының 1-күні Рыбаков ауылында ашылды. Көп ұзамай мұндай мектеп Жайсаңда жұмысқа кірісті. Студент ауылында Павел Цесько мұғалімдік қызметке 1-ші болып кірісті. Дегенмен ересек адамның сауатын ашу оңай болған жоқ, кейбіреуінің қолын шаруашылық жұмыс байласа, кейбіреуінің санасы жетпеді, ал кейбірі теріс үгітке еріп оқудан бас тартты.

Ал дінге сенушілердің кейбірі кеңес мектебін мойындамады, балаларын да жібермеді. Дегенмен мектеп желісі кейіннен кеңейе бастады. Азамат соғысы кезінде панасыз қалған жетім балалар үйі Вознесен селосында ашылды. Ондағы балалар саны 1920ж. 50-дей болса, кейін 150-ге жетті. Бұл үйді әуелі Н.В.Всеволод, кейі И.Кравцов басқарды. Ауданның экономикалық жағдайы ересектерді толық оқытуға мүмкіндігі келмеді. Верен мектебінің Вознесен болысынан сұраған тезегі, керосині, он қорап шырпысы қанағаттандырылмады, дегенмен жергілікті тұрғындар бұл мәселені өз есептерімен шешті. Осы және т.б. қиындықтарға қарамастан барлық ауылдарда мектептер жанынан сауатсыздарды, шала сауаттыларды оқытатын топтар мен сыныптар ұйымдастырылды. Деректі іс жүзіне асыру үшін Кеңес Халық Комиссариаты жанынан құрылған Төтенше Комиссиялар елге көмектесті. Сауатсыздар мектебі Қаратоғай мен Студент ауылдарында ашылды. «Біздер-деп жазды ауыл тұрғындары –кеңес үкіметінің саясатын қолдаймыз, Кеңес үкіметіне халық ағарту Комиссариатының комиссары

Луначарскийге жалынды сәлемімізді жолдай отырып, мектептен оқу және жазуды үйренбей тұрып кетпейтінімізді хабарлаймыз және сауатсыздықты жоюға күш жұмсайтынымызды мәлімдейміз!» (облыстық партком мұражайы, Ф.517 19л) Мұндай колдаулар барлық ауылдарда өтті.30ж. басында аудан оқу ағарту жұмысына баса назар аударды. Сауатсыздықты және шала сауатсыздықты жоюға бағытталған шаралар 1931ж. бүкілхалықтық науқанға айналды. Республикада бюджеттің 35 пайызы осы мақсатқа бөлінді. Ұлттық білім беруді жақсарту мақсатында қазақ мектептерінің желісін өсіріп, оқу-құралдарын шығара бастады. Осы тұста ауданда 53 бастауыш мектеп болса оның 27-сі жергілікті халық балаларына арналған еді.

Аудандық халық ағарту бөлімі тек қана балаларды оқытумен айналысып қана қойған жоқ, ол ауылдардағы мәдени көпшілік жұмыстарының да ұйытқысы болды. бұл кезде оның қарамағында тұрақты және жылжымалы кітапхана, 25 оқу мүйісі, 20 қызыл отау және үш киноқондырғы 88 ауылға қызмет етті. Қазақ АССР үкіметінің 1921ж. сауатсыздықты жою жөніндегі төтенше комиссияны және «Жойылсын сауатсыздық» қоғамын құру шаралары жалғастырылды. Жер-жерде «Қызыл Отау» үйлері ашылды. Олар сауатсыздарды оқытумен қатар, әйелдер мен жастар арасындағы жаңа өмірді насихаттаушыларға айналды.

1921ж. ел үлкен қиындыққа ұшырады. Республиканың бірқатар бөлігін қуаңшылық жайлады. Ол Мәртөк жерін де қамтыды. Астық күйіп, малға шөп жетіспеді. Партия, кеңес қызметкерлері мен мұғалімдер де астық дайындауға аттанды. Аудан мұғалімінің бірі Оразалы Өтеғұлов тамыз айында губерниялық одақ пен жұмысшы кооперациясының мандатымен Ташкент қаласына астық дайындауға аттанды.

Сауатсыздықты жою шаралары нәтиже бере бастаған соң 1923-1924 оқу жылында сауатсыздар мектебін бітіргендер шала сауаттылар мектебіне оқуға тартыла бастады. Бүкілресейлік XI съезіне жергілікті үкімет органдарынан жауаптылығын арттыруды көздеп сауатсыздықты жою мәселесін басқаруды кеңес ауаткомының төрағаларына тапсырды. Сауатсыздықты жою халықтық қозғалысқа айналды. Ересектерді оқытуға мектеп мұғалімдері, жоғарғы сынып оқушылары, дәрігерлер мен мәдени-ағарту мекемелері және заң қызметкерлері тартылды.

БКП(б) Орталық Комитетінің 1929ж. 17 мамыр күнгі «Сауатсыздықты жою жұмысы туралы» қаулысынан кейін ауданда қызыл мүйістер, жаңа пункттер ашылып, оларды ұстауға қосымша қаражаттар бөлі. Әрбір сауатты адам бір-екі сауатсызды оқытуға, жазуға үйретуге міндетті болды. Сауат ашу жасы 50 жасқа дейін ұзартылды. 1963 ж. еңбекшілердің сауатты болу міндеті қойылды. 1939ж. ауданымызды 630 ересек сауатын ашса, 711 адам шала сауаттылар мектебін бітірді. Бірақ, сауатсыз әйелдер еркектерге қарағанда үш

есе көп болып қала берді. Сауатсыздықпен күресті күшейту мақсатында аудандық оқу бөліміне нұсқаушы қызмет берілді. Бұл жұмысқа Нәби Аманжолов тағайындалды.

Күндізгі мектептер желісі барған сайын көбейе түсті. 1935 ж. ауданда 58 мектеп болса, 1940ж. ол 62-ге жетті. Оның 45-і бастауыш, 12-сі орталау, 5-еуі орта мектеп еді. 1937ж. Байторысай, Ново-михайл мектептері жеті жылдыққа айналса, Кеңсахарада тұңғыш рет бастауыш мектеп ашылды. Келесі жылы Нагорный, Степан, Поқырау бастауыш білім мекемелері, 1939ж. «13ж. ҚазСС» мектебі орталау мектепке айналды. Бұл жылы Вознесен, Жайсаң мектептері орта мектептер қатарына қосылды. Мектептердегі мұғалімдер құрамы 213 адамға жетті. 1938ж. аудандағы 4 ұжымшардың Родников ауданына ауысқанына карамастан оқушылар саны кеміген жоқ. 258 бастауыш сыныпта 3864 оқушы, 5-7 сыныптарда 1707 оқушы, 20 жоғары сыныптарда 509 оқушы жастар оқыды. Барлық сыныптарда 5920 оқушы болды. Оқушыларды жаппай оқумен қамтамасыз ету үшін мемлекет тарапынан 1 млн 122 мың сом қаржы бөлінді. 1940 ж. жаңа заңға сай 8,9,10 сынып оқушылары ақылы оқуға көшірілді, енді әр оқушы жыл сайын 150 сом төлейтін болды. Мәртөк балабақшасында 25 бала тәрбиеленді, Жайсаңдағы балабақшаны Е.Д.Гусева басқарды.

Білім негізін бастауыштан қалағандар Қарағашта – Қ.Бөлекбаев, Торанғұлда – Н.Аманжолов, «14 жыл Қаз.КСР» мектебінде – А.Асауов, Жанатаңда Оразалы Өтеғұловтар еді. Қазақ кадрлары ауылдық жерде өсе бастады. Солардың қатарында орыс тілінің мамандары М.Медетов, Ғ.Қазмағамбетов, Ж.Бөралиев, қазақ тілі маманы Дүйсен Таспаев т.б. болды. Жайсаң, Мәртөк мектептерінің жанында татар тілінде оқытатын сыныптар жұмыс істеді. Бұл мектептерде Фасхи Ахмеров сияқты шебер ұстаз еңбек етті. Ол жемісті еңбегі үшін 1949 ж. Ленин орденімен марапатталды. Бұл кезеңдегі негізгі бағыт ауыл балаларына бастауыш білім беру еді, бірақ қазақ ауылдарының бытыраңқы болып отыруы балалардың оқуына біршама қиындық келтірді. Жанатаң мектебіне балалар іргелес отырған 6 ауылдан, ал Құмсай мектебіне Теміржолдың № 35-36 бекеттерінің аралығындағы 6 ауылдың балалары жаяу қатынап оқуға мәжбүр болды. Хлебодаровка мектебіне іргелес Саржар, Қарағайқұдық ауылдарынан қатынады. Елек ауылының балалары қалалық мектепке тасылды. Осындай қиындықтарға карамастан ауылдық мектеп саны 1920 жылмен салыстырғанда 2 есеге көбейді. Азамат соғысы аяқталысымен-ақ ауыл тұрғындары мұғалімдерге қамқорлық жасауды жалғастыра отырып, білім мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту жұмысымен айналысты. Мешіт үйлерін мектепке беріп, жаңа мектеп салу жұмысымен айналысты. 1928 ж. Верен ауылының ата-аналары бірлесіп саз балшықтан мектеп үйін салып шығарды.

Қаратоғай болысындағы дәулетті Қазмағамбет ішкі төбесі мен еденін тақтайлаған, шатыры мырыш қабылтырмен қапталған мектеп үйін өз қаржысына салдырды. Мектеп үйін салу Дмитриев ауылында халықтың күшімен жүргізілді. Құрылысты басқару жұмысын ауылдық кеңестің төрағасы В. Смирнов өз қолына алды. Бастауыш білім алу міндеттілікке, орталау білім көптің ортақ ісіне айналды. Оқу сапасын насихаттау мақсатында 1937-1938 оқу жылында үздік оқушылардың аудандық слеті өткізілді. Онда Мәртөк мектебінің оқушылары Фатыхов пен Тілегенова, Жайсаңнан Сурина мен Шуанов т.б. сыйлыққа костюмдік, көйлектік мата алды.

Екінші дүниежүзілік соғыстың иісі сезіле бастағаннан-ақ аудан оқушыларының арасында әскери-патриоттық тәрбие кеңінен насихатталып, қорғаныс-ұйымдастыру жұмыстары қолға алынды. Мектептерде «Осовиахим», ПВХО, ГТО, «Ворошиловтік атқыштар» үйірмелері ұйымдастырылды. Пионер лагеріндегі 90 оқушы, «БГТО», «БГСО», ПВХО» үйірмелеріне қатысып, шынықты. Қаратоғай мектебінде де арнайы үйірме ұйымдастырылды. Мектепте химия пәніне ерекше мән берілді. Осы мақсатта оқушылар арасында химия пәнінен Одақта өткізілген жарысқа қатысу үшін ауданда сайыс өткізілді. Оған барлық орта мектептер мен мекемелерден 207 жас жігіттер мен қыздар қатысты. 50 жастағы Мәртөк орыс мектебінің мұғалімі И. Красноярцев бірінші орынға шықты. Ол протовогазды 2 секундта кесе, 45 минутқа шыдаған оқушы Дудникте жақсы көрсеткіш көрсетті. Мұнай базасының күзетшісі Михайлов та өзгелерден аспаса қалған жоқ. Жарыстық қорытындысы бойынша Вознесен мектебі және мұнай базасының ұжымы жеңімпаз аталып, облыстық сайысқа жолдама алды.

Аудандық оқу бөлімі жастарды, ересектерді оқыту жұмысымен ғана айналысып қана қойған жоқ, аудандағы мәдени жұмыстармен де айналысты. Аудан орталығынан кітапхана, ауыл тұрғындарына қызмет ету мақсатында жылжымалы кітапханалар ашты. Солардың бірін Шевченко мектебінің мұғалімі Ф.Ф.Озмитель басқарды. Ол 1935 жылдан әскер қатарына шақырылғанға дейін істеді. Мәртөкте 26.06.39ж. тұңғыш кинотеатр ашылды. Украинадан Белоруссиядан, Ресейден өзге ұлт халықтарын ауданға көптеп келуіне байланысты орыс тілінде оқитын мектептердің саны көбейе түссе, ұлттық мектептер саны аз болып қала берді. 5 орта мектептің біреуінде 12 орталау мектептің 4-еуінде, 39 бастауыштың 15-індегі қазақ мектептерінде, 1078 қазақ баласы оқыды. Бұл барлық оқушының 20 пайызы еді. Кеңес үкіметі тұсында соғысқа дейін 35 мектеп үйі салынды.

1941ж. фашистік Германияның Кеңес еліне құпия, төтеннен шабуылы ауданның ағарту ісіне зиян келтірді. Соғыс хабарын мұғалімдердің көпшілігі еңбек демалысында жүргенде естіді. Тез уақыттың ішінде ер мұғалімдер

шақыру пункттеріне келді. 15-28 шілде аралығында ғана әртүрлі жастағы, әртүрлі ұлт өкілдері 41 ұстаз майданға аттанды. Олардың ішінде Ново-Федор мектебінен Антипов, Жосадан Медведев, Шилісай бастауыш мектебінен Возный бар еді. Майданға сұранып аттанған әйелдер ішінде Жайсаң орта мектебінің мұғалімдері ішінде Евгения Ивановна Воробьева, Анастасия Ивановна Шилова, Анна Семеновна Носенко бар еді. Бұл бастаманы Жайсаң балабақшасының тәрбиешісі Антонина Васильевна Шмакова, Мәртөк орта мектебінің мұғалімдері В.Хильченко, А. Тарасенко, т.б. қолдады. Соғысқа ауданның 110 мұғалімі қатысты. Олар Еділ өзенінен Берлинге дейін барды. Майданға кеткендердің жартысына жуығы қайтып оралмады. Ерлікпен қаза тапқан Шевченко мектебінің мұғалімі Ф.Озмительге Кеңестер Одағының Батыры атағы берілді. Қатысқандардың басым көпшілігі орден, медальдармен марапатталып елге оралды. Сондай батыл жауынгерлердің қатарын Қ. Тоғызбаев, М. Көзбаев, Б. Отарғалиев, Қ.Жылмақанов, Қ. Бөлекбаев т.б. толықтырды. Майданға аттанып бара жатқан Жайсаң мектебінің жас ұстазы Ф.И.Ковальский аттанар алдындағы мектеп митингісінде: «Отанымды қорғауға аттанып барамын. Барлық күш жігерімді халқымнан, елімнен аямай, жауды аяусыз соққылауға жұмсаймын, ал сіздер, ұстаздар, оқушылар, ұжымшарымыздың егінін жинауға көмектесіңіздер, әрбір дән жауға сокқы болсын!»-деді. Оқушылармен мұғалімдер ұжымы Энгельс атындағы ұжымшардың 1932 гектар егістігін арам шөптен тазартып, егіс зиянкестерімен аяусыз күрес жүргізді, еліміздің қорғаныс қорына бір күндік еңбек ақыларын беріп, 2 мың сомдық мемлекеттік заемға жазылды.

Майданға аттанған жауынгер-мұғалімдер ел сенімін актады. Ново-Михайл орталау мектебінің мұғалімі А.П.Шевелев батыс майданда батырлардай алысып, «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Поқырау мектебінің бұрынғы директоры Л.П.Дронь елдегі ұстаздарына госпитальдан жазған хатында: «Жақында жазылып шығамын, онан кейін қайта майданға барып, жаудан кегімді аламын дей келе әскери оқуларды өте жақсы меңгеріп, туған ұжымшарға көмектесіндер»-деді.

Соғыс кезінде оқу-тәрбие жұмысы түгелімен әйел мұғалімдердің үлесіне көшті. Олар тек қана мектеп жұмысымен айналысып қоймай, ауыл шаруашылығының түрлі салаларында еңбек етті. Механизаторлық мамандықты меңгеріп, техникамен жұмыс істеді, оқушылар бригадасын ұйымдастырып, егін зиянкестерімен күресіп, көкөніс өндіретін звеноларды құрды. Олар ауыл шаруашылығының күндізгі де, түнгі де жұмыстарында қажырлы еңбек етті. «Әрбір дән майданға!» деген ұранмен шашылған астық масақтарын жинайтын оқушылар бригадаларын ұйымдастырды. Оқушыларына майданға жіберілетін жылы шұлық, қолғап тоқыттырып, жауынгерлерге сауқат (сәлемдеме) жіберуді ұйымдастырды. Мәртөк, Жайсаң,

Вознесен оқушыларынан құрылған үгіт-насихат бригадалары айналадағы ауылдарға барып, ойын-сауық кештерін өткізіп тұрды.

Ұстаздар оқу бағдарламасына сай оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие беру жұмысын жүргізіп қойған жоқ, жоғары сынып оқушыларын майданға даярлаумен де айналысты. Осы мақсатта 8-9 сынып оқушыларын 120 сағаттық бағдарлама бойынша тракторды, комбайнды, автомашинаны жүргізуге, азаматтық қорғаныспен де айналысуға үйретті. 1942 жылы аудан мектептері 200 механизатор мамандығын дайындады. 5-10 сынып оқушыларына винтовканы пайдалануды үйретті. Оқу процесінде де, сабақтан тыс кезде де «Бәрі Отан үшін, бәрі жеңіс үшін!» деген ұранмен мұғалімдерде, шәкірттер де еңбек етті. 1942 ж. «Халық мұғалімі» танк сапына қаржы жинауға бірінші болып Жайсаң орта мектебінің ұжымы үн қатып, біркүндік еңбек ақысын берді. Мәртөк орталау мектебі оқушылары «Пионер» танк сапына 12,2 мың сом қаржы жинап үлгі көрсетті. Бұған Кеңес елінің Қорғаныс комитетінің төрағасы И.В.Сталин 22.09.1943ж. былай деп жеделхат жіберді. Онда: «Мәртөк орталау мектебінің директоры Гапоноваға. «Мәртөк пионер» танк сапына 12,200 сом жинаған Мәртөк орталау мектебінің оқушыларына Қызыл Армияның және менің алғысымды жолдап, оларға зор денсаулық, оқуда және қоғамдық жұмыста табыс тілейтінімді жеткізіңіз» депті. Қаржы жинауда Мәртөк мектебі жалғыз болған жоқ. Андреев орта мектебі 5600 сом ақша, 100 түрлі техниканың бөлшек темірін жинап тапсырды. Шаңды мектебі 1 мың сом, Мәртөк мектебі 9325 сом, Поқырау мектебі 4 мың сом жинап майдан қорына өткізді. Ауданның барлық мектептері мен мекемелері, ұжымшарлары 2 млн 465 мың сом ақшаны қорға тапсырды. Сұрапыл соғыс жылдарында әрбір дән үшін ауылда аяусыз күрес жүріп жатты. Ең алдымен, егін зиянкестерімен аяусыз күрес жүргізілді. Оқушылар оларды қақпанмен, сумен ұстап, інге у салып тұншықтыру арқылы құртты. Егін орағы кезінде оқушылар лобогрейкадан, комбайннан түсіп қалған дән басын жинауға, Ш.Берсиевтің ақ тарысын іріктеп алуға да белсене қатысты. Мектептерде масақ жинайтын оқушылар бригадалары, топтары құрылды. Дәулет Есентеміровтің құрған бригадасы 20 күнде 83 га жердің дәнін жинап көзге түсті. Жайсаң балалар үйінің 130 оқушысы «Степь» ауылында пионер лагерін ашып, шашылған астықты жинауға көмектесті.

Соғыстың соңғы жылдарында әкелері майданнан оралмаған жетім балалар халық қамқорлығына алынды.

«Біздерде жетімдер болмайды» деген ұранмен ауданда жиындар өткізілді. Ауданның дәрігерлер ұжымы бірінші болып үн тастап, жауынгерлердің балаларына қамқорлық қорына 670 сом тапсырып, аудан еңбеккерлерін қорға қаржы тапсыруға шақырды, жексенбіліктер ұйымдастырылды. 1945ж. 20 сәуірінен-20 мамырына дейін айлық жарияланды. «Промышленник»,

«Ударник», «Заря» тігін цехтары 50-ден, 100-ге дейін киім тігіп, аяқ киім шеберханалары 100-150 жұп аяқ киім тігіп тапсырды. Ауыл шаруашылық ұжымшарлары жер учаскелерін жазып, маусымдық балабақшаларын ашты. Соғыс кезінде оқуды тастап кеткен оқушылар мектептерге қайтарылып, мектеп жанындағы интернаттарға орналастырылды. Ал қыс айларында мектептен қашық тұратын оқушылар үшін маусымдық интернаттар жұмыс істеді. Осындай интернат Өтеғұл, Бәйет ауылдарынан мектепке қатынайтын Құмсай бастауыш мектебі жанында болды. Ол Шайхина Жібектің үйіне орналасты. Құмсай ұжымшары ыстық тамақпен қамтамасыз етті. Жосадағы балалар үйі Жайсаңға көшіріліп, панасыз қалған балалар сонда орналастырылды. Оқу жасынан асып кеткен жастар 1947ж. Мәртөк, Жайсаң ауылдарында ашылған кешкі мектептерге тартылды.

Отан соғысы кезінде шешен халқының, Қырым татарларының соғыс қаупі төнген аудандардан көшіп келуіне қарамастан көптеген 5-10 сынып оқушыларының ауыл шаруашылық жұмыстарына ауысуы, мектептер жанындағы интернаттар жабылуы, аудандағы оқушылардың контингентін біршама кемітті. 1944ж. оқушылар саны 1940ж. қарағанда 3011 балаға азайды. Бұл екі есе деген сөз. Өзге ұлт өкілдерінің басқа аймақтардан келуі кейбір мектептердің оқу тілдерінде өзгеріс енгізді. Әсіресе қазақ тілінде оқитын мектептер жанынан шешен тілінде оқитын мектептер ашылды. Осыған қарамастан халық ағарту ісіне жұмсалатын қаржы көлемі азайды. 1942ж. ағарту саласына бөлінген қаржы 1,17 млн сом болды, бұл өткен жылғымен салыстырғанда 0,5 млн сомға аз еді. 1943ж. халық ағарту жұмысына 1 млн 779 мың сом бөліне тұрса да, оның 44 пайызы пайдаланылды. Мектеп оқулықтарымен, жазу құралдармен толық қамтамасыз етілмеді. Осы және басқа да қиындықтарға қарамастан ұстаздар ұжымы міндетті 7 жылдық проблемасын орындауға көп күш жұмсады.

Соғыстан кейін соғыс кезінде тастап кеткен қыздарды мектепке тарту, олармен тәрбие жұмысын жақсарту мақсатында 1950ж. ауданда қыздар слеті өткізілді. Оқу озаттарын марапаттау жалғастырылды. Ұстаздардың да еңбектері жоғары бағаланды. 1949ж. бір топ мұғалімдер КСРО Жоғарғы Кеңес Президиумының Жарлығымен ордендермен, медальдармен марапатталды. Екі ұстаз – Фасхи Ахмеров пен Қожахмет Әлмұхамбетов Ленин, сегіз адам Қазан төңкерісі, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталды.

Соғыс жылдарынан шаршап шыққан мектептерді 50 ж. басында тағы бір қиын жағдай күтіп тұрды. Ол – Республикада жүргізіле бастаған ұжымшарларды ірілендіру және мамандандырылу саясаты. Ұжымшарлардың бірігуінен шаруашылық және мәдени құрылыстар жұмысшы күштер ұжымшарлардың орталығына ауысып, бригадалар мен фермалар жүдей

бастады. Бұл негізінен қазақ ауылдарының үлесіне тиді. Амангелді, Қызылжар, Қызылту «Он төрт жылдық Қазақстан» Төңкеріс, Жанажол, Жамбыл, Қарағаш, Қазақстан т.б. ауылдарындағы бастауыш мектептер жабылып оқу қазақ тілінде жүретін Жайсаң, Құмсай, Чапай жеті жылдық мектептері бастауыш мектептерге айналды. Сөйтіп аудан мектептерінің 90 пайызында оқу орыс тілінде жүргізілетін болды. Жабылған мектептегі оқушылар және қазақ мектептерін бітірген оқушылар ұжымшар орталығындағы мектептер жанындағы интернаттарға орналастырылды. Көп жерлерде орта білім алуды орыс тілінде жалғастыруға мәжбүр болды. Сөйтіп, қазақ мектептерінің желісі азайып онда оқитын оқушылардың саны кеміді.

## ЕШТЕН КЕШ ЖАҚСЫ

50-жылдардың басында халық ағарту саласының қызметкерлері соғыс кезінде жабылған, қысқартылған мектептерді қайта орнына келтіріп, оқудан қол үзген оқушыларды мектепке қайырып, еңбекке араласып жүрген ауыл жастарын кешкі, сырттай оқу түрімен қамту мәселелерімен айналысты. Мәртөк қазақ, орыс мектептерінде өз бетінше оқығандарға экстерн түрінде емтихан тапсыруға рұқсат етілді.

Еңбекке араласқан оқушы жастардың көпшілігінің жастары мектеп жасынан шығып кеткендіктен олардың білім алуын жалғастыру мақсатында кешкі және сырттай білім беру мектептерін ашу қажеттілігі туды. Соғыс аяқталысымен сауатсыздар мен шала сауаттылар мектептерін қайта жандандырып, жасы 50-ге дейінгі ересектер оқуға шақырылды. 1948ж. Құрмансай ауылындағы 34 адам бастауыш көлемінде білім алып шықты. Кәсіпорындар мен ауыл шаруашылық, мекеме басқарушылары бұлардың қамқоршысы болды.

Сырттай оқу орындары қоғамдық орындармен тығыз байланыс жасап, жұмысшы жастардың орта білім алып шығуына үлкен роль атқарды. Осы мақсатта жыл сайын «Әрбір жұмысшыға орта білім!» деген ұранмен өтетін Бүкілодақтық байқау басталды, ал аудан оған белсене қатысты. Байқау барысында жұмысшы жастардың оқуын жақсы жолға қойып отырған кеңшарлар, ұжымшарлар, мекемелер бар кені анықталды. Олар: Жайсаң кеңшарының, Целинный бөлімшесі - (1-орын), Мәртөк сыра зауыты - (2-орын) «Красный пахарь» ұжымшары (төрағасы Ф. Симоненко, партком хатшысы Ә.Мұқанов), Нагорный орта мектебінің мұғалімдер ұжымы - (2-орын), «Дзержин» кеңшарының комсомол комитеті еді. ал республикалық байқау қорытындысы бойынша Мәртөк ауданы 3-орынға ие болып, Оқу министрлігінің мақтау қағазын, бағалы сыйлығын алды. «Социализм»



ұжымшарының басқармасы, партия, комсомол комитеттері жұмысшы жастардың оқуға қатысуын, оқу сапасын жиі-жиі талқылап, тиісті шаралар қолданылып отырды. Бұл шаруашылық (бастығы В.Богомолов) оқушыларының қыс кезіндегі жалақысын сақтай отырып, өндіріс жұмысынан босатып, сапалы білім алуына жағдай жасады. Қамқорлықтың арқасында оқушылар қысқа мерзім ішінде сапалы білім алуға қолдары жетті. Ал облыстық білім бөлімі социализмдіктердің тәжірибесін насихаттайтын плакат шығарып, облысқа таратты. Ұжымшар мүшесі Л.Меркушева оқуды еңбекпен ұштастырғаны үшін, озат сауыншы ретінде БЛКЖО-ның ХҮІІ съезіне делегат болып сайланды.

Жастар оқуы ауартком мен ауаткомның назарынан тыс қалған емес. Бұл мәселе пленумдар мен сессияларда жиі-жиі қаралып, комиссиялар арқылы зерттеулер жүргізіліп, талдаулар жасалып, нақтылы шаралар қабылданып отырды. Нақтылы басшылық арқасында жастардың кешкі орта мектептері мен сырттай білім беретін аудандық орта мектептің оқу-кеңес беру пункттері жұмыстарын жетілдіре түсті. Сырттай оқу қыс айларында көп ұжымшарларда күндізгі ауысымға ауысты, ал кәсіпорындар болса оқушыларын күндізгі жұмыстан босатып, кешкі оқуды бақылауға алды. Кешкі жұмысшы жастары мектептері мен оқу-кеңес пункттерінің көп жерінде сабақ жұма, сенбі күндері күндіз өткізіліп, дүйсенбі, бейсенбі күндері кешкісін кеңес берілетін күндерге айналды. Бұл өндіріске де, оқушыларға да қолайлы болды. Оқудың осындай түрлері Мәртөк кешкі орта мектебінде, Поқырау, Қаратаусай, Полтау, оқу-кеңес пункттерінде жүргізіліп келді. Егер 1970 ж. ауданда орта білім алғандардың ішінде жұмысшы жастар 14 пайыз болса, 1971 ж. - 33 пайызға жетті. Немесе 9 бесжылдықта кешкі және сырттай мектептерді 293 адам бітірген болса, 10 бесжылдықтың төрт жылы ішінде 840 адам болды. оқуды еңбекпен тамаша ұйымдастыра білгендердің қатарында «Междуречин» кеңшарының озат сауыншысы Т.И.Мякишева болды. Ол КСРО Жоғарғы кеңесінің депутаты, «Красный пахарь» ұжымшарының сауыншысы В.М.Шумейко ҚР Жоғарғы кеңес депутаты болып сайланды. Кешкі мектептен жоғарғы оқу орнына аттанғандардың қатарында «Победа» ұжымшарының мүшесі В.М.Яцко, «Дзержин» кеңшарының жұмысшысы В.Р.Гридкин болды. Мәртөк, Жайсаң, Вознесен кешкі мектептерінен Коминтерн, Байторысай сырттай оқу-кеңес пункттерінен 1967 ж. 50-ге жуық жастар білім алып шықты. Ал Жайсаң кешкі мектебіне жеке оқу үйі берілді. Кешкі мектептердің тұрақты өз педкадрлары жасақталды. 1976 ж. кешкі және сыртқы мектептерде 971 жас жігіттер мен қыздар оқыды. Ал бұлардың саны 1950-55 ж. 1954 ж. 80 адам болатын. Кешкі және сырттай оқу мектептерін бітіргеннен кейін жоғарғы оқу орындарына түсіп, кәсіби мамандық алып тамаша еңбек еткендердің де қатары өсе түсті. Солардың қатарында

В.Н.Комендант кешкі мектепті бітіріп, жоғарғы білім алды, кейін ол аудандық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі болды. кешкі мектепті бітірген С.Жаулыбаев аудандық жинақ банкісінің директорлығына көтерілді. Кешкі жастар мектебі жұмысын тамаша ұйымдастырғаны үшін Мәртөк кешкі мектебінің директоры Могильникова Мария Ивановна 1949 ж. Құрмет белгісі орденімен марапатталды.

— 50ж. аудандағы ұжымшарлардың іріленуі, тың мен тынайған жерлерді игеруге байланысты өзге республикалардан қоныстанушылардың көптеп келе бастауы мектеп пен балабақшалардың, мектептен тыс мекемелер желісінің сандық және сапалық құрамына біраз өзгерістер енгізді. 1952ж. төрт орта, 23 орталау, 30 бастауыш мектепте 5198 оқушы оқыды. Бұл соңғы 10 жыл ішінде білім мекемелерінің 2,2 есе өскенін білдірді. Ал 361 мұғалім мектептердің талабын сан жағынан да сапа жағынан да қанағаттандыра алмады. Мектептерге мұғалімдердің жетіспеуі ұстаздардың жетілік жұмыс сағаттарын 35-42 сағатқа дейін ұлғайтты, ал оқу-тәрбие жұмысын әлсіретті, тек 1956ж. екінші жылға қалдырылған оқушылар саны 216-ға жетті. Осы және өзге де мәселені шешу мақсатында аупартком өзінің кезекті пленумында аудандағы халық ағарту жұмысының нәтижесін қарап, жағдайды түзеу мақсатында, нақтылы шаралар белгіледі. Ең алдымен, әрбір мектептерде оқымай жүрген балаларды мектепке тарту мақсатында жаппай оқу қоры ұйымдастырылды. Бастаманың басшысы болып Мәртөк орта орыс мектебінің ұжымы шықты, олар өздерін біркүндік жалақыларын осы қорға аударды. Ауатком интернаттар, балабақшалар желісін көбейтуге, оларды қаржыландыруға көңіл бөлді. 1955ж. интернаттардың мұқтажына 31 мың сом, төсек- орын үшін 77 мың сом, тамақ үшін-126 мың сом бөлді. Ал барлық ағарту жұмыстары үшін 1956ж. жұмсалатын қаржының көлемі 3,3 млн сом деп белгіледі.

— 50ж. басында «Киров», «Путь к Коммунизму» ұжымшарлары балабақша салып, іске қосты. Елек өзені бойында пионер лагері ашылды. Мектептерде оқығаны үшін төленетін қаржы жинау тоқтатылып, ер балалар мен қыздар қосылып оқытылып, емтихандардың саны азайтылды. 50ж. 2-жартысынан бастап ата-аналардың да, қоғамдық ұйымдардың да кеңшарлар мен ұжымшарлардың да мектепке бетбұрысы өзгерді. Қазан орталау мектебінің ата-аналар ұжымы аудандық газет бетінде «Заветы Ильича» ұжымшарының төрағасы П.М.Горохқа ашық хат жолдады. Онда мектепке ұжымшар басқармасының жете көңіл бөлмегендігінен мектептің ауыр жағдайға ұшырап отырғанын айта келіп, жақсарту шараларын қолдануды талап етті. 1957ж. аупартком халық ағарту мәселесіне қайта оралды. Мектептердің балабақшалардың жұмысын партактив талқысына салды. Білім беру жүйесінің жақсартудың жолдарын белгіледі. Соның нәтижесінде мектеп жанындағы интернаттар 380 орынға кеңейтілді, кешкі мектепте оқитын

оқушылар саны өсті. Мектептер жанындағы оқу-тәжірибе алаңдары іске қосылып, ғылыми-тәжірибе жұмыстары жүргізіле басталды. «Оқудан өндіріске» ұраны басталды. 1960ж. ауданда 42 бастауыш, 22 орталау, 3 орта мектептерде 5794 оқушыны жаппай оқумен қамтыды.

«АҚШ-ты жан басына шаққанда ет өндіруден қуып жетіп, басып озамыз» деген Н.Хрющевтің ұраны аудан мектептерін ет өндіруге шақырды. Жайсаң орта мектептеріндегі үйрек балапандарының саны 5000 –ға жетті. Дмитриев мектебінің сынып бөлмесі құсқа, Жайсаң қазақ орталау мектебінің екі сынып бөлмесі қояндарға берілді. Мәртөк, Нагорный, Андреев мектебінің сынып бөлмелерін мыңдаған тауық балапандары жайлады. Бұларды өсірумен 25 мектепте 362 оқушылар зеносы айналысты. Бірақ бұл шаралар ет өндіру проблемасын шеше алмады, ал оқу-тәрбие жұмысын төмендетті.

Жастар тәрбиесін жақсарту мақсатында Қазақстан Орталық партия комитеті Екібастұз қаласында 1964 ж. маусымда екібастұздықтардың оқушыларға коммунистік тәрбие беру туралы конференциясын өткізді, оған ауданнан аупартком хатшысы Хаят Құрбанғалиева мен оқу бөлім бастығы Рамазан Ділмағанбетов қатысты. Оқушы жастарды тәрбиелеудегі екібастұздықтардың үлгісін кеңінен пайдалану үшін мектеп, отбасы және қоғамдық ұйымдар байланысы /мектеп, отбасы, қоғам/ жақсартылды. Жұртшылықтың назарын оқу-тәрбие жұмысына толық аудару мақсатында аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Сәлім Шынтасовтың басшылығымен аудан жұртшылығының 1-ші съезі өткізілді. Оған партия, комсомол ұйым хатшылары, ауылдық кеңес төрағалары, мекеме басшылары, кеңшар директорлары, ұжымшарлар төрағалары, ата-аналар комитетінің мүшелері, кәсіподақ ұйым жетекшілері қатысты. Жұртшылық оқу-тәрбие жұмысын жақсартудың жолдарын анықтап, мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайтудың жолдары мен әдістерін белгіледі. Аудан жұртшылығы үндеуді қызу қолдап, жемісті жұмыс жүргізді. 1963 ж. Байторысайда 240, Верен ауылында 160 орындық мектеп үйлерін салу басталды. Келесі жылы Шаңдыда 120 орындық, Байнасайда 400, Студент ауылында 160 орындық мектеп үйлерін салу басталды. Мәртөк қазақ интернатына 80, Андреев интернатына 40 орындық үйлер берілді. Байнасайда 30 орындық интернат ашылды. Сөйтіп, мектеп үйлерінің көлемі 1957-67 ж. 4900 орынға ұлғайды. 3-ші ауысымдағы оқу токтатылды. 61 мектептің 33-і оқуды бірінші ауысымда жүргізуге мүмкіндік алып, орта және 8 жылдық мектептер жүйесін кеңейтуге жағдай жасалды. 14 мектеп орталықтан сумен жылытылуға көшті. Он жыл ішінде 152 мұғалімге жаңа пәтер берілді.

1966ж. міндетті орта білім беру заңының қабылдануына байланысты мектептер желісі өсті. 1970ж. аудандағы орта мектептер саны 9-ға, 8 жылдық мектептер 21-ге жетті. Ал, оқушылар саны 10237 болды. бұл осыдан 20 жыл

бұрынғымен салыстырғанда 2 есе көп еді. 1967ж. аудандағы 33 балабақшасы 1600 балаларды тәрбиеледі. Мектептер жанында 130 дәрісхана, зертхана, 50 оқу шеберханасы, 17 спорт залы жұмыс істеді. Оқу-тәрбие жұмысын жақсарту мақсатында 19 отбасы және мектеп радио торабы, 14 жасөспірімдер кинотеатры /киноқондырғылар жанынан/, 52 күн ұзағына топтар ұйымдастырылды. Топқа 1500 ден аса оқушылар тартылды. 459 оқушы мектеп жанындағы мектеп интернаты қамқорлығына алынды. Аудандық газет бетінде «Метепте өткен жылдар» айдары ашылып мектеп, отбасы және қоғамдық ұйымдардың оқушы жастарды тәрбиелеудегі тәжірибелері кеңінен насихаттала бастады. Бала тәрбиесімен айналысатын ауылдық кеңестер жанынан депутаттық топтар құрылды. Мекемелер мен өндірістегі кәсіподақ ұйымдары жұмысшылар мен мектеп байланысын нығайтты. Жекелеген цехтар, звенолар, бригадалар, еңбек озаттар тәртібі, оқуы нашар оқушыларды қамқорлыққа алып бірлескен жиындар, есеп берісуді жүргізу арқылы байланысты күшейтті. Үздік оқушылар марапатталып қамқорлыққа алынды. Бастаманы «К.Маркс» ұжымшарының сауыншылары ауданда бірінші болып қолдап Андреев орта мектебінің оқушыларын өз қамқорлығына алды.

Кәсіпорындар, кәсіподақ комитеттер балаларды сауықтыру орындарына, кеңестер одағының қалаларына саяхатқа жіберілді. КСХТ ұжымы 60ж. орталау мектебінің бір топ оқушыларын Ленинград, Волгоград қалаларына саяхатқа, Мех орман шаруашылығы Мәртөк қазақ орта мектебінің оқушыларын Кавказдағы қалаларға жіберді. 1968 ж. Жайсаң орта мектебінің жоғарғы сынып оқушылары дене шынықтыру пәні мұғалімі Көшкімбай Мухлисовтың басқаруымен Жайық өзенімен Самара қаласына вело жорығын бастады. Бұл жорық кейін аудан оқушыларының әдетіне айналды.

Оқушыларға жан-жақты тәрбие берудің барысына талдау жасалып, жаңа міндеттерді талқылау мақсатында аудан жұртшылығының 2-съезі өткізілді. Маңызды бағыт жұмысшы мен оқушы байланысын күшейте отырып еңбекке тәрбиелеу мәселесі одан әрі жалғастырылды. Оқушылар арасында тимуровшылар қозғалысы жанданды. Оқушылар карттар мен мүгедектерді қамқорлыққа алып, оларға нақтылы көмек көрсету топтарын құрды. Комсомолдар пионерлерді, пионерлер октябрияттарды қамқорлыққа алу қызу жүргізілді. Оқушылар өндірісте, өндірістік цехтарда болып, еңбекке белсене араласу үшін, өндірістік звенолар, бригадалар құрды. Мектеп аулаларында оқу-тәжірибе алаңдары, өндіріс орындарында бригадалар ұйымдастырылды. Жас жігіттер мен қыздар механизаторлық мамандықты меңгеруге бетбұрыс жасады. Ең маңыздысы оқу алаңдарында егіс, көкөніс өндіруге арналған тәжірибе жасау жұмыстары жанданды. 1967 ж. Жайсаң, Мәртөк, Нагорный, Вознесен орта, Дмитриев, Байторысай 8 жылдық мектептері өздерінде өндірілген өнімдерді Мәскеудегі БХШЖК жіберіп түрлі дипломдарға ие

болды. Жайсаң орта мектебінің оқу-тәжірибе алаңында өндірілген 43 кг салмағы бар асқабақ БХШЖК-ның жас натуралистер павильонынан 1966 ж. барып орын алды. Кейінгі жылдары бұл көрмеге өз экспонаттарын Қаратоғай, Ново-Михайл мектептері де жіберді.

XX ғ. 60 ж. бала тәрбиесі жұртшылықтың төл ісіне айналса, еңбекші жастарға орта білім беру де көпшіліктің ісіне айналды.

Оқушыларға білім беріп, тәрбиелеудегі істердің барысына талдау жасап, жаңа бағыттағы міндеттерді анықтау мақсатында 1971ж. 3-ші съезі өткізілді. Съезд өткен уақыт ішінде ата-аналар жауапкершілігінің бала тәрбиесіне орасан зор көңіл бөлініп келе жатқанын атап өтіп, оқушыларға жан-жақты тәрбие беру мәселесін онан әрі жалғастыру керектігіне тоқтады.

Мектеп оқушыларының табысты еңбегі БХШЖК-нен ғана көрініп қойған жоқ, спорт майданынан да көріне бастады. Мәртөк, Жайсаң мектебі спортшылары 1971 ж. облыстық жарыста 2-ші орынға ие болып, Алматыдағы республика жарысына қатысты. Жас күресшілер /жаттықтырушысы Ө.Назмұтдинов/ Ресей, Латвия, Қазақстан республикасының командалары қатысқан халықаралық күрес сайысында 50 палуанмен күресіп, 5 күштілердің қатарына ілікті. Ал Н.Белый 2-ші, В.Ислин 4-орынға ие болды.

Мектеп мүлкін сақтау мақсатында 1973ж. Жайсаң орта мектеп оқушылары үндеу қабылдады. Олар дәрісханадағы, зертханадағы, кітапханадағы оқу құралдарын бүлдірмей, оны өзінің жеке құралындай сақтап, алғандағы жөндеуге жұмсалатын қаржыға дәрісханаларға керекті көрнекті құралдар сатып алатындарын мәлімдеді. Үндеу өзге мектептерде талқыланып 50 мың сом есебінде үнемделген қаржыға жаңа көрнекі құралдар алынды.

1978-83 ж.ж. оқушыларға оқулықтарды тегін беру кезеңі болды. Мектеп мүлкін сақтай отырып, дәрісханаларды көрнекті құралдармен толықтыру жұмысы жалғастырылды. 1980ж. ауданда 251 оқу дәрісханасы жұмыс істеді. Жайсаң мектебінің дәрісханалық жүйемен жұмыс істеу тәжірибесі жинақталып, таратылады. Оқушыларды осылай оқыту ең тиімді әдіс болды. бұл іске кірісу мектептерді 1-ші ауысымда оқуға көшуге пайдасы тиді. 1980ж. бастап мектептердің 94 пайызы 1-ші ауысымда оқуға мүмкіндік алды. Мұның өзі тәрбие жұмысын кең көлемде жүргізуге жол ашты. Дәрісханаларды техникалық құралдармен әсіресе, эпидиоскоппен, магнитофондармен, кинофильдермен толықтыру басталды. Орта мектептерде лингофондық дәрісханалар іске кірісті. Мектептерге техникалық құралдарды жеткізіп тұратын аудандық фильмотека ашылып, оған ГАЗ-69 автомашинасы бөлінді. Жіңішке ленталы киноқондырғылар пайда болды. оларды жүргізушілер облыстық мұғалімдерді қайта даярлау институтының курстарында дайындап, кино жүргізуші мамандығы берілді.

Оқушылар арасында жұмыстың тамаша ұйымдастырушысы болған казак орта мектебінің аға вожатыйы Ф.Мифтаховтың 3 кітабы жарық көрді. Ол музыкалық аспаптарда /гитара, мондалин, домбыра, баян, т.б./ тамаша ойнай білетін керемет ұйымдастырушы еді.

Аудандық білім бөлімі жетіспейтін музыка пәні мұғалімдерін даярлау үшін ауданның өзінде музыка мектебін ашты. Мұнан бұрын балалардың спорт мектебі ашылған болатын. Музыка мектебінің 8 бөлімі болды, олар: музыкалық аспап, баян, оркестр, кларнет және аккордион. 5,5 сомға музыкалық аспаптар алынды. Мектепте 156 баланы 6 мұғалім оқытты. Педагогикалық сабақ әр оқушымен жеке-жеке жүргізілді. Жайсаң ауылында осы мектеп филиалы болды.

Оқу-тәрбие саласындағы табысты еңбектері үшін №1 Мәртөк мектеп оқушылары ұжымы БЛКЖО ОК-нің Қызыл туымен марапатталды. Ново-Михайл мектебінің өндірістік бригадасы облыста 1-ші орынға шығып, республикалық слетке қатысты. Аудан мектебі мен Ақтөбе мемлекеттік пединститутының байланысы нығайды. Институт мұғалімдері В. Сарычева мен Кубанова тіл мамандарымен семинар өткізуді әдетке айналдырды. Аудан мұғалімдерін аттестациялау басталды. 1976ж. Жайсаң селосындағы кәсіптік техникалық училищеде А. Молдағұлованың мұражайы ашылды.

Осы кезде «Класымызбен ауыл шаруашылығына!» бастамасынан кейін ауылда қалушылар саны көбейіп ауыл шаруашылығының құрамы толықтырыла бастады.

70ж. оқушыларды еңбекке баулуға арналды. Оқушылардың оқу-тәжірибе алаңдарындағы, еңбек бригадаларындағы, механизаторлық мамандарды меңгерудегі, егіс алқабындағы еңбектері қорытындыланып, аудан оқушыларының слетінде жарияланды. Егіс даласында комбайн мен астық орган мұғалімдер еңбегі жоғары бағаланды.

1973ж. ауданда өткен «Отанымда жырлаймын» ән фестиваліне 1 мыңға жуық оқушы жастар қатысып туған жерін, өз Отанын мақтанышпен әнге қосты.

«Отанымға арнаймын» сурет техникалық құрал көрмесі ашылды. «Туған өлкем, Отаным» жас туристердің өзге облыстарға жорығы басталды. Орынбор облысының Ақбұлақ орта мектебінің бір топ оқушылар Мәртөк орыс орта мектебінде осы мектеп оқушыларын өз мектебіне қонаққа шақырды. Мәскеу қаласының бір топ қызыл ізшілері Кеңес Одағының Батыры Ф.Озмительдің еңбек еткен Шевченко 8 жылдық мектеп оқушылары мен, Линовицк селосының тұрғындарымен кездесті. Ал Ф. Озмитель атындағы мектеп оқушылары Армения Республикасына аттанды. Халықтар достығының өзге де түрлері аудан мектептерінде кең көлемде жүріп жатты.

Қайта құру заманы басталысымен-ақ аудан мектептерінің материалдық-техникалық базасы нашарлай түсті. Кабинеттерді жабдықтауға қаржы жетіспеді. Ал оқу системасын оңтайландыру саясаты кезінде әдістемелік кабинеттің, кешкі, сырттай мектептердің, аудандық пионерлер үйінің, фильмотека мен шаруашылық бөлімдерінің жабылуы, мектеп штаттарының қысқартылуы, оқу-тәрбие жұмысын әлсіретіп жіберді.

## БІЛІМ НЕГІЗІ БАСТАУЫШТА...

1980 ж.басында жастарға жаппай орта білім беруге көшуді нәтижелі аяқтап, оқу-тәрбие жұмыстарын жетілдіру, оқушыларды өмірге даярлау ісінде ауданның білім мекемелері жана белеске көтерілді. Осыған орай әрбір шәкіртке терең білім бере отырып, саналы тәрбие беру басты мәселеге айналды. Мұны шешу үшін бастауыш мектептерге баса назар аударылды. Оны жақсарту үшін:

мектепке дейінгі мекемелерді сан жағынан көбейтіп, сапа жағынан нығайту; мектеп алды даярлық сыныптарын ұйымдастыру; балаларды мектепке отбасы жағдайында әзірлеу жұмыстары жүргізілді. Балаларды мектепке балабақша арқылы даярлау 1937 ж. басталды. Тұңғыш 25 балабақшалар Мәртөк, Жайсаң ауылдарында ашылды. Оларды тұңғыш ұйымдастырған педагогтер А.Н.Ругаленко және Е.Д.Гусева еді. Балабақша саны барған сайын өсе берді. Олар мемлекет қаржысы және ұжымшарлар есебінен көбейтіп отырды. Ал XX-шы ғ. 50 ж. 2-ші жартысынан бастап Жайсаң, Первомай, Дзержин, Междуречин, Қаратоғай кеңшарлары балабақшалар құрылысын салуды күшейтіп, желісін көбейтті. 1980-ші ж. мектепке дейінгі мекемелер саны – 37-ге, тәрбиеленушілер саны- 1880-ге дейін өсті. Бұл аудандағы 7 жасқа дейінгілердің 41 пайызы еді. Сөйтіп, аудан облыста алдыңғы қатарға шығып, КСРО байқау комиссиясының мақтау қағазына ие болды. Ұжымшарлар мен кеңшарлардағы балабақшаларды педагог кадрлармен қамтамасыз ету мақсатында №1 Мәртөк орта мектебінің жанынан тәрбиеші даярлайтын бір жылдық курс ашылып, тәрбиеші даярлау басталды. Бақшадағы оқу-тәрбие жұмысын жақсарту мақсатында (балабақшалардың қай меншікте екеніне қарамастан) негізгі, орта мектептердің қамқорлығына берілді. Жүргізілетін әдістемелік жұмыстар, өткізілетін педагогикалық кеңестер, ата-аналар мәжілістері енді бірге жүргізілетін болды, кейіннен бұлар педагогикалық кешендерге айналды. Сөйтіп, балабақша қызметкерлері мен бастауыш сынып мұғалімдері арасындағы сабақтастықтар өзінің оң нәтижесін бере бастады. Бұл жұмысты

аудан көлемінде тұрақтандыру мақсатында жыл сайын семинарлар, педагогикалық оқулар, педагогикалық конференциялар өткізілді.

Қаржының жетіспеуінен мектепке дейінгі дайындық топтар орта және 8 жылдық мектептерде, алғашқы кезде қоғамдық негізде ұйымдастырылды. Топтар өз жұмысын 1-2 сағат көлемінде ақысыз, кейіннен ақылы топтар қатарына енгізілді. 1980 ж. 11 мектепте осындай топтарға 290 бала қамтылды, бұл болашақ 1-ші сыныптың 43 пайызы деген сөз. Жұмысына мектеп директорының бастауыш сынып жөніндегі орынбасарлары басшылық жасап отырды. Мектепке даярлау осындай екі түрімен (балабақша және дайындық) болашақ 1-ші сыныптың 85 пайызы қамтылатын болды. қашық жерлердегі фермалар мен бригадаларда балабақша ашу мүмкіндігі болмағандықтан, дайындықпен бастауыш мектеп мұғалімдері мен ата-аналар айналысты. Оқушылар күзгі, қысқы және көктемгі каникул кездерінде күн сайын мектепте 2 сағатқа дейін дайындықпен айналысты. Дайындық тобы жазғы каникул кездерінде 20-25 күн бойы 2-3 сағаттық оқуға шақырылып отырды.

Бастауыш оқудың сапасы мен тиімділігін арттыру үшін мектептің материалдық базасына ерекше көңіл бөлінді. Бұған шаруашылық мекемелер мен кеңес органдары қамқоршы болды. Олар тоғызыншы бесжылдықта 7 жаңа мектеп үйін салды, 21 бастауыш сынып тазалық-гигиеналық жағдайға сай үйлерге көшіріліп, көрнекі құралдар, қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілді. Бір ғана 1979 ж. бастауыш мектептердің оқу қоржыны 4,8 мың сомға дидактикалық құралдармен толықтырылды. 80 ж. басында барлық орта және 5 сегіз жылдық мектептердің бастауышы үшін 25 дәрісхана жабдықталды. Жабдықтау жұмысына ата-аналар, жоғарғы сынып оқушылары, мектеп шеберханалары қатысты. Бұл ретте Қаратөгай, Ново-Михайл орта мектептерінің ұжымдары жақсы бастама көтерді. Олар оқушыларды 1-ші ауысымда оқытуға үлес қосты. Ауданның 81 бастауыш сыныбы оқуды 1-ші ауысымда оқитын жағдайға жетті.

Балабақша мен бастауыш сынып мұғалімдерінің сапалық құрамы жақсара түсті, мұндағы 85 мұғалімнің 13-нің жоғары, 63-нің арнаулы педагогикалық білімі бар адамдар болды, 20-ға жуығы институттарда сырттай оқумен қамтылды. Әрине, жұмыстар да қиындақтар да кездесті. Өткен ғасырдың 80-ші жылдарында 1-ші сыныпқа келетін оқушылар саны азая түскендіктен жеке сыныптар орнына қосарланған класс-комплект сыныптар пайда болды, осы кезде 29 комплектінің 11-інде үш сыныптан, 18-інде екі сыныптан қосарланып оқитын болды. Оқуды жақсарту үшін күн ұзағы топтары желісі көбейтілді.

Балабақша жұмысы қоғамдық ұйымдармен бірге аудандық кеңес, партия ұйымдарының назарында болып отырды. Олар әрбір салынып отырған балабақша құрылысына басқарып қадағалау жасап отырды. Соның



нәтижесінде 1971-75 ж.ж. арасында Красный пахарь, Киров, Первомай, Дзержин, Междуречин кеңшарларында 7 балабақша пайдаланылуға берілді. №210 жол құрылыс учаскесі балабақша үшін өзінің әкімшілік үйін босатып берсе, Чкалов ұжымшары бұрынғы мектеп үйіне күрделі жөндеу жүргізіп, балабақша билігіне тапсырды. Шефтік мекеме орындары мектепке дейінгі мекеме үйлерін салуға «Междұжымшарстрой», «Май зауыты» аудандық тұтынушылар одағы белсене қатысты. Олар құрылыстар жүргізіп қана қойған жоқ, олар балабақшаларға ойыншықтар, жабдықтар, көрнекі құралдар алуға материалдық көмек көрсетті. Нан зауыты «Елочка» балабақшасына қажетті заттар сатып алу үшін 1150 сом қаржы босатса, мехорман шаруашылығы телевизор сатып алып берді. Мектеп оқушылары өздерінің бұрынғы балабақшаларына барып, көмек көрсетуді әдетке айналдырды. Олар мұнда келіп кішкентай інілері мен сіңлілерінің туған күндерін өткізуге қатысып, ойын-сауық кештерін ұйымдастырып отырды.

Сөйтіп, 1-ші сыныпқа келетіндердің 85 пайызы қоғамдық тәрбие орнымен қамтылып, бастауыш сыныптардың материалдық базасы 4,8 мың сомға көрнекі құралдармен толықтырылды. Соңғы үш жыл ішінде 45 бастауыш мұғалімі қайта даярлық курстарынан өтіп, білімдерін толықтырды. Бұл жұмысты жеңілдету мақсатында 1-3 сынып оқушылары үшін күн ұзағына болатын 35 топтар құрылды. Қиындықты жеңе білген бастауыш сынып мұғалімдері Е.Жукова (Мәртөк), Н.Сень (Андреев), т.б. білім бөлімінің мақтау қағазымен марапатталса, М.Шабалина (Междуречин) Қазақстан мұғалімдерінің V съезінің депутаттығына сайланды. Аталған жұмыстар нәтижесінде білім сапасы осы кезеңде 32 пайыздан 47 пайызға дейін көтерілді, ал кей мектептерде ол 70-80 пайызға барды.

## ТӘЖІРИБЕ, ТӘЖІРИБЕ...

Бастауыш сыныпта алған білім негізін сақтай отырып, оны одан әрі тереңдетіп, нығайтудың бірден-бір жолы оқу кабинеттері, кабинеттік жүйемен оқу скенін ескере отырып 5-10 сыныптарда оқу-тәрбие жұмысын дәрісханаларда, шеберханаларда, спорт алаңдарында жүргізді, қолға алынды. Озат тәжірибелер жинақталып, аудан мектептеріне таратылды. Мұндай істермен айналысатын әуелгі кезде (1960 жылдың ортасында) қоғамдық негізде жұмыс істейтін мұғалімдердің білімін жетілдіру институты құрылды. Мұны Мәртөк орыс мектебінің басшысы М.М.Горох басқарды. Ол өзінің айналасына О.Мейнцер, М.Валиева, В.Калюжин сияқты тәжірибелі ұстаздарды жинап, жастарға көмек беріп, әдістемелік жұмыстардың ұйымдастырушысы ролін атқарды. Аудандағы бастауыш мектеп

мұғалімдеріне көмек көрсету мақсатында 9 адамнан тұратын бастауыш сынып кеңесі құрылды, оны білім бөлімінің инспекторы М.Н.Носова басқарды. Бұлардың штаттан тыс әдіскерлері мен нұсқаушылары белгіленіп, 3 үлгі-тірек, 16 озық мектеп, 5 әдістемелік кабинет құрылып, озық тәжірибелерді насихаттау жұмыстары жүргізілді. Олар мұғалімдер арасында өзара сабаққа қатысуды, тәжірибе алмасуды өткізіп, қысқа мерзімді курстар, семинарлар ұйымдастырды.

Қаратоғай орта мектебінің физика пәні мұғалімі А.Н.Дмитриевтің тәжірибесін үйрену үшін ауданның физика пәні мұғалімдері осы мектепте болып, кабинетті техникалық құралдармен жабдықтаудың жолдарын және «Экзаментор» машинасымен жұмыс істеудің әдісімен танысты. Биология пәні мұғалімдері Байторысай 8 жылдық мектебінде жеміс-жидек бағымен, оқу-тәжірибе алаңымен, биология кабинетімен танысып, тәжірибе алысты.

Ауданда ғылыми-практикалық конференциялар өткізу дағдыға айналды. «Әдістемелік журнал» қолжазбасы шығарылып, мектептердегі жаңалықтарды жинап және ол мектептерге таратылды. Озат тәжірибе аудандық педагогикалық оқуларда таңдалды. Өз тәжірибесін ортаға салушылар топ-топқа немесе секцияларға бөлініп, мамандық туралы пікір алысты. Таңдаулы баяндамалар іріктелініп, облыстық, республикалық оқуларға жіберіліп отырды.

Кейде бір тақырыптағы, кейде бірнеше бағыттағы баяндамаларды жинақтап, қорытындылау үшін «ұстаздар слетін» өткізу де насихаттың маңызды түріне айналды.

Аудандық әдістемелік кабинет- озат әдісті жинақтап, сақтаушы ғана емес, ол озат тәжірибені таратушы. Кабинет алғашқы кезде «Озаттар тәжірибесі-баршамызға ортақ» деген атпен қолжазба арқылы таратса, ол кейіннен «Әдіскер ақылы» деген атпен шығарылды. Журнал беті Кеңес Одағының батыры Ф.Озмитель мұражайын ұйымдастыру, оқушыларға патриоттық тәрбие беру жұмыстары туралы Шевченко мектебінің директоры, КСРО-ның үздік мұғалімі В.С.Криштовтың баяндамасымен ашылды. 19 мектеп насихат жұмысына жергілікті радиотораптар жұмысын пайдаланып отырды. Ал аудандық «Ленинский путь» газетінің бетінде айына бір рет «Мектеп өмірінен» хабарлама беріліп, онда жұмыста болып жатқан жаңалықтармен аудан жұртшылығы таныстырылды. Аудандық әдістемелік кабинеттің жұмысын жан-жақты жақсы жүргізу үшін мемлекет қаржысы есебінен жұмыс үйін салыпты, 5 мың дана әдістемелік және көркем әдебиеттен тұратын кітапханасы іске қосылды. Штатта көрсетілген маман кадрлармен қамтамасыз етілді.

Насихаттаудың барлық түрлерін пайдалану оқу-тәрбие жұмысын жақсартта түсті. Әсіресе, жақсы нәрсені естіп қана қоймай, көзбен көрудің өзі

өте-мөте күшті әсер етті. Осы бағытта мектеп басшылары кабинеттік жүйемен жұмыс істеп отырған Коминтерн 8 жылдық мектебімен танысқан соң, оны қызу қолдап, мектеп өміріне енгізді. Әрбір мұғалім өздерінің пәндік кабинеттерін тәртіпке келтіріп, көрнекі құралдармен толықтырып, жұмыстардың бағдарламасын айқындап іске кірісті. Соның арқасында 1971-75 жылдар арасында қосымша 72 пәндік кабинет іске қосылды. Бұған мемлекет тарапынан 200 мың сом, демеушілердің тарапынан 70-80 мың сом, мектептердің өз күшімен тапқан 15 мың сом қаржысы жұмсалды. Соның нәтижесінде Коминтерн, Жайсаң, Мәртөк орыс орта, Студент, Қаратаусай 8 жылдық мектептері оқуды кабинеттік жүйемен жүргізуге мүмкіндік алды. Ал оқуды зертханада, кабинеттік жүйемен оқыту, сабақты лекция, семинар, баяндама түрінде жүргізіп, жаңалықтарды тиімді пайдалана отырып оқу сапасын жақсартты. Сабаққа үлгермеушілердің саны 1971 жылмен салыстырғанда 3 пайыздан 0,7 пайызға дейін кеміді. Ал бұл көрсеткіш (үлгермеушілер) 1961-62 оқу жылының I-ші тоқсанында 812 оқушы немесе 12,9 пайыз, 1964-65 оқу жылы 10 пайыз болған-ды. Үлгермеушілер санының азаюы оқуды тастап кетушілердің санын кемітті. Мысалы, 1971 жылы түрлі себептермен оқу орындарынан 234 оқушы кеткен болса, ал мұндайлардың саны 1975 ж. 49-ақ бала болды.

## ЕҢБЕК ЕТСЕҢ ЕРІНБЕЙ...

Оқушыларды еңбекке баулу өзекті мәселенің бірі болды. Сондықтан 70-жылдардың басында-ақ оқу шеберханаларына, өндірістік сыныптарға, оқу-тәжірибе алаңдарына айрықша көңіл бөлінді. Осы кезде аудан мектептерінде 5 металл, 12 ағаш, 14 құрамдастырылған шеберханалар және 27 оқу-тәжірибе алаңдары жұмыс істеді. Мұнда оқушылар өндірістік өнім шығарумен айналысып, ауыл шаруашылық өнімінен пайда табудың жолын зерттеді. Жоғарғы сынып оқушылары ауыл шаруашылық мамандығын алуға кірісті. 1965-70 ж.ж. арасында 600-ден астам орта мектеп бітірушілері машинист-тракторшы мамандығын игеріп, өндіріске араласты. Көпшілігі өз мамандығының шебері, тамаша басшы да болып шықты. Солардың бірі – Қазан төңкерісі орденінің иегері, Қазақстан ОП Комитетінің мүшесі, Жайсаң кеңшарының сауыншысы Ш.Есенова, Ленин орденінің иегері, Жайсаң кеңшарының директоры С.Есенғалиев. Ұжымдық еңбекті ұйымдастырудың көшбасшысы Ново-Михайл орта мектебі болды. Ол Дзержин кеңшарында оқушылардың өндірістік бригадасын ұйымдастырудан бастады. Бригада еңбек жолының алғашқы жылында-ақ кеңшарға 4000 сом таза пайда әкелді. Мұндай бригадалар 1972 ж. жетеуге жетті, оның 700 мүшесі болды. 8

жылдық мектеп оқушылары өндірістік звено құрып, ауыл шаруашылық өндірісіне қол ұшын берді. Жайсаң, Мәртөк орта мектептерінің жас натуралистері көкөніс алаңында тәжірибе жасаумен айналысты. Салмағы 43 кг. тұратын асқабақты жайсаңдықтар 1966 ж. Мәскеудегі БХШДЖК-нің жас натуралистер павильонына жіберді. Мектеп оқушылары егін егіп, көкөніс өндіріп қойған жоқ, олар мал шаруашылығын да шефтік көмекке алды. Ү-ші сынып оқушысы М.Оразова жаз айларында үш мың литр сүт сауып көзге түсті. Мектеп оқушылары тек қана еңбек етуге үйреніп қана қойған жоқ, олар өздерін ауыл шаруашылығы қызметіне даярлады.

Оқушы жастар егін алқаптарын зиянкестерден қорғауды сонау Ұлы Отан соғысы кезінен бастап жүргізіп келеді. Егіс алқабындағы зиянкестерді қақпанмен, сумен ұстап, індерге у салу арқылы жойып отырды. Күрес 70 ж. ортасында күшейіп, егіс алқаптары 150 мыңнан астам зиянкестерден тазартылды.

1977 ж. егін орағына 20 оқушы қатысты. Әкелерімен бірге істеген оқушылар үлкен жетістікке жетті. Ленин атындағы ұжымшарда В.Люцис, Г.Ген егін орды. «Сибиряк» комбайнымен В.Люцис 280 га. Жердің бидайы мен арпасын орып, 1615 ц. астық бастырды. Табысқа М.Жәрікеновте ие болды. Ол Нагорный жерінен мол өнім алды. Оқушылармен қатар олардың ұстаздары да дала кемесін меңгерді. Солардың бірі – Б.Ғалиев Нагорныйдан, И.Манжос – Поқырау ауылынан еді. 1977 ж. ұстаздар мен шәкірттер 3,5 мың жердің егін орып, 21 мың ц. астық бастырды.

1972 ж. 140 мектеп бітіруші өз ауылдарында қалды. «Социализм» ұжымшарында В.Осьмухин, С.Масловский өз әкелерімен бірге астық шауып, бастырды. Осы жылы ауданда 10 оқушылар, 4 демалыс, еңбек, орманшы, құрылысшы бригадаларында 1160 оқушы жұмыс істеді. Бұларға 135 га. жер, 8 трактор және 4 комбайн бекітіліп берді. 1978 ж. 347 мектеп бітіруші қолдарына орта білім туралы аттестатпен бірге тракторшы-машинист куәлігін алды.

1978 ж. 30 оқу шеберханасы болды. 29 егістік тәжірибе алаңдарының көлемі 15 га. дейін өсті, тәжірибе жасаушылар саны 4000 нан асты, 200 мыңнан астам егін зиянкесі құртылды.

## ШАҢЫРАҒЫ БИІК...

Білім сапасының негізін қалаушы – мектептердің материалдық-техникалық базасы. өз шаңырағы жоқ мектептер көшіп-конуға мәжбүр болды. 1905 ж. Вознесен мектебі әуелі Кооператив көшесіндегі үйге орналасса, кейін өзге жерге ауысты. XX-шы ғ. басында ауданға

көшпенділердің келуіне байланысты мектеп ашу қызу басталғанымен, құрылыс баяу жүрді. Мектеп үйлері үшін кейбір тұрғындар өздерінің бөлмелерін уақытша, кейде жалға берді. Көптеген жерлерде балалар мектепке қатынап оқуға мәжбүр болды. Қазан төңкерісінен кейін мектептер помещиктер мен байлардан тартып алынған немесе босаған діни мекеме үйлеріне орналастырылса, кейін ауыл тұрғындары мектептерді өз күштерімен сала бастады. 1928 ж. Верен ауылының тұрғындары өз күштерімен бастауыш мектеп үйін салуды ұйғарып, әрбір отбасы 200 кірпіш дайындап, құрылысты бастады. Бұл бастаманы Дмитриев, Степь ауылдары қызу қуаттады. Мектеп үйлері топтаса отырған ауылдарда тез шешілгенмен, 4-5 үйден отырған ауылдарда мектеп құрылысы кешеуілдеді. Ауыл тұрғындары ұжымшарларға ене бастағаннан кейін мектеп құрылысын ұжымшар басқармалары өз қолдарына алды. Осыны ескере отырып, аудандық халық ағарту бөлімі үнемі қоғамдық мекемелер арасында түсінік жұмысын өрістетіп, аудан басшыларының көмегіне сүйене отырып, мектеп құрылысының дамуына өз ықпалын тигізіп отырды. Бір кезде облыстық спартакиадаларда аудан соңғы орыннан шыға алмады. Мұнан шығудың екі ғана жолы болды. Бірі – спорт мектеп үйін салу, екіншісі – мектептерді сапалы кадрлармен толықтыру. Мектептерде оқу үш ауысымда жүріп жатқанда мектептен тыс мекеме үйлерін салу мүмкін емес еді. Тәуекелге бел байлап спорт мектебін салу қолға алынды. Мақсатты орындау үшін оқу бөлімі қағаз жүзінде Мәртөк қазақ орта мектебінің оқу шеберханасына 4 сынып бөлмесін тіркеп салуды межұжымшарстрой мекемесіне жүктеді. Ал құрылыс шын мәнінде Ақтөбе қаласындағы бір спорт мектебінің жобасымен салынып жатты. Құрылысты бастап кету үшін аудан мектептерінің күрделі жөндеуге арналған 72 мың сом қаржысы құрылысқа берілді. Кейінгі жылы қаржының басқа көзі пайдаланылды. Құрылыстың екінші қабатын бітіріп, төбе жабатын плиталарды көтеретін техниканы іздеу кезінде «заңсыз» құрылыс облыс басшыларының құлағына жетті, олар құрылыс иелерін қатаң тәртіпке шақыратынын ескертіп, тоқтатуды талап етті. Жұмыс сапарымен келген облыстық партия комитетінің І-ші хатшысы В.А. Ливенцов құрылысты көріп, аяқтауға көмектесті. Балалардың спорт мектебі 1973 ж. бой көтерді. Кейін осындай әдіспен күрескерлер залы, спорт алаңы салынып, қазақ мектебінің 4 бөлмелі шеберханасы берілді. Жыл сайын спорт құралдарын, киімдерін сатып алу үшін, одақтық қалалардағы жарыстарға қатысу үшін іссапарға қаржы бөлінді. Материалдық-техникалық жағынан нығайған бұл мектепке кадрлар келе бастады. Олар жас спортшылардың шеберлігін шыңдап, жүлдегерлерін, спорт кандидаттарын, разрядшыларын көптеп даярлай бастады.

Мектеп құрылысын салуға облыс, республика басшылары да көп көмек көрсетті. Жайсаң ауылындағы 640 орындық мектеп үйін салу идеясын берген, сол кездегі облыстық партия комитетінің І-ші хатшысы Х.Ш.Бектұрғанов еді. мектеп ауыл шаруашылығы министрлігінің қаржысы есебінен салыну керек еді, бірақ министрліктен қаржы табылмады. Х.Шаяхметұлы мектептің салынуын мемлекет есебіне алып, құрылысты өзі қадағалап, 1967 ж. құрылысты бітіртті. Жоғарғы кеңеске депутат болып сайланған Қазақ ССР-інің Жоғарғы Кеңес Президиумының төрағасы Ж.Тәшенов те сайлаушылардың тілегін орындау мақсатында Мәртөк селосында (қазіргі № 3 орта мектеп ғимараты) 480 орындық мектеп үйін салғызды. Ал қазіргі № 1 орта мектеп үйін салғызған ҚазССР Министрлер Кеңесі Төрағасының орынбасары В.Слажнев еді. құрылысқа қажетті құрылыс материалдарын бөліп, жеткізуде ерекше еңбек етті. Мектеп құрылысы бір жыл ішінде аяқталды. Ауданның егіс алқабымен танысып жүрген Қазақстан Орталық Комитетінің І-ші хатшысы Д.А.Қонаев еңбеккерлердің еңбегіне риза болған ол Степан ауылына келіп, Междуречин кеңшарының директоры Б.Көшкеновке: «Не бұйымтайың бар?» - деп сұрақ қойғанда, Б.Көшкенов: «Орта мектептің болмауы, жастарымызды қинап тұр»- деді. Д.А.Қонаев сол бойда Совминмен хабарласып, Степан ауылынан орта мектеп салып, ашу жұмысымен айналысуды өтінді. Көп ұзамай барлық пән кабинеттері, жабдықталған асханасы, спорт залы бар үш қатарлы мектеп үйі бой көтерді. Мәртөк қазақ орта мектебінің жанындағы интернат сұрапыл соғыс кезінде ұйымдастырылған болатын. Бірақ тұрақты өз мекені болмағандықтан, ол өз орынын талай өзгертті. Жаңа құрылысқа мемлекет тарапынан қаржы бөлінбеді. Қиыншылықтан шығу жолын аудан активі тапты. Ол-мекемелердің, кәсіподақтардың, кеңшар, ұжымшарлардың, селолық кеңестердің, өндіріс орындарының берген қаржысы есебінен үлгі-жобамен 50 орындық интернат үйін салу қарастырылды. Қаржыны біріктіріп жұмсау «Победа» ұжымшарының төрағасы Р.Я.Нәбке тапсырылды. Ол екі қатарлы интернат үйін кейін Елек өзенінің жағасынан пионерлер лагерін тұрғызды. Кең сахарادا 320 орындық мектеп үйін салғаны үшін Р.Я.Нәбке оқу министрлігінің озық қызметкері белгісімен марапатталды.

1964-73 ж.ж. арасында үлгі-жобамен 10 мектеп салынды. Бұған қоса 3160 орындық 15 сынып бөлмесі, 410 орындық интернат, 200 орындық шеберхана, 2 спортзал, 90 орындық асхана іске қосылды.

Мектептер үшін қосымша бөлмелер, спортзал, асханалар мен интернаттар салуда, бастауыш мектептерге ерекше мән берген Ленин атындағы ұжымшар болды. Екі қатарлы интернат үйін салып, оқушыларға ыстық тамақ ұйымдастырған ұжымшар басқармасының төрағасы В.Т.Гриненко Білім министрлігінің «Халық ағарту ісінің үздігі» белгісімен марапатталды.

Көптеген кеңшар, ұжымшар, мекеме, кәсіподақ, ауылдық кеңес басшылары жекелеген жұмысшылар облыс, республика көлеміндегі құрмет грамоталарымен марапатталды. Марапатталғандардың қатарында аупарткомның І-ші хатшысы С.Шынтасов, аупарткомның төрағасы И.Луценко болды.

КСРО Министрлер Кеңесінің 1966 ж. мектептерге төрт бөлмеге дейін тіркестіріп қосымша сынып бөлмелерін салуға рұқсат етуі білім мекемелерінің базасын нығайтуға үлкен септігін тигізді. Осы заңды пайдалана отырып, қазақ орта мектебінің жанынан 80 орындық интернат үйі, 2 сынып бөлмесі, спортзал салынды.

## ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС...

Жас ұрпаққа саналы тәрбие, терең білім беруде мұғалімдер ұжымы шешуші роль атқаратыны даусыз. Кеңес үкіметі құралған күннен-ақ Қазақстан азаматын сауаттандыратын ұжым қалыптастыру міндеті тұрды. Бұл мәселе ауданға тікелей қатысты еді. сауат ашу, білім беру кадрларды іріктеу, орналастыру және тәрбиелеу барлық мәселе ішіндегі ең өзектісі болып қала берді.

Облыс көлемінде кадрларды даярлау орындары ХХ ғ. бас кезінде жеткіліксіз болды, аудан көлемінде сонау ХХ ғасырдың 30 ж. дейін Ақбұлақ, Темір педагогикалық техникумдары дайындаған азын-аулақ кадрлармен оқу-тәрбие жүргізілсе, сұрапыл соғыс кезінде ер мұғалімдердің майданға аттанып кетуінің өзі мектептердегі кадрлардың жетіспеушілігін қайта туғызып, кадрлар сапасын төмендетті.

Соғыстан кейін халық шаруашылығын қалпына келтіру кезінде қоғамдық жұмыстың түрлі саласына: құрылыс, партия, кеңес, комсомол жұмыстарына таңдаулы мұғалімдерді, мектеп басшыларын, тамаша ұйымдастырушыларды мектептен алып, өзге жерге орналастыру оқу сапасына үлкен зиян келтірді. Ендігі міндет кадрларды тұрақтандырып, жоқты іздеп, барды тәрбиелей отырып, біліктілігін арттыру мәселесі бірінші орынға қойылды.

Міне, осындай орын алып отырған түйінді мәселелерді шешу үшін аудандық оқу бөлімі мемлекет тарапынан қабылданған шараларды басшылыққа ал отырып, атқарушы органдарға, қоғамдық мекемелерге сүйене отырып, мұғалімдер мен тәрбиешілер құрамын тұрақтандыру мақсатында ізденістер жасап, шаралар қолданды. Бұл мақсатты іс жүзіне асыру үшін аудандық бөлім мұғалімдердің тұрмыс деңгейіне ерекше көңіл бөлді. КСРО Жоғарғы Кеңесінің шешіміне сай соғыстан кейін мұғалімдердің материалдық жағдайларын жақсарту мақсатында жеке меншігіне мал сатып

алу үшін банкілер несие бере бастады, ал 1960 ж. ақпан айының 6-сы күні Министрлер кеңесінің №139 қаулысымен халық ағарту қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі іске қосылды. Соның нәтижесінде аудандық мектептерде тікелей оқу-тәжірибе жұмысымен айналысатын ұстаздар, жалақылары 21-25 пайызға көбейтілді. Әсіресе, еңбек өтілі мол ұстаздардың еңбегіне ақы төлеу артығырақ қаралды. Олар бұрынғы 149 сомның орнына енді 225 сомнан 275 сомға дейін жалақы алатын болды.

Жыл санап тұрмыс жағдайы жақсара түсті. Ұстаз үйлерінде жаңа үй жиһаздары, телевизорлар, бағалы бұйымдар, жеңіл автокөліктер пайда болып қана қойған жоқ, енді олар туристік саяхаттарға шығып, демалыс үйлерінде демалуға, санаторияларда емделуге мүмкіндік алды. 60 ж. басында – ақ бір топ мұғалімдер Мәскеу, Ленинград, Севастополь сияқты батыр қалаларға саяхат жасап, сәнді тарихи орындармен қала халқының ерліктерімен танысып, білімдерін молайтып оралатын болды. Кәсіподақ комитеттерінің жолдамаларымен жыл сайын 10-15 мұғалімнің санаторийлер мен демалыс үйлерінде демалуы әдетке айналды. Халық ағарту қызметкерлерінің тұрмыс жағдайын жақсартуды жалғастыру мақсатында Республиканың Министрлер кеңесі әр бесжылдықта олардың еңбекақысын үнемі өсіріп отырды. 1985ж. ауыл мұғалімдерінің айлық ақысы 170-200 сомға дейін, мектеп басшыларыныкі 300-320 сомға дейін көтерілсе, 2001ж. ұстаздардың айлық жалақысы 30 пайызға дейін көтеріліп, ай сайын 17-20 мыңға, мектеп басшыларыныкі 25-30 мың теңгеге өсті.

1995ж. дейін мемлекет тарапынан жыл сайын берілетін тегін отын мен жарыққа арналған қаржылар да мұғалімдер мен тәрбиешілердің тұрмыс деңгейін көтеруге себебін тигізіп отырды.

Ауылдық жердегі күрделі мәселелердің бірі- ұстаздарды тұрғын үймен қамтамасыз ету болып келеді. Бұл мәселені шешу үшін мектеп басшылары, кәсіподақ комитеттері, ауылдық кеңес төрағалары әрбір мұғалімнің өз меншігіне үй салып алу үшін жағдайлар жасаудың жолдарын қарастырды. Өз қаржысы жетпеген жағдайда оларға мемлекет тарапынан қарыз қаржы беріле бастады. Мұндай шығындар жыл сайын 3-4 мың сом мөлшерінде болды. осындай жағдайларды Георгиевка мектебінің мұғалімі З.Қосжанов, Рыбаков мектебінің мұғалімі М.Положенцев, балабақша меңгерушісі А. Ругаленко т.б. пайдаланады. Ал сауда орындары болса құрылыс жүргізуші мұғалімдерге қажетті материалдарды бөліп отырды.

Ауданның жұмысшылары мен кеңсешар басшылары да ағарту майданының кадрларын пәтермен қамтамасыз етуде елеулі қамқорлық істей білді. 20-30жылдардың өзінде-ақ бастауыш мектеп үйлерін салған кезде, мұғалім үйін де тіркестіре салып отырды. Соғыстан кейінгі кезде мемлекет жаңа мектеп үйлерін тұрғызғанда оған қоса мұғалімдер үйлерін салуды жоспарлады.



Мысалы: 480 орындық №3 Мәртөк орта мектебінің үйі жанынан 16 пәтерлі үй тұрғызды. Мұндай тәртіпті кеншарлар мен ұжымшарлар да іске асырып бақты. Мұғалімдер үшін жергілікті өзара салық есебінен үй салу жұмыстарын ірі ауылдық кеңестер де жүзеге асырып отырды. Ауданның ауыл шаруашылық мекеме жетекшілері көптеген жерлерде өздерінің азық-түлік қорларынан ет, сүт тағамдарын беруді ұйымдастырса, кей жерлерде мұғалімдерді өздерінің кооператив мүшесі есебінде санап, оларға 1977-78ж. арасында 700 шаршы метрлік пәтер үйлерін салып берді. Ал сауда орындары үй ішіне жиһаздар мен мәдени заттарды жеткізсе, құрылыс орындары күрделі жөндеулерге байланысты материалдармен көмектесіп отырды. Осындай камкорлықтың арқасында мұғалімдердің тұрақтылығы артты. Ал көрші Ақбұлақ (Орынбор обл.) ауданынан көптеген ұстаздар ауданға қоныс аудара бастады. Сөйтіп, жетіспеуітін кадрларды толықтыру, барын тұрақтандыру мәселесі де шешіле бастады. «көппен көтерген жүк жеңіл»-дегендей, қоғамдық орындардың бірлесе жұмыс істеуінің арқасында ауыл мұғалімдерінің 82 пайызы өздерінің жеке меншік үйлерінде және қоғамдық мекемелердің үйлерінде тұратын болды. ал аудан орталығында тұратын 69 ұстазға коммуналдық шаруашылық өз қоры есебінен пәтер берді.

Білім мекемелерін кәс.би мамандығы жеткілікті кадрлармен толықтыру жұмысы негізінен Ақтөбе, Орал педагогикалық институттарының, облыстық педагогикалық училищенің есебінен жыл сайын 30-40 адамға көбейіп отырды. Ал Ақтөбе педагогикалық институты (ректоры П.Щетинин) аудандық шефтік көмекке алып, түсетін жастарға нақтылы көмек жасап, кадр санын көбейтуге жол ашты. Мұғалімдердің сырттай оқып білім алуына ҚызылОрда, Гурьев пединституттарының, Ақбұлақ педучилищесінің де қосқан үлесі аз емес. Осындай жүргізілген іс шаралардың арқасында ұстаздар құрамы 700 адамға дейін өсіп, жоғары білімділер саны 46 пайызға көтерілді.

Республиканың Жоғарғы Кеңесі, үкімет мұғалімдерге әрдайым материалдық, моральдық қолдаулар көрсетіп келді. 1965ж. қазан айының бірінші демалыс күні Республикада «Мұғалімдер күні» болып белгіленді. 1935ж. бір топ мұғалімдер «Қазақстанның 15 жылдығы» белгісімен, ал Ұлы Отан соғысының аяғында «ҰОС еңбектегі ерлігі» медалімен марапатталды. Жоғарғы Кеңес ұстаздардың еңбегін айрықша марапаттау мақсатында «Қаз.КСР-інің еңбек сіңірген мұғалімі» құрметті атағын, беру ережесін бекітсе, ал Білім министрлігі «Халық ағарту ісінің үздігі» белгісін шығарды. «Қаз. КСР-інің еңбек сіңірген мұғалімі» құрметті атағын бірінші болып Мәртөк орта мектебінің мұғалімі Гришаева Просковья Ивановна алды. Мұндай құрметті атаққа облыстық мұғалімдер біліктілігін жетілдіру институтының тірек мектебі болған Мәртөк орыс орта мектебі директорының оқу тәрбие жөніндегі орынбасары Просковья Ивановна Злыдникова, ұзақ

жылдар бойы Хозауыл бастауыш мектебінде мұғалім, мектеп басшысы «Білім» қоғамының насихатшысы, тәжірибелі ұстаз Сүйесенов Ескайыр ие болды. аудан мектептері, оның ұстаздары білім майданында жана әдістерді, технологияны пайдалана отырып үлкен табыстарға ие болды. Ауданның білім және тәрбие саласындағы жетістіктері республика көлемінде, Бүкілодақтық халық шаруашылығы көрмесінде кеңінен насихаттала бастады. Аудан жұмысшы жастарға орта білім, мектепке дейінгі бүлдіршіндерге тәрбие берудегі жетістіктері үшін оқу министрлігінің дипломымен және бағалы сыйлығымен, Бүкілодақтық байқау комиссиясының мақтау грамотасымен марапатталды.

Аудандағы өнегелі істер республикалық ғылыми – педагогикалық «Қазақстан мектебі» журналында, «Қазақстан мұғалімі», «Учитель Казахстана» газеттерінің беттерінде «Жаппай оқудың маңызды мәселесі», «Табыстың көзі», «Бақылаушы және ұйымдастырушы», «Озаттар тәжірибесі негізінде», «Кадрлар-алтын қорымыз» т.б. сияқты көлемді мақалалар арқылы кеңінен насихаттады. КСРО педагогикалық ғылым академиясы да оқу бөлімінің нәтижелі жұмысын республика көлемінде кеңінен таратуға болатыны жөнінде өз пікірін баяндады. 1971ж. ақпан айында Оқу министрлігі аудандағы жұмыстарға оң баға берді. Ал Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес Президиумы аудандық оқу бөлімінің менгерушісі Р.Ділмағамбетовке «Қаз. КСР-інің еңбегі сіңген мұғалімі» құрметті атағын берді.

Шәкірттерді оқытып, тәрбиелеуде ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек еткен Жаңатаң жеті жылдық мектебінің мұғалімі Фасхи Ахмеров пен Кеңсахара бастауыш мектебінің мұғалімі Қожахмет Әлмұхамбетовтың де омырауына 1949ж. Ленин ордендері тағылды. Оқу- тәрбие майданында абыройлы еңбек еткен, Ұлы Отан соғысында батырлық көрсеткен Қанапия Жылқаманов, Василий Скляр, Мадьяр Көзбаев, Қарақұл Бөлекбаев, Бақыт Отарғалиев, Есен Есмұқашев т.б. орден, медальдармен марапатталды.

Білім беруге орта, негіз, бастауыш мектеп, мектептен тыс мекемелер, жастардың кешкі және сырттай мектептері және бала бақшалардан қатысатын болса, соның ішінде мектепке дейінгі мекеме айрықша орын алды. Еңбектің алғашқы күнінен бастап (ол 1937ж.) өмірінің соңғы кезіне дейін бір орында, Мәртөк селосының №2 балабақшасында өмір бойы мінсіз қызмет еткен, Қазақстан Оқу министрлігінің үздігі, Александра Николаевна Ругаленконы бүкіл аудан халқы, селодағы ата-аналар жақсы біледі. Жемісті еңбегімен Андреев орта мектебінің директоры Қ.Бисекеев, Верен мектебінің директоры Дәулетияров көзге түсті.

Жұмыстағы тұрақтылық жемісті еңбектің негізі. Жұмыстың қай саласын алсаң да, мұнда адамдар ауданда жиі кездеседі. Соның бірі- білім бөлімінің әлеуметтік-экономикалық саласында өзін кәсіби мамандығын жетік білетін,

оны шебер қолдана білген, мектеп басшыларымен жұмысты дұрыс ұйымдастырып келе жатқан экономист Надежда Викторовна Ермоланская. Қай жұмыста онай емес, ал қаржы мәселесінде қателесуге болмайды. Ол үшін сабырлылық пен ұстамдылық, ұқыптылық, білгірлік пен адалдық қажет-ақ. Ал бұлардың бәрі мұның бойына жинақталған. Сондықтан болу керек, оның еңбек кітапшасында 1958 жылы жұмысқа алынды деген бір-ақ жазу бар.

Жайсаң орта мектебінде ширек ғасыр бойы шәкірттерін салауатты өмірге дайындаған спорт түріне қарай шыңдаған, табиғатты сүйеге, қиындық пен төзімділікке баулыған ұстаздың бірі - Көшкінбай Мұқлисов болды. ол мектептегі 400-ден астам оқушыны 9 түрлі секцияға тартып, спортқа баулыды. Шәкірттер болса өз өнерлерімен облыста аудан намысын қорғап, абыройын көтерді. Спорт саласындағы еңбегі үшін ол КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы физкультура және спорт комитетінің құрмет грамотасымен, облыс, ауданның мақтау қағаздарымен талай рет марапатталды.

## ШЕБЕРЛІК ЖОЛЫ БІР БАСҚА...

Тамаша педагог өзінен-өзі бола қоймайды, институтты немесе педучилищені бітіріп келген жас маманмен білім ордасының табалдырығын аттаған күннен бастап зейнеткерлікке жеткенге дейін табанды, мақсатты, жүйелі жұмыс істеуге тура келеді. Ал, кәсіби білімі жоқ, уақытша педагогикалық қызметке келгендермен жұмыс мұнан да күрделене түседі. Оның үстіне, кадрларды үйрететін арнаулы әдіскерлер штатта қаралмаса, ұйымдастырушылық және әдістемелік жұмыстар аппараттағы 1-2 мектеп инспекторларының мойнына жүктелді. Отан соғысқа дейін әдістемелік жұмыстар облыстық білім бөлімінің қысқа мерзімді семинарлары, курстары арқылы жүргізіліп келді.

1930 ж. басында ауданда 100-ге жуық ұстаз болса, соғыс қарсаңында мектептерде 5920 оқушыны оқытумен, тәрбиелеумен 258 ұстаз айналысты. Міне, бұлардың біліктілігін, іскерлігін жетілдіру мақсатында оларды ғылымға негізделген, еңбекте ақталған озат тәжірибелер негізінде үйрету 1960 ж. басында басталды. Бұл кезде аудандық халық ағарту бөлімдерінің қамтитын мәселелері көлемді және күрделі болатын-ды. Себебі олар мектептер желісін реттеп, бөлім бағдарламасының орындалуын ұйымдастырып, білім мекемелерінің материалдық-техникалық базаларын нығайтып, оқу-тәрбие жұмыстарына бақылау жасап, жалпыға бірдей міндетті оқу Заңын жүзеге асырып, жастардың кешкі мектептеріне балалар бақшасына қамқорлық жасап ағарту жұмыстарының сан-алуан саласына назар аударып

отырды. Әлбетте, сан килы жұмысты басқарып, бақылауға алу шағын ғана аппараты аудандық бөліміне оңай болмады. Сондықтан да мектептердің, кәсіподақ пен ата-аналардың көмегіне сүйене отырып, аудандағы әдістемелік жұмысты жандандыру мақсатында оқу бөлімі жанынан қоғамдық негізде мұғалімдердің білімін жетілдіру институты құрылды. Институт жұмысына ұстаздық тәжірибесі мол, өзгелерді үйрете алатын түрлі мамандықтағы 18 ұстаз тартылды. Оның директоры болып тәжірибелі мұғалім, Мәртөк орыс орта мектебінің директоры, аудандық білім бөлімінің педкөенесінің мүшесі М.М.Горох қоғамдық негізде тағайындалды. Әдістемелік жұмыс 8 бағытта жүргізілді. Олар семинар-кеңес, семинар-тәжірибе, бастауыш сынып мұғалімдерінің қысқа мерзімді курсы, мектеп басшыларының семинар-экскурсиясы т.б. болды. Мұғалімдердің іс-тәжірибелерін тарату үшін көрме қалқандары істелді. Озаттар тәжірибесін кеңінен таратуға аудандық «Ленин жолы» газеті өз үлесін қосты.

Ең алдымен Жайсаң орта мектебінің (директоры Д.М.Барановский) озат әдісі аудан мектептеріне кеңінен таратылды. Көп ұзамай 7 мектеп экспонаттары Мәскеудегі ХШЖК-іне жіберілді.

Көп ұзамай аудан жастарының жұмыстан қол үзбей білім алуына, жоғарғы оқу орындарына түсуіне жағдай жасалды. Кешкі мектептер жанынан даярлық курстары ашылды. Мұнда, Мәскеудің, Ленинградтың, Оралдың т.б. қалаларына барып оқуға тілек білдірген 19 адам үшін кешкі оқу ашылды. Оларға бөлім инспекторы Н.Ақдәулетов, қазақ орта мектебінің мұғалімі Т.Байбарақов, кешкі мектеп мұғалімі Л.Воробьева қоғамдық негізде сабақ берді.

Болашақ бірінші сынып оқушыларын мектепке дайындау топтары құрылды. Бұл жұмысқа XI-ші сынып оқушылары тартылды. 300-ден астам бірінші сынып оқушылары мектептегі дайындықтан өтті. Аудандық бөлім көпшілікті қоғамдық жұмысқа тартудағы тәжірибесін пайдалана отырып, мектептер жанынан ата-аналар университетін, 42 мектепке көмектесу тобын құрды.

Кейіннен әдістемелік кабинет ашылып, оның штаты кадрлармен толықтырылғаннан кейін жинақталған тәжірибе жұмысқа үлкен көмек көрсетті. Әдістемелік жұмыстың мазмұнына өзгерістер енгізілді. Әдістемелік жұмыстар негізінен мектеп аралық бағытта қала берді. Дегенмен, озат әдістерді кеңінен насихаттауда кездесулер, ғылыми-практикалық конференциялар өткізіп, лекциялар оқу басты нысана болды. Оқу жылы аяғында барлық жұмысты қорытындылау мақсатында ғылыми-практикалық конференциялар өткізіліп, арнаулы ұсыныстар қабылданып отырды.

Міне, осындай тамаша іс-тәжірибе жинақтағандардың бірі – Мәртөк қазақ орта мектебінің орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, ҚР Оқу министрлігінің

озық қызметкері, «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері, ұстаздардың ұстазы Е.Д.Гусева болды. бұл ұстаздың тәжірибесі облыстық, республикалық басылымдарда талай жазылып, үлгі боларлық тәжірибесі сан рет облыс, республика көлемінде таратылды. Жыл сайын жемісті еңбек еткендердің саны өсе берді.

Кәсіби мамандық шеберін анықтау мақсатында 70 ж. басынан бастап ұстаздарды аттестациялау басталды. Мұның алғашқы тобына 99 мұғалім, тәрбиеші қатысты. Аудандық комиссияның ұсынысымен 32 ұстазға жоғарғы баға берілді. Бір мұғалім «Аға мұғалім», бес мұғалім «КСРО және ҚР Оқу Министрлігінің озық қызметкері» атағына ұсынылды, ал көптеген мұғалімдер облыстық, аудандық білім бөлімінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Аттестация қорытындысы бойынша 36 мұғалімнің, бір балабақшаның, 3 орта мектеп тәжірибесі аудан, облыс көлемінде насихатталды. Аттестациялау ұстаздар арасында жаңа еңбек серпінін туғызды.

Ең маңыздысы, тәжірибелі ұстаздар кәсіби шеберлігі төмендерді шефтік көмекке алып, мамандығы жоқтарды адамдар сырттай оқумен қамтыды. Енді жыл сайын 150-170 ұстаз жоғарғы оқу орындарына түсіп білім алатын болды.

Жаңа ХХІ-ші ғасыр барысында жүргізілген сараптау жұмысы аудан ұстаздарының сан жағынан да, сапа жағынан алға қарай ілгерілегенін көрсетті. Ұстаздар құрамы 800 адамнан асып, оның 460 адамының кәсіби мамандығының жоғарғы, 1, 2 дәрежеге жеткенін көрсетті. 100 мұғалім республика, 9 адам КСРО білім үздігі екенін танытты. М.П.Шабалина мен Р.Ділмағанбетов Республика мұғалімдерінің IV-V съездеріне делегат болып сайланды. Жүздеген педагог ХХ ғ. КСРО-ның орден, медальдарымен марапатталды.

Мектеп жұмысының жемісті болуы ол басқару жұмысына кадрді дұрыс іріктеп орналастыруда, онымен тиянақты жұмыс істеуге байланысты. Кеңестер Одағы кезінде мектеп басшылары жиі-жиі ауысып отырды. Себебі директорлық жұмыста көріне бастаған коммунист басшыларды аупартком, ауатком, бақылау, комсомол ұйымдарының жұмысына жиі ауыстырып отырды, ал мұның өзі білім саласындағы оқу-тәрбие жұмысына әсерін тигізбей қоймады. Себебі 60-қа жуық білім мекемелерін басшымен, оның орынбасарларымен қамтамасыз етіп отыру оңайға соқпады. Енді білім бөлімі үнемі директорлар құрамын толықтыру, сақтау, тәрбиелеу жұмыстарымен айналысу үшін мектеп басшыларының орнына жаңа кадр іздеп, еңбек етіп жүрген директорлардың шеберлігін шыңдап, іскерлігіне қарай орналастыруды өзекті мәселелердің бірі қылып алды. Талап күшейді.

Жаксы мектеп директоры болу үшін, *біріншіден*, тәжірибелі ұстаз болу керек. Себебі: тәжірибелі ұстаздардың моральдық құқығы жоғары. *Екіншіден*, жастарды үйретуге олардың әдістемелік іскерлігі мол негізінен

мақтау грамоталарымен, оқу үздігі белгілерімен, орден, медальдармен марапатталып, халық көзіне түсіп көрініп жүргендер.

Болашақ мектеп басшысын оқу-тәрбие жұмысымен айналысып жүрген директорлардың орынбасарлары, жергілікті кеңес депутаттары, кәсіподақ комитеттерінің төрағалары, қоғамдық ұйымдар басшыларының, сынып жетекшілері арасынан іздеу, таңдау қарастырылады. Кейде «Тәуекел» есебінде жай қатардағы мұғалімдер арасынан да таңдалып директорлық қызметке жіберілді. Ең маңыздысы, адамдармен қарым-қатынасты дұрыс үйлестіре алатын қабілетті жандар болуы керек. Соңғысы, бірінші кезекте болуы өте қажет-ақ.

Мектептердегі оқу-тәрбие жұмысын жақсартудың бірден-бір жолы, басқару жұмысының сапасын жақсарту. Өйткені, білім, тәрбие беретін мекемелер барған сайын өсіп, оның жұмысы күрделене береді, жауапкершілік күшейе түседі. Статистикаға сүйенсек, өткен ғасырдың соңғы жылдарында орта білім берумен жиырмаға жуық (оның жартысында оқу қазақ, орыс тілдерінде жүретін аралас мектептер) орта және бір техникалық училище, білім негізін қалайтын 9 негізгі, 11 бастауыш мектептер, сондай-ақ қосымша білім беретін өнер, балалардың спорт мектебі, оқушылар үйі жұмыс істеді. Өткен ғасырдың 90 ж. басында қарамағында 2000-нан астам баласы бар 41 балабақша қоғамдық тәрбиемен айналысты. Жұмысшы жастарға орта білім беру мақсатында сырттай және кешкі мектептер жұмыс істеді. Аудандық білім бөлімінің жанында мектептердің шаруашылық жұмысына көмектесетін шаруашылық мекемесі, фильмдер жеткізетін қызмет стансасы, әдістемелік кабинет, толып жатқан озат, тірек мектептер желілері болды. Міне, бұл мекемелердің бәрі де кадрға деген сұранысты күшейтті, ал басқару жүйесін ғылыми негізге сүйенуді талап етті.

## АРТЫНА ӨЛМЕЙТҰҒЫН...

Білім мекемелеріндегі оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижесі кадрларға, әсіресе, оның басшыларын дұрыс іріктеп, орналастырып, тәрбиелеуге байланысты. Ал бұл мәселені шешу де түрлі қиыншылықтар кездесіп отырды. Кеңес үкіметінің алғашқы кезеңінде басқару жұмысы кәсіби мамандығы төмен адамдарға жүктелсе, XX ғ. 30 ж. қуғын-сүргінге ұшырап, жиі-жиі алмасып отырды. 40 ж. басында ер адамдар майданға аттанып, басшылық жұмыс әйелдердің үлесіне тиді. Олар майданнан, әскерден оралмағандардың орынын басты. 1950 ж. ұжымшарлардың ірілендірілуі орта мектептердің ұжымшар орталығына қарай ауысуына, кейбір басшы кадрлардың алмасуына әкелді. Мектеп директорларының тұрақтамауы 60-70 ж.

күшейе түсті. Бұл кезеңде еңбегімен көріне бастаған білім мекемелерінің басшылары партия, кеңес, комсомол ұйымдарының халықтық бақылау комитеттерінің жауапты, тіпті, шаруашылық жұмыстарына тартыла бастады. Және олар сайлау сайын алмасып, өзгеріп отырды. Мұның өзі мектеп басшыларының тұрақты еңбек етуіне жағдай жасамады. Осындай және өзге де қиындыққа қарамастан, бөлім басшыларының тұрақтануына, жемісті еңбек етуіне жағдайлар жасап бақты. Мәртөк орыс орта мектебіне директор болып тағайындалған М.М.Горох өзі басқарған 30 жыл ішінде тұрақты, іскер мамандарды айналасына жинақтап шебер ұстаздар ұжымын қалыптастырды. Мектеп облыстық білім жетілдіру институтының үлгі-тірек мектебіне, аудандағы балабақшаларға тәрбиешілер дайындайтын оқу орнына айналды. Мектеп мұғалімдері П.Гришаева мен П.Злыдникова «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мұғалімі» құрметті атағына ие болды. Химия пәнінің мұғалімі Л. Н. Тыщенко «Еңбек қызыл Ту орденімен, 21 мұғалім «Білім министрлігінің озық қызметкері» белгісімен марапатталды. 5 ұстазға «Әдіскер мұғалім», «Аға мұғалім», «Аға вожатый-әдіскер» атақтары берілді. Жоғарғы дәрежелі мұғалімдер өз шәкірттерін өмірге жақсы дайындай алды. Мектеп түлегі Раул Мир-Хайдаров әлемге әйгілі жазушы болды. Г.Вульферт, Э. Қазиев, Я. Трефц, В.Квинд, В.Чиркин, А. Бекшов т.б. небәрі 30 адам ғылым мамандары болып шықса, А. Наурызбаев Лиссабонда, Афинада, Парижде кикбоксингтен жүлделі орынға ие болды. Мектеп өмір сүрген 65 жыл ішінде 4 мыңнан астам оқушы жастарға орта білім берді, мұның 65-і мектепті «Алтын», «Күміс» медалімен тәмамдады.

Ауған соғысына қатысқан 3 оқушы ерлік көрсетіп «Ерлігі үшін» медалімен марапатталса, ал Жаксығали Тәжігүлов «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталды.

Аз уақыт ішінде артына өнегелі істер қалдырып кеткен орта мектеп басшысының бірі - Есжанов Күмісхан Иماشұлы. Ол Отан соғысынан кейін Жайсаң орта мектебін басқарды. Іскер педагогикалық ұжым қалыптастырды. Күмісхан Иماشұлы кейін аудандық оқу бөлімін басқаруға шақырылды. 8 айдан кейін ол бұл жұмысты тастап өз ұжымына қайта оралды, кейін облыстық партия комитетіне ауысты. Бұл шығармашылық топты басқаруға Мәртөк орыс орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Д.М. Барановский жіберілді. М. Горохтың іс-тәжірибелерін меңгерген ол Жайсаң мектебін жеңіл басқарып кетті. Мектеп ауыл мектептерінің алдыңғы қатарына шықты. Жайсаң ауыл орта мектебінің түлегі Н. Мұқлисов ғылым докторы, облыстық білім басқармасының бастығы дәрежесіне дейін көтерілді. Мектеп әлденеше рет Мәскеу қаласындағы бүкілодақтық көрмесіне қатысып еңбек өнегесін көрсетті. Мектепте туризм мен спорт жақсы дамыды. Оқушылардың бұл тәжірибесі, республикалық газеттер бетінде кеңінен насихатталды.

Өлкетануға арналған мұражай құжаттары, кабинеттік жүйемен оқыту тәсілдері өзге мектептердегі оқу тәрбие жұмысына қозғау жасады. Оқу-тәрбие алаңдарындағы ғылыми жұмыстар өзгелерге өнеге болды. Оқушылардың көркемөнерпаздар ансамблі, үгіт насихат бригадалары, музыка мектебі тарих бетінен өз орынын тапты. Осы мектептегі оқу-тәрбие жұмысының жетекшісі Р. Бакиева да ұжым мүшелерін жақсы істерге жетеледі. Дәстүрлі жетістіктерді жалғастыруда осы мектептің директоры Ж. Қапатов те абыройлы еңбек етіп келеді.

Байторысай мектебін кезінде оқымысты агроном, педагог Давыденко Л.С. басқарды. Мектеп аз уақыт ішінде саябаққа айналды. Кейіннен осы мектепте Р. Мұқанов игі нәрселерді жалғастыра отырып, шеберхана салып еңбек сабағының маңызын күшейтті. Өзі кеңес жұмысына ауысқан кезде директорлық жұмысты өз шәкірті А. Қилыбаевқа тапсырды. Жаңа директор ұжыммен жұмысты жаңаша жүргізіп, нәтижелі жұмыстар істеді. Ол 2000 жылы аудандық білім бөлімі бастығы дәрежесіне көтерілді. 2003 ж. ағарту саласындағы жемісті еңбегі үшін Білім және Ғылым министрлігінің құрмет грамотасымен марапатталды.

Еңбеккер мұғалімдердің ортасында өсіп жетілген, орта мектеп басшысына дейін көтерілгендердің бірі – Шевченко мектебінің директоры В.С. Криштов. Ол өмір бойы осы ұжыммен қоян қолтық жұмыс істеді, ыстығы мен суығына төзіп, жеңілі мен ауырын бірге бөлісіп өтті. Бірақ қай жұмыс болмасын солардың алдында жүрді. Биология пәні мұғалімі есебінде ауылдың сұлу табиғатын қорғайтын топ құрып, Қызыл кітапқа енген жануарлар мен өсімдіктерді, құстарды сақтауды ұйымдастырды. Ол тарихқа көп көңіл бөлді. Осы мектептің бұрынғы мұғалімі Ф. Ф. Озмитель туралы тарихи мәліметтер жинастырып, мұражай ашты. Таңдаулы тәрбие ошағы атағын алу үшін күш жұмсады. Өз ауылының ауылдағы еңбек ерлерінің тарихын жинады, сұлулықты жақтады. Сурет пәні мұғалімі П.Соколов пен суретшілер үйірмесін ұйымдастырды. Жас суретшілердің көрмелерін ұйымдастырып, экспонаттарымен облыс, республикаға танымал болды. Ұстаздардың озат тәжірибесін ұжымшардың өнегелі істерін таратудан жалықпады. Ол – педагогикалық істің тамаша ұйымдастырушысы бола білді. Ауылдасына қамқоршы болып, өмір бойы ауылдық кеңес депутаты болды. В. Криштовтың зор еңбегі үшін КСРО –ның білім үздігі белгісімен, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Мұндай атаққа директордың оқу – тәрбие жөніндегі орынбасары Ш.Құлмұхамедованы да жеткізді.

Мектеп дегенде түн ұйқысын төрт бөліп, ішкен асын жерге қоя салатын мектеп басшыларының қатары көбейе түсті.

Шәкірттеріне сапалы білім беру үшін барлық уақытын физика кабинетін жабдықтауға, сабаққа керекті техникалық құралды өзі ойлап шығарып,



пайдалануда аудан мұғалімдеріне өнеге көрсеткен Қаратоғай орта мектебінің мұғалімі А.Н.Дмитриевтің еңбегі аумақты. Ол тіпті құс балапандарын басып шығаратын инкубаторды да ойлап шығарып, іске қосты, онымен айналысатын топтарды құрды. Мұнымен өзінің физика пәніне берілгендігін көрсетіп қана қойған жоқ, ұйымдастырушылық қабілетінің мол екендігін танытты. Көп ұзамай өз мектебінің тізгінін өз қолына алды. Алексей қысқа уақыт ішінде мектеп шеберханасын, спорт, алғашқы әскери дайындық, оқу-тәжірибе алаңдарын салып, кабинеттік жолмен оқытудың бастамашысы болды. Оның еңбегі зор бағаланып, КСРО білім министрлігінің үздігі белгісімен марапатталды. Алексей Николаевичтің еңбегін жалғастырған М.А.Имашева (осы мектептің түлегі). Ол өз айналасына шығармашыл жаңашыл топтарды жинай білді. Ата-аналар ұжымы да мектептің сенімді көмекшісіне айналды. 2003ж. аттестациялаудың қорытындысы бойынша мектеп жоғарғы бағаға ие болды. Ал Мария Аманкелдіқызы «Тәуелсіздіктің 10 жылдығы» медалімен марапатталып, 2 қайтар аудандық мәслихаттың депутаттығына сайланды. Мектеп құрылысын теориялық жағынан жетік білетін оны іс-тәжірибемен тығыз байланыстыра отырып, жоғарғы көрсеткіштерге жеткізе білетін басшылардың ішінде Н.Елдесов, С. Сарқұлов, А.Райымқұлов, Р.Халықов, Қ. Шудабаев, Ә.Сейітова, М.Кулиш т.б. бар.

## ӨНЕРДІ ҮЙРЕН ДЕ...

Облыстағы педагогикалық институт та, педагогикалық және мәдени ағарту училищелері де аудандағы білім мекемелерін музыка пәні мамандарымен қамтамасыз ете алмады, өйткені, оқуға түсетіндер ең алдымен, «Қуаң дала», «жартылай қуаң дала» аудандарынан жеңілдікпен қабылданып келді. Ал Мәртөк ауданына мұндай жеңілдіктер берілмегендіктен, музыка мамандығына түсетіндер саны өте-мөте аз болды. Себебі музыка мамандығына түсушілер арасында конкурс күшті болды. Келетін кадрлардың төбесі көрінбеді. Білім бөлімі мұндай кадрларды ауданның өзінде даярлауға белді бекем бұды. Сол үшін аудан орталығынан музыка мектебін ашуды ұйғарды. Бұл жерде ауданда салынған, ашылған балалардың спорт мектебінің тәжірибесі пайдаланылды. Аудандық пионерлер үйінің басқа жерге ауысуына байланысты, оның босаған үйі музыка мектебінің ғимаратына 1975 ж. берілді. Оқу-техникалық құралдарымен жабдықталды. Келесі жылы пианино, баян үйірмелері, енді бір жылдан соң скрипка, домбыра үйірмелері ашылды. Әр үйірме мамандарымен қамтамасыз етілді. Әуелгі үйірмелер, кейін сыныпқа айналды. Көп ұзамай музыка мектебінің басшылығына он саусағынан өнер тамған, ән мен күйдің

шебері Д.Құрманғалиева жіберілді. 1997 ж. музыка мектебінің жұмыс аумағы көбейіп, аудандық өнер мектебіне айналды. Мектептің 20 жылдық тойына аудан әкімі 70 мың теңге тұратын «Қазақ ұлт аспаптар оркестрін» сыйлады. Мектептің барған сайын қанаты қатайып, өркені өсе түсті. ХХІ ғ. басында педагогикалық ұжым өзінің бұрынғы қарлығаштарынан тұрды. Мектеп түлегінің бірі – Е.Кенжалиев Ақтөбе училищесін тәмамдап, Алматыдағы Құрманғазы консерваторияның прима мамандығын меңгеріп, Ақтөбе университетінің музыка факультетінің ұстазы болып оралды. Ал скрипкашы Полегонько Л.С. ширек ғасыр бойы осы мектепте абыройлы еңбек етіп жүр. Мектеп директоры Д. Құрманғалиева өзін тек қана тәжірибелі ұстаз ретінде көрсетіп келе жатқан жоқ, мектептің оқу-тәрбие жұмысының ұйымдастырушысы екенін, нәтижелі шығармашылық жұмыстың иегері екенін көрсетті. Р.Ділмағанбетовтің «Мәртөк вальсі», «Мектебім», «Құмсайым» М.Көбегеновтің «Әрқашан әже аман жүр», С.Мәуленовтің «Қабірі белгісіз досқа» өлеңдерінің әндерін жазды. 2001ж. өнер мектебіне Қ.Медетовтың атағы берілді. Д. Құрманғалиева Қ. Медетовтың 100 жылдық мерекесіне арналған Республикалық ғылыми-практикалық конференциясына белсене қатысып, Қ. Медетов шығармасын кеңінен насихаттауға үлес қосты. Мектеп директоры «Республика Тәуелсіздігіне 10 жыл» медалімен марапатталды. Мектеп ұжымы (өз өнерлерімен) облыстың көптеген аудандарында, Ақтөбе қаласында, Ресейдің Ақбұлақ ауданында өз өнерлерін көрсетіп келеді.

Балалардың спорт мектебі аудандағы дене тәрбие жұмысын дұрыс жолға қою үшін 1969 ж. тамыз айында балалардың аудандық спорт мектебі ашылды. Алғашқы кезде материалдық-техникалық базасы болмағандықтан, оны бірнеше жерге орналастыруға тура келді. Қажетті спорт тауарлары басқа жерлерден жинастырылды. Тек 1972 ж. аудан мектебінің күрделі жөндеуіне арналған 72 мың сом қаржыны мектептің құрылысына пайдалануға тура келді. Ақтөбе қаласындағы мектептің құрылыс жобасын, сметалық құжаттарын пайдалана отырып, екі қатарлы мектеп үйін салу қолға алынды. Бұл құрылысты спорт мектебі демей, Мәртөк қазақ мектебінің 4 сынып бөлмесі деген атпен басталды (ол кезде КСРО Министрлер кеңесі 4 сынып бөлмесін тіркеп салуға рұқсат берген болатын-ды). Мұндай әрекет, әрине рұқсат етілмеген болатын. Бірақ құрылыс инженерлер мен құрылысшылармен келісе отырып жүргізілді. «Заңсыз» құрылыстың салынуы облыс басшыларының да құлағына тиді. Енді, құрылысты жауып тастау қаупі төнді. Дегенмен, шапшаң, сапалы жүргізілген мектеп үйі облыс басшыларын тыныштандырып, құрылысты аяқтауға көмектесті. Кейіннен тағы күрес залы, спорт залы салынды. Мектепке қазақ орта мектебінің 4 бөлмелі шеберханасы пайдалануға берілді. Жыл сайын қажетті құрал-жабдықтарын алуға қаржы

бөлінді. Ал шеберлерді дайындау үшін, істі мамандандыра жүргізу мақсатында Жайсаң орта мектебі жанынан баскетболшылар, Междуречин орта мектебі жанынан шаңғышылар, Байторы мектебі жанынан қазақша күрескерлер, №3 мектепте жеңіл атлетикадан спорт мектебінің филиалдары ашылды. Мамандандыра жүргізілген істер өз нәтижесін берді, аудан көрсеткіштері соңғы кезде қаладан кейінгі ІІ-ші орынға шықты. 47 оқушы республикалық сайыстың жүлдегері болса, ал 10 адам чемпион атағын алды. 1994-95 ж.ж. волейболдан қыздар командасы 3 орынға ие болды. 1987 ж. шаңғыдан «Дружные ребята» газетінің өткізген сайысында І-ші орынға ие болды. 1998 ж. кикбоксингтен республикалық сайыста І оқушы І орынға ие болды. 1999ж. Азамат Наурызбаев Португалияның Лиссабон қаласында дүниежүзілік сайыста 2 орынға ие болып, халықаралық сынақта жақсы көрсеткішке ие болды.

Өзінің өмір сүрген уақытында спорт мектебі облыстық 573 жеңімпазын даярлады. Жас өспірімдер мен балалардың спорт мектебін ұзақ жылдар бойы республиканың оқу үздігі А. Варюта басқарып келеді.

Кеңес үкіметі құлап республикамыз тәуелсіз ел қатарына қосылу кезеңіндегі өтпелі дәуір аудан экономикасына, білім алу жұмысына үлкен қиыншылықтар әкелді. Өсіресе, өткен ғасырдың 90 ж. ортасы мектеп қабырғаларын шайқалтты. Кеңшар мен ұжымшарлардың таратылуы балабақшалардың жабылуына әкеліп соқтырды. Ауданда өмір сүрген 42 балабақшадан, тек «Қызылжар» өндірістік кооперативіндегі балабақша ғана сақталды. Кешкі мектептер мен сырттай оқу мектебі, фильмдер тасу, аудандық шаруашылық бөлімі, әдістемелік кабинет, пионерлер үйі де өз жұмысын тоқтатты. Мектептегі аға вожатыйлар кейбір штаттар, күн ұзағына болатын топтар қысқартылып, қаржы көлемі азайтылды. 1995ж. басталған дағдарыс 2000ж. дейін созылды. Білім саласында болған дағдарыс оқу-тәрбие жұмысына біраз қиындық келтірді. Білім мекемелерінің жұмысын жақсарту мақсатында 1999 жылы «Білім туралы» заң шығарылды. Білім мекемелері біртіндеп иіліп қалған белдерін жаза бастады. 2000 ж. мектептерге аға вожатый қызметі енгізілді, 2001ж. аудандық әдістемелік кабинет штаты қалпына келтірілді. 2003ж.психолог, аудармашы, дәрігерлік қызметкерлер енгізілді. Ең маңыздысы 2002 ж. бастап мұғалімдердің еңбекақысы көбейтілді, ал 2004 ж. қантарынан бастап 20 пайызға көтерілді. Дегенмен, мұғалімдерге берілетін жеңілдіктердің қысқартылып, тегін пәтермен қамтамасыз етуінің жойылуы, ұстаздардың өзге жерлерге ауысуына алып келді. Соның нәтижесінде 1990-2001 жылдар арасында ұстаздар құрамы 80 пайызға жаңарды. 2001-2003 жылдар арасында жыл сайын ауданнан 50-60 шақты мұғалімдер өзге жерге қоныс аударып отырды. Олай қоныс аудару 2002-2003 жылдары тоқталған жоқ. Себебі тұрғын үй, берілетін жеңілдіктер

қайтарылған жоқ. Жетіспейтін педагогикалық кадрлар орынын өзге мамандықтағы адамдар, әсіресе жабылып қалған кеңешарлар мен ұжымшарлардағы мамандығы жоқ адамдар қазақ тілінің, дене шынықтыру мен алғашқы әскери дайындықтың мұғалімдері бола қалды. 2003 ж. жүргізілген зерттеу жұмысы аудандағы әрбір үшінші ұстаз өзге мамандық иесі, немесе ешқандай мамандықсыз бала оқытып, тәрбиелеп жүрді. Мысалы, әскери дайындықтың 17 мұғалімінің біреуінің ғана жоғары және педагогикалық білімі болды. Қалғандары есепшілер, агрономдар, инженер-механиктер т.б. болды. Тарих, жағрапия пәні мұғалімдерінің 50 пайызы, еңбек пәнінің 60 пайызы, кітапханашылардың 80 пайызы сол пәннің мамандары емес. Шет тілі, физика, химия пәнінің әрбір үшіншісі бұл пәндерге ешқандай қатысы жоқтар. Білім сапасының төмен болуының тағы бір себебі мектептердегі дәрісханалардың, зертханалардың, спорт алаңдарының азып тозуында, ғылыми-тәжірибе алаңдарының мақсатты жұмыспен айналыспауы болды. Мұнымен бірге мектептердегі бұрынғы үлгі-тірек, озат тәжірибе мектептерінің кабинеттік жүйемен жұмыс істемеуі білім сапасының төмендеуіне әкеліп соқтырды. Осындайдың салдарынан 2002ж. орта мектеп бітіргендердің жоғарғы оқу орнына түсерде 69 пайызы қажетті 40 балл ала алмай шықты.

Аудан ұстаздары ХХІ ғ. басын осындай көрсеткіштермен қарсы алды. Білім бөлімі қолда бар мүмкіндіктерді пайдалана отырып оқу-тәрбие жұмысын жақсартудың жолдарын іздестірді. Солардың біріншісі, екі ставкамен жүрген мұғалімдердің, мектеп басшыларының артық сағаттары қысқартылып, ең жоғарғы жүк 1,5 ставка болып белгіленді. Екіншісі, 3-9 пәнге дейін сабақ беріп жүрген мұғалімдер тек қана өз мамандығында қалдырылып қалған пәндерді оқытудан босатылды. Үшінші, 6-7 жылдан бері аттестациядан өтпеген мұғалімдерге, білім мекемелерін тексеру жүргізіліп қорытындылар бақылауға алынды. Сөйтіп мектептің, мұғалімнің жауапкершілігі күшейтілді. Мектептерге мемлекеттік стандарт енгізілді. Төртінші, педагогтардың тұрмыс жағдайын көтеру мақсатында үкімет олардың жалақысын көтерді, мектеп басшылары ай сайын 28-30 мың, мұғалімдер 18-20 мың көлемінде еңбекақы алатын болды. немесе, жалақы көлемі 1985жылмен теңескендей болды. Ал 2004 жылы жалақының тағы 20 пайызға көбейтілуі, мұғалімдердің тұрақтылығын күшейтіп-ақ қойған жоқ, мектепті тастап кеткен ұстаздарды қайтаруға көмектесті. 2003 ж. аудандағы мұғалімдер саны өткен жылмен салыстырғанда 105 адамға (оның 61-і жоғары, 42-і арнаулы педагогикалық білімі барлар) өсіп, 818 адамға жетті. Бесінші, мұғалімдерден талап ету аз, оған көмектесе білу керек. Әсіресе, әдістемелік шеберлігін шындай түсу қажет. Осы мақсатта «Білім туралы» заңды үйрететін топтар ашылып, мұғалімге қойылып отырған 6 талапты орындаудың жолдарын меңгеретін үйірмелер ұйымдастырылды. Олардың қалай меңгеріп келе жатқан анықтау мақсатында, зерттеулер жүргізіліп, пән

мұғалімдерінің сайыстары аймақтық әдістемелік бірлестіктер ұйымдастырылды. Алтыншы, басшылық және бақылау жұмысын күшейту мақсатында 2003 жылдың көктемінде мектеп басшыларының (директорлардың, оқу-тәрбие жөніндегі орынбасарлардың, алғашқы әскери дайындық жетекшілерінің) «Оқу-тәрбие жұмысын ғылыми-тәжірибелік негізде басқару жолдары туралы» конференция, жұмыс бағдарламасын жасау туралы консультация өткізілді. Сөйтіп мектеп басшыларына басқару әдістері туралы көмек көрсетілді. Ең маңыздысы пән мұғалімдерінің шеберлігін байқау мақсатында «Өз пәнінің шебері» атағын алу сайысы басталды. Сайыстың қорытындысы бойынша әр пәннің шеберлері, таңдаулы ауыл мұғалімі анықталып қана қойған жоқ, өзге мұғалімдердің де жауапкершілігі арта түсті. Осындай және өзге шаралардың негізінде мектептердегі оқу-тәрбие жұмысы біршама ілгерілей түсті. 2003ж. жоғарғы оқу орнына түскен 182 оқушының 11-і грантпен, 2-суі несиemen, 3-суі тегін қабылданды. Өздерінің ғылыми еңбектерімен оқушылар Қалмағанбетов Қ. (№2 MOM), Жармағанбетов Т. (№1 MOM), Байбарақова З. (№3 MOM) облысқа әйгілі болды. Өзінің ғылыми еңбегі мен Қаратоғай ОМ 11-сынып оқушысы Сейітжанова Малика Республикадағы ХХІ ғасыр көшбасшысы сайысына қатысты. Облыстық тілдер олимпиадасына А. Айтқазина мен Л. Базарбасва (ұстазы Г. Сүлеймен) 1-орынға шықты. Облыста дзюдодан өткізілген сайыста Қаратоғай орта мектебінің оқушысы М. Сейітжанов жеңімпаз атанып, Астанада Мұңайтпасов атындағы арнаулы спорт мектебі интернатына қабылданды. №3 MOM-ң бұрынғы оқушысы, қазақ-түрік лицейін бітірген Б. Бектеміров математикадан өткізілген халықаралық олимпиаданың 3 дүркін жеңімпазы болып, Америкадағы оқуға жолдама алды. Ал Азамат Наурызбаев 2 мәрте кикбоксингтен халықаралық олимпиадаға қатысып, жүлделі орынға ие болды. Соңғы 3 жыл ішінде ұстаздар сан жағынан ғана өсіп қойған жоқ, олардың сапалық құрамы да артты. Мұғалімдердің 492 –сі (60 пайыз) жоғарғы білімді болса, 426 ұстаз дәрежелі (жоғарғы дәрежелі-46, 1-ші дәрежелі 156, 2-ші дәрежелі – 224) мұғалім атағына ие болды. Республикада ағылшын тілінен өткізілген қорытындысы бойынша Родников ОМ ағылшын тілі мұғалімі Г.Бірмағанбетова жеңімпаз атанып, өзіне 500 доллар көлемінде, мектебіне 2 мың доллар көлемінде сыйақы жеңіп алды.

2003 ж. аудан мектебін бітіріп жоғары оқу орындарына түскен түлектер облыста 2-ші (қаладан кейін) орынға ие болып аудан беделін көтеріп тастады.

**Р. Ділмағанбетов**

## ӘДЕБИЕТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР

Ауданымыз облыстағы мәдени орталықтардың бірі болып саналады. Мұнда халық ауыз әдебиеті, көркем өнері ертеден дами бастаған. Өткен жылдардың ең үлгілі ақындарының шығармашылық жұмыстарындағы сөз қолдануды асқан шеберлікпен пайдаланғанын көрсетеді. Ақындар мен жыраулар ауыз әдебиетінің тек қана насихаттаушысы болып қана қойған жоқ, олар көркем сөзді ғасырдан ғасырға жеткізуші болып келді.

Солардың бірі Бөрте бойының жыршысы Әкімгерей Қостанов. Ол туралы А.Затаевич өзінің «Қазақ халқының 1000 өлеңдері» жинағында «Атақты жыршы Әкімгерей туралы мен көп естідім және оның шығармаларымен өзімнің жинағымды қазақ өлеңдерімен толтыра түстім» деді. Әкімгерей 1878 ж. Бөрте а. Ақтөбе уезінде дүниеге келіп, 1932 ж. Шымбайда дүниеден озған. «Батыс Қазақстан өлкесінде оның 2-3 термесін білмейтін адамды табу қиын» деп жазады. А.Жұбанов «Ғасыр бұлбұлы» деген кітабында Тама тайпасының Қарағашты руынан шыққан әйгілі жыршы Әкімгерей 14 жасына дейін ауызша өлең айтып, жырларды насихаттап, домбырада күй орындап, болыс көлемінде көзге түсіп келді. Кейбір ауылдарды аралап «Орақ-Мамай», «Қарасай-Қазы», «Қобыланды», «Асан Қайғы» киссаларын тек қана Бөрте бойына емес, Орынбор, Қазалы, Қызылорда, Ақтөбе, Орал халқына жеткізіп, Ташкент пен Қоңырат аймағына апарды. Әкімгерей ауыз әдебиетін насихаттауда сөз сұлулығын қалай пайдаланса, халық арасында адамдардың іші және сырты сұлу болуына өнеге көрсетіп отырды. Әкімгерей «Ақсақ құлан» күйінің авторы, домбырашы, күйші, Қамбар Медетовтың әкесі Ерқожамен жақсы қарым-қатынаста болды. Ерқожа да, А.Жұбановқа Әкімгерей туралы, оның өмірі мен шығармашылық жұмысы туралы көп мәлімет берді. Ал, А.Затаевич оның 10 өлеңін өз қоржынына салды. Солардың бірі – «М.Байжановпен айтыс», Еділ бойы өлеңдері.

а XIX ғ. соңында Орынбор қаласында ақындар айтысы өткізілді. Тәңірберген Молдабай Айтыстың жеңімпазы болып танылды. Ол 1855ж. Борлы болысының №3 ауылында Күшікбай өзені бойында туылды. Тама тайпасының Аташал руының Молдабай өлеңдері халық арасына тез тарап, оның атағы көпке танылды.

Бұл аймақтағы ауыз әдебиеттің жағдайын, тарихын зерттеген және олар туралы өлең жазғандардың бірі, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ақын, ұстаз Жанғалиев Сейітқали болды. Ол 1982 ж. «Алтын Аймақ», 1992 ж. «Есет Батыр» деген өлең дастандарын жазып шығарды.

Қазақ балалар әдебиетін жазушылардың бірі- Мәртөк қазақ метебінің ұстазы Фаттахуддин, Ф.Мифтахов болды. Өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесіне өзінің білімін, бар күшін салды. Оның жұмысқа деген қабілеті

жоғары болды, үш балалар кітабының авторы: «Ақ көгершін» 1964ж., «Көк шыбық» 1969ж., «Жарық құлақ» 1962ж. көрнекті ақын Әсия Сәдуақасова «Қайран жақсы» атты өлеңдер жинағын Л.Новак, Л.Саламатин, В.Терентеев, И.Иринахров, А.Сираменко, Г.Рулик, С.Студенческое, Л.Манко, С.Нагорное, Е.Сердюк, с.Қаратаусай т.б. ақындар жариялады. 1999ж. әдеби-ақындар клубы «Отау» ашылды. Ол клубты меңгерген Р.Р.Қазиева. Ол өзінің қатарына поэзияны сүйетін Р.Ж.Ділмағамбетов, С.Б.Табанов, Н.Қаспақов, Д.Н.Құрмағалиева, Н.Құрбанис т.б. жинады. Әдеби клубта кездесулер, қазақ әдебиетінің дамуы, салт-дәстүр, мәдениет туралы әңгіме қозғалды. Ауыл ақындарының шығарған өлеңдерімен қатар жана жұлдыздар өз күштерін сынап көруде. Р.Ділмағамбетов «Мәртөк вальсі» музыкасының Д.Құрманғалиева осы өлеңнің авторы. Бұл оның бірінші шығарған өлеңі емес. Республикалық жарысқа қатысушысы М.Бекмағамбетов пен Нұрсәуле Құрбанайстың шығарған өлеңдер жинағы аз емес. Аудандық газет беттеріне Р.Қазиеваның өлеңдері жиі шығып тұрады. МОС кезінде Вознесен ауылында «Горячий снег», «Тишина», 1962ж. «Двое», 1964ж. «Выбор», «Берег», «Игра» повестері «Батальоны просят огня» 1957ж. «Последние залпы» 1959ж. және «Освобождение» фильмінің авторларының бірі жазушы В.Бондарев тұрды. Бәрі де өзгереді: тұрмыс та рухани құндылық та КСРО Жазушылар Одағының мүшесі Р.М.Мирхайдаровтың шығармашылық тақырыбы осы тақырыпқа арналған. Негізгі кітаптары: «Тихие прогулки», «Двойник китайского императора», «Мать пиковая», «Судить буду я», «Ранняя печаль», «Чти отца своего», «Жар птица», «Седоволосый» «с розовой петлице», «Налево пойдешь коня потеряешь», «Такая долгая зима», «Дамба», «Знакомство по брачному объявлению», «Путь в три версты», «За все наличными». Бұл шығармалар көп тілдерге аударылып, 1989ж. КСРО ПМ-нің әдеби премиясының лауреаты атанған. Р.Мирхайдаров қылмыстық ұйым туралы саяси детективтердің сериясын басылымға шығарғаны үшін үлкен атаққа ие болды. »

Солардың алғашқысы «Тихие прогулки» 1988ж. шықты, бір жыл өткен соң «Двойник китайского императора» атты романы жарық көрді. 1990ж. «Мать пиковая» атты 3-ші романы шығып үлгерді. Кейінірек 4 томдық «Судить буду я» атты соңғы романымен жазалып шықты. Бұл жеке және ресми түрдегі біздің өміріміздің жоғары өкімет (спец служба)мамандары туралы социал-саяси детективтер еді. Көптеген рецензияларда автордың қылмыстық және құқықтық ортаны жақсы білетіні туралы айтылған, бұл қылмыс жазатын авторлардың ішінде сирек кездесетін жағдай. «Ранняя печаль» - өзінің туган жері Мәртөк жайында жазылды. Р.Мир-Хайдаров жас кезінде футбол және сурет салумен айналысқан. Екінші ермегі өзгеріссіз қалды. Мир-Хайдаров Ресейдегі қазіргі заман суреттерінің аса иегерлерінің

бірі. Мәртөктің бір көшесіне Р.Мир-Хайдаров аты берілген. XXғ. аяғында академик М.К.Тәжібаевтың «Ақтөбе облысының тарихы» атты кітабы (1998ж.) және «Ақтөбе энциклопедиясы» (2001ж.) атты ғылыми кітабы жарыққа шықты. Бұл кітаптар өсіп келе жатқан ұрпақтарға үлгі болсын деген оймен жазылған. Академик Тәжібаевтың «Қуғын-сүргінге ұшырағандардың естелігіне арналған кітабы жазылды. Сонымен қатар «Ақтөбе қаласының тарихы», «Ақтөбентген зауытының тарихы», «Қарғалы» (2005ж.), «Мәртөк» (2006ж.), «Ақтөбе облысының тарихы» «Жер реформасы – халық игілігіне» - атты кітап 2007 жылы жарық көрді, кітаптарының жауапты редакторы. Мәртөк мәдени-ағарту үйірмесін Мәртөк училищесінің мұғалімі В.Романовский және Мәртөк тұрғыны В.Скалев бастап ашты. 1917ж. 27 желтоқсанда мекемелер жиналысында болған зиялылар дәріханашы, фельдшер т.б. шаруалар үйірменің ашылуына үлес қосты. Жиналыста 4 адамнан тұратын басқарма тағайындалды. 1918ж. 1 қаңтардан бастап үйірме мүшелерінің қатарына 30 адам жазылды. Қабылданған жарғы бойынша екі секцияға бөлді. Ағарту және көңіл көтеру секцияларынан тұрды. 1919ж. мәдени – ағарту үйірмесі жабылды. Себебі үйірмеге қатысушылар Қызыл Армия қатарына өтті. Спектакльден және мүшелік жарнадан түскен ақшаның саны 2324 сом, 78 тиын болды. Ақша әдеби кітаптар алуға, сахнаны әшекейлуге, спектакль рәсімдеуге, кітапхана құрал-жабдықтарына 1907 сом жұмсалды. Қалған ақшаға 1919ж. 1 қыркүйекте ашылған кітапхана жұмысшыларн ұстауға мүмкін болмады. Кітапханада 1200 данаға жуық мұсылман, 1600 данаға жуық орыс әдебиеті болды. Сондықтан мәдени-ағарту үйірмесі Қырғыз өлкесін басқару жөніндегі, әскери ревком халық ағарту бөлімінен көмек сұрауға мәжбүр болды. Сонымен бірге Мәртөк мәдени ағарту үйірмесінің жарғысы қоса жіберілді. Мәдени үйірмесінің төрағасы В.Романовский болды. 1919ж. Кирревком Ақтөбе уезінде осындай үйірмелерді ұйымдастыру үшін өздерінің нұсқауларын жіберді. 20-шы жылдардың басында ауылда клуб және кітапхана қызметін атқаратын әмбебап мәдени ағарту мекемелері олар қалың шаруа бұқарасын елдердің саяси өмірінің дұрыс және уақтылы ақпарат орталығы болуы тиіс еді. Ең бірінші оқу бөлмесі 1919ж. Линовицк ауылы ашылды, кітапханашы болып И.Бондаренко жұмыс жасады. Оқу бөлмесі жексенбі күндері кешкі сағат 4-8 дейін. Ол училище жанында орналасты, кітапханашы тегін жұмыс жасады. Мейрам күндері оқу бөлмесіне орта есеппен келгендер саны: ер адамдар-20, әйел адамдар-10, жай күндері 6-7 оқу бөлмесінің шағын 200-300 кітап болды. 1920 ж. 7 қазанда Вознесен ауылында кітапхана ашылды, Макар Буцан деген кісі меңгерді. 1920ж. 18 мамырда Покровка ауылында училище жанына оқу бөлмесі ашылды. Оның меңгерушісі М.Волков болды. Полтавка ауылында 1920ж. 15 желтоқсанда кітапхана ашылды. Сонымен қатар Студент ауылында



оқу бөлмесі ашылды. Оның меңгерушісі болып Цесько тағайындалды. Сол айдың 16-да Жайсаң селосы жалпы жиналысында кітапханашы Калептия Нащекина сайланды. Барлық жерлерде кітапханалардың жұмыс уақыты 9-дан 8-ге дейін. 1920ж. Мәртөк ауданы алғашқы мұсылман кітапханасы Қаратоғай болысының №2 әкімшілік ауылында ашылды. Кітапхана қоры 159 дана кітапты құрап, алғашқы кітапханашы Ә.Жүнісов болды. 1921ж. оқу бөлмелері Горноводск кітап қоры-150 дана болды, кітапханашы З.Кривцов, Полтавкада кітапханашы Н.Батура, Ново-Донцыда (кітапханашы Т.Лиринский) Ново-Федоркада, Қаратаусайда, Степановкада, Ново-Михайловкада және т.б. ауылдарда ашыла бастады. 1921ж. 25-наурызынан бастап Ақтебе уезінің Бөрте болысының №3 ауылында екінші ауыл кітапханасы ашылды. Кітапхана болып ауыл сауаттыларының бірі Жүсіп Молдашев тағайындалды, кітапхана қоры 72 дана кітапты құрады.

1924-1927жылдың аралығында оқу бөлмелер саны артып, халықтың сұранысын қанағаттандыру үшін, халықты кітап және газетпен қамтамасыз етудің арзан да ыңғайлы түрі жылжымалы кітапханаларды қолдана бастайды. Жылжымалы кітапханалардың басты құндылығы оның тез және оңай құрастырылатындығында, олар жергілікті халыққа көші-қон кезінде қызмет көрсете алатын, көп жағдайда стационар штат қажет етпейтін. Бір жерден екінші жерге көшіп жүретіндіктен бірі кітап стационар кітапханадағы кітаптан оқырмандарға көбірек қызмет етті. Жылжымалы кітапхана қоры әрдайым жаңарып тұрды, белсенді оқырмандар мен мұғалімдердің жауапкершілігіне беріліп отырды. Сонымен қатар Қазақстан аумағында темір жолмен жылжымалы вагон кітапхана жүрді. Станцияларда оқырмандарға ұжым түрінде қызмет көрсетіп, кітаптар жергілікті кәсіподақтар төрағаларының жауапкершілігіне беріліп отырды. Бұл кітапхана темір жол одағының мүшелері мен олардың отбасыларына Хлебодар, Қаратоғай, Мәртөк, Жайсаң селоларына қызмет көрсетті. 30-жылдары селолық жерлердің мәдени-ағарту органдарының жаппай жүргізген жұмыстары айтарлықтай жақсарып, оқу бөлмелері мен клубтар селоның мәдени-ағарту жұмыстарының сүйініші болды. Олар өте саясаттанған болатын. «Саяси-ағарту ісі ауылға бет бұрсын!» өте саясаттанған ұран қолданылды. Осы жылдары ауданның көптеген селоларында мәдениет мекемелеріне арналып көптеген жаңа ғимараттар салынды. Оларда сауатсыздықтың алдын алу, кино жұмыстар, жылжымалы кинолар жұмыс жасады. Аудан ұжымшарлары жазылу шараларында жоғары белсенділік танытты. «Батырақ» ұжымшары (Жайсаң селосы) 1930ж. ұжыммен бірігіп «Крестьянская газетасын» жаздыртты. Қазіргі «Мәртөк тынысы» газетінің негізі 1935ж. салынды. 30-жылдары ауданда мешіттер мен шіркеулері жабыла бастады. Олардың орнына клубтар ашылды. Борлы болысының №3 ауылындағы Х.Фахрутдин

салған тарихи ескерткіш мешітте жабылды. Бұл Николай уақытынан бері келе жатқан мешіт. Едені топырақтар нығыздалып жасалынған. Сол мешітті қоймаға айналдырып, кейін келе ішіне еден салып, жарып қалар, ауыл клубына айналдырылған. 1930 ж. Мәртөк селосында үлкен мәдени ағарту жанылықтар болды. Қазақстанды зерттеудегі жетістіктердің бірі өлкетану мұражайы Есет Көкіұлы көшесінің алаңы маңында ашылды. «Мұражайда ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, тарих, қазақтардың өмірі мен тұрмысы, дінге қарсы, минералдар және табиғи бұрыш бөлімдері», - деп жазды «Степная правда» газеті 1930 жылдың 23 тамызында шыққан санында. 1935 ж. ауданымызда саяси-ағарту мекемелері жанынан ересектердің арасындағы жұмысты тексеретін инспектор мамандығы қабылданды. Оған сауатсыздықты жою, клубтар, кітапханалар және т.б. мекемелер кірді. Сол кезде аудандық кітапханада ұжымшарларға қызмет көрсететін 5 жылжымалы кітапхана бар еді. Сол жылдан бастап барлық жерлерде қорды санау және сақтау үшін кітапханалық каталогтар енгізілді. Қуғын-сүргін тазарту жылдары саяси-ағарту мекемелері жұмысшыларының штаты тексерілді. Жыл сайын I қарашаға дейін оқу бөлмелері мен ұжымшар клубтарында байқаулар өткізілді. Үздік оқу бөлмелері, клубтар, қызыл бұрыштар, жылжымалар, кино жылжымаларға сыйлықтар белгіленді. 30 жылдардың аяғында ауданымызда үгіт бригадалары пайда болды. Олар көктемгі егін егу, шөп шабу, егіс жинау науқандарында бүкіл аудан бойын аралады. Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақ ССР халық ағарту комиссариаты 1941 ж. тамыз- қыркүйек айларында «Соғыс уақытындағы кітапханалардың, оқу бөлмелерінің, клубтардың мәдениет үйлерінің жұмысы» деген нұсқаулық материалдар іріктеуін шығарды.

Анықтама беру, анықтау үстелдері, әскерге шақыру пункті әуе соққысынан қорғанаудағы дайындық жұмыстарын атқарудағы ұсыныстар толық әзірленді. Сол кезде ҚАЗ ССР-нің халық ағарту комиссариаты еңбекшілерді интернационалдық рухта тәрбиелеу туралы бұйрық шығарды. Бұйрықта барлық елдер халықтарының арасындағы байланыс пен біріккен іс-шаралары фашизмге қарсы күрестің табысының негізі екендігі атап айтылған. Соғыс жылдары кітапханалар, оқу бөлмелері, клубтар жаппай үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Мәдениет мекемелері газеттермен, жаңа әдебиетпен, плакаттармен, ұрандармен үздіксіз қамтамасыз етіліп отырды. Жыл сайын 25 тамыздан кешіктірілмей қысқа қаржыландыру үздіксіз жүргізілді. Соғыстың қатал жылдары аудандық «За большевистские ұжымшары» газеті 1942 ж. «Степ» ұжымшарының оқу бөлмесінің меңгерушісі Анна Заваритко туралы: «Оқу бөлмеде жас оқырмандарымызға арналған қуанышты мереке өткізілді, кітапханашы шыршаны әшекейлеп, Коленко әлей балаларға сыйлық ретінде тәтті, құймақ пісіріліп берді» Аяз ата балалар арасын шанамен аралап, тәтті

сыйлықтар берді. ҰОС жылдары ауданымыздың үздік кітапханашысы Ф.Озмитель ерлікпен қаза тапты. Ол Кенес Одағының Батыр, әйгілі «Грозный» отрядының командирі 40 жылдың аяғында ауданымыздың киноқондырғылар, жылжымалы кинолар саны артты. 1949ж. жылжымалы кинолар саны, стационарлар-3, ал 1948 ж. жылжымалар саны тек-3, стационарлар-2 болды. 1949 жылы 74 мың адамға қызмет көрсетіліп, 54 ұжымшар, 4 МТС камтылды.

## ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖӘНЕ СПОРТ

Революцияға дейінгі Мәртөк ауд. бірде-бір жабдықталған спорт алаңы болған емес. 1922ж. мамырдан бастап жалпы білім беру жанындағы дене тәрбиесі кеңесі спорт алаңын салуға қаржы қарастырды. 1925ж. 6 наурызда губерниялық дене тәрбиесі кеңесі құрылды. Осы сәттен бастап Ақтөбе губерниясында дене тәрбиесі дами бастады. Бұған дейінгі дене тәрбиесі үйірмелері жұмыс істеді. Ең бастысы – футбол. Губерниялық дене тәрбиесі кеңесінің жұмысы процесінде біздің губернияда дене тәрбиесін бақылауға бөгет жасайтын бірқатар кедергілер кездесті. Оның ішінде дене тәрбиесіне бөлінетін қаржы тапшылығы, дене тәрбие кеңесінде нұсқаушылардың және тұрақты дербес бадаларының болмауы. Қаржыны үнемдеу мақсатында қысқа маусымда кеңес жұмысты тоқтатады. 1929ж. спорттық бастауыш ұйымдар, секциялар мен үйірмелер барлық оқу орындарында, ұжымшарларда жұмыс істеді. 1933ж. 25 маусымда Мәртөк жерімен Мәскеу-Орынбор-Ақтөбе-Ырғыз-Ташкент-Мәскеу автожарысы өтті. Дайындық жұмыстарының жасалуы арқасында Жайсаң-Хлебодар автотрассасы учаскесінде ойдағыдай камтамасыз етілді. 1935ж. Ашхабад-Мәскеу ат жарысы өткізілді, оған Ақтөбе облысынан Мәртөк ауданның құрама командасы қатысады. 1936ж. Жайсаң МТС-ның спорттық жұмысы облыста үздігі деп танылды. 1936ж. дене тәрбиесі және спорт істері жөніндегі аудандық комитет құрылды. 1937ж. 11 шілдеден 14 шілдеге дейін облыстық жеңіл атлетикалық спартакиада өткізілді. Мәртөктен жеті спортшы (4 ер және 3 әйел) қатысты, ал тамызда Ақтөбе қаласында облыстық колхоздық спартакиада өткізілді. Мәртөк ауданынан 9 адам қатысады. Облыстық спартакиадаға қатысушыларды іріктеуге көмектесу үшін ауданған дене тәрбиесі және спорт істер жөніндегі жауапты қызметкерлер келді. 30ж. соңында велосипед, бұқаралық кросс, жүгіру жарыстары, автоспорт, және т.б. маңызды спорт түрлері дамыды. Тұрғындардың қалың ортасында бұқаралық түсінік жұмыстары жүргізілді. Қысқы кезеңде үгіттік жұмыстар, шаңғы жорықтары және жүгірістері ұйымдастырылды, оларға көп колхозшыларды камтыды. Қысқы кезеңде

айдындар сырғанақтар жарактандырылды, ол үшін стадиондар мен спорт алаңдары пайдаланылды. спорт қоғамдарының қатарына жаңа мүшелерді, стахановшыларды, кәсіпорындар мен мекемелердің екпінділерін тарта отырып, тиісінше түсінік жұмыстары барлық жерде жүргізіліп отырды. Республикалық комитет аудан үшін нұсқаушылар-физкультурашыларды даярлауға қаржы бөлді. 40 ж. басында дені сау, күшті және батыл ұрпақ тәрбелеу 1-ші кезектегі маңызды саяси міндет болды. Аудан мектептеріне дене үшін спортты соншалықты жоғары деңгейге көтеру тиіс болды. Бірақ кәсіподақ ұйымдары кәсіпорындарда, колхоздарда, совхоздарда, мектептерде және мекемелерде тиісті материалдық база және дене тәрбиесінің кең етек алуы үшін жағдай жасауға күнделікті көмек көрсете отырып, кәсіподақ мүшелері арасында дене тәрбиесі жұмыстарын күшейтуге көңіл аударуы керек болды. Аудандағы барлық колхоздардың, совхоздардың, МТС-тардың өз спорт алаңдары болды. Мектептер дене тәрбиесі кадрларымен небары 30 пайыз ғана қамтамасыз етілді. Спорт ұйымдары спорттық қорғаныс түрлері-семсерлесу, бокс, және т.б. дамытты. Қаақтың ұлттық спорт түрлері-аксүйек, жаяу жарыс, алтықабақ, тоғызқұмалақ, қазақ күресті дамытуға ерекше шаралар қолданылды. 1940-41ж.ж. туған әскерге шақырушылар дене тәрбиесі және әскери-спорттық жұмыстармен толық қамтылды. Спорт алаңдарын құруға және жарактандыруға жергілікті бюджеттен 2 мың сом жұмсалды. ҰОС жылдарында дене тәрбиесі ұйымдары жалпы білім берудің әскери оқу пункттерін ұйымдастырды. Жалпы білім берудің оқу пункттеріндегі арнаулы жиындарда дайындалған ауылдық дене тәрбиесіне дайындаушы нұсқаушылар үлкен жұмыстар жасады. 1945ж.15-17 масымда облыстық 8 аудан және Ақтөбе қаласының физкультурашылары қатысқан облыстық жеңіл атлетикалық жарыс өткізілді. Облыстық жарыста 120 қатысушы, оның ішінде 30 әйел бар, 10 команда сынға түсті. Жарыс бағдарламасына үлкен және кіші швед эстафетасы, биіктікке, ұзындыққа секіру, граната лақтыру, колибрлі винтовкадан ату енгізілді. Мәртөктіктер арасында ұзындыққа секіруде 4,64 метрге қарғыған Параскев, гранатаны 51,3м лақтырған Беличенко үздік нәтиже көрсетті. Сол жылы Мәртөкте бүкілодақтық денешынықтырушы күні өткізілді.Оған 184 спортшы қатысты, олардың арасында 44 адам ГТО және БГТО нормаларын орындады. Мәртөктіктер Н.Сыңко 100 м 13,5 секундта, Шәріпов 200м 28 сек жүгіріп өтті. Мәртөктегі бүкілодақтық физкультурашы күні «Спартак» командасы мен қала құрама командасының арасында футболдан өткен ойынмен аяқталды. Есеп 2:1 болды. Ойын «Спартак» жеңісімен аяқталды. 1947ж. аудандық физкультура комитетінің төрағасы Стадов футболдық жарысқа бірден ауданның 3 құрама командасын әкелді. тек Ақтөбе қаласы ғана 4 команда шығара алды. 40ж. соңында 15 физкультура ұжымдарын 21-ГТО белгінің иегерлері, 125-БГТО

белгісінің иегерлері, футбол, гимнастика, жеңіл атлетика, аңшылық, қолмақол ұрыс, нысана көздеу, шахмат, қазақша күрес, еркін күрес, сияқты спорт түрлері бойынша 623 спортшы есептелді. 1951ж. әскерге, Авиацияға және флотқа ықпал ету ерікті қоғамдары (ДОСАРМ, ДОСАР, ДОСФЛОТ) бір ғана ДОСААФ қоғамын біріктірді. 1955ж. 4-8 шілде аралығында кәсіподақтардың 5-ші спартакиадасын насихаттау және физкультура ұжымдарын КСРО халықтары спартакиадасына жұмылдыру мақсатында Ойыл – Қобда – Мәртөк – Ақтөбе, Ырғыз – Шалқар – Жұрын – Алға – Ақтөбе, Байғанин – Темір, Жұрын – Алға – Ақтөбе, Қарабұтақ – Новоресей – Қосетек – Родниковка – Ақтөбе маршруттары бойынша спорттық жұлдыздық эстафета өткізілді. Түнеу пункттерінде дене тәрбиесінің пайдасы турасы үлкен насихаттық жұмыстар жүргізілді. Спортшылар барлығы 2мың шақырымды жүріп өтті. 1958ж. «Қайрат» орталық стадионы салынды. Облыста 50ж. соңында физкультуралық-спорттық жұмыстардың қорытындысы бойынша шахмат, еркін және классикалық күрес, волейбол, бокс, дойбы, хоккейден көрсеткен нәтижелері анағұрлым көтерілді. 1958ж. облыстық дене тәрбиесі комитеті 843 спортшы қатысқан спорттың 18 түрі бойынша 10 спорттық бұқаралық шара өткізілді. Оларға Жұрын, Мәртөк, Қобда, Шалқар аудандарының спортышлары белсенді қатысты. Облыс командалары спорттың 18 түрі бойынша Қазақстан біріншіліктеріне қатысты. 6 түрі бойынша жүлделі орындарды иеленді. Мәртөк ауданы разрядты спортшылар даярлау жоспарын тағы да орындады және барлық спорттық-бұқаралық шараларға қатысты. Ауданда жеңіл атлетика, семсерлесу, теннис, шахмат, еркін және классикалық күрес, дойбы, хоккей сияқты спорт түрлері етек алды. Спорт құрылыстарын салу колхоздар мен совхоздардың МТС-тардың мүшелік жарнаның 50 пайызын аударуы есебінен салынды. 1961ж. ақпанда халық шаруашылығы кеңестері кәсіпорындар мен ұйымдардың шаңғыдан, конькиден және дойбы, хоккейден бірінші қысқы спартакиадасы өткізілді. 1963ж. Сайын Капетов Алматыда өткен велосипед жарысында I орын алып, спорт шебері болды. Осы уақытта Юрий Бессарибов еркін күрестен спорт шебері атанды. 1970ж. баскетбол бойынша бөлімше ашылды. 1974ж. дейін сабақ волейболшылар жиынтығы келген қазақ орта мектебінің шағын спорт залында өткізілді. Палуандарға бір жерден екінші жерге ұдайы көшіп-қонып жүруге тура келді. Бастапқыда олар элеватор ғимаратында жаттығып жүрді, кейін еркін күрестен өткізілетін сабақтар Мәдениет үйінде жүргізілді. 1972ж. еркін күрестен жаттығу пионерлер үйіне ауыстырылды. Алайда, барлық қиындықтарға қарамастан разрядшылар саны жылдан жылға өсе түсті. 1970ж. 95 разрядты спортшы дайындалды, 1974ж. 101, 1972ж. 98 разрядшы спортшылар дайындалды. Мектеп өсті, оқушалыр саны да артты. Зал 1974ж. 15 наурызында пайдалануға берілді. Спорт мектебінде маман

спортшылар даярлаудың мүмкіндігі көбейді. Волейболшылар облыста 1 орын алса, палуандар мен шаңғышылар 2-орынды иеленді. Олардың көбі облыстың құрама командаларының құрамына кірді. 1975ж. бірінші рет 1-разрядты 8 адам даярланды. 3-еуі шаңғыдан, 5-еуі еркін күрес. Осы уақытта БЖСМ-аудандық спорт мектептері арасында облыстық спартакиадала 1-орын алды. 1971ж. Р. Құрманғалиев Алматы қаласында өткен шаңғы жарысында 1-орын алып, спорт шебері болды. ол 1972ж. биатлоннан ДОСААФ ұйымдар арасында КСРО чемпионы болды, сондай-ақ ҚР биатлоннан 10 мәрте чемпионы атанды. Жерлесінің табысты жолын 1975-80ж.ж. биатлоннан спорт шебері С. Бакулин сәтті жалғастырды. Сонымен қатар Ыбыраев футболдан спорт шеберлігі нормасын орындады. Ол КСРО-ның жоғарғы лига командалары арасындағы біріншілікте «Қайрат» «Пактакор» командалардың санында ойнады. 70ж. ортасында мотоспорт жақсы дамыды. 1976-77ж.ж. Ақтөбе қаласында қысқы мотокросс, жазғы масымда-моторриал (көп сайыс) өткізілді. Жекелей біріншілікте спорт шеберлікпен үштіктер С.Н. Полегонько бірінші орын алса, екінші орынды мәртөктіктер Ф.Валл, В. Заможний бөлісті. 1978ж. жазғы мотокепсайыстан мотокросс, біркүндік шеру, граната лақтырудан жарыс өткізілді. Ақтөбе, Хромтау, Алға, Қандыағаш және басқа қалалардан 50 мотоспортшы қатысты. Мәртөк құрама командасы жалпы командалық 2 орын алды, ал жеке бірлікте тағы да С.Н.Полегоньков бірінші орын алды. Осы уақытта А.Н.Мельников еркін күрестен Қазақстан чемпионы атанды. Алматы қаласында өткен республикалық жарыста ол әскери командасы көпсайыстан спорт шеберлігіне үштіктер нормасын орындады. Ал Ақтөбе-Орынбор, Ақтөбе-Орал шаңғы шеруінде қатыса отырып, қысқы және жазғы көпсайыстан спорт шеберлігіне үміткер нормасын орындады. 70ж. мәртөктік шаңғышы спортшылар командасының есепте бірнеше рет 1 орынға ие болды (бас жаттықтырушы Н.М. Мужак). Ауданда бірінші разрядты шахматшы М.Миортахов жүргізетін шахмат клубы өздерінің жарыстарын, турнирлерін тұрақты өткізді. Шахматтан ауданның жекелей біріншілігінде ерлер арасында Н. Лошаденко бірнеше дүркін чемпионы болды. 1978ж. БЖСМ-і өзінің шекарасын кеңейтті. Оның филиалдары Жайсаң, Қаратоғай, Степановка, Коминтерн,ново-Михайловка, Байтөре, Студент, Вознесенка ашылды. Оларды спорттың 4 түрі-волейбол, баскетбол, шаңғы және еркін күреспен айналысты. «Қайрат» стадионында жазғы кезеңде «Былғары доп» жүлдесі үшін футболдан, қысқы кезеңде «Алтын шайба» жүлдесі үшін жарыстар өткізілді. Оған 26 хоккей командасы қатысты. Ұлттық спорт түрі қазақша күресте мәртөктіктер А. Елжанов, Н. Баубеков облыстық жекелей біріншілікте жеңіске жетті. 1979ж. шаңғыдан республикалық шаңғы жарысында Ақтөбе облысының намысын Мәртөк ауданының құрама командасы қорғады, олар күміс жүлдегері болды, ал 5

және 3 км жарысуда К. Есмағанбетов республика командасы республикалық спартакиадада жеңіске жетті және республикалық «Алтын масак» біріншілігінде 3 орын алды. Дзюдошы спортшылар республикалық жарыстарда да күштерін сынады. 80ж. спорт мектебі аданның дене тәрбиесі мұғалімдерінің әдістемелік орталығы болды, оның базасында ауданның құрама командаларының оқу жаттығу жиындары, оқушылар спартакиадалары өткізіліп тұрды. Бірқатар жарыстарды өткізуді және ұйымдастыруға «Қайрат» «Динамо» ЕСК-ы, КФК, РОКСХ II аудандық кеңестері өткізген шараларға көмек берді. еркін күрестен ауданның құрама командасы бірқатар бүкілодақтық, облыс аралық турнирлеріне белсенді қатысты. Волгадан қаласында еркін күрестен аталмаш құрылысшылары құрметіне өткен бүкілодақтық турнирлерде 4 мәртөктік чемпион болды. Ақтөбе қаласында ұшқыш-космонавт В.Пацаевты еске алуға арналған өткізілген ерікін күрестен бүкілодақтық турнирде мәртөктік палуан жүлдегер болды. 1981ж. екі палуан – А.Бекемов мен М.Мұқашов спорт шеберлігіне үміткер атағын алды. Үш жыл өткен соң мұндай атаққа палуандар Б.Қазанбаев, Ж.Хұсайнов ие болды. Спортшылар М. Жаңабаев, Т.Ильжанов, Ж.Құсайынов, Б.Қазанбаев, еркін күрестен қазақша күрестен өткен Қазақ КСР білім Министрлігінің және Қазақстан біріншіліктерінде облыс намысын қорғады. 80ж. С. Нұрмағамбетов еркін спорт шебері болды. Жорықтар өткізу нәтижесінде 1983ж. көптеген разрядты спортшылар даярланды. 141 бұқаралық разрядты спортшы 7 бірінші разрядты және екі спорт шеберлігінен үміткер, 34 оқушы оқу-жаттығу топтарын бітірді. 56 оқушы спорт нұсқаушысы және 34-і спорт төрешісі болды. Жыл сайын «Ақ ладья» жүлдесі үшін жарыс өткізіліп, шахмат түрлерінде бірінші орынды спорт шеберлігіне үміткер К.Э.Грищенко жеңіп алды. 1987 ж. ауданда бірінші рет КСРО ДОСЖАФ-ның 60 жылдығына арналған спорттың әскери техникалық түрлерінде жарыс өткізілді. Жарысқа пневматикалық қарудан атыс, спорттық мотоциклді мәнерлеп жүргізу кіргізілді. Үш сайысқа ауданның 7 командасы қатысты. Жыл сайын 8 наурызда шаңғышылар күні өткізіліп. Ол екі кезеңде өткізіліп: ГТО нормаларын қабылдау және тапсыру бойынша бұқаралық жарыстар, колхоздар мен совхоздар, кәсіпорындар, мекемелер, жалпы білім беретін мектептер және селолық кәсіптік-техникалық үч-ніндеген тәрбиесінің ұжымдарының финалдық жарыстар. 1984ж. бастап жазғы кезеңде колхозаралық «Орленок» пионер лагерінің базасында «Олимп» спорттық сауықтыру лагері жұмыс істейді. Онда жастардың шағын олимпиадалық ойындары өткізілді, оларды пионербол, волейбол, футбол, шахмат, жеңіл атлетика, дойбы, көпсайыс, ГТО нормалары сияқты спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырылды. Жарыстар «Олимпиадашылар арамызда» ЕСК мен «Жастар» ЕБЖСҚ-ы тығыз ынтымақтастықта болды. сол жылдары

спорттық волейбол, шахмат, теннис, баскетбол, бокс, еркін күрес футбол сияқты түрлері жолға қойылды. Футболдан аудандық біріншілікке 10 команда қатысты. ҚР білім беру ісінің үздігі, жаттықтырушы Н.А.Касьянов басқаратын волейболдан қыздар құрама командасы 13 жыл қатарынан облыс чемпионы атанды. Ал 18 бойынша республика чемпионы болды. Ауданда жыл сайын «Ленинский путь» газетінің жүлдесі үшін волейболдан турнир өткізілді. Мәртөтік еркін күрес шеберлері Татарстанда өткен халықаралық турнирге қатысты, онда жүлделі орындарға ие болды. Облыстың құрама командасының құрамына мәртөтік спортшылар еркін күрестен С.Ермаков, С.Плие, М.Қангереев, Е.Құлмағанбетов, Е.Шапиев, Л.Сохарева, волейболдан Т. Ломакина, Г.Ершов кірді. 90ж. 224 адам республикалық жарыстарға қатысты. Республикалық жарыстарды БЖСМ-нің 47 оқушысы жүздегері 10 оқушы жарыс жеңімпазы болды. 1994-95ж.ж. қыздар ҚР біріншілігінде 3 орын алды. Шаңғышылар 1997ж. ҚР біріншілігінде бірінші орынды иеленді. Мектеп 1995ж. спорттың түрінен өткен облыстық спартакиада жалпы командалық есепте бірінші, 1997ж. облыстық спартакиадада жалпы командалық есепте екінші, 1998ж. облыстық спартакиадада жалпы командалық есепте 1 орын алды. 1998ж. кикбоксингтен жасөспірімдер арасында ҚР чемпиондары А.Наурызбаев, ҚР чемпионы болды. В.Лещанов күміс жүздегер, ал Ю.Шеккола жүздеген атанды. Подольскіде өткен ТМД елдері арасында халықаралық турнирде В.Лещанов кикбоксингтен Ресейдің чемпионы болды, спорт шеберлігіне үміткер нормасын орындады. Бұл атақ оған 1999 жылы берілді. 1999ж. А.Наурызбаев Португалияда өткен әлем чемпионатындаа 2 орын алды, халықаралық дәрежедегі спорт шебері болды. Мәртөкте Қазақстан тәуелсіздігінің құрдасы «Спартак-виктория футбол командасы бар. Команда жаттықтырушысы футболдан спорт шеберлігінен үміткер С.Н.Полегонько Команда мимнифутболдан облыс және аудан әкімі кубогының 5 дүркін иегері болып табылады. Команданың ең үздік жетістігі Астана қаласында өткен «Ақбидай-2000» жазғы ауыл спартакиадасына қатысып, қола жүздегері болды. Команда құрамына А.Табанов, Н.Табанов, М.Көңгереев, Р.Назмутдинов, Ш.Рахманов, А.Бооль, Р.Мұқашев, А.Лобода, П.Солошенко, Т.Хасенов, С.Тигеруш, А.Бургаз ойнады. 1995ж. бастап ауданды Жайсаңда футболдың негізін қалаушы С.Есенғаливті еске алуға арналған арналған дәстүр жыл сайын өткізіліп келеді. Қазіргі уақытта аудан аумағында 49 физкультура ұжым жұмыс істейді. оның ішінде 39 жалпы білім беретін мектеп оның 20сы орта, 10 негізгі, 9-бастауыш мектеп, 1 БЖСМ-і, 1 кәсіптік-техникалық уч. бар. 58 дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдері, БЖСМ-інде 8 жаттықтырушы-оқытушы жұмыс істейді. Ауданда 1 стадион, 8 баскетбол алаңы, 34 футбол алаңы, 31 сорт алаңы бар. Денсаулықты нығайту, дене тәрбиесімен шынығу, жұмыс қабілетін арттыру мақсатында



кәсіпорындарды, ұймдарда, БЖСМ-інде денсаулық топтары, спорт түрлері бойынша секциялар жұмыс істейді. Денсаулық топтарында салауатты өмір салтын насихаттау жүргізіледі, әртүрлі секциялар мен топтарға баратын адамдар саны жылдан жылға арта түсуді. Мысалы, БЖСМ-де 40 топ және секция жұмыс істейді. Оларда 565 бала мен жасөспірім спортпен айналысады. Оқу орындарындағы дене тәрбиесі сабақтарына 5870, үч-де 175 адам қатысады. Қызметтік бөлмелері, душы, саунасы, шағын бассейні, спорттық ойынзалы, мен арнаулы күрес залы бар. Мектеп тәрбиеленушілері бірнеше рет облыс чемпионы республикалық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанды. Мектеп жұмыс істегеннен бері онда 20411 оқушы оқыды, бағдарламалық атлаптарды 1252 оқушы орындады. 4021 разрядты, 102 бірінші разрядты және спорт шеберлігінен үміткер, 4 спорт шебері 1 халықаралық дәрежедегі спорт шебері 599 облыс чемпионы дайындалды. Бизнес-инкубатор жанынан шығыс жекпе-жегімен (кикбоксинг) айналысушылар үшін спорт клубы, сондай-ақ шейпинг айналыстын клуб ашылды. Спорт ардагерлері спорт шеберлігінен үміткерлер А.Тұрмағамбетов, В.Палий, В.Замошний, Е.Мұқашев, А.Ильжанов, А.Сарбөпеков, А.Мельник, С.Полеганько, Б.Қазанбаев, футбол ардагерлері В.Тикунов, А.Табанов, А.Комендант, Н.Гербергаген және т.б. жас спортшыларға үлгі өнеге. Физкультуралық спорттық шаралар тұрғындарды спортпен айналысуға тарту, тұрғындардың дене шынықтыруға сұранысын қалыптастыру, қажетті адамгершілік қажеттеріне тәрбиелуде маңызы зор.

## **МӘРТӨК АУДАНЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТУРАЛЫ**

Тағы да бір жыл тарихқа айналды. Өткен жыл біздің Отанымыз үшін елеулі із қалдырды. Бұл - ел тарихында үлкен саяси өзгерістердің, конституциялық реформалардың, халқымыздың болашағына бағытталған көптеген бағдарламалар мен мақсаттарды жүзеге асырған жыл болды. Ең бастысы біз Елбасының халыққа жолдауындағы «Қазақстан халқының әлауқатын арттыру- мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» стратегиясын орындау мақсатында нақты істерді жүзеге асырдық.

Біздің мақсат, міндеттеріміздің орындалуы аудан экономикасының дамуына байланысты. Аудан экономикасының негізін ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерлік саласы құрайтыны белгілі.

Өткен жылы мемлекеттің қолдауы мен жаңа технологияларды енгізудің нәтижесінде жақсы өнім алынды. 156 мың тонна астық жиналды, бұл 2007 жылмен салыстырғанда 53 мыңға көп. Аудан бойынша өнім көлемі гектарына

13,4 центнерді құрады. 11 мың тонна картоп өнімі, 8 мың тонна көкөніс дақылдары өндірілді.

Ауыл шаруашылығын дамыту «2006-2008 жылдарға арналған агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамыту» бағдарламасына сәйкес іске асырылды. Бұл мақсатқа барлығы 685 млн. теңге бюджеттік қаражат жұмсалды. Өткен жылы негізгі қорға 541,3 млн. теңге соммасында инвестиция тартылды, бұл 2007 жылмен салыстырғанда 287,9 млн. теңгеге артып отыр. Мемлекеттің қолдау көрсету шаралары арқасында ауылшаруашылық өнім өндіру көлемі 6 млрд. 176 млн. теңгені құрап, өткен жылғымен салыстырғанда 1 млрд. 508 млн теңгеге артты.

Мал азығын дайындау 2007 жылға қарағанда 6,0 мың тонна артық болды, яғни 94,0 мың тонна шөп дайындалды.

Республикалық бюджеттен «Азық-түлік кооперациясы» арқылы көктемгі далалық егін жұмыстарына 148,5 млн. теңге бөлініп, оған 2623 тонна көлемінде жанар май сатып алынды. Өсімдік шаруашылығын дамытуға бірқатар шаруашылықтарға 125,1 млн. теңге субсидия бөлінді. Ауданда сортты дәнді дақылдарды ұлғайту бойынша жоспарлы жұмыстар атқарылуда. Мәселен, 2008 жылы облыстық қордан қосымша 115 тонна жоғары сапалы тұқым «Қызылжар» өндірістік кооперативіне бөлінді, оның ішінде: 100 тоннасы бидай (Саратовская-55), 15 тоннасы арпа дақылы (Карабалыкская). 2009 жылдың егістігіне 12 990 тонна тұқым құйылды.

Өткен жылы негізгі қорға салынған инвестиция көлемі 288 млн.теңгені құрады. Өнім өндірудің ылғал сақтау технологиясын енгізу жұмыстары жалғасуда. Қазіргі таңда 2 шаруашылық осы технологияны қолданып жоғары өнім алып отыр. Олар гектарына 16,0 және 19,4 центнерден өнім жинаған «Родник» акционерлік қоғамы мен «Қарасор» жауапкершілік шектеулі серіктестігі. Аталған технология жалпы аумағы 83,9 мың гектар жерге енгізіліп, егіс алқабының 65 пайызын құрап отыр. Мемлекеттің ауыл шаруашылықты қолдауы арқасында «КазАгрофинанс», «Агро-сервис», «Астана Финанс» акционерлік қоғамдары арқылы: 6 комбайн, 2 тұқым себу кешені, 5 Т-150, «Беларус», МТЗ-80 тракторлары алынды. «Казанка» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 3 «Кейс» конбайнын сатып алды. Соның арқасында жиналған өнім көлемі артып, гектарына 17,6 центнерден өніммен ауданда жоғарғы нәтижеге қол жеткізіп отыр.

Ауылшаруашылық тауар өндірушілердің қаржылық мәселелерін шешу мақсатында ауданда құрылған «Мәртөк несие серіктестігі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен 41,2 млн. теңге соммасында 21 жобаға несие бөлінді. Сонымен қатар, үш шағын несие ұйымдарымен 49,1 млн. теңгеге 184 жоба қаржыландырылды.

Мал шаруашылығына келетін болсақ, 2007 жылмен салыстырғанда ірі қара мал басы 3,0 пайызға артып отыр. Бұл жерде 80 пайызы тұғындардың жеке шаруашылығы құрайды.

Қой мен құс санымен өнімділігінің артуымен мал өнімдерінің көлемі 105 пайызға өсті.

2008 жылы 2 ауылдық өнеркісіп кооперативі құрылып, жалпы соммасы - 26,4 млн.тенгеге ет және сүт өнімдері сатылды. Мал шаруашылығын дамыту мен сүт, ет өндірушілерді ынталандыруға республикалық бюджеттен 23,2 млн. теңге субсидия бөлініп, игерілді.

Азық-түлікке бағаны тұрақтандыру мақсатында ауданның ауылшаруашылық құрылымдары 22 облыстық және 18 аудандық ауылшаруашылық жәрмеңкелерге қатысып, 16 млн. 657 мың теңге өнімін сатты.

Мал шаруашылығында алға қойған мақсаттарға жету үшін, қолдан ұрықтандыру жолымен малдың генетикалық құрылымын жақсарту жұмыстары жалғасуда. Бұл жұмыстарға бюджеттен 4,3 млн теңге бөлініп, толық игерілді. Сондай-ақ, ауыл шаруашылық малдарын қауіпті ауруларға қарсы егу жұмыстарын, ветеринарлық алдын алу шараларын орындау мақсатында ауданда 22 мал дәрігер мамандары жұмыс атқарып келеді.

Ауданның әлеуметтік-экономикалық жағдайының жоғарылауының негізі экономикалық және әлеуметтік функцияларды қатар қамтитын, кәсіпкерлік саласы.

2006-2008 жылдарға арналған орта және шағын кәсіпкерлікті дамыту аймақтық бағдарламасын іске асырудың жедел шаралары аясында ауданда біршама жұмыстар атқарылды. 2007 жылы ауданда барлығы 960 кәсіпкерлік субъектісі тіркелсе, 2008 жылы 995 субъекті өз жұмысын тұрақты атқарып келеді.

5615 адам кәсіпкерлік қызметімен айналысса, бұл 2007 жылмен салыстырғанда 112 пайызға артып отыр.

2008 жылы ауданның кәсіпкерлік субъектілерімен 6 млрд. 589 млн. теңгеге жуық өнім өндіріп, жұмыстар мен қызметтер көрсетілген. Бұл қызметтер алдыңғы жылдарға қарағанда 64 пайызға артып отыр. 54 жеке субъекті мен екі ауыл өндірістік кооперативі, құрылыс саласында 6 заң субъектісі, шағын бизнес өнеркәсібіне арналған бухгалтерлік қызметтер қайта құрылды. Сонымен қатар 597 жаңа жұмыс орындары ашылды.

Ауданда кәсіпкерлік инфрақұрылым объектілері қызметі өз жұмысын жалғастыруда. Мысалы, кәсіпкерлікті әлеуметтік қолдау мен тәжірибелік көмек көрсету мақсатында «Мәртөк бизнес инкубаторы» қоғамдық қорымен 1323 тұтынушыға компьютерді пайдалану бойынша оқытылды.

- 139 адам кәсіпкерлік, сақтандыру жүйесі бойынша тиісті кеңестер алды.

- 597 кәсіпкерлік субъектілеріне бухгалтерлік есеп және көптеген мәселелер бойынша қызметтер көрсетілді;

- 55 тұтынушыға оргтехникаларды жалға алу және интернет желісін пайдалану бойынша қызметтер көрсетілді;

- 28 адам «жеке компьютер қолданушы» бойынша арнайы курстарда оқытылды.

«Кәсіпкерлік қызметті қолдау» бағдарламасын іске асыру аясында ауданда 54 іс шаралар өткізілді.

Екінші деңгейлі банк қаражат есебінен 89,0 млн. теңгеге 12 жоба қаржыландырылды. «Мәртөк ауданының кәсіпкерлер мен жұмысшылар Одағы» қоғамдық бірлестігі өз жұмысын жалғастыруда.

Өнеркәсіп өндіріс көлемі өткен жылы 869,8 млн. теңгені құрады. Бұл 2007 жылдың деңгейімен салыстырғанда 340 млн. теңгеге ұлғайған. Өндірістің жеке көлем индексі 105,6 пайызды құрайды. Бүгінгі күнге дейін ауданның өнеркәсіп саласы тек қайта өңдеу кәсіпорындарымен дамып келді.

Аудан аумағындағы іске асырылып жатырған аймақтық серпінді жобалардың бірі, ол теміржол вагондары мен цистерналарын шығаратын Мәртөк механикалық зауытының құрылысы. Қазіргі таңда жұмысшылар поселкасының құрылысы салынууда. 300 орындық асхананың құрылысы аяқталды. Зауыт пен жұмыс поселкасының бас жобасы, жобалық сметалық құжаттары жасалуда. Геологиялық, геодезиялық іздестіру жұмыстары жасалды. Технологиялық процесстер мен конструкторлық құжаттарын құрастыру мен жобалауға Ресей Федерациясының жобалау институты қатыстырылды.

Қажетті әлеуметтік инфрақұрылым мен су жүйесі, транспорттық коммуникациялар нысандарымен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жасалып жатыр. 1110 кВТ және 160 кВа қуатты подстанция орнатылып, 10 кВТ электр желісі тартылды. Мердігерлердің жұмысын жеделдету мақсатында «Қазақтелеком» АҚ-мен 12 номерге арнап шағын автоматты телефон станциясы мен жоғары жылдамдықты интернет желісі орнатылды.

Бұл мәліметтер аудан экономикасында дамудың бар екендігінің бірден бір дәлелі. Сонымен қатар алда көптеген міндеттер тұр.

Еліміздің ең басты байлығы ол адам, оның білімі, денсаулығы мен әлеуметтік қорғалуы. Ауданымызда тұрғындарды әлеуметтік қорғау жұмыстары Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы Жолдауы мен «Тұрғындарды жұмыспен қамту мүгедектерді сауықтыру аймақтық бағдарламасына» сәйкес іске асырылып келеді.

Еңбек нарығының қазіргі жағдайын сарапатамасы көрсетіп отырғандай, ауданның экономикалық белсенді тұрғындардың санының артқанын байқауға болады. 2009 жылдың бірінші қаңтарының мәліметі бойынша ол көрсеткіш 18652 адамды құрайды. Жұмыспен қамтылған тұрғындардың жалпы саны 17683 адам. Жұмыспен қамтылған тұрғындар санының өсуі, жалпы жұмыссыздар санының 1,0 пайызға төмендетіп отыр. Ресми жұмыссыздар деңгейі 0,5 пайыз, яғни 82 адам. Бұл көрсеткіш 2007 жылдың осы мерзіміне қарағанда 5 дамба төмен. Ауданның бірқатар округтарында, яғни Байғорысай, Жайсаң, Құрмансай ауылдық округтарында жалпы жұмыссыздар тіркелмеген. Сонымен қатар, Ақсұдық, Қарашай, Қызылжар, Мәртөк ауылдық округтарында жұмыссыздар саны төмендегенін байқауға болады.

Аудан бойынша 2008 жылы 661 жұмыссыз тұрғындар жұмыспен қамтылды. Жыл бойына 412 тұрғын ақылы қоғамдық жұмысқа тартылды, 7 адам кәсіптік оқытуға жіберілді, 21 жұмыссыз жас маман жастар

тәжірибесінен өтті. 521 жаңа жұмыс орындары ашылып, оған 433 адам орналастырылды.

Биыл бос жұмыс орындарына арналған 2 жәрмеңке өткізді. Нәтижесінде 115 жұмыссыздың 32-сі жұмыспен қамтылды. 69 адам ақылы қоғамдық жұмысқа алынды.

Байторысай, Аққұдық, Хазірет ауылдық округтарында аз қамтылған отбасылар жоқ, ал Қызылжар, Төнірберген Құрмансай, мен Хлебодар ауылдық округтарында олардың саны бір мен үштің аралығында.

Жұмыссыздар мен аз қамтылғандың деңгейін төмендету бойынша жүргізілген іс шаралардың нәтижесінде олардың саны 930-дан 585-төмендеді.

Ауданда жалпы орташа айлық жалақы көлемі 10,7 пайызға өсіп, 30745 теңгені құрады.

19 млн.13800 теңге көлемінде, 2038 балаға 18 жасқа дейінгі балаларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы төленсе, 112 отбасына 3млн. 611мың теңге көлемінде атаулы әлеуметтік көмек тағайындалып төленді.

Сонымен қатар ауданда әлеуметтік жағынан аз қорғалған тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету жағынан үлкен жұмыстар жасалуда. Мәселен, материалды-тұрмыстық және әлеуметтік жағдайларын жақсарту мақсатында өкілді органның шешімімен Ұлы Отан соғысы мен Ауған соғысына қатысушылармен ардагерлеріне, коммуналдық қызмет шығындары /жарық, көмір мен газ балондарын сатып алуға/ өтеледі. Ал 2008 жылдан бастап Чернобыль АЭС зардаптарын жоюға қатысқандарға, Семей полигонындағы сынағынан зардап шеккендер мен тыл еңбеккерлеріне де төлене бастады. Бұл жұмыстарға барлығы 23,5 млн. теңге қаражат жұмсалды.

Қосымша 18 жасқа дейінгі 68 мүгедек балаларға жалпы соммасы 1670,8 мың теңге көлемінде көмек көрсетілді. Мекемелер, кәсіпкерлер мен әртүрлі қорлар тарапынан 8591 адамға 109,8 мың теңгеге материалдық қайырымдылық көмек көрсетілді. Соның ішінде 207,600 теңгеге 174 мемлекеттік атаулы әлеуметтік алатындарға да берілді. Есептік мерзімде қарқынды жұмыстардың нәтижесінде 187 адам құрамымен 39 азқамтылған отбасының кірістері ұлғайтылып кедейшілік санатынан.

Ауданда үйде әлеуметтік көмек көрсететін бір бөлімшесі және 8 елді мекенде 188 жалғыз басты зейнеткерлерді 23 әлеуметтік маман қызмет көрсетеді.

«Тұрғындарды жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мүгедектерге жұмысқа орналасу үшін 3 пайыздық жеңілдік бекітілді. Ауданның кәсіпорындары мен мекемелерінде 45 мүгедек жұмыспен қамтылды.

Жалпы ауданда 75 мүгедек әртүрлі салада қызмет етсе, 27 мүгедек жеке кәсіпкерлік қызметімен айналысады.

Экономика дамуының маңызды бөлігінің бірі инфрақұрылым болып табылады. Ауданның негізгі көлік байланысы республикалық және 493 шақырымдық жергілікті маңызы бар жолдар арқылы іске асырылады. Оның

60 пайыз жолдардың жабындысы тозған. Аудандық бюджеттен 2008 жылы 94,6 млн.тенге көлік жолдарының қызметін қамтамасыз ету үшін және қысқы мезгілде күтіп ұстау үшін 6,5 млн. тенге жұмсалды. 74,6 млн. тенгеге аудан орталығының 4 көшесі асфальтталды. Мәртөк-Линовицк тас жолының 21 шақырымдағы көпірге, Шевченко-Студент тас жолының 71 шықырымдағы су өткізу құбырына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді, сонымен қатар Мәртөк-Полтавка-Шевченко-Студент бағытындағы тас жолдардың тегістеу жұмыстары жүргізілді.

Ауданның (Мәртөк, Саржансай, Хлебодар, Жайсаң) елді мекендерінің көшелерін жарықтандыру бойынша 123 жарық шамдары орнатылды.. Тұрғындарды пошта қызметімен қамту мақсатында Жайсаң, Хлебодар, Родников ауылдарында пошта ғимараттарын салынып, пайдалануға берілді.

31 елді мекенді қамтитын жолаушылар тасымалдайтын 8 автобус бағыты бар. 2008 жылдың желтоқсан айынан бастап, Орынбор қаласына баратын жолаушылар үшін рейстік 2 автобуска билеттер алдын ала сатылып Мәртөк селосындағы автобекет арқылы жүретін болды.

«Жасыл ел» бағдарламасы бойынша ауданды көгалдандыруға 1092,0 мың тенге жұмсалды. «Ауыл аймақты дамыту бағдарламасын» іске асыру аясында Мәртөк аулының су құбырының қосымша қуатын қосу үшін 4,0 млн.тенге бағытталды.

Ауданның елді мекендерінің су жүйесін жақсарту мақсатында Хазірет ауылының су құбырын күрделі жөндеу жүргізуге 4,0 млн. тенге және Кеңсахара ауылының сұмқарасына күрделі жөндеу жүргізуге 1,0 млн. тенге қаражат жұмсалды. Ағымдағы жылы Хлебодар аулының су жүйесіне жаңарту жұмыстары жоспарлануда.

2006 жылдан бастап Республикалық бюджет есебінен 2,1 млрд. тенгеге Ақтөбе-Мәртөк газқұбырының құрылысы жүргізілуде. Оның 1,7 млрд. тенге қаражаты игерілді. Биылғы жылы Мәртөк ауылын газдандыруға 200 млн.тенге бөлініп, қазіргі кезде жұмыс жеке үйлерді газқұбырына қосу сатысында. Тұрғын үй құрылысына инвестиция көлемі 158,4 млн.тенге немесе 2007 жылға қарағанда 179,6 пайыз жоғары.

Соңғы жылдары ауданда жеке тұрғын үй құрылысы қарқынды жүргізіліп келеді. Өткен жылы ауданда кезек бойынша 6 отбасына пәтер кілті табыс етілді. 2009 жылы Мәртөк, Кеңсахара, Жайсаң, Қаратоғай аудларында тағы да 6 тұрғын үйдің құрылысы жүргізіледі.

2008 жылы Мәртөк, Хлебодар, Тәңірберген ауылдық округтарындағы жеке тұрғындардың есебінен жалпы аумағы 7089, шаршы метр тұрғын үй салынды. Бұл көрсеткіш 2007 жылдың осы мерзімен салыстырғанда 128,4 пайызға артып отыр.

Білім саласы туралы айтқанда мен жас жеткіншектеріміздің алдынан ашылып жатқан терең білім алудың мол мүмкіндіктерге қуанамын.

Қазақстанның бәсекеге қабілетті елдердің қатарына кіру стратегиясын іске асыруда – білім беру деңгейін жоғарлатуды көздейді. Елбасымыз алға қойған стратегиялық міндеттердің бірі ол, алдағы 10 жыл ішінде білім беру

жүйесін әлемдік стандарт деңгейіне шығару. Демек, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі басым бағыттары білім беру болып табылады.

Ауданның мектептерінде 5045 оқушы білім алуда. 8 мектепке дейінгі тәрбие беру мекемесі жұмыс жасайды. 2008 жылы ауданның білім беру мекемелеріне ағымдағы шығындардан, басқа жалпыға бірдей оқыту қорына 8,4 млн.теңге, 11 мектептің күрделі жөндеу жұмыстарына 36,9 млн.теңге бөлінді. Сонымен қатар материалды-техникалық базасын нығайтуға, жиһаздар мен оқулықтар сатып алуға қаражат бөлініп, игерілді. Соңғы екі жыл ішінде төрт мектеп мультимедиялық кабинеттермен жабдықталды, 18 мектеп физика кабинетінің жабдықтарымен қамтылды, 8 мектеп интерактивтік тақталармен қажетті жабдықтар алынды. Ауданның барлық мектептеріне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Аудандық білім бөліміне, №1 Мәртөк орта мектебіне, Вознесеновка, Хлебодар орта мектептеріне 7,2 млн. теңгеге автокөліктер сатып алынды.

Бірінғай ұлттық тестілеу нәтижесі бойынша бес жылдың салыстырмалы сараптамасы көрсеткендей 2004 жылы аудан бойынша орташа балл 48,3 құраса, 2008 жылы ол көрсеткіш 67 балды құрады. «Алтын белгіден» үміткер 5 оқушының екеуі қорғап шықты. Ауданның 2 мектебінің 5 түлегі 100-ден жоғары балл жинады. Полтавка орта мектебіне облыс әкімінің ынталандыру сыйлығы 1 млн.теңге табыс етілді.

2322 оқушы ыстық тамақпен қамтылған. Оның ішінде аз қамтылған отбасынан 880 бала мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған 105 бала бар. 2008 жылы Қаратаусай аулында 50 орындық мектепке дейінгі мекеме ашылды. Осы жылы Мәртөк селосында 280 орындық және Жайсаң селосында 50 орындық балабақшалардың құрылысы салынады. 21 мектепте мектепке дейінгі тәрбиелеу шағын орталықтары жұмыс атқарып келеді.

Аудан дамуындағы шешуші басым бағытының бірі болып денсаулық сақтау саласын реформалау мен дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны іске асыру саналады.

Жыл бойына аудан бойынша 35 млн.теңгеге медициналық жабдықтар алынды. Аудандық бюджеттен 800 мың теңгеге денсаулық сақтау мекемелерінің қызметкерлері тұрғын үймен қамтамасыз етілді. 20,6 млн. теңгеге дәрі-дәрмектер сатып алынды. Аудандық орталық ауруханасы мен Байнассай дәрігерлік амбулаториясына жалпы соммасы 3,2 млн.теңгеге екі жедел жәрдем автокөлігі сатып алынды.

Туберкулезге қарсы күрес бағдарламасы бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде науқастар саны сексеннен жетпіс алтыға дейін кеміді. Сондай-ақ анамен бала қамқорлығының нәтижесінде табиғи өсім көрсеткіші жоғарылады. Бес жасқа дейін балалар тегін дәрілермен қамтамасыз етіліп, дәрігерлік алдын алу жұмыстары жасалады.

24 млн. теңгеге ауданның денсаулық сақтау мекемелерін күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Хазірет аулында дәрігерлік амбулатория салынды. 2009

жылы Саржансай ауылында жаңа дәрігерлік амбулаторияның құрылысы басталмақ.

Денсаулықты жақсарту жөніндегі маңызды міндетті орындау үшін салауатты өмір салты бағдарламасын әсіресе жастардың арасында жандандыру, дене шынықтыру мен спортты дамыту қажет. Денешынықтыру және спортпен айналысуға, аудан тұрғындарының денсаулығын нығайтуға 71 бірлік спорттық нысандары, соның ішінде «Қайрат» стадионы, балалар жастар спорт мектебі жұмыс жасайды. Биыл аудандық бюджеттен «Қайрат» стадионын қайта жаңарту жұмыстарына 5 млн теңге бөлінді.

Ауданда салауатты өмір салтын насихаттайтын кешендік спорттық - мәдени шаралар өткізіліп тұрады. Аудан спортшылары ауданаралық, облыстық және республикалық жарыстарға қатысып белгілі нәтижелерге ие болуда. 2008 жылы ауданда 78 спорттық-бұқара іс-шаралар өткізіліп, бұл шараларды өткізуге 863 мың теңге жұмсалды.

Мәдениет деңгейінің аудан экономикасының тұрақтылығының индикаторы болып табылатыны, осы саланың одан әрі дамуының жақсы дәлелі.

Тарихи, мәдени және рухтық жаңғыртуды көздеген «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жалғасуда.

Өткен жылы бюджет есебінен аудандық мұражайдағы Ұлы Отан соғысына арналған бөлме жаңартылды. Аудандық Мәдениет үйін, «Колос» кинотеатрын, Құрмансай, Коминтерн ауылдық клубтарына ағымдағы жөндеу жүргізуге және Жайсаң мен Хазірет ауылдық клубтарына жылы қазандықтары сатып алуға аудандық бюджеттен 8 млн. 227мың теңге қаражат бөлініп, игерілді. Коминтерн, Рыбаковка ауылдарында кітапханалар ашылса, Первомайка ауылында ауылдық клуб пайдалануға берілді. Шевченко ауылында ауылдық клуб үшін ғимарат алынды. Ауданда кітапхана жүйесіндегі басты жаңалықтардың бірі, ол «Рабиос» модульдік кітапхана бағдарламасының енгізілуі. Сондай-ақ, «Мекен-жай тіркелімі» бағдарламасына елді мекендердің көше атаулары енгізілу жұмыстары жүргізілуде.

Мемлекеттік бағдарламаларды, алға қойылған міндеттерді іске асыру қаржы жағдайына байланысты екені өздеріңізге белгілі.

Аудан бюджетінің кіріс бөлігі 101,2 пайызға орындалды. Жоспарланған 1млрд. 623млн.теңгенің орындалуы 1млрд. 642млн.теңгені құрады. Тиісінше ауданның кірісі бойынша, жоспарланған 253 млн. 317мың теңгенің түсімі 272млн. 140 мың теңгені құрады.

Бюджеттің шығыс бөлігі 1 млрд. 638 млн. теңгені құрады, яғни болжамның 99,0 пайызы. Бюджеттің шығыстың басым бөлігі әлеуметтік салаға бағытталды.

2008 жыл бойна салық салу базасын ұлғайту мақсатында заңды және жеке тұлғаларға 34930 гектар жер уақытша пайдалануға бөлінді.

Көп жылдар бойы мақсатсыз пайдаланбаған және иесіз 23790 гектар жер телімдері мемлекет меншігіне қайтарылды. Аудан бюджетіне жер телімін



сатып алушылар есебінен 11 млн. 420 мың теңге кіріс келтіріліп, оның ішінде 8 млн. 592 мың теңгесі аукцион арқылы түсті.

2008 жылы 1 млн. 600 мың теңгеге Хлебодар мен Хазірет елді мекендерінің аумақтық жер шаруашылығын орналастыру жоспары жасалды. 400 мың теңге ауылшаруашылық мақсаттағы жерлерді бір түрден екінші түрге ауыстыруға жұмсалды.

Кадастрлық орталықпен заңды және жеке тұлғаларға уақытша жер пайдалану құқығына 1052 акт берілді.

«Қазақстан - 2030» даму Стратегиясы, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауын түсіндіру және насихаттау жұмыстарының дұрыс ұйымдастырылуының арқасында ауданда қоғамдық-саяси жағдай тұрақты.

13 ақпараттық-насихат топтары құрылып, ай сайынғы саяси бір күндікте 13 селолық округке шығып 965 түрлі кездесулер өткізілді. Жалпы саны 1230 дәрістер мен баяндамалар оқылды, 122524 адам қатысты, тұрғындардың сұрақтарына жауап берілді. Қазақстан Республикасының жыл сайынғы халыққа Жолдауының негізгі басым бағыттарын іске асыру бойынша медиа жоспар жасалып іс шаралар өткізілді. Аудандық «Мәртөк тынысы» газетінде әртүрлі тақырыпта 170 мақала жарық көрді.

Жастар кеңесінің мүшелері түрлі мәдени-спорттық шараларға белсенді қатысып, мемлекеттік және ұлттық мерекелік шараларды ұйымдастыруға көмектесіп келеді.

Қоғамдық-саяси жағдайларды тұрақтандыру мақсатында ауданның саяси партиялар мен діни бірлестіктердің қарым қатынасы ұйымдастырылған. Осының арқасында жалпы ауданда діни жағдай тұрақты. «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының мүшелері мен «Жас Отан» жастар қанаты ауданда қоғамдық-саяси маңыздағы іс шаралар өткізіп тұрады. Жастардың белсенділігін арттыру мақсатында ауданда «2008-2010 жылдарға арналған мемлекеттік жастар саясаты бағдарламасы» құрылып, бекітілді. Осы мақсаттарға жыл сайын аудандық бюджеттен 500 мың теңге бөлінеді. Маусым – тамыз айлары аралығында «Экодес-2008» студенттік жасақ пен «Жасыл ел» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес студенттік жасақтар жұмыс атқарды.

Сонымен қатар ауданда экологиялық бағытта «Мәртөк сәулеті» қоғамдық қоры құрылып, белсенді жұмыс жасалуда.

Аудандық әкімшілікте мемлекеттік қызметкердің жалпы саны 125, оның ішінде 14 саяси мемлекеттік қызметкер.

Мемлекеттік қызметкердің барлығының да білім деңгейі біліктілік талаптарына сәйкес келеді. Жыл сайын мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігін арттыру мақсатында Президент жанындағы мемлекеттік басқару Академиясына және облыстық қайта даярлау мен біліктілікті арттыру орталығына оқуға жіберіледі.

2008 жылы «Халыққа қызмет көрсету орталығының» Мәртөк бөлімшесі арқылы 22200 азаматқа қызмет көрсетілді. Бұл аудан тұрғындарының 72 пайызын құрайды.

8 терезе жұмыс жасайды. Сонымен қатар бөлімше құжаттарды қабылдауды ұйымдастырудың бағдарламасы енгізілді.

Тұрғындардың жағдайына қарай Жайсан аулының пошта бөлімшесінде дайын болған құжаттарды алу мен өтініш қабылдайтын жұмыс орны ашылды.

Жаһандық экономикалық дағдарыс бізге де өз әсерін тигізуде. Бірақ оған қарамастан 2008 жылы Қазақстан экономикасы тұрақты. Қазіргі таңда Үкімет ауылшаруашылығы, шағын және орта бизнесті, тұрғын үй нарығын қолдауға бағытталған дағдарысқа қарсы бағдарлама жасакталды. Байқасаңыздар алдымызға қойылып отырған міндеттер жылдан-жылға артып келеді. Сондықтан еліміздің тәуелсіздігін нығайту жолында сіздер мен біздердің істеп жатырған шаруамыздың барлығы халықтың әл-ауқатын арттыру үшін жасалуда. Осы жолда халықтың бізге деген сенімін ақтап, алға қойған максаттарға жетеміз деп мен нық сенемін.



**АБДУЛЛИНА МАЛИКА** (1935 ж. Ақтөбе обл. Мәртөк ауд. Қартаусай ауылында туған.) Жергілікті мектепті тәмамдаған. 1949-1961 ж. арасында «Красный пахарь» ұжымшарының мүшесі, 1961-65 ж.ж. арасында «Елек» кеңшарының жұмысшысы болып істеген, ал 1965-91 ж. «Хлебодар» кеңшарының сауыншысы. Еңбектегі ерлігі үшін бағалы сыйлықтармен, мақтау грамоталарымен, ал 1997 ж. В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуын атап өтуге байланысты «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. 1971 ж. «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, 1980 ж. 15.12 ҚазССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен «ҚазССР-нің ауыл шаруашылығына еңбегі сіңген қызметкері» құрметті атағына ие болды. 1975-85 ж.ж. Кеңестің депутаты.

**АВРАМЕНКО НАДЕЖДА ЕФИМОВНА** 10.08.1932-1994жж. Чапаев атындағы ұжымшарда 25 жыл сауыншы болып істеген. Жемісті еібегі үшін оны халық ауылдық кеңестің, кейін Қаз. КСР-ін Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайлады. «Еңбек Қызыл ту» және «Еңбек даңқы» орденімен марапатталды.



**АЙМАҒАМБЕТОВ** **ІЗБАСҚАН**  
**НУРАТДИНҰЛЫ** – (05.01.1941 жылы Мәртөк ауданы Родниковка селосында туған) жоғары категориялы дәрігер /1980/ «Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген дәрігері» /1990/. 1958 жылы Петропавловка орта мектебін, Ақтөбе мемлекеттік медициналық институтының емдеу факультетін /1964/ үздік бітірген. 1964-68 жылдары Атырау облысының Тенгіз аудандық ауруханасында дәрігер-хирург, 1969-78ж. Ақтөбе обл. хирургия бөлімінің дәрігер-ординаторы, облыстық қалалық балалар клиникаларының бас дәрігері, облыстық клиника ауруханасының бас дәрігері. 1993-1999ж. Ақтөбе обл. әкімінің орынбасары, обл. тері-венерология диспансерінің, клиникалық аурухананың, 1999 жылы наурызынан облыстық жедел-жәрдем ауруханасының бас дәрігері. Бес мәрте обл. Кеңестің және 1990ж. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына сайланған. «КСРО денсаулық сақтау қызметінің озық дәрігері» /1981/ белгісімен, КСРО және Қаз.КСР Денсаулық сақтау министрліктері Грамоталарымен марапатталған. 20 баспа табактан астам ғылыми еңбек жарияланған.



**АКБЕРДИН АБДОЛЛА ҚАДЫРЖАНҰЛЫ** - /1902ж. Көкшетау қ. – 11.01.1997ж. Ақтөбе қ./ - партия, кеңес қызметкері. Еңбек жолын 1920 жылы Көкшетау уезінің жер бөлімінде бастаған. 1923-1927 жылдары Петропавл қ. Көкшетау уездік комсомол ком. нұсқаушысы, Петропавл қ. кеңес-партия мектебінің тыңдаушысы. 1927-1937 жылдары Көкшетау обл. Қызылту ауд. Партия ком. хатшысы. Солтүстік Қазақстан облысы Бейнетқор ауд. Кеңес атқару ком. төрағасы, Қобда ауд. партия ком. бөлім меңгерушісі, Мәртөк ауд. Жайсаң МТС-да саяси бөлімі бастығының орынбасары. 1937-1954 жылдары Мәртөк, Қобда, Темір аудандарында партия-кеңес ұйымдарында жауапты қызметтерде, 1954-1959 жылдарында Жұрын аудан партия комитетінің бірінші хатшысы. Үш мәрте Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.

**АҚБҰЛАҚ УЕЗІ**—1921ж. сәуірде Ақтөбе губерниясы аудандарға бөлініп оған Ақбұлақ, Ақтөбе, Монжар және Темір аудандары қарады. Ойыл ауданының қазіргі аумағындағы елді мекендер 20-ж. бас кезінде негізінен Ақбұлақ және Темір аудандарының құрамында болды. Ақбұлақ ауданы 1922ж. 5 шілде уезд болып қайта құрылды. Оған Ақбұлақ, Астрахань, Бабатай, Ақсу,(Беловодск), Жирен копа, Елек, Қайыңды, Новнадеждинск, Петропавл, Преображенск, Сазды, Тамды, Томарөткел, Тұзтөбе, Харьков, Қобда, Жайсаң болыстары кірді.

### **АҚҚУДЫҚ АУЫЛДЫҚ АЙМАҒЫ**

**АҚҚУДЫҚ АУЫЛДЫҚ АЙМАҒЫ** – Мәртөк ауданының солтүстік батысында орналасқан. Батыстан Ресеймен, солтүстіктен Байтормсай ауылдық аймағымен, оңтүстік шығыстан Мәртөк селолық округімен шектеседі. Пайдаланатын жалпы жер көлемі 49677 гектарды құрайды. округ жері арқылы аудандық маңызы бар облыс және аудан орталықтарымен байланысты қамтамасыз ететін асфальт жолы өтеді.



**Климаты:** ауылдық аймақ территориясы жылы дала аймағында орналасқан. Климаты шұғыл континентті, ауа температурасының жылдық және тәуліктік ауытқу температурасы өте жоғары, күндізгі және түнгі температурасында шұғыл айырмашылық бар. Ең суық мезгіл қаңтар, ал ең жылы ай шілде. Абсолюттік төменгі салқындық  $-46^{\circ}$ ,  $+44^{\circ}$  жылылық аралығында. Соңғы аяз  $-3^{\circ}$  маусым айында байқалса, ал ерте күзгі аяз  $-5^{\circ}$  қыркүйек айында байқалады. Қардың орташа қалыңдығы 25-30 см. құрайды. Көктем біркелкі тегіс басталады, қардың қалыпты кетуі сәуір айының алғашқы онкүдігінде байқалады. Желдің басым соғу бағыты оңтүстік-шығыс.

**Жер бедері:** ауылдық аймағы территориясының жергілікті жер бедері – тегіс жазықты, аңғар және жырамен қатты тілімденген. Абсолюттік биіктігі 150-200 метр аралығында. Жалпы жер бедерінің еністігі солтүстіктен оңтүстікке қарай байқалады.

**Топырағы:** топырағына қарасты ауыл аймағының территориясы салыстырмалы түрде бірқалыпты. Бұл жерде басым түрде тараған әртүрлі сатыдағы күнгірт қоңыр топырақ, механикалық құрамы негізінен саздауытты. Сонымен қатар шалғында күнгірт қара және оңтүстік онша үлкен емес аймақты қара топырақ алып жатыр. Вознесенкада жақын жерде ашық қара қоңыр балбанитеті құмды топырақ басым, Рыбаковка, Веренка ауылдарында балбанитет 48 ге жетеді.

**Гидрография:** гидрографиялық өзен тармағына: «Бөрте» (15км.), Қарасу (3 км.), Қараағаш (7 км.) өзендері кіреді. Құрылыс нәтижесінде округ территориясында 9 су қоймасы, 9 бөгет бар. «Кораблёвская» (1978ж.), «Яблуневская» (1980ж.), «Степовская» (1979ж.), «Старая» (1958ж.), «Новая» (1983ж.), «Взрыв» (1982ж.), «Каменная» (1959ж.), «Тонкерес»(1959ж.), «Первомайская» (1969ж.).

**Өсімдіктері:** аймақ жеріне геоботаникалық зерттеулер жүргізгенде келесі жайлылым топтары айқындалды: дәнді дақылдар, басым көпшілігі селеу шөп, бетеге, лерхеанды жусан және кара жусан. Өсімдік жамылғысы кара жусаннан, көбінесе изеннен, жуашықты қоқырбастан т.б. тұрады. Шабындығында бидайық, люцерна, жабайы бұршақ т.б. өседі. Топырақ құрамы нашар жердегі шөп кара жусан, бетегеден тұрады. Ағаштары: караағаш, карагай, шетен, үйеңкі, терек, бақша ағаштары: алма ағашы, алхоры шиіе ағаштары: бұталы өсімдіктерден қарақат, жүзім, қарлыған өседі. Табиғат зонасында өсімдіктердің жалпы 250-ден аса түрі бар.

**Жануарлар әлемі:** ландшафты-климаттық жағдайының географиялық орналасуы аймақта жануарлар әлемінің әртүрлілігін көрсетеді. Қаракүйқыр, борсық, қасқыр, түлкі, қоян, күзен, қарсақ, тышқан, сарышұнақ, майтышқан тәріздес кеміргіштер және қосмекенділер бірге мекендейді. Басым көпшілігі русақ қояндар, өлке сан алуан құс түрлерімен ерекшеленеді: (шамамен 160 түрі) аққулар, көкқұтандар, дала бүркіті, бөдене, кекілік, шағала, үкі, үйректің барлық түрлері, бүркіт, торғай, қараторғай, қарға, сауысқан, жабайы көгершін, жапалақ, тоқылдақ, көкек, бәбісек, қарлығаш, бозторғай, ұзақ, сұрқарлығаш, суықторғай және басқалары. Өзендер мен табиғи су қоймалары бағалы балықтарға бай: сазан, мөңкебалық, шортан, тұқы, алабұға, теңгебалық, таутан, табанбалық.

**Қоры:** Аққұдық ауылдық аймағының табиғи қорлары: көмір қоры, құрылыс материалдары – құм, қиыршық тас, ақ балшық. Жер ресурстары 37 гектар жер, шабындық – 7725,2 га, жайылым – 7384,4 га, жыртылған жер – 30,8 га, жер асты мен жер үсті көзінен тұратын су ресурстары.

**Халқы:** Первомай ауылдық әкімшілігі 1995 жылы құрылып, 2004 жылы Аққұдық ауылдық аймағы болып өзгертілді. Оған 5 елді мекен кіреді. 2008 жылғы санақ қорытындысы бойынша 1697 адамды құрайды. Оның ішінде 45% - қазақтар, 17,3 % - орыстар, 32 % - украиндар, 3,8 % - немістер, 0,6% - татарлар, молдавандар – 0,06%, белорустар – 0,8 %, әзербайджандар – 0,1%, шешендер – 1,1%, поляктар – 0,36 %, қытайлар – 0,06%. Аймақта барлығы 11 ұлттың өкілдері тұрады. 1 шаршы метр жерге 3,1 адамнан келеді. Дүниеге нәресте әкелу тұрақты.

Бұл әкімшілік ылғал жетіспейтін аймаққа жатады. Жылы агроклиматы егін шаруашылығымен, дәнді дақылдар, картоп, көкөніс, азықтық дақылдар өсіруге қолайлы.

Бүгінгі күні ауылшаруашылығымен 86 шаруашылық қожалығы айналысады. Жалпы алып жатқан аумағы 25,0 мың гектар.

Ауылшаруашылығының дақылдарды себу 9030 гектар аумағын алып жатыр. Мал шаруашылығымен барлығы 7 шаруа қожалығы айналысады, олардың 621 ірі қара малы, 952 қойы бар. «Ақбар», «Мират», «Мирас», «Копес», «Асар-1» шаруа қожалықтары сүт пен ет дайындайды. Тынайған жер 37 гектарды құрайды, жайылым 8869 га, мал азығын дайындау аумағы 2232 га, картоп өсіру аумағы – 176 га, орташа сүт сауын 1500-1700 литр, ол «Алғабас» ЖШС-ға тапсырылады. Жыл бойына 400 тоннаға дейін сүт сұрыптанады. Ірі қараның орта есеппен 130-150 кг. еті тапсырылады, шошқа 60-70 кг. жыл бойына орта есеппен етке 250-270 бас ірі қара, 350-ге дейін шошқа тапсырылады. Жеке меншікте 5000 бас құс бағылады, олар: қаз, үйрек пен тауық. Ауыл округінің Первомайқа ауылында мемлекеттік питомник бар.

Шаруа қожалықтар жері 22, 816 мың гектар жер көлемін алып жатыр.

- «Владимир» ШҚ - 106 га. – Кондренко В.
- «Алға» ШҚ - 17 га. – Уржаев Б.
- «Бекболат» ШҚ - 206 га. – Мангубаев Б.
- «Мейрамгуль» ШҚ - 98 га. – Тлегенов К.
- «Марат+К» ШҚ - 134 га. – Утаралина Т.
- «Ерсамат» ШҚ - 356 га. – Казтуғанов А.
- «Ирина» ШҚ - 68 га. – Кун В.
- «Виктор» ШҚ - 58 га. – Пыхтеева Л.
- «Искандер» ШҚ - 729 га. – Мухлисова А.
- «Колос» ШҚ - 65 га. – Сайдаев Г.
- «Лада» ШҚ - 59 га. – Чекенев А.
- «Ласточка» ШҚ - 36 га. – Болатова А.
- «Мирас» ШҚ - 644 га. – Аткиев А.
- «Ақбар» ШҚ - 5487 га. – Абдрахманов Б.
- «Ескали» ШҚ - 84 га. – Искалиев К.
- «Приозёрный» ШҚ - 138 га. – Кулиш И.
- «Алдияр» ШҚ - 133 га. – Атагулин М.
- «Айсұлтан» ШҚ - 80 га. – Байсарин Ж.
- «Простор» ШҚ - 66 га. – Гришко М.
- «Айдын» ШҚ - 82 га. – Битурин А.
- «Светлана» ШҚ - 758 га. – Вараксин А.
- «Синяя Птица» ШҚ - 43 га. – Михальчишина О.
- «Дружба» ШҚ - 403 га. – Ременной В.
- «Сапар» ШҚ - 180 га. – Турмагамбетов А.
- «Жандос» ШҚ - 290 га. – Каржауова Т.
- «Бостан» ШҚ - 178 га. – Мукашев Н.
- «Абат» ШҚ - 84 га. – Бижанов Б.
- «Копес» ШҚ - 115 га. – Купесов Е.
- «Улман» ШҚ - 274 га. – Сағындыкова М.
- «Алтай» ШҚ - 419 га. – Темиргалиев Ж.
- «Жас Улан» ШҚ - 110 га. – Битурин А.

«Яков» ШҚ - 103 га. – Мартенс П.  
«Амина» ШҚ - 61 га. – Сулейменова Н.  
«Ардагер» ШҚ - 328 га. – Сарсенов К.  
«Салтанат» ШҚ - 1145 га. – Жакупов К.  
«Жусуп» ШҚ - 51 га. – Жусупов С.  
«Достық-1» ШҚ - 942 га. – Попов А.  
«Надежда» ШҚ - 140 га. – Варакин В.  
«ВиВеКаС» ШҚ - 50 га. – Гончарюк В.  
«Даулет-1» ШҚ - 210 га. – Саркулов М.  
«Илья» ШҚ - 65 га. – Чипегина Н.  
«Дасан» ШҚ - 175 га. – Бекбатыров Ш.  
«Мекен» ШҚ - 2376 га. – Кампаев Е.  
«Анастасия» ШҚ - 47 га. – Старченко Н.  
«Сержан» ШҚ - 181 га. – Шуренбаева Ж.  
«Муратбек» ШҚ - 228 га. – Карылгашев Ж.  
«Восход» ШҚ - 111 га. – Бондаренко П.  
«Анна» ШҚ - 137 га. – Прокопало В.  
«Ерсұлтан» ШҚ - 1114 га. – Зорбаев Е.  
«Мират» ШҚ - 72 га. – Жармагамбетов К.  
«Ринат» ШҚ - 114 га. – Жильгельдин Б.  
«Асар -1» ШҚ - 696 га. – Крутько С.В.  
«Канапия» ШҚ - 673 га. – Тоғызбаев Н.  
«Каражигит» ШҚ - 60 га. – Демегенов К.  
«Аккудык» ШҚ - 153 га. – Лащ Л.  
«Вайнах» ШҚ - 130 га. – Мажидов И.  
«Дос» ШҚ - 65 га. – Мадияров Б.  
«Даймох» ШҚ - 65 га. – Мажидов А.  
«Роза» ШҚ - 79 га. – Большакова Н.  
«Паритет» ШҚ - 79 га. – Великоцкая Е.  
«Сокол» ШҚ - 38 га. – Булатов Г.  
«Калау» ШҚ - 187 га. – Жакупов К.  
«Дария» ШҚ - 131 га. – Бекмухамбетова Д.  
«Инжу» ШҚ - 107 га. – Иманалин Ж.  
«Лабиринт» ШҚ - 150 га. – Конрад А.  
«Шонай» ШҚ - 50 га. – Кожаев З.  
«Ауылбай» ШҚ - 204 га. – Стрюкова Л.А.  
«Женис» ШҚ - 102 га. – Сустанов  
«Абу» ШҚ - 68 га. – Суенбаев Ж.  
«Манера» ШҚ - 429 га. – Қосмамбетова Г.  
«Берекет» ЖШС - 200 га. – Аманбаев Ғ.

**Білім:** Қазіргі кезде округте 5 мектеп және 1 интернат жұмыс істейді. Вознесеновка ауылында жаңа типті орта мектеп бар, онда 149 оқушы оқиды,



интернатта 30 бала тәрбиеленеді. Аймақ бойынша оқушылардың жалпы саны 256 бала. Педагогикалық ұжымда 48 оқытушы қызмет етеді.

**Денсаулық:** Округ бойынша Веренка мен Вознесенкада 2 дәрігерлік амбулатория, Рыбаковка мен Первомайкада фельдшерлік пункттер бар. 2 дәрігер және 4 медбикелер жұмыс істейді.

**Мәдени-ағарту жұмыстары:** округ жерінде 3 ауылдық клуб (Вознесенка, Рыбаковка, Первомайка) 3 ауылдық кітапхана (Вознесенка) кітап қоры 6200 дана, Веренка ауылында кәзтелерадио мұнарасы бар.

**Спорт:** волейбол, футбол түрлерінен командалар бар. Олар аудандық, аумақтық жарыстарға белсенді қатысады.

**Мәдениеті:** Веренка – I бейіті. Бейіт солтүстіктен оңтүстікке созылған кішкене қыраттың жотасында орналасқан үш обадан тұрады. Обалардың топырақты үйіндісі жарты шар тәріздес, құлап түскен, көлемі диаметрі 4 м-ден 5м-ге дейін және биіктігі 0,2-ден 0,3 м-ге дейін болған. Ескерткіш қола дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1989 ж. жазда табылған. Паспортталған.

Веренка – II бейіті. Батыс солтүстік батыс-шығыс оңтүстік шығыс желісі бойынша созылып кішкене жазық қыраттың басында орналасқан үш обадан тұрады. №2 және №3 обалардың топырақты үйіндісі жартылай сфера тәріздес формалы олардың көлемі диаметрі 6 және 7 м, биіктігі 0,2 және 0,15 м. Ең ірі №1 обаның (30x1 м) басында жартылай сфералық формадағы тригопункт орнатылған. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1989ж. жазда табылған. Паспортталған.

Веренка – III бейіті. Диаметрі 32 және 40 м, биіктігі 2,5 және 3 м болатын жартылай сфералық формадағы екі оба кішкене жазық қыратта орналасқан. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады.

Вознесенка – I бейіті. Диаметрі 14, биіктігі 1 м болатын, қыраттың басында орналасқан үйіндісінде тас кездесетін жер оба. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж. тамызда табылған. Паспортталған.

Вознесенка – II обалы бейіті. 8 жер обадан (12-30, 0,35-1м) тұрады. Екі оба негізгі топтан 600м жерде орналасқан. Вознесенка ауылынан солтүстік шығыста 3,5 км жерде орналасқан. АПИ археологиялық барлау тобымен 1988ж. табылған.

Вознесенка – III обалы бейіті. Төрт жер обадан тұрады. (17-37, 0,4-2,6 м). №1 обаның үстіне триангуляциялық белгі орнатылған. Вознесенка ауылынан солтүстік шығыста 1 км жерде орналасқан. АПИ археологиялық барлау тобымен 1988ж. табылған.

Вознесенка – IV бейіті. Жартылай сфералық формалы, екі оба кішкене жайпақ қыратта орналасқан, олардың көлемі диаметрі 28 және 36 м, биіктігі 0,8 және 0,6 м. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1989ж. жазда табылған. Паспортталған.

Вознесенка – V бейіті. Бейіт кішкене жайпақ қыратта орналасқан 6 обадан тұрған. Обалар диаметрі 14-тен 25м-ге дейін, биіктігі 0,3-тен 1,0 м

болатын топырақты үйіндісі жарты шар тәріздес формалы болған. №2 обадан (15x0,8) бұзылған тригопункттен қалған шұңқыр бар. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1989ж. жазда табылған. Паспортталған.

Вознесеновка – VI бейіті. Кішкене тік қыраттың жотасында жалғыз оба табылды. Обаның үйіндісі жарты шар тәріздес диаметрі 28м, биіктігі 3,5 болған. Обаның етегінде ор, орталығында тонау шұңқыры байқалады. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1989ж. жазда табылған. Паспортталған.

Вознесеновка – VII бейіті. Ашық далада орналасқан жалғыз (бөлек) оба. Топырақты үйіндісі жартылай сфералық формалы, диаметрі 16м, биіктігі 0,5 м. Обаның басында трипункт орнатылған. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1989ж. жазда табылған. Паспортталған.

Вознесеновка – VIII бейіті. Ашық далада орналасқан бөлек оба. Оба үйіндісі жартылай сфера тәріздес топырақты, диаметрі 20м, биіктігі 0,6м болған. Ортасында бұзылған трипункттен шұңқыр қалған. Қорым 1987 жылы жазда АПИ археологиялық тобымен талбылған. Паспортталған.

Вознесеновка – IX обалы бейіті. Үш жер обадан (12-15, 0,2-0,5) тұрады. №1 және №2 обалардан 200м жерде №3 оба орналасқан. Мәртөк ауданы Вознесеновка ауылынан шығыста 1 км жерге орналасқан. АПИ археологиялық барлау тобымен 1988жылы табылған.

Вознесеновка – IX бейіті. Тік төбесінің басында орналасқан 4 обаның көлемі диаметрі 5-тен 12 м-ге, биіктігі 0,1-ден 0,3 м. Оба үйінділері формасы жайпақ. №2 обаның бетінде тастар байқалады. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1989 жылы жазда табылған. Паспортталған.

Вознесеновка – X бейіті. Бейіт кішкене жазық қыратта орналасқан 6 обадан тұрады. Обаның топырақты үйіндісі жартылай сфера тәзірдес, көлемі диаметрі 14-тен 25 м және биіктігі 0,3-тен 1,0 м. №2 (15x0,8) обада бұзылған тригопункттен қалған шұңқыр байқалады. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1989 жылы жазда табылған. Паспортталған.

Первомайка – I бейіті. Жазық төбеде орналасқан үш обадан тұрады. Обаның жер үйіндісі жарты шар тәріздес формалы. №2 және №3 оба көлемі 16 және 10 м, биіктігі 0,8 және 0,5 м. Ең ірі №1 обаның (50x2,5) төбесіне тригопункт орнатылған. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1989 жылы жазда табылған. Паспортталған.

Первомайка – II бейіті. Диаметрі 12-ден 20м, биіктігі 0,5-тен 1,2 м болатын жарты шар тәріздес формалы үш жер оба жазық төбеде орналасқан. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1989 жылы жазда табылған. Паспортталған.

Рыбаковка – I бейіті. Веренка-Рыбаковка тас жолынан 600 м жерде екі бөлек топ болып орналасқан жартылай сфералық формалы жеті жер обадан тұрады. Обалар көлемі 0,3x10-нан 0,8x20 м аралығында.

Вознесенка ауылында азамат соғысы жылдарында қаза болған әскерлердің туысқандар қабірі. Қабірде биіктігі 2,5 м болатын металды конструкциядан жасалған ескерткіш орнатылған. Ескерткішке бес тармақты жұлдыз кіргізілген. Қабір көлемі 3x4 метр болатын мәнерлі металл дуалмен қоршалған. Жазуы жоқ. Қазақстан территориясындағы азамат соғысының тарихи ескерткіші. Паспортталған.

### АҚҚУДЫҚ АУЫЛДЫҚ АЙМАҒЫ БОЙЫНША КӨП БАЛАЛЫ АНАЛАРЫ



Сақтанова Лина Абдрахманқызы – 1941 жылдың 1 қазанда Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Қараағаш ауылында туған. Білім 1 кластық. 1957 жылы Сақтанов Сансызбаймен тұрмыс құрған. Өзі «Первомайский» совхозында сауыншы, жолдасы малшы болып жасаған. 12 баласы, 13 немересі, 2 шөбересі бар. «Батыр-Ана» құрметті атағы берілген, «Алтын алқа», үш рет «Соцжарыстың жеңімпазы» атағы берілген. Қазір Первомайқада тұрады.

Жуковская Пелагея Константиновна – 1933 жылдың 18 мамырда Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Первомайқа ауылында туған. Білімі жоқ. 1954 жылы Жуковский Михаилмен тұрмыс құрған. Өзі еңбек майданының ардагері су скважинасының операторы, жолдасы «Первомайский» совхозында механизатор болып жасаған. 8 баласы бар, тағы 4 баланы бауырына басқан, 24 немересі, 1 шөбересі. «Ана данқы» орденінің екі дәрежесімен наградталған. Қазір Первомайқа ауылында тұрады.



Битурин Мәрия – 1938 жылдың 1 қаңтарында Ақтөбе облысы Хлебодар ауылында туған. Білімі 10 кластық. 1957 жылы Битурин Төлегенмен тұрмыс құрған. Өзі сауыншы, бұзаушы, жолдасы «Калинин» совхозында малшы болып жасаған. 10 баласы, 25 немересі, 2 шөбересі бар. «Батыр-Ана» құрметті атағы берілген, «Алтын алқамен», Аналық орденімен, «Еңбек ардагері» медалімен наградталған. Қазір Веренка ауылында тұрады.

**Мұқашева Мұңғой** – 1945 жылдың 22 желтоқсанында Ресейдің Орынбор облысы Харьковка селосында туған. Білімі 7 кластық. 1963 жылы Мұқашев Уәлимен тұрмыс құрған. Өзі пошта таратушы, жолдасмы Калинин атындағы колхозында тракторшы болып жасаған. 10 баласы бар. «Батыр-Ана» құрметті атағы берілген, «Аналық» орденімен наградталған. Қазір Веренка ауылында тұрады.



**Төлепбергенова Тәрбие** – 1939 жылдың 1 қаңтарында Қазалы ауданында Майлыбас стансасында туған. Білімі 7 кластық. Байқонырдың оныншы платформасында телефон байланысшысы болып жасаған. 1960 жылы Төлепбергенов Шахтыбаймен тұрмыс құрған. Сонда борышын өтеп жүрген болашақ жолдасымен құпия келісімге қол қойып ауылға келген. Өзі жұмысшы, аспазшы, жолдасы механизатор болып жасаған. 9 баласы, 17 немересі бар. «Күміс алқамен» наградталған. Қазір Веренка ауылында тұрады.

**Битуринна Үмсындық** – 1927 жылдың 1 қаңтарында Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Қызылжар ауылында туған. Білімі жоқ. 1945 жылы Битурин Қасенмен тұрмыс құрған. Өзі еңбек майданының арлагері егінші, жолдасы тың игеруші механизатор болып жасаған. 13 баласы, 27 немересі, 8 шөбересі бар. «Батыр-Ана» құрметті атағы берілген, «Ана даңқы» орденінің үш дәрежесімен, мерейтойлық медальдармен наградталған. Қазір Веренкада тұрады.



**Жакупова Салима** – 1940 жылдың 28 қыркүйегінде Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Жаңажол ауылында туған. Білімі бастауыш. 1957 жылы Жакупов Ауылбаймен тұрмыс құрған. Өзі сауыншы, жолдасы механизатор болып жасаған. 8 баласы, 18 немересі бар. «Күміс алқамен», «Ана даңқы» орденінің екі дәрежесімен наградталған. Қазір Рыбаковка ауылында тұрады.

**Карашева Дарига** – 1948 жылдың 17 қазанында Ресейдің Орынбор облысы Ақбұлақ ауданы «Искра» совхозында туған. Білімі арнаулы орта. 1968 жылы Қайырман Текеевпен тұрмыс құрған. Өзі СТФ-да сүт бойынша лаборант, жолдасы совхозда зоотехник болған. 8 баласы, 4 немересі бар «Күміс алқамен» «Ана даңқы» орденінің екі дәрежесімен наградталған. Қазір Вознесеновка ауылында тұрады.



**Генова Анна Георгиевна** - 1941 жылдың 6 сүйрінде Украина Одесская облысы Разделянский ауданы Зельц селосында туған. Білім 6 кластық. 8 баласы, 22 немересі бар. «Күміс алқа», 1941 жылы қуғын көрген, 1956 жылы ақталған. Қазір Вознесеновка ауылында тұрады.

**АҚМОЛАСАЙ (Новофедоровка)** – ауыл Мәртөк ауданының оңтүстігінде, аудан орталығына 30 шақырым жерде, Ақмоласай өзенінің жағасында орналасқан. Халық саны 246 адам. Ауыл 1905 жылы Ақмоласай шатқалында құралған. Столыпин реформасы кезінде Ресейден қоныс аударғандар ауылды Новофедоровка деп атын өзгерткен. 1907 жылы ауылда 56 үй болған. Шаруаларды өз еркімен біріктіру кезінде «Красный скотовод» ұжымшары болып, одан кейін «Қазақстанның 30 жылдығы» атындағы ұжымшар болып қайта құрылды. Новофедоровка машина трактор станциясы таратылғаннан кейін Дзержинский атындағы кең шар мен Новомихайловка ауылдың кеңесі құрылды (1957-2003) Новофедоровка ауылының бірінші басшылары: Рабинович Семен, Глуков Алексей, Муха Алексей, 1941ж. – Луценко Яков. Кеңес шаруашылығы кезінде ауыл №3 бөлімше болды, бастығы Зарешняк Форл болды. Ауыл тұрғындары егіншілік мал шаруашылығы, бау-бақшамен айналысты. 1965-1985 жылдары ауыл Дзержинский кеңес шаруашылығының ірі бөлімшелерінің бірі болды. Ірі қараның саны 1700 басқа жетті, механикалық түрде еркін байланбай сауылатын сиырларды бағатын малшаруашылық кешен болды. Бөлімшенің егіндік пен фермаларындағы жұмысшылары жоғары көрсеткіштерге жете білді. Фокша Иван Семенович Ленин орденімен марапатталды, оған сәйкес ағайынды Шеленг Герман и Раингольд, Прокопович Алексей Андреевич, Татьянич Владимир Андреевич – алғашқы тың игеруші, Тлешев Қаратай, Апостолов Михаил Карпович еңбек етті. Мал шаруашылығында сауыншы Иванова Екатерина бірнеше рет бір сиырдан 3000 литрге дейін межеге жетіп, Ленин орденімен марапатталды, сонымен қатар сүт сауудың жоғарғы

көрсеткішін апалы-сінілі Небоженко Надежда, Марина, Елена жетті, бұзаушы Устич Анна – батыр ана, 10 бала өсіріп тәрбиелеген. Бірінші пошташы Быстрова Елизавета, бірінші радио желісінің директоры Плем Федор, кітапхана менгерушісі Жаймагамбетова Қабираның есімдері ауылдастарының әлі есінде. Нарықтық қатынасқа көшкеннен кейін Ақмоласай ауылында бірқатар шаруа қожалықтары құрылды: «Тан», «Жақсы», «Жазит» т.б. «Алдияр Б» шаруа қожалығы (бастығы Михаил Быстров) ауылдық тіректі кәсіпорны, әрқашан округтің әлеуметтік орындарына, еңбек ардагерлеріне, жалғыз қалған мұқтаж адамдарға көмектесіп отырады. Ауыл да мектеп, фельдшерлік акушерлік пункт, клуб, кітапхана, дүкен бар.

**АҚСУ** – ауыл Мәртөк ауданының оңтүстік батысында 12 шақырым жерде орналасқан. Халық саны 19 адам (2007ж.). Тәңірберген ауылдық аймағының құрамына кіреді. 1832 жылы бұл қоныс Қаратөгіай болысының №7 ауылы болды. Шаруаларды біріктіру кезінде «1 Май» ұжымшары аталды. 1952 жылы Ақсу ауылы «Победа» ұжымшарының №2 бөлімшесі болды. Ауыл шаруашылығы өндірісінің екі жұмысшысы ерен еңбектері үшін Ленин Орденімен марапатталды. Ауылда бастауыш мектеп, дүкен, клуб, кітапхана, машина- трактор шеберханасы, сүт фермасы жұмыс істеді.

**АҚТАБАН ШҰБЫРЫНДЫ** - (1723-1725ж.) қазақ халқының тарихындағы ауыр кезең. Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресі. Тәуке хан қайтыс болғаннан кейінгі 1718ж. үш жүздің дербестеніп, алауыздық болуы Қазақ хандығының әскери-саяси қуатын әлсіретті. Құба қалмақтар ішкі қайшылықтарын реттеп, көрші мемл. қарым-қатынасын жақсартты, олардан оқ-дәрі, қару-жарақтармен жабдықталды, зеңбірек жасауды үйренді. 1708-17ж. Севан Рабданың тұсында болған бірнеше жорықтарда жоңғарлар әскері саны жағынан да, қару-жарағы жағынан да қазақтардан басым болды. 1723ж. көктемде Жоңғария қалмақтары әрқайсысы 10 мың жауынгері бар 7 қолмен қазақ еліне тосыннан шабылу жасады. Шапқыншылар Қазақстанның оңт. ауд. елді қырғынға ұшыратып, Түркістан, Сайрам, Ташкент қалаларын басып алды, қазақтар шайқастарда 100 мың жауынгерлерінен айырылды, бейбіт халықтың шығыны одан да көп болды. Абылай ханның айтуынша әрбір он адамның төртеуі қаза тапты. Қазақтың басына түспеген алапат құбылыс халықтың үдере қашқан босқыншылығы туды. Ұлы жүз бен Орта жүздің бір бөлігі Шыршық асып, біразы Бұқар мен Самарқанға қашып барып паналады. Ал Кіші жүз қазақтары Сауран қ-сын айналып Хиуаға беттеді. Кейбір рулар Қарақұм, Қызылқұмға тығылды. 3-4 жыл ішіндегі оқиғалардың өте ауыр болғандығы сондай халықтың тарихи санасында бұл қиын-қыстау кезең «Ақтабан шұбырынды» деп аталып кеткен. Осы заманда зар мен мұңға толған «Елім-ай» әні дүниеге келді. Күйзелген қазақ жеріне жан-жақтан анталаған жау Еділ қалмақтары Жайықтың қазақ

Орысы, Орал башқұрттары, Қоқан бөктері, Бұқар мен Хиуа хандары шабуыл жасады. Қазақ елі халық ретінде жер бетінен құрып кету қаупіне ұшырады. Бірақ бұл қасірет халықтың еркіндікке, азаттыққа ұмтылған жігерін жасата алмады. Бөгенбай, Қабанбай, Сауырық, Жәнібек, Малайсары, Абылай, Әбілқайыр бастаған қалың ел 1926-27ж. жоңғарларға қарсы майдан ашты. 1728-29ж. қазақ жасақтары Бұланты өзенінің жағасында, Аңыраұай даласында жоңғар әскерлеріне құйрете соққы беріп, ұлы жеңіске жетті.

*әдеб. ҚСЭ. Алматы, 197212т. 220б. ҚҰЭ. 1т.2096*

*История Казахской ССР. Алма-Ата, 1979г. стр.14-25. Б.Оразов.*

**АҚТӨБЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ УЧИЛИЩЕСІНІҢ МӘРТӨКТЕГІ ФИЛИАЛЫ** – Мәртөк аудандық аурухана жанынан 1970 жылы ашылған. Филиал медбикелерді даярлады. Практикалық дәріс беру үшін аурухананың тәжірибелі дәрігерлері шақырылған. Алғашқы түлектер 1972 жылы бітірді. 1999 жылы аудан орталығында Ақтөбе медициналық колледжінің Филиалы қайта ашылды. Оның түлектері бүгінде Ақтөбе облысы мен аудан аумағында еңбек етуде.

**АЛҒАШҚЫ ӘКІМШІЛІК БӨЛІСТІК** Ақтөбе обл. 1932ж. 20-ақпанда ұйымдастырылды. Оның құрамында 28 аудан болған. Олар мыналар: Адамау, Ақбұлақ, Ақтөбе, Арал, Батпаққара, Жетігара, Мәртөк, Меңдігара, Мирзоян, Новоресей, Семиозер, Степной, Табын, Обаған, Ойыл, Урицкий, Федоров, Қобда, Шалқар. 1936ж. 29-шілдеде облыстың 11 ауданы неіңзінде Қостанай облысы ұйымдастырылған.

*әдеб: «Справочник по адмтеррр. Делению Казахстана», А 1959г. стр.221.*

**АЛДАБЕРГЕНОВ АЛТЫНБАЙ** - (1929ж.т.) –механизатор. Мәртөк ауд. Чапаев атындағы ұжымшарда озат тракторшы болды. А/ш өндірісінде үздік еңбегі үшін «Ленин», «Еңбек Қызыл Ту» (1967ж) ордендерімен марапатталды.

**АЛЕКРИЦКИЙ ВАСИЛИЙ ЛЕОНТЬЕВИЧ** (1908-1979ж), Жайсаң а. механизатор. Мәртөк ауд. «Жайсаң» кеншарында механизатор. Диканшылық кәсіптің жүздегері, шаруашылықтың экономикасын көтеруге белсенді қатысты. Трактор бригадасының бригадирі, «Ленин» орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

**АНДРЕЕВКА АУЫЛЫ.**- Аудан орталығынан 50км. Полтава губ. 1907 ж. көшіп келген. Андрей Сеньнің атымен аталған. Қиялы, Бөрте өз. жағасы, халқы 782 (1999). 1914 ж. с. 20 үй болған. Азамат соғысы жүрген жер. 1926 ж. жерді бірлесіп өңдеу «Красная звезда» одағы құрылған. 1929 ж. «Степной гигант» ұжымшары болып өзгертілген. 1937 ж. Шевченко МТС ашылды. Отан соғысына ауылдан 167 адам аттанған, оның 85-і елге аман оралған. 1950 ж. «Степной пахарь», «Қызылжармен» қосылып, К. Маркс ұжымшарының

орталығы атанған. Оның иелігінде 17,466 га жері болған, оның 7420 г-ы егістік жері, 88 ірі кара, 3291 кой, 168 жылқы, 542 тауық, 66 шошқа, 21 трактор, 13 комбайны болған. Тың игеру арқылы егістік жері 960 га жеткен. 1966 ж. ұжымшар 680734 ц. астық сатып, 2500 ц. ет өндірген. 1991 ж. «Қызылжар» ө.к. өндірі. 110 адам еңбек етеді. Әрқайсысында 2-4 адамы бар «Госко», «Ахмет», «Асар», «Жансерік» шаруа қожалықтары құрылған. Қызылжар а.а. орта мектеп, балабақша, аурухан, АТС, шеберхана бар. Қызылжар а.а. орталығы кезінде 27 адам КСРО орденімен мед. ие болған. Өзендер: Абдан, Торангүл.

**АНИЩЕНКО ПЕТР БОРИСОВИЧ** «Еңбек Қызыл Ту» ордені «Александр Невский» ордені, «Қызыл Жұлдыз» ордені, «Берлинді алған үшін» медалі, «Германияны жеңгені үшін», «Варшаваны азат еткені үшін» медальдарымен марапатталған. Өзі Андреевқада тұрған.

**АРДАГЕРЛЕР ХОРЫ** - 1987ж. қарашада құрылған. Ұжым 31 адамнан тұрады. 15 жыл ішінде 250 рет сахнаға шығып өнер көрсеткен. Хор ұжымы Орынбор, Ақтөбе к., Ресейдің Ақбұлақ ауданында, барлық ауылдарында жұртшылыққа әдеби-музыкалық қойылымдар көрсетіп, оны 5 тілде орындап отырған. Көп жылдар бойы хор жетекшісі, әрі дирижеры - А. Яблуновский және музыкалық демеушісі Ю.Поляшенко болды. Бүгінгі күні хордың жетекшісі, әрі дирижеры Х. Амиргалиева.

**АРСЛАНОВ ХАБИБУЛЛА** (1911-1968 ж.11.16.) Еңбек жолын 1928 ж. бастады. 30 жыл бойы комсомол, кеңес, шаруашылық салаларында еңбек етті. «Ленин», «Қызыл жұлдыз», «Құрмет белгісі» орденімен және бірнеше медальдармен марапатталды.



**АРЫНҒАЗИЕВ АХМЕДША ШАЙХЫ-ИСЛАМУЛЫ** 1885 ж. Торғай обл. Ақтөбе уезінің № 2 ауылында туған. 1887 ж. Ақтөбедегі 2 сыныптың орыс-қыргыз уч-не түсіп, мақтау қағазымен аяқтайды. 1903 ж. Орынбордағы мұғалімдер семинариясында ойдағыдай емтихан тапсырғанымен «Бос орын жоқ» болғандықтан Ақтөбеге қайта оралды. 1904 ж. уездегі ауылдық мектепке түседі, бірақ А. Уалиахметтің тұтқындауынан мұғалімдік жұмысқа орналаса алмады. 1911-19 ж. арасында мал дәрігерінің аудармашысы, 1919-21 ж. мұғалім болып істейді. 1922 ж. Губерниялық ревтрибуналдың тергеушісі, 1923 ж. уездік халық ағарту бөлімінің меңгерушісі болып істейді. Мұнан кейін губкомда, окружкомда мектеп директорларының мұғалімдерді аттестациялау комиссиясының хатшылық қызметін атқарады.



### АРЫНҒАЗИЕВ УАЛИША (1888-1943 жж.)

Ақтөбе уезінің Бөрте болысының 2 ауылында шағын дәулетті отбасында дүниеге келген. Әбілқайыр ханның Ералы деген баласынан тараған Арынғазы ханның немересі Шайхы-Исламның баласы. Дәулетті отбасында әуелі молдадан, сосын орыс-қазақ приходтік мектебінде сабақ алған. Қазан қаласындағы мұғалімдік семинарияда оқыған. Сол кезде Ресейдің саяси алдыңғы қатарлы жастарының қозғалысына қатысқаны үшін Архангелск губерниясының Кермь қаласына 1910-12 ж. жер аударылған. Тұтқыннан босағаннан кейін туған жеріне келіп, біраз жылдай мұғалім болып, бала тәрбиелеген. Кейін Жайсаң селосындағы тұтынушылар қоғамының төрағасы қызметін атқарған. Әлеуметтік саясатқа сай Жайсаң а. 1928 ж. 1 желтоқсанда дінге қарсы қоғамға мүше болып кірген. Мәртөкте болып жатқан саяси өзгерістерге тікелей қатысып, сауатты ел азаматы ретінде қызмет жасаған. 1941 ж. ҰОС-на өз еркімен қатысады.



### АРЫНҒАЗИЕВ КАМАЛИТДИН (1885-1943ж.ж.)

Ақтөбе у. Бөрте болысының 2 ауылында д.к. Әбілхайыр ханның Ералы деген баласынан тараған Арынғазы ханның ұрпағы. Ауылдағы молдадан діни сабақ алғаннан кейін, 2 жылдық орыс мектебін бітірген. Самара к. мұғалімдік гимназияда оқыған, туған жерінде Ақтөбе уезіндегі Бөрте мектебінде 1919ж. бастап қызмет істеген. 1926ж. Қызылорда қ. А. Байтұрсынновтан кейін, екінші халық ағарту комиссары болған. 1934ж. білім беру бөлімінің инспектор. 1936ж. Ключевой ауд. Аккемер жетім балалар үйінің директоры. 1937ж. Ключевой ауд. білім бөлімінің инспекторы болып жұмыс істеген. 1937ж. 25 қыркүйегінде «халық жауы» ретінде тұтқынға алынған, (ПХК) Ақтөбе обл. II Халық комиссары қаулысымен 8 жылға сотталып, еңбекпен тәрбиелеу лагеріне жіберді. Мәйіті Рыбинск к. түрме зиратында. Қайтқаннан кейін «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» ҚР заңына сәйкес 1997ж. 19 маусымда жоғарғы сотының шешімімен ақталған.



АСАУОВ АБЫЛАЙ (1905ж. Орал облысы, Қаратөбе ауданы, Темірбек ауылы – 1976ж. Мәртөк ауданы, 14 жылдық Қазақстан) – Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақстанның еңбегі сіңген мұғалімі, халық ағарту бөлімінде көп жасаған, алғашқы ауылдағы халықтың көзін ашқан адамдардың бірі. Білім саласында 29 жыл еңбек етті. Асаудың әкесі Ақон – молда, мешіт ұстаған, дін оқуын жақсы білген. 7 кластық мектебін бітіргеннен кейін, Абылай Ақбұлақ педкласын аяқтап,

еңбек жолын 1927 жылы Орынбор облысы, Тұзтөбе ауданы, Қарағайлы ауылында ауыл мұғалімі болып бастаған. 1930 жылы Мәртөк ауданы «Чапаев» колхозының «14 жылдық Қазақстан» ауылына көшіп келіп, ауыл мектебінде мұғалім, мектеп меңгерушісі болып қызметін жалғастырды.

Алғашқы жылдары араб тілінде, кейін латын алфавитімен /29 әріп/, уақыт өте орыс алфавиті – кириллицамен /42 әріп/ адамдарды оқытқан. 1951 жылы Ақтөбе педучилищесін бітірген. I дәрежедегі Отан соғысының ордені, медальдармен марапатталған.

**АСАУОВ ОРАЗҒАЛИ МӘМБЕТҰЛЫ** (1870ж.т Ақтөбе у. –қ.ж. белгісіз) Асау батырдың немересі. 1886 ж.14 мамырда Орскідегі, кейін Орынбордағы оқытушылар мектебін марапаттау медалімен бітірген. 1887 ж. 2 қазанда Торғай обл. уч-лер инспекторы Ы.Алтынсариннің жарлығымен Ақтөбе у. Бөрте болыстық мектебінің меңгерушісі болып тағайындалды. Ол 1890-98 ж. Ақтөбе қ. екі кластық орыс-қазақ уч-де оқытушы, 1898-1912 ж.ж. Ырғыз у. кеңсесінің іс жүргізушісі . 1912ж. қарашасында обл. басқарма құрамындағы қызметінен шығарылып, 1912-17 ж. Торғай у. шаруалар құрылтайының хатшысы болған.

*НҰСҚА: Қаз. рес. Ұлттық мем. орт. архив. 25 қор, 2 тіркеу, 59 іс, 1-5 парақтар.*

**АУДАНЫҚ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ҚОҒАМЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ** – 1991 жылы құрылған. 2004 жылы филиалда 2439 адам болды, оның 1574 – оқушылар (5-11), 45 – бастауыш ұйымдары.

**АУДАНЫҚ ТҰТЫНУШЫЛАР ОДАҒЫ** - Мәртөк ауд. тұт. одағы. 1936ж. ұйымдасқан. Алғашқы сауда икемделген үйлерге орналасып, 1950-60ж. жана құрылыстар салына бастады. АТҚ-ауд. тұт. одағы.-қарамағына 8 ауыл:Мәртөк, Победа, Андреев, Жайсаң, Вознесен, Поқырау, Степанов, Ново-Михайлов кірді. Олардың қарамағында 89 дүкен болды. Тұт. Қоғамына мүшелікке 16ж. толғандар алынды. Жылына 180мың дкл сыра, 450мың дкл лимонад. Тәулігіне 10т. нан шығаратын зауыттар іске қосылды. Дайындау кеңсесі, 41 автокөлігі бар автобазасы, қоғамдық тамақтану орындары болды. АТҚ-ны ұзақ жылдар Г.М.Васютюк басқарды.

**АУДАНЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІ** - Бұл 600 орынды Мәдениет үйі. 1976ж. қолданысқа берілді. Бұл тәрбиелік, көңіл көтеру орталығы. Мәдениет үйінде мереке сайын концерттер, ойын-сауықтар, халық шығармашылығының фестивальдері, балалар конкурсы, мерейтой іс-шаралар өткізіліп тұрады. мұнда ән айтатындар, билейтіндер, музыкалық аспаптарда ойнайтындар үшін түрлі клубтық үйірмелер ұйымдастырылады. Жастар үшін үнемі би кештері, ал мектеп каникулдары кезінде балаларға аналған ойын-конкурстары бар би кештері өткізіліп тұрады.

**АХМЕТОВ ҚАППАС ЗАЙЛАҒИҰЛЫ** – ауыл шаруашылық өндірісінің ардагері. Мәртөк ауданының Андреевка ауылында механизатор болып жұмыс істеген. Ол ерлік еңбек үшін екі «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталған.

Ә



**ӘБЛЛОВ ЕРҚОСАЙ ҚОЖБАНҰЛЫ**

(06.02.1956ж. Мәртөк ауд. «Жаңатаң» а.т. 1977-94ж. Ақтөбе хром қосындылары, ферросплав зауыттарының суретшісі. ҚР Суретшілер одағының мүшесі-шебер. 1974ж. қолөнерін шыбыртқы өруден бастаған. Бесік, сандық, қамшы, домбыра жасауды игерген. Оның домбырасы Атырау қ. өткен «Үкілі домбыра» байқауына қатысты. 1994ж. халық күйшісі Қазанғап Тілепбергенұлының 140 жылдық мерейтойына арналған

облыстық мұражайдағы көрмеде белгілі музыка зерттеушілерінің назарын аударды. 1997ж. «Қайнар» деген атпен жеке көрмесі өтті. 1995-96ж. Қазақтың 5 қаруын, бесік, сандық, домбыра жасауға, қамшы өруге арналған шеберхана ашты. Емдік қасиеті бар домбыралардың үш нұсқасы жасалды. «Шеберхана» 1996ж. «Ала тағала құпиясы» атты кітапшалары жарық көрді. Ол қобыз, домбыра, т.б. ұлттық бұйымдар жасаумен қатар, саз аспаптарын жөндейді. Оның домбыралары ҚР Президенті Н.Назарбаевқа, қазақ-түрік лицейінің директоры Жезмирге, Ақтөбе университетінің ректоры Мұхтар Арынга, Сыр бойының жырауы Алмас Алматовқа сыйға тартылған. 1998ж. бес қару жасайды. Қарулары ҰҚК министрі Мұсаевқа академик Т.Шармановқа сыйға тартылған. Сүйектен жасалған «Шаман дәуірінің белгілері» атты сувенирі Сеулде өткен халықаралық көрмеге қатысты. Өнер саласындағы зор еңбегі үшін ол Атырау, Ақтөбе мәдениет басқармасының ілтипат қағазымен, алғыс хатымен, Қазақстан халықтары кіші Ассамблеясының, БҰҰ Қазақстандағы тұрақты өкілінің дипломдарымен марапатталған.

**ӘЖІБАЕВ ЕРСАЙЫН ЫСҚАҚҰЛЫ**

15.06.1947ж. Орал обл. Арам-құдық а. туған. 1970ж. Батыс Қаз-н а-ш институтының агрономия факультетін бітірген. 1970-74ж. Алға ауд. агроном, бас агроном, 1974-78ж. Новоресей а/ш басқармасының бас агроном, аупартокомының а/ш бөлім бастығы 1978-85 «Жданов» ұжымының төрағасы, «Құдықсай» кеңшарының директоры. 1985-93ж. Исатай, Хобда аупартком хатшысы 1993-1999ж. Мәртөк ауд. әкімі. 1999ж. облыстық а/ш басқарма бастығы. Облыстық ауд-қ кеңестердің депутаты.



Қазақстан КП ХҮІ-ХҮІІ съездерінің, СОКП-ХХҮІІІ съезінің делегаты. «Еңбектегі ерлігі үшін» «Астана» медальдарымен, Қаз. ОП Комитетінің төс белгісімен, ҚР Президентінің алғыс хатымен марапатталған.

**ӘЗБЕРГЕН МҰҢАЙТБАСОВ** (1813-1881жж) – 19 ғасырдың II-жартысында Кіші жүздің шекті руының батыры (1847-1858), Ресейге қарсы көтеріліске қатысқандардың бірі. Елек өзенінің жағалауларында Есет-батыр Көтібарұлымен бірге патша үкіметінің жақтаушысын Жантөре сұлтан-әкімін өлтіруге қатысқан. Батырдың аты Орта Азия мен Ресейге танымал болды. Ол 1860 жылы Қазақ делегациясының құрамымен Санкт-Петербургте және Мәскеуде болды. Ол сапар уақытында Шоқан Уәлихановпен кездесу мүмкіндігін жоққа шығара алмаймыз. 60-шы жылдары Қоңырат қ. Хива хандығында қала басшы болды. Қала жанында «Әзберген қорғанбағы» камалын тұрғызды. 1869-1873 жылдары Торғай облысында болған көтеріліспен басшылық етті. шайқаста тұтқынға түсіп, орынбор абақтысына жабылды. Хиваға жорыққа шыққан үшін патша үкіметі Әзберген абақтыдан шығарып салушы ретінде босатты.



**ӘЛЖАНОВ ТАҢСЫҚБАЙ** 1924-1996ж. Степной ауд. Қарабұтақ а. туған. ҰОС ардагері. 1946-64ж. ауд. Комсомол ұйымы хатшысы, ұжымшар төрағасының орынбасары, пошта бастығы. 1965-84ж. Мәртөк ауд. пошта бастығы. ҰОС II дәрежелі орденімен, жауынгерлік медальдармен, Қаз.КСР Байланыс министрлігінің мақтау қағаздарымен марапатталған. Ауданның электрикалық және пошта жүйесіне қосқан үлесі зор.

**ӘЛИЯ МОЛДАҒҰЛОВА АТЫНДАҒЫ МҰРАЖАЙ** - Жайсаң кәсіптік мектеп жанынан 1970ж. мектепті жаңа атуға байланысты 10 бөлімнен тұратын мұражай ашылды. 1-ші бөлімде Әлияның балалық шағы туралы, 2-де жастық кезеңнен құжаттар, суреттер берілген. Батыр қыздың Отан соғысы кезіндегі ерлігі туралы толық мол мәлімет, үшінші бөлімде берілген. 4-ші бөлім Әлияның мүсіні. Әлия ат. мектептің тарихы 5-ші бөлімде Әлия мектебіне тапсырылған тулар марапаттар орналастырылған. 7 бөлім осы мектептің ардагері Ганжа Иван Александровичке арналған.



**ӘЛМҰХАНБЕТ ҚОЖАХМЕТ** (1881-1976) Орынбор губ. Беляев ауд. Днепровка а. туған. Орынбордың пед. уч.-ін бітірген. Мамандығы мұғалім. Халық ағарту саласындағы ұзақ және жемісті еңбегі үшін Ленин орденімен 1956ж. марапатталған.

### **ӘЛПОВ АМАНТАЙ** 23.2.1924ж.т. Алматы обл.

Алматы ауд. «Парижская коммуна» кеңшарында туған соғыс және еңбек ардагері. Алматы пед. уч.-сін үздік бітірген, Қызылорда пединс-ын бітірген. 1952ж. Алматы-Мәскеу жоғары партия мектептерін тәмамдаған. Еңбек жолын 1941ж. Шұбаркұдық орта мектебінде мұғалімдіктен бастаған. 1942-45ж. ҰОС қатысқан 1947-51ж. Қарабұтақ, 1951-53ж. осы ауд. Көктөбе МТС аймағы бойынша партком хатшысы. 1958-66ж. «Авангард» ұжымшарының төрағасы, 1996ж. обл. ардагерлер кеңесінің төрағасы. Бірнеше рет обл. Кеңестің депутаты болып сайланды. Қызыл жұлдыз II-дәрежелі Отан соғысы Октябрь Революциясы, екі «Еңбек Қызыл Ту», екі «Құрмет белгісі» орденімен, 20 медальмен, 3 рет Қаз. КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.



### **ӘМІРҒАЛИЕВ АЛТЫНБЕК АМАНҰЛЫ**

11.04.1967 ж. Ақтөбе обл., Қобда ауд., Көкүй ауылында дүниеге келген. 1985 жылы Қарулы Күштер қатарына шақырылып, 1987 жылы Отан алдындағы борышын орындап туған ауылына оралды. 1987 жылы Орал қаласындағы Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтының агроном мамандығы бойынша оқуға түсіп, 1992 жылы осы институтты аяқтағаннан кейін жолдама бойынша Ақтөбе облысы Исатай аудандық қаржы бөліміне аға маман ретінде қызметке алынады. 1997 жылы



Исатай аудандық халықты әлеуметтік қорғау бөлімінің меңгерушісі лауазымына тағайындалады. Сол жылы Исатай ауданының Қобда ауданымен қосылуына байланысты Қобда аудандық халықты әлеуметтік қорғау бөлімінің қамсыздандыру қорлары секторын басқарады.

1999 жылы Қобда аудандық қаржы бөлімі меңгерушісінің орынбасары қызметіне тағайындалып, 2000 жылдан 2007 жылдың наурыз айына дейін Қобда ауданы әкімінің орынбасары қызметін атқарды. 2007 жылдың наурызынан бастап қазіргі уақытқа дейін Мәртөк ауданының әкімі.

Соңғы жылдары мемлекеттік қызметпен қатар ғылыми жұмыстармен де айналысып келеді. ҚР білім және ғылым Министрлігінің «Ауыл шаруашылығы экономикасы» кафедрасының ізденушісі ретінде «Қазақстан Республикасындағы ауылдық аумақтарда жергілікті басқаруды дамытудың өзекті мәселелері» атты ғылыми еңбегін осы кафедра ғылыми кеңесімен бекітілді. «Нұр Отан» партиясының мүшесі. «Нұр Отан» ХДПның Мәртөк аудандық филиалының төрағасы



### ӘШПӘБАЕВ ТҰРҒАНБАЙ АҒЫСУЛЫ

(10.12.1922ж. Байғанин ауд. Қарабұтақ а.т.)- партия қызметкері. Алға қазақ орта мектебін (1938), Қазақстан Компартиясы ОК жанындағы жоғары партия мектебін (1952), Абай ат. Алматы пед. инст. (1955) бітірген. 1940-1946ж. әскер қатарында болған, ҰОС қатысушы. Воронеж және 2-ші Украин майдандарының 252 Қызыл тулы Харьков дивизиясының құрамында соғысқан. Әскери дәрежесі полковник. Елге оралған соң еңбек жолын 1947 Алға аупарткомында нұсқаушылықтан бастаған. 1949-50ж. облпарткомның нұсқаушысы, Степной аупарткомының хатшысы. 1950-52ж. жоғары партия мектебінің тыңдаушысы. 1952-82ж. Мәртөк аупарткомының 2-ші хатшысы, санақ бөлімін басқарушы. «Қызыл Жұлдыз», 1 дәрежелі Отан соғысы, «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен, 12 медальмен марапатталған.

## Б

**БАЙДАУЛЕТОВ САҒНАЛЫ ҚҰМАРҰЛЫ**, 1940ж. 1-сәуірде Жаңа-жол ауылы, Мәртөк ауд.-да дүниеге келген. 1960ж. Алға кәсіби училщесін бітірген электромонтер мамандығын алған. 1960-64ж. Ақтөбе химзауытының жұмысшысы Мәскеу әскери аймағының қызметкері. 1965-67ж. Алматыдағы арнаулы милиция мектебін бітіріп, Заңгер болып шықты. 1967-74ж. Мұғаджар, Ақтөбе ішкі істер бөлімінің аға тергеушісі қылмыскерді іздеу бөлімінің бастығы болып істеді. 1986-1991ж.-ға дейін Ақтөбе қалалық ішкі істер бөлімінде, ОБХСС саласында істеді. Қазақстан КП-нің 17 съезінің делегаты, 1992ж. Қаз.Рес.Ішкі істер Министрлігінің зейнеткерлер қоғамының алғашқы съезінің делегаты болды. Қоғамдық тәртіпті сақтаудың үздік қызметкері белгісі медальмен, құрмет грамоталарымен марапатталған.

**БАЙҒАНИНА НӘЗИЯ МӘДЕНҚЫЗЫ** (4.5.1958ж. Мәртөк ауд.)- оқытушы. 1979ж. Ақтөбе пед. инс. фил. фак.-н бітірген. 1980ж. ғылыми педагогикалық жұмыспен айналысады. Қ.Жұбанов ат. Ақтөбе ун-ті 1992-1997ж.ж. орыс мектебіндегі қазақ тілі кафедрасының, аударма және құжат жүргізу кафедраның меңгерушісі, фил. ф-тінің деканы, Бат. Қазақстан экономика және қаржы ин-ты оқу бөлімінің бастығы. 1991ж. Санкт-Петербург мемлекеттік ун-тінің орыс тілі кафедрасы жанындағы аспирантурасын аяқтағаннан кейін кандидаттық диссертация қорғады. Қазақ және орыс тілдерінде шыққан бірқатар ғыл. жинақтар мен ғыл. әдістеме оқулықтардың редакторы. Кіші Ғылым академиясы педагогикалық зерттеу зертханасының ғыл. кеңесшісі болды. профессор Қ.Жұбановтың шығармашылық мұраларын зерттеумен айналысты. «ҚР білім беру ісінің үздігі» белгілерімен марапатталды. Лингвистикалық поэзия, аударма теориясы мен тәжірибесі,

«Орыс-қазақ аударма терминдер сөздігі» жөніндегі бірқатар мақалаларының авторы.

**БАЙНАССАЙ (НОВОМИХАЙЛОВКА)** – ауыл Мәртөк ауданының оңтүстік батыс бөлігінде, Төбетсай өзенінің жағасында орналасқан. Аудан орталығынан 45 шақырым жерде. 1965 жылы халық саны 3221 адам болды. 1972 жылы 1575 адам, үй саны 334 жеке меншікте 1088 бас ірі қара мал, 256 шошқа, 43 бас жылқы, 780 бас қой мен ешкі болды. 1989 жылы ауыл аймағында 13741 шаршы метрді құрайтын 274 тұрғын болды. Ауылдың бір тұрғынына жалпы көлемі 14,2 шаршы метрден келді. 1965 жылы жаңа типті мектеп, интернат ғимараты 1968 жылы салынды, 1959 жылы салынған 35 орындық аурухана болды, 1958 жылы – клуб, 1966 жылы – 50 орындық балабақша, 1962 жылы монша салынды, жұмысшы кооперативі – оны ұзақ уақыт бойына Есжанов Аманхан басқарды. 1938-1939 жылдары алғашқы электростанция салынды. Оны салып, кейін сонда машинист болып Скрипка Григорий жұмыс істеді. Электростанцияға мұнаймен жұмыс істейтін бір цилиндрлі двигатель пайдаланылды. 1938 жылы аудан орталығымен байланысатын алғашқы телефон, 1948 жылы радио қондырылды. Ауылда орталықтан жылу берілетін екі қондырғы қазандар қойылып, клубқа, мектепке, ауруханаға, әкімшілік ғимаратына өндіріс цехтарына, машина трактор шеберханасына, комбайн цехына, екі көшедегі 80 үйге жылу жүйесі таратылды. 1940 жылы Владимир Илич Ленинге ескерткіш қойылды. 1965 жылы Орынбор ауылшаруашылық институтының студенттері Калимулин К.Х. мен Кубайдулин М.А. Дзержинский атындағы кеңшардың прорабы Т.Керіченконың басшылығымен Ф.Э.Дзержинскийдың бюстің қойды. 1977 жылы Ұлы Отан соғысының батырларына арналған «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» деген обелиск қойылды. 1964 жылы комсомол комитетінің хатшысы Шондышева Татьянаның басшылығымен парк салынды. 1973 жылы стадион жабдықталды, ағаштарды суаруды ұйымдастырылған комсомол комитетінің хатшысы, спорт әдіскері Сеитов Аманжол болды. 1974 жылы ретранслятор қойылып 1985 жылы ол республикалық және одақтық маңызды болды. 1964 жылы Дзержинский атындағы кеңшар «Междуреченский» және «Дзержинский» кеңшарлары болып екіге бөлінді.

Ұлы Отан соғысына Новофедоровка және Сабынды көл екі ауылдық кеңестерінен 423 адам шақырылды, соның ішінен соғыста қаза тапқандармен хабарсыз кеткендердің саны 204 адам, 219 адам елге аман қайтты.

Ауыл аттары	Соғысқа кеткендер	Қайтпағандар	Қайтып келгендер
Новомихайловка	111	42	69
Қазақстанның 13 жылдығы	53	30	23
Новофедоровка	53	16	37
Горноводск	78	42	36

Константиновка	46	30	16
Шилсай	37	16	21
Жаналәуір	26	20	6
Қызыл Ту	19	8	11
Барлығы:	423	204	219

Соғыс жылдары Еділ жағасынан немістер қоныс аударылды, олар ынталы әрі еңбекқор болды. Держинский атындағы кеңшарда еңбек еткендер өндірістің жоғары көрсеткіштеріне жете білді. Олар ағайынды Шеленг Герман, Райнгольд, Династия Шынар, Федор Федорович пен Федор Андреевич, Винс Гергард, Ремпель Избрант, Шмидт Евгений және Пиус, Шеленберг Яков, ағайынды Классен Арон мен Яков, Браунагель Леонидтер болды.

Ауыл шаруашылығының дамуына ерекше орын берілген жылдар – тың және тынайған жерлерді игерген жылдар еді. Алғашқы тың игерушілер: Казаченко Зинаида Павловна, Татьяна Владимировна Андреевич, Подольян Евгений Константинович, Валюженич Константин Георгиевич, Колчин Александр Андреевич, Шатырко Николай Тимофеевич.

1978 жылы 297212 центнер астық өндірілді. әрбір сиырдан 2110 литр сүт сауылды. Әр жылдары 55 еңбеккер үкімет наградаларымен марапатталды. 1990 жылы Держинский атындағы кеңшарда 130 трактор, 71 машина, 76 комбайн, 123 жылқы, 1500 сиыр, 3456 қой, 4477 шошқа есепте болды. Бүгінгі күні ауылда орта мектеп, балаларға арналған шағын орталық, кітапхана, дәрігерлік амбулатория, үш дүкен бар. «Луч» ЖШС, «НИК» ШҚ, «Алконт», «Дәуір», «Эхо» шаруа қожалықтары бар.

## БАЙНАССАЙ АУЫЛДЫҚ АЙМАҒЫ

**БАЙНАССАЙ АУЫЛДЫҚ АЙМАҒЫ** – Мәртөк ауданының оңтүстік батысында орналасқан. Жер көлемі 63349 га. Тәңірберген ауыл аймағымен, солтүстік батысында Ресеймен, оңтүстік батысында Қобда ауданымен оңтүстік шығысында Құрмансай ауылдық аймағымен шектеседі. Ауыл аймағы 2004 жылы құрылған.

**Жер бедері:** аймақтық территориясы шығыстан батысқа қарай созылып жатыр, жер бедерінің әртүрлілігімен сипатталады. Жер бедері тегіс жазықты, бұйра толқынды.

**Биіктіктері:** Қаратұмсық, Кенжебай, Елешбайтау. Солтүстік және оңтүстік аймақтарында мейлінше жазық. Оңтүстік және батыс бөлігінде мал жайылымдары бар. Топырағы көбінесе құмдауылтты болып келеді.

**Топырағы:** топырағы шамалы қарашірікті және күңгірт қара қоңыр. Топырақ қарашіріңдісінің құрамдық пайызы 16-18 бірліктен ауытқымалы, оңтүстік шығыс бөлігі аз қарашірікті.



**Гидрографиясы:** аймақта «Қызылкөл», «Жыландыкөл», «Сабындыкөл» көлдері, «Ақмоласай», «Бекбайсай», «Құраша», «Шилісай», «Тамды», «Төбетсай», «Тереңсай», «Ақсу», «Шаңды» өзендері бар. Қызылкөл көлінде су көлемі 15 гектар, тереңдігі 2 метр, шаруашылық қажеттігі үшін бөгеттер салынған. «Новомихайловка» (1957ж.), «Ақмоласай» (1955ж.) суарма бау-бақшаларда 2 бөгет (1970ж., 1972ж.) «Зеленый Гай» шатқалында су қоймасы бар (1992ж.).

**Өсімдігі:** Аймақта бетегелі-селеулі өсімдіктер көп орын алады. Сортан жерде бетеге, жусан өседі, көптеген сай етектерінде қараған өседі. Орман алқабында қайың, қандағаш, көктерек, үйіңкі өседі. Декоративті шөптектес өсімдіктерден жұпар ністі түймедақ, қызғалдақ, ирис терек, алма ағашы, алхоры, жүзім, бозқараған, мойыл ағаштары отырғызылған.

**Жануарлар әлемі:** географиялық орналасуы, ландшафты – климаттық жағдайы аймақтағы жануарлар әлемінің әртүрлілігін аңартады. Тұрақты мекендейтін аңдар: борсық, құндыз, қасқыр, түлкі, қоян, қарсақ, күзен, қосаяқ, шошқа, майтышқан, тасбақа, жылан, елік, сирек кездесетін бұлан. Аймақта кездесетін құстар түрлерінің әртүрлілігімен ерекшеленеді. Олар: тырналар, қаздар, аққулар, көкқұтан, үйрек, қыран, келілік, балшықшы, шағала, дуадақ, безгелдек. Су қоймаларында балықтардан шортан, кара балық, алабұға, тұқы, сазан түрлері бар.

**Қорлары:** Ауыл аймағы табиғи қорларға бай. Новофедоровка бор қазыңдыларының қат-қабат қалыңдығы 8-23 метр, құрылыс материалдары: құм, балшық, ұсақ тастар. Көмір мен мұнайды бұрғылау жұмыстары жүріп жатыр.

Жер қорының 63348 гектарының 25000 гектарға жуығы жыртылған жер, басқа жерлері шабындық жер, тыңайған жер, мал жайылымы, су қоры.

**Халқы:** 2004 жылы Байнассай аймағы болып қайта атау алды, себебі бұрын Новомихайловка селолық округі болған. 63348 гектар жер көлемін алып жатыр. Аймаққа 4 елді мекен кіреді: Байнассай, Ақмоласай, Қазақстанның 13 жылдығы және Горноводск. Халық санағының қорытындысы бойынша қазіргі кезде 980 адамды құрайды. Соның ішінде 61,2 пайызы- қазақтар, 14,4 пайызы-орыстар, 17,1 пайызы-украиндар, 5,5 пайызы-немістер, 0,01 пайызы-молдавандар, 1,2 пайызы-татарлар, 0,38 пайызы-беларустар, 0,01 пайызы-осетиндер, 0,01 пайызы-мордвалар. Аймақта 9 ұлттың өкілдері тұрады. Халқының тығыздығы 1 шаршы км-ге 1,6 адамнан келеді. 509 ер адам – 48,8 пайызы және 534 әйел адам – 51,2 пайызы тұрады тұрады.

**Ауыл шаруашылығы:** Табиғи климаттық жағдайына қарай ауыл аймағы қауіпті егін шаруашылықта, ылғал жетіспейтін аймаққа жатады. Ең жоғарғы температура жаздың маусым, шілде айларында болады. Агроклиматтық егін шаруашылығымен айналысуға мүмкіншілігі бар. Ауыл шаруашылығындағы қайта құруға дейін, аймақ территориясында Дзержинский кеңшары орналасқан (1964-1968). Ерік көлемі: 25000 гектар, соның ішінде 20000 гектарға астық егілген. Мал басы: ірі қара мал саны 6

мың баска жеткен, соның ішінде сауын сиыр 2100 бас, 4,5 мың бас шошқа, 150 жылқы. Мемлекетке астық тапсыру жылына 18 мың тоннаға жетті, орташа есеппен 700 тонна ет сатылды. Держинский атындағы кеңшар аудан көлемінде ғана емес, облыс көлемінде де алдыңғы қатарлы шаруашылық болды. Бірнеше мәрте жоғары мәртебелі үкімет наградаларымен марапатталды, мақтау грамоталарымен, халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің дипломымен, Кеңес Одағының және Орталық комсомол комитетінің ауыспалы Қызыл Туымен марапатталды. Калимуллин Ибрагим Хусайнович кеңшардың директоры болып үздіксіз жұмыс атқарды.

Қазіргі кезде ауыл аймағында 2 ЖШС және 40 шаруа қожалығы жұмыс істейді. Жалпы алып жатқан жер көлемі 31416 га. құрайды.

1. «Луч» ЖШС - 6623 га.

2. «Аль-Акбар» ЖШС - 1794 га. – Тургашев А.

Шаруа қажалықтарының жер көлемі - 22999 га.

«Алкоңд» ШҚ - 700 га. – Кривцанов А.

«Ник» ШҚ - 224 га. – Наурызалин М.

«Эхо» ШҚ - 292 га. – Иманғалиев У.

«Даур» ШҚ - 398 га. – Длимова С.

«Юг» ШҚ - 101 га. – Зарешняк В.

«Алдияр Б» ШҚ - 2388 га. – Быстров М.

«Жалын» ШҚ - 460 га. – Кулькашев А.

«Торе» ШҚ - 603 га. – Тлеугалиев Т.

«Жазит» ШҚ - 586 га. – Ильясов Е.

«Рус» ШҚ - 250 га. – Калимулин Р.

«Заря 1» ШҚ - 315 га. – Симоненко С.

«Мрия» ШҚ - 475 га. – Калиев С.

«Бакыт» ШҚ - 452 га. – Абилов А.

«Адыл» ШҚ - 175 га. – Танауов А.

«Горноводское» ШҚ - 6706 га. – Ермуханов М.И.

«Шынар» ШҚ - 514га. – Кульжанов Е.

«Тан» ШҚ - 406 га. – Карылгашев М.

«Кама» ШҚ - 186 га. – Асанханов М.

«Арго» ШҚ - 95 га. – Исаев В.

«Канат» ШҚ - 50 га. – Утарғалиев О.

«Табын» ШҚ - 325 га. – Клушев Н.

«Эфа» ШҚ - 452 га. – Симоненко Е.

«Ява» ШҚ - 50 га. – Хлистуи В.

«Арман» ШҚ - 50 га. – Карабалин Т.

«Беркут» ШҚ - 175га. – Казмухамбетов М.

«Айнагул» ШҚ - 223га. – Мулькаева А.

«Жаксы» ШҚ - 500 га. – Иванов Г.

«Дала» ШҚ - 288 га. – Ерментасев М.

«Огородник» ШҚ - 1000га. – Терентьев В.

**Білімі:** қазіргі кезде ауыл аймағында үш мектеп жұмыс істейді: Байнассай ауылында орта мектеп, Ақмоласай ауылында негізгі мектеп, Қазақстанның 13 жылдығында негізгі мектеп. Жалпы оқушы саны 212 бала. Педагогикалық ұжымда 46 мұғалім қызмет атқарады.

**Денсаулық:** ауыл аймағының территориясында Байнассай дәрігерлік амбулаториясы, бір фельдшерлік – акушерлік бөлім бар.

**Мәдени-ағарту жұмысы:** аймақта екі клуб, Байнассай мен Ақмоласайда екі ауылдық кітапхана бар.

**Спорт:** баскетбол, футбол, үстел теннисі, шахмат, еркін күрес, казакша күрестен спорт түрлері дамыған. Ауыл аймағының командасы аймақтық және аудандық жарыстарға қатысып, спорттың әр түрлерінен жеңіске жетіп жүр.

**Мәдени мұралары:** Қызыл өзен – IV бейіті. Ашық жазық қыратта орналасқан алты обадан тұрады. Жарты шар тәріздес формалы жер обаның көлемі 11-ден 30 м, биіктігі 0,3-тен 1,3 м. Ең ірі № 1 /38x1,3/ обаның іргесінің солтүстік жағында ені 6 м-ге дейін баратын айналмалы ор байқалады. Төбесіне тригопункт орнатылған. №1 обадан басқалары тегіс жыртылған. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1989 жылы жазда табылған. Паспортталған.

Қазақстанға 13 жыл бейіті. Биіктігі 1,0 м, диаметрі 24 м болатын жер оба қазақ моласының шығыс шетіндегі кішкене төбешікте орналасқан. Оба маңында айналмалы ор байқалады. Оның төбесінде геодезиялық белгі орнатылған, жанында тонаушылық шұңқыры білінеді.

Горноводск – I бейіті. Мәртөк-Қобда тас жолын кішкене қыратта жартылай сфералық формалы 4 жер оба орналасқан. Олардың көлемі диаметрі 12-ден 25 м, биіктігі 0,3-тен 2,0 м. №1 обада триангуляциялық белгі орнатылған.

Новомихайловка ауылындағы Ұлы Отан соғысына қатысқандарға орнатылған ескерткіш. Тікбұрышты формалы бетонды тұғырда бетоннан және темірден жасалған тікбұрышты формалы 4-метрлік ескерткіш орнатылған. Ескерткішке солдат бейнесі бар дөңгелек формалы тақта бекітілген. Ескерткіш металл дуалмен қоршалған. Стелада: «Не смолкнет о вас слава, Не померкнет ваш подвиг!» деген жазуы бар. ҰОС тарихи ескерткіші.

## БАЙНАССАЙ АУЫЛДЫҚ АЙМАҒЫ БОЙЫНША КӨП БАЛАЛЫ АНАЛАРЫ



**Құлқашева Мәрзия** – 1937 жылы 2 тамызда Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Студент ауылында туған. Сегіз жылдық білімі бар. 1956 жылы Құлқашев Жанаспен тұрмыс құрды. Өзі 40 жылдан астам сауыншы, жолдасы «Дзержинск» совхозының №2 бөлімшесінде малшы, механизатор болып жұмыс жасаған. 8 бала, 17 немере, 5 шөбере сүйіп отыр. «Күміс алқа», «Ана даңқы» медалі, «Еңбек ардагері» наградталған. 1956 жылдан бері 13 жылдық Қазақстан ауылында тұрады.

**Ағайдарова Жазық** – 1937 жылы 1 мамырда Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы 13 жылдық Қазақстан ауылында туған. Бес жылдық білімі бар. 1957 жылы Ағайдаров Сағымбаймен тұрмыс құрды. Өзі қарапайым жұмысшы, жолдасы «Дзержинск» совхозының №2 бөлімшесінде механизатор болып жұмыс жасаған. 9 бала, 23 немере сүйіп отыр. «Ана даңқы» медалі, «Еңбек ардагері» наградталған. Қазір 13 жылдық Қазақстан ауылында тұрады.



**Тәжіғұлова Ұлболсын Мұхамбетжанқызы** – 1956 жылы 15 желтоқсанда Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Қараағаш ауылында туған. Орта білімі бар. 1974 жылы Тәжіғұлов Әділмен тұрмыс құрды. Өзі сауыншы, жолдасы «Дзержинск» совхозының №2 бөлімшесінде механизатор болып жұмыс жасаған. 8 бала, 3 немере, 5 шөбере сүйіп отыр. «Ана даңқы» медалімен наградталған. Қазір 13 жылдық Қазақстан ауылында тұрады.

**Нұрмағамбетова Жақсыбике** – 1957 жылы 15 шілдеде Ақтөбе облысы Қобда ауданы «Жарық» совхозында туған. Білімі 8 кластық. 1971 жылы Нұрмағамбетов Саламатулла тұрмыс құрды. Өзі сауыншы, жолдасы «Дзержинск» совхозының №2 бөлімшесінде малшы болып жасаған. 8 баласы, 2 немересі бар. «Күміс алқа», «Ана даңқы» медалімен наградтаған. 1971 жылдан бері 13 жылдық Қазақстан ауылында тұрады.



**Жаназарова Людмила Ивановна** – 1945 жылы 8 мамырда Ресейде, Краснодар өлкесінде Украинка ауылында туған. Білімі 8 кластық. 1965 жылы Жаназаров Базарбаймен тұрмыс құрды. Өзі жылыжайда, жолдасы Шұбар ауылында мұнайшы болып жұмыс жасаған. 9 баласы, 12 немересі бар. «Күміс алқа», «Ана даңқы»

медалі, «Ерен еңбек үшін» наградталған. 1994 жылдан бері 13 жылдық Қазақстанда тұрады.

**Ескібаева Рысжан** – 1924 жылы 16 наурызда Ақтөбе облысы Қобда ауданы Ново-Алексеевка ауылында туған. Білімі 9 кластық. 1946 жылы Ескібаев Сырыммен тұрмыс құрды. Жолдасы Ұлы Отан соғысының ардагері, екеуі де Мәртөк ауылында дайындаушы болып жұмыс істеген. Кейін жолдасы 25 жылдан астам Новомихайловка ауылында байланысшы болды. 8 баласы, 18 немересі, 10 шөбересі бар. Ол еңбек тылдың қатысушысы және тракторшы. «Күміс алқа», «Ана даңқы» медалімен наградталған. Қазір Байнассай ауылында тұрады.



**Лисицина София Трофимова** – 1943 жылы 27 наурызда Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Карашай ауылында туған. Оның алты жылдық білімі бар. 1962 жылы тұрмыс құрып, 8 баланы тәрбиеледі. Жолдасы Лисицин Максим Дзержинск атындағы совхозында малшы, механизатор болып жұмыс жасады, өзі 30 жылдан астам сауыншы болып істеді. «Алтын алқа», «Ана даңқы», «В.И.Лениннің 100 жылдық мерейтойы медалімен», «Социалистік жарыстың жеңімпазы» . 1976 жылдан Байнассай ауылында тұрады.

**Князьбаева Нұрсұлу** – 1937 жылы 25 қыркүйекте Ақтөбе облысы Родниковка ауданы «Туражол» колхозында туған. Білімі 5 кластық. 1955 жылы Князьбаев Сальменмен тұрмыс құрды. Өзі сауыншы, бұзаушы, жолдасы «Дзержинск» ауылында механизатор болып жұмыс жасаған. 8 баласы, 11 немересі, 1 шөбересі бар. «Ана даңқы» медалімен наградталған. 1955 жылдан бері Ақмоласай ауылында тұрады.



**Устич Анна Викторовна** (10.11.1936ж., Татарстан, Каська а.). Білімі 7 кластық. 1961 жылы Устич Иван Григорьевичке күйеуге шықты. Жолдасы Дзержинский атындағы совхоздың №3 бөлімшесінде 40 жылдай малшы, ал өзі 30 жылдай сауыншы болып жұмыс істеген. 10 баласы, 14 немересі бар. Аймақ бойынша мал басынан сүт алудың жоғарғы көрсеткіштеріне ие болып отырған. «Соцжарыстардың жеңімпазы», «Ана даңқы» төс белгісі, «Ерен еңбек үшін», «Еңбек ардагері», «Батыр ана» ордендерінің иегері. 1961 жылдан бері Ақмолысай ауылында тұрады.

Тілешева Ырысты (14.05.1938ж., Жаңа-Дәуір а., Мәртөк ауданы, Ақтөбе обл.). Білімі 7 кластық. 1955 жылы Тілешев Қаратаймен тұрмыс құрды. Жолдасы Держинский атындағы совхоздың №3 бөлімшесінде 40 жылдай механикатор, өзі әртүрлі жұмыстарда істеген. 8 баласы, 11 немересі 1 шөбересі бар. «Ана данқы» медалімен марапатталған. 1955 жылдан бері Ақмолысай ауылында тұрады.



**БАЙТОРЫСАЙ** – бұл Байторы байдың ауылы. Шаруашылықтың барлық жері соның меншігінде болған. 1908 жылы осы жерге өз беттерімен Украина жерлерінен (Полтавка, Херсон, Таврический губерниялары) келген қоныстанушылар орын тепкен. Олар алғашқыда 9 үйден тұратын елді мекен ұйымдастырған. Ер адамдар саны 37, әрқайсысына 12 десятиннен жер бөлінді. (барлығы 444 десятин), (1 десятина 1,09 га.).

Бұл территорияда картада №44 және №86 көші-кон учаскесі болып белгіленді. Байторысай Полтавка болысының құрамына кірді. Поселкенің негізін салушылар (негізінде) шындығында Нечай Иван, Стрельченко Родион, Нечай Федор, Нечай Василий, Белоус Пётр, Дерепко Василий болды. Старостасы Чепурнов болды. Церковно-приходская мектебі 1910 жылы пайда болды. Ол Журавель Моисейдің үйінде орналасқан. Алғашқы мұғалім болып айдалған революционер Степанов Дмитрий Тимофеевич болды. 1926 жылы артель құрылды, 1929 жылы ол «Степной гигант» кеңшары құрамына кірді. Оның басқармасы Андреевка ауылына орналасқан. Бөлімшені басқарған Згоник болды. 1933 жылы өз алдына «Парижская коммуна» ұжымшары құрылды (төрағасы Ярыш И.Г.).






50-ші жылдары Байторы территориясында «Путь к коммунизму» және «Қызыл Жұлдыз» 2 ұжымшары құрылып, 1952 жылы «Путь к коммунизму» құрамына кірді. 1963 жылы жаңқ типті орта мектеп, 1971 – мәдениет үйі, 1982 жылы екі қабатты балалар бақшасы салынды. 1990 жылы ұжымшардың егіс көлемі - 13602 га құрады. Машина паркінде - 35 трактор, 28 машина, 28 комбайн болды. Мал шаруашылығында 92 жылқы, 527 сиыр, 1240 қой бағылды. Қазір ауылда 4- шаруа қожалығы, 1 ЖШС, орта мектеп, дәрігерлік амбулатория, клуб, кафе-бар. Жеке кәсіпкер «Ирина» жиһаз цехы бар.

**БАЙТОРЫСАЙ** - Мәртөк ауданының солтүстігінде Торангүл өзенінің жағасында, аудан орталығынан 32 шақырым, облыс орталығы Ақтөбеден 110 шақырым қашықтыққа орналасқан. Байторысай – ауылдық аймақтың орталығы. Халық саны – 457 адам.

## БАЙТОРЫСАЙ СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІ






БАЙТОРЫСАЙ СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІ – Мәртөк ауданының солтүстігінде орналасқан. Батысында Аққұдық ауылдың аймағымен солтүстігінде Қызылжар ауылдық аймағымен, солтүстік батысында Ресей Федерациясымен, шығысында Қарашай ауылдық аймағымен, оңтүстігінде Мәртөк ауылы аймағымен шектеседі. Пайдаланатын жер көлемі 50536 гектар. Аймақ орталығы Байторысай ауылы. Аймақ территориясынан аудандық маңызы бар асфальттанған жол өтеді.

### Шартты белгілер:

-  Өзендер
-  Темір жол
-  Авто жолдары
-  Аудан және округ шекарасы
-  Облыс шекарасы



### Условные обозначения:

-  Реки
-  Железная дорога
-  Автодороги
-  Границы района и округа
-  Граница области

**Климаты:** аймақ территориясының климаты созылып және қатты қысымен, салқын көктеммен, құрғақ аптапты жазымен, қысқа күзімен сипатталады, абсолюттік ең ыстық  $+44^{\circ}$ , қаңтардың орташа температурасы  $-16^{\circ}$ ,  $-21^{\circ}$ , ең суық аяз  $-42^{\circ}$  дейін жетеді. Боранды, жиі соғатын күшті жел айына 7-10 күндей болады. Жел сай-саладағы қарды ұшырып, көптеген жыртылған жерді жалаңаштап, 1 метрге дейінгі топырақ қабатын үсіреді. Көбінесе территориясы сібір антициклонының ықпалына түседі. Тұрақты қар жамылған қыстың ұзақтығы 130-140 күнге дейін созылады. Алғашқы 10 сантиметрлік қар жамылғысы желтоқсанның бірінші оңкүдігінде қалыптасады, ал қыстың соңында оның қалыңдығы 30-40 см. жетеді. Солтүстік бөлігінде қар сәуірдің екінші жартысына дейін жатады. Жылдық жауын-шашынның жалпы мөлшері 300-350 мм.

Жауын-шашынның ең көп болатын шағы маусым мен шілденің бірінші жартысы, шамамен 80 мм. Жауын-шашын көбінесе нөсерлі болады да, сай-саланы толтырады. Күзгі үсік қыркүйектің үшінші онкүндігінде және қазанның бірінші онкүндігінде түседі. Күз айларының температурасы қыркүйекте 13-16 градус жылылықты көрсетеді, ал қарашала 3-5 градусқа дейін суытады.

**Жер бедері:** аймақтың территориясы батыстан шығысқа қарай созылып жатыр. Жер бедері төбешікті жазықтық

Барық территориясы келесі жер бедері элементтеріне бөлуге болады.

**а.** Аймақтық солтүстік-батыс бөлігі – төбешіктер тізбегі, оның биіктігі жалпы жер бедеріне қарағанда 70-80 метрге дейін жетеді.

**б.** Орталық және батыс бөлігі Орал тауының жалғасы болатын еңселі шоқылар. (Олар тауларының оңтүстік саласы). Еңселі шоқылар жазықтың жерге жеткенде алмасуы мүмкін.

**с.** Оңтүстік және оңтүстік шығыс аймақтарында көлемді сай-салалар мен қатар жазық далалар аз кездеседі. Бөрте өзенінің шығысына қарай бұл құбылыстар төмендейді.

**д.** Оңтүстік батыс аймағында ирек-ирек жерлер және үлкен жазық аймақ кездеседі.

**Топырағы:** Шаруашылық аймақ көлемі негізінен оңтүстік қаратопырақ даласында қолданылады. Агроклиматтық ауданы – құрғақшылық – 1,0-1,1 ГТК.

**Гидрография:** Гидрографиялық қосылым өзендермен белгіленген: Бөрте (16 шақырым), Қызылсай, Қарамоласай (13 ш-м), Кушиқбай (15 ш.), Мақпалсай (7 ш.), Тарангүл (12,5 ш), Тансай, Орташасай, Қарағаш, Қурама (4,5 ш.).

Бөгеттер мен көпірлер құрылысының ізі бойынша аймақта үш бөгет бар: «Байторы»(1974), «Полтавка» (1986), «Круглая» (1973).

Бұлардан басқа 2 артезиан скважинасы және мал суаруға су бөгеттері, бақша суармалары мен 10-нан аса бұлақтар бар.

**Өсімдіктер:** Ауыл аймақтарындағы өсімдіктердің түрлері өте көп. Шөп түрлері түссіз және австриялық жусан арқылы жусанның бірнеше түрлеріне топтасады. Өсімдіктерге қолайлы аймақтар 40-60%, оның 30-40% бетеге типтес өсімдіктер құрайды.

**Жануарлар әлемі:** Географиялық орналасуы бойынша климаттық жағдай аймақта хайуанаттардың түр-түрін және өте көптігін ескертеді. Бұл жерлерде елік, борсық, құндыз, қасқыр, түлкі, қоян, қарсақ, майтышқан, қабан, тышқанның бірнеше түрлері мекендейді. Өлке құстардың көптүрлігімен ерекшеленеді (құстардың 160-қа жуық түрлері бар). олар: аққу, тырна, бүркіт, бұлдырық, шағала, үйректің барлық түрлері, қараторғай, бозторғай, қарға, құзғын, жабайы көгершін, үкі, қырғи, тоқылдақ, көкес, қарлығаш, тағы басқалары. Бұл аймақтағыөзендер мен жасанды көлдерде көптеген балық түрлері тіршілік етеді: ақ балық сазан, табан балық, шортан, т. б.



**Қорлары:** Байторысай селолық аймағы табиғи қорларға бай. Мыс рудасы, құрылысқа қажет – шебін құм, кырыштық тас, ак, кара, көгілдір саз балшықтар. Кең көлемді жер байлықтары екпелі, шабынды, жайылмалы жерлер – 24,8 мың га және жыртылатын жер көлемі – 18 мың га, су қорлары жер үстінен және астынан алынады.

**Халқы:** Байторысай селолық аймақ 1995 жылы құрылған. Аймақтық селолық округтың өзгертілуіне байланысты 1997 жылы Полтавка өңірімен біріктірілген. Енді ауыл аймағына 4 тұрғындар пункті кіреді. Жалпы жер көлемі – 50536 га. Бүгінгі күнгі халық санағының қорытындысы бойынша 1622 адам тұрады. (Байторысай – 457 адам, Полтавкада – 512, Покровкада – 323 адам, Дмитриевкада – 336 адам.) олардың ішінде 37% - қазақтар, 12% - орыстар, 43% - украиндар, 5,8% - немістер, 0,4% - татарлар, 0,9% - молдовандар, 1,4% - мордвиндер, белорустар – 0,06%, азербайжандар – 0,1%, грузиндер – 0,06%, марийцтар – 0,1%, өзбектер – 0,06%, литвалықтар – 0,12%. Аймақ бойынша барлығы 13 ұлттың өкілдері тұрады. Сыйымдылығы 1 кв.км-ге 3,1 адамнан келеді. Аймақ бойынша халықтың (+5) көбеюі байқалады.

**Ауыл шаруашылығы:** Байторысай аймағы табиғи-климат бойынша жер дымқылдығы жеткіліксіз. Бүгінгі күні ауыл шаруашылығымен айналысатын 1 ЖШС «Мартук Агро Сервис» және 35 жеке шаруа қожалықтары бар. Жалпы жер көлемі 17530 га. Селолық аймақ бойынша Дмитриевкада сұрыптау учаскесі бар.

ЖШС «Мартук Агро - Сервис» жер көлемі 4260 га- директор Гайпбаев Д.

Шаруа қожалықтарының жер көлемі 13271 га.

- «Мақпал» ШҚ – 149 га. – Калиев М.
- «Шаруа» ШҚ – 128 га. – Едельбаева А.
- «Рахима» ШҚ – 102га. – Карымсаков С.
- «Ақжан» ШҚ – 1159 га. – Даукенов С.
- «Рахымжан» ШҚ – 150 га. – Кази Ж.
- «Тамаша» ШҚ – 526 га. – Мельник А.
- «Ритм» ШҚ – 365га. – Герасименко Н.
- «Қызыл сай» ШҚ – 866 га. – Бойко П.
- «Родник» ШҚ – 1029 га. – Тыщенко В.
- «Асан» ШҚ – 327 га. – Кусатаев К.
- «Мир» ШҚ – 220 га. – Мифтахутдинова Г.
- «Рахат» ШҚ – 245 га. - Имашева Ж.
- «Мечта» ШҚ – 305 га. – Свичкарь Н.
- «Сұңқар» ШҚ – 176 га. – Колосов А.
- «Диана» ШҚ – 261 га. - Кузьменко В.
- «Алтынжер» ШҚ – 330га. – Алмагамбетов С.
- «Орион» ШҚ – 180 га. - Васильченко А.
- «Арай» ШҚ – 91 га. - Багауов Т.

«Ақ бидай» ШҚ – 525 га. - Акмурзин К.  
«Диар ата» ШҚ – 897 га. - Рсалдинов Ж.  
«Жасмин» ШҚ – 92 га. - Марченко А.  
«Рубин - 5» ШҚ – 230 га. - Дандаев К.  
«Слушаш» ШҚ – 75 га. - Герасимова Т.  
«Медет» ШҚ – 77 га. - Мукашев С.  
«Мақсат» ШҚ – 93 га. - Жумагазин У.  
«Исмагул» ШҚ – 67 га. - Жумагазин И.  
«Нұрсұлтан» ШҚ – 76га. - Шоткарин К.  
«Анастасия» ШҚ – 108га. - Абраменко А.  
«Дикан К» ШҚ – 1544 га. - Классен В.  
«П.Руслан» ШҚ – 298 га. - Ниязов Е.  
«Николай» ШҚ – 98 га. - Скачко Н.  
«Жасдәурен» ШҚ – Байдулин М.

**Білім беру:** Қазіргі уақытта ауыл аймағы бойынша 2 орта және 2 негізгі мектептері бар. Аймақ бойынша жалпы балалар саны 249 оқушы. (Дмитриевка НМ – 45 оқушы, Покровка НМ – 41 оқушы, Полтавка ОМ – 117 оқушы, Байғорысай ОМ – 83 оқушы). Педагогикалық топ 65 мұғалімнен құрылған.

**Мәдени ағарту жұмыстары:** округ бойынша үш клуб (Полтавка, Покровка, Дмитриевка) жұмыс жасайды. Покровкада (5470 дана кітап қоры бар) кітапхана бар. Қазтелерадио мұнарасы бар. Полтавкада «Мечта» би ансамблі қызмет көрсетеді.

**Денешынықтыру және спорт:** Байғорысай ауыл аймағы бойынша бірнеше дүркін аудандық спортакиада жеңімпазы атанған күшті волейбол командасы бар.

**Мәдени мұралары:** Байғұрасай бейіті. Бейіт 1975 жылы Ақтөбе облыстық мұражай археологиялық барлаушы тобымен анықталды. Осы жылы сол жерден №1 мола қазылды. Құжаттар мен жиналған заттық материалдар Ақтөбе облыстық мұражай қорларында сақтаулы. Торангүл бұлағынан оңтүстікте 300 м жерде тастар арасындағы ені 30 м-ден кіші тар жедеде автомобиль жолының екі жағынан бір-бір тасты шығыршықтан және одан әрі 90-95 м жерде жолдан солтүстікке көлемі 1,5x0,95x0,4 м болатын жерге кіріп жатқан бөлек плита орналасқан. Көлемі 10 м болатын шығыршықтан солтүстік батыста (жолдан солтүстікте) ізбіс құмдағының ірі кесектерімен бедерленген көлемі 2,1x1,2 м болатын вертикальды плиталардан орнатылған тік бұрышты тасты жәшікке ұқсас құрылыс бар. шығыршықты дуалдың сыртындағы жыртылған жер жиегінде толығымен жерге кіріп жатқан тастардың бөлек кесектері кездеседі. Диаметрі 12 м оңтүстік шығыста орналасқан тасты шығыршықтың (жолдан оңтүстікте) ішінде біреуі тасты жәшікке ұқсас екі тастопталған. Жолдан солтүстікке 100 және 150 м жердегі егіндіктің ескі орнында тасты шығыршыққа ұқсас шашыранды жатқан екі тас

байқалады, ал тасты плиталардың ірі қатары бастапқыда бейіт көлемінің үлкен болғандығын көрсетеді. Паспортталған.

Байтұрасай – I бейіті. Суайрық жотаның басындағы жыртылған жерде орналасқан екі жер обадан тұрады. Жартылай сфералық формалы үйінділі №1 оба арқылы электроберіліс линиясы өтіп жатыр, оның көлемі: биіктігі 1,5, диаметрі 24 м. 40 м оңтүстікке таман №2 (0,25x6 м) оба орналасқан. Ол теріс жыртылған. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Байтұрасай – II бейіті. Тар, құламалы қыраттың жотасында орналасқан жартылай сфералық формалы екі жер обадан тұрады. Обалар көлемі 30 және 28 м диаметрлі және 1,3 пен 1,5 м биіктікте №1 обаға тригопункт орнатылған. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық экспедициясымен 1989ж жазда табылған. Паспортталған.

Амангелді бейіті. Кучук-Бай бұлағы арнасынан 300 м қашықта егіндіктің ескі орнында орналасқан үйіндісі тасты топырақты оба. Оның диаметрі 16, биіктігі 0,2 м. бейіт АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Дмитриевка обалы бейіті. Алғаш рет 1955 жылы археолог В.С. Сорокинмен анықталып жазылды. 1960 жылы Қазақстанның Археологиялық картасы кадастрімен №795 болып тіркелді. Бейіттің жарытаспаптық сызбасы 1975 жылы Ақтөбе облыстық өлкетану мұражайының археологиялық тобымен құрастырылды. Қазылған жоқ. 7 ірі жер обадан тұратын бейіт айналадағы жерден биіктеу солтүстік шығыстағы Бөрте даласына және солтүстік және батыс бағыттағы даланың кең жазығына керемет көрініс беретін қырат басына орналасқан. Обаның ортасында ағаштан топографиялық белгі орнатылған. Одан оңтүстік оңтүстік шығыста 71 м жерде көлемі 24x1,5 м болатын №2 оба орналасқан. №1 обадан оңтүстік шығыста 143 м жерде 30x1,6 м көлемді № 3, шығысқа қарай 195 м жерде көлемі 40x1,8 м болатын №4 оба орналасқан. №3 және №4 обалар арасында, №3 оба ортасынан солтүстік-солтүстік шығыста 28 м жерде 18x0,5 көлемді кішкене №5 оба орналасқан. Бұл топтағы ең ірі №6 оба №4 обадан солтүстік шығыста 87 м жерде орналасқан. Оның көлемі 38x2 (екі шұңқырмен бұзылған). Одан әрі шығыс солтүстік-шығыста №6 обадан 310 м жерде осы бейіттің көлемі 40x3 м болатын шеткі шығыс обасы (№7) орналасқан. Төбесі жазық аланды №2 және төбесі триангуляциялық таңбаны орнату және жою кезінде құлаған №6 обалардан басқаларының көпшілігінің профилі дұрыс жартысопақшалы. №7 оба табиғи төбешік ретінде көрінеді. Барлық обалардың маңында жайылмалы айналмалы ор рельефі әлсіз байқалады. Бейіттің үлкен обаларының тізбегі оңтүстікке қарай доға формасындағы ендікті бағытта созылып жатыр. Доғаның батыс шеті шығысқа қарағанда оңтүстіктеу. Ескерткіш темір ғасыры басындағы ерте көшпенділер дәуіріне жатады. Паспортталған.

Дмитриевка – I бейіті, бөрте өзенінің оң жағалауындағы суайрық басында орналасқан жер оба. Үйінді төбесінде геодезиялық белгі орнатылған. Үйінді көлемі: диаметрі 18 м, биіктігі 0,7 м. ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987жылы тамызда табылған. Паспортталған.

Дмитриевка – II бейіті. Орта-Бөрте өзені сол жағалауындағы суайрық үстірті дөңінде орналасқан 6 обадан тұрады. Олар ұзындығы 155 м, ендігі 70 м болатын алаңға топтастырылған. Солтүстіктен оңтүстікке қарайғы орталығында ірі обалар №1 (2,2x22 м), №3 (1,7x22 м) және №5(0,5x18 м)орналасқан. Олардан батысқа қарай №2 (0,3x14) және №4 (0,2x12 м) обалар орналасқан, олардың бәрі де тегіс жыртылған. №1 қорғанның төбесіне геодезиялық белгі орнатылған. Орталық топтан 80 м шығысқа қарай №6 (0,4x12 м) оба орналасқан. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Дмитриевка – III бейіті. Елек өзенінің оң жағалауындағы суайрық үстірті дөңінде жыртылған жерде орналасқан үйіндісі жарты шар тәріздес формалы жер оба. Обаның төбесінде геодезиялық белгі орнатылған. Үйінді биіктігі 1,5 м, диаметрі 18 м. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Дмитриевка – IV бейіті. диаметрі 10 м, биіктігі 0,6 м болатын жер оба Елек өзенінің оң жағалауындағы суайрықтың төбесінде орналасқан. Оның солтүстік батыстағы бөлігі тегіс жыртылған. Төбесіне геодезиялық белгі орнатылған. Ескерткіш ортағасырлық кезеңге жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Дмитриевка – V бейіті. Батыс-оңтүстік батыс-шығыс-солтүстік шығыс өсі бойынша 70 м жерде суайрық үстірті дөңінде үш жер оба орналасқан. Обалар үйіндісінде тастар кездеседі. №№1 (1,0x20 м), 2 (1,4x16 м) обалар жарты шар тәріздес формалы. №2 батыс обаның төбесінде тонаушылық қазба шұңқыршығы байқалады. Шығыстағы тік бұрышты формалы №3 құрылыс солтүстіктен оңтүстікке қарай бағытталған. Оның көлемі 20-25 м, дуалдың биіктігі 0,3 м, ені 8 м. одан оңтүстік батыста 10 м жерде №4 оба (0,1x6 м) орналасқан. Бейіттен солтүстікте ескі қазақ моласы орналасқан. Ескерткіш қола дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Дмитриевка – VI бейіті. Орта-Бөрте өзені сол жайылмасындағы мүйісте орналасқан 6 обадан тұрады. Үйінділер топырақты. Олардың көлемі шамамен 0,3x8 м-ден 0,7x13 м-ге дейін. Обалар ұзындығы 120, ені 80 м болатын

ендікті аумақта жүйесіз орналасқан. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Дмитриевка – VII бейіті. Солтүстік-солтүстік шығыс-оңтүстік-оңтүстік батыс желісі бойынша Орта-Бөрте өзенінің екінші жайылмауесті текшекемері жиегінде бір-бірінен 130 м қашықта орналасқан екі жер обадан тұрады. Екеуі де тегіс жыртылған. Оңтүстіктен шетке қарасты орналасқан №1 оба көлемі 1,5x20 м, №2 – 0,8x20 м. ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Дмитриевка – IX бейіті. Орта-Бөрте өзенінің жайылмасында орналасқан сырты таспен қоршалған жер оба. Үйінді биіктігі 0,3 м, диаметрі 18 м. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Дмитриевка – X бейіті. Биіктігі – 0,2 м, диаметрі -10 м (№1) және биіктігі 0,5 м, диаметрі – 20 м (№2) болатын екі жер обадан тұрады. Солтүстік батыс- оңтүстік шығыс өсі бойынша бір-бірінен 45 м жерде Орта-Бөрте өзенінің сол жағалауындағы суайрық үстірті дөңінде орналасқан. Обалардан батысқа қарай егіндіктің ескі орны жатыр. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж. тамызда табылған. Паспортталған.

Байтұрасай ауылдағы азамат соғысы жылдарында қаза болған әскерлердің туысқандар қабірі. Қабірде биіктігі 0,9 м болатын табаны төртқырлы тікбұрышты формалы ағаш ескерткіш орнатылған. Қабір көлемі 2,5x2,5 м болатын ағаш қашамен қоршалған. Жазуы жоқ. Қазақстан территориясындағы азамат соғысының тарихи ескерткіші. Паспортталған.

Тарангүл бейіті. Тарангүл бұлағы құйылысынан 50 м жердегі жыралы үстіртте орналасқан үш кіші оба үйіндісінен /диаметрі 1-ден 9 м, биіктігі 0,2-0,3 м/ тұрады. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық экспедициясымен 1987 жылы тамызда табылған. Паспортталған.

Покровка – I бейіті. Дала жолы қиып өтетін кішкене қыратта орналасқан 9 обадан тұрады. Көлемі диаметрі 10-ден 30 м және биіктігі 0,2-ден 1,5 м болатын жер обалар жартылай сфералық формалы. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады.

Полтавка – I бейіті. Дала жолы қиып өтетін кішкене қыратта орналасқан 6 обадан тұрған. Жер обалар жартылай сфералық формалы, №3 оба үйіндісі тасты. Көлемі 6-дан 8 м және биіктігі 0,2-ден 0,5 м.

Полтавка – II бейіті. Тік қыраттың тар жотасында орналасқан бөлек оба. Обаның жарты шар тәріздес формалы үйіндісінде тас плиталар байқалады. Обаның диаметрі – 20 м, биіктігі – 2 м. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1989 жылы табылған. Паспортталған.

Полтава – III бейіті. Дала жолымен кнып өткен жазық төбеде орналасқан төрт обадан тұрады. Диаметрі 15-тен 24 м, биіктігі 1,5-ден 2,5 м болатын обалар үйіндісі жарты шар тәріздес формалы. №2 және №3 обалар тегіс жыртылған. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1989 жылы жазда табылған. Паспортталған.

Полтавка – IV бейіті. Тік қыраттың тар жотасында орналасқан екі жер обадан тұрады. Олардың көлемі: №1 – 1,0x24м, №2 – 0,8x20м. №2 оба үстіне триангуляциялық белгі орнатылған. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады.

Полтавка – V бейіті. Полтавка ауылынан шығыс-солтүстік шығыста 7 км жерде төбеде орналасқан екі обадан тұрады. Олардың көлемі: №1 – 1,3x25 м, №2 – 0,3x8 м. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады.

Полтавка – VI бейіті. Тік қыраттың тар жотасында орналасқан екі обадан тұрады. Олардың көлемі: №1 – 1,0x24 м, №2 – 0,8x20м. №2 обадан триангуляциялық белгі орнатылған. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады.

Полтавка – VII обасы. Покровка ауылынан солтүстік-солтүстік шығыста 9 км жерде дала жолы кесіп өтетін қырат жотасында орналасқан көлемі: 1,2x20 м болатын жартылай сфералық формалы жер оба. Оба үстіне триангуляциялық белгі орнатылған. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады.

Полтавка қасындағы мәйіті. Қазақ моласы Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының Полтавка ауылынан шығыс-солтүстік шығысында 6 км жерде, Күшікбай бұлағынан оңтүстікте 700 м қашықта жыртылған жерде орналасқан. Зират шамамен көлемі 100x50 м болатын алаңды алып жатыр. Моланың жер үйінділері құлап түскен және тас дуалмен қоршалған.

Амангелді қыстауының қасындағы мәйіті. Қазақ моласының қараусыз қалған Амангельді қыстауының маңында Күшікбай бұлағынан солтүстікте 100 м жерде, Полтавка ауылынан шығыс-солтүстік шығысында 7 км жерде дала жолы маңында орналасқан. Зират шамамен көлемі 100x100 м болатын алаңды алып жатыр. Жана жерлеу қабірлері моланың солтүстік және солтүстік шығыс шетінде орналасқан. Моланың ескі бөлігіндегі жер үйінділері құлап түскен және тас дуалмен қоршалған.

## БАЙТОРЫСАЙ СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША КӨП БАЛАЛЫ АНАЛАРЫ



**Касьян Мария Ивановна** – 1924 жылдың 29 сәуірінде Украинада туған. 1929 жылы Полтавка ауылына көшіп келген. Білімі 7 кластық. Кейін Жосадағы СПТУ-ды бітірген. 1944 жылы Касьян Степанмен тұрмыс құрған. Өзі еңбек майданының қатысушысы, тракторшы, жолдасы Ұлы Отан соғысының ардагері, жүргізуші болып жұмыс жасаған. 9 баласы, 15 немересі, 6 шөбересі бар. Аналық, «Ана даңқы» ордендерімен, «Жеңіске 60 жыл», «Еңбек ардагері» медалімен наградталған. Қазір Полтавка ауылында тұрады.

**Саликова Әмина Жолдасбаева** – 1958 жылдың 18 ақпанында Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Амангелді ауылында туған. Білімі 8 кластық. 1974 жылы Саликов Жұбанышпен тұрмыс құрған. Өзі сауыншы, жолдасы «Чапаев» колхозында механизатор болып жұмыс жасаған. 11 баласы, 3 немересі бар. «Алтын алқамен» наградталған. Қазір Полтавка ауылында тұрады.



**Иманалина Оразай** – 1932 жылдың 18 маусымында Ақтөбе облысы Мәртөк ауданында «Қазақстанға 13жыл» ауылында туған. Білімі 5 кластық. 1949 жылы Иманалин Серікбаймен тұрмыс құрған. Өзі жұмысшы, жолдасы «Чапаев» колхозында малшы болып жұмыс жасаған. 8 баласы, 15 немересі, 6 шөбересі бар. «Күміс алқамен», «Еңбек ардагері» мдалімен наградталған. Қазір Полтавка ауылында тұрады.

**Әлмұхамбетова Алуа Жұмабекқызы** – 1940 жылдың 13 қыркүйегінде Ресейдің Орынбор облысы Беляевка ауданында туған. Білімі 7 кластық. 1961 жылы Әлмұхамбетов Орынтаймен тұрмыс құрған. Өзі сауыншы, пошта таратушы, жолдасы Энгельс атындағы колхозда малшы болып жұмыс жасаған. 8 баласы, 8 немересі бар. «Күміс алқамен» наградталған. Қазір Покровка ауылында тұрады.



**Бакуменко Любовь Яковлевна** – 1951 жылдың 14 қарашасында Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Байторысай ауылында туған. Білімі 8 жылдық. 1967 жылы Бакуменко Анатолиймен тұрмыс құрған. Өзі мектеп интернатында аспазшы, кейін ауруханада санитарка болған, жолдасы «Путь к коммунизму» колхозын басқарған. 8 баласы, 10 немересі бар. «Күміс алқамен» наградталған. Қазір Байторысай ауылында тұрады.

**Радионова Мария Андреевна** – 1925 жылдың 27 қарашасында Ресейдің Ставрополь өлкесі Надежда селосында туған. Білімі 4 кластық. 1945 жылы Родионов Николаймен тұрмыс құрады. Соғыс уақытында еңбек армиясына шақырылып, Кемеров облысының шахтасында жасаған. Жолдасы екеуі шахтада 20 жыл жасаған. Соғыс жылдары жер аударылып жүрген. 1956 жылы ақталған, 1952 жылы Дмитриевка ауылына көшіп келген. Жолдасы ұста болып жасаған. 16 баласы, 36 немересі, 28 шөбересі бар. «Батыр-Ана» орденімен, «Жеңіске 50 жыл», «Жеңіске 60 жыл» медалімен наградталған. Қазір Дмитриевка ауылында тұрады.



**БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ.** Аудан орталығында орналасқан балаларға арналған 17887 дана қоры бар ауд. кітапхана. Кітапхананың 1200 оқырманы және оқу залы бар. Бүгінгі күні кітап беру жылына 27 мың данаға жетті, келушілердің саны-8997. Орталық балалар кітапханасы 2000ж. қараша айынан бастап, ауд. мәдениет үйіне көшірілді. Балалар кітапханасының оқырманы 15 жасқа дейін. Кітапханада екі: абонемент және оқу залы бөлімдерінен тұрады. Абонемент бөлімінде кітаптың ерекше қорлары бар, одан балалар сирек кітаптар алып тұрады. Оқу залында балалардың кітап оқуға, шахмат пен дойбы ойнауға, сөзжұмбақ пен ойжұмбақтар шешуге, мәңжазба жазуға, т.б. көптеген жұмыстар істеуге мүмкіндіктері бар. Сонымен қатар балалар оқу залында пікірталас, шоулар, кештер, әдеби ойындар өткізеді.



**БАЛҒАЗИН ҚАМАШ (1927-1998ж.ж.)** Торанғұл ауыл кеңесіне қарасты Жосасай а. дүниеге келген. 1947-1956ж.ж.-тракторшы, жүргізуші және ауылдық кеңес хатшысы, а/ш өнімін дайындайтын мекемеде қызметте болды. 1956-1957ж.ж. Торанғұл ауылдық кеңесінің төрағасы қызметін атқарды. 1960ж. Қазақстан Компартиясы Шымкент облысаралық мектебінің тыңдаушысы. 1966-1986ж.ж. Ленин ат. ұжымшардың бас агрономы, басқарма төрағасы. 1977ж. Батыс Қазақстан а/ш-қ ин-ын бітіріп, агроном мамандығын алды. 1973ж. «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, 1970ж. «Еңбек Қызыл Ту», 1967ж. Ленин орденімен марапатталды. Ұлы Отан соғысының «50 жылдық жеңісі» медалінің иегері.

**БАЛМАНОВ АБЫЛҒАЙ (17.11.1925ж. Мәртөк ауд. Ново-Михайловка а. – 03.08.1994ж. Ақтөбе қ.)** а/ш ұйымдастырушылардың бірі. Қаз. Компартиясы ОК жанындағы жоғары партия мектебін (1962) бітірген. Еңбек жолын 1942ж. «13 лет Қаз. ССР» ұжымшарында есепшіліктен бастаған. 1942-45ж. әскер қатарында. 1946-1948ж. Сабандыкөл ауылдық





Кеңесінің хатшысы. 1948-53ж.ж. комсомол жұмысында. Бұдан кейінгі 5 жылда кеңшар парткомының хатшысы, 4 жыл партия мектебінің тыңдаушысы. 1962-66ж.ж. Дзержинский ат. кеңшарда партком хатшысы, облыстық халықтық бақылау комитетінің инспекторы. 10 жыл Қобда ауд. «Жарық» кеңшарының директоры. 1976-82ж.ж. Қарабұтақ ауаткомының төрағасы. 1982-1994ж.ж. Қобда ауд. «Краснояр» кеңшарының директоры. «Құрмет белгісі» (1957), 2 мәрте Еңбек Қызыл Ту (1975-1980), 1-ші дәрежелі Отан соғысы (1985) орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

### **БАРЫШЕВ СЕРОЖАТДИН ЖОЛДЫБАЙҰЛЫ**

15.08.1947ж. Ақтөбе обл. Родник а. туған. 1978ж. Мәскеудегі бүкілодақтық заңгерлік институтын бітірген. 1963ж. Мұғалжар геофизикалық экспедициясының жұмысшысы. 1966-69ж. С.А. қатарында болған және Мұғалжар ауд.-да азаматтық қорғаныс штабының бастығы. 1973-82ж. Мұғалжар аткомының, аупарткомының нұсқаушысы, бөлім бастығы. 1987-94ж. Мұғалжар, Мәртөк ауд.-қ сот төрағасы 1994ж. Облыстық әділет басқармасының бастығы ҚР 10ж. медалімен Р.Президентінің грамотасы, әділет министрлігінің белгісімен марапатталған.



### **БАСПАЕВ БОЛАТ ЫҚСАНҰЛЫ 29.10.1940ж.**

Мәртөк ауд. Медицина ғылымының кандидаты, доцент. Ақтөбе мед. инст-ын үздік бітірген. (1964) 1991-94ж. деканның орынбасары, кафедра меңгерушісі, декан. Денсаулық сақтау ісінің үздігі. 180-нен астам ғылыми жұмыстар жариялаған. Өт жолдар, бауыр, асқазан ауруларын зерттеу жұмыстарын жүргізген. Жоғары дәрежелі хирург. Медальмен марапатталған.

**БАТУРИН АЛЕКСАНДР ГЕРАСИМОВИЧ** (21.05.1915ж. Мәртөк ауд. Полтавка кенті- 1985ж. Ақтөбе). Кеңес Одағының Батыры (1942ж.) Орта мектеп бітіргесін жүргізуші болған. 1938ж. Алматы аэроклубында нұсқаушы-ұшқыш болып істеді. Ұлы Отан соғысы кезінде 61-авиация бригадасының, 71-авиация полк командирінің орынбасары болып, жаудың үш самолетін, үш соғыс кемесін, қырық зенит-пулемет ұясын, үш батареясын, жау әскері мен жүк тиелген қырық екі машинасын, төрт қару-жарак қоймасын жойды. Ленинград түбіндегі әуе шайқасында ерлік көрсетті. Ол Ленин орденімен және үш мәрте «Қызыл Ту», Отан соғысы ордендерімен марапатталған.



**БЕКЕШЕВ ӘМІРБЕК ЗАРЛЫҚҰЛЫ**, 24 қаңтар

1965 жылы Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданында дүниеге келген. 1982 жылы Мәртөк ауданындағы №1 орта орыс мектебін бітірген. Осы жылы Ақтөбе педагогикалық институтының физика-математика факультетіне түскен. 1984-1986 жылдары Совет Армиясы қатарында қызмет атқарды. 1989 жылы жоғарыда аталған институтты физика және математика мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп шықты. 1989-1990 жылы Мәртөк ауданы Дмитриевка селосындағы орта мектептің директоры болды. 1990-1998 жылдары аралығында ғылыми жұмыспен айналысты. 1998 жылы қатты денелер физикасы мамандығы бойынша физика-математика ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін диссертация қорғады.

1999-2000 жылы Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық университетінің Ақтөбе филиалында оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі директор орынбасары қызметін атқарды. 2000 жылдан бастап осы кезге дейін Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің конденцияланған күй физикасы кафедрасында доцент қызметін атқарады.

Қатты денелер физикасы мәселелеріне арналған 30-дан астам ғылыми жұмыстары бар. 2004 жылы жаратылыстану ғылымдары саласындағы жүргізілген ғылыми зерттеулері үшін Қ.Сәтпаев атындағы мемлекеттік сыйлық берілді.

**БЕКТЕМІРОВ БАУЫРЖАН НҮРЛАНҰЛЫ**

(1986ж. Мәртөк с.т.) 1992-1999ж.ж. №3 Мәртөк орта мектебінің, 1999ж. Ақтөбе қ. казак-түрік лицейінің оқушысы. 1999ж. обл. олимпиадада ІІІ орынға, 2001 ж. Вашингтонда өткен халықаралық математикалық олимпиадада алтын медальға ие болды.



**БЕРДИЕВ ОМАРБЕК МАМЫРҰЛЫ** (06.05.1924ж.

Оңт. Қазақстан обл. Сайрам ауд. Қарасу а.д.к.-2006ж. Мәртөк с.) 1942ж. майданға алынған. Мәскеу қ. оқып, 316-Гвардия Минометті полкіне келіп түсті. Полктың құрамында Солт. Батыс, Воронеж, І Украина, І Белорус майдандарындағы соғысқа қатысып, соғысты Берлинді алумен аяқтады. 1947ж. Шымкент қ. Сайрам ауд. мектептерде жұмыс істейді. 1949ж. Алматыдағы Қазақ МУ-дің Заң факультетін бітіреді. 1951-1968ж.ж. Мәртөк



ауд. учаскелік халық сотының судьялығына, кейін Жұрын, Алға, Шалқар ауд. соттарында судьялығына сот төрағасы қызметтеріне сайланды. 1968-1986ж.ж. Мәртөк ауд. сотының төрағасы қызметін атқарады. 1986ж. Ақтөбе обл. адвокаттар коллегиясының мүшесі, ауд. Ардагерлер қоғамы ақсақалдар алқасының мүшесі. Ол «Қызыл Жұлдыз», «І дәрежелі Отан соғысы» ордендерімен, «Ерлігі үшін», «Варшаваны азат еткені үшін», «Берлинді алғаны үшін», «1941-45жж, ҰОС қатысқаны үшін» т.б. ондаған медальдармен, Қазақ КСР ЖК Президиумы, Жоғарғы соты, Әділет министрлігінің грамоталарымен марапатталды.

**БЕСОБА ҚОРЫМЫ** - б.з.б. 6-4 г.г. тұрптық жерлеу орындары. Ақтөбе обл. Мәртөк ауд. Хлебодар а-нан оңт.-бат-қа қарай 3,5 км жерде. 1973ж., 1974ж., 1976ж. орт. Қазақстан археол. экспедициясы (жетекшілері М.Қадірбаев, Ж.Құрманқұлов) зерттеген. Қорым шығ-тан бат-қа қарай тізбектеле, топырақтан үйілген 12 оюдан тұрады. Олардың диаметрі 16-18 м, биіктігі 3-3м. Үйінді астында балшықтан, ағаштан салынған төрт бұрышты және дөңгелек қабір болғаны анықталды. Іші тегістеліп салынған. Мәйіттің басы бір жаққа қаратылып (батысқа қаратылғаны басым), шалқасынан жерленген. Әр қабір ішінде 1-4 адам қаңқасы бар. Олардың қасынан аттың жүтені (темір ауыздық, аң бейнесі салынған тоғалар, т.б.) тартпасы, киім эшекейлері, қорамсақ пен темір сақиналар, ағаш, қыш ыдыстар, сырға, моншақтар табылған. Аса беделді әскербасы (9-оба) үлкен оба астындағы қабірге және абыз әйел (3-оба) диаметрі 6м., тереңдігі 0,6м. шұңқыр ішіне жеке жерленген. Бұлардың жандарынан алынған заттары да ерекше. Әскербасының қорамсағында қоладан жасалған 94 жебе ұшы, белінде балдағы алтынмен апталған темір ақинаяқ, асатаяқ және мойнында алтын алқасы бар. Абыз әйел мойнына алтын моншақтар, алқа, киімінің өңірінде жартышар пішінді жапсырмалар тағылған. Белбеуіне ілдірілген қалталарға көк, сары, ақ түсті минерал ұнтақтары, охра кесектері, жеке қалтаға қола айна салынған. Аяқ жағында жыртқыш аңның басын бейнелейтін үш аяқты тас тостаған бар. Оң жағында айналасына жылқы сүйектері қойылған төртбұрышты жерошақ. Қабір үстін шатыр тәрізді стіп ұзын бөренелермен жапқан. Бесоба қорымының материалдары б.з.б. 6-4 г.г. Елек өз. бойын мекедеген сармат тайпаларының материалдық және рухани мәдениетінің, әлеуметтік құрылысының куәлары.

**БЕЛҚАЙЫҢ ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ** - Мәртөк ауд. жерінде жалпы көл. 8мың га. Арнаулы орман отырғызатын энциклопедия 1950ж. жұмысты бастап орман өсіретін жер ұйымдастырылып, жапырақты қылқанды тұқымдары өсіріле бастады. Осы уақыт ішінде 10 га қарағай, 10 га шетен,

35га үйеңкі, 83 га ақтерек, 2 га алма, 7 га жиде, 15 га тал-шілік, 74 га тұқымдық қайың өсірілуде.

**БЕРЕЗОВКА** селосының атауы бұл жердің қайыңға бай болғандығынан пайда болды. Оған дейін жергілікті тұрғындар «Жездібай» деп атаған. Қазір де осы жергілікті атауды кездестіруге болады. Қоныс аударушылар үшін бұл жердің табиғат ерекшелігі егіншілік шаруашылығына қолайлы болды. Ұжымдастыру қарсаңында ауылдағы үйлердің саны 100-110 га жетті, 3 кластық 1 мектеп, 1 жыл диірмен, 2 дүкен, 1 шіркеу жұмыс істеген. «Березовка» ұжымшарының алғашқы басқармасы Иванко Илья. Березовка селолық округі алғашқыда Новопокровкада орналасты, кейін Хазіретке көшірілді. Ұжымдастыру кезінде құрылған «Ударник» «Березовка» «Қызылшын» колхоздары 1949ж. бірігіп, «Красный партизан» құрамына енді. Қазіргі Хазірет селосында орналасады. Қазір Березовка Хазірет селосының бір бөлімшесі болып қалды.

**БИСЕНОВ ТАЙБАҒАР** (1845ж. Жаңатаң а.т. – 1975ж.) – Ұлы Отан соғысының ардагері. Ауыл шаруашылық өндірісінің еңбекшісі. «Қызыл Жұлдыз», I, II-дәрежелі «Даңқ», I дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен және бірнеше медальдарымен марапатталған.

**БИЗНЕС-ИНКУБАТОР** - 2001ж. ұйымдастырылды. Мұндағы қызметшілер жергілікті тұрғындарға мынадай қызметтер көрсетеді: аяқ-киім жөндеу, жеке адамдарға арнап тігу және киімдерді қайта тігу, фото және шаштараз, хореографиялық үйірме. Жаңадан іс бастаға кәсіпкерлерге жылуга жылына 188,8 мың т. және ғимаратты жалға беру түрінде жеңілдік беріледі.

**БЛЕЗНЯКОВ НИКОЛАЙ НИКИТОВИЧ** (1938ж. Мәртөк ауданында туған). «Социализм» ұжымшарында тракторшы, ауыл шаруашылық техникасын жетік меңгерген. «Ленин» 1976ж., «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен марапатталған.

**БОЙКО АЛЕКСЕЙ МАРКОВИЧ** - 8.06.1918ж. Мәртөк ауданы Байторысай ауылында туды. 16 жасынан “Парижская коммуна” ұжымшарында еңбек жолын бастады. 1939-1946жж. Киров қаласының Полк мектебінде оқыды. Ұлы Отан соғысы жылдары Фин соғысына қатысты. 1947-1948жж. “Парижская коммуна” ұжымшарында басқарма төрағасының орынбасары болды. 1954-1978жж. “Путь к коммунизму” ұжымшарының төрағасы, төраға орынбасары, бригадирі болды. 1978-1981жж. “Путь к коммунизму” ұжымшары басқармасының төраға орынбасары. Ұлы Отан соғысының 2- дәрежелі орденімен марапатталған.

**БОНДАРЕВ ЮРИЙ ВАСИЛЬЕВИЧ** (15.03.1924ж. Орск) – жазушы. 1941-1942 жылдары Мәртөк ауданы Вознесенка ауылында жұмыс істеген. Ол мектеп табалдырығынан соғысқа аттанды, танкке қарсы қару-жарак командирі болды. Соғыста жарақат алды. 1951 жылы Бондарев Горьков атындағы әдебиет институтын бітірді. Оған үлкен атақ әкелген повестер «Батальоны просят огня» (1957ж.), «Последние залпы» (1959ж.), «Горячий снег» (1969ж.) романы. «Горячий снег» фильмі үшін, 1975ж. ағайынды Васильевтер атымен сый ақы берілген. 1977ж. Бондаревтың «Берег» романы КСРО Мемлекетінің сый ақысына лайықты деп танылған. «Выбор» романында 70-ші жылдардағы интеллигенция туралы баяндайды (1983ж. КСРО Мемлекетінің сый ақы). Юрий Васильевич ұзақ уақыт қоғамдық жұмыстарды жүргізді. КСРО Жазушылар Одағының хатшысы, РКФСР ЖО басқармасы төрағасының бірінші орынбасары, КРФСР Жоғары Кеңесінің депутаты. Ол «Ленин», «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі», «Халық Достастығының Үлкен Жұлдызы» (Германия), «Социалистік Еңбек Ері» ордендерімен марапатталды.

**БОРАҚҰЛОВ МЕЙІРМАН** (1852ж.т. Ақтөбе у. Бөрте болыстығы Іа.-қ.ж. белгісіз)- ескіше оқыған. 1870ж. Ақтөбе у. Бөрте обл. ауылдарында молдалық еткен, мұсылмандық мектептерде қазақ балаларын оқытқан. 1883-1899ж.ж. Бөртеде Ақтөбе орыс-қазақ уч-де ислам діні пәнінен сабақ берген. Орыс тілінен дәріс берген. Ағарту саласындағы еңбегі үшін Александр лентасына тағылған күміс медальмен марапатталған.



**БОТАҒАРИН СЕРІК КӨШЕРҰЛЫ** 10.06.1947ж.

Абай а. Байғанин ауд., Батыс Қазақстан а/ш инст-ын бітіріп, инженер механик мамандығын алған. Оқу бітіргеннен кейін 1970ж. Байғанин а/ш кәсіби уч-де оқытушы болып қызмет еткен. 1971-80ж.ж. механик, трактор шеберханасының меңгерушісі, Комсомол ауданы Комсомол кеңшарының бас инженері. 1980-85ж.ж. партком, аупартком хатшысы. 1986-89ж.ж. Қарабұтақ ауд. Шевченко кеңшарында бас инженері-механигі. 1992-99ж.ж. Қарабұтақ а/ш басқармасының бастығы, обл-қ а/ш басқармасы бастығының орынбасары. Мәртөк ауд. әкімі. 1999ж.бастап облыстық а/ш басқармасының бастығы. 2006 жылдан Қобда ауд. әкімі. Тәуелсіздіктің 10 жылдық медалімен марапатталған.

## БӨКЕНБАЙ БАТЫР (1667 - 1742) -

Қорықпайтын, айбынды әскери қолбасшы, Әбілқайыр ханның бас кеңесшісі, ақылды саясаткер, өз халқына көптеген жағдай жасаған дипломат Бөкенбайдың руы - Табын-Тарақты (Жетіру). Бөкенбай атақты Қарабатырдың ұлы, оның мүрдесі Полтавка ауылынан 12 шақырым жерде, Орынбор аймағы, Мәртөк ауданының жерінде жатыр. Оның төрт ағасы жоңғардың хонтайшысының қолынан қаза тапқан. Бөкенбайдың өзі әрқашан ұрыстың алдында жүрген, бірнеше рет от пен оққа кеудесін тосқан. Өмірдің қатал жазасына тап болған Тама Есетке қол ұшын берген. Бұл ұлы екі батырды мықты достықтары өмір бойы байланыстырып тұрған. Бөкенбай батырдың сөзі: «Өз Отанымда соңғы деміміз қалғанша күресуіміз керек. Әзірге тірі тұрған кезімде өз халқымының еркіндігі үшін жанымды аямаймын, өлсем молам өз жерімде қалар,» - деген екен. Қазақтардың ұлы жеңісі Анрақай шайқасының басты кейіпкері Бөкенбай батыр болған.



Қазақ Ордасының тарихында жауапты құрал ханға да сұлтанға да емес батырға берілген. Оның атасы Жиенбет би, әкесі - Алдысүгір, халықтың қарабатырымен кең нықты ірі тұлғасымен, Орданың құрметті адамы болған. Оның анасы тұтқынға түскен қалмақ қызы болған. Ол үлкен де тату жанұяда өскен. Бөкенбайдың екі әйелінен бес ұлы болған. Олардың ең үлкені Тіленші, өз уақытының белгілі батыры болған. Ал Тіленшіден тараған бес ұлдың ішінде елге белгілі батырлар Едіге мен Жоламан. Едіге батырдың - ұрпағынан ағайынды Аптиевтар Ұлы Октябрь революциясының батырлары. Олардың атымен Орал қаласында көшелер аталған. Бөкенбай батырдың тікелей ұрпақтары (Батыс Қазақстан облысы) Ақтөбе және Алматы қалаларында тұрады. Бөкенбай батырдың үлесіндегі жер Елек өзенімен Орь өзенінің арасы, солтүстік-батыстан Шыңғырлау, Бөрлі ( Батыс Қаз-ды) аудандары алып жатыр.

Оның қол астында бес мың киіз үй болған. Салыстырмалы түрде айтсақ, хан мен сұлтандар кезінде елу рет жиналатын болған. Бөкенбай батыр - бұл дала жауынгері. Ол он сегізінші ғасырдағы қазақ даласының мемлекеттік және саяси қайраткері болған. Ол Әбілқайыр хан және Есет батырмен бірге саяси сайлауды пайдалана отырып, өзіміздің солтүстік көршіміз Ресейге қосылуға дұрыс шешім қабылдаған. Бөкенбай әрқашан да Ресейге қосылмай тұрып, көршілермен ақылды саясат жүргізіп отырды және де орыстармен достасып сауда айналымын жүргізіп отырды. Ол халықаралық геосаяси жағдайды жақсы меңгерді. Қазақтардың кіші жүзінің шығыстан жоңғарлар, батыстан калмақтар, оңтүстіктен Хиуа хандығының, солтүстіктен башқұрттар қыспағында қалғандағы күй-жайын Бөкенбай жақсы түсінген. Мұндай жағдайда тәуелсіздікті қоя тұрып, біріге өмір сүру керектігін ол жақсы түсінген. Сөйтіп қазақтар еркіндікті уақытша жоғалтып, өз жерін сақтады. Көкірегі биік Бөкенбай халық арасынан шыққан қолбасшы тек ғана хан және билерге бағынды.

Жоңғар басқыншылығы қазақ хандарының саяси және әскери әлсіз жерлерін байқай білген. Қазақтар солтүстік-батысқа қарай көшіп, тарихи ру жағдайлары кете бастап, рулы ел тоз-тоз болып жан-жаққа бытырайды. Бұл уақыттағы қазақтың жағдайын ашық айта білген Бөкенбай 20 мамыр 1748 жылғы Орск қаласында А.Тевкелевпен әңгімесінде былай деген: «Қырғыз – қайса ордасының Ресей империясына сатылуы қабылданбады, жаны қысылып, иттерден қашқан қояндай өз мал-мүлкін тастап, кей жағдайда әйелімен балаларын тастап кеткендер болды. Енді жунгор қалмақтары шапса жан-жаққа қашты, ал башқұрттар шабуыл жасаса басқа жаққа қаша жөнелді, ал басқа жау қалмақ, қазақ, сибір әскері шабуылдаса барар жер таба алмады.»

Бөкенбай сол кездің адамы. Тарихқа осындай адамөзінің ақылдылығымен, патриоттығымен керек болды және ол табылды. Оны біздің президентіміз Н.Ә.Назарбаев орыстың ұлы қолбасшысы М.Кутузовпен салыстырды. Олар екеуі де Отаны үшін жаратылған сол кездің адамдары еді.

10 қазан 1731 жылы А.И.Тевкелев қазақтың Әбілқайырын, Бөкенбай. Есет және оның ағасы (інісі) Құдай-назарды, олармен бірге 27 қазақтың феодалдарын жиналысқа шақырып, Ресейге кіші жүздің өз еркімен қосылғандығы туралы заңды актіге қол қойды.

Бөкенбай сол кезде ақша мен зат алмады, Тевкелевтің өтініші бойынша Отан алдындағы қызметі үшін әскери атақ берілді. Бұл адамның Отанға деген ұстанымы өзгермейтін.

Бөкенбай 75 жасында қолында найза, ат үстінде келе жатыпқаза болды. Бар болғаны 500 сарбазбен, қосымша күшті күтпей ақ ол жауға қарсы тұрды. Қорқуды білмейтін батыр, батырларша өлді. ( Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы Ақбұлақ селосына жақын жерде).

Бөкенбай тарихта мемлекеттік қайраткер, саясаткер және дипломат өз Отанының патриоты болып ерекшеленді. Оның ойлаған арманы орындалды. қазақ халқы қиындықтан шыға білді. 260 жылдан соң, 1991 жылы мемлекетіміздің тәуелсіздігі қайтарылды.

2007 жылы Мәртөк селосында ұлы Бөкенбай батырдың 340 жылдығына байланысты ғылыми теоретикалық конференция өткізілді. 2008 жылы батырдың есімі №2 Мәртөк мектеп-гимназиясына берілді.

### **БӨКТЕЕВ ЖАРЫЛҒАСЫН ШЫҒЫСҰЛЫ**



(10.03.1919-1971ж.ж. Гурьев обл. Қызылкөл ауд. 15 ауылында дүниге келген.) 1938ж. Ақбұлақ пед. уч-нің 2 курсы, 1942ж. Чехов ат. әскери уч-ні бітірген соң майданға алынды. Ол танк ротасының командирі. 1946-1971ж.ж. Жайсаң, Мәртөк селолық кеңесінің төрағасы, ауаткомның хатшысы, Аманкелді ұжымшарының төрағасы болды., ол II дәрежелі Отан соғысы, Ленин ордендерімен марапатталған.

### **БӨКТЕЕВА ЖӘНИЯ ЖАРЫЛҒАСЫНҚЫЗЫ**

(30.03.1950ж. Мәртөк ауд. туған) 1967-1981ж.ж. ауд. білім бөлімінің бір жылдық пед сынып курсы, Алматы мемл. әйелдер пед. ин-тын бітіріп, Мәртөк ОМ, Иваново-Франковск, Украина, Алматы қалалары мектептерінде мұғалім болып қызмет атқарды. 1981-1998ж.ж. ҚР ІІ Бас Басқармасының лауазымды қызмет атқарды. «Ішкі істер қызмет полковнигі», «ҚР ІІ министрлігінің үздігі» - белгісімен, грамоталарымен марапатталған.



**БӨРТЕ** - өзені Мәртөк ауданының солтүстігінде. Байторысай, Родниковка, Қарашай, Аққұдық селолық округтерінде ағып жатыр. Ұзындығы 170 км.



**БҰҚАНОВ ҚОЖАБЕРГЕН** 22.03.1924 ж. Қарабұлақ, Қобда ауданы. (06.12.1978). Мәртөк а/ш өндірісінің ардагері. ҰОС ардагері. 1947-75ж.ж. «Победа» (ІІІ интернационал) ұжымшарының тракторшысы. Ерен еңбегі үшін І, ІІ дәрежелі ОС ордендерімен бірнеше медальдармен марапатталған. БОАШ көрмесіне қатысушы.

**БӨЛЕКОВ АМАНТАЙ НАРЕНҰЛЫ** (15.12.1942ж. Мәртөк с)- карт автомобилист. 1961-64 әскери қызмет, 1964-99ж.ж. Мәртөк АТП жүргізушісі. Еңбек Қызыл Ту, ІІІ дәрежелі «Даңқ», «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен, медальдармен марапатталған.



**БУЛАНИН ФИЛИПП ИЛЬИЧ** – (1904ж.) Мәртөк ауданының бірінші басшысы. 16.02.1935ж. 23.12.1936 жылдары райком партиясының бірінші хатшы болып жұмыс істеген. Кейін Ақтөбе облыстық комитет партиясын басқарған.

**БҰЛАҚ**-1896 ж. (РОДНИКОВКА)-1903 ж. Полтава губ. укр-тар келіп қоныстанады. Мәртөк ауд. солт. село Бұтақ өз. бойында ауд. орт. 55 км. Ақтөбеден 46 км. Халқы 2097 (1999). Жер көлемі 73158 км. 1961ж. К.Маркс атындағы кеңшары ашылды. Оған «К.Маркс» (Родниковка а), «Ранний пар»



(Прагомировка), «Калиновка» (Калиновка а), «Жамбыл» (Бөрте а) ұжымшарлары енді. 1993ж.- «Бұлақ» кеңшары, 1997ж. кооператив, 1998ж. «Родник» ЖСШ. 1933ж. МТС ашылды. Мал басы: жылқы-259, ірі қара-3081, қой-ешкі-6657 болды. Жұмысшы саны 740 адам.

**БЫЧКОВ АЛЕКСАНДР СТЕПАНОВИЧ** (1910ж. Чкалов обл. Троицк ауд. Респевня ауылында дүниеге келген). 1929ж. орта мектепті бітіріп, Октябрь ауд. «Холодный ключ» хуторінде мұғалім болды. 1930-1934жж. Чкалов қ. А.А.Андреева атындағы институттың ветеринарлық факультетіне оқуға түсіп, ветеринарлық дәрігер мамандық алады. 1934-1937жж. Омбы обл. Москва қой совхозында аға ветеринар-дәрігер болып жұмыс жасайды. 1937-1954жж. Ақтөбе обл. а.ш. басқармасы бастығының орынбасары, облыстық шаруашылық басқарманың орынбасары болып, Мәртөк аутком төрағасы қызметін атқарды. Екі «Құрмет белгісі» орденімен, «Ұлы Отан соғысындағы ерен еңбегі» үшін медалімен марапатталған. Оған «Қаз. ССР-іне еңбегі сіңген дәрігер» құрметті атағы берілген. Ақтөбе обл. Кенестің депутаты.

## В

**ВАЙНГАРД АДАМ ВАСИЛЬЕВИЧ** (1908-1985жж.)- механизатор. Мәртөк ауд. социализм ұжымшарында а.ш. өнімдерін молайтуға үлес қосты. Осы ұжымшарда трактор бригадасының бригадирі болды. 1957ж. Ленин орденімен марапатталған.

**ВАРЮТА АЛЕКСАНДР АНДРЕЕВИЧ** (1940ж. Ново-михайловка а. – 11.02.2007ж.) – педагогикалық еңбек ардагері. Дене шынықтыру Алматы қазақ институтын бітірген. 1958-1964 жылдары Мәртөк ауданында экспедитор, жүргізуші болып жұмыс істеген. 1964-1969ж.ж. №1 орта мектебінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі. 1969 жылдан Мәртөк БЖСМ директоры. Оның бастамасымен және басшылығымен екі арнайы БЖСМ залын салынған. Жұмыс жасаған кезінде Халықаралық деңгейдегі спорт шеберін, екі спорт шеберін, 97 спорт шеберіне үміткер, түрлі спорт түрлері бойынша көптеген спортшы-разрядниктерді әзірледі. Жоғарғы категориялы мұғалім, «Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт еңбегі сіңген қызметкері», «ҚазССР Халық ағарту үздігі».

**ВАСАТЮК ГРИГОРИЙ МАКСИМОВИЧ** (13.11.1912-2.05.1988ж.)- Мәртөк селосында туған. Еңбек жолын 1929ж. «III интернационал» ұжымшарынан бастаған. 1932-1946жж. кітапхана меңгерушісі, Мәртөк ауылдық кеңес төрағасы, ҚЛКЖО аудкомтет хатшысы, қаржы бөлім бастығы, Құрайлы МТС-нің саяси бөлім бастығы қызметінде болды. 1946-1973жж. тұтынушылар одағының төрағасы болды. «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет

белгісі» ордендерімен және бес медальмен марапатталды. «Вита» дәріханасы-1998ж. ашылған. Дәріхана ұжымы 5 адамнан: 3 маман фармацевт, есепші және санитардан тұрады. Дәріхана ашылған күннен бастап, барлық топтағы мүтедектерге 10 пайызға жеңілдік бар екені жарияланды. 2001ж. жеңілдік 15 пайызға өсті. Сонымен қатар, дәріхана әр тоқсан сайын табысы аз отбасыларды, шіркеуді өз мақсатында 5-10 мың теңге көлемінде дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етуде. «ВИТА» алғы қатардағы дәріхана болып табылады. Бұл жерде ұажет жағдайда ақыл-көнес беріледі, қан қысымын өлшейді, егу немесе алғашқы көмек көрсетеді.

**ВАСИЛЬЕВ АЛЕКСАНДР ПРОКОФЬЕВИЧ** – ауыл шаруашылық өндіріс ардагері, тың игеруші. «Междуреченский» совхозында механизатор болып жұмыс істеді. Ерлік еңбек үшін ІІ-ші, ІІІ-ші дәрежелі «Еңбек Данқ» орденімен және 5 медальдармен марапатталған.

**ВАЛИЦКАЯ ЗИНАИДА СЕРГЕЕВНА** (1922ж.) Мәртөк ауд. андреев кенті- 1984ж. Қобда ауд. (мұғалім). Білімі жоғары. Еңбек жолын 1940ж. Шаменов ауд. Қаз. КСР-інің 15 жылдығы атындағы орталау мектептің мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі, директоры. 7-ші сайланған Қаз. КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты.

**ВЕРЕНКА** – селосы Мәртөк ауданының солтүстік-батысында, аудан орталығынан 25 шақырым жерде орналасқан. 1908 жылы Поволжья, Украинадан жер аударылған тұрғындармен құрылған. Алғашқы кезде 16 тұрғын үй, 178 оңдаған жер көлемі болды. Қазіргі халық саны 520 адам. Бұрын Калинин атындағы колхоз болды. Қазір бұнда негізгі мектебі, дәрігерлік амбулатория, балалар шағын орталығы, кітапхана, дүкен, шаруашылық қожалығы бар.

**ВОЗНЕСОВКА** (Аққұдық) – Ауыл Мәртөк ауданының солтүстік-батысында орналасқан. Аудан орталығынан 30 шақырым, Ақтөбеден 105 шақырым қашықтықта жатыр. Ауыл тұрғындары 607 адам (2007). Қазір Вознесенка ауылы 1904 жылы Ақбұлақ уезді, Торғай облысы кезінде бекітілген. Бұл ауылды Украина, Полтавка, Киев, Херсон, Черниговтан жер аударылғандармен толтыру жоспарланған. Жер аударылған тұрғындарды әкелуге үкімет көмек беріп отырған. Вознесенкаға келген тұрғындарға 60х20 көлемді жер, 100 сом көмек берілген.

Көшіп-қонып жүрген қазақ елі бұл жерді Аққұдық деп атаған. Бұл жердегі құдыққа, бұлаққа ескі Жібек жолымен сауда жасап, өтіп бара жатқан саудагерлер үнемі тоқтап, тынығып отырған.

Ауылда көптеген тарихи жерлер қалған. Алғашқы жер аударылған тұрғындар көшесі қазір Ақбұлақ деп аталады. базар көшесінде базар орналасқан. Вознесенкадан басқа бұл жерде Дворяндар ауылы бар. бұл

ауылда су жоқ болғандықтан, адамдар тұрақтанбаған. Бұл аймақта өзен, көл, бұлақтың көптігінен Удачное ауылы деп те аталған.

Азамат соғысы кезінде Вознесеновка ауылы қиындықты басынан өткізді. Бірнеше рет үкімет басындағылар ауыстырылды. Ауыл шетінде сол кездің батырларының молалары бар. 30-шы жылдардың басында коллективтендіру кезінде Вознесеновкада 300 шаруалар өмір сүрді. Колхоз «Свет» деп аталып, онда 4 бригада, 50 жұмысшы 20 атпен еңбек етті. Жылқы фермасы, 2 қой фермасы, МТФ май зауытындағы өз бөлімшелерін қамтып отырды. 300 жылқысы бар ферма ауыл мақтанышы болды. Жыл сайын Қызыл Армияның жұмысшы шаруалығына Орел, Дон, Абхаз жылқыларының тұқымдарын алып отырды. Қой сүтінен сүзбе, жылқы сүтінен қымыз жасап колхозшыларға беріліп отырды.

30 жылдар ортасында «Свет» колхозы нығайып, клуб, оқу залы бар кітапхана салынды. Кітапхана меңгерушісі Лымарь Степан Харитонович болды. 1940 жылы «Свет» колхозы малшаруашылығындағы жетістігі үшін ВДНХ-ның дипломымен марапатталды. Бұл колхоздың шошқа өсіру шаруашылығының озаттары Марченко Дарья, Лункина Мария, Мельник Анастасия мемлекеттік құрметке лайық болды. 1953 жылы облыс бойынша бірінші болып сүт шаруашылығын дамытқаны үшін «Победа» машинасын сыйақыға жеңіп алды. Ол кездегі аудандық комитетте бұндай машина болған жоқ. МТФ-ның сол кездегі меңгерушісі Емельян Ильин, алдыңғы қатардағы сауыншылар – Козедуб Мария, Мессерле Эммалар ВДНХ-да болып қайтты.

1957 жылы «Свет» колхозы Жайсаң совхозына айналды. 1965 жылы «Первомай» совхозы құрылды. 1986 жылғы есеппен – жер көлемі 38803 га, шабындық – 22681 га жерді құрады. 1990 жылы совхозда 147 трактор, 107 машина, 43 комбайн, 350 жылқы, 150 сиыр, 10000 шошқа болды. Машина – трактор жөндейгін шеберхана жұмыс жасады.

Қазіргі уақытта ауылда орта мектеп, шағын орталық, дәрігерлік амбулатория, кітапхана ( 6513 дана кітап қоры бар), кіші – наубайхана, 2 дүкен және шаруа қожалықтары бар.

**ВОЗНЕСЕНОВКА ОРТА МЕКТЕБІ** - бірінші рет оқу жылы 1906 жылы басталды. Алғашқы мектеп 1909 жылы салынды. Ол кезде 2 кластық діни училищесі болды. 1921 жылы – біріккен I дәрежелі еңбек мектебі болды. 1931 – 33 жылдары оқу украин тілінде өткізілді. 1933 жылы – жеті жылдық, 1939 жылы – орта мектеп болды. 1941 жылы белгілі жазушы Ю. Бондарев дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болды. 1949 жылы - мектеп бақшасы құрылып, оқушылары ВДНХ-ға қатынасқан оқушылар оқыды. 1984 жылы 464 орындық типтік мектеп салынды. 1987 жылы мектепте еңбек және жауынгерлік мұражайы ашылды. Бұл мектептің түлектері Ф.Пазыченко, Ташкент университетінің профессоры, М.Недаля – тарихи ғылым докторы, В.Мохнач, В.Сорокодум – еңбек демалысындағы полковниктер.

**ВОРОНЯНСКИЙ ГРИГОРИЙ ИВАНОВИЧ** (1938ж.)- Мәртөк ауд. Энгельс атындағы ұжымшарда озат механизатор. Шаруашылықтың әлеуметтік – экономикалық өркендеуі үлкен үлес қосты. 1971ж. Ленин орденімен, медальдармен марапатталған.

**ВЫХОДЦЕВ МИХАИЛ ПАВЛОВИЧ** (12.09.1916ж. Мәртөк ауд. Қаратоғай а.)- өндіріс ұйымдастырушы. 1933ж. Ақтөбе мемлекеттік жер тресінің жерге орналастырушы-техниктер курсы бітіріп, осы мамандығымен Ұлы Отан соғысына дейін жұмыс істеген. 1941-1945жж. неміс басқыншыларымен соғысқа қатысты. Жоғарғы партия мектебін бітірді. 1945-1963жж. Ақтөбе облыстық, Қобда, Новоресей ауд. партия комитеттерінде нұсқаушы, екінші, бірінші хатшы болды. Дөң тау-кен комбинатында жұмыс істеді. Ардагерлер кеңесін ұйымдастырып, басқарған. Ленин, -дәрежелі Отан соғысы, «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен, көптеген медальдарымен марапатталған.

## Г

**ГЕРД ЭРНСТ ИВАНОВИЧ** (1936ж. Запарожия обл. Мелитополь ауданында туған) 1943-1947жж. Германияда қуғында болған. Томск қ. Бастауыш білім алып, 1955ж. трактор жүргізуші мамандығын меңгерген, 1957-1983жж. Шевченко ұжымшарының механизаторы. 1971ж. «Еңбек Қызыл Ту», 1975ж. Қазан төңкерісі, 1981ж. Ленин ордендерінің иегері.

**ГЛУХОВ НИКОЛАЙ СЕРГЕЕВИЧ** (1921-1968жж. Мәртөк ауылында туған). Ол 1938-1951жж. ҚЛКЖО Мәртөк аукомының бөлім меңгерушісі, бірінші хатшысы. 1951-1957жж. аукомның бөлім бастығы, аймақтық партком хатшысы. 1957-1961жж. аупаркомның ұйымдастыру бөлімінің басшысы, Мәртөк элевторының директоры. Ол екі рет «Құрмет белгісі» орденімен, үш медальмен марапатталған.

**ГОРНОВОДСК** – Мәртөк ауданының оңтүстігінде 38 шақырым жерде орналасқан. Ақтөбеден 100 шақырым. Ауыл Қызылкөл көлінің маңында жатыр. Қазіргі уақытта 41 адамы бар, 16 жанұя тұрады. Алғашқыда бұл жер “Красное озеро” колхозы, №4 бөлімше Дзержинский атында болатын. Жетекшісі Хлистун Владимир Николаевич, бригадирі Гиберт Иван Иванович, агрономы Кравченко Дмитрий Иванович.

Ауылда негізгі мектеп, 25 орындық балабақша, су құбыры, дүкен, малшаруашылық фермасында 1600 ірі қара, үш сауын сиырлар тобы ( 650) болды. Өнім шығаруда малшаруашылығы, №4 бөлімше өте биік жетістіктерге жетіп отырды. Белгілі механизаторлар: Жосан Владимир Васильевич, Коврига Михаил Карпович, Карабалин Төлеген Мардығалымович, Зайцев Антон Пантелеевич, Рахманкулов Габдрашит.

Малшаруашылығында қызмет еткендер: Симоненко Евгений Дмитриевич, Небоженко Афанасий, Кенжебеков. “Байнассай” шаруашылығында реформадан кейін №4 бөлімше аумағында ШҚ “Юр”, “Агро”, “Заря”, “Горноводское” т. б. құрылды.

**«ГОРНЯК» АРТЕЛЬ** - 1940ж. 300 адам жұмыс істеді. Әлеуметтік шарт жасалды. Жылына 10 мың т. көмір шығару жоспарлады. Социалистік жарысқа Вознесен шахтасын шақырды. 1946ж. күнделікті жоспарды 150 процентке жеткізіп отырды. Ұжым 1948ж. I тоқсандық жоспарын 137% орындады. Бүкілодақтық кәсіподақтың ОК мен көмір министрлігі 1949ж. I тоқсаны бойынша III-орын, 15 мың сом сыйлық берді.

**ГОРОБЕЦ НИКОЛАЙ ИГНАТЬЕВИЧ** (1885ж. Сумск обл. Долинск ауд. Беево с. – 1963ж. Мәртөк ауд. Нагорный а.) – шопан. Социалистік Еңбек Ері(1948ж.). Ақтөбе обл. 1930ж. келді. 1934ж. Мәртөк ауд. «Социализм» ұжымшарының шопаны. 1947ж. 420 саулықтан 534 козы, әр қойдан 4кг. жүн қырыққан. Қозылардың салмағы 41кг. жеткізген. Сол еңбегі үшін Ленин орденімен марапатталған.

**ГОРОХ ПЕТР МИХАЙЛОВИЧ** (19.02.1922ж. Мәртөк а.) – ауыл шаруашылық өндірісінің ардагері. Орал ауылшаруашылық институтын бітірген. «Яйсанский» совхозында бригадир, бөлім басқарушы болды. «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған.

**ГОРОХ ЮЛИЯ ИВАНОВНА** 1931жылы туған. Воронеж обл. 1939-55жж. Орынбор қаласында орта мектепті күміс медальмен, Орынбор медициналық институтты үздік белгімен бітірген. Институтты бітіргеннен кейін Мәртөк аудандық емханаға дәрігерлік қызметіне орналасқан. Ол 1996жылдан бастап терапевт бөлімшесінің меңгерушісі. 2 жылдық дәрігерлік курстың мұғалімі. I-дәрежелі дәрігер, 1970ж. денсаулық сақтау министрлігінің үздігі атағы берілген. 1986ж. “Еңбек Қызыл Ту” орденімен, “Еңбек ардагері”, “Тың жерді игергені үшін”, “Еңбектегі ерлігі үшін” медальдарымен марапатталған.

**ГОФМАН АЛЬБЕРТ ФЕДОРОВИЧ** (29.05.1914ж. Донецк обл. Добропольск ауд. Р. Люксембург с. туған). Мал шаруашылығының маманы. Қазақ КСР-іне еңбек сіңірген а.ш. қызметкері. 1933ж. Еленов зоотехникумын бітірген. Еңбек жолын сол жылы «Р.Люксембург» ұжымшарында зоотехник қызметінен бастады. 1933-1940жж. осы аттас кеңесінің төрағасы, Молочанский аткомының нұсқаушысы, бөлім меңгерушісі, «Тельман» өнеркәсіп артелине төраға. Ұлы Отан соғысына қатысқан, 1942-1946жж. Ақтөбе обл. Мәртөк ауд. ұжымшарында зоотехник, кейін осы ауданның «Победа», «Бөрте», «Октябрьдің 40 жылдығы» ұжымшарында төраға, «Елек»

кеншарында директор болып қызмет жасады. «Қазан төңкерісі», екі рет «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет Белгісі» ордендерімен және сегіз медалімен марапатталған.

**ГРИНЕНКО ВАСИЛИЙ ТИМОФЕЕВИЧ** (1923ж. Мәртөк ауд. Байторысай с. д.к). 1940-1953жж. пошта бөлімінің бастығы, қаржы бөлімінің қызметкері, Покровка, Линовицкий ауылтұтыну қоғамы төрағасы. 1953ж. Ленин атындағы ұжымшардың төрағасы. Ол «Ленин» (1957ж), «Еңбек Қызыл Ту»(1966ж)ордендерімен, «Германия жеңгені үшін» медалімен марапатталды. Ақтөбе обл. Кеңес депутаты. Мәртөк ауд.. құрметті азаматы атағын берген.

**ГРИНКЕВИЧ ВАЛЕНТИН ВАСИЛЬЕВИЧ** 1929ж. Гомель қаласында туған. 1954ж. комсомолдық жолдамамен тың жерді игеруге келген, а/ш табысты еңбектері үшін “Қазан төңкерісі”, “Құрмет белгісі” ордендерімен, “Тың жерді игергені үшін” медалімен марапатталған.

**ГРИШАЕВА ПРАСКОВЬЯ АРСЕНТЬЕВНА** 1890ж. Тула облысының Ефремовка уезі Вельмо с. туған. 1906-1930жж. туған жерінде мұғалім, 1920-1930жж. Ақтөбе обл. Темір қаласында ұстаздық қызметін жалғастырды. 1931-1951жж. Мәртөк селосындағы мектептерде мұғалім. «Ленин» (1949), «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, 8 рет Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Жоғарғы Кеңесі президиумының (1945), аудандық кеңес грамоталарымен марапатталған, бірнеше рет аукеңес депутаты болып сайланған. 1948ж. «Қаз.КСР-інің еңбегі сіңген мұғалімі» құрметті атағына ие болған.

**ГУБАЙДУЛЛИН АБДУЛХАҚ АБДУЛЛАУЛЫ** (20.08.1932ж. Жайсаң а.) – аудандық еңбегі сіңген егінші. «Яйсанский» совхозында жұмыс істеген. Егіншілік бригадасының бригадирі болды. Еңбегі үшін «Құрмет белгісі» орденімен, медальдармен марапатталды.

**ГУБИН КОНСТАНТИН ЯКОВЛЕВИЧ** (1902ж. Ярослав губ.)- Кеңес Одағының Батыры(1945ж.). 1918ж. отбасы Ақтөбеге көшіп келді. Әскер қатарына 1924ж. шақырылды. 1927ж. Мәртөк ауданына қайтып оралды. 1941ж. майданда, 1943ж. танк училищесіне жіберілді. 1944ж. өзі жүретін артеллерия қондырғы батареясының командирі Губин жауынгерлері 30-дан астам жаудың оқ ату ұясын жойып, өздігінен жүретін 2 зеңбіректі, 200-ден астам солдаттары мен офицерлерін жоқ етті. Қондырғы жау оғынан қираған соң Губин жауға тойтарыс беріп, тағы да 60 жауды жойды, кеңес әскері жеткенше ұстап тұрды.

**ГУСЕВА ЕЛЕНА ДМИТРЕВНА** (1916ж. Самара губ. Большая Глушица а.) 194-1937жж. Алматы қазақ пед. институтты бітіріп, Гурьев обл. Шевченко ауд. Форт-Шевченкок. қазақ орта мектебінде жұмыс жасады. 1942-1972жж. Ақтөбе обл. Мәртөк с. қазақ орта мектебінде мұғалімдік қызмет жасады. «Қаз. КСРО халық ағарту ісінің үздігі медалімен» 1952ж., «Еңбектегі ерлігі үшін» 1949ж., «Ерлік еңбек үшін» 1970ж., 1941-1945жж. «Ұлы Отан соғысы жеңісінің 50 жылдығы» 1995ж., «Ұлы Отан соғысыны жеңісінің 30 жылдығы» медальдармен 1966ж., «Еңбек Қызыл Ту» орденімен 1966ж. марапатталған.

## Д

**ДӘУЛЕТЯРОВ ХАМИДУЛЛА АБДУЛ-ГАНИУЛЫ** 1924 жылы 15 қаңтарда Ақтөбе уезінің Тұзтөбе болысының №24 ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын 1941 жылы Чкалов (Орынбор) облысы Ақбұлақ кентіндегі 8 жылдық мектепте бастауыш сыныптардың мұғалімі болып бастады. Домбар педучилищесін тәмамдаған соң Ақбұлақ ауданының Ленин жолы бастауыш мектебінің меңгерушісі болды.

1943 жылғы қаңтардан бастап Кеңес Армиясынан бронь бойынша кері шақырылып алынды да Ақбұлақ кентінің қазақ орта мектебі математика пәні мұғалімділігіне бекітілді. 1957 жылы Ақтөбе мұғалімдер институтының физика-математика факультетін сырттай бітіріп шықты. 1960 жылғы тамызда СОКП Ақбұлақ аудандық партия комитетінің аппаратына ауыстырылды. 1961 жылдан Ақбұлақ кентінің №2 орта мектебінде физика пәні мұғалімі. 1973 жылы Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының Веренка елді мекеніне көшіп келді. Осы кезден бастап Веренка сегіз жылдық мектептің директоры болып зейнетке шыққанша еңбек етті. 1953 жылдан СОКП мүшесі. Бірінесе қайтара халық депутаттары селолық және аудандық кеңестеріне депутат болып сайланды.

«Еңбекте үздік шықсаны үшін» (1955ж.), «Еңбектегі ерлігі үшін» (1970ж.), «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы жеңісінің елу жылдығы», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы жеңісінің алпыс жылдығы» медальдарымен, Құрмет грамоталарымен және алғыс хаттармен марапатталған.

**ДВОРНИКОВ МИХАИЛ ЯКОВЛЕВИЧ** (05.02.1916ж. Мәртөк ауданы Хлебодар ауылы) – негізгі мектепті бітіріп 1936 жылы Родниковка ауылында тракторлық курстарын, Ақтөбе қаласында жүргізуші курстарын бітірген. 1937 жылы артиллериялық әскерге шақырылды. 1941 жылы маусым айынан Ұлы Отан соғысында шайқасқан. Соғысты Улан-Уде қаласында аяқталған



(Монголия). 1945 жылы желтоқсан айында демобилизацияланған. Соғыстан кейін темір жолда жұмыс істеген. «ІІ-ші дәрежелі Отан соғыс» орденімен, 12 медалімен, Қазақстан Республикасының Президентінің «Алғыс хатымен» марапатталған. «Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген теміржолшы» құрметті атаққа иеленді. 20 жылдан астам оның аты облыстық құрмет тақсатында болған.

**ДМИТРИЕВКА** – Бөрте өзенінің бойында, ауданның солтүстігінде 1912 жылы құрылған. Дмитрий Решетниковтың басқаруымен жер бөлініп, Украина және Ресейден келген тұрғындарға жер берілген. Решетников 5 жылдан кейін өзінің жанұясын алып келіп, үй сала бастады. Сол кезде бұл ауыл “Дмитриевка” атағын алған. 1918 жылы ол жерде 10 жанұя тұрды. Бұл әйгілі “Жібек жолы” өтетін жер. Осы жерде жолаушылар аттарын ауыстырып, тынығып отырған. Дмитриевка ауылында жинақ пункті болған. Полтавка, Покровка, Байторысай, Шевченко, Андреевка, Студент ауылдарына бөліп, жер ауып келген жанұяларды жіберіп отырған. Картада көрсетілген “Бесоба” жері, Тама руының жері болған. Белгілі бес қорған осы жерде. Олар әлі күнге дейін ашылған жоқ. Сондықтан халық бұл жерді “Бесоба” деп атап кеткен. Ақтөбе қаласымен ара қашықтығы 95 шақырым. Ауылда – 336 адам тұрады. (2007) 1954 жылы “Кирова” колхозы болып ұйымдастырылған. Ертеде бұл жерде Каганович атындағы “Шаруа” колхозы болған. 1986 жылғы есеп бойынша жер көлемі – 8659 га, егіндік – 4179 га. Аудан аралық транспорт жолы өтіп жатыр. 1990 жылы колхозда 38 трактор, 20 машина, 13 комбайн, 36 жылқы, 400 ірі қара, 1100 қой болған.

Бұл жерде Социалистік Еңбек ері Е.Ивашенко еңбек еткен. Ауылда негізгі мектеп, клуб, медпункт бар.

**ДОБОРИН ВАЛЕРИЙ ИВАНОВИЧ** (02.09.1941ж. Харьков қ.) – ауыл шаруашылық өндірісінің жұмысшысы. Жайсаң СПТУ-5 бітірген. «Яйсанский» совхозында жүргізуші, мал шаруашылық фермаларында механик болып жұмыс істеді. «Еңбек Даңқ» орденімен марапатталған.

**ДОСЖАНОВА АҚҚАҒАЗ** (1893ж. Орынбор губ. Ақтөбе уезі Бөрте болысының №5 ауыл – 1932ж.) – алғашқы дәрігер болған қазақ-әйелі. 1914 жылы Орынбор әйелдер гимназиясын бітіріп, Мәскеудегі дәрігерлік әйелдердің жоғарғы курсына түсті. Мәскеуде 1917ж. 1 мамырда мылман съезінің делегаты болды. 1921 жылы Ташкентте Түркістан Халық университетінің дәрігер факультетін бітірді. Университетті бітірген соң Түркістан Республикасы Халық Кеңесі Комитетінің Қаулысы негізінде 1922 жылы 14 желтоқсанныан бастап, осы жоғарғы оқу орнында оқитын жергілікті студенттерге Халық Кеңесі Комитетінің Қорынан «Досжанова» атындағы стипендиясы тағайындалды. Кейін Ташкент интернатта және балалар үйінде, 1928-1929 жылдары Ташкент қаласының перзентханада жұмыс істеді.





**ДІЛМАМАҒАМБЕТОВ РАМАЗАН ЖАУЫЛ-БАЙҰЛЫ** – (1929ж. Ақтөбе обл, Мәртөк ауд Қаратағай болысының, Құмсай а. – 2006 ж. Мәртөк селосы) Қазақ тілі мен әдебиеті маманы, жоғары дәрежелі мұғалім, Республикалық халық ағарту ісінің үздігі. Қаз. КСР-нің еңбек сіңген мұғалімі (1972), Ақтөбе мұғалімдер Орал пед. ин-тын бітірген. Мәскеу (1966), Алматы (1976) қайта даярлау ин-да мамандығын жетілдірген. 1946-56 ж.ж. Чапай, Құмасай,

Қуандық орталау мететтерінің қазақ тілі мұғалімі, әскери қызметте болған. 1956-59 ж.ж. Жайсаң қазақ мектеп директоры, орыс мектебінің директорының орынбасары. Аупаратком лектор-консультанты қызметін атқарған. 1963-86 ж.ж. ауд. оқу бөлімінің меңгерушісі болып еңбек еткен. 1986-96 ж.ж. Мәртөк қазақ орта мектебінің директоры, мұғалімі. 1962-86 ж.ж. аудандық «Білім», 1998-2000ж.ж. «Қазақ тілі» қоғамдарының төрағасы, білім бөлімінің әдіскері қызметін атқарған. Қаз. мұғалімдер 4-5, Қаз. пед. қоғамы 8 съездерінің делегаты болып сайланған. «Мәртөк вальсі», «Мектебім» өлеңдерінің, «Ата туралы дастан», «Айгүлім» поэмаларының авторы. 1963-94ж.ж. Ауатком депутаты. Педагогика саласында Респ., Одақтық баспасөз беттерінде көлемді ғылыми - практикалық мақалалары жарияланған, КСРО пед. Академиясы зертханасының мақұлдаған мақалалары бар. 1984ж. Чехославакия, Венгрия елдеріне саяхат жасаған топтың жетекшісі. «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, «Халықаралық бейбітшілік қоры» және 7 мемлекеттік медальдармен, ҚР Президентінің алғыс хатымен (2002) марапатталған. «Мәртөк» энциклопедиясының редакторы.

**ДІЛІМОВ ЖӘДІГЕР** (27.10.1937ж. Мәртөк ауд. Жаңа Дәуір а. т.) – механизатор. «Дзержинский» ұжымшарында тракторист (1971-1992). Ленин (1973), «Еңбек Қызыл Ту» (1967) ордендерімен марапатталған. А/ш жетістіктері үшін Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне қатысты.



**ДУАДАҚ, ҚОЗЫБАЛАҚ**(дрофа) - Қазақстандағы ірі құс. Салмағы 4-11кг., кейде 16-18кг. Басы, мойныны қоңыр, арқасы сарғылт, көлденең жолақты, бауыры ашық, қанаты ақ, ұшы қара. Қауырсыны тығыз, түсі тарғыл сары, аталықтың тамағының астында бір топ селдір қауырсындары болады. Аса сақ құс. Қауіпті алыстан сезіп, ұшып кетеді. Ұялайтын жеріне наурыз-сәуірде келіп, сәуір-мамыр айларында жерді шұқырлап, ұя жасап, 3-4 жұмыртқа салып, 25-28 күнде балапан шығарады. Өсімдіктерді, олардың дәндерін, құрт-құмырсқаны, кейде кесірткелерді, ұсақ тышқандарды, бақаларды жейді. Облысымызда Мұғалжар сілемдерінде кездеседі. Дуадақ санының кемуіне олардың жыртқыштардан гөрі жаппай аулау көп әсер етті. Құстар фаунасында бұл ірі құс тұқымын сақтау үшін аңшылыққа шектеу

коюмен бірге, дала қорықтарын жасап, оларды арнайы көбейтіп, табиғи мекеніне жіберу қажет. ҚР «Қызыл Кітабына» енгізілген.

**ДҮЙСЕНҒАЛИЕВ ХАБИБУЛА ХАЙРУЛЛАҰЛЫ** (29.02.1938ж. Шевченко а.) – механизатор. Жайсаң СПТУ-5 бітірген. «Яйсанский» совхозында тракторшы болып жұмыс істеген. Ерен еңбегі үшін «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, медальдармен марапатталған.

**ДЮБА ГРИГОРИЙ АНДРЕЕВИЧ** 1929ж туган. 1944жылдан бастап трактористік, комбайнерлік жұмысын атқарған. 1974ж. “ҚР а/ш еңбек сіңірген қызметкері” атағы берілген. Ақтөбе облысының Құрмет кітабына енгізілген. Бірнеше мемлекеттік медальдармен марапатталған. Қазақстан Республикасының дербес зейнеткері.

## Е

**ЕДАМЕНКО ВАСИЛИЙ НАЗАРОВИЧ** (1913-1989)жж. Мәртөк ауданында туган)- Ауданында ауылшаруашылық өндірісінде ұзақ жылдар әртүрлі жұмыстар атқарып, табысты еңбек етті, жоғарғы көрсеткіштерге жетті. Кейін аудандағы коммуналдық шаруашылық мекемесінде қызмет істеді. Ленин орденімен, медальдармен марапатталған.

**ЕЛЕК** - Ресейдің Орынбор және ҚР Ақтөбе, Батыс Қазақстан обл-ы жеріндегі өзен. Жайық алабында ұз. 625 км, су жинау алабы 4300 км<sup>2</sup>. Бастауын Батыс Мұғалжардағы Бастөбе тауынан алып және Жарсуат ауылындағы Жайыққа келіп құяды. Көктемде су деңгейі 2-6 м-ге көтеріледі. Осы кезеңде судың жылдық қорының 60-80-ге жуық проценті ағып кетеді. Арнасы кең. Жағалауларында тоғайлар, орман, қамыс өседі. Жаздың ыстық айларында Електің жоғарғы ағысы жекелеген өзендерге бөлініп кетеді. Е. суы 1300-1700 мг-л дейін минералданған. Әрқайсысының ұзындығы 10 км 75 саласы бар. Ең үлкені Қобда. Қарашаның 2 жартысында мұз жамылады, сәуір соңында ериді. Өзенде сазан, шортан, жайын және т.б. балықтар мекен етеді. Жағалау аймағындағы шөптер мен су шаруашылыққа қолданылады. Мәртөк селосы Елек өзені жағалауында орналасқан.

**ЕРМУХАНОВ АҒЫМБАЙ** (1937, XIV-жылдық Қазақстан) – еңбек ардагері. Мектеп бітіргеннен кейін Кеңес әскер қатарына шақырылды. Кейін «Победа» ұжымшарында еңбекке араласып, мал дәрігері қызметін атқарды. Ерен еңбегі үшін ұжымшар ұйымымен бірнеше мәрте алғыс алып жүріп, «Құрмет» орденімен марапатталды.





**ЕРҚОЖА МЕДЕТУЛЫ** (1875-1945ж. Ақтөбе обл. Мәртөк ауд. Жаңатаң а. туған) Әбілқайыр ханның Нұралы атты баласынан тараған ұрпақ, Қаратайдың шөбересі. Ол мұсылман медресесінде, Ақбұлақ, Тұзтөбе екі кластық семинариясында оқып, Орынбор гимназиясынан мұғалімдік курсты бітіріп, халық ағарту жұмысында қызмет атқарған. 1905ж-08ж. Ақтөбе у. Ақбұлақ болысында сот төрағасы болған. Жастайынан домбыра тартып, өлең айтуды үйренген ол Әкімгерей Қостанұлымен, Тәнірберген Молдабаймен халық алдында өнер көрсетіп тұрған. 1923ж. Ерқожа қазақ өнерін зерттеуші А.Затаевичпен кездесіп, Әкімгерейдің, Молдабайдың әндерін нотаға түсірткен. 193ж. жаңадан бой көтеріп келе жатқан қазақ радиосынан өн шырқаған. Сол жылдары М. Бөкейханов, Л.Мұхитов, А.Бөкейханов баласы Қамбар және т.б. 11 кісіден домбыра оркестрін құрып, радиодан қазақ күйлерін халыққа таратқан. Белгілі музыка зерттеушісі, радионың музыкалық редакторы, Б.Г.Ерзакович Ерқожадан «Әлеуше», «Бәкен», «Жезаймақ», «Қапияда», «Гүлдерай», «Мәулен» әндерін жазып алып жинаққа енгізген. Ол Ерқожа туралы: «Ол кәсіби әнші еді. Оның дауысы табиғи қойылған шағын көлемдегі тенор, әнді орындағанда оның әрбір сөзіне мән беріп, неғұрлым анық айтуға тырысатын. Үлкен сезімге бой ұрмай бірқалыпты айтатын» дегенді. Ерқожа өміріне баласы Қамбарды даярлауға үлес қосқан. 1938ж. баласы Қамбарды халық жауы атап, тұтқындағаннан кейін, артында қалған келін-немерелерімен Қарақалпақстан жеріне қоныс аударған.

**ЕРШОВА АНТОНИНА ПЕТРОВНА** 1925ж.т. Орынбор болысы, Заенчуренский ауд. Верхне-Озерное ауылында туған. 1949ж. Қаз мемлекеттік медициналық институтын бітірді. Бірінші еңбек жолын Мәртөк аудандық ауруханасында жұмыс істеп бастады. Өзінің жоғарғы білікті маман екенін көрсетті. А.П.Ершова противомоляринной станция меңгерушісі болды. Аудан денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істеді. 1957ж. қыркүйектен 1962ж. ақпан айына дейін бас дәрігердің орынбасары болды. «Қызыл Ту» орденімен, «Денсаулық сақтау үздігі», «Ерлік еңбегі үшін», «Құрметті Мәртөк тұрғыны» атағы берілді.

**ЕСЕНҒАЛИЕВ САҒЫНБАЙ** – (1935-85ж.ж. Жайсаң а.) Мәртөк ауд. әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай үлес қосты. Ауд. «Первомайский» кеншарында бас агроном болды. Ленин орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.



**ЕСЕНОВА ШАМШИЯ** (1938ж-27.08.1977ж.) Мәртөк ауд. Жаңатаң а. туған. 1956ж. Мәртөк қазақ орта мектебін бітірген. Еңбек жолын Энгельс атындағы ұжымшарда сауыншы болудан бастады. Еңбекте үздік болып, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысты. 1976ж. Қаз КП 14 съезіне делегат болып сайланды. «Октябрь революциясы», «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, «Еңбектегі ерлігі үшін» медальдарымен, бірнеше мақтау грамоталарымен марапатталған.



**ЕСҚАЛИЕВ ГАБДУЛЛА СЕЙСЕНБАЙҰЛЫ**

(17.11.1917 ж. Орынбор обл. Соль-Илецк ауд. Көкшін а. д.к.)-1936-41 ж.ж. Нагорный және Вознесенка мектептерінде еңбек еткен. 1941-48 ж.ж. ҰОС қатысты. 1948 ж. Вознесенка а. келіп жұмысын жалғастырды. Сол жылы Мәртөк аупартком нұсқашысы болған. 1952 ж. Н-Федеровка МТС меңгерушісінің орынбасары болды. 1958-60 ж.ж. дейін Қуанды а. басқармасы болды. 1960-85 ж.ж.

Н-Михайлов ауылдық кеңесі атқару комитеті төрағасы, бірнеше рет жергілікті, аудан Кеңеске депутат болып сайланды, «2 дәрежелі Отан соғысы», «Құрмет белгісі» орденімен, 13 медальмен, республикалық, облыстық, аудандық мақтау грамоталарымен марапатталған.

**ЕСІРКЕПОВ АМАНГЕЛДІ ҚАБАШҰЛЫ.**

25.01.1954 Ж. Мәртөк ауд. Молотовск. Орал ПИ тарих және қоғамтану факультетін бітірген. Еңбек жолын 1975 ж. Ақтөбе кондитер фабрикасында бастаған. 1972-1974 ж.ж. СА қатарында болған. Құрылыс материалын дайындайтын комбинаттың жұмысшысы. 1981-82 ж.ж. Благодарный орта мектебінің, №7 уч-нің тәрбиешісі. 1982-85 ж.ж. Ақтөбе қаласы №16 орта мектептің тарих пәні мұғалімі. 1985-88 ж.ж. Фрунзе аупарткомының нұсқаушысы, бөлім меңгерушісінің орынбасары. Облыстық білім жетілдіру институтының кабинет меңгерушісі. Облыстық білім басқармасының маманы, басқарма бастығының орынбасары, бастығы. Облыс әкімінің аппаратының басшысы, облыс әкімінің бірінші орынбасары, облыстық мәслихат хатшысы.



**ЕФРЕМОВКА (ЖАМАНСУ)** – ауыл Мәртөк аудан орталығынан 35 км., Ақтөбе облыстық орталығынан 80 км., Құрмансай ауылдық аймағы орталығынан 10 км. орналасқан. Халық саны – 41 адам (2006 жылдың санақ бойынша). Ауыл 1910 жылы Орталық Ресейден көшіп келген Ефремовтар отбасынан құрылған. Ұжымдандыру жылдары Жамасу өзенінің жағасындағы ауылдан жергілікті тұрғындардың қоныстануынан халық көбес бастады. Соғыс басталмас бұрын 40-қа жуық аула болды. Ұлы Отан соғысының

уақытында Ефремовка ауылына Батыс Украина мен Польшадан 12 неміс, 2 поляк отбасылары еркіннен тыс қоныс аударылған. Олар алғашында ескі мектеп ғимаратында тұрып, кейіннен, желтоқсан айында өздеріне үй сала бастады. Бейбітшілік орнаған кезде олардан бір отбасы ғана еліне қайтты, қалғандары Қазақстанда қалып қойды. Фризен, Арендт тектілер Ефремовка жерін атағын бірнеше рет шығарды. Ауыл Жамансу өзенінің жағалауында орналасқан. Жергілікті тұрғындар өзенінің атауын суының ащы дәміне байланысты екенін түсіндіреді. Ауыл тұрғындарын әрқашан тұщы сумен екі терең құдық қамтамасыз етіп отырған. Бір көшесі бар. Бұрын бұл жерде колхоз болған, кейіннен 1957 жылы Дзержинский атындағы совхоздың құрамына кірген, ал 1964 жылы Ефремовка, қайта құрылған «Междуреченский» совхозының екінші бөлімшесі болды. Бөлімше оң қанатты болып саналды. Себебі егін өнімі мен сүт сауу көрсеткіштері бойынша алдыңғы қатарда тұрды. Ефремовка 12 түрлі көкөніс егетін бау-бақшасымен аудан көлеміне аты шықты. Мұнда ірі құс фермасы орналасқан. 1960-1990 жылдар аралығында жалпы ауыл шаруашылық өндірісінің 57 пайызын мал шаруашылығы құрады. Ерекше өнімді болған қой мен шошқа шаруашылықтары. 130 жылқысы болды. 70-ші жылдардың ортасында ірі қара мал басы көбейіп, әр-бір сауыншыға 30-дан астам сиырдан бөлініп, сүт өнімін артты. Бұл кезде ауылда үлкен құрылыс жұмыстары жүріп, жұмысшыларға бір көше, яғни 14 үй тұрғызылды. Одан басқа ауылда бастауыш мектеп, медпункт, пошта, монша, балабақша, клуб, кітапхана, асхана, 5 база, машина ауласы болды. Ефремовка бүкіл аймаққа ұстаханасымен белгілі еді. 90-шы жылдары орталықтандырылған экономика құлдырап, «Междуреченский» совхозының екінші бөлімшесі тарап кетті. Бұдан соң шаруашылық нарық жолына түсті. Қазір Ефремовкада 7 шаруа қожалықтары бар: «Орал», «Меңслу», «Жақсекен», «Назым», «Атамекен», «Сарой», «Адал».

**ЕЩЕНКО АЛЕКСАНДРА ГРИГОРЬЕВНА** (27.09.1938ж. Мәртөк ауданы Андреевка а.) – белгілі сауыншы. Мектеп бітірген соң Андреевка ауылында сауыншы болып жұмыс істеген. Ұзақ жылдар бойғы ерен еңбегі үшін «Құрмет белгісі» медалімен марапатталған. Облыс және аудан көлемінде Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайлынған.

## Ж

**ЖАБАСОВ СОВЕТ** 1933 ж. Амангелді а. Мәртөк ауд. Мәртөк орта мектебін бітіріп, Ленинград қаласында орман академиясын тәмамдаған. Еңбек жолын Тула обл. бастаған. Еңбек ете жүріп, оқуын жалғастырған. Тула қаласында құрылыс инст-тын бітіріп, екінші мамандыққа ие болған. 60 ж. Асуан су қоймасын салуда инженерлік қызмет атқарған. Соңғы жылдары Тула қ. тұрған.

**ЖАЙКИН ЖАПАР ТАЙЖАНУЛЫ** 12.09.1922 ж. Ақтөбе обл. Мәртөк ауд. Кенсахара а. туған. 1930-39 ж.ж. Ақтөбе қаласы №6 орта мектебінде оқиды. 1940-45ж.ж. ҰОС ардагері. Батыс Калинин, Прибалтика, Белоруссия майдандарында қатысты. Пулемет ротасының командирі. 1949-52 ж.ж. Мәртөк ЖЭУ жол шебері. I дәрежелі Отан соғысы орденімен, Маршал Жуков медалімен және II дәрежелі медальмен марапатталған.

**ЖАЙСАҢ** – Мәртөк ауданының батысында, Қараағаш өзенінен 25 шақырым жерде, Ақтөбеден 100 шақырым жерде орналасқан. Тұрғындар саны – 2833 адам. Ауылда алғашқыда 6 жер үй болған. Орынбор-Ташкент темір жолы салынған, малшаруашылығына, егiстiкке, балық шаруашылығына қолайлы жер. Топографиялық картада бұл жер 1905 жылы белгіленген. Картада никел белгісімен Ресейдің негізгі штабы белгісі бар. 1920 жылдың шілде айына дейін Жайсаң Торғай облысына қараған. Жайсаң станциясының бастықтары – Дурманов Г., Макаров, Алпатов К.С., Харин А.П. 1917 жылы революциядан кейін Жайсаң селолық округінде Рубенштейн, Безручко С. жолдастар басқарма болған.

1935 жылдан бастап “Жайсаң” Ақтөбе облысына кірді. 1918 – 1919 жылдарғы қиыншылық заманын бұл жердің тұрғындары да бастарынан өткізді. Ол жылдары атакты М.В.Фрунзе басқарған Ақтөбе фронты шығысқа жылжып, Түркістан фронтына қосылды. Штаб біршама уақыт Жайсаңда болған. Фронт командирлері Зиновьев Г.В., сосын Астраханцев А.И.болған. ақтөбе фронтының жауынгерлері атаман Дутовтың ақтарымен соғысқан. Бұл ұрыста ағайынды Ходотаевтар қаза болды. Бұл қызыл әскерлердің есімімен Жайсаңда аталатын көше бар, ескерткіш қойылған. Коллективтендіру, құрғақшылық, аштық кездері өте қиын болды. Бұл қиындыққа төзе білген ауыл тұрғындары еңбек етті, ( МТС) машина-трактор станциясын салды, комбайнер, тракторшы, жүргізуші мамандығын оқытатын оқу комбинатын ашты. Революцияға дейін Жайсаңда диірмен жұмыс жасап, Мәртөк және Ақбұлақ аудандарына ондаған жылдар бойына қызмет көрсетті. Қазір ол жерде элеватор, астық қоймалары, жер асты жолдары бар. сонымен қатар мектеп ашылды, шаруашылық тұтынушы кооперациясы, амбулатория, дәріхана жұмыс істейді. 1921 жылы құрғақшылық кесірінен аштық басталды. 1927 жылы 2 ақпанда Жайсаңда ауылшаруашылық және орманшаруашылық жұмысшылар комитеті құрылды. Оған “Степь”, “Қазақстан” колхоздары қосылды.

Ұлы Отан соғысы кезіндегі 1941-1945 жылдары өте қиын жағдай болды. Соғысқа кеткен ер азаматтар туған жеріне оралмады. Оларға арналып ауыл ортасында ескерткіш қойылды. Ауылдың барлық жұмысы әйелдер мен балаларға жүктелді. 1945 жылдан соң Жайсаң тез көтеріле бастады, жаңа шаруашылық нүктелері пайда болды. Жайсаңда көмір іздеушілер бригадасы жұмыс жүргізді. Геолог К.Д.Мусатовтың басқаруымен 97 млн. тонна көмір өндірілді. Шахта ашылып ауыл тұрғындары жұмыс жасай бастады. Онда қызмет еткендер: Н.Д.Кузнецов, А.Бутенко, А.Боленко, М.Сафин, У.Такилов,

Т.Сафина, Т.Кузнецовалар көмірдің тереңдігін, қалыңдығын анықтады. 50-ші жылдары паровоз депосы ашылып кейіннен темір жолға тепловоз енгізілгесін депо совхозға берілді. Ол жерде алғашқыда жем сақтайтын қойма, кейіннен тон зауыты болды. Учаскелік аурухана, мектеп, тон зауыты, дәріхана, наубайхана, монша салынды.

1936 жылы Гарифулиндер мен Вагаповтардың отбасылары татарстаннан көшіп келіп Гарифулиндер бақшасын ашты. Жүк поезымен әкеліп жеміс ағаштарын 30 га жерге, 23 га жерге бақша өнімдерін отырғызды. Бақшада жұмыс жасағандар: Закирова Мария, Марченко Ефросиньялар болды. Бұл бақша өнімдері Жайсаңдағы аурухана, балабақша, мектеп интернаттарын қамтамасыз етіп қана қойған жоқ, аудан орталықтарына да жіберіліп отырды. Бұл бақшада қияр, жуа, сәбіздердің тұқымдары дайындалып, Ақтөбе қаласына жіберіліп тұрды. Өте жақсы тұқымдарды Индияға, Сібірге жіберіп отырған. Волковтың бригадасында жұмыс істеген Т.А.Сафин, М.Мұхамедгазин есімді жолдастар облыстан бірінші орынға ие болып, Москва қаласына ВДНХ-ға екі рет барып қайтты.

1957 жылы “Энгельс” атындағы колхоз кейіннен Жайсаң совхозы болды. Бұл совхозға қарасты елді мекендер: Жайсаң, Қазақстан, Жаңатаң, Шаруа және Маленков атындағы (Степь), Киров атындағы колхоздар (Первомайка, Қарағаш), Революция жолы (Рыбаковка, Жаңа жол), “Свет” колхозы (Вознесеновка). Жайсаң селосында бұл колхоздармен бірге жеті бөлімшелер ашылды. Бұл шаруашылықта 106058 га жер көлемі болып, негізгі шаруашылық астық пен малшаруашылығы болды. Шабындық жер көлемі – 19541 га, қалғаны – 24000 га. Шаруашылықта 3000 га жерге қара бидай, 16631 га жерге бидай, 5541 жерге арпа, 1400 га жерге сұлы, 1143 га жерге тары, 900 га жерге жүгері, 633 га жерге күнбағыс, 70 га жерге арыш егілді. 153 га жерге картоп, 121 га жерге көкөністер, 110 га жерге бақша дақылдары, 300 га жерге және 400 га жерге түрлі дәнді дақылдар отырғызылды. 2599 га жерге көпжылдық шөп түрлері егілді. Бір жылда 19124 л сүт сауылды (бір сиырға бір жылда 2001 кг.). шаруашылықта 4000 сиыр, 2500 шошқа, 2700 тауық, 2954 ірі қара, 15504 қой, 40 ешкі, 4 түйе, 1 есек болды. 1957 жылы бірінші мал тұратын аула, 1 бұзау қора, 1 шошқа қора, 14 жатақхана іспеттес үйлер (728 кв. м.), 1 дүкен, 1,5 шақырымдық су құбыры, екі шахта, 11 электростанциялар (87 мотор), 443 ат күші болды. Совхоздағы техникалар: 80 шынжыр табанды тракторлар, “ДТ-54”-74, “КДП-35”-4. Дөңгелекті 28 трактор (“СХТЗ”-1, “ХТЗ-7”-2, “ДТ-24-2”-4, “Белорусь”-7, т. б. дөңгелекті тракторлар 10. 104 комбайн: С-4 самоходы, 13 футты, “Коммунар” және “Саркомбайн” 15 футты – 63, С-6 комбайны, 16 футты – 41; 43 автокөліктер, олардың ішінде “ГАЗ-АА” 1,5 тонн-2, “ГАЗ-93” 2,5тонналық-5, “ГАЗ-51” автокөлігі –1. Сол сияқты бұл шаруашылықта 5 сауыншылар агрегаты, 7 қой қыратын агрегаттар, 6 автоцистерна, 6 жеңіл машина, 15 автотіркеуіш, 13 трактор тіркеуіш, 13 трактор шанасы, 2 мотоцикл, 2 дәнекерлеу аппараты, газбен дәнекерлеу аппараты, жуу машинасы, трактор және машина жуатын

насос, 2 кран, 1 жылжымалы кран, 3 көтеру құралы, 102 жер жыртқыштар болды.

1958 жылы құрылыс қарқынды жүрді. 1 пресс және 5 кірпіш шығаратын пресс жұмысқа қосылып, 23 сиыр 7 шошқа, 7 бұзау, 5 тауық, 5 жылқы, автогараждар, 2 артезиан құдығы, 34 шахта, астық кептіретін қойма, жөндеу шеберханасы, 1 көкөніс теплицасы салынды. Мектеп салынды, 6 клуб, 4 балабақша, 1 асхана, 3 монша, 9 үй, 79 әртүрлі құрылыстар салынды.

1965 жылы “Жайсаң” совхозы күрделіленіп “Первомай” совхозынан бөлініп шықты. 1972 жылы жайсаңдықтар тұқым түрін жаңарту мақсатында Болгарияға барып қайтты. 1973 жылдан бақша бригадирі болып Губайдуллин Абдулхак қызмет істей бастады. Өте жақсы көрсеткіштерге жеткен бақша жұмысшылары Үкімет тарапынан мақтау қағаздарымен марапатталды. Губайдуллин А. “Құрмет белгісі” орденімен марапатталды және сонымен қатар көкөніс өсіруде тракторшылар, Шавкилов Касаин мен Кайтоненко Иван “Даңқ” орденімен марапатталды. Шаруашылықтың негізгі көзі – астық және ет өнімдері болды. 1975 жылы әр гектардан 18 ц. астық алып, 3400 ц. ет дайындады. Бұнда “Ленин” орденінің кавалері, агроном Есенғалиев Сағынбай қызмет етіп, Мәртөк ауданына елеулі үлес қосты. “Еңбек даңқы” орденімен В.И.Доборин – жүргізуші, И.Д.Кайтоненко – механизатор, Е.Мусин – механизатор, К.Шавкилов – механизатор, У.Имангазин – малшы марапатталса, “Октябрь Революциясы” орденімен Есенова Шамшия, “Халықтар достығы” орденімен Гудебский Чеслав – механизатор, С.Курмашев – механизатор; “Қызыл жұлдыз” орденімен И.И.Зинченко – механизатор, В.П.Зажурило – механизатор, П.М.Горох – бөлімше бастығы, А.Темірбекова – малшы, Ф.А.Симоненко – механизатор, Х.Дүйсенғалиев – механизатор, М.Уразбаева – малшы, У.Имангазин – малшы, А.Губайдуллин – бригадир, П.А.Плюшкин – жүргізуші, сауыншылар – К.Жакупова және С.Сарманова, жұмысшы – А.П.Бутенко, П.В.Мельниченко – бригадир, С.Мурзагулов пен Я.П.Энгельман – жүргізуші, П.Д.Янцен, Н.Курмашев марапатталды.

1995 жылдан “Жайсаң” совхозы коллективті “ЖСШ Жайсаң”, ал 1999 жылдан ЖШС “Жайсаң”, 2007 ж – “Жайсаң” ШҚ болды. Ауылда орта мектеп, дәрігерлік амбулаториясы, ПШ-13, арнаулы мектеп-интернаты, КПП “Жайсаң”, пошта, кітапхана, клуб, монша, дүкен, кафе, ШҚ “Тон”, “Жайсаң” шаруашылық базасы бар.

**Жайсаң орта мектебі** 1930 жылдан бастап істеп келеді. 1967 жылы 380 орындық типтік мектеп салынды. Бұл мектептен 63 жылда (1979 оқушы) бітіріп шықты. Мектеп директорлары көп жылдар бойы Ещанов Күмісхан, Барановский Доминик, Капстов Жаксыбай болды. Бұл мектеп өзінің белгілі шәкірттерін мақтан етеді. Олар: МКБ генералы Анатолий Дружин, академик Виктор Капустян, әскер дәрігер Владимир Дурманов, әнші Жұмағұлова Галия, әскери тілші Анатолий Гордиенко, Техникалар ғылымының кандидаты Виталий Мазур, Анатолий Куновин, Ақтөбе жоғары ұшқыштар училищесінің доценті Людмила Харина, авиация инженері Анатолий Харин,



педагогика ғылымдарының кандидаты Нұрлан Мухлисов және Зоя Мухлисова, Петр Циммерман, депутат Федор Ширяев.

Мектепті алтын медальмен бітіргендер Вячеслав Жигалкович, Райса Хабибулина, Анатолий Куновин, Виктор Капустян, Виталий Мазур, Андрей Перышкин, Татьяна Билай. Күміс медальмен бітіргендер, Петр Рубцов және Петр Луценко. Ерекше аттестатпен бітіргендер Алла Бойко, Нұрлан Ілиясов. Любовь Рожкова шаңғы жарысынан Қазақстан чемпионы, СССР чемпионатында жүдделі орынның иесі. Мектеп оқушылары үш рет Москва қаласында өткен Бүкілодақтық жастар слетіне қатысты.

Ағартушы озаттары: Тамара Барановская, Клавдия Колесниченко, Аманжол Бекбанов, Смағұл Иманғазин.

**№13 ЖАЙСАҢ КӘСІПТІК ЛИЦЕЙІ** – 1936 жылы Қостанай облысы, Херсон оқу комбинатының оқу базасының жанынан құрылған “УМСХ”. Мектеп директоры Омар Мұсабаев Мұсабайұлы. Соғысқа дейінгі жылдары бұл мектепте колхоз председателдері, бригадирлерді, комбайнерларды дайындау курстары өткізілді. 1942-1944 жылдары училище ғимараты танк жөндеу зауыты болды. 1945 жылға дейін 1-3 айлық курстар өткізіліп, онда әйелдер, қыздар оқытылып, соғысқа кеткен ер азаматтардың орнына механизатор болып жұмыс жасады. 1969 жылы “УМСХ” ауылшаруашылық кәсіптік-техникалық училищесі СПТУ№5 болып өзгертілді. 1970 ж. училищеде Ә. Молдағұлова атында мұражай ашылды. 1985 ж. училище №13 кәсіптік- техникалық училищесі, 1996 ж. Ақтөбе облыстық білім басқармасының №13 кәсіптік-техникалық мектебі, ал 2008 ж. №13 Жайсаң кәсіптік лицейі болып өзгертілді. Аталған кезеңдерде О.М. Мұсабаев, Г.И.Баранов, М.А.Сидоренко, П.И.Нагавкин, И.А.Новиков, Н.А.Ақдәулетов, В.А. Зайцев, Н.С.Хоженец, В.К.Долгов оқу орнының директорлары болып қызмет істеді. Ұзақ жылдар бойы осы училищеде оқытушы және шебер болып жұмыс істегендер: И.Л.Лапшин, И.А.Ганжа, Е.И.Хоженец, В.К.Петров, М.Ж.Ізбасов. Қазіргі таңда кәсіптік лицей фермер-арендатор, тігінші, жалпы құрылыс шебері, жүргізуші және жеке компьютер пайдаланушы мамандықтарын даярлайтын барлық материалдық базамен қамтамасыз етілген. Оқу орнының жанында клуб, монша, асхана және 90-100 орындық жатақхана бар. Сонымен бірге практикалық жұмыстар жүргізіліп отырған жалпы көлемі 1200 га болатын жер аумағы бар.

ПДК Жайсаң арнаулы мектеп интернаты. Бұрын бұл мектептің орнында шіркеу болған. Ұлы Отан соғысы кезінде мұнда балалар үйі болған. Мектеп-интернаттың қарамағында балаларды оқытатын шеберхана, асхана тағы сол сияқты қажетті шаруашылық құрылыстары мен үлкен жер аумағы болған. 1974-1988 жж. құлағы кеміс еститін балаларға арналған мектеп-интернат, 1988-1994 ж. аралығында жетім балаларға арналған мектеп-интернат, ал 1994 ж. бері ПДК балаларға арналған мектеп-интернат болып өзгертілген.

## ЖАЙСАҢ СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІ

**ЖАЙСАҢ СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІ** – Мәртөк ауданының батысында орналасқан. Солтүстігінде Аққұдық селолық округімен, шығысында Мәртөк селолық округімен, оңтүстік-шығысында Тәнірберген селолық округімен, оңтүстігінде Байнассай селолық округімен, ал батысында Ресей Федерациясымен шектесіп жатыр. Жалпы жер көлемі 52712 га. Округ территориясынан темір жол және Республикалық маңызы бар тас жол өтеді.

**Климаты:** Округ жылы далалық зонасында орналасқан. Климаты шұғылконтинентті. Жыл ішіндегі ауа температурасының барысы қыста тұрақты аязды күндердің арты жазда ыстық күндермен жалғасуымен сипатталады. Қыс мезгілінде ауа райының ең салқын мерзім қаңтар айында - 46 аязбен, ал ең жылысы жаз айларының ішінен шілде айында +44 градус шамасына дейінгі температураны көрсетеді. Қыста қардың қалыңдығы 22-25 см құрайды. Көктемде қардың еруі біркелкі түрде сәуір айының алғашқы онкүндігінде басталады. Желдің негізгі бағыты – оңтүстік-шығыс.

**Жер бедері:** Жер бедері қауырсыз толқынды жазықтық, жазық аңғарлар мен терең сайлармен бөлшектенген. Жер бедерінің биіктігі 130-220 метр шамасында өзгеріп отырады. Жалпы жер бедерінің төмендеу бағыты оңтүстіктен солтүстік-шығыс бағытында байқалады. Жалғызоба, Қособа және Қырықоба секілді биік шоқылар бар.

**Топырағы:** Топырақ қатынасынан округ жері әртүрлі деңгейдегі тұздылығымен байқалатын қоңыр-қызғылт топырақты болып келеді. Елек өзенінің айналасында шалғындық-қызғылт топырақты. Жайсаң селосы маңына қарай топырағы балбанитеті кездесетін ашық-қызғылт құмды болып өзгереді.

**Гидрографиясы:** Округтің су құрылымын Елек, Ақсу өзендері, Құраша, Қаракұдық, Теренсай, Қарасу, Тікашасай, Ащықұй, Молалысай, Мадьярсай, Еризарсай, Мортқық ағынулары мен Қарапай, Құман, Черное, Мадьяркөл көлдері құрайды.

**Өсімдігі:** Жүргізілген геоботаникалық зерттеулер нәтижесінде округте жайылымдық өсімдіктер тобының дәнді бозселеу басым бөлігін алып жатырғандығы белгілі болды. Ал шөптесін өсімдіктерден басым бөлігін қара жусан, өңделмеген жерлерде жусанның өзге түрлері, типчак, тырсы кездеседі. Ағаш түрлерінен қарағаш, қайың, жиде, терек, үйінкі, бақ ағаштары, бұталар өседі. Жалпы округтің табиғи аймағында өсімдіктердің 250-ден астам түрлері бар.

**Жануарлар әлемі:** Округтің географиялық орналасуы ландшафтық-климат жағдайына орай хайуанаттар әлемі бай және көптүрлі болып келетіндігін түсіндіреді. Мұнда елік, қасқыр, түлкі, қоян, қарсақ, сарышұнақ, қосаяқ, ұсақ тышқантәріздес кемірушілер және қос мекенділер тіршілік етеді. Құстарға келер болсақ аймақ өзінің құстар әлемі айтарлықтай бай екендігін байқатады. Олардың ішінде аққу, құтан, тырна, дала бүркіті, кекілік, шіл, шағала, үйректердің барлық түрлері, бүркіт, үкі, жапалақ, торғай, қараторғай,

қарға, бәбісек, ұзақ, сауысқан, көкек, шымшық, қарлығаш тағы басқалары(шамамен 160 түрі) бар. Өзендер мен табиғи су қоймаларында балықтардың сазан, мөңке, алабұға, шортан, көксерке, шабақ, табанбалық, таутан секілді бағалы түрлері кездеседі.

**Ресурстары:** Жайсаң селолық округінде табиғи көмір қоры, құрылыс материалдарынан құм және қиыршық тас қорлары бар. Жер ресурстары соның ішінде кен орындары – 1847 га, шабындық – 1400 га, жайылым – 6115 га және егіс алқабы – 6961 га жерді қамтиды.

**Халқы:** Округ құрамына 6 елді мекен кіреді, олар Жайсаң, Целинное, Қазақстан, Жанатан, Хозауыл және разъезд. Жалпы округте 792 аула бар. Ал халық саны 3210 адамнан тұрады. Олардың 60 пайызы қазақ, 19 пайызы орыс, 12 пайызы украин, қалған 9 пайызы өзге ұлт өкілдерінен тұрады. Округте 23 ұлттың өкілдері жасайды. Халықтың тығыздығы 1 шаршы км-ге 6 адамнан келеді.

**Ауыл шаруашылығы:** Жайсаң селолық округі табиғи-климаттық жағдайына қарай ылғалдылықтың жеткіліксіз аймағына жатады. 2007 жылғы көрсеткіш бойынша округ территориясында егін салатын 38 ШҚ және №13 КМ оқу шаруашылығы жалпы 15210 га жерді алып жатыр. Дәнді дақылдар егетін жер аумағы 2747 га құрайды, оның ішінде 1388 га-ға бидай, 1342 га-ға арпа егіледі. Сонымен бірге округте көкөніс өсірумен айналысатын «Темірхан» ШҚ-ты 6 га-ға картоп, 0,5 га-ға сәбіз, 7 га-ға күнбағыс, 3,5 га-ға қырыққабат егеді. Ал «Жайсаң» ШҚ сүт өндіру бағытында сырттан әкелінген ірі қара өсіреді, және де қой өсіру бағытында да жұмыстар жүргізілуде.

ШҚ-тарының жалпы жер көлемі 15822 га.

- «Жайсаң» ШҚ - 4817га. - Калдыгулов С.
- «Умит» ШҚ - 102га. – Шаңдыбасов Т.
- «Разлив» ШҚ -38га. – Гевлиш С.
- «Молдан» ШҚ - 236га. – Хайрулин А.
- «Жибек жолы» ШҚ - 68га. – Акназаров У.
- «Бердибай» ШҚ - 120га.- Мурзагулов С
- «Барсай» ШҚ - 337га. – Хусаинов К.
- «Жанатан -1» ШҚ - 91га. – Жунусов Г.
- «Хаким» ШҚ -163га. – Шарипов К.
- «Кадыр» ШҚ - 187га. – Жалменов А.
- «Жарылғал» ШҚ - 239га. – Кубенов А.
- «Шахмаран» ШҚ - 70га. – Бурықбаев К.
- «Габдол» ШҚ - 179 га. – Кужиров Б.
- «Т-Сағынай» ШҚ - 181га. – Таганиязов А.
- «Молшылық» ШҚ - 100га. – Омаров А.
- «Ырыс» ШҚ - 104га. – Аркабаев Ж.
- «Орынғали» ШҚ - 102га. – Оразғалиев О.
- «Бакберген» ШҚ - 120га. – Оспанов О.
- «Сайман» ШҚ - 42га. – Байтуғанов Ж.

«Жайлау» ШҚ - 172га. – Беккужин А.  
«Жайық» ШҚ - 132га. – Кудабасев М.  
«Тын» ШҚ - 919га. – Хусаинов А.  
«Досмагамбет» ШҚ - 204га. – Кульбараков Б.  
«Алжан» ШҚ - 71га. – Альжанов С.  
«Каир» ШҚ - 204га. – Рафиков С.  
«Темирхан» ШҚ - 31га. – Латыпова Ф.  
«Кенес» ШҚ - 28га. – Ракишев К.  
«Гайса» ШҚ - 68га. – Шарипова Г.  
«САК» ШҚ - 295га. – Каламгазин К.  
«Радуга Р» ШҚ - 29га. - Ридель А.  
«Ата» ШҚ - 69га. – Айгужин С.  
«Каукар» ШҚ - 440га. – Акпанов С.  
«Жандос» ШҚ - 85га. - Каржауова Т.  
«Асхат» ШҚ - 416га. – Даулбаев Б.  
«Достан» ШҚ - 434га. – Дарханбаев И.  
«Такилов» ШҚ - 170га. - Такилов  
«Пайда» ШҚ - 289га. – Вильмс В.  
«Сырга» ШҚ - 146га. - Мурзин А.  
«Султанбек» ШҚ - 204га. - Макатов А.  
«Альбина» ШҚ - 150га. - Уразбаев К.  
«Нариман» ШҚ - 114га. - Кенжегалиев У.  
«Рамазан» ШҚ - 246га. - Сеитов К.  
«Амир» ШҚ - 155га. - Закенов Б.  
«АДЖИ» ШҚ - 137га. - Дархамбаев И.  
«Асау-Барак» ШҚ - 104га. – Бадашев  
«Айдос» ШҚ - 174га. - Мадияров Е.  
«Сеит» ШҚ - 56га. - Сеитов К.  
«Конырбай» ШҚ - 136га. – Мурзагулов Т.  
«Мамыр» ШҚ - 256га. – Мамиров Б.  
«Адилгали» ШҚ - 274га. – Дуйсенбаев М.  
«Ануар» ШҚ - 187га. – Ахметов Б.  
«Маясар» ШҚ - 58га. – Аманкулов.  
ПЛ-13 жері - 1296га.

**Білімі:** Қазіргі таңда округте 4 мектеп жұмыс істейді. Жайсаң ауылында орта мектеп, ПДК балаларға арналған арнаулы мектеп-интернат және №13 КЛ бар. Целинное ауылында бастауыш мектеп бар.

**Денсаулық сақтау саласы:** Округте 1 дәрігерлік амбулатория және Жаңатаң, Целинное ауылдарында 2 ФП орналасқан. Жалпы мұнда 1 дәрігер және медбикелер жұмыс істейді.

**Мәдени ағарту жұмысы:** Округ территориясында 2 клуб бар. Жайсаң ауылында кітап қоры 9840 кітап болатын ауылдық кітапхана жұмыс істейді. №13 КЛ-де клубы бар.

**Спорт:** Округте 1 волейбол, 1 футбол командасы бар. Олар аудандық және аймақтық спартакиадалардың белсенді қатысушылары.

**Мәдени мұралар:** Жайсаң селолық округінің территориясында «савроматтар» мәдениетінің ескерткіштері бар, бұл біздің дәуірімізге дейінгі 4 ғасырдың ортасымен 5 ғасырдың басындағы көне көшпенділер мәдениетінің бастамасы. Мұнда ертедегі мұсылмандардың қорған бейіті орналасқан (Целинный-1). Ол Елек өзенінің сол жақ жағалауында беті жазық төбешікте, Жайсаң ауылының оңтүстік-батысында 7 шақырым, ал Целинное ауылының батысында 1,5 шақырым қашықтықта орналасқан. Зерттелген қорғандардың негізгі бөлігі қола және ертедегі темір ғасырына жатады.

Целинный – I обалы бейіті. Жайсаң станциясынан оңтүстікте 5,5 км жерде және Целинный ауылынан батыста 1,5 км жерде Елек өзенінің сол жағалауындағы биік суайрық жотада шоқ болып орналасқан 70 жер құрылысынан тұрады. 70 құрылыстың ішінде 3-і тікбұрышты алаңды (гибдатхана) және 2-і ұзын оба. Ұзын қабырғаларымен 2 гибдатхана солтүстіктен оңтүстікке және 1-і солтүстік батыстан оңтүстік шығысқа қарай бағытталған. АОТӨМ-нің археологиялық барлау тобымен табылған.

Целинный – II обалы бейіті. Целинный ауылынан оңтүстік шығыста 2,5 км жерде меридиандық бағыттағы кішкене суайрықта орналасқан жарты шар тәріздес жер оба (7x0,3). Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987 жылы жазда табылған. Паспортталған.

Целинный – III бейіті. Солтүстік батыстан оңтүстік шығысқа 420 м жерде тар суайрықты жағалай төрт жер оба орналасқан. Диаметрі 10-28 м болатын үлкен обада тригопункт орнатылған. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987 жылы жазда табылған. Паспортталған.

Целинный – IV бейіті. Оңтүстік батыстан солтүстік батысқа 750 м жерде бір-бірінен жолмен бөлініп жатқан жазық суайрық жотада көлемі 55x6,5 және 50x3 м болатын екі жер оба орналасқан. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық экспедициясымен 1987 жылы жазда табылған. Паспортталған.

Целинный – V бейіті. Целинный IV және VI қорымдарының үлкен обаларының арасындағы үлкен суайрықтың басында орналасқан көлемі 22x0,4 м болатын үйіндісі жарты шар тәріздес формалы жер оба. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық экспедициясымен 1987 жылы жазда табылған. Паспортталған.

Целинный – VI обасы. Елек өзенінің сол жағалауындағы кең суайрықтың басында орналасқан тереңдігі 1 м болатын ормен қоршалған көлемі 60x3 м болатын жарты шар тәріздес формалы жер оба. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық экспедициясымен 1987 жылы жазда табылған. Паспортталған.

Целинный – VII бейіті. Үш жер оба Елек өзенінің бірінші жайылма үсті террасасының шетінде орналасқан. Батыс-шығыс өсі бойынша 140 м жерге созылып жатыр. Үйінділер жатыр шар тәріздес формалы. №1 оба басқаларынан меридиандық бағыттағы жырамен бөлініп тұр. Ол шығыстағы №2 обадан (1,2x15 м) 105 м жерде орналасқан. №1 оба көлемі 1,0x1. №3 оба параметрлері – биіктігі 0,6м, диаметрі 10 м. Обалардың маңында үйінді жасау үшін топырақ алынған терең орлар бар. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987 жылы тамызда табылған. Паспортталған.

Яйсан – I бейіті. Диаметрі 6-30м, биіктігі 0,1-1,8 м болатын 12 жер оба солтүстік-солтүстік батыс бағытында қыратта жыртылған жерді бойлай 300м қашықта орналасқан. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1987 жылы жазда табылған. Паспортталған.

Яйсан – II бейіті. Батыс-шығыс желісі бойынша бір-бірінен 100 м қашықта дала жолындағы суайрық жотаның басында орналасқан диаметрі 8-10 м, биіктігі 0,2-0,3 болатын үйіндісінде шағыл тастар кездесетін екі жер обадан тұрады. Ескерткіш ортағасырлық кезеңге жатады. АПИ археологиялық тобымен 1987 жылы жазда табылған. Паспортталған.

Яйсан – III бейіті. Жотаның басындағы жыртылған жерде үш жер оба (1-50м, 2-20x1,5м, 3 – 16x0,4 м) орналасқан. Екінші оба біріншісіне шығыс жатқан тығыз жанасып жатыр. Үлкен оба айналасы көлемі 10м болатын ор. Оның төбесінде триангуляциялық белгі орнатылған. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1987 жылы жазда табылған. Паспортталған.

Яйсан – IV бейіті. Жазық қыраттың жотасында орналасқан төрт жер обадан тұрады. Обалардың биіктігі 0,1-ден 0,7м, 7-ден 20 м диаметрлі топырақты үйіндісі жайылмалы жарты шар тәріздес формалы. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1989 жылы жазда табылған. Паспортталған.

Яйсан – V бейіті. Жазық қыраттың жотасындағы ашық далада орналасқан бөлек оба. Көлемі 20 м, биіктігі 1,5 м болатын жарты шар тәріздес үйінділі жер оба. Обаның ортасында тонау шұңқыры байқалады. Ескерткіш

ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1989 жылы жазда табылған. Паспортталған.

Шаруа орналасқан орны. Биіктігі 13 м болатын топырақты тік жар Елек өзені деңгейінен алыстан қоршаған айналаның далалық бөлігінің көмескі түстерінің және бірінші жайылма үсті террасасы ағаштар мен жасыл бұта фонында жақсы көрініп тұр. Тік жардың өзенмен қалпына келтірілген ұзындығы 0,5 км-ден асады. Үстінде 0,6-0,8 м топырақты-өсімдікті қабат, 0,6-3м ашық сұр саз бен құмнан тұратын тау жынысты қабаты жатыр. Саз бен құмнан тұратын тау жынысы тереңдеген сайын 5 м-ге дейін жететін ашық сары түсті сазды құмға көшеді. 5 м-ден 7 м-ге саз бен құмнан тұратын тау жынысы қалыңдығы 40 см болатын ақ құм қатпарынан ашық сары түсті қиыршықты құм көрінеді. 12 м-ден 12,4 м интервалында (Елек өзені деңгейіне дейін) күнгірт сұр, ал азулар табылған жерде тығыз құмдақ саз. К.Ж. Жылқыбаев, Б.С. Қожамқұлованың анықтауынша жабайы түйе, жүнді мүйізтұмсық, үнгірден қазылған арыстан және қорқау қасқырдың сүйек қалдықтары құлама жардың бүкіл бойынан емес, тек жазық мүйіздің өзенге кіретін орта бөлігінде ғана табылған. 1975 жылы табылған жәдігерліктерді: ірі жануардың (зіл немесе мүйізтұмсық болуы мүмкін) жауырын сүйегінің сынығы және әбден желге мүжілген палеолит кезінің тас құралы құрады. Табылған түрлі жануарлардың сүйектері бұл жерде палеолит аңшыларының тұрақтары болуы мүмкін деген болжам жасауға мүмкіндік береді.

Шаруа бейіті. Солтүстік-солтүстік шығыс және оңтүстік-оңтүстік батыс өсі бойынша 490 м жерге созылып жатқан 8 оба тізбегінен тұрады. Обалар егіндіктің ескі орнында орналасқан. Үйінділер жыл сайынғы жер айдаумен тасып құртылған. Обалардың көлемі 0,4x8 м-ден 0,6x24 м. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987 жылы жазда табылған. Паспортталған.

Шаруа – I бейіті. Елек өзенінің оң жағалауындағы суайрық басында орналасқан 10 жер обадан тұрады. Обалар солтүстік-шығыс-оңтүстік батыс өсі бойынша 300 м жерде топталған. Ең ірі №1 обаның төбесінде геодезиялық белгі орнатылған. Ұзаққа созылған жер айдау нәтижесінде үйінділер тегіс формаға ие болған. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987 жылы табылған. Паспортталған.

Шаруа – II бейіті. Солтүстік-шығыс-оңтүстік батыс өсі бойынша Елек өзенінің оң жағалауындағы суайрық басында биіктігі 0,3-тен 0,7 м, диаметрі 12-20 м болатын екі жер оба орналасқан. Үш оба да тегіс жыртылған. №3 оба (0,3x10м) шеткі солтүстік №1 обадан батысқа қарай 120 м жерде орналасқан. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987 жылы жазда табылған. Паспортталған.

Шаруа – IV бейіті. Елек өзенінің оң жағалауындағы суайрық басында жүйесіз орналасқан 9 жер обадан тұрады. Обалар көлемі 200x200 м болатын алаңда орналасқан, оның ішінде ең үлкен оба көлемі 0,8x24 м, қалғандары 0,3x8 м-ден 0,6x13 м. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987 жылы жазда табылған. Паспортталған.

Шаруа – V бейіті. Елек өзенінің оң жағалауындағы суайрық басындағы жыртылған жерде орналасқан 3 жер обадан тұрады. Ұзындығы 95 м болатын ендікті тізбек түріндегі обалар тегіс жыртылған. Олардың үйіндісінің биіктігі 0,1 м-ден аспайды, ал диаметрі 8, 14,6 м. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987 жылы жазда табылған. Паспортталған.

Ташошқасай – I бейіті. Жарты шар тәріздес үйінділі (7x0,4 м) екі жер оба Елек өзенінің сол жағалауындағы бірінші жайылма үсті террасасының құлама жарында орналасқан. №2 обаның бір бөлігі Елек өзені жайылмасының тік жарымен бұзылған. Ескерткіш ортағасырлық дәуірге жатады. АПИ археологиялық экспедициясымен 1987 жылы жазда табылған. Паспортталған.

Ташошқасай – II бейіті. Диаметрі 8-14 м, биіктігі 0,1-0,9 м болатын бес жер оба Ташошқасай I қорымынан оңтүстікте егіс жолынан 900 м жерде батыс-солтүстік батыстан шығыс-оңтүстік шығысқа 120 м-ге созылып жатыр. Ескерткіш ортағасырлық дәуірге жатады. АПИ археологиялық экспедициясымен 1987 жылы тамызда табылған. Паспортталған.

Ташошқасай – III бейіті. Мұсылман моласынан батыс шетінде Елек өзенінің сол жағалауындағы жайылма террасасының тік жарында орналасқан жер оба (7x0,3). Ескерткіш ортағасырлық дәуірге жатады. АПИ археологиялық экспедициясымен 1987 жылы тамызда табылған. Паспортталған.

Ташошқасай – IV бейіті. Мұсылман моласының аумағында 300 м жерде батыстан шығысқа қарай тізбек бойынша созылып жатқан жарты шар тәріздес формалы (4-25x0,2-15м) 12 жер обадан тұрады. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық экспедициясымен 1987 жылы тамызда табылған. Паспортталған.

Ташошқасай – V бейіті. Солтүстіктен оңтүстікке тізбек бойынша 600 м жерге созылып жатқан 11 жер обадан (12-48x0,2-2,5 м) тұрады. №2 обадан басқалары тоналған. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық экспедициясымен 1987 жылы тамызда табылған. Паспортталған.



Ташошқасай – VI бейіті. Целинныйдан Ақсу ауылына баратын жолдағы биік қыраттағы егістіктің ескі орнында орналасқан екі жер обадан тұрады. Біреуінде тригопункт орнатылған, екіншісі тегіс жыртылған. Көлемі 20x0,4 м. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық экспедициясымен 1987 жылы тамызда табылған. Паспортталған.

Жайсан ауылында азамат соғысы жылдарында қаза болған әскерлердің туысқандар қабірі. Туысқандар қабірінде тікбұрышты формалы бетонды стеллада кірпіш пен бетоннан жасалған пирамидалық формадағы 5 метрлік ескерткіш орнатылған. Ескерткішке бес тармақты жұлдыз кіргізілген. Ескерткішке «Здесь захоронены борцы за Советскую власть, погибшие от рук белоказаков красногвардейцы: Ходотаев Иван Сергеевич, Ходотаев Дмитрий Сергеевич, Мадьярин «Ваня» - 10 августа 1918 года» Вечная слава Вам товарищи! Память о Вас не забудет Яйсан благодарный» деген жазуы бар ескерткіш тақтасы бекітілген.

Ақтөбе майданындағы Кеңес билігін әскери-интернационалистер, бұрынғы әскери тұтқындар – чехтар, венгрлер, немістер, румындар, словактар ерлікпен қорғады. Тұрғындардың айтуынша туысқандар қабірінде 13 адам: ағайынды Ходотаевтар және интернационалдық бригадadan 11 венгр жерленген. Генерал – майор В.Т. Обухов жерленгендер тізімін толықтырды. Олар ақбұлақтық қызыл әскерлер: Қулагин және Зайсанов. Қазақстан территориясындағы азамат соғысының тарихи ескерткіші. Паспортталған.

## ЖАЙСАН СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША КӨП БАЛАЛЫ АНАЛАР



Дүйсенғалиева Ақзада Бекбосынқызы – 1940 жылы 7 тамызда Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы №33 разъезде туған. Білімі 7 кластық, 1957 жылы Дүйсенбаев Хабидуллаға тұрмысқа шықты. Өзі 32 жылдай сауыншы, жолдасы 40 жыл механизатор болып жұмыс істеді. 8 баласы, 25 немересі, 3 шөбересі бар. «Еңбек ардагері», «Ана даңқы» ордені мен аналық медалдерімен наградталған. Социалистік еңбектің озаты, озат сауыншы, 5 жыл аймақтық кеңес депутаты

болады. Қазір Жаңатан ауылында тұрады.

Сапарова Гүлжамал Абдуллақызы - 1930 жылы 1 маусымда Ресей Федерациясы Орынбор облысы Береговое селосында туған. 1950 жылы Сапаров Сейілбекке тұрмысқа шықты. Өзі 25 жылдан астам уақыт бұзаушы әрі сауыншы, жолдасы 40 жыл Караванный ауылында тракторшы болып жұмыс істеді. 8 бала, 22 немере, 1 шөбересі бар. Тылдың қатысушысы. 1984 жылы Қазақстанға қоныс аударған.



«Ана даңқы» ордені мен І және ІІ дәріжелі аналық медалдерімен наградталған. Қазір Жайсан ауылында тұрады.



**Келбатырова Гаухар** - 1926 жылы 1 қаңтарда Ақтөбе облысы Мәртеқ ауданы Сабындыкөл ауылында туған. Білімі 8 кластық. 1944 жылы Келбатыров Қуанышпен тұрмыс құрды. Өзі Қызылту колхозында қарапайым жұмысшы, жолдасы мұғалім болып жұмыс істеді. 10 бала, 24 немере, 11 шөбересі бар. «Батыр ана», «Еңбек ардагері», «1941-1945 жж Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 60 жыл» мерейтойлық медалімен наградталған. 1946 жылдан бастап Жанатан ауылында тұрады.

**Бадашева Дәмеш Жарасқызы** - 1942 жылы 29 маусымда Ақтөбе облысы Мәртеқ ауданы Құмсай ауылында туған. Білімі 7 кластық. 1963 жылы Бадашев Сақтағанмен тұрмыс құрды. 30 жылдан астам сауыншы болып, жолдасы Жайсан ауылының екінші бөлімшесінде тракторшы болып жұмыс істеді. 10 бала, 20 немересі бар. «Батыр ана» орденімен наградталған. Қазіргі таңда Жанатан ауылында тұрады.



**Тұрмылдинова Нақытай** - 1927 жылы Ақтөбе облысы Қобда ауданы, Бегалы ауылында туған. Білімі жоқ. 1945 жылы Тұрмылдинов Тауланмен тұрмыс құрды. Өзі разьезде жұмысшы, тылдың қатысушысы, жолдасы қарапайым шаруа. 1969 жылдан бастап Жайсан ауылының тұрғыны. Бұл жерде тері өңдеу зауытында жұмыс істеді. 8 бала, 21 бала немере, 2 шөбересі бар. «Аналық медалі», ІІ дәріжелі «Ана даңқы» медалі, «Ұлы Отан Соғысы жеңісіне 50 жыл» наградаларымен бар.

**Тұралиева Сақыпжамал** - 1939 жылы Ресей Федерациясы Орынбор облысы Ақбұлақ ауданы Үшқын ауылында туған. Білімі бастауыш. 1957 жылы Тұралиев Сәндібекпен тұрмыс құрды. Өзі үй шаруасында болған, жолдасы тракторшы және де Жайсан совхозындағы 9-шы тыл бригадасының мүшесі. 9 бала, 17 немере және 1 шөбересі бар. «Күміс алқамен» наградталған. 1957 жылдан бастап Жайсан селолық округінің тұрғыны.





**Акельева Надежда Ивановна** - 1929 жылы 7 наурызда Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Жайсан селосында туған. Білімі бастауыш. 1948 жылы Акельев Павел Ивановичпен тұрмыс құрған. Өзі АЗФ, ПМК құрылысшы, жолдасы Ұлы Отан Соғысына қатысушы, Жайсан совхозында малшы болып жұмыс істеді. 13 бала, 22 немере, 14 шөбересі бар. «Батыр ана», «Еңбек ардагері» наградлары бар.

**Галымгереева Валентина Гавриловна** - 1933 жылы Ресей Федерациясы Орынбор облысы Ақбұлақ ауданында туған. Білімі 7 кластық және ауыл малшаруашылық мектебін агроном мамандығы бойынша тәмамдаған. 1951 жылы Галымгереев Қапиятпен тұрмыс құрады. Жайсан ауылында мамандығы бойынша жұмыс істеп, тың игеруге қатысқан, жолдасы зоотехник қызметін атқарған. 9 бала өсіріп, 17 немере, 5 шөбере сүйіп отырған әже. «Күміс алқа», «Еңбек ардагері» наградлары бар. 1950 жылдан бастап Жайсан селосында тұрады.



**Бектемірова Шарипа** - 1946 жылы Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Қуандық аулында туған. Білімі орта. Жайсан ауылында жұмысшы болып, кітапханашы, клуб менгерушісі болып жұмыс істеді. 1965 жылы Бектеміров Балгереймен тұрмыс құрды. Жолдасы тракторшы болып қызметін атқарды. 8 бала, 9 немересі бар. «Күміс алқа» наградасы бар. 1976 жылдан бастап Жайсан ауылының тұрғыны.

**Чашкова Галина Тимофеевна** - 1941 жылы Қырғызстан облысы Красная речка ауылында туған. Білімі 7 кластық. 1961 жылы Виталий Иванович Чашковпен тұрмыс құрды. Өзі асханада аспаз, жолдасы тракторшы, Жайсан ауылында егіншілік бригаданың бригадирі болып істеді. 13 баласы, 38 немере, 2 шөбересі бар. «Батыр ана», «Алтын алқа» наградлары бар. 1948 жылдан бастап Жайсан ауылында тұрады.





**Мусина Ресалды** - 1949 жылы Ресей федерациясы, Орынбор облысы Акбұлақ ауданы Браиловка селосында туған. Білімі 7 кластық. 1965 жылы Мусин Есет тұрмыс құрды. Өзі үй шаруасымен айналысты, жолдасы тракторшы қызметін атқарды. 8 бала, 7 немере сүйіп отыр. «Күміс алқамен» наградталды. Қазірде Жайсаң ауылында тұрады.

**Әбилова Ұлжан** - 1927 жылы Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Еңбекші ауылында туған. Білімі 4 кластық. 1946 жылы Әбилов Сейтмұхамбетпен тұрмыс құрды. Өзі қарапайым жұмысшы, жолдасы Родниковка аудандық комсомол комитетінің нұсқаушысы, тракторшылар бригадасының басшысы. 13 бала, 30 немересі мен 13 шөбересі бар. «Батыр ана», «Аналық» ордені, «Еңбек ардагері» медалімен наградталған. Қазірде Жайсаң ауылында тұрады.



**Копылова Мария Петровна** - 1939 жылы Кыргызстан Республикасы Карабалты ауылында туған. Білімі арнаулы орта, құрылыс шебері. 1957 жылы Копылов Алексей Григорьевичпен тұрмыс құрды. Өзі үй шаруасында, жолдасы құрылысшы болып жұмыс істейді. 12 бала, 25 немере, 15 шөбересі бар. «Батыр ана», Аналық Ордені бар.

**Аманқұлова Мәдина** - 1938 жылы Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Қазақстан ауылында туған. Білімі 2 кластық. 1955 жылы Аманқұлов Тоқбергенмен тұрмыс құрған. Өзі үй шаруасында болған, жолдасы №33 разьезінде теміржолшы болып жұмыс істейді. 8 бала, 15 немере 1 шөбересі бар. «Күміс алқамен» наградталған. 1955 жылдан бастап №33 разьезде тұрады.





**Құдабаева Айман** - 1940 жылы 15 шілдеде Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының Жайсан ауылында туған. Білімі 7 кластық. 1959 жылы Жайықбай Құдабаевпен тұрмыс құрды. Өзі малшаруашылығында жұмыс жасаған, жолдасы Жайсан ауылында 40 жыл бойы тракторшы болып істеді. 8 баласы, 5 немересі бар. «Күміс алқамен» наградталған. Қазірде Целинный ауылының тұрғыны.

**Бұрықбаева Сәуле** - 1944 жылы Ресей Федерациясының Орынбор облысындағы Қызылту ауылында туған. Білімі 4 кластық. 1962 жылы Бұрықбаев Шахмаракпен тұрмыс құрды. Өзі қарапайым жұмысшы, жолдасы тракторшы қызметін атқарған. 8 бала, 8 немере сүйіп отыр. «Күміс алқамен» наградталған. Қазіргі таңда Целинный ауылының тұрғыны.



**Хайруллина Роза** - 1937 жылы 20 наурызда Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Қазақстан ауылында туған. Білімі 5 кластық. 1955 жылы Молдан Хайруллинмен тұрмыс құрды. Өзі қарапайым жұмысшы болып, жолдасы 41 жыл тракторшы жұмысын атқарды. Екеуі де тың жерлерді игеруге қатысқан. «Алтын алқа», «Батыр ана» атағына ие болған. Қазірде Целинный ауылында тұрады.

**Оразғалиева Бибан** – 1940 жылы 12 қазанда Ақтөбе облысы Елек кенесінде туған. Білімі 7 кластық. 1959 жылы Оразғалиев Орынбасарға тұрмысқа шықты. 25 жылдан астам уақыт бұзаушы, сауыншы болып, жолдасы малшы қызметін атқарды. 8 бала, 17 немере, 1 шөбересі бар. «Күміс алқамен» наградталған. Қазір Целинный ауылында тұрады.





**Нуржанова Бибапта** - 1936 жылы 10 шілдеде Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Қазақстан ауылында туған. Білімі жоқ. 1956 жылы Нұржанов Нағметулламен тұрмыс құрған. Өзі сауыншы, сақманшы, жолдасы малшы болып жұмыс істеді. 11 бала, 16 немересі бар. «Батыр ана» орденімен наградталған. Қазір Целинный ауылында тұрады.

**Елекова Несібелі** - 1945 жылы Ресей Федерациясы Орынбор облысы Ақбұлақ ауданы Советская ауылында туған. Білімі 7 кластық. 1963 жылы Елеков Төлепгергенмен тұрмыс құрған. Өзі шопан көмекшісі, жолдасы 40 жыл шопан болған. 8 бала, 12 немересі бар. Аналық II дәріжелі медалдарымен наградталған. Қазір Жайсан ауылында тұрады.



**Бойко Рузалия Тагировна** - 1957 жылы 15 қыркүйекте Ресей Татарстан Республикасы Лениногор қаласында туған. Өзі ауруханада санитарка, жолдасы Жайсан ауылында электрик болып жұмыс істеді. 8 бала, 1 немересі бар. «Күміс алқамен» наградталған. Қазір Жайсан ауылында тұрады.

**Айтжанова Тілектес** - 1941 жылы 30 желтоқсанда Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Жанатан ауылында туған. Білімі 7 кластық. Жайсан ауылында сауыншы қызметін атқарып, ауданның еңбегі сіңген сауыншысы атаған алған. 1959 жылы Зарлық Айтжановқа тұрмысқа шықты. Жолдасы тракторшы болып істеді. «Күміс алқамен» наградталып, 10 жыл аудандық кеңес депутаты болды, Ленин ордені мен «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградталған. Қазір Жайсан ауылында тұрады.



**Оленбург Светлана Витальевна** - 1970 жылы 20 қаңтарда Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Жанатан ауылында туған. Білімі арнаулы орта, тігінші-моторист. 1989 жылы Александр Петрович Оленбургпен тұрмыс құрды. Өзі үй шарушылығында, жолдасы «Жайсан» ЖШС-інде тракторшы. 8 баласы бар. Тігіншілікпен айналысады.

**Қарасаева Ынта Жұмабекқызы** - 1959 жылы Ақтөбе облысы Ленин ауданының Домбаровка ауылында туған. Білімі орта. 1978 жылы Қарасаев Тлегенмен тұрмыс құрған. Өзі үй шаруасында, жолдасы теміржолшы болып жұмыс істейді. 8 баласы, 1 немересі бар. «Күміс алқамен» нағрадалған.



**Танауп Кристина** - 1942 жылы 10 маусымда Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы Қазақстан ауылында туған. Білімі 7 кластық. 1961 жылы тұрмысқа шыққан. Күйеулері Арыстанов Арысбек, Танауп Қадырбек. Кристина Шымкент қаласында құрылыс материалдары комбинатында жұмыс істеп, сол жерде 20 жыл тұрды. Жайсан ауылына көшіп келгеннен кейін 20 жылға жуық Жайсан совхозында сауыншы қызметін атқарған. 8 баласы, 19 немересі бар. Тігіншілікпен айналысады. «Еңбек ардагері», бірнеше мәрте коммунистік еңбек озаты атағын, I және II дәрежелі аналық медалдарымен нағратталған. Қазіргі күні Жайсан ауылының тұрғыны.

**Әбілханова Злиха Аманжолқызы** - 1938 жылы Ресей Федерациясы Орынбор облысы, Ақбұлақ ауданы Шаған ауылында туған. Білімі 7 кластық. 1956 жылы Әбілханов Тезекбаймен тұрмыс құрды. Өзі 33 жыл сауыншы, содан кейін шопан болып, жолдасы 40 жыл Первомай ауылының №3 бөлімшесінде малшы қызметін атқарған. 10 баласы, 25 немересе, 2 шөбересі бар. «Батыр ана», «Еңбек ардагері» медальдарымен нағратталған. Қазіргі таңда Жанатаң ауылында тұрады.



**ЖАЙСАҢ КӨМІРІ** - 1930ж. табылған геологиялық іздеу жұмысын Оңт. Орал барлау және Ақтөбе барлау басқармасы жүргізді. Геолог К.Д.Мұсатов 1944ж. 13 қабаттан табылған қоңыр көмір, өндірісте және тұрмыста пайдалануға болатынын анықтады. Өндіру шахтасы ашылды.

**ЖАЙСАҢ ТОН ЗАУЫТЫ** - 1970ж. ашылды. 1972ж. Мұнда 180 адам тері илеу, тігін жұмысымен айналысты. Негізінен бұл жерде жабық тон, қолғап, кеудеше тігу жұмыстарымен айналысады.

**ЖАҚСЫҒАРИН ЖҰМАШ БЕРКІМБЕТҰЛЫ** (15.05.1929ж. Шаңды а.) – механизатор. Бастауыш мектебін тібірген. 1948 жылдың 16 қазанында кен қазушы болып шахтаға жұмысқа алынған (Қарағанды к.). 1959 жылы 22 наурыздан артелде жеке тігін шебері болып жұмыс істей бастаған. Сол жылы Дзержинский атындағы совхоздың №7 бөлімшесіне жұмысқа алынды. 1962 жылдан бері тракторшы. 1964 жылы Дзержинский атындағы іріленген совхоздан Междуреченский совхозына ауыстырылды. 1981 жылдан бастап радио торабында қызмет еткен. Екі мәрте «Еңбек Қызыл Ту» медалі және «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.

**ЖАҚСЫҒАРИНА (ӨТЕГЕН) МӘРЗИЯ**

**ЖҰМАШҚЫЗЫ** (01.04.1961 ж.т. Мәртөк ауд. Шаңды а.) – суретші-график, Қазақстан (1998), Ресей Суретшілер одағының мүшесі (1979). 1981ж. Ақтөбе мәдени-ағарту үн-ң көркемөнер және бейнелеу бөлімін 1993ж. Абай ат. Алматы мемл. уни-ң көркемөнер және графика факультетін бітірді. 1981-87ж.ж. Мәскеуде Лихачев ат. зауытта суретші, 1994ж. Қ. Жұбанов ат. мемлек. ун-ң бейнелеу өнері және сызу кафедрасының аға оқытушысы.



1994 жылдан бері эклибрис салумен айналысады. Эклибрис және графика бойынша өткізілген 80 халықаралық көрмеге қатысқан. Оның Қазақстанда, Ресейде және Польшада жеке төл шығармаларының 8 көрмесі өткізілді. Суретші туындылары Аргентинаның, Бельгияның, Италияның, Польшаның, Ресейдің, Францияның мұражайларында, қазақтың Ө. Қастеев ат. мемлекеттік мұражайында, Ақтөбе тарихи-өлкетану мұражайында, Мәскеу эклибрис мұражайында сақтаулы. Оңға тарта кітаптары көркемделген. Суретші линогравюра, акварель, офорт, портрет, натюрморт, табиғат көріністерін салумен айналысады. Қылқалам шебері 200-ден астам эклибрис салған. Негізгі тақырыбы - Қазақ ұлттық өнері. Эклибристердің Ақтөбе к. «Танба» орталығының төрағасы, «Ақтөбе қ-ң құрметті азаматы» (1999). Эклибристері «Эклибрис польски» (Варшава) журналында, «Книжное обозрение» газетінде (Мәскеу), Н.И.Яценконың «Мой Экзюперн» кітабында, «80 халықаралық» каталогтерде, т.б. басылымдарда жарияланған.

**ЖАМАНСУ** - өзені Мәртөк ауданының оңтүстік жағында орналасқан. Елек өзенінің сол жақ саласы. Ұзындығы – 42 шақырым. Құрмансай және Тәңірберген ауылдық аймағының территориясымен жүріп жатыр.





### **ЖАМАНШАЛОВ    ҮСЕН    ӨМІРЗАҚҰЛЫ**

(6.03.1941ж. Родников ауд. Шаншар а.) -1959 ж. Темір қ. зоовет тех-н бітіріп мал дәрігері мамандығын алған. 1973 ж. Алматы Жоғары партия мектебін бітіріп, 1961-70 ж.ж. Мәртөк аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы. 1970-84 ж.ж. ауатком төраға орынбасары, «Первомай» кеңшарының директоры, аудандық қоршаған ортаны қорғау комитетінің бас маманы. 1997-99 ж.ж. ауд. ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, 1999ж. аудандық мәслихат хатшысы, ауд. кеңес депутаты, халық депутаттары облыстық кеңесінің, мәслихатының депутаты. Үш медальмен, «Комсомолдағы үздік қызметі үшін», БЛКЖО ОК белгісімен, ҚЛКЖО ОК, обл. партия, комсомол комитеттерінің грамоталарымен марапатталған.

**ЖАНҒАЗИН ЕСТЕМІР** 1897-1959 ж.ж. Бірінші дүние жүзілік соғысқа қатысушы. 1939 ж. КОКП мүшесі 1940-53 ж.ж. «Құшақ» ұжымшарының төрағасы. Ауыл шаруашылығындағы табысты еңбегі үшін медальмен, 1939-56 ж.ж. Облаткомның грамотасымен, 1940 ж. ҚазКСР-нің Жоғарғы Кеңесінің «Құрмет» грамотасымен марапатталды.

### **ЖАНҒАЛИЕВ СЕЙІТҚАЛИ** (1913-1995ж.ж.

Ақтөбе у. Макпалсай а.) Кеңес одағы кезінде жергілікті мектепті бітірді. 1929ж. Ерназар бастауыш мектебінде мұғалімдік қызмет етті. 1930ж. Ақтөбе қ.-да ұстаздық курсына түсіп, 1934ж. бітіріп, Жаңа-Ақсу а. бастауыш мектепте ұстаз болды. 1939-1941ж.ж. Орал а/ш техн-да оқып, Жаңа-Ақсу а. ұстаздық жұмысын жалғастырды. 1944ж. Торангүл ауылдық кеңесінде төраға болып, Мәртөк аупартком нұсқаушысы. Мәртөк ауд.-дық білім бөлімінде 1973ж. ұстаз болып жұмыс жасаған. 1982ж. «Алтын аймақ», «Есет батыр» атты кітаптары жарық көрді.



### **ЖАУЫЛБАЕВ КЕНЖЕГЕРЕЙ БУҚАРБАЙ-ҰЛЫ**

(1931 ж. Мәртөк ауд. Горновод а.т. 1990 ж. қайтыс болған). Семей қ. дәрігерлік дайындау техн. бітірген. Еңбек жолын Ақтөбе тері зауытының шебері қызметінен бастаған. Ақтөбе облыстық комсомол комитетінің нұсқаушысы, кейін Мәртөк ауд.-ң комсомол комитетінің бірінші хатшысы болған. Алматы жоғарғы партия мектебін бітіріп, а/ш аймақтық басқармасының орынбасары қызметін

атқарған. Кейін Батыс Қазақстан совнархозында еңбек еткен. 1968 ж. Қазақстан Компартиясының ОК еңбек еткен. 1974 ж. министрдің орынбасары. «Құрмет белгісі», т.б. ордендермен марапатталған.



**ЖЫЛҚАМАНОВ ҚАНАПИЯ ЖЫЛҚАМАН-УЛЫ** 1912 жылы Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы, Жмбыл колхозында туған. Мектеп бітіргеннен кейін Армия қатарына шақырылған. 1936 жылы Чекалов қаласындағы 2 жылдық педкурсақ оқуға түсіп, 1938 жылы бітіріп Алға қаласындағы мектепте мұғалім болып тағайындалған.

1942 жылы маусым айында армия қатарына қайта шақырылып, соғысқа қатысқан. 1942-1943 жылдары мамырға дейін 102 стр. полктың бөлімше командирі болған. 1943 жылы мамырдан 1945 жылы наурызға дейін 39 стр. дивизиясының оперативный взводтың командирі болған. 1945 жылы 26 қазан айында елге қайтарылған.

«Сталинград түбіндегі шайқасы үшін» медалімен, «Қызыл жұлдыз» орденімен, «Польшаны, Варшаваны азат еткені үшін», «Берлинді алғаны үшін» медальдарымен марапатталған. Соғыстан кейін мұғалім болып, одан кейін 1964 жылға дейін мектептің директоры болып жұмыс істеген.

**ЖОСА МҰНАЙЫ** - Орск оқымыстысы Д.И. Менделеев Жосадан жеткізілген мұнайды зерттеп, жоғары баға берді. 1915ж. ағайынды Нобельдер шетелдіктердің бірі болып зерттеу жүргізді, ойлары іске асады. Жер билігі Кеңес мемлекетінің қолына көшеді. 1919ж. В.И. Ленин Жоса мұнайын пайдалану туралы әдейі жеделхат жөнелтті. Онда Түркістан Орталық аткоміне және I әскери төңкеріс кеңесіне: Темір ауд-н Мәртөк, Жоса жерінде тұңғыш зерттеу ұңғыларын жүргізу өте жауаптылықты және жылдамдықты талап ететінін, бұл Ақтөбе облыстық ревкомының бұйрығы екенін ескертті. 1929-1930ж.ж. Шұбарқұдықтан мұнай көзі ашылып, 1939ж. өндірістік өндіру басталды. ҰОС Жосадағы зерттеу жұмысына кедергі жасады. Жақсымай а. екінші ұңғы ашылып, 1941ж. пайдалануға берілді. 1947ж. зерттеу 3 мың метрлік тереңдікте жалғасты, бірақ қоры өте аз болғандықтан 11 ұңғы жабылды. Өте тереңдікте жатқан Мәртөк мұнай қорын зерттейтін техника болмады. Ал 1970ж. Қаз-да 6800 м тереңдікте жатқан мұнайды зерттейтін ұңғылар пайда болды. Нагорный жерінде зерттеу 5 мың м тереңдікте жүргізілді.

**ЖОЛМАҒАНБЕТОВ ШАБАЙ** (1898ж. Ақтөбе обл. Темір ауд.) - Мәртөк ауд. қызмет етті. 1937ж. «Қазақстанның 14 жылдығы» ұжымшары селолық кеңесінің төрағасы. 1938-41ж.ж. «Қазақстанның 14 жылдығы» ұжымшарының төрағасы. 1941-46ж.ж. Мәртөк ауд. «Құмсай» ұжымшарының төрағасы. 1946-50ж.ж. Мәртөк ауд. «Төңкеріс» ұжымшарының төрағасы. 1950-55ж.ж. Мәртөк ауд. «Қазақстан» ұжымшарының төрағасы. 1946ж. 13 сәуірде СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының қаулысымен «Ерен еңбегі үшін» медальмен марапатталды.



### 3

**ЗАВОРИТЬКО АНДРЕЙ МИХАЙЛОВИЧ** (1883ж. Перепушиков. Екатеринослав губ. Новомысовск уезінде дүниеге келген.) - 1909ж. Украинадан Рыбаков ауылына көшіп келген. 1911-1914жж. темір ұстасы. 1914-1918жж. Бірінші Дүниежүзілік соғысқа қатысқан. Соғыстан келе Кеңес үкіметінің жұмысына белсене араласады. Ауылдық кеңестің төрағасы болып сайланады. 1920-1927жж. «Пчелка» және «Степь» аш коммунасын ұйымдастырушы, болатком төрағасының орынбасары, төрағасы. 1927-1931жж. Мәртөк ауатком төрағасы, Қаз. Кеңесінің VIII, IX съездеріне Қаз. Орталық АК төрағасының орынбасары болып сайланады. 1937ж. Қаз. Компартиясының I съезінде ол тексеру ком-ң төрағасы болып сайланады. 1945ж. «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған. «Шинтернационал» ұжымшарын басқара жүріп, зертхана, тәжірибе аумағын ашып, бидайдың жаңа түрін шығарған. 1949ж. Алматы киностудиясы келіп киноға түсірген.

**ЗАГОРУЛЬКО ВЛАДИМИР МАКСИМОВИЧ** (1929-1986жж.) Мәртөк ауданының Шевченко ауылында дүниеге келген). 1946ж. Жайсаң СКТУ-ні бітіріп, тракторшы мамандығын алды. 1949-1951жж. Кеңес әскері қатарында болып, шоферлық мамандығын меңгерді. 1951-1986жж. машина жүргізуші, механизатор болды. Өзінің үлгілі еңбегімен үлкен табысқа жетті. Ол «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі», «Ленин» ордендерімен, тың жерлерді игергені үшін медальдармен марапатталған.

**ЗЕЛЕНСКИЙ ИВАН КОНСТАНТИНОВИЧ** (1912-95жж.) Мәртөк ауданы, Байторысай ауылында жұмысшы). «путь к коммунизму» ұжымшарындағы алғашқы механизатордың бірі. Диханшылық кәсіпте үлгілі еңбек етті. Кейінгі жылдары трактор бригадасының бригадирі. Табысты еңбегі үшін ерекше құрметке жетті. «Ленин» орденімен, медальдармен марапатталды.



**ЗЕЛЕНСКИЙ ГОРДЕЙ ВАСИЛЬЕВИЧ** (18.04.1928ж.-01.06.1990ж. Орынбор облысы Беляев ауданы, Бурлық селосы) – ауыл шаруашылық өндірісінің ардагері. МТС механигі болып жұмыс істеп, тың және тынайған жерлерді көтеруіне өз үлесін қосқан. Междуреченский сохозында инженер, «Қазсельхозтехника» ұйымының арнайы дүкенінің директоры болып қызмет еткен. Медальдар мен «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.

**ЗИНЧЕНКО АНДРЕЙ ФЁДОРОВИЧ** 1941ж. Студент ауылында туған. 1968 жылдан бастап еңбекке араласа бастады, а/ш жемісті еңбегі үшін 1982ж. Куба еліне туристік саяхат жасады. «Құрмет белгісі», 3- дәрежелі «Еңбек дансы» орденімен, В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толуына байланысты, «Еңбектегі ерлігі үшін» медальдарымен марапатталды.

**ЗИНЧЕНКО МИХАИЛ САВЕЛЬЕВИЧ** 21.11.1922ж. Мәртөк ауд. Студент ауылында туған. 14.01.1941ж. Кеңестер Армиясының қатарына шақырылған. Орынбор артилерия училищесін бітіріп, Мәскеуді, Сталинградты қорғауға қатысқан. 1943-46ж. ІҮ-Украин майданын, онан кейін жапондықтарды талқандауға қатысқан. 1946-62жж. Шевченко МТС-нің бас агрономы. 1962-85жж. Бөрте ұжымшарының экономисі. Михайл Савельевич Ұлы Отан соғысының орденімен және бірнеше медальдарымен марапатталған.

**ЗЛЫДНИКОВА ПРАСКОВЬЯ ИВАНОВНА** 1928ж. Орал ПИ жағрапия факультетін 1952ж. тамамдағаннан кейін, 1953ж. Поқырау жеті жылдық мектебінде істеп, Мәртөк орыс о.м. ауысқан. Бұл мектепте зейнеткерлікке шыққанға дейін оқу-тәрбие жұмысын басқарды. Жемісті еңбегі үшін оған 1966ж. «Қаз КСР-нің еңбегі сіңген мұғалімі» құрметті атағы берілді. 1964ж. Оқу министрлігінің озық қызметкері белгісімен марапатталған.

## И

**ИМАНҒАЗИН ӨТЕҒҰЛ** - «Жайсаң» кеңшарының екінші сүт тауарлары фермасының малшысы, «Құрмет белгісі», «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен марапатталған. Еңбекте де, тұрмыста да белсенділік көрсетіп көзге түсті.



**ИВАНОВА ЕКАТЕРИНА ОНУФРИЕВНА** (1939ж. Мәртөк ауд. Ново-Федоровка а.) Дзержинск атындағы кеңшарда мал шаруашылығында еңбек етіп, кеңшарда малды өз төлі есебінен көбейтудің ұйымдастыру ісіне елеулі үлес қосты. 1971ж. Ленин орденімен марапатталды.

**ИВАНИЦКИЙ АРТЁМ СИДОРОВИЧ** (1907-1991жж. Ақтөбе қ.)-механизатор. Мәртөк ауд. К.Маркс атындағы ұжымшарда диханшылық кәсіпте істеген комбайнер. Шаруашылықтың экономикалық дамуына үлес қосты. «Ленин» орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

**ИВАЩЕНКО ЕВДОКИЯ НИКИТИЧНА** (1914ж. Мәртөк ауд. Вознесенка а. – 1989ж. Ақтөбе қ.) Социалистік Еңбек Ері(1948ж) 1931ж. Мәртөк ауд. «Крестьянин» ұжымшарына кіріп, 1932-1962жж. трактор жүргізуші, Мәртөк МТС трактор бригадасының бригадирі, Шевченко МТС директорының орынбасары, бірқатар ұжымшарлар төрайымы, төрағаларының орынбаспы болды. 43га жердің әр гектарынан 30,1ц бидай өнімін алған. Дзержинский атындағы кеңшардың бөлімшесін басқарды, Ақтөбе қ. П.Б. жұмыс істеді. «Ленин», «Құрмет Белгісі» ордендерімен, «1941-1945жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін», «Тың жерлерді игергені үшін» медальдарымен марапатталған.

**ИЛЬЯСОВ ҒАЙСА** (1930ж. Мәртөк ауданы Ақсу ауылы) – еңбек ардагері. 1947 жылы мектеп бітірісімен еңбек жолын «Победа» кохозында бастаған. 1947-1951 жылдар аралығында «Ленин атындағы» колхозында комсорг болды. 1963 жылдан зейнетке шыққанша «Победа» колхозында тракторшы болып жұмыс жасаған. Ерен еңбегі үшін «Қазақстан ауыл шаруашылығы алтын кітабына» енгізілген.

**ИСТЛЕЕВ ТӨРЕХАН НАЗАРҰЛЫ** (20.10.1924ж. Ақтөбе обл. Ойыл ауд. д.к.)-1942-47ж.ж. Орал әскери округі, Украин майданында болған. 1947-1957ж.ж. Мәртөк ауд. кітапханашы, ауд. мәдениет бөлімінің нұсқаушысы. 1960ж. Талғар а/ш техн., 1961ж. Алматы обл. парткомитетінің екінші хатшысы. «Қызыл Жұлдыз», «I дәрежелі Отан соғысы», «Құрмет Белгісі» ордендерімен, «Қаз. КСРО білім беру үздігі» белгісімен марапатталған.

## К

**КАЙТОНЕНКО ИВАН ДМИТРИЕВИЧ** (15.01.1937ж. Орынбор облысы) – механизатор. Жайсаң селолық СПТУ-5 бітірген. «Яйсанский» совхозында жұмыс істеген. Жұмыс бабындағы жоғарғы көрсеткіштері үшін «Еңбек даңқы» орденімен марапатталған.

## КАЛИМУЛЛИН ИБРАГИМ ХҮСАЙНУЛЫ

/10.2.1930 ж.т. Мәртөк ауд., Жайсаң а. - 2004 ж. қ./ - а. ш. қызметкері. Шымкент об-лысаралық партия-көне мектебін бітірген /1961/. Еңбек жолын жұмысшыдан бастады, кейін МТС-та кадр жөніндегі инспектор, егіс бригадирі қызметтерінде істеді /1945-56/. Дзержинский атынд. Кеңшарда директор, а. көне төрағасы болып істеді /1961-87/. Октябрь Революциясы, 3 рет «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.



## КАПЕТОВ САЙЫН ЖАНСАПУЛЫ Жаңатаң а.

15.01.1944 ж. т. 1967 ж. Петропавл пед тех-ын бітірген. 1961 ж., 1967 ж. Рига қаласында велоспорт жарысында Совет Одағының Батыры Вавилов кубогының иегері. 1962-63 ж.ж. Алматыдағы жастараралық жарыстың чемпионы, 1963 ж. Қазақстан халқы ІІ спартакиадасының «Спорт шебері» атағына ие болған. Қазақстан велоспорт құрама командасының мүшесі.

**КАПЕТОВ ЖАНСАП** (11.01.1915ж.-11.01.1988ж. Жаңатаң а.) – сауда ардагері. 1947 жылы облыстық кооперацияның Жайсаңдағы бөлімінің меңгерушісі болып қызмет еткен. Жайсаң, Хозауыл дүкендерінде еңбек сіңірген. Ерен еңбегі үшін «Советтік кооперациясының үздігі», «Қаз ССР-дің еңбегі сіңген сауда қызметкері» белгілерімен марапатталған.

**КАРПЕНКО ПЕТР ПЕТРОВИЧ** 01.01.1934ж. Полтау селосы, Мәртөк ауданы. Механизаторлық мамандығын алып, Чапай ұжымшарында механизатор-комбайнер болып еңбек еткен. Ауыл шаруашылығындағы табысты еңбегі үшін трактор бригадасының бригадирлігіне дейін көтерілген. Ол «Құрмет белгісі», «Қызыл Ту», «Еңбектегі ерлігі данқы» ордендерімен марапатталған.

**КЕҢСАХАРА** - Мәртөк ауд. оңтүст. шығыс село. Елек өз. сол жағасы. Ауд. орт. 12км. Ақтөбеден 65 км. Халқы 557 (1999). "Победа" ұжымшарының бөлімшесі болған. Ауд. аралық тас жол бар. Ірі елді мекендері: №36 т.ж. бекеті, Жаңа Елек. Ұжымшарда 1990 ж. 60 трактор, 35 машина, 21 комбайн. Өзендер: Елек, Төңірберген, Жамансу. Ұжымшарда а/ш техн. жөнд. шеберханасы, орта мектеп, интернат, клуб, кітапхана, аурухана, теле-радио торабы, бала бақша, монша, осы өңірде мешіт болған. "Жеңіс" ө.к құрылды. Онда 70 адам жұмыс істейді. Қарамағында 2-6 адамнан бар "Шаңдоз", "Юра", "Төлеген", "Талап", "Нұржан", "Шолпан" шаруа қожалықтары, 36 адамы бар "Кеңсахара" Ж.Ш.С. құрылған. Нагорный с/ округіне қарайды.

**КОЗЫРЕВСКИЙ КУЗЬМА ДЕНИСОВИЧ** (1901-1972жж.) ол 1919 жылға дейін, Ақтөбе обл. Темір поштасында жұмыс істеген. Майданға 1942ж.шақырылған. 1942-1945жж.арнаулы байланыс жөніндегі полк штабы бастығының көмекшісі болып істеген. «Қызыл Жұлдыз» орденімен, «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Сталинградты қорғағаны үшін», «Будапешті алғаны үшін», «1941-1945жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», Ұлы Отан соғысы жеңісіне арналған медальдармен марапатталған. Соғыстан кейін «III-интернационал», «Победа» ұжымшарларының төрағасы болған.

**КОЖЕМЯКИН МИХАИЛ СТЕПАНОВИЧ** 1913ж. Ростовский обл. Верхне-Солянская станциясы. 1914ж. Кожемякин жанұясы Ақтөбе обл. Мәртөк ауданына көшіп келді. 1935ж. Орынбор ұшқыштар мектебін бітірген. 1945ж. Финляндияда ҰОСард. Москвадан Берлинге дейін болған. Бірінші рет ұшақпен 1941ж. 22-маусымда ұшты. Ең соңғы рет 1945ж. 8-мамырда ұшты.

**КОМИНТЕРН** – Мәртөк ауданының солтүстік шығысында орналасқан. Аудан орталығынан 35 км, Ақтөбе қаласынан 110 км, округ орталығы Қаратаусайдан 10 км қашықтықта. Тұрғындар саны 557 адам. Комунистік Интернационал атындағы село 1918 жылы азамат соғысы жылдары құрылды, сол уақытта 8 отбасы тұратын бірнеше жертөле болған. Алғашқы тұрғындары: Обирайло Я.В., Быховец М.А., Бондаренко И.И., Сирота Г.В. және Володарский Н.Л. әрқайсысы өздерінің жағдайлары бойынша көшіп келді. Мысалы Сирота П.Г. Украинадан жалғыз сиырына мініп келді. Алғашқы кезде бірігіп жер өңдейтін артель, кейін коммуна ұйымдастырды. 1929 жылы жалпы ұжымдастыру басталды, жағдайы тәуірлердің бар малын тартып алып, «Гигант» аймақтың ұйымына берді. 1930 жылы Коминтерн селосында үйлер салына басталды. 3 жылдан кейін саманнан салынып төбесі қанылтырмен жабылған 3 алты пәтерлі үй табыс етілді. 1993 жылы алғаш бастауыш мектеп ашылды. Бұл екі бөлмелі мектепте Обирайло Л.В. сабақ берді. Бірінші жылы екі класс, ал екінші жыл өткен соң 4 класс болды. 1934 жылы аудандық білім бөлімі екінші мұғалім Гриненко А.Т. жіберді. 1932 жылы шаруалар колхоз ұйымдастырды. Олар Матяш Д.И. басқарады деп сенім артты алғашқы сауыншы Быховец М.А. болды, шаруашылық кішкентай болатын, Шевченко селосынан 5 сиыр берді, 1-2 бұқа мен ат бар болатын. Олармен жер өңдеп, жер жыртатын 2 жылдан соң шаруашылыққа 2 трактор берілді. Бұл трактордың жүргізушілері: Баховец М., Обирайло Е., одан басқа 1-2 соки пайдаланылды. колхоздың 200 га жеріне тұқым себілді, 33 жылғы ашықта селоға Украина мен Белорусиядан қоныстанды, жергілікті тұрғындар барын бөлісіп берді. Осылай 1936 жылға дейін созылды. Сол жылы колхоз алғашқы жылы керемет астықпен есте сақталады. Барлық ересек тұрғындар майданға аттанып, қалғандары егістен егіп жинап үлгере алмай, жұмысшы қолының жетіспей тұрғаны байқалды, сондықтан Ленинград қаласынан әйелдер және Поволжье немістері көмекке жіберілді.

Жусада коминдант қоныс аударғандарға көз салып, селодан ешқайда аттап бастырмай қадағалады.

1950 жылы Ленин атындағы колхоз ұйымдастырылды. 1954 жылы тың және тыңайған жерлерді игеру басталғанда үлкен өзгерістер болды. Наурыз айында алғашқы тыңгерлер келді. Емельянов, Милютин, Курандин, Субботин, Долганов, т.б. Шаруашылық 3100 га тың жерді. 60 ж. ортасында ауыл шаруашылығы паркінде 60 трактор мен 30 комбайн есепке алынды. Сүт фермалары механизациямен толық жабдықталды. Ауылдықтар ірі қараның, қойдың тұқымын жақсарту мақсатында көп еңбек етті, көптеген озық түрлері Мәскеуде ВДНХ-да болды. 1959 жылы басқа жылдарға қарағанда бірден 50 үйден тұратын бір көше пайда болды. 1960 жылы шаруашылықтың өз ақшасына жаңа үлгідегі мектеп салынды. Шығармашылықпен еңбек етіп, білім саласында сіңірген еңбегі үшін 2 педагог: Е. И. Лутченко и С.И. Даниярова «Қазақстан ағарту ісінің үздігі» деген атаққа ие болды. Үкіметке 2,9 мың тоннаның орнына 13,1 мың тонна астық тапсырып, 1968 жылы үлкен табысқа жетті. 2 монша, балабақша, аурахана, жөндеу шеберханасы, гараж, дүкен, әр бригада сайын кітапхана қызыл бұрыш жұмыс істейді. Сол кезде әр үйде алғашқы газ плиталар мен теледидарлар пайда болды. 1970-1990 жылдары Мәдениет үйі, комбайн цехы, наубайхана, пошта, асхана, қосалқы бөлшектер қоймасы, майхана салынды, шаруашылықта 30 трактор, 22 машина, 18 комбайн болды. 48 адам орден, медальдармен марапатталды. Қайта құру кезеңі шаруашылыққа кері әсерін тигізді, сол кезде ауыл шаруашылық машиналары азайды. Бірақ өмір жалғасуда, село өсіп көркеюде, жыл сайын шаруашылық және фермерлік қожалықтар көбейіп келеді. Коммерциялық дүкендер мен кафелер ашылууда. 1947 жылы соғыстан кейін жеткіншек ұрпақтардың денсаулығын нығайту мақсатында болашақ орман туралы ойластырған болатын. Орманды техник А.М.Соколов өсірді. Қазір Коминтерн шаткалында 3,5 га шырша, қайың өседі. Бұлақ пен демалыс орны жабдықталған.

**КОММУНА СТЕПЬ** - тұңғыш қоныстанушылар әр жерден XX ғ. басында келді. Олар азамат соғ-ң зардабын көрді. 1920ж. 20 отбасы «Коммуна-Степь» артеліне бірікті. Өз жарғысын бекітті. 1921ж. «Фордзон» тракторы келді. Жеміс ағаштарын отырғызды. 1924ж. ұжымда 16 отбасы, 9 жылқы, 8 қосарлы өгіз, 3 түйе, 16 сиыр, 50 қой, 5 шошқа, 4 арба және 1 трактор, 700 га егістік болды. 1926ж. мұны А.М.Заворитько басқарды. 1936ж. алма ағашы 6500 түпке жетті. 9 ц құлпынай, 30 кг қарақат, т.б. өнімдер жиналды. Ұжымшар 69 омарта ұстады. 10га жерге араларға қажетті шөп егілді. 1930-1957ж.ж. ұжымшар, 1957-1990ж.ж. Первомай кеңшарының 2-бөлімшесі болды. Мұнда Соц. Еңбек Ері М.М.Чипигина, Қаз. КСР ЖК депутаты А.М.Заворитько қызмет етті.



**КОРОЛЁВ АЛЕКСАНДР НИКОЛАЕВИЧ** (1911ж. Минск губерниясы) – 1926-1928 жылдары Ақтөбедегі балалар үйінде тәрбиеленген. Еңбек жолын тракторшы болып «Заря» ауылында бастаған. 1928-1932 жылдары ВПШ-ның студенті болған. 1934-1936 жылдары Қостанай облысында жұмыс істеген. 1936-1938 жылдар аралығында - №12 Жұрын бекетінде қой шаруашылық совхозында төраға орынбасары қызметін атқарған. 1940-1942 жылдары Мәртөк аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болған. 1942-1945 жылдарда екінші хатшы, 1946-1947 жылдар Темір аудандық жер қатынас бөлімінің бастығы болған.

**КАСЬЯНОВ МИХАИЛ ПЕТРОВИЧ** (1912-1987жж. Ақтөбе обл. Темір ауд. Гиоргиев а.д.к.) 1937ж. әскерден келіп, Ақтөбе обл. Новоресей ауд милициялық жұмысқа орналасқан. Бастапқыда ол қатардағы қызметкер, үш жылдан кейін аудандық милиция бөлімінің паспорт үстелінің бастығы болды. Сол кезде оған офицер атағы берілді. Екі рет Мәртөк аудандық кеңес депутаты болып сайланды. Аудан өмірінің қоғамдық жұмысына белсене араласты, екі рет Құрмет мақтау құжаттарымен, «Еңбек Қызыл Ту», «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен марапатталды. «Милиция қызметінің үздігі», «Аға лейтенант» атағына ие болды.

**КОТОВСКИЙ ИВАН ИВАНОВИЧ** (1926ж.) – ауыл шаруашылық өндірісінің ардагері, тың игеруші тракторлар бригадасының бригадирі. «Междуреченский» совхозының еңбек еткен. «Еңбек даңқы», «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған.

**КРАВЧЕНКО АНДРЕЙ ИГНАТЬЕВИЧ** (28.08.1913ж.-29.09.1997ж.) – ҚазССР ауыл шаруашылығына еңбек сіңірген жұмысшысы (1975ж.). Ұлы Отан соғысының ардегері, ауыл шаруашылық ардагері. «Междуреченский» совхозында еңбек еткен. Көпжылдық ерен еңбегі үшін «Еңбек Қызыл Ту», «Қазан төңкеріс», «Отан соғысының II-дәрежелі» ордендерімен, 17 медалімен марапатталған.

**КРАВЧЕНКО ДМИТРИЙ ИВАНОВИЧ** (1919ж., Мәртөк ауданы Шаңды а. – 1999ж.)- Ұлы Отан соғысының ардагері. 43 армия 1 және 2 украинна майданында, 859, 36 артиллериялық полкі шайқасына қатысқан. 2 топ мүгедегі. Әскери қызметінен кеткен соң Новоросийскі МТС-нің директоры, колхоз төрағасы, Дзержинский атындағы совхозында гараж меңгерушісі қызметтерінде болған. «Даңқы», «Қызыл жұлдыз», «Отан соғысының» I-дәрежелі орденімен, медальдармен марапатталған.



**КӨЗБАЕВ МАДЕР ҚАРАТАЙҰЛЫ** (15.06.1924 ж. 30.09.1997 ж.)- жоғары білімді мұғалім, 1941 ж. Ақбұлақ уч-ін, 1954 ж. Ақтөбе ПИ бітірген. 1965 ж. Орал ПИ-ді тәмамдаған. Жоғарғы сыныптың тарих пәні мамандығын алған. Еңбек жолын Чкалов обл. Ақбұлақ ауд. қазақ мектебінен бастаған. 1941ж. Орск қ. бастауыш мектебінде істеген. Сұранып майданға аттанған. 1941-46 ж. ҰОС қатысқан. 1946-47 ж.ж. Мәртөк аупарткомының нұсқаушысы, 1947-54 ж.ж. аудандық оқу бөлімінің инспекторы, 1954-78 ж.ж. Ново-Федор мектебінің директоры. Қазақ орта мектебінің сыныптан тыс ұйымдастырушысы. 1978-85ж.ж. Жаңатаң орталау мектебінің директоры. Еңбектегі табыстары үшін 1985-95 ж.ж. II дәрежелі орденмен, Қаз ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері белгісімен марапатталған. I «Варшаваны алғаны үшін», «Берлинді алғаны үшін», «1941-45 ж.ж. Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған.

**КӨКПЕКТІ (ЦЕЛИННЫЙ)**-Елек өз. арғы бетінде тоғанның жанында сазбалшықтан салынған 4 үй тұрған. 1954ж. тың жерлерді игерушілердің бір тобы Елек өз. бойынан болашақ ауылдың тұңғыш қазығын қакты. Олар: Кий В.И.-бөлімше бастығы, Ә. Скарбов-трактор бригадасының бригадирі, Қ. Гәлімгереев-зоотехник. Ауыл атын «Целинное» деп атауға келісті. Жайсаң кеңшарының бұл бөлімшесінің егістік жері 13 мың га-ға жеткізілді. Халқы 300 ден асты. Ақтөбеден 100км. Халқы 312 (1999). «Жайсаң» кеңшары бөлімшесі. Ілкіде мұнда «Энгельс» ұжымшарының бөлімшесі болған. Ауданаралық көтерме жол бар. Ірі елді мекендері: Құмак, Аққұдық, Көкпекті, Ащықұй. Өзендері: Ерназарсай, Мортқықай, Мәкісай, Құраша, Қарақұдық, Көкпекті, Тамды, Ақсу, Елек, Сарысу. Көлдері: Мадияр. Биіктіктері: Жалғызоба, Қособа, Қырықоба. Бөлімшеде а/ш техн. жөндеу шеберханасы, негізгі мектеп, клуб, кітапхана, балабақша, телерадио торабы, монша, осы өңірде Тұрабекхан, Асқолдың Дияры мешіттері мен иесі белгісіз бір мешіт және Дербісәлі әулие жұртының орны болған. «Жайсаң» АҚ 3 бөлімшесі бар. Онда 92 адам жұмыс істейді. Жайсаң а. округіне қарайды.

**КУШКЕНОВ БАЗАРБАЙ** (7.10.1933ж. Ключевой ауд. Восток а. д.к.)-инженер-электриші. Қазақ а/ш инст. бітірген. Степной ауд. Құрайлы МТС-да инженер-электриші, директордың орынбасары. К.Маркс ат. кеңшарда бас инженер, аупарткомның нұсқаушысы, 1957-1966жж. «Междуреченский» кеңшарында директор, Мәртөк ауд. «Сельхозэнерго» кәсіпорнында директор, агроөнеркәсіп бірлестігінде инженер-электриші қызметтерінде болды.



«1966-1992ж.ж) «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет Белгісі» ордендерімен, бірнеше медальдармен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталған.

## Қ

**ҚАЗАН** – ауылы аудан орталағынан солтүстік-шығысында 5 шақырым жерде орналасқан. Мәртөк селолық аймақтық құрамына кіреді. Халқы саны – 380 адам (2007ж.), негізгі мектебі, ФАП бар. 1932 жылы Буденный атындағы колхоз құрылды (бірінші төрағасы Лаврентий Шевченко), кейіннен «Заветы Ильича» деп өзгертілді. Қазіргі таңда «Казанка» ЖШС-гі мен бірнеше ШҚ-ры бар.

**ҚАЗАҚСТАН** – ауылы Мәртөк ауданының батысында, аудан орталығынан 19ш. қашықтықта орналасқан. Жайсаң селолық округіне жатады. «Яйсаңский» совхозының бөлімшесі болған. 3 отбасы тұрады.

### ҚАЗМАҒАМБЕТОВ АЛТАЙ ГАБДРАХМАН-

**ҰЛЫ** (28.8.1964ж. Мәртөк ауд.туған) педагогика ғылымдарының докторы, профессор. Абай ат. Алматы педагогикалық ун-нің география факультетін бітірген. 1983-1990ж.ж. Алматы қ-да № 65 мектептің география пәнінің мұғалімі, 1990-1995ж.ж. Абай ат. Алматы пед. Ун. ассистенті, аспиранты, аға оқытушысы, доценті, 1995-1999ж.ж. докторант, 1993ж. осы ун-ң профессоры, 30 дан астам ғылыми еңбек жариялаған. 2008 жылдан бастап Атырау университетінің ректоры.



**«ҚАЗАҚСТАН ҚОЛХОЗШЫСЫ»** атты танк колоннасы 1941-1945жж. Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстан колхозшыларының Отан қорғау қорына берген қаржысынан жасақталған колонна, Республикада қаржы жинау жөніндегі бастама көтеруші – Ақтөбе обл. Мәртөк ауд. Буденный атындағы колхоздың мүшелері. Бастаманы республика колхозшылары қызу қолдады. 1946жылдың 1-қыркүйегінде сол кездегі ақша мүшелері бойынша 474,6 млн сом жиналды. Бұдан жүздеген танкілер жасалып, майданға жіберілді. Сонымен қатар облыс еңбекшілері «Қазақстан комсомолы», «Еңбек резервтері», «Советтік патриот» аталған танк колонналары мен эскадрилья құрылымына қатысып, 28млн сом ақша, 360мың пұт астық, т.б. берілді.

## ҚАМБАР МЕДЕТОВ АТЫНДАҒЫ МӘРТӨК БАЛАЛАР МЕКТЕБІ

1976ж. ашылды. 1-ші бітірген оқушылар саны 14 адам. Бүгінде бұл мектепте музыкамен айналысады, 150 адам баян, домбыра т.б. тартып үйренуде. Хореография және көркем сурет сыныбы ашылды.

**ҚАРАБАТЫР ЖИЕНБЕТҰЛЫ** (шын аты Алдасүгір) (шамамен ХҮІғ. Бөрлі, Ақтөбе обл.) – Батыр тарақты табын руынан. Жоңғарларға қарсы шайқаста ерлік көрсеткен. Тарихқа, қаһармандығы үшін халықтың қойған аты Қарабатыр болып енді. Есте қалған аңыз бойынша, Қарабатыр өзін өлген соң басын шығысқа қаратып, Құраша және Мұртаза өзендерінің қиылысқан жеріне жерлеуін өсиет еткен. Қазіргі таңда бейіті Орынбор облысы Қуандық ауданында орналасқан.

**ҚАРАТАУСАЙ** - облыс орталығы Ақтөбе қаласынан 100 шақырым, ал аудан орталығынан 25 шақырым қашықтықта орналасқан ауыл. 2007 жылғы көрсеткіш бойынша тұрғындар саны 547 адам. Жанынан Бөрте өзені ағып жатыр. Бұрын жергілікті тұрғындар ұсақ төбешіктердің арасымен ағатын Бөрте өзенінің айналасымен толық танысып, сондағы төбелердің ішінен айырықша көзге түсетін бір төбені байқаған. Сол төбенің бір жақ беті жаз айларында үнемі көлеңке болып тұрған, ал көктем мен күз айларында бетінде қардың тегіс жатпауы салдарынан қап-қара болып көрінетін. Көктемде өзен тасыған уақытта сол төбенің маңы суға толып, кейін су кеткенде шағын көгалды алқап түзеген. Міне, осыдан биік төбе маңындағы ойпат жанына көшіп қонып жүрген халық ол жерді «қара»-«тау»-«сай» деп атап кеткен. Қаратаусай ауылының негізін қалаған алғашқы жер аударылушылардың бірі Зиновий Усик деген кісі қалаған. Ол жақын маңда көшіп қонып жүрген ауыл жанына жеркепе қазып сонда күн көрген. Бір жылдан кейін осында Герасим Трандеский мен Павел Лактионовтар жанұяларымен қоныс тебеді. Алғашқы жер аударылғандар өзеннің жағасынан жеркепелерін қазып, сол жерде өздерінің күн көрісіне үлкен септігін тигізген бау-бақшаларын егіп соның ішінде қырыққабат өсіруге аса назар аударған. Жер шаруаға ыңғайлы болды, өзеннің жоғарғы жағында 8 шақырым жерде өткел болған. 1910 жылы Мәртөктен жер өлшеуші келіп әр үйге жер бөліп берген. Өзеннің екі аңғарын жыртып тастап, адамдардың балшықтан жеркепелер салуына мүмкіндіктер жасалды. Қазынаның есебінен екі құдық қазылды. Мұндағы тәртіпті Қаратоғайдан болыс келіп қадағалап отырған. Кейін ауылда алғашқы диірмен салынды. Бұл жаңалық жақын маңда көшіп жүрген ауылдарды қызықтыра бастады, сөйтіп мұнда адамдар тартыла бастады. Патша үкіметі империалистік соғыс кезінде жараланған әскерлерді осында көшіреді. Оларға өтемақы есебінде тұрғын үй және қаржылай көмек берді. Азамат соғысы жылдарында Қаратаусай әскери картада кеңес үкіметінің екі қызыл әскер полкінің орналасқан жері болып белгіленді(28 Орал полкі мен Орск қаласынан шегінген алғашқы атты әскер полкі). Коллективтендіру шараларының басталған шағында, 1929 жылы Қаратаусайда Вячеслав

Михайлович Молотовтың атындағы колхозы құрылды. Жеке меншіктегі мал мен жер иеліктерін, әртүрлі мүліктерді күштеп колхоз меншігіне айналдыра бастады, ал келіспегендерге қатаң шаралар қолданып, жер аударып жіберіп отырды. Кейін колхоз алғашқы «Фордзон» тракторын алды. Ауылға көршілес шағын Болгарск, Дашковка, Кукинск ауылдарының тұрғындары қоныс аудары бастады. Ауылда алғашқы 4 сыныптық бастауыш мектебі ашылды. Мектептің қызметін ол кезде екі бөлмелі шағын үй атқарды. Алғашқы мұғалімдері болып мұнда Екатерина Сердюк пен Мария Буртовая жұмыс істеді. 1952 жылы «Молотов» колхозы мен «Украинец» (Қарашай селосы) колхозы біріктіріліп, жаңадан «Красный пахарь» колхозы болып өзгертілді. Ұлы Отан соғысы жылдары ауылда әйелдерден құрылған трактор бригадасы жұмыс істеді. Оның құрамында К.Я. Усик, К.Г.Бартельс, Е.Г.Трендецкая, А.Г.Левицкаялар болды.

1951 жылы шаруашылықта жалғыз темір табанды трактор тіркелген, ал кейін тың игеру науқаны басталғанда трактор паркі бірден 6 техникамен толықтырылды. Көптеген механизаторлар көшіп келе бастады. Бірінші жылы тың игеру бригадасы 1,5 мың га жаңа жерді игерді. Алғашқы жылы егін өнім жақсы болмады, алайда келер жылы 1956 жылы жақсы өнімге қол жеткізді. 1960 жылы егістік көлемі 9 мың га-ға жетті. Айтарлықтай жақсы нәтижелерге колхоз 70-ші жылдары ие болды. Ең жоғарғы егін өнімі 1968 жылы тіркелді, ол кезде әр гектардан арпа 27 ц, бидай 20-25 ц-ден өнім алынды. Ұжымшар арпа, бидай, тары, сұлы, зығыр, асбұршақ, жүгері, күнбағыс өсірумен айналысты.

Еңбектегі жақсы жетістіктері үшін көптеген Қаратаусайлықтарға ордендер және төсбелгілер тапсырылып, шаруашылық «Лениннің Құрмет грамотасымен» марапатталды. Шаруашылық жағдайы күшейген сайын ауыл тұрғындарының да материалдық мүмкіндіктері кеңейді. Ауыл тез өзгере бастады. Бұрынғы жеркепелердің барлығы үйлерге айналып, төбелері шифермен жабыла бастады. Бұрынғы көне кеңсе жаңадан екі қабатты болып салынып қызметкерлерге жеке кабинеттер берілді. 1967 үлкен Мәдениет үйі салынып, ауыл ішінің сәнін келтірді. 1969 жылы жаңа мектепте алғашқы қоңырау соғылды. 1976 жылы 100 орындық бала-бақша, интернат, дүкен, фельдчерлік пункт, пошта салынып қолданысқа берілді. Шаруашылық үшін үлкен 7 база, қой қора, сүт-өнімдері фермасы салынды. Ауылдың нағыз өркендеу кезеңдерінде колхоз басшылығы қызметін А.Д.Квиндт атқарды. Ал қайта құру кезеңдері, жақсы көтерілген ауыл тірлігіне өте ауыр тиді. Кезінде 67 трактор, 28 комбайны және 38 автокөлігі болған шаруашылық тарайды. Қазіргі таңда ауылда «Қарасор-А» ЖШС, 6 ШҚ, 4 ЖК, орта мектеп, клуб, кітапхана, дәрігерлік амбулатория жұмыс істейді. 2008 жылдың соңында бала-бақша ашылды.

**ҚАРАТОҒАЙ** - Мәртөк ауданының оңтүстік-батысында орналасқан ауыл. Аудан орталығынан 25 шақырым, Ақтөбе қаласынан 50 шақырым қашықтықта тұр. Тұрғындар саны – 1630 адам. 1902 жылы Қаратоғай

іргетасы қаланды. Ол кезде болыстық орталық болған ауылда Жұмағұл Қаткиев болыс қызметін атқарып жүрді. Ауыл жанында өзге Жарық, Сусар, Тұрыш ауылдары тұрған. Теміржол төсеніші жергілікті материалдардан дайындалып, тас Орынбор қаласының маңындағы Маяк тауынан атарба секілді қарапайым көліктермен тасылды. Мұндағы құрылысқа ағаштарды Пименов деген көпес Башқұртстаннан әкелді. Жолдың біріше бөліктерінде құрылыс жұмыстары біркелкі жүріп отырды. Арнайы құрылған құрылыс бригадалардың әрқайсысы өздеріне бекітілген ұзындығы 30 шақырым болатын жерге жауап берді. Жұмыстардың жүргізілу барысын қадағалап отырған комиссия жұмыстардың сызбамен дәл түсуін, жолдың еңіс бұрышы мен төсеніштің биіктігін өлшеп отырды. Егер де сызба көрсеткіштерінен ауытқулар немесе қателіктер жіберілген болса комиссия, жұмыстарды қабылдамай, оларды қайтадан басынан бастап салдырып отырды. Қалың қар жұмыстарды жүргізуге кедергі келтіріп отырды, соның салдарынан 1903 жылы теміржолдың екі жағына қар тоқтататын ағаштар егу қажеттілігі шешілді.

Мәртөк ауданына (ол кезде 1907 ж. Ақтөбе уезі, Қаратоғай болысы) қоныс аударушылар топ-тобымен келе бастады. Дүниежүзілік империалистік соғыс кезінде жоқшылық онсызда кішкентай жарлы ауылды қатты қыспаққа алды. Алайда адамдар сонда да келе берді. 1911 жылы Мәртөк ауданына көшіп келушілердің картасында мына елді мекендер болды: Березовский, Морозовский, Родниковый, Ново-Николаевский (Родниковка мен Қаратоғай ауылдарының арасында), Қаратоғай, Андреевка, Полтавка, Дмитровка, Вознесенка, Веренка, Хлебодаровка, Степановка, Нагорная, Ново-Михайловка, Ново-Федеровка, Чайдинский.

1896 жылдан бастап жер өңдеу және мемлекеттік меншік министрлігінің инициативасы бойынша Ақтөбе уезінде тарихи қатынаста зерттеу жүргізіледі және орыстарға тұратын жер телімдері белгіленеді. Сол кезде Мәртөк ауданы аумағында екі қазақ болыстығы болған, олар: Бурлинское және Қаратоғай. Бурлинское болысында 5 ауыл – 1188 түтін, ал Қаратоғай болысында 10 ауыл – 2578 түтін болған.

Қаратоғай болысы 1890 жылы құрылған, ал 1895 жылы Қаратоғай және Елек (5 ауыл) болыстарына бөлінген.

Бұл сатылған жер учаскесінің аймағы болатын. Поселканың қарамағында мінажат ету үйі мен шіркеу мектебі болатын. Осы мектепте 1912 жылы 37 оқушы болса, ал 1914 жылы олардың саны 48-ге жетті. Қыздар өте аз болды, бар болғаны 8 пайызын құрады. Егер осы оқушыларға әлеуметтік құрамы жағынан қарайтын болсақ, 1914 ж. 48 оқушының 24 дәулетті отбасынан шыққан, 4 кеңсе хатшысы мен старостаның, 10 қолөнершілердің, 4 ұсақ саудагерлердің, 6 шаруа мен кедейлердің балалары болатын. Дәл осындай кейіппен, 375 қожалығы бар Қаратоғай селосында да 48 оқушы болды.

Алғашқы мектеп ұстазы Евлампия Алексеевна Лисовскаяның (1911-1918 жылдар аралығында жұмыс жасаған) естелігінен, үш класты шіркеу

мектебінде, дін қызметшісі Гавриил Кишинский «Құдай заңын» басты негізге алып оқытқан. Ол балаларға арифметиканы, орыс және славян тілдерін сонымен қатар шіркеу әндерін айтуды үйреткен. Бірақ барлық сабақты орыс тілінде жүргізген.

Азамат соғысы жылдарында мектеп мезгіл-мезгіл тоқтамастан жұмыс жасап тұрды. Бұрынғы оқушы Травинның айтуынша, балалар сабаққа отырысымен терезенің арғы жағынан ауылда үкімет билігінің қалай өзгеріп жатқандығына бірнеше мәрте куә болып отыратын. Бір сөзбен айтқанда Дутов бандасының боратқан оғының астында отырып оқуға тура келді. 1923 жылы ата-аналармен оқушылардың белсенді қатысуының арқасында Бобырдың үйі алынып берілді және осы мектеп Қаратоғай бастауыш мектебі болып ашылды. 1927 жылы 4 кластық мектептің алғашқы бітірушілер саны 29 болды. Сол кезде мектепте 4 мұғалім дәріс берді. 1937 жылы шіркеу үйі де мектепке ауыстырылды. 1944 жылы оқу үйі ашылды, қысқасы Қаратоғай тұрғындары жылжымалы вагон кітапханасымен қамтамасыз етілді. Ол вагон кітапхана Қазақстан темір жолымен жүріп тұратын. 1947 жылы 1 қыркүйекте 83 оқушыдан тұратын 7 жылдық мектеп ашылды. Бұған дейін бастауыш мектеп бітірген оқушылар ауылдан 5 шақырым қашықтықта орналасқан Нагорное селосындағы мектепте оқитын еді. Кейінгі жылдары оқушылар саны көбее бастады. 1954 жылы мектепте 167 бала болса, 8 жылдық мектептің ашылу алдында оқушылар саны 200-ге жетті. Ал 1964 жылы балалар саны 269 болды.

Тың жерлерді бағындыру ауылшаруашылығының қарқындап өсуіне жақсы жағдай жасады, барлық экономика мен мәдениеттің, басқа да аса маңызды ауылшаруашылық саласындағы мал шаруашылығының өсіп-өркендеуіне қолайлы мүмкіндік туғызды. Қайта ұйымдастырылған машина-тракторлы станциялар мен колхоздар базасында 3 ірі совхоз құрылды, кейінірек осы территория аумағында қайтадан 5 совхоз болып ұйымдастырылды. Солардың бірі «Мартукский» (Қаратоғайда) совхозы 1976 жылдан бастап аудандық арнайы шаруашылық бірлестігінің ірі қараны бордақылау шаруашылығына айналды. 100 га жайылымға 4 бас ірі қара малдан келді, ал 70-ші жылдары мал басы 2,5 есеге артты.

1966 жылы орта мектеп ашылды, онда 378 оқушы білім алды. 1969 жылы жол құрылысының көлемі ұлғайды. Мәртөк-Қаратоғай жолының бойына жер төсемі себіліп, оның үсті қиыршық тастармен бүркеді. Қаратоғай мен Родниковка жолының бойында көпір құрылысын жасауға қаражат бөлінді.

1986 жылы жалпы жер көлемі 22257 га құрап, соның ішінде 6539 га егіс алқабы болды. Бірлестік есебінде 1990 жылы 94 трактор, 44 автокөлік, 33 комбайн, 70 жылқы, 5800 ірі қара, 3000 қой тіркелді.

70-80 жылдардағы Қаратоғай комбинатының өнімдері мен құрылыс материалдарын жеткізу сызба карталарын қарап, одан Қаратоғай селосының СССР көлеміндегі көптеген қалалар мен ауылдар арасын байланыстыратын сызықтарды көріп байқауға болады. Әсіресе комбинат бор өнімдерін Орта

Азия республикаларына, Қиыр Шығысқа және Қазақстанның барлық облыстары мен аудандарына жіберіп отырған. Қаратоғайда өндірілген бор тек құрылыста пайдаланылумен ғана құнды болып қоймай, сонымен бірге мал шаруашылығында да қыс айларында малға беру үшін үлкен сұранысқа ие болғандығы шаруашылықтардан бор түсіру жайындағы бірінен соң бірі келіп түсіп жатқан өтініштер куә. Қаратоғай борының құрамында кальций, фосфор және зат алмасу процесінің дұрыс жұмыс істеуіне септігін тигізетін өзге де микроэлементтер кездеседі. Азықтандыру рационасына бор қосылған мал бордақылау кезінде жақсы нәтиже беріп отырды және де ауру-сырқауларға азшалдығатын. Комбинаттың негізгі тапсырыс берушілері аралас жем жасайтын заводтар болды. 1974 жылдың өзінде Қаратоғай құрылыс материалдар комбинаты елдің ауыл шаруашылығы қажеттілігі үшін және құрылыс ұйымдарының тапсырыстарына 75 мың тонна бор өндірген. Борды өндіру жұмыстары бұрғылап-жару арқылы жүргізілді. Комбинат пен кен орнының арасы 20 шақырым болатын. Жұмыс жыл бойы жүргізіліп отырды.

1975 жылдан бастап «Сапа белгісімен» бордың ұсақ түрін шығару қолға алынды. Мәртөк жерінен бор тонналап шетелге жіберіліп отырды. Ал 1990-шы жылдан бері қарай борға деген сұраныс төмендеп кетті. Сол себептен кәсіпорын басқа салаға ауыстырырылды. Ал 1997 жылы Қаратоғай құрылыс материалдары комбинаты өз жұмысын тоқтатты. Бүгінгі күні ол жерде «Терроблок» ЖШС-гі ашылып, құрылыс кірпіштері, әртүрлі ұнтақ бор және керамикалық ыдыс өндіріледі.

**ҚАРАТОҒАЙ МЫС КЕНІ ОРНЫ** - Мәртөк ауд. Қаратоғай т.ж. стансасынан 17 км жерде. Кен орнының өнімді қалыңдығы маострихт қабатының борында жатыр. Химиялық құрамы және физикалық-механикалық қасиеті бойынша Қаратоғай кен орнының боры мал мен құстар үшін минералды қосымша азық, өндіріске құрылыстық әк өндіруге, есік-терезе бітейтін материал ретінде пайдаланылады. Кен орны 1970ж. бері пайдаланылуда.

**ҚАТПАР ГЛАДИОЛУС** /шпажник черепичатый/ - пиязшық түйнекті көпжылдық өсімдік. Пиязшық түйнегі шар тәрізді, ұсақ /диам. 1,5 см дейін/, жұқа талшықты қабыршағы бар. Сабағы тік, жіңішке, биікт. 40-70 см. Төменгі жапырақтары қабыршақ тектес және қисық қиылған түтік тәрізді, сабағындағы 2-5 жапырағы, семсер сияқты немесе қияқты, ұз. 20 см, ені 1,5 см. Гүлдері қою масақты, бір жаққа бейімделген, ұз. 8 см дейін гүлсерігі бозғылт. Қорабы сопақша, үш қырлы, ұз. 10 мм жуық. Сәндік өсімдік. Тұқым арқылы көбейеді. V-VII айларда тұқым береді. Орқашта, Мұғалжар тауында, Мәртөк ауд. Шевченко, Ново-Михайловка, Қарғалы ауд. Тоған /Прудовое/ және Александровка өңірінде өседі. ҚР "Қызыл Кітабына" енгізілген.



## ҚАРАТОҒАЙ СЕЛОЛЫҚ ОКРУҒИ

ҚАРАТОҒАЙ СЕЛОЛЫҚ ОКРУҒИ - Мәртөк ауданының орталық бөлігінде орналасқан. Ол оңтүстік-батысында Тәңірберген, солтүстігінде Қарашай, шығысында Родниковка, батыста Мәртөк, оңтүстігінде Хлебодар ауыл аймақтарымен шекараласады. Ауылдық аймақ Елек өзенінің жанында орналасқан. Қолданыстағы жер көлемі 22868 га жерді құрайды. Аймақ территориясынан темір жол желісі және аудан орталығымен



### Шартты белгілер:

- Өзендер
- Темір жол
- Авто жолдары
- Аудан және округ шекарасы

### Условные обозначения:

- Реки
- Железнодорожная дорога
- Автодороги
- Границы района и округа

байланыстыратын асфальт төселген жол өтеді. Аймақтың құрамында №36 теміржол бекеті бар.

**Климаты:** Аймақ территориясы жылы және құрғақ дала зонасында орналасқан. Климаты шұғылконтинентті. Ең салқын мерзім қаңтар айының үшінші онкүндігі, ал ең жылы мерзім шілде айының екінші онкүндігі, соның ішінде ауа температурасының абсолюттік минимумы 42 градус аяз бен 40 градус жылылық аралығын көрсетеді. Аязсыз кезең 120 күнге созылады. Орташа жылдық ылғал мөлшері 260 мм, ал жауын-шашынның ең көп түсетін уақыты маусым айына келеді. Жауын-шашынның көп бөлігі қысқа мерзімді нөсер жаңбыр түрінде келеді, кейде бұршақ жауады. Қардың қалыңдығы орта есеппен 28 см-ді құрайды. Желдің негізгі бағыты – оңтүстік-шығыс.

**Жер бедері:** Жер бетінің құрылымына және шаруашылықта қолданылу мүмкіндігіне қарай аймақ территориясын 4 бөлікке бөлуге болады:

1. Оңтүстік және оңтүстік-шығыс, Елек өзенінің оң жақ жағалауы.
2. Елек өзенінің төменгі алқабы.
3. Орталық бөлігі, Елек өзенінің жоғарғы алқабы.
4. Солтүстік бөлігі.

Елек өзенінің оң жақ беті селолық округтің шетінде өзге жер бөліктерінен күрт көтеріңкі және соқпақ—төбелі болып келеді. Қаратоғайдың солтүстік бөліктерінде әртүрлі бағыттарда созылған төбешіктер.

Округтің оңтүстік-шығысынан солтүстік-батыспен қиылысатын жерінің, ірі тік жарлы беткейлері Елек өзенінің алқабына қарай ауысады. Ал өзеннің алқабының сипаты анық байқалатын шағын бедерлі толқынды болып келеді. Оның ұзындығы шамамен 5 шақырымдай және ол жер жақсы өңделген. Алқаптың өзен жағалауы мен орталық бөлігінің жер бедері адырлы. Округтің солтүстік-шығыс бөлігінде кең ойпаттармен қиылысатын Орал тауларының алқабы жатыр. Кеніштау шыңы бар. Осылайша селолық округ аймағының территориясы айтарлықтай әртүрлі бедерлі болып келеді, мұның өзі сол жердің топырақ қабатынан байқалады.

**Топырағы:** Жер бедерінің күрделілігінен топырақ жамылғысының шұбарлығы басым. Округтің орталық бөлігінде кішкене сортаң дақтары бар кара-қоңыр топырақты болып келеді. Қолданыстағы солтүстік және солтүстік-шығыс жер бөліктерінің көбі құнарлы, кей жерлерінде кара топырақ көп кездеседі. Округтің батыс бөлігінде тұздылығы әртүрлі деңгейдегі топырақ жамылғысы орналасқан. Тұйықталған тереңдеу ойпаттарда кара топырақ кездеседі. Ал Елек өзенінің алқабында жайылымдық топырақ қатары түзілген. Темір жол бойының айналасында құмайты топырақ қабаты байқалады. Жердің эрозияға ұшырамауы үшін, 60-шы жылдары ол жерлерге ағаштар отырғызылған.

**Гидрографиясы:** Қаратоғай селолық округінің су құрылымына Елек өзені, сонымен бірге оған құятын Әкшесай(4 ш), Әкшешұт(3ш), және Қарабұлақ, Ащыбұлақ, Қызылбұлақ, Ащысай, Бұлғарсай ағынулары мен Қоғалы көлі кіреді. Елек өзені округ территориясын оңтүстік-шығысынан солтүстік-батысқа қарай ағып өтеді.

Өзен суының көлемі жыл мезгілдеріне қарай өзгеріп отырады. Көктем айларында тасып, жаздың аяғына таман баяу азаяды. Осыған байланысты өзен ағысының жылдамдығы әртүрлі болып келеді. Ең жоғарғы жылдамдығы (көктемде)  $-0,85$  л/сек, ең төменгісі(жазда)  $-0,2$  л/сек. Қыста өзеннің кей жерлері түбіне дейін қатып қалады. Өзен жыл ішінде шамамен 179 күннен 220 күн қатпай ағып жатады. Суының құрамында аралас натрийсульфатхлориді типтес иондары жоғарғы көрсеткіштегі гидрокарбонат пен кальций бар. Сонымен бірге су бор, хром және әртүрлі тұрып қалған ағынулардың құйылуымен ластанған. Округтің оңтүстік-шығыс бөлігінде Қоғалы табиғи көлдер тізбектері орналасқан. 1964 және 1977 жылдары салынған 2 жасанды су тоғандары бар.

**Өсімдігі:** Құрғақ климат жағдайларының әсерінен түзілген өсімдіктер қабаты құрғақшылыққа төзімді далалық дәнді өсімдіктер болып келеді. Олардың арасында қалақай, мортық, қонакот, жоңышқа, мия, тасшөп т.б. Сонымен бірге мұнда ауқымды түрде типчак, жусан тәріздес өсімдіктердің бірнеше түрлері, ал Елек өзені мен көлдердің айналасында және округтің солтүстік бөлігінде шағын көлемдерде шалғындық шөптесін өсімдіктер

кездеседі. Тік жарлар мен ойпаң жерлерде қараған секілді бұтақ түрлері кең тараған. Су жағаларында камыс пен қияқ өседі. Ағаш түрлерінен – қарағаш, жиде, үйінкі, терек, тал т.б. бар.

**Жануарлар әлемі:** Географиялық орналасуы ландшафты-климаттық жағдайынан округтің хайуанаттар әлемі бай әрі көптүрлі болып келеді. Мұнда: қасқыр, түлкі, қоян, егеуқұйрық, кірпі, дала тышқаны, қарсақ, сарышұнақ, қосаяқ, тасбақа, жылан т.б. тіршілік етеді. Ал құстардан тырна, аққу, құтан, дала бүркіті, кекілік, шіл, шағала, үйректің бірнеше түрлері, қарлығаш, бәбісек, көкек, сауысқан, қарға, ұзақ, мысықторғай, қараторғай, шымшық, көгершін т.б. Елек өзені мен сондағы көлдерде: мөңке, алабұға, шортан, көксерке, шабақ, ақтабан, лақа секілді т.б. балықтардың бағалы түрлері кездеседі.

**Ресурстары:** Қаратоғай селолық округі құрылыс материалдарына бай, олардың қиыршық тас, құм, сазбалшық басым бөлігінде кездеседі. 1940 жылы анықталып, 1960 жылдан бастап өндіріліп келе жатырған, алайда толыққанды 1967-1968 жылдары зерттелген бор кен орны бар. Ондағы бор қорының жалпы көлемі шамамен 10 млн. тонна құрайды. Ол косметикалық өндірісте, құрылыста және мал мен құс азығына қосылатын минералды қоспа ретінде де пайдалануға болады. Ауқымды жер ресурстарын 651 га кен орны, табиғи шабындығы, 6062 га жайылымдық, 540 га жыртылатын жер көлемі, жербеті және жерасты сулары мен толығып отыратын су ресурстары құрайды.

**Халқы:** Селолық округ территориясы 1995 жылы құрылған. Мұның құрамында 1 елді мекен және №36 разъезд бар. 2006 жылғы тіркеу барысының қорытындасы бойынша халық саны 1645 адам болды. Оның 80 пайызы қазақ, 8,1 пайызы орыс, 7,9 пайызы украин, 1 пайызын неміс, 0,06 пайызын молдаван, 0,67 пайызын татар, 0,6 пайызын белорус, 0,3 пайызын азербайжан, 0,18 пайызын башқұрт, 0,06 пайызын поляк, 0,42 пайызын өзбек, 0,54 пайызын кәріс ұлт өкілдері құрайды. Жалпы округте 12 ұлттың өкілдері тұрады. Халық тығыздығы 1 шаршы шақырымға 0,7 адамнан келеді. Округтің 49 пайызы ерлер, 51 пайызы әйел адамдардың еншісінде.

**Ауыл шаруашылығы:** Табиғи жағдайына қарай Қаратоғай селолық округі ылғал жетіспейтін аймаққа жатады. Бұрын округте ет және сүт өнімдерін өндіру мақсатында мал шаруашылығы кең дамып, бордақылау совхозы жұмыс істеген.

«Оралман» ШҚ -261га - Колдасбаев Ж.

«АСЕБ» ШҚ -417 га. - Бисов Е.

«Кудас» ШҚ -853 га. - Досниязов Д.

«Таукел» ШҚ - 1539 га.- Тарғынов А.

«Ботагоз» ШҚ - 91 га.-Измагамбетова А.

«Тимур» ШҚ -508 га.- Мукашев К.

«Игорь» ШҚ - 128 га.-Тауханов Г.

«Аружан» ШҚ -271 га.- Койназаров Д.

«Ниязбек» ШҚ - 300 га. - Кусепбергенов О.

«Конырат» ШҚ - 962 га. - Назымов О.  
«Ақниет» ШҚ - 86 га. - Туленова С.  
«Назык» ШҚ - 301 га. - Турлыгулов И.  
«Алғабас» ШҚ - 388 га. - Байсеркешев Ж.  
«Жана Турмыс» ШҚ - 400 га. - Шағатаев Б.  
«Алишер и К.» ШҚ - 447 га. - Жантлеуов М.

**Мәдени мұралары:** Ассай – I бейіті. Ассай бұлағынан солтүстікке қарай 1,5 км жерде суайрық үстірті дөңінде орналасқан. Солтүстік шығыстан оңтүстік батысқа қарай тізбектеліп, 290 м-ге созылған жеті оба мен топырақты құрылыстан тұрады. Ірі №1 оба (2,5x44 м) айналмалы ормен қоршалған және жартылай сфера тәріздес үйінділі. Оның басында орнатылған геодезиялық белгіні жанында тереңдігі 1 м болатын шұңқыр үңірейіп тұр. Солтүстік шығыстан 80 м жерде солтүстікке қарай ұшы тарылатын трапециялық формадағы топырақты құрылыс орналасқан. Биіктігі 0,2 м-ден 0,9 м және көлемі 47x58 м болатын дуалмен қоршалған. Ал қалған облар соңғы құрылыстан солтүстік шығысқа қарай орналасқан. Олардың көлемі 0,5x15 м-ден 1,5x19 м-ге дейін құбылып отырады. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Ассай – II бейіті. Диаметрі 20 м, биіктігі 0,7 м болатын Електің сол жақ құйылысындағы Ассай өзенінің суайрық басында орналасқан жайпақ топырақты үйінді. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Ащысай бейіті. Суайрық үстірт баурайында орналасқан. Екі жер обадан тұрады, оның біреуі тегіс жыртылған. №1 обаның етегінде солтүстік шығыста шайылып кеткен шұңқыр бар, үйіндінің басында триангуляциялық белгі бар. оба жартылай сфералық формалы, диаметрі 20, биіктігі 1,5 м. №2 оба тегіс жыртылған. Оның көлемі 7x0,1 м. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық экспедициясымен 1989ж тамызда табылған. Паспортталған.

Ащенсай – I бейіті. Бейіт Елек өзені сағасындағы Ащенсай бұлағының оң жағалауындағы шоқы басында орналасқан 9 тасты және дөңгелекті жайпақ топырақты үйіндіден тұрады. Обалар көлемі 4-9 диаметр, ал биіктігі 0,1-0,3 м. ескерткіш ортағасырлық кезеңге жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Ащенсай – II обалары. Жайпақ үйінділі, көлемдері 10x0,3 және 14x0,4 м болатын екі тасты оба солтүстік батыс-оңтүстік шығыс желісі бойынша бір-бірінен 140 м жерде, егіндіктің ескі орнынан батысқа қарай Елек өзенінің оң

жағалауындағы суайрық жиегінде орналасқан. 20 м солтүстік батысқа қарай №1 обадан триангуляциялық белгі бар. Қола дәуірінің ескерткіші. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Ащенса́й – III обалары. Жайпақ үйінділі, көлемдері 8x0,3 және 12x0,2 м, болатын екі жер оба солтүстік батыс-оңтүстік шығыс желісі бойынша бір-бірінен 50 м жерде Ащенса́й бұлағының оң жағалауындағы қырат басында орналасқан. Қола дәуірінің ескерткіші. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Ащенса́й – IV жалғыз обасы. Жайпақ үйінділі, диаметрі 10 м, биіктігі 0,4 м болатын тасты оба Елек өзенінің оң жағалауынан меридиандық бағыттағы суайрық үстіртте Ащенса́й бұлағынан батысқа қарай 0,5 км жерде орналасқан. Ескерткіш ортағасырлық кезенге жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Ащенса́й – V обалары. Көлемдері 10x0,1 және 8x0,3 м болатын екі тасты оба солтүстік шығыс-оңтүстік батыс желісі бойынша бір-бірінен 200 м жерде Елек өзенінің оң жағалауындағы суайрық үстірті дөңізде орналасқан. №1 оба оңтүстік батыста егіндіктің ескі орны маңында орналасқан. Ескерткіш ортағасырлық кезенге жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Ащенса́й – VI обасы. Биіктігі 0,3 м және диаметрі 9 м болатын тасты оба Ащенса́й өзенінің сол жағалауындағы суайрық қыраттың шетінде орналасқан. Обаның басында диаметрі 4,5 м және тереңдігі 0,5 м болатын тонау шұңқыры анық көрініп тұр. Ескерткіш ортағасырлық кезенге жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Қаратоғай – I обалары. Елек өзенінің оң жағалауындағы жазық қыратта солтүстік батыс-батыс-шығыс-оңтүстік шығыс желісі бойынша бір-бірінен 85 м жерде көлемдері 36x2 және 20x1 м болатын екі жер оба орналасқан. Шығыс оба төбесінде тереңдігі 1 м, диаметрі 5 м болатын екі тонау шұңқыршықтары байқалады. Үйінділер формасы жағынан жарты шар тәріздес және тереңдігі 0,5 м болатын ормен қоршаулы. Обадан батыс-солтүстік батыста 150 м жерде православиелік мола орналасқан. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Қаратоғай – II обасы. Қаратоғай-Коминтерн грейдерінен 300 м жерде, шағыл тастар шығаратын орынан шығысқа қарай Ащенса́й бұлағының оң жағалауындағы жазық қыраттың басында орналасқан. Үйіндісі жарты шар

тәріздес топырақты биіктігі 0,8 м, диаметрі 10 м. Ескерткіш ортағасырлық кезеңге жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж. тамызда табылған. Паспортталған.

Қаратоғай – II обасы. Көлемі 10x0,2 м болатын жер оба Елек өзенінің оң жағалауындағы жазық қыратта орналасқан. Ескерткіш ортағасырлық кезеңге жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987 жылы тамызда табылған. Паспортталған.

Қаратоғай – IV бейіті. Дала жолы қиып өтетін қыратта бір-бірінен 110 м жерде екі оба орналасқан. Диаметрі 20 м, биіктігі 0,5 м болатын №1 обаның жер үйіндісі жартылай сфералық формалы, төбесінде геодезиялық белгі орнатылған. №2 обаның жер үйіндісінің диаметрі 16 м, биіктігі 0,4 м.

Қаратоғай – V бейіті. 4 жер обалы үйіндіден тұрады. Обалардың біріне тригопункт орнатылған. Олардың қазіргі көлемі: №1 – 2x25м, №2 – 1,5x30м, №3 – 1x19м, №4 – 0,7x18м.

Қашқын – I бейіті. Үйіндісінің диаметрі 8 м, биіктігі 0,8 м болатын жарты шар тәріздес жер оба. Оның төбесіне геодезиялық белгі орнатылған. Елек өзенінің оң жағалауындағы суайрықтың басында орналасқан. Ескерткіш ортағасырлық кезеңге жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987 жылы тамызда табылған. Паспортталған.

Қашқын – II бейіті. Елек өзенінің оң жағалауындағы суайрықтың басында орналасқан үш обадан тұрады. Негізі үшеу деп көрсетілгенімен, одан да көп болуы мүмкін, өйткені үйінділер тегіс жыртылған. Көлемі: №1 (1x10м), оның төбесінде геодезиялық белгі орнатылған. Одан 20 м солтүстікке қарай №3 (0,3x14м) және 45 м солтүстік шығысқа қарай №2 (0,2x12м) оба орналасқан. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж. тамызда табылған. Паспортталған.

Қашқын – III бейіті. Суайрық үстірті дөңінде егіндіктің ескі орнында орналасқан сүйірленген топырақты үйінді. Биіктігі 0,35м, диаметрі 14м. Толығымен тегіс жыртылған. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж. тамызда табылған. Паспортталған.

Мақаш – I бейіті. Елек өзенінің оң жағалауындағы суайрық жотада үш, екеуі тасты, олардың ортасында жер оба орналасқан. Солтүстіктегі ең ірі оба №1 /20x2,0м/ - төбесінде «МАҚАШ» триангуляциялық белгі бар үйіндісі тасты жартылай сфера тәріздес, одан оңтүстікте 50 м жерде тегіс үйінділі жер оба /12x0,4м/ және соңғысынан оңтүстікке қарай 15 м жерде көлемі 10x0,3 м

болатын тасты оба орналасқан. Обалар тобынан солтүстікке қарай 30 м жерде Қаратоғай ауылына қарай жол өтіп жатыр. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1987 жылы тамызда табылған. Паспортталған.

Мақаш – II бейіті. Елек өзенінің оң жағалауындағы суайрық үстірттің оңтүстік шетінде батыстан шығысқа қарай тізбектеліп созылып жатқан алты жер обадан тұрады. Олардың диаметрі 5-тен 9 м, биіктігі 0,1-ден 0,8 м. Еі үлкен орталық оба №1 (14x1м) үйіндісі жарты шар тәріздес. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987 жылы тамызда табылған. Паспортталған.

Мақаш –III бейіті. Елек өзенінің оң жағалауындағы суайрық үстірттің басында орналасқан. Үйіндісіне тас кездесетін дөңгелек формалы II жер обадан тұрады. Олар солтүстік-солтүстік батыстан оңтүстік-оңтүстік шығысқа қарай суайрық үстірттің шетінде 170 м жерде созылып жатыр. Ең ірі №1 оба (0,8x12м) негізгі обалар тобынан шығыста 50 м жерде орналасқан. №3 оба (0,3x13м) тоналған. Қалған үйінділер көлемі 1x5 м-ден 0,2x8 м. Ескерткіш қола дәуіріне тән. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987 жылы тамызда табылған. Паспортталған.

Мақаш – IV бейіті. Елек өзенінің оң жағалауындағы суайрық үстірттің басында бір-бірінен 250 м жерде үйме болып орналасқан төрт дөңгелекті және бір квадратасты жер обадан тұрады. Биіктігі 0,3x0,7 м, диаметрі 6-17 м көлемінде. Гибадатхана ұзындығы 11 м, ені 0,4 м, биіктігі 0,2 м болатын дуалмен қоршалған. Квадратасты құрылыс арқылы межелік егістік жолы өтіп жатыр. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987 жылы тамызда табылған. Паспортталған.

Мақаш – VІ обалары. Батыс-шығыс желісі бойынша бір-бірінен 45 м қашықта Қаратоғай станциясындағы Елек өзені арқылы өтетін теміржол көпірінен 1 км солтүстік-шығыста Елек өзенінің оң жағалауындағы аласа суайрықтың басында орналасқан біреуі тасты (4x0,2 м), екіншісі топырақты (6x0,2 м), екі оба. Ескерткіш ортағасырлық кезеңге жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987 жылы тамызда табылған. Паспортталған.

## ҚАРАТОҒАЙ СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША КӨП БАЛАЛЫ АНАЛАР



**Рыспаева Апуза** - 1950 жылы 15 қыркүйекте Қарақалпақстан Республикасы Хожелі ауданында туған. Білімі 9 кластық. 1960 жылы Рыспаев Амандықпен тұрмыс құрды. Өзі ұзақ жылдар сауыншы болып, жолдасы тракторшы қызметтерін атқарған. Апуза ұзақ уақыт бойы аудандық кеңес депутаты болды. 1992 жылы Талдықорған облысының Алдаберген ауылына қоныс аударады. Қазіргі кезде 9 баласы, 12 немересі бар. «Күміс алқамен» наградталған. 2003 жылдан Қаратоғай ауылының тұрғыны.

**Даулетьярова Сахима** - 1941 жылы 17 қазанда Түркіменстан Республикасының Тельман ауданы Тонманияб ауылында туған. Білімі 5 кластық. 1958 жылы Уразаев Түлкібаймен тұрмыс құрды. «Қызылжар» ауылында жолдасы есепші әрі бас экономист, өзі мектепте еден жуушы болып жұмыс істейді. Қазіргі таңда 9 бала, 25 немере мен 1 шөбере сүйген ана. «Ана данқы» медалімен наградталған. Қазір Қаратоғай ауылында тұрады.



**Нұржанова Жиенгүл** - 1945 жылы 25 маусымында Қарақалпақстан Республикасы Хожелі ауданында туған. Білімі 10 кластық. 1966 жылы Қолдаспаев Жұмабайға тұрмысқа шығады. Жиенгүл байланыс жүйесінде, ал жолдасы тракторшы қызметтерін атқарады. 12 баласы, 24 немере мен 4 шөбересі бар. III дәрижелі «Ана данқы», «Алтын жұлдыз», «Батыр ана», «Еңбек ардагері» медалдарымен наградталған. 1989 жылдан бастап Қаратоғай ауылында тұрады.

**Төлеуова Камиля** - 1939 жылы 20 шілдеде Ресей Федерациясы Орынбор облысы Сакмарск ауданының Чибинки станциясында туған. Білімі жоқ. 1959 жылы Төлеуов Тоғыбаймен тұрмыс құрды. Өзі селолық округте еден жуушы болып, жолдасы Қаратоғай аулы элеваторында койма менгерушісі қызметін атқарды. 8 баласы, 15 немересі, 2 шөбересі бар. «Күміс алқа», «Ана данқы» орденімен наградталды. Қазіргі таңда Қаратоғай ауылында тұрады.







**Ялгашова Жақсылық** - 1946 жылы 9 мамырда Қарақалпақстан Республикасы Хожелі ауданында туған. Білімі жеті кластық. 1961 жылы Ялдашев Недирге тұрмысқа шығады. Өзі мақта жинаушы, күйеуі Ленин атындағы колхозда есепші болып жұмыс істеді. 8 бала, 25 немересі бар. «Ана даңқы» орденімен наградталды. Қазіргі таңда Қаратоғай ауылында тұрады.

**Әлиева Балсекер** - 1942 жылы 16 шілдеде Ақтөбе облысы Қобда ауданы Қаратал ауылында туған. Білімі орта. 1960 жылы Әлиев Саликемен тұрмыс құрды. Өзі он үш жыл сауыншы, әрі аудандық селолық бірлестігінде малшы қызметтерін атқарды, ал жолдасы малшы болып жұмыс істеді. 8 бала, 7 немересі бар. «Күміс алқа», «Ана даңқы» орденімен наградталды. Ол ұзақ уақыт бойы аудандық халықтық кеңес депутаты болып, қоғамдық жұмыстар үшін көп алғыс алған жан. Бүгінде Қаратоғай ауылында тұрады.



**Байсеркешева Қанзибаш** - 1945 жылы 3 желтоқсанда Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Алтай ауылында туған. Білімі 4 кластық. 1963 жылы Байсеркешев Амангереймен тұрмыс құрады. Өзі қарапайым жұмысшы, жолдасы көлік жүргізушісі, тракторшы, малшы, завхоз болып жұмыс істеді. 13 бала, 20 немере сүйіп отыр. Барлық дәрижедегі «Ана даңқы» ордендері, «Батыр ана», «Алтын алқамен» наградталды. 1998 жылдан бастап Қаратоғай ауылының тұрғыны.

**Наурызғұлова Мәдина** - 1948 жылы 9 қазанда Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Жаңа-Елек ауылында дүниеге келген. Білімі 8 жылдық. 1966 жылы Наурызғұлов Қуанышпен тұрмыс құрды. Өзі тракторшы, сатушы, құрылысшы қызметтерін, жолдасы «Социализм» колхозында тракторшы қызметін атқарды. 8 бала, 5 немересі бар. «Күміс алқа», «Ана даңқы» орденімен наградталды. 1976 жылдан бері Қаратоғай ауылының тұрғыны.





**Нұрғалиева Миуа** - 1951 жылы Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Ебейти ауылында туған. Білімі 7 кластық.. 1969 жылы Нұрғалиев Амантаймен тұрмыс құрды. Өзі Құрман совхозында қарапайым жұмысшы болып, жолдасы тракторшы қызметін атқарды. 8 бала, 6 немере сүйіп отыр. «Күміс алқа», «Ана даңқы» орденімен наградталды. 1986 жылдан бастап Қаратоғай аулының тұрғыны.

**Қоблан Ақзия** - 1937 жылы Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Қарабұлақ ауылында туған. Білімі 7 кластық. 1955 жылы Есмағамбет Жұмалымен тұрмыс құрды. Өзі сауыншы, шопан болып, жолдасы «Алтай» совхозында бас есепші, бас экономист, зоотехник болып жұмыс істеді. 10 бала, 19 немере, 1 шөбересі бар. III дәрежелі «Ана даңқы» ордендері, «Батыр анамен» наградталды. 1998 жылдан бастап Қаратоғай аулының тұрғыны.



**Сокурова Салқын** - 1927 жылы 1 маусымда Ақтөбе облысы Ойыл ауданы №5 ауылында туған. Білімі 2 кластық. 1946 жылы Сакуров Қадырмұхамбетпен тұрмыс құрды. Өзі тылдың қатысушысы, тракторшы, жолдасы Ұлы Отан соғысы ардагері, 40 жыл бойы аудандық ауыл шаруашылық бірлестігінде малшы болып жұмыс істеді. 9 бала, 38 немере, 28 шөбересі бар. «Ана даңқы» ордені, «Күміс алқа», социалистік еңбек ері, «Ұлы Отан соғысының жеңісіне 50 жыл», Қазақстан Республикасы Президентінің алғыс хаты, Ауыл еңбеккерлеріне КСРО ғарышкерлерінің жұлдызды қалашығы құрмет грамотасы мен өзге де наградалары бар. 1947 жылдан бастап Қаратоғай аулында тұрады.

**Тркаманова Бибізада** - 1955 жылы 21 қазанда Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы Амангелді ауылының екінші бөлімшесінде туған. Білімі 9 кластық. 1974 жылы Тркаманов Рамазанмен тұрмыс құрды. Өзі Чапаев колхозында қарапайым жұмысшы болып, жолдасы тракторшы қызметін атқарды. 8 бала, 5 немересі бар. «Күміс алқа», «Ана даңқы» орденімен наградталған. 1974 жылдан бастап Қаратоғай аулында тұрады.





**Əліпбаева Жамал** – 1940 жылы 2 ақпанда Ақтөбе облысы Комсомол ауданы Сталин атындағы колхозда туған. Білімі орта. 1959 жылы Əліпбаев Бекзадамен тұрмыс құрды. Өзі 20 жыл бойы поштада телефонистка болып, жолдасы бас бухгалтер, партком, ауылдық кеңес төрағасы істейді. 8 бала, 17 немересі бар. «Ана даңқы» ордені, байланыс ардагері медалімен наградталған. 2001 жылдан бастап Қаратоғай ауылында тұрады.

**Күзембаева Мәдина Молдағалиқызы** – 1926 жылы 1 қаңтарда Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Полтавка селосында туған. Білімі 7 кластық. 1947 жылы Күзембаев Абылғазымен тұрмыс құрды. Өзі аудандық ауыл шаруашылық бірлестігінде жұмысшы, тылдың қатысушысы, жолдасы Красный пахарь колхозында тракторшы болып жұмыс істеді. 9 бала, 23 немере, 3 шөбересі бар. «Ана даңқы», ордені, «Күміс алқа», «1941-1945 жж Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 60 жыл» мерейтойлық медалімен наградталған. 1957 жылдан бастап Қаратоғай ауылында тұрады.



**Қайырова Ақбатша** - 1939 жылы Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Ақжар ауылында туған. Білімі орта. 1960 жылы Ожанов Жанғазымен тұрмыс құрды. Өзі 20 жыл тракторшы болып, тың игеруге қатысқан, жолдасы прораб қызметін атқарған. 8 бала, 16 немересі бар. «Ана даңқы» ордені, «Күміс алқа», «Еңбек ардагері», «Социалистік еңбек ері», «Тың жерлерді игеру үшін», обком партиясының төртінші пленумының қатысушысы, Қазақстанның 18-ші облыстық партиясының делегаты. 1997 жылдан бастап Қаратоғай ауылында тұрады.



**Салқынова Жаңылсын** - 1948 жылы 26 наурызда Ақтөбе облысы Байғанин облысы Сартоғай ауылында туған. Білімі орта. 1970 жылы Нұрекенов Жұмамұратпен тұрмыс құрды. Жолдасы да, өзі де Алтай совхозында тракторшы қызметтерін атқарды. 8 бала, 8 немере. «Ана даңқы» ордені, «Күміс алқа», «Лениннің туғанына 100 жыл» медалімен наградталған. Жаңылсын бірнеше мәрте облыстық және аудандық халықтық кеңес депутаты болып сайланды. 1996 жылдан бастап Қаратоғай ауылында тұрады.



**Мұқашева Қаламқас** - 1934 жылы 23 ақпанда Ресей Федерациясы Орынбор облысы Беляев ауданы Красноурал ауылында дүниеге келген. Білімі 4 кластық. 1954 жылы тұрмысқа шыққан. Сауыншы, аспаз қызметтерін атқарған. 9 бала, 13 немере, 1 шөбересі бар. «Ана данқы» ордені, «Күміс алқамен» наградталған. Қазіргі таңда Қаратоғай ауылында тұрады.



**Иманова Тілектес** - 1939 жылы 17 қарашада Сартоғай ауылында туған. Білімі бастауыш. 1957 жылы тұрмысқа шыққан. Колхозда қарапайым жұмысшы болып жұмыс істеді. 10 баласы бар. Қазірде Қаратоғай ауылында тұрады.

## ҚАРАШАЙ СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІ

**ҚАРАШАЙ СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІ** – Мәртөк ауданы орталығынан солтүстік-шығыс жағында орналасқан. Ол оңтүстікте Қаратоғай селолық округімен, оңтүстік-батысында Мәртөк селолық округімен, солтүстігінде Қызылжар селолық округімен, шығысында Родниковка селолық округімен батысында Байторысай селолық округімен шектеседі. Округ құрамында 4 елді мекен кірген: Қаратаусай, Коминтерн, Линовичк, Жоса. Пайдаланатын жер көлемі 46746 га. Округ аймағынан аудан орталығымен байланыстыратын жол өтеді.

**Климаты:** округ аймағы ормандық-далалық зонада орналасқан. Климаты кеңет континентальдықпен ерекшеленеді. Күн мен түн температурасы ылғалдылықтан күрт өзгеріп отырады. Ең суық кезең болып қаңтар және ақпан айлары, ең жылы айлары болып шілде, тамыз саналады, жыл бойғы ауа температурасы 40 градус аяздан 42 градус жылылыққа дейін өзгереді. Аязсыз кезеңнен ұзақтығы шамамен 120 күн. Орташа жылдық ылғал мөлшері 280 мм, соның ішінде ылғалдық көп мөлшері маусым, шілде айларына түседі. Қысқа мерзімді көсер жаңбыр, бұршақ жауады.

Жылы температура жылдық мөлшердің 60 пайызын құрайды. қардың орташа биіктігі 30 – 40 см. Қысқы мезгілде шығыстан сокқан жел басым, сондықтан Қаратаусай мен Коминтернді қар басады. Электр сымдарына жетерлік қар биіктігі болатын қыстар да кездесіп қалады. Сымдарды кейде аттап өтуге де болады. Көктем ұзаққа созылады, қар мамыр айына дейін жатады. Жазғы желдің бағыты – оңтүстік-шығыс, округтің негізгі бөлігі орманды алқап, топырақты боранның ұзақтығы жылына 7 күн.

**Жер бедері:** Қарашай селолық округі жазық жерлі, округтың шығыс жақ бөлігі төбелі. Коминтерн биікте орналасқан, ал Линовицк төбесін етегінде.

Округ маңын тайыз өзендер кесіп өтеді. Солтүстік шығысында аралас тоғайлар бар.

**Топырағы:** жер бедері күрделі. Орталық бөлігінде қоңыр қара жер. Солтүстік шығыс бөлігінде шұрайлы қара жер басым Торангүл, Бөрте, Жосасай өзендерінің жайылымдарында шабындықтар қалыптасады.

**Гидрография:** гидрографиялық желісі: Бөрте, Торангүл, Жосасай, Қарағаш-1, Қарағаш-2Үңгір, Санатбайбұлақ (3км), Әділбұлақ (2км) Бөрте өзені округтың батыс жағынан оңтүстіктен солтүстікке қарай ағып өтеді. Оның оң жақ жағалауында Қаратаусай селосы орналасқан. Бөртеге Қарағаштың екі саласы құяды. Торангүл өзені округтың шығыс бөлігінде солтүстіктен оңтүстікке қарай өтеді, округтың барлық аймағымен Жосасай өзені өтеді. Ауылдық округтың оңтүстік-шығысында Қиялы-Бөрте-Үңгір салалары орналасқан. Өзен жағалауларында талдар өсіп тұр. Су жағаларында саз балшық та кездесіп қалады. Қыста өзендер түбіне дейін катады. Округте 6 бөгет бар: «Тарансай»(1988ж.), «Глыбковая» (1985ж.), «Красная» (1982ж.), «Мартукекая» (1970ж.), «Чёрная» (1968ж.), «Джусинская» (1988ж.).

**Өсімдігі:** Қарашай селолық округі құрғақшылыққа берлік жерде орналасқан. Көк теректер, ақ қайыңдар, шыршалы орман бар. Қарағаш, терек, үйеңкі, тал бар. Өзен арналарында қандағаш, сондай-ақ жабайы шие мен бүлдірген өседі.

**Жануарлар әлемі:** округ жануарлар түрлеріне өте бай. Мұнда бұғы, қабан, елік, қасқыр, түлкі, қоян, борсық, кірпі, қарсақ, қосаяқ, тасбақа, жылан т.б. мекендейді. Соңғы кездері құндыздар мекен ете бастаған. Көлдер мен көлшіктерде жиі кездесіп жүр. Құстардың түрлері көп. Мұнда тыриалар, аққулар, үйректер, бүркіттер, қарлығаштар, көкектер, қарғалар, сауыскандар, торғайлар, көгершіндер, т.б. кездеседі. Өзендер мен табиғи су қоймалары: мөңкебалық, шортан, тұқы, алабұға, теңгебалық, таутан, табанбалық секілді бағалы балықтарға бай. Шаяндар да бар.

**Қорлары:** Қарашай селолық округі құрылыс материалдары; құм, балшық, тас, т.б. бай. Тұз, мұнай, газ бар. 1870 жылы ұлы ғалым Д.И.Менделеев мұнайды зерттей отырып, жоса кен орнына көңіл аударуды өтінген. 1901 жылы Нобель компаниясы Жоса кен орнынан мұнай тапты. Шикізат Мұғалжарға керуенмен тасымалданды, 3 түйе керуені болды. Бұл керуендердің қожайыны Қаратаусайға жақын Көнауыл деген жерде тұрды.

**Халқы:** Қазір (2008) санақ қорытындысы бойынша тұрғандар саны 1137 адамды құрайды. оның ішінде 42 пайызы – қазақтар, 18 пайызы – орыстар, 25 пайызы – украиндар, 7 пайыз – немістер, 1 пайыз – молдавандар, 0,5 пайызы – татарлар, 2 пайызы – белорустар, 0,8 пайыз – азербайжандар, 0,25 пайыз – башқұрттар, -0,08 пайыз – поляктар, 0,6 пайыз – марийцтер, 1,4 пайыз – балғарлар, 14 ұлттың өкілдері тұрады.

**Ауыл шаруашылығы:** Округ табиғи климаттың жағдайға карағанда ылғалы жеткіліксіз. Ауыл шаруашылығында 22 шаруашылық қожалық, 2 ЖШС оның ішінде 1 ЖШС және 3 Ш.Қ. өсімдік өсірумен және мал шаруашылығымен айналысады. 15691 га жерге астық (себіледі) егіледі. Оның ішінде 11799 га – арпа, 2930 га – бидай, 110 га – сұлу, 852 га – күнбағыс, жақсы жылдары орташа өнім өндіру шамамен гектарынан 19-20 ц құрайды, 2008 жылы астық өндіру 14,5 ц/га құрады, жыл сайын астық өндіретін агротехникаға көп көңіл бөлініп келеді.

ЖШС жерлері: – 11389 га:

«Карасор-А» ЖШС – 9236 га. - Лайкин С.

«МТС» ЖШС – 2153 га. - Стрючков А.

«АС.АР.АЗ.Г.» ШҚ – 231 га. - Гасанов

«Бауржан» ШҚ – 601,6 га. Жантлеуов Б.

«Кайрат» ШҚ – 565 га. – Жингалиев Е.

«Кузьмич» ШҚ – 525,4 га. – Мощенко В.

«Престиж» ШҚ – 132 га. – Чавдарь В.

«Тимур и К» ШҚ – 100га. – Мамбеталина С.

«Бобек» ШҚ – 289 га. – Батинов С.

«Жангылыш» ШҚ – 300 га. - Нурбаев А.

«Жем» ШҚ – 578 га. – Сулейменова Г.

«Ынта» ШҚ – 150 га. - Айтикенов К.

«Алем» ШҚ – 6104 га. – Байтлеуов А

«Ангур» ШҚ – 478 га. – Житник С.

«КАР» ШҚ – 200 га. – Курмашева Р.

«Уялы» ШҚ – 250 га. – Ажибаев С.

«Толеген» ШҚ – 150 га. – Доскожаев

«Шығыс» ШҚ – 542 га. – Измухамбетов О.

«Орлеу» ШҚ – 154 га. - Тайланов С.

«Милона» ШҚ – 176 га. - Сень

«Талгат» ШҚ – 267 га. – Кожакметов М.

«Тама» ШҚ – 192 га. -Жарикенов М.

«Сағыныш» ШҚ – 15 га. – Ибраев А.

«Дина» ШҚ – 5002 га – Омарова Г.

«Карим» ШҚ – 315 га. – Ахметов К.

«Куантай» ШҚ – 1370 га. – Букаев К.

«Меруерт» ШҚ – 382 га. – Сагинбаев Т.

«Ляззат» ШҚ – 144 га. – Джанабергенев

«Егин» ШҚ – 91 га. - Базаров Ж.

«Рустам С.» ШҚ – 150 га. - Сагизбаев А.

«Тарангул» ШҚ – 432 га. – Шингалиев Н.

«АГРА» ШҚ - Таспенев

**Білім беру:** Қаратаусай мен Коминтерн селоларында екі орта мектеп бар. Барлығы 226 оқушы оқиды. Балабақша жұмыс жасайды.

**Денсаулық сақтау:** округта Қаратаусайда дәрігерлік амбулатория, Коминтернде фельдшерлік пункт бар.

**Мәдени-ағарту жұмысы:** Қаратаусайда селосында 7691 дана кітап қоры бар кітапхана, Коминтернде 1 кітапхана, 2 клуб жұмыс істейді.

**Дене шынықтыру мен спорт:** Округ аймағында «Қарашай» футбол және волейбол командалары құрылған. Үстел теннисі, жеңіл атлетика жақсы дамыған. Қарашай спортшылары зоналық жарыстар мен аудандық спартакиадаларды бірнеше рет жеңіске жетіп, жақсы нәтижелер көрсетіп отырады.

**Мәдени мұралары:** Жуса – I бейіті. Жуса ауылына баратын далалық жолдағы егіндіктің ескі орнында орналасқан 3 жерде обадан тұрады. Үйінділер тегіс жыртылған, бірақ жерде анық құмдақ түспен бөлінеді. Обалар көлемі диаметрі 10-нан 16 м-ге, биіктігі 0,2-ден 0,5м. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 22.08.1987ж. табылған. Паспортталған.

Жуса – II бейіті. Коминтерн ауылынан Жуса ауылына баратын далалық жолдағы аңызда төбе болып орналасқан 13 жер обадан тұрады. Үйінділер тасып бітірілген. Олардың көлемі 10-нан 34 м диаметрі, биіктігі 0,2-ден 1,6 м-ге дейін түрленеді. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 22.08.1987ж. табылған. Паспортталған.

Жуса – III бейіті. Солтүстік Шығыстан оңтүстікке қарай 80м жерде доға бойынша созылып жатқан 3 жер обадан тұрады. Көлемдері: оба №1 – 18x0,3м, №2 – 10x0,3м, №3 – 14x0,4м. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 22.08.1987ж. табылған. Паспортталған.

Жуса – IV бейіті. Коминтерн ауылынан Жуса ауылына баратын далалық жолдан 30-60 м жердегі аңызда үйме болып орналасқан 9 жер обадана тұрады. Үйінділер тасып бітірген. Олардың қазіргі көлемі 0,0-ден 0,4 м биіктен, диаметрі 8-12 м-ге дейін түрленіп отыр. Үйінді құмдасыны көкжиек деңгейінде ашық түспен көзге айқын түседі. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 22.08.1987ж. табылған. Паспортталған.

Жуса – V бейіті. Кең суайрық жотадағы 150 м егістіктің ескі орнында Коминтерн-Жуса ауылдары (репер 39 км) грейдерінен солтүстік шығыста орналасқан 3 жер обадан тұрады. Үйінділер көлемі: №1 (12x0,3м), №2, 3 (6x0,2 м). №1 обادا триангуляциялық белгі орнатылған. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 22.08.1987ж. табылған. Паспортталған.

Жуса – VI бейіті. Батыс пен шығыстан созылып солтүстік және оңтүстік желісі бойынша бір-бірінен 60м қашыққа бөлінген тығыз орналасқан екі

обалар тобынан тұрады. Олардың барлығы 8. Кең суайрық жотасындағы жыртылған жерде орналасқан олардың биіктігі 0,3 м-ден аспайды. Грейдерден солтүстік шығыста Коминтерн ауылы – Жуса ауылы (репер 39 км). №1 қорғанда триангуляциялық белгі орнатылған. Жергілікті тұрғындардың айтуынша 1987 жылдың көктемінде осы жерден адамның тас мүсіні қазылып алынған. Ескерткіш ортағасырлық кезеңге жатады. АПИ археологиялық экспедициясымен 22.08.1987ж. табылған. Паспортталған.

Жуса – VII бейіті. Жуса ауылының шығыс шетіндегі аңғардың шығыс жотасында орналасқан екі обадан тұрады. №1 (6x0,6м) оба топырақты, №2 (12x0,3) обаның үйіндісінде тас кездеседі және тегіс жыртылған. Ескерткіш ортағасырлық кезеңге жатады. АПИ археологиялық экспедициясымен 22.08.1987ж. табылған. Паспортталған.

Жуса – VIII бейіті Солтүстік батыс – оңтүстік шығыс желесі бойынша 350 м жерде созылып жатқан 3 жер обадан тұрады. №1 обادا триангуляциялық белгі орнатылған. Үйінділер жарты шар тәріздес формалы. Көлемдері: оба №1 – 30x1,6м, №2 – 32x1,2м, №3 – 20x0,4м. Ескерткіш ортағасырлық кезеңге жатады. АПИ археологиялық экспедициясымен 23.08.1987ж. табылған. Паспортталған.

Жуса – IX бейіті. Солтүстік-оңтүстік желісі бойынша бір-бірінен 250 м қашықта меридиандық бағыттағы суайрықтағы жыртылған. Жерде орналасқан жарты шар тәріздес формалы, топырақты. Көлемдері: №1 (0,2x8м), №2 (12x0,4м). №1 обادا триангуляциялық белгі орнатылған. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 23.08.1987ж. табылған. Паспортталған.

Орта-Бөрте – II бейіті. Орта-Бөрте өзенінің оң жағалауындағы суайрық жотаның баурайындағы жыртылған. Жерде бір-бірінен 360 м жерде меридиандық бағытта созылып жатқан 3 жер обадан тұрады. Барлық обалар тегіс жыртылған, үйінділер 26x0,3 – 40x2,2 м шегінде түрленіп отырады. Ең үлкен №1 обаның төбесінде диаметрі 2-3 м болатын тонау шұңқыршығы бар. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1987 жылы тамызда табылған. Паспортталған.

Орта-Бөрте – III бейіті. Орта бөрте өзенінің оң жағалауындағы суайрық жотаның баурайындағы жыртылған жерде 280 м жерде меридиандық бағытта созылып жатқан үш жер обадан тұрады. Обалар үйінділері жыртылған жермен тегістелген. Олардың диаметрі 10-н 18 м, биіктігі 0,3-н 0,7 м. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1989 жылы тамызда табылған. Паспортталған.



Орта-Бөрте – IV бейіті. Орта-Бөрте өзенінің оң жағалауындағы суайрық жотаның басында орналасқан көлемі 38x1,2 болатын үйіндісі конустық формалы жер оба. Одан 170 м оңтүстік-шығыста диаметрі 20 м болатын дөңгелек тас құрылыс байқалады. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1987 жылы тамызда табылған. Паспортталған.

Орта-Бөрте – V бейіті. Коминтерннен Қаратаусайға баратын грейдерден оңтүстік 1,5 км жерде Орта-Бөрте өзенінің оң жағалауындағы суайрық жотада орналасқан жарты шар тәріздес формалы жер оба. Диаметрі 12 м, биіктігі 0,45 м. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1987 жылы тамызда табылған. Паспортталған.

Орта-Бөрте – VI бейіті. 34x25 м болатын жарты шар тәріздес үйінділі бір ірі жер обадан және батысқа қарай 160 м жерде меридиандық тізбекпен Орта-Бөрте өзенінің оң жағалауындағы суайрық үстірттің басында орналасқан үш обадан тұрады. Үш кіші обаның екеуі (20x0,7 және 16x0,3 м) топырақты, біреуі – оңтүстік – тасты (8x0,5 м). №1 обаның төбесінде триангуляциялық белгі орнатылған. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1987 жылы тамызда табылған. Паспортталған.

## ҚАРАШАЙ СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША КӨП БАЛАЛЫ АНАЛАР



Котович Анна Трофимовна – 1940 жылдың 13 мамырында Украина, Хмельницкий облысы Изясловский ауданы Шекеренцы селосында туған. Білімі 3 кластық. 1962 жылы Котович Владимирмен тұрмыс құрған. Өзі сауыншы, жолдасы «Красный пахарь» колхозында тракторшы болып жасаған. 8 баласы, 12 немересі бар. «Ана даңқы» орденінің екі дәрежесімен наградталған. Қазір Қаратаусай ауылында тұрады.

Колтуклу Наталья Ильинична – 1914 жылы Ақтөбе облысы Алға ауданы Болгарка ауылында туған. 1934 жылы Колтуклу Федормен тұрмыс құрған. Өзі еңбек майданының ардагері, сауыншы, шошқа күтуші, жолдасы «Красный пахарь» колхозында жұмысшы болып жасаған. 12 баласы, 22 немересі, 12 шөбересі, 8 шөпшегі бар. «Батыр-Ана» құрметті атағы берілген, Аналық орденімен, «Ана даңқы» орденінің үш дәрежесімен, мерейтойлық



медальдармен, «Еңбек ардагері» медалімен наградталған. Қазір Қаратаусайда тұрады.

**Нұрғалиева Қарылға Дюсембайқызы** – 1939 жылдың 12 сәуірінде Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Құмсай ауылында туған. Білімі 6 кластық. 1956 жылы Нұрғалиев Мерейлімен тұрмыс құрған. Өзі сауыншы, жолдасы «Красный пахарь» колхозында малшы болып жасаған. 8 баласы, 18 немересі, 9 шөбересі бар. «Күміс алқамен», «Еңбек ардагері» медалімен наградталған. Қазір Қаратаусай ауылында тұрады.



**Жұмабаева Күнсұлу** – 1936 жылдың 20 тамызында Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Ленин атындағы колхозда туған. Білімі 6 кластық. 1954 жылы Жұмабаев Нигматпен тұрмыс құрады. Өзі Линовицк селъпосында күзетші, жолдасы тракторшы, есепші болып жасаған. 13 баласы, 17 немересі 3 шөбересі бар. «Батыр-Ана» атағының иегері, «Алтын алқамен», Аналық орденімен наградталған. Қазір Коминтернде тұрады.

**Екимова Зинаида Максимовна** – 1935 жылдың 11 мамырында Ақтөбе облысы Қаратогай стансасында туған. Білімі 7 кластық. 1955 жылы Екимов Николаймен тұрмыс құрады. Өзі сауыншы, бұзаушы, жолдасы «Красный Октябрь» колхозында тракторлық бригаданың бригадирі болып жасаған. 8 баласы, 14 немересі, 3 шөбересі бар. «Ана даңқы» орденінің екі дәрежесімен наградталған, жақсы жұмыс жасағаны үшін 1950 жылы ВДНХ катысқан. Қазір Коминтернде тұрады.



**Смағұл Катей** – 1939 жылдың 1 қаңтарында Монголияда Ховд-Аймақта туған. Білімі бастауыш. 1957 жылы Хадарш Мешітханмен тұрмыс құрған. Өзі сауыншы, жолдасы жүргізуші болып жасаған. Қарашай селолық округіне 1992 жылы көшіп келді. 12 баласы, 33 немересі, 3 шөбересі бар. «Батыр-Ана» құрметті атағы берілген. Қазір Коминтернде тұрады.



**Иржанова Маржан Қайыргалиқызы** – 1936 жылдың 8 наурызында Ресейде Башкирияда Шарлыкский аудан «Ударник» ауылында туған. Білімі жоқ. 1959 жылы Иржанов Сейткалимен тұрмыс құрған. Өзі «Жиренкопа» совхозында жұмысшы, жолдасы малшы, қойшы болып жасаған 9 баласы, 16 немересі бар, 1 шөбересі бар. «Күміс алқамен, «Ана данқы» орденімен наградталған. Қазір Коминтерде тұрады.

**Зайнулдин Жаңылдық** – 1938 жылдың 21 шілдеде Ақтөбе облысы Жамбыл ауылында туған. Білімі 8 кластық. Өзі сатушы, пошта тараушы, жолдасы колхозда есепші болып жасаған. 11 баласы, 14 немересі бар. «Батыр-Ана», Аналық орденімен наградталды. Қазір Коминтерде тұрады.



**Төкей Хазира** – 1958 жылдың 25 тамызында Монголияда Баян-Өлгийде туған. Білімі 7 кластық. 1977 жылы Ақбас Мүтәлиппен тұрмыс құрған. Өзі сауыншы, жолдасы жүргізуші болып жасаған. Қазақстанға 1992 жылы көшіп келген. 8 баласы, 2 немересі бар. «Күміс алқамен», 2 дәрежелі «Ардақты ана» орденімен наградталған. Қазір Коминтерде тұрады.

**Тайланова Гүлсім** – 1939 жылдың 24 желтоқсанында Ресейде Орынбор облысы Куvandык ауданында туған. Білімі 7 кластық. 1957 жылы Сәлімгерей Тайлановпен тұрмыс құрған. Өзі егін бригадасының бригадирі, жолдасы тракторшы болып жасаған. 8 баласы, 17 немересі бар. «Күміс алқамен, «Ана данқы» орденінің екі дәрежесімен наградталды. Қазір Коминтерде тұрады.



**Бекбусинова Канила** – 1938 жылдың 1 маусымында Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Полтавка ауылында туған. Білімі бастауыш. 1957 жылы Бекбусинов Жанабаймен тұрмыс құрады. Өзі қой қыркуда, жолдасы тракторшы болып жасаған. 11 баласы, 7 немересі бар «Батыр-Ана» құрметті атағына ие болған, «Ана данқы» орденінің үш дәрежесімен наградталған. Қазір Коминтер ауылында тұрады.

## ҚАЛЕКЕНОВА БАЗАРКҮЛ ӘЛИҚЫЗЫ

(11.03.1947Жаңа таң а.) Алматы қыздар пед. ин-тын (ЖМПИ) бітірген. 1868-87 ж.ж. Ақтөбе облыстық кітапханасының анықтама-библиографиялық бөлімінің библиографы, 1987-90 ж.ж. әдбеттерді топтау және өңдеу бөлімінің меңгерушісі. 1990 ж. бастап Бәйішев ат. облыстық әмбебап кітапхана директоры. «Кітапхана және мұрағат құжаттамалары жазба мұрасының сақталу мәселесі» (Алматы), ИФЛА (Ыстамбұл, Түркия) халықаралық конференцияларының қатысушысы. Қазақстан Республикасы кітапхана қызметкерлері II съезінің делегаты. ҚР Мәдениет министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталған.



## ҚАРЫЛҒАШОВ ЖАҚСАТ МҰРАТУЛЫ



04.02.1950 ж. Ленин ауд. Бадамша с. д.к. жоғ. білімді. Ақтөбе мединститутын хирург-дәрігер мамандығы бойынша тәмамдаған жоғары дәрежелі дәрігер. 1974-78 ж.ж. Қаратөбе аудандық емханасының хирургия бөлімі меңгерушісі. 1978-1980 ж.ж. Ақтөбе медин-ң клиникалық ординаторы. 1980-1991 ж.ж. Мәртөк аудандық аурухананың дәрігері, бөлім бастығы, орталық аурухананың бас дәрігері. 1999 ж. аудан әкімінің орынбасары, 2004 жылдан аудан ауруханасының бас дәрігері. ҚР денсаулық сақтау ісінің үздігі, Мәртөк аудандық мәслихатының депутаты

**КАТПАР ГЛАДИОЛУС (ШПАЖНИК ЧЕРЕПИЧНЫЙ, GLADIOLUS IMBRICATUS LRIDACEAE)** - пиязшылық түйнекті көпжылдық өсімдік. Пиязшылық түйнегі шар тәрізді, ұсақ, диаметрі 1,5 см дейін жұқа талшықты қабыршағы бар. Сабағы қисық қиылған түтік тәрізді, сабағындағы 2-5 жапырағы семсер сияқты немесе қияқты, ұз.20 см, ені 1,5 см. Гүлдері қою масақты, біржакка бейімделген. Ұз. 8 см дейін гүлсерегі бозғылт. Қорабы сопақша, 3 қырлы, ұз. 10 мм жуық, Сәндік өсімдік, тұқым арқылы көбейеді. 5-7 айларда тұқым береді. Орқашта, Мұғалжар тауында, Мәртөк ауд. Шевченко, Ново-Михайловка, Қарғалы ауд. Тоған (Прудовое) және Александровка өңірінде өседі.

**ҚИЫЛ** - (Жарсай, Исатай) ауылдары - Қобда ауд. бат. с. Ауд. орталығынан 82 км. Халқы 561 (1999). Ілкіде бұл жер Қосағаш ауылдық кеңесі қарамағанда 4 ауылға мекен болған. Олар: Жарсай, Шекемер, Қайыңдысай, Қараайғыр. 1974ж. «Қиыл» кеңшары болып құрылды. Жер көл.

2084га. Ауданаралық тас жол бар. Елді мекендері: Жарсай, Новоселный, Новоnadeжниновка, Новогригорьевка, Қандысай. Өзендері: Қыыл, Қайындысай, Жарсай, Қарағанды, Ақбұлақ. Қыыл Ақтөбе обл. Ойыл мен Қобда ауд. аралығындағы өзен. Ұз. 192 км. Биіктіктері: Қособа, Қаратау, Дербісәлі, Ұйтас. Құстары: Ақбас тырна, безгелдек, бүркіт, дуадақ, аққу, тарғақ, т.б. Қыыл орт-да шаруалар көтерілісінің басшысы И.Тайманока ескерткіш орнатылған. Округ бойынша а/ш техн. жөндеу шеберханасы. 3 қабатты орта мектеп, кітапхана, аурухана бөлімі бар. Телехабар қабылдайды. Қазіргі уақытта округ бойынша 2 ЖШС, №2 ЖШҚ ұн тартатын дпирмен жұмыс жасайды. 1957-71ж.ж. Мәртөк ауд. Жайсаң кеншары қарамағында болған.

**ҚҰМСАЙ** – Елек өзенінің оң жағалауында, №35 «Жамансу» разьезінің қасында, аудан орталығынан 8 км жерде. Тұрғындар саны 195 адам (2007ж.) XIX ғ. ортасында №2 Қаратоғай большының ауылы болып саналды. 1920-1930 жылдары «Бозой», «Қараот» артельдері 1930-1950 жылдары «Құмсай» колхозы, 1950-1992 жылдары Буденный атындағы колхозбен берілген, «Заветы Илича» колхозына өзгертілді. Сосын «Құмсай» ПО, «Құмсай» ПК болды. Соғыстан кейін колхозда қой, түйе, жылқы фермалары, МТФ болған. 3 бригада жұмыс істеген. 1939 жылы колхозшылар Қалбай Қосаев пен Ақсұм Нұрышева – Мәскеудегі ВДНХ-ға қатысты. Бұл жерлерде Даулетияр және Байет мешіттер болды. Даулетияр, Сусар, Жаманаз, Құрман, Токпамбет, Қарабас, Өтегұл, Байет, Қараой, Үшқұдық, Бозой, Егінсай, Бажыр, Қашқынбұлақ, Сор, Көкүй елді мекендері бір-біріне жақын жерде орналасқан. Қазір Құмсайда ММЗ салынууда бастауыш мектеп, медпункт бар.

**ҚҰНДЫЗ (РЕЧНОЙ БОР, CASTOR FIBER)** – Еуразиядағы ең ірі кеміргіштердің бірі. Дене тұрқы басын қосқанда 80 см жуық, орта есеппен салмағы 17,6, ауыр болғанда 27,5 кг. Қалың және тығыз терісі қатқыл, шудалы, ұлпа мамықты, денесі салмақты, мойны қысқа. Құйрығының ұз. 25-30, ені 13-15 см. Жартылай суда өмір сүреді. Су бетіне ымыртта және түнде ара-тұра күндіз шығады. Суаттарда диам.-3-10м; Бұтақтардан салынған, алғашқы нығайтылған үйшіктерде тұрады, оның кірме жолы кеміріп, тесу арқылы жасалған. Жем, Елек өзендерінің бойында кездеседі.

**ҚҰРМАНҒАЛИЕВА ДИНА** 1952 ж. Қосөткел а. Қаратөбе ауд. Орал обл. Білімі жоғары. Алматы әйелдер инст-ын 1973 ж. бітіріп, музыка пәнінің мұғалімі мамандығын алған. Жоғары дәрежелі, 1973-78 ж.ж. аудандық білім бөлімінің әдіскері, оқу ісінің меңгерушісі. 1978-80 ж.ж. Ақтөбе мәдениет ағарту уч-нің мұғалімі. 1980ж. Мәртөк музыка



мектебінің мұғалімі. 1994ж. музыка мектебінің директоры. Р.Ділмағамбетовтың «Мәртөк вальсі», «Құмсайым», «Мектебім» өлеңдеріне ән жазған сазгер, олардың насихаттаушысы, домбыра оркестрінің жетекшісі, Қамбар Медетов спектаклінің сценарийін жазушы, режиссер. Обл. білім басқармасының мақтау грамоталарымен, «ҚР Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» медалімен марапатталған.

**ҚҰРМАНСАЙ (СТЕПАНОВКА)** – Жамансу өзенінің жағалауында, Мәртөк ауданының оңтүстігінде, аудан орталығынан 45 км, облыс орталығынан 100 км, қашықтықта. Құрмансай ауылдық округінің орталығы. Тұрғындар саны 423 адам 1898 жылы үш ағайынды Степановтар – Филипп, Сазон, Маман бос жер іздеп шалғай Молдовиядан Кишеневке жақын Семеновка деревнясынан келді. Нәзік үміт, көп балалы отбасы және жер іздеп осындай алысқа келуге мәжбүр болды. Олар күзде бір жетті, ол кезде болыс болып көшіп – қонғандықтан киіз үйде тұратын. Орын таңдап, жер астынан 5 бұлақтың көзін ашты, жертоле жасап, қысқы климаттың қатал екеніне көздері жетті. Бір жылдан соң отбасыларын көшіріп әкеліп «Степановка» деген ат қойды.

Сол кездері патша үкіметі көтерме ақының орнына жерді өмір бойы тегін қолдануға құқық берді, Степановтар Молдавиядан шошқа әкеліп, бағып, байынды, үш жыл ішінде ат, сиыр ауыл шаруашылық саймандарын алды. Бай жайылма, су молшылығы, құнарлы бос жерлер Ресейден, Украинадан, Молдавиядан көшіп келген жерсіз шаруалар есебінен селоны кеңейтуге қолайлы жағдай туғызды. Столыпиннің аграрлық политикасы 1906 жылы 9 қарашадағы бекітілген үкімі мен 1910 жылы 10 маусымдағы Заңы шаруаларға қауылынан шығып өз үлесінің иесі болуға және хутор ұйымдастыруға рұқсат берді.

1907 жылы Степановка селосында қоныстану басталды. Алғашқы көше толық болған жоқ. Болыстық басқару фельдшерлік пункт, шіркеу, сейіркеулік – приходтық мектеп орналысты. 1914 жылы келді. Бірінші дүниежүзілік соғыс әр ұлтқа да оңай тиген жоқ. Дүниежүзілік соғыс, 1917 жылы революция азаматтық соғыс селоның дамуын тежетеді. Қандай қазақ ауылдары өз жерлерінен айрылды.

1. Жамансу шатқалында үшінші әкімшілік ауыл орналасты. Онда 79 шаруашылық, 1320 жылқы болды, ауыл 15 мамырдың 1 шілдесіне дейін, 45 күн көшіп-қонып жүретін. Ауылда Құрман мен Иман деген екі бай-феодал тұрғандықтар аттарына сай «Құрмансай» деп ат берген;

2. «Құс-Мұрын» ауылы онда 16 шаруашылық, 195 ат болды. Көшіп-қонып 40 күнге, яғни 25 шілдесіне дейін созылады;

3. №2, 4 «Сартемір» ауылы, Ақсу өзенінің бөлігінде орналасты. Мұнда норка, қосаяқ, саршұнақ өте көп болды. Ауылда 24 шаруашылық, 449 ат болған. Көшіп қону мерзімі 45 күн, яғни 15 мамырдың 1 шілдесіне дейін;

4. №3 ауыл 8 шаруашылық, 161 ат, көшіп қону мерзімі 1 маусымнан 1 шілдеге дейін, яғни 30 күн;
5. №6 ауыл 36 шаруашылық 382 ат, көшіп қону мерзімі 10 мамырдан 20 шілдеге дейін, яғни 10 күн;
6. №7 ауыл 16 шаруашылық, 445 ат көшіп қону мерзімі 35 күн, 25 мамырдан 1 шілдеге дейін;
7. №5 ауыл «Ащысай» - 6 шаруашылық, 249 ат көшіп қону мерзімі 55 күн, яғни 5 мамырдан 1 шілдеге дейін.

Жерде жеңіл өңдеу үшін шаруалар кооперативті комманы құрып, ТОЗ-ға біріге бастады. 1921-1922 жылдары ашаршылықты жеңіп, халық жаңа еңбек құралдарын сатып ала бастады, шаруашылық өте тез дами бастады.

1928-1929 жылдары Ұжымдасдыру өткізілді, 1928 жылы Степановкада «Ударник» аты алғашқы колхоз пайда болды, Сиденко Яков Герасимович басқарма болып тағайындалды. Сол жылы селода «Фортзон» алғашқы тракторы пайда болды. Егін егіп, мал өсірді. Соғыстың алдында Степановкада шағын ықшам аудандар пайда болды. Жері құнарлы, астықты жер «Ташкент» деп аталды. Селоның жақын ауылдардан келген казактар қоныстанған шетінде «Оторвановка» болды. Селода бір күмбезі мен қоңырау бар ағаш шіркеу, мектеп көшесінде орналасты. 1937 жылы едені шіріп, бұзылып қалды. 1936 жылы жаңа мектеп, бала-бақша ашты. 1938 жылы бастауыш мектеп жеті жылдық мектепке ауысты.

Соғыстың алғашқы күндерінде барлық ер азаматтар майданға аттанды: Зубков И.В., Дмитриенко В.А., Звонарев Г.Ф., Гордиенко П., Грузницкий Я.С., Гавриленко Н.Е., Тажмахамбетов А.В. барлығы 99 адам соғысқа аттанды.

Олардың барлығын соғыс әр түрлі майдан шебтеріне жіберді: Бірінші Белорусия, Украин, Панфилов дивизиясының құрамында Мәскеуді қорғаған, Сталинград, Ленинград майдан шебтерінде де соғысты. Көптеген ауыл тұрғындары ордендермен және медальдармен марапатталып, Берлин, Вена, Прага қалаларына дейін жеткен: Аубакиров З., Алгазин К., Гриценко Н.М., Седер С.Г., Мельник Ф.Л., Романов Д.Г., Энчин Г.Я., Куленко И.В., Космагамбетов К. Соғыстан 65 адам оралмады.

Олардың үйлерінде қариялар, балалары және әйелдері қалды. Әйелдер мен жас қыздар ескі «Фортзон» тракторында механизатор жұмысын атқарды. Букасева Акулина, Яковлева А., Романова Александра, Булгакова Нина және Прасковья, Константинова Наталья және оның апасы, Середа Т., Гавриленко Наталья. Бригадирі Степанова П.Х болды. Олар ыстық пен суыққа қарамастан жер жырттып, егін егіп, өнімдерін арба, шамамен жинап, мал баққан. Бригадир көмекшісі Дерксен Ф. Болды. Комбайнда Щербань, Дмитриенко Александра, Попик Анна және Нина жұмыс істеді.

Еңбек майданында Мартыненко Мария, Дмитриенко Александра, Ивашенко Матрёна, Ткачук Мария, Гордик Мария, Середа Татьяна, Мартыненко Анна және т.б. жұмыс жасады.

Сауыншылар Шибекте қар түскенге дейін тұрып, тек мал қораға тұрғанда ғана ауылға қайтатын еді.

Ауылдың 12-15 жасар балалары: Плис Г.А., Клевин В.Я., Щербань М.З. Степанов А. жем тасып, оны қоймада тазартатын еді. Ауа райының қолайсыздығына қарамастан Мәртөкке барып қажетті дәрі-дәрмек пен поштаны күнделікті әкеледі. Бұл кезде оқушылар трактор, комбай және автокөлікті жүргізуді үйренді.

1941 жылы Белорусиядан 100-ге жуық сиыр айдап әкелінді. 1951 жылы «Ударник», «Красный Маяк» колхоздары «Жамбыл» колхозына біріктіріледі.

1954 жылы Қазақстанда тың және тынайған жерлерді игеру басталды. Комсомолдық жолдаумен алғашқы тыңгерлер: Васильев А., А., Осьмаков В.С., Перунов Я.Г., Малов Г.П., Сляднева Е. т.б. болды.

1969 жылы салынған мектепке көп маман келді. Олар – бұрынғы майдангерлер: Эчин Г.Я., Середа Д.Г., Сохарев М.И., Шабалина М.П., Гришина Л.П., Константинова Е.Л., Ширяева Р.А.

1957 жылы колхоз «Дзержинский» совхозының құрамына енді. Үлкен шаруашылық Мәртөк ауданының оңтүстік бөлігін қамтыды. Бірақ бұл өте үлкен аймақ болғандықтан 1964 жылы Дзержинский мен Медуреченский совхоздары болып бөлінді. Междуреченский совхозы 4 бөлімшені біріктіреді. Степановка бірінші бөлімше, екінші – Ефремовка, үшінші – Шаңды, төртінші – Новоданцы және бөлімнің орталығы Черемушка. Алғашқы директоры Көшкенов Б.К. болды. Ол директор болған 1966-1968 жылдары көп астық жиналды. Сол кезде Д.А. Қонаев Междуреченский совхозына келіп кетті. Селоны көркейтуде келесі директор Калимулин К.Х. көп үлес қосты. Междуреченский совхозы Мәртөк ауданда ең ірі совхоз саналатын, жер көлемі 82 мың га. Шаруашылықтың дамуына мамандар өз үлестерін қосты. Олар: Ильясов А., Бекназаров Е., Сердюк Н., Клевин В.Я., Деркеев Ф.Я.


Қазақстанның Жоғарғы Кеңесінің депутаты Междуреченский совхозының механизаторы Ф.Р.Шиланның арқасында 1979 жылы Черемушка елді мекенінде жана жобалағы үш қабатты мектеп тұрғызылды.

1999 жылы совхозы ыдырап, еңбек ұйымдастырудың басқа түрлері келді. Қазір селода орта мектеп, клуб, кітапхана, дәрігерлік амбулатория, «Маяк» ЖШС, «Елім-ай», «Ғазиз», «Сермер», «Сұңқар», «Ақтолқын», «Ырғыз» ШҚ бар.



## ҚҰРМАНСАЙ АУЫЛДЫҚ АЙМАҒЫ

ҚҰРМАНСАЙ АУЫЛДЫҚ АЙМАҒЫ – Мәртөк ауданының оңтүстік бөлігінде орналасқан, солтүстікте Тәңірберген ауылдық округімен, солтүстік-батыс жағында Байнассай ауылдық округімен, оңтүстік-батысында Қобда жерімен, оңтүстік-шығысында Ақтөбе облысында Алға ауданымен шектеседі. Жалпы пайдаланатын жер көлемі 82 мың 892 га, оның ішінде жыртылған жер 34 мың 415 га.



**Климаты:** ауылдық округтің климаты созылған және суық қысымен, қысқа да салқын көктеммен, құрғақ та аптап жазымен және қысқа күзімен ерекшеленеді. Қар жамылған қыстың ұзақтығы шамамен 120 күнге жетеді.

**Жер бедері:** ауылдық округтің аумағы солтүстіктен оңтүстікке қарай созылып жатыр. Жер бедері өзінің түрлілігімен ерекшелінеді.

**Топырағы:** екі түсті – кара және кара-қоңыр.

**Гидрография:** Қаракобда, Тәңірберген, Ақсу, Жамансу, Шанды өзендері, Ащысай, Мұқансай, Балқансай, Оразайсай, Озаралысай, Шолақсай, Бармақ, Торайғыр, Жаманаз жылгалары бар. Құрмансай ауылдық округіндегі Қаракобда өзенінің ұзындығы 22 шақырым, Тәңірберген өзенінің ұзындығы 17 шақырым. Округте 6 бөгет бар: «Взрыв» (1980ж.), «Ащыбек» (1982ж.), «Белый обрыв» (1982ж.), «Волчья гора» (1983ж.), «Лозки» (1965ж.), «Құрмансай» (1960ж.).

Құрғақ қырларда көбінесе дәндік – түрлі шөптік (типчактік - акселеу) өсімдіктер таралған. Оның арасында сорттауда әдеттегідей типчак, ақ және

қара жуасан кездеседі. Көптеген ойлардың беткейлері қараған өсімдігі бүркеген. Алқапты ормандар, аққайыңдық, үйінкі тоғай, қандағаш және теректер кездеседі. Аймақта далалық алабұта, ирис, қызғалдақ, лабазник, түймедақ, клевер сияқты көптеген шөптесін өсімдіктер өседі. Ауыл аймақтық табиғи аумақтарын 250-ден астам өсімдік түрлері бар.

**Жануарлар әлемі:** ландшафтық-климаттық жағдайларының географиялық орналасуы ауыл-аймақтық жануарлар әлемінің көп түрлілігіне және байлығына себепші болады. Мұнда: киік, бөрсық, камшат, қасқыр, түлкі, қоян, ақ тышқан, күзен, қарсақ, саршұнақ, қосаяқ, кірпі, жыландар т.б. мекендейді. Ауыл аймақтық жерінде құстардың да бірнеше түрлері кездеседі және олар мұнда ұялайды. Құс қайтқан уақытта бұл жерде тырналарды, ләйліктерді, аққуларды, дуадақты, көкқұтандарды, далалық қырандарды, кекіліктерді, балшықшыны, қасқалдақты, бүркітті және т.б. кездестіруге болады. Ауыл аймақтың су қоймаларында бағалы балықтардың түрлерінен: шортан, сазан, табан балық бар.

**Қорлар:** Құрмансай ауыл аймағы табиғат қазбаларға өте бай: көмірсулы шикізаттар (газ, мұнай), титан- цирконий кендері, көмір, құрылыс бұйымдары: ұсақ тас, құм, ақбалшық және басқа пайдалы қазбалары бар. Кендер, шабылдақтар, жайылымдар және жыртылым жерлер, тайыз және жерастылық су қорлары, артезиандық құдықтары, ұлан-байтақ жерлік қорлары енгізеді.

**Халық:** ауылдық аймақ аумағы 82 мың 898 га жер көлемін алады. Оның ішіне 5 елді мекен кіреді. Бүгінде халық санақ қорытындысы бойынша халық саны 1036 адам. Оның ішінде 34,7 пайыз- қазақтар, 28,5 пайызы – орыстар, 25,9 пайызы – украиндер, 4,2- немістер, 2 пайызы-молдавандар, 1,5 пайызы-татарлар, 1,6 пайызы-белорустар, 1,6 пайызы-шешендер және тағы басқалар бар. Жалпы ауыл аймақта 14 ұлт өкілдері тұрады. Халық тығыздығы 1 шаршы шақырымға 1,3 адам құрайды. ауыл аймақта 538 еркек- 51 пайыз, 534 әйел- 49 пайыз құрайды. жалпы ауыл аймақта туу өсімі байқалады.

**Ауыл шаруашылығы:** Табиғатты – климаттық жағдайы бойынша Құрмансай ауыл аймағы ылғалдылығы жетіспейтін аймаққа жатады, егін шаруашылығының қауіпті жері. Жылы агроклимат егін шаруашылығына, астық өндіруге, картоп, көкөністер, жемдік дәнді өндіруге қолайлы. Бұрын бұл аймақта сүт – етті мал шаруашылығы кең дамыған. Қазіргі таңда ауылшаруашылығымен 5 ЖШС және 21 ШҚ айналысады.

ЖШС және АҚ жері – 24 548 га.

«Шанды» ЖШС - 2363 га. -Ермуханов М.

«Калқан» ЖШС - 2612 га. Батталов С.

«Маяк» ЖШС - 12469 га. - Исмагулов И.

«Агрошанды» АҚ - 7104 га. - Ермуханов М.

Шаруа қожалықтарының жер көлемі - 14069 га

«Огонек» ШҚ - 57 га. - Таран В.

«Сенім» ШҚ - 220 га. - Илюпов С.

- «Серік» ШҚ - 200 га. – Кужегулов Г.  
 «Арыстан» ШҚ - 1945 га. - Макенов Б.  
 «Факел» ШҚ - 730 га. – Сластен А.  
 «Фиалка» ШҚ - 1759 га. – Бобырь В.  
 «Вика» ШҚ - 551 га. – Пожарский А.  
 «Казахстан» ШҚ - 135 га. – Шотанов М.  
 «Алтынжер» ШҚ - 1733 га. – Сарин Н..  
 «Елім - ай» ШҚ - 154 га. – Тукушев А.  
 «Ғазиз» ШҚ - 372 га – Тлеп К.  
 «Сермер» ШҚ - 500 га. - Балгазин Р.  
 «Ақтолқын» ШҚ - 500 га. – Утеғалиев С.  
 «Ырғыз» ШҚ - 262 га. - Урусибасов К.  
 «Сұңқар» ШҚ - 200 га. – Махамбетов С.  
 «Орал» ШҚ - 425 га. – Мурзатаев Ж.  
 «Минсду» ШҚ - 564 га. - Абдрахимов Т.  
 «Жақсекең» ШҚ -274 га. – Балмағамбетов Б  
 «Назым» ШҚ - 374 га. – Баймұқашев Т.  
 «Атамекен» ШҚ - 380 га. – Тукешев Ж.  
 «Сарой» ШҚ - 1867 га. – Уразалина Б.  
 «Адал» ШҚ - 463 га. – Шерниязов А.  
 «Қарлығаш» ШҚ - 210 га. – Илюпов Б.  
 «Еркін» ШҚ - 194 га. - Матжанов Е.

**Білім:** Қазіргі таңда ауыл аймағында Құрмансай селосында орта мектеп, Шаңды селосында негізгі мектеп, Новодонцы селосында бастауыш мектеп жұмыс істейді. Ауыл мектептеріндегі оқушылардың жалпы саны 177 адам. Педагогикалық ұжымдарда 35 мұғалім бар.

**Денсаулық сақтау:** Құрмансай ауыл аймақта, Құрмансай селосында дәрігерлік амбулатория, Шаңды және Новодонцы селоларында 2 фельдшерлік пункт жұмыс жасайды.

**Мәдениет-ағартушылық жұмыс:** ауыл аймақта клуб және кітапхана бар. Кітапхананың кітап қоры 16 мың 805 дана бар.

**Дене шынықтыру және спорт:** Құрмансай ауыл аймақта 1999 жылдан бастап «Маяк» футбол командасы бар. Бұл команда аудандық жарыстардың бірнеше рет жеңімпазы болып атанды. Ауыл аймағының футбол құрама командасы – аудан чемпионы.

**Мәдени мұралары:** Чайда – III бейіті. Тік жоталы кішкене террасасының шетінде солтүстік батыс оңтүстік шығыс желісі бойынша обалар тобы созылып жатыр. Қорым диаметрі 12-ден 25 м, биіктігі 0,3-тен 2 м болатын жеті обадан тұрады. Топырақты үйінділер жарты шар тәріздес формалы. №2 обаның төбесінде тригопункт орнатылған. №1 және №7 обаларының іргесінде шұңқыр, ал №1 обадан обадан оңтүстік-оңтүстік шығыста 45 м жерде тікбұрышты формалы ғибадатхана байқалады. №7 обаның ортасында тонаушылық шұңқыры білінеді. Ескерткіш ерте темір

дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1989 жылы жазда табылған. Паспортталған.

Чайда – IV бейіті. Суайрық қыраттың басында бір-бірінен 25 м жерде егістіктің ескі орнында орналасқан екі жер обадан тұрады. Олардың көлемі: №1-10x0,6м, № 2 – 12x0,15 м, соңғысының үйіндісі тегіс жыртылған. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1989 жылы жазда табылған. Паспортталған.

Чайда – VI бейіті. Суайрық үстіртте орналасқан. Бір-бірінен солтүстік-батыс – оңтүстік-шығыс желісі бойынша 10м жерде орналасқан екі жер обадан (8-10x0,4x0,1м) тұрады. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1989 жылы тамызда табылған. Паспортталған.

Чайда – V бейіті. Көлемі 1x0,4 м болатын жер оба суайрық жотаның басында орналасқан. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1989 жылы тамызда табылған. Паспортталған.

Чайда – VII бейіті. Ендікті бағыттағы суайрық жотаның басында орналасқан. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1989 жылы тамызда табылған. Паспортталған.

Черемушки – I бейіті. Қазақ моласының оңтүстік шығыс шетінде дала жолы қиып өтетін Ақсу өзенінің сол жағалауында жазық төбе басында орналасқан жартылай сфералық формалы екі жер обадан тұрады. Обалар көлемі: №1 – 12x0,3 м және №2 – 14x0,2м.

Ефремовка – I обасы. Диаметрі 11м., биіктігі 0,6м. болатын жер оба жазық төбеде орналасқан. Үйіндінің құрамында шағыл тастар кездеседі. Ескерткіш ортағасырлық кезеңге жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж. тамызда табылған. Паспортталған.

Ефремовка – II обасы. Елек сол жағалауындағы суайрық үстірті дөңінде орналасқан топырақты үйінді (3,5x36-40м). Обадан 20 км-ге дейін радиустағы кеңістік шолынады. Оба төбесіне геодезиялық белгі орнатылған, оның жанында тереңдігі 1 м болатын айналмалы ор бар, обаны жыртылған жер қоршап жатыр. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж. тамызда табылған. Паспортталған.

Ефремовка – III бейіті. Елек өзенінің сол жақ құйылысындағы Ақсу өзенінің суайрық үстірті дөңінде егіндіктің ескі орнында орналасқан екі обадан тұрады. №1 (1,3x22м) обаның төбесіне геодезиялық белгі орнатылған. Одан 65 м шығысқа қарай №2 оба орналасқан. Оның биіктігі 1м, диаметрі 24м. №2 оба тегіс жыртылған. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР

ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж. жазда табылған. Паспортталған.

Ефремовка – IV бейіті. Елек өзенінің сол жағалауындағы суайрық үстірті дөңіде орналасқан. Төбеде және егіндіктің ескі орнында шоқ болып орналасқан жеті жер обадан тұрады. Ең үлкен №1 оба жарты шар тәріздес үйінділі, (биіктігі 1,5; диаметрі 24 м), төбесінде геодезиялық белгі орнатылған. 100 м оңтүстікке қарай №2 (0,6x18м) және 75 м батыс-оңтүстік батысқа таман №7 (0,3x12м) оба орналасқан. №1 обадан шығысқа қарай орналасқан қалған 4 обаның көрінісі зорға болжанады. Одан 100 м қашықта биіктігі 0,1-0,2 м және диаметрі 10-32 м болатын 3 бүтіндей тегіс жыртылған обадан тұратын меридиандық тізбек жатыр. Осы обалар мен №1 обадан бірдей қашықта және соңғысынан 65 м оңтүстік-шығысқа ендікті бағыттағы ұзын оба белгіленеді. Оның биіктігі 0,3, көлемі 14, ұзындығы 56м. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж. тамызда табылған. Паспортталған.

Ефремовка – V бейіті. Екі жер оба көлемі: №1 – биіктігі – 1,5 м, диаметрі – 32м, №2 биіктігі 1,5м, диаметрі – 36м кішкене қыраттың төбесінде бір-бірінен 150м жерде орналасқан.

Степановка – I бейіті. Солтүстік шығыс-оңтүстік батыс желісі бойынша бір-бірінен 70 м жерде орналасқан екі обадан тұрады. Үйінділер топырақты, жарты шар тәріздес. Солтүстік №1 обаның (2,5x44м) төбесінде геодезиялық белгі орнатылған. Үйіндінің айналасы сақиналы ормен қоршалған. 32-ші обаның көлемі 2,5x35 м, үйінді маңы айналмалы ор. Қорым Елек өзенінің сол жағалауындағы суайрық үстірттің төбесінде орналасқан. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987 жылы тамызда табылған. Паспортталған.

Степановка – II бейіті. Солтүстік-оңтүстік желісі бойынша бір-бірінен 90 м жерде Елек өзенінің сол жағалауындағы суайрық үстірттің төбесінде орналасқан. Екі обадан тұрады. Обалар топырақты, жарты шар тәріздес. №1 оңтүстік обаның төбесінде геодезиялық белгі орнатылған. Жанында тонаушылық шұқыры байқалады. Оның биіктігі 2,5 м, диаметрі 50 м. Екінші обаның (2,0x32 м) солтүстік және оңтүстік-шығыс етегінде ор байқалады. Бейіттен солтүстік-шығыста жыртылған жер орналасқан. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987 жылы тамызда табылған. Паспортталған.

## ҚҰРМАНСАЙ АУЫЛДЫҚ АЙМАҒЫ БОЙЫНША КӨП БАЛАЛЫ АНАЛАРЫ

**Әжғалиева Гүлжәмиля** – 1941 жылы 1 наурызда Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Сарой ауылында туған. Білімі 4 кластық. 1961 жылы Әжғалиев Айтқалимен тұрмыс құрды. Өзі 23 жылдан астам сауыншы, жолдасы «Междуреченский» совхозында тракторшы болып жұмыс жасаған. 8 баласы, 12 немересі бар. «Ана даңқы», «Еңбек ардагері», «Ерен еңбек үшін», «Тың жерлерді игеру үшін» наградталған. 1968 жылдан бері Ефремовка селосында тұрады.



**Абитова Ұмсым** – 1928 жылы Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Құмсай ауылында туған. Білімі 3 кластық. 1947 жылы Абитов Төлебаймен тұрмыс құрды. Өзі тылдың қатысушысы, малшы, жолдасы «Междуреченский» совхозында механизатор болып жұмыс жасаған. 10 баласы, 18 немересі, 11 шөбересі бар. «Ана даңқы», «Батыр ана», «Еңбек ардагері», «Ұлы Отан соғысының жеңісіне 50 жыл» наградталған. 1947 жылдан бері Құрмансай ауылында тұрады.

**Қуатова Жәмиля Хабдешқызы** – 1937 жылы 20 сәуірдің Ақтөбе облысы Мәртөк ауданында Жана-Елек ауылында туған. Білімі 7 кластық. 1950 жылы Қуатов Сағынғали мен тұрмыс құрды. Өзі қарапайым жұмысшы, жолдасы Ұлы Отан соғысының қатысушысы, «Междуреченский» совхозында бухгалтер болып жұмыс жасаған. 8 баласы, 17 немересі, 3 шөбересі бар. «Ана даңқы» медалі, «Күміс алқа» наградталған. 1950 жылдан бері Құрмансай ауылында тұрады.



**Тәжігүлова Түймеш** – 1948 жылы 1 шілдеде Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Новомихайловка ауылында туған. Білімі 3 кластық. 1969 жылы Тәжігүлов Валимен тұрмыс құрды. Өзі бұзаушы, жолдасы «Междуреченский» совхозында малшы болып жұмыс жасаған. 8 баласы, 3 немересі бар. «Күміс алқа», «Ана даңқы» медалінің 3 дәрежесімен наградталған. 1969 жылдан бері Құрмансай ауылында тұрады.

Қауканова Зағипа Шығанаққызы – 1930 жылы Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Ново-Донцы ауылында туған. Білімі 4 кластық. 1951 жылы Қауканов Маумбаймен тұрмыс құрды. Өзі қарапайым жұмысшы, жолдасы «Заветы Ильича» колхозында тракторшы болып жұмыс жасаған. 9 баласы, 11 немересі, 1 шөбересі бар. «Күміс алқа», «Ана даңқы» медалімен наградталған. Қазір Ново-Донцы ауылында тұрады.



Жақсығарина Гүләйім Үнтүрғанқызы – 1946 жылы 6 наурызда Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы «Красный маяк» колхозында туған. Білімі орта. 1966 жылы Жақсығарин Жанаталаппен тұрмыс құрды. Өзі балабақшада еден жуушы, жолдасы «Междуреченский» совхозында жүргізуші болып жұмыс жасаған. «Күміс алқа», «Ана даңқы» медалімен наградталған. 1966 жылыдан бері Шанды ауылында туған.

## ҚЫЗЫЛЖАР СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІ

ҚЫЗЫЛЖАР СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІ – Мәртөк ауданының солтүстік-шығыс жағында орналасқан. Солтүстік және шығыс-солтүстікте Ресей Федерациясының жерлерімен, батыс жағында Хазірет ауыл аймағының, шығыс-оңтүстікте Қарашай ауыл аймағымен, шығыста Родниковка ауыл аймағымен шеткеседі. Жалпы қолданыстағы жер көлемі 41 мың 750 га құрайды, оның ішінде 22 мың 279 га егін жері, 21 мың 638 га жыртылым жері.



**Климаты:** ауыл аймақтық климаты созылмалы және қатал қыспен, қысқа суық көктеммен, ылғалды жазбен және қысқа күзбен ерекшеленеді. Ауаның орташа температурасы маусымда +21 градус, қаңтардың орташа температурасы -16, -20 градус. Қыста ауыл аймағы жартылай солтүстікпен антициклонның ықпалында болады. Қыстың ұзындығы табанды қар жамылғымен 130-140 күнге жуық. Ауыл аймақтың солтүстік бөлшегінде қар сәуір айының 2 бөлігіне дейін жатады. Жауын-шашынның жылдық мөлшері маусым және шілде айының бірінші бөлігінде түседі.

**Жер бедері:** ауыл аймағының жері батыстан шығысқа сәуір созылған. Мекеннің бедері – ластанған тегістік. Барлық жерді мынадай бедер элементтеріне бөлуге болады: солтүстік-батыс жағында – төбелер, жүйектерге созылған. Олардың биіктігі 50-70 метр, жалпы бедерге қарағанда, орталық және батыс бөліктеріне Орал (Орал тауларының оңтүстік саласы) жалғасында орналасқан жоғарыланған жазық енеді. Биіктігі 400 метрге жетеді. «Қызылжар», «Тасжолак» қыраттардың кезектесуі және төмендеуі тән, кең алқаптарға айналады. Ауыл аймақтың жерінде су жолдары, ойлар және сайлар аз кездеседі.

**Топырағы:** селолық округтің аумағы қаратопырақты далалық аймағында орналасқан. Ылғандандыру агроклиматтық аудандыру аймағы «қуаңшылықты» - 1,0 – 1,1 – ГТК.

**Гидрографиясы:** гидрографиялық жүйесін мынадай өзендер көрсетеді: Таранғұл, Қиялы Бөрте, Абдан (1,2), Жусасай, Сынтас. Қызылжар селолық округіндегі өзендердің ұзындығы: Қиялы Бөрте 21ш. жуық, Абдан - 13 ш., Таранғұл – 7ш., Күшікбай - 18,5ш., Қызылсай жылғасы - 2,3ш. Округтің территориясында қолдан салынған төрт бөгет бар Олар: «Қарасу» (1974ж.), «Волковское» (1986 ж.), «Буримское» (1973ж.), «Абдан» (1984ж.). Селолық округ жерінде бөгеттермен қатар мал суаруға және егін жайларды суаруға пайдаланатын табиғи су қоймасы «Кіші бөгет», «Кирпичная» - бұрын бұл бөгеттің жағасында Шевченко селосына арнайы самандар жасалған. Андреевка ауылынан 9 шақырым жерде «Маяк» бөгеті, Студенческое ауылының көне арығының қасында бөгет бар.

**Өсімдік:** Ауыл аймағының өсімдік әлемі өте бай. Даласында көбіне дәнді өсімдіктер кең тараған. Шөптер арасында көбінесе әжелуе, қисандық, тырса кездеседі. Типчак, австрия және лерховек жусаны субдоминант болып есептеледі. Шөп түрлері арасында түймедақ, грудница мохнатая кездеседі. Осы өсімдіктермен топырақтың жамылуы 40-тан 60 пайызға дейін, оның ішінде 30-40 пайызын типчак алады. Дәндік және түрлі шөпті-дәндік жайылымдар аймақтың солтүстік және солтүстік-батысында орналасқан. Көптеген ойлардың құрғақ қырлары қараған өсімдігімен қамтылған. Алқапты ормандар, қарағаш пен ақ қайыңдар кездеседі. Селолық округта сирек кездесетін өсімдіктер өседі. Олар: Шренка қызғалдағы, кровохлебка, лабазник, жұпар иісті түймедақ. Жалпы табиғи аймақта 250-ден астам өсімдік бар. Шевченко селосында реликт қарағаш тоғайы бар, сайдың ойпатында, ауыл жағынан оған құдамалы төмен түсу жол келеді., қарағаш тоғайының



шетімен қайындар, шығыс жағында итмұрын, жимолость және ылғалды шалғынға айналады. Қарағаш тоғайының арасымен өту өте қиын, себебі тайыз сулар және бұлақтар жер бетіне жақын, өсімдік қабат дәндік өсімдіктермен құрастырылған және хвоц көгалымен, жұлдышалармен, қожакаттармен. Оған жалғанатын шалғында шөптер арасында клевер луговой, кострой безостый, алтай астрасы, чин луговой, бұршақ кездеседі, сонымен қатар мұнда сирек кездесетін синеголовник крупночашечная и марьянник греберчатая, погремок джунгарский және т.б. Солтүстік жағынан ойпат бойында қайың-көктерек орман жалғанады. Кейін ол бірнеше шағындау ормандарға бөлініп өседі. Қайың-көктерек шағын орманы қорғауды талап етеді, себебі бұл орманда басқа жерде кездеспейтін қырыққұлақ өседі. Колка шетімен өте сирек кездесетін өсімдіктер (золотарник обыкновенный, спаржа обыкновенная, душица, шалфей, ястребки және тағы басқалары) өседі.

1995 жылы 26 желтоқсанда №130 «Ақтөбе облысының тым аса қорғалынатын аймақтарында және «Табиғат ескерткіші» дәрежесін енгізу Ақтөбе облысы әкімінің қаулысын орындау үшін және ҚР Президентінің «Жер туралы» Жарлығының 13, 89, 91 баптарына және «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Заңының баптарына сәйкес шешімі:

Шевченко ауылының шетінде өсетін қарағашты шағын орманды «Табиғат ескерткіші» деп тану. Бұл құжатқа сәйкес жер жыртуға және өсімдіктер құрамына басқа өсімдіктерді енгізуге: жинау, шөп шабуға, қатал тиым салынады. Қорғауға алынған аймақтың көлемі 1 га:

1-ші учаскесі – қандағаш тоғайы 0,5 га

2-ші учаскесі – қайың мен көктерек орманы 0,5 га.

Табиғаттың ескерткіштік категориясы – ботаникалық. Қорғауға алынған объектінің қасиеті:

1 Облыс бойынша ежелгі дәуірдегі папоротик тәрізділерден - кочедыжник женский, тек осында өседі.

2 Синеголовник крупночашечныйдың өте сирек кездесетін өсімдіктің өсетін жері.

3 Желімді қандағаш – көне дәуірге тән, бірігіп орналасқан жері.

4 көптүсті сарғалдақ орман бүлдіргені, алтай астрасы, айдарлы алабұта, жоңғар погремкасы, дала жоңышқасы, саршатыр - өте сирек кездесетін өсімдік түрлері өсетін жер.

5 «Шевченко» шатқалы – 3,9 га – мұнда қарағай өседі.

Аудандық орман шаруашылық жерінде, Шевченко селосының жанында жабдыкталған бұлақ бар. Қызылжар селолық округында түрлі ағаштар: қарағай, емен, аққайың, қара қандағаш, көктерек, терек, сары мамыргүл, үйенкі, шегіршін, бұта талы, алма ағаштары өседі.

**Жануарлар әлемі.** – Ландшафтты – климаттық жағдайдың географиялық бай орналасуы көптеген аңдарға мекендеуге мүмкіншілік тудызған. Мұнда : бұғы, киік, борсық, камшат, қасқыр, түлкі, қоян, күзен, қарсақ, саршұнақ, доңыз, қосаяқ, су тышқаны, құндыз, қаракүзен, сусар,

кішкентай тышқан түрлі кеміргіштер мен жыландар мекендейді. Құстардан :  
аккулар, құтандар, дала қырандары, кекіліктер, қызылмойынды қарашақаз,  
бүркіт, қарға, қараторғай, торғай, сауысқан, жабайы көгершін, бұлдырық, үкі,  
тоқылдақ, көкек және т.б. тіршілік етеді.

**Қорлары:** Қызылжар селолық округі пайдалы қазбаларға өте бай:  
көмірсутек (мұнай, газ), қоңыр көмір, құрылыс материалдарынан – құм,  
кныршық тас, саз, қызыл және ақ саздар бар. Кеңшар жерінде 3,064 мың га  
кен қоры, 21,6 мың га шабындықтар мен жайылымдар, су қорлары тайыз  
және жерастылық бұлақтарға бай.

**Халқы:** Селолық округ 1993 жылы құрылып, 41750 га жерді қамтыған.  
Оның ішіне үш елді-мекен енді. Бүгінде халық санағы қорытындысы  
бойынша тұрғындар саны 1705 адамға жетті. Оның ішінде 53,6 пайызы -  
қазақтар, 11,9 пайызы - орыстар, 31,7 пайызы – украиндер, 1,3 пайызы –  
немістер, 0,3 пйызы – татарлар, 1,2 пайызы – басқа ұлт өкілдері. Барлығы  
ауыл аймағында 10 астам ұлт өкілдері тұрады. Халық тығыздығы 1 шаршы  
шакырымға 4,2 адамнан келеді. Андреевка ауылында – 721 адам, Студент  
ауылында – 715 адам, Шевченко ауылында – 367 адам тұрады. Жалпы округ  
бойынша туу өсімі байқалады.

**Ауыл шаруашылығы:** Табиғаттың климаттық жағдайы бойынша  
Қызылжар селолық округі егін егу, картоп өндіру, көкөністер өсіру, жем-  
дөндік өңдеуге қолайлы жылы агроклиматтық аймаққа жатады. Бұл округта  
сүт-етті мал шаруашылығы жақсы дамыған. Қазіргі таңда ауыл  
шаруашылығымен «Қызылжар» ӨК, 44 ШҚ айналысады.

«Қызылжар» ӨК жер көлемі – 12030 га. Сағызбаев Т.Н.

Шаруа қожалықтарының жер көлемі – 1138 га.

Шаруа қожалықтарының пайдаланатын жер көлемі - 11088 га

«Тарангул» ШҚ - 432 га. – Шингалиев Н.

«Ахмет» ШҚ - 140 га. – Ахметов Т.

«Жансерік» ШҚ - 2349 га. – Хусаинова Н

«Асар» ШҚ - 80 га. – Ерманов Г..

«Арман» ШҚ - 113 га. – Панин А.

«Нур-Тлеу» ШҚ - 180 га. – Жумабаев Ж.

«Азат» ШҚ - 80 га. – Мамбетов К.

«Айжан» ШҚ - 60 га. – Туқеев С.

«Алаша» ШҚ - 220 га. – Салмуханов А.

«Елена» ШҚ - 50 га. – Горуш Ю.

«Даулен» ШҚ - 905 га. – Ниязова Ж.

«Назгуль» ШҚ - 150 га. – Кожан М.

«Султан» ШҚ - 223 га. – Умбетов Н.

«У Толебая» ШҚ - 101 га. – Сарсенов Т.

«Жасдаурен» ШҚ - 900 га. – Байдулин М.

«Айгерим» ШҚ - 97 га. – Жилкаев С.

«Аян» ШҚ - 184 га. – Сарсенов С.  
«Динара» ШҚ - 554 га. – Кияшбаев С.  
«Нурадил» ШҚ - 119 га. – Калиев А.  
«Путь» ШҚ - 66 га. – Грабович Н.  
«Ермек» ШҚ - 88 га. – Кульжанов С.  
«Андрей» ШҚ - 101 га. – Бодло А.  
«Санат» ШҚ - 241 га. – Телеш Н.  
«Антон» ШҚ - 109 га. – Вуккерт Ю.  
«Владислав» ШҚ - 50 га. – Вуккерт С.  
«Руслан» ШҚ - 165 га. – Есентемиров Я.  
«Алина» ШҚ - 87 га. – Белый В.  
«Алмат» ШҚ - 179 га. – Амандыков С.  
«Жансая» ШҚ - 148 га. – Унбаев Н.  
«Виктория» ШҚ - 62 га. – Зинченко А.  
«Енбек таны» ШҚ - 85 га. – Машенов В..  
«Рассвет» ШҚ - 83 га. – Жандин Н.  
«Еламан» ШҚ - 409 га. – Жакенов А.  
«Заря» ШҚ - 90 га. – Зобенко А.  
«Коньс» ШҚ - 50 га. – Айкенов Д.  
«Нурия» ШҚ - 122 га. – Ибраев Б.  
«Жулдыз» ШҚ - 100 га. – Сапахов Н.  
«Жанна» ШҚ - 630 га. – Истаев М.  
«Слава» ШҚ - 104 га. – Бублий И.  
«Адилет» ШҚ - 752 га. – Даукенов С.  
«Север» ШҚ - 80 га. – Кокоза А.  
«Жиембек» ШҚ - 172 га. – Жиембеков Ж.  
«Стрела» ШҚ - 72 га. – Петренко В.  
«Берик» ШҚ - 105 га. – Курмангазин Т.  
«Узакбай» ШҚ - Станкулов Н.  
Студент ОМ шаруашылық жер көлемі – 6144 га.

**Білім :** Қазіргі таңда селолық округте 2 орта мектеп, 1 негізгі мектеп жұмыс жасайды.

**Денсаулық сақтау :** Селолық округта Қызылжар ауылдық дәрігерлік амбулаториясы Андреевка селосында жұмыс істейді. Шевченко және Студент ауылдарында 2 фельдшерлік пункт бар.

**Мәдени ағарту жұмыстары:** Ауыл аймақта 2 ауылдық клуб және 2 кітапхана бар. Андреевка селосында кітап қоры – 7028 дана, Студент кітап қоры – 4184 дана. Қазтелерадио мұнарасы бар.

**Дене шынықтыру және спорт:** 2001 жылдан бастап «Қызылжар» футбол командасы және «Шевченко» волейбол командасы бар. Олар аудандық сайыстарда бірнеше рет жүлдегер атанған. Волейбол командасы округ жарыстарында жүлдегер болған.

**Мәдени мұралары:** Шевченко – I бейіті. Шевченко ауылының оңтүстік-шығыс шетінде орналасқан биіктігі 0,15-тен 1,3 м, диаметрі 8-ден 24 м болатын 5 жер обадан тұрады. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 23.08.1987 жылы табылған. Паспортталған.

Шевченко – II бейіті. Шевченко ауылының оңтүстік-шығыс шетінде үйме болып орналасқан сегіз жер обадан тұрады. Обалар диаметрі 4-8 м, биіктігі 0,3 м. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 23.08.1987 жылы табылған. Паспортталған.

Шевченко – III обасы. Шевченко-Байтұрасай тас жолынан оңтүстікте 30-40 м жерде тік құламалы суайрықта, 18/9 реперіне қарсы орналасқан жарты шар тәріздес үйінділі (17x1,0) жер оба. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 23.08.1987 жылы табылған. Паспортталған.

Шевченко – IV бейіті. Батыс-солтүстік батыс шығыс-оңтүстік шығыс өсі бойынша бір-бірінен 130 м қашықта суайрық жотаның төбесіндегі жыртылған жерде орналасқан үйіндісі құлап түскен екі жер обадан тұрады. Обалар көлемі: №1-20x1м, №2 – 15x1,5м. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1989 жылы жазда табылған. Паспортталған.

Шевченко – V бейіті. Суайрық үстірттің басындағы жыртылған жерде орналасқан жарты шар тәріздес үйінділі төрт жер обадан тұрады. №1 обаның айналасында /34x2,5/ сақиналы ор. Қалған үш оба одан шығыста және солтүстікте 60-80 м жерде орналасқан. Олардың көлемі: №2 – 20x1,5 м, №3 – 22x1,8 м, №4 – 20x0,5 м. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1989 жылы жазда табылған. Паспортталған.

Шевченко – VI бейіті. Ашық далада орналасқан екі жер обадан тұрады. Көлемдері 35 және 15 м, биіктігі 2,5 және 0,4 м болатын обалар жарты шар тәріздес формалы. №1 обаның ортасында тонау шұңқыры байқалады, №2 оба тегіс жыртылған. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1989 жылы жазда табылған. Паспортталған.

## ҚЫЗЫЛЖАР СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША КӨП БАЛАЛЫ АНАЛАРЫ



**Гупн Вера Михайловна** – 1939 жылы Ақтөбе облысы Жұрын ауданы Кузнецовск ауылында туған. Білімі 7 кластық. 1955 жылы Гупн Леонидпен тұрмыс құрды. Өзі 30 жылдан астам малшы, жолдасы «Шевченко» колхозында механизатор болып жұмыс жасаған. 9 баласы,

9 немересі, 2 шөбересі бар. «Ана даңқы» ордені, «Күміс алқа». 1964 жылдан бері Шевченко ауылында туған.

**Мамбетова Нәзира** – 1932 жылы 10 шілдеде Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Жосасай ауылында туған. Білімі бастуыш. 1950 жылы Мамбетов Ғайсамен тұрмыс құрды. Өзі қарапайым жұмысшы, кейін пошта тасушы, жолдасы механизатор болып жұмыс жасаған. 8 баласы, 15 немересі, 4 шөбересі бар. 2-ші дәрежелі аналық медалімен, «Еңбек ардагері», «1941-1945ж.ж. Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 60 жыл» мерейтойлық медалімен наградталған. Қазір Шевченко ауылында тұрады.



**Торегазина Сәлиха Өмірзаққызы** – 1943 жылы Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Амангелды ауылында туған. Білімі 3 кластық. 1960 жылы Торегазин Кеңеспен тұрмыс құрды. Өзі 30 жылдан астам сауыншы, жолдасы «Буртинский» колхозында тракторшы болып жұмыс жасаған. 10 баласы, 21 немересі, 1 шөбересі бар. «Батыр ана», «Ана даңқы» орденінің 3 дәрежесімен наградталған. 1960 жылдан бері Студент ауылында тұрады.

**Миралинова Райса Дәулетқызы** – 1926 жылы 1 шілдеде Ресейде Орынбор облысы Кувандық ауылында туған. Білімі бастауыш. 1948 жылы Миралинов Сисенмен тұрмыс құрды. Өзі тылдың қатысушысы, тракторшы, жолдасы шопан болып жұмыс жасаған. 8 баласы, 8 немересі, 2 шөбересі бар. «Ана даңқы», «1941-1945ж.ж. Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 60 жыл» үшін наградталған. Қазір Студент ауылында тұрады.



**Есегалиева Ақжан** - 1930 жылы 5 мамырда Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Көшікбай ауылында туған. Білімі 7 кластық. 1948 жылы Дәукенов Задыгереймен тұрмыс құрды. Өзі тылдың қатысушысы, сауыншы, қарапайым жұмысшы, жолдасы «Буртинский» колхозының МТФ-те бигадир болып жұмыс жасаған. 9 баласы, 21 немересі, 6 шөбересі бар. «Күміс алқа», «Еңбек ардагері», «1941-1945ж.ж. Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 60 жыл» үшін наградталған. 1950 жылдан бері Студент ауылында тұрады.

**Артығалиева Әсия** – 1925 жылы 18 ақпанда Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Чапаевка ауылында туған. Білімі 7 кластық. 1946 жылы Артығалиев Шерниязбен тұрмыс құрды. Өзі селолық кеңесінде есепші, хатшы, жолдасы «Буртинский» колхозында механизатор болып жұмыс жасаған. 8 баласы, 15 немересі, 3 шөбересі бар. Бірнеше мәрте Студент селолық кеңесінің депутаты болып сайланған, еңбек озаты. «Күміс алқа», «Ана даңқы» ордені, «1941-1945ж.ж. Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 60 жыл», «Аналық медалі», «Еңбек ардагері» медалімен наградталған. 1968 жылдан бері Студент ауылында тұрады.



**Лопатина Тамара** – 1940 жылы 6 қыркүйекте Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Студент ауылында туған. Білімі бастауыш. 1960 жылы Лопатин Николаймен тұрмыс құрды. Өзі қарапайым жұмысшы, жолдасы «Буртинский» колхозында механизатор болып жұмыс жасаған. 11 баласы, 24 немересі бар. «Батыр ана», «Ана даңқы» орденінің 3 дәрежесімен наградталған. Қазір Студент ауылында тұрады.

**Истаева Күнсұлу** – 1935 жылы 4 қыркүйекте Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Студент ауылында туған. Білімі бастауыш. 1955 жылы Истаев Тұрсынғалимен тұрмыс құрды. Өзі сауыншы, құрылысшы, балабақшада бала күтуші, жолдасы тракторшы болып жұмыс жасаған. Күнсұлу тың жерлерді игеруге қатысты, «Мәртөк ауданының үздік сауыншысы» атағына ие болған, «Социалистік жарыстың жеңімпазы». 8 баласы, 22 немересі, 3 шөбересі бар. «Күміс алқа», «Еңбек ардагері», «Ерен еңбек үшін» медалімен наградталған. Қазір Студент ауылында тұрады.



**Есмағамбетова Зубайда** – 1935 жылы Ресейде Орынбор облысы Беляев ауданы Түскен ауылында туған. Білімі жоқ. 1953 жылы Есмағамбетов Лайық пен тұрмыс құрды. Өзі «Карл Маркс» колхозында 43 жылдан астам сауыншы, жолдасы малшы болып жұмыс жасаған. 10 баласы, 21 немересі, 6 шөбересі бар. «Батыр ана», «Ерен еңбек үшін», «Еңбек ардагері» медалімен наградталған. Қазір Андреевка ауылында тұрады.

**Жұмбабаева Жаңылдық** – 1936 жылы Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Байторысай ауылында туған. Білімі 3 кластық. 1953 жылы Жұмбабаев Садуақаспен тұрмыс құрды. Өзі қарапайым жұмысшы, жолдасы «Чапас» колхозында механизатор болып жұмыс жасаған. 8 баласы, 22 немересі, 2 шөбересі бар. «Күміс алқа» наградталған. Қазір Андреевка ауылында тұрады.



**Нетребко Мария Сергеевна** – 1919 жылы 4 желтоқсанда Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Красноярка ауылында туған. Білімі 2 кластық. 1945 жылы Нетребко Петрмен тұрмыс құрды. Өзі тылдың қатысушысы, тың игеруге қатысқан, «Первый путь» колхозында тракторшы, жолдағы малшы болып жұмыс жасаған. 8 баласы, 21 немересі, 9 шөбересі бар. «Аналық ордені», «1941-1945ж.ж. Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 60 жыл», «Тың жерлерді игеру үшін» наградталған. 1967 жылдан бері Андреевка ауылында тұрады.

**Есмағамбетова Ақбәрік Бахтиярқызы** – 1953 жылы 29 шілдеде Ресей Орынбор облысы Новоуралск ауылында туған. Білімі орта. 1974 жылы Ерусалимов Сексенмен тұрмыс құрды, ол 3 жылдан кейін қайтыс болды. Кейін Есмағамбетов Мұқанға тұрмысқа шықты. Өзі сауыншы, ФАП-та еден жуушы, жолдасы «Бөрте» ЖШС-де механизатор болып жұмыс жасайды. 8 баласы, 4 немересі бар. «Ана даңқы» орденімен наградталған. Қазір Студент ауылында тұрады.



**Ахметова Галина Мухамедьярқызы** – 1945 жылы 13 қарашада Ресей Орск қаласында туған. Білімі 7 кластық. 1963 жылы Ахметов Жаппас пен тұрмыс құрды. Өзі Қызылжарда қарапайым жұмысшы, пошта таратушы, клубта еден жуушы, жолдасы малшы болып жұмыс жасаған. 8 баласы бар. «Ана даңқы» орденімен наградталған. 1982 жылдан бері Андреевка ауылында тұрады.

Үсенова Надежда Владимировна – 1960 жылы 29 қаңтарда Ресей Рязань облысы Шилово қаласында туған. 1967 жылы Мәртөк ауданы Хлебодар ауылына көшіп келді, шошқа фермасында жұмыс жасаған. 1978 жылы Үсенов Владимирмен тұрмыс құрды. Өзі үй шаруасында болған, жолдасы малшы болып жұмыс жасаған. 9 баласы, 9 немересі бар. 1997 жылдан бері Шевченко ауылында тұрады.



**ҚОЖАБАЕВ ЕСЕНАЛЫ** /1917, Мәртөк ауд. Қарағаш а. - 1979 сонда/ - мұғалім. Ұлы Отан соғысы жылдарында 4-ші Украина, Воронеж, Ленинград майдандарында, 40-шы және 10-шы Армиялардың 202-ші және 387-ші танк полктерінің құрамында танк взвод командирі. Елге оралғаннан кейін мұғалім, бастауыш мектеп директоры, Мәртөк аупарткомының нұсқаушысы болып істеді. I-дәрежелі «Отан соғысы», «Қызыл Жұлдыз», «Қызыл Ту» ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған.



### **ҚҰРМАНҒАЗИН КӘРІМ ЕРҒАЛИҰЛЫ**

Орынбор облысы Ақбұлақ ауданында туылған. Жетіжылдық мектепті бітіргеннен кейін Орск қаласындағы зауыттың бақылау цехында жұмыс істеген. 1943 жылы өз еркімен майданға аттанды. Уфа маңындағы кіші командирлер дайындайтын қысқа мерзімді курсты тамамдады. Ұрысты алғаш рет Курск түбінде қабылдады. Ұлы Отан соғысындағы көрсеткен жанқиярлық ерліктері үшін екі мәрте «Қызыл Жұлдыз», «Қызыл Ту», «II-дәрежелі Отан соғысы», «Александр Невский» ордендерімен, «Ерлігі үшін» медальдарымен марапатталды. Елге I топтағы мүгедек болып оралды. 1954 жылдан бастап Ақтөбе облысының Мәртөк ауданында тұрып келді. 1958-1960 жылдары Ақтөбе қаласындағы «Загиптар қоғамының» төрағасы болды. Өмірінің соңғы уақытына дейін аудандық загиптар қоғамының қызметін қоғамдық негізде атқарды.

**ҚҰРМАНТАЕВ АБЫЛАЙ СЕЙФОЛЛАҰЛЫ**  
1970 ж. Мәртөк ауданы Дмитриевка селосында дүниеге келген. 1988 ж. теміржол училищесіне түсіп оқиды. 1988 – 1990 ж.ж. инженерлер даярлау институтында оқиды.

Кеңестер Одағының жаттықтырушысы А.Морозовтың басшылығымен бокспен айналысады, ал 1990 ж. кик-боксингпен айналысады.

1990 жылы республикалық жарысқа қатысты. Осы





жылы Виннице қаласында өткен КСРО чемпионатында қола медалына ие болады. Ал қараша айында Қазақстан және Орта Азия турнирінде I орынға ие болады. 1991 ж. Москва қаласында кик-боксинг жарысында I орынға ие болады. 1993 жылы Европа чемпионатына қатысады. 1995 жылы Қазақстан Республикасының чемпионы, АҚШ-тағы чемпионатқа қатысады. 1996 ж. Оңтүстік Кореяда өткен чемпионатқа қатысушы.



**ҚҰНАНОВ ЖАНГЕЛДІ** еңбек ардагері. Көптеген жылдар бойы Совет Армиясы қатарында болған. 1960 жылдан бастап еңбекке араласып, бірнеше медальдармен және «Еңбек данқы» орденімен марапатталған. 20 жыл «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы жеңісінің елу жылдығы», «Еңбек ардагері», «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медальдарымен марапатталған.

**ҚОСАЕВ ӘЛИХАН ҚАМУҰЛЫ** (24.01.1937ж. Мәртөк ауд. Хлебодар а.д.к.)- жоғары санатты хирург-онколог. Медицина ғылымының кандидаты (1968), докторы (1983), профессор (1997) Қазақ мемл. Мед. инс-н емдеу факультетін 1962 ж. бітіріп, 1964 ж. дейін Алға ауд-қ ауруханасында хирург болған. 1964-1987 ж.ж. онкология және радиология ғылыми-зерттеу инс-да аспирант, кіші, аға ғылыми қызметкер, директордың ғылыми-клиникалық жұмыс жөніндегі орынбасары, 1997 ж. бастап жалпы онкохирургия бөлімшесінің меңгерушісі. Оның кандидаттық және докторлық диссертациялары сүйектің алғашқы қатерлі ісіктерін қиыстырып емдеу әдістерін бағалау және емдеуге арналған. 66 ғылыми, оның ішінде 2 оқыту-әдістемелік еңбектері бар, оның екеуі шетелде жарияланған. Екі мед. ғылым кандидатын, 1 мед. ғылым докторын даярлаған. КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі белгісімен, екі медальмен марапатталған.



**ҚОСЖАНОВ ҚҰРМАНБАЙ АҒЫНБАЙҰЛЫ** (17.05.1961ж. Құмсай а.) Ақтөбе мәдени-ағарту уч. тамамдаған. 1995ж. Жұбанов ат. ун-ң музыка және ән факультетін сырттай оқып бітірген. «Анама», «Мақтанышым Ақтөбе», «Айналдым Ақтөбе», «Астана», «Құмсайым, елім» өлеңдерінің авторы. «Қарапайым ғажап» қазақстандық балалар әні конкурсының

жеңімпазы. «Алтын домбыра» құрметті жүлдесінің иегері. Ақтөбенің 130 жылдық және «Жаңа ғасырға-жаңа әнмен!» жаңа мыржылдықты қарсы алу құрметіне арналған конкурстардың дипломанты. Көптеген грамоталармен марапатталған.

## М

**МАРУХА ПЕТР ПЕТРОВИЧ** (1932-1947ж.ж. Нагорный а)- Мәртөк ауд. «Социализм» ұжымшарында механизатор, а/ш табыстары үшін Ленин орденімен марапатталған.

**МӘРТӨК** - Мәртөк ауданының орталығы Ақтөбе облысының солтүстік-батысында орналасқан. Ақтөбеден 72 шақырым жерде. Халық саны – 9944 адам. Орынбор – Ташкент темір жолының бекеті болып есептеледі. 1905 жылы вокзал, өндірістік ғимараттар және темір жол қызметкерлеріне алғашқы үйлер тұрғызылған. Ол кезде шағын Сусар, Токпанбет, Қарабас, Өтегұл-Бәйіт, Үшқұдық, Қараот, Бозой, Егінсай, Ащысай, Қашқыбұлақ, Сор, Көкүй, Қолтабан, Құрамыс, Қазоты, Ақсу, Қазан, Божыр, Гор, Құмсай, Кенсахара)ауылдар Елек өзенінің жағаларында, аудан орталығына жақын жерлерде орналасқан.

станциялар	мануфактура	сабын	кант	тұз	балық	тақтай
<b>1906 жыл</b>						
Жайсаң	0,3	0,1	0,5	0,3	-	2,0
Мәртөк	0,3	0,0	0,5	0,1	-	0,5
Қаратоғай	0,2	0,0	0,3	0,1	-	1,0
<b>1907 жыл</b>						
Жайсаң	1,1	0,2	1,2	2,0	0,1	9,0
Мәртөк	1,1	0,1	0,9	1,0	-	2,3
Қаратоғай	0,6	0,1	0,8	0,7	-	1,1
<b>1906-1907 жылғы станцияға жүк әкелуінің өсуі. (мың пұт)</b>						
Жайсаң	+0,8	0,1	+0,7	1,7	0,1	+7,0
Мәртөк	+0,8	0,1	+0,4	0,9	-	+1,8
Қаратоғай	+0,4	0,1	+0,5	0,6	-	+0,1

станциялар	темір	жер өңдеу құралдары	бидай	сұлы	ұн	тұқымға дән	тары
<b>1906 жыл</b>							
Жайсаң	0,1	2,3	0,9	-	5,7	-	-
Мәртөк	0,0	0,2	0,0	0,1	5,0	-	-
Қаратоғай	0,0	0,4	3,8	0,1	1,6	-	-

## 1907 жыл

Жайсаң	0,3	1,9	1,3	0,0	1,1	1,4	0,0
Мәртөк	-	0,7	0,0	0,0	1,8	0,1	0,0
Қаратоғай	-	0,6	1,9	0,0	5,0	2,4	0,4
1906-1907 жылғы станцияға жүк әкелуінің өсуі. (мың пұт)							
Жайсаң	+0,2	-0,4	+0,4	-	-4,6	+1,4	-
Мәртөк	-	+0,5	-	-0,1	-3,2	+0,1	-
Қаратоғай	-	+0,2	-1,9	-0,1	+3,4	+2,4	+0,4

1907 жылы Мәртөкте ең бірінші үй салынды. 1911 жылы 15 үй, 1913 жылы – 30 үй болды. Сөйтіп екі көше пайда болды.

Сол жылдары Мәртөкте Бостыбай атты байдың есімі белгілі еді. Ол көпке дейін сауда-саттық саласының монополисті болды.

Байдың үйі Көкіұлы мен Стрелковая көшесінің қиылысында тұратын (қазіргі аудандық соты). Ол Көкіұлы көшесінің екі жағында орналасқан сауда қатарларының, сонымен бірге соттың кіреберіс есігінің сол жағында орналасқан сайлы ат қораларының иесі еді. Бостыбай соншалықты бай болғаны, оның Орынбор қаласындағы айырбастау ауласында (үлкен базар, мұнда күніне 5 мың бас мал сатып алу жөнінде келісімдер жасалған) жеке бұйрықшысы болған. Байдың жеке ауласында советтік кезінде ұзақ уақыт бойы АНБ және төлқұжат үстелі орналасқан. Кейін оны қиратып, орнына гүл отырғызған. Қазір көзінің жауын алып тұрған гүлдердің орнында бұрын қонақжай Бостыбай Ырғыз, Ойыл базарларынан Орынборға бара жатқан керуендерді қарсы алатын. Көптеген сапалы тауарлар оның сауда қатарларында сатылып, Мәртөк округіндегі базарлардың атағын шығарған. Жолаушылар үшін де ат қораларында әрқашан қымбат жылқылар мен түйелер болған. Байдың негізгі табындары Құмсай ауылының маңында жайылған.

Бастыбайдың үйіне Байторы мен Қаратоғайдан болыстар жиі қонақ болып, сонымен қатар даулар шешіп, адамдарды татуластырып, кеңес беріп тұратын би де қонаққа келіп тұрған.

1939 жылғы 14 желтоқсанында шыққан № 285 «Актюбинская правда» газетінде В.Козаченконың «Мәртөк – аудан орталығы» деп аталатын мақаласы жарияланған. Автордың айтуынша 1909 жылы Мәртөкте 10 үй және 17 аласа жертелелер болған. Ауруханасы жоқ, мектебі жоқ, ешқандай кәсіпорын да жоқ – зерттелмеген жер. Осы жаққа біреу келсе, ол туралы «тағы біреуі келіп, батпаққа батты» дейтін. Көзге көрінетін көкжиекке дейін сап-сары дала жататын.

Тек саудагерлер мен алып-сатарлар, жер иелері (Вавилов, ағайынды Сейфуллиндер, Валитов сияқты) ғана риза болып, ат пен қойларды арзан алғандарына қуанып, қуаныштарын жасырмайтын. Олар дүкен ашып, кедей қазақтарды жалдап, аз ақшаға жер өндетіп, мал бақтыратын. Патша күзетшісі бейнесіндегі жергілікті «өкімет» жергілікті шаруашылық және мәдени құрылыспен айналысқан жоқ. Осылай жылдар өтіп бара жатты. Байлардың

кірістері өсіп, кейбір ғана адамдардың қалталары ақшаға толды, еңбекшіл бұқара кедейленіп, қайыршы болып болды.

1912-1920 жылдары татар, казак, башқұрттар мұсылмандар тұратын, Татарка деп аталатын Мәртөктің ескі жағында жеке дүкендер пайда бола бастады. Бүлік пен әртүрлі көтерілістерден кейін татарлар мен башқұрттарға жермен айналысуға рұқсат етілген жоқ, оларға тек саудамен айналысып, құдайға қызмет етуге рұқсат етілді.

Бірақ ауыл өмірінің бірінші орнында станция тұрды. Бұл патша қазынасына қымбатқа түсетін, экономикалық, стратегиялық және мәдени объекті болды.

1916 жылы диірмен салынды. Диірменнің қасында базар орналасқан. Әуелі ол қоршаусыз еді, бірақ кейін оның шекарасы шарбақпен белгіленді. Базардың меңгерушісі болып Бесчастный Афанасий Васильевич істеді. Басқа селолардан базарға келушілер оңтүстік-шығыс жағынан тапалған жолмен келетін. Мәртөктіктер осы жол бойы өздеріне жертөлелер сала бастады, осылай Базарная деп аталатын көше пайда болды. Поселоктің шығыс жағынан базарға жету үшін бұқа мен түйе жегіп, май зауытының қасындағы кішігірім өзеннен өту қажет болды. Ол бүкіл поселок бойымен ағып, Елек өзеніне құйды. Базардың аумақтағы арзан бағасымен атағы шықты. Онда мал, құс, жүн, ет, сүт, жем, малдың азығын, көкініс пен жемістерді, сондай-ақ отқа жағатын алабота, салом, тезекті де сатып алуға болатын еді. Базарда қасапшы Шаймарданов Барийдің беделі зор еді. Ол сыра зауытының маңындағы жерде мал соятын. Сонымен қатар, ақылды да әділ қасапшы әр мұсылманның бейітіне орнатылатын құлпытастарды тегін құйып беретін.

30-шы жылдардың ортасында базар алаңында саманнан, ағаштан дүкендер салынды. Чубачук, Бесчастный Афанасий, Қуатжанов Есендер базардағы тәртіпті бақылады.

Базарға Ақтөбеден, Түзтөбеден, Ақбұлақтан, Қуандықтан, Қандыағаштан сатып алушылар жиі келетін. Базар сол жерде 1959 жылға дейін болды.

1918 жылдың 28 тамызында казак қарақшылары тағы да Мәртөкке шабуыл жасады. Ерікті дружина осы бандамен ұрысқа кірісті. Ұрыс танертенгі сағат 10-нан кешкі 10-ға дейін созылды. Ауыр ұрыста дружина жеңіске жетті. Қаза тапқан қызылдарды Мәртөк шетіндегі туыстастар бейітіне жерледі (қазіргі Көкіұлы көшесінде).

1924 жылға дейін аурухана болған жоқ, тек барлық аурулардан емдейтін фельдшер Иван Яковлевич Шестаев болды. Мәртөкте ағаш өскен жоқ, станцияның ғана кейбір жерінде қараағаштар өсіп тұр еді. Сол жылдары казак мектебі жасай бастады. 1925 жылы Мәртөкте орыс мектебі салынды.

1926 жылы Мәртөкте азаматтық соғысқа қатысушылар артельге кіріп, оны «Красный партизан» деп атады. Бұл артельге 9 адам кірді. Олар өз жұмыстарын ортақ шаруалар ауласына әкелінген ұсақ-түйектен бастады. Артельдің бірінші төрағасы Алексей Минович Гамораның мемлекеттен жәрдемақы сұрауына тура келді, өйткені артель бос жерде пайда болды. Сол жәрдемақы ақшасына диірмен салынды. Диірменнен алынған табыстар тең бөлінді, жалақыны төрағадан бастап жылқышыға дейін бірдей алатын. Бұл

аудандағы ортақ сибектің алғашқы қадамдары еді. Үш жылдан кейін, науқан біткен соң, «Красный моряк» ауыл шаруашылық артелі пайда болды, бұның ұйымдастырушысы – 1905 жылы қазақ даласына жер аударытқан кронштад теңізшісі Алексей Осипович Макаров еді. 1928 жылы алғашқы элеватор мен аудандық тұтынушылар одағының ғимараты салынды. 1929 жылдың желтоқсан айында «Красный моряк», «Красный партизан» және Казанканың артелі бірігіп, «III интернационал» колхозын құрды. «Фордзон» тракторын алды. Сол кезде Мәртөкте тағы бір колхоз пайда болды. Ол «Путь транспортника» деп аталды. Ол негізінен көкөніс өсіруімен шұғылданды. Шаруашылықта бес түйе мен екі ат болды. Оның ауласы қазіргі халық соты орнында орналасты. 1930 жылы «III интернационал» колхозынан етікші, тігінші, ұста, былғарышылар сияқты шебер адамдар бөліне бастады. Олар өздерінің «Муравей» өнеркәсіптік артелін құрды. Кейін оған «Промышленник» деп қайта ат қойды. Тағы екі жылдан кейін, 1932 жылы Мәртөк МТС-і жұмыс жасай бастады.

1935 жылдан бастап Мәртөкте «За большевистские колхозы» аудандық газеті жариялана бастады. Содан кейін оның аты – «Сталинское знамя», «Колхозная правда» (1957), «Ленинский путь» (1962), «Мартукские новости» (1992), «Мәртөк тынысы» болып өзгерді.

1939 жылдың 1 қыркүйегінде Почтовая көшесінде (Ф.Ф.Озмитель атындағы көше) 800 оқушысы, 22 класы бар орыс мектебі ашылды. Мектептің бірінші директоры Усачев болды. 1948 жылдың 20 мамырында Орталық Республикалық баспасөздерінде былай жарияланды: «Мәртөкте механикаланған май зауытының құрылыс жұмыстары басталды, ол жылына 2 млн. центнер сүт өндіреді». Жергілікті инкубатор станциясының құрылысы басталды. Алғашқы өнімі 1950 жылы алынды. Бір маусымда 230 мың балапан шығарылатын еді. Бұл өнім ауданды жартылай қамтамасыз ететін.

1951 жыл. Аудан тұрғындары көктемде көркейту, көгалдандыру жұмыстарын өткізетін еді. Кейін көлдің құрылысы аяқталды. Темір жол астынан көлдің суын толықтыратын екі құбыр салынды. Отырғызылған ағаштар мен гүлдерді суару үшін көше бойы арықтар қазылды. Сонымен қатар құраған ағаштардың орнына қайта ағаш отырғызылып, 15 мың сәнді өсімдік отырғызылды. 50-ші жылдары Мәртөк жастары үшін кешкі мектеп ашылды. Оның басшысы Константин Яковлевич Яблуновский болды. 1953 жылы ауданда соқырлар ұйымы құрылды.

1956 жылы біздің Мәртөк элеватор жоғары көрсеткіштерге жеткені үшін КСРО-ның III-ші премиясына ие болды. Оның аумағында үлкен көлемде астық өнімдерін қабылдау, қайта өндіру, сақтау жұмыстарынан басқа үлкен құрылыс жүріп жатты.

Аудандық ауыл шаруашылық басқармасының қасында, элеватордың кіреберіс есігіне қарама-қарсы бес ай ішінде кірпіштен жана жөндеу шеберханасының, токарлар және ұсталар цехтарының, электрцехінің, автомобиль, тасымалдау және басқа жабдықтарды жөндеу шеберханасының кабырғалары көтерілді. Осыдан басқа элеватордың аумағында бидай

қоймасының іргесі салынды, қойманың сыйымдылығы – 3200 тонна, ал 2,5 айдан кейін пайдалануға берілді. 1955 жылдың 31 шілдеде Мәртөкте 300 орынды жазғы кинотеатр ашылды. 1956 жылы Мәртөкте универмаг дүкені, шайкана («Ақсу» кафесі), пошта өз есіктерін ашты. 1957 жылы телефон станциясының қайта құрылысы басталды. 1952 жылы келушілердің өз еркімен берген ақшаларына православ шіркеуі салына бастады. Бұрын Мәртөкте Әуезов көшесі мен Мир-Хайдаров көшелерінде мінажат үйлері болатын, кейін В. Комендантының құрылысы аяқталмаған үйін сатып алып, мехрапы мен звоницасы бар шіркеу салынды. Онда Дашевский мен С.Муляр священниктері (әр қайсысы 30 жылдан) қызмет етті. 1957 жылы 13 шілдеде Мәртөкте шағын шіркеу ашылды. 1996 жылы мұсылмандар мешіті ашылды.

«Қаз.шар. техника» 1966 жылы әр күн сайын қақпадан 1 трактордан шығарды. Әр күн сайын жөндеу жұмысы жанданып, қараша аяғында 1968 жылы күн сайын жөнделген 3 трактордан шығарылды. Бұл жұмысшылардың талмай еңбек етуінің нәтижесі. Әсіресе жақсы көсеткіштер көрсеткен К.Руф, И. Мягкий, Э.Кехлер, Л. Ситко, В.Петерс және т.б. Біздің шеберлер ауа-райының өзгерісіне карамастан Қобдадан, Комсомолдан, Қарабұтақтан және т.б. аудандардан тракторлар жөндеуге әкеліп жатты. Комбайн жөндеуде 1968 жылы көптеген жетістіктерге жетті. 20 желтоқсан айында жоспар бойынша 150 болса, 170-і жөнделді. Ал 1969 жылдан бастап жаңа комбайн жөндеу цехі ашылды. Онда комбайнға қажетті жабдықтардың барлығы табылды. Бұрын 7 айда 7-8 комбайн жөндеуден өтсе, келе-келе 18-19, 1 жылда цехтан 146 жөнделген комбайн шығарылды.

Мәртөк аудандық «Қаз. Шар. Тех-қ» бірлестігінде жас кәсіпкерлер болды. Жұмысшылардың жартысы әскерден келген жігіттер үлкен ықыласпен еңбек етті. Газосварщик, токарь, шлифовальщик, слесарлар болды. Жас мамандарды ұжымдық-жастар бригадасына 5 адамнан біріктіріп, жарыстар өткізіліп тұрды. Жұмысшылар ауылы көріктеніп келе жатты. «Қаз. шар-қ тех.» әр жылсайын 2,3 және 1 пәтерлі үйлер қонысын тойлап жатты. 1964 жылы жаңа мектептің алғашқы қонырауы соғылды. Мәртөктегі 60 жылдар басындағы келесі ең ірі құрылыс элеватордың құрылысы еді.

1968 жылы шаруашылық ауданында тұрғын үй мен мәдени-тұрмыс жағдайлары қарала бастады. 100 тұрғын үй салынды, 3 мектеп, монша, асхана, спорт мекемелері, медициналық пункт.

Мәртөкте 1964 жылдың 12-15 маусым аралығында Республика бойынша Ұлттық қазақша күрес сайысы өткізілді. 1968 жылы шілде айында Орал қаласында өткен «Алтын дән» жүлдесіне Мәртөктен футболшылар құрама командасы Аймақтық Республикалық жарысқа қатысты. Сол жарыста жүлдеге ие болып финалдық Республикалық ойындарға қатынасуға мүмкіндік алды. Финалда мәртөктіктер Шымкент, Талдықорған, Целиноград күшті топтармен ойнады. 1970 жылы Мәртөк аудандық ауруханасыны жанынан Ақтөбе медициналық училищесінің филиалы ашылып, осында медбикелер даярланды. Қабылдау емтиханынан кейін 30 адам осы курсқа

жазылды. Негізінде олар ауданымыздың аулының қыздары болды. 1971 жылдың қыркүйегінде аудан дүкендерінде нан комбинатының алғашқы өнімдері түсті. Ол кезде тек қана нан пісіретін цех жұмыс істеді. Сонымен қатар кондитер және тәтті нан линиясы да істеді, бірақ ол жерлерде жұмыс қолмен істелгендіктен, шығарылған өнімдер шамалы мөлшерде ғана болды. Үш-төрт жыл ішінде завод азық-түлік өндірісі механикаландырылған өнеркәсібіне айналды. Бұл кезде 32 түрлі өнім шығарылды. Завод өнімдері тек қана мәртөктіктер сұранысына емес, басқа аудандарға да жіберілді. Мысалы, мәртөктік «Северные» пряниктерін Ақтөбе, Қобда, Октябрь аудандарының дүкендерінен сатып алуға болатын еді. Бір айда 7 тонна пряник шығарылды. 1977 жылы нан заводы тәулігіне үш тоннадан астам нанды бір кезекте 140 килограмм рогалик, бөлке, пряник пісірді. Бір ғана Мәртөкте 20 сауда орыны болды.

Осы жылдары Мәртөк май зауытында үлкен жаңалық болды. Іске жаңа цех – қаймақ, сүзбе, кілегей және сүт шығаратын цехтар қосылды, осында ірімшік шығарылды. Мәртөк майзауының шығаратын өнімінің 99%-ы жоғары сапалы болды. Завод жоспардан тыс тұтынушыларға ірімшікті – 62, құрғақ сүтті – 63, балмұздақты – 5% ешбір жарнамасыз өндіріп жеткізді. Ешбір қалдықсыз аса сапалы жұмысты құрғақ сүт цехы жасады. Тәулігіне 14-16 тонна майсыздандырылған сүтті өңдеп, ұжым 1200 килограмм дайын өнім алды. Бұл өнім арнайы қаптарға салынып Алматы, Орал, Өскемен қалаларына жіберілді. Мәртөктің құрғақ сүті сонымен қатар, кондитерде, наубайханада және ет өңдеу өндірістерінде пайдаланылды. Тағы да айта кететін жай – қай жерде де бұл өнімді бәрі мақтайтын. Ал көкөніс сақтайтын аудандық дайындық контордың жанында 1975 жылы жаңа орын пайда болды. Ол сол кездегі үлгіде салынған жұмыртқа сақтайтын қойма. Ені 12 метр, ұзындығы 30 метр. Бұл қоймада аудан жұртшылығынан сатып алынған жұмыртқаларды сақтау мүмкіндігі болды. Осы жылы Мәртөк элеваторының аймағында бірінші астық қоймасының қасынан тұқымдық және сатуға арналған астықты өңдеу агрегаты орнатылды. Техникалық мәлімет бойынша, бұл қондырғы сағатына 100 тонна сатуға арналған және 20 тонна тұқымдық астықты тазартады. Оның тағы да бір қолайлысы – тазартылған астықты бірден вагонға тиіс қою мүмкіндігі, қасында темір жол тармақтары болды. Механикаландырылған тоққа келген астықты жеткізу де қолайлы. Элеватор аймағында үлкен орын салынып жатты, оның ұзындығы 120 метр, ені 26 метр, сыйымдылығы 6400 тонна тұқым. Бұл астық қоймасы. Жаңа техника қарастырылды: астық тазартқыш машина ЗАВ-40, астықты түсіретін жоғары көрсеткішті автокөтергіш ГУАР-30 маркасы. Өнімді тасымалдау үшін үстінгі және төменгі галерея қондырылды. Ауа көмегімен астық төгімі тұрды, астық жылжуы үшін еден сәл еңкейтілді. Жаңа қойма машиналар жиынтығы қолмен істейтін жұмысты жоққа шығарды. Аудандық КСХТ бірлестігіне 1974 жылы екі рет республикалық «Казсельхозтехника» бірлестігінің Қызыл туы берілді. Бірлестік облыстық және аудандық Құрмет тақтасына ілінді. Республика бойынша, екі бригада жоғары еңбек атағына ие болды.

Аудандағы көктемгі-күзгі егістік жұмыстарына КСХТ жұмысшылары үлкен көмек көрсетті, астық жинуда, силос дайындауда, басқа да ауыл шаруашылық жұмыстарында жәрдемдесті. Мысалы, егін орағы күнде КСХТ –ның 21 жұмысшысы, ал астық тасуда 18 шопыр еңбек етті. Тағы да бір айта кететін мәлімет, Мәртөк аудандық «Казсельхозтехника» бірлестігінің 28 қызметкері Бүкілодақтық ойлап тапқыштар мен рационалистер қоғамының мүшесі болды. Алдын ала дайындалған жоспар бойынша олар машиналарды жөндеуде жетістіктерге жетіп, еңбек көрсеткішін көтеруге ат салысты. Біздің облыс аудандарында осы Мәртөк аудандық «Казсельхозтехника» бірлестігінің оттегі өндіретін цехының өнімдері үлкен сұранысқа ие болды. Оттегі негізінен металдарды кесу үшін және сварка кезінде пайдаланылса, ал азот Ақтөбе, Орал облыстарының голпемстанция мұқтаждарына жіберілді. Сұйық азот пен оттегі жоспары үнемі артығымен орыдалды. Трактор цехтарымен көршілес әйелдер де еңбек етті. Мәртөктік трикотаж фабрикасының филиалы жоспарды орындап тұрды. Тәулігіне өндіріс конвейерінде әр түрлі 4500 трикотаж өнімдері тігілді. Озат тігіншілер: Т.Приходько, А.Бенд, Б. Советова, Р.Неплюева, В.Черноморец болды. Тігінші өз кезегінде нормада белгіленген 138 өнімнің орнына 170 өнім тікті, яғни жоспарды артығымен орындады. Егер бес жыл бұрын АТП-да 15 автобус болса, 1975 жылы оның саны – 32 болды. Жаңа комфортты ПА3-672 автобустары пайда болды.

Теміржолшылар Мәртөк жерінің даңқын шығарды. Ақтөбе жол бөлімінен 1975 жылы Мәртөк станция ұжымына бірінші орын берілді. Сол жылы станцияда алдын-ала билет сататын болды. Станса бастығы болып Кужелев Н. жұмыс істеді.

№ 1 Мәртөк орта мектебінің сәулетіне қарасаңыз, 1974 жылы осының орнында ештеңе болған жоқ деу өте қиын. Мәртөкте үлкен құрылыс біткеннен кейін, халық осы мектептің ашылу салтанатына қатысып, куә болды. Бір жылдан кейін бұл мектепте сабақ басталып, спортзалында жарыстар өте бастады. Жаңа мектепке мұғалімдер, ата-аналар, оқушылар қуанышпен келді. Білім беруге, кластан тыс жұмыстардың өтуіне қолайлы жағдай туды. Бұл ауданда ең үлкен мектеп болып саналды.

1985 жылы облыс мұражайының филиалы ашылды. Ол енді ауылдық әкім мекемесіне көшті. Мұражайда үлкен атақты жерлестердің құжаттары жиналған. Мұражайдың бір бөлімі табиғат аясында еді. Онда аудан тарихы туралы құжаттар бар. 1987 жылдың басында соғыс ардагерлерімен еңбек ардагерлінің қоғамы ұйымдастырылды. Оған 6200 адам кірді. Олардың бірінші мақсаты – қарт адамдарды қорғау, құрметтеу, жастарға тәрбие беру, салт-дәстүрлерді құрметтеу көзделді. 1984 жылы Мәртөкте өндірістік оқыту комбинаты ұйымдастырылды. Мұнда аудан орталығындағы 3 мектептің 8 – 11 класс оқушылары оқыды. Өндірістік комбинатта 2 жыл оқығаннан кейін мектеп түліктері жүргізуші, механизатор, тігінші, дүкенші мамандықтарын алып шығатын болды. Өндірістік комбинаттың техникалық базасы негізінде оқушыларға білім беруге толық мүмкіндігі бар еді. Мұнда слесарлық, ағаш



шебері шеберханалары, тігін цехы, механика және авто дәрісханалары болды. 3 ДТ-75 тракторы, МТЗ-80, ГАЗ автомобильдері, ДДА-100 суарғыш құрылымы, насос станциясы, ауылшаруашылық құрал-саймандар жиынтығы бар еді. Өндірістік комбинатқа «Победа» колхозынан 14 га жер бекітілген, мұнда оқушылар ересектермен қатар еңбек етіп, ойлау мен өз бетімен шешім қабылдауға үйренді. Осы жерге 5 гектар асқабақ, 9 гектар қызылша ескен. Еңбек тәжірибесінде балалар балабақшаларға жиіаз жасаған. Тігін цехында перделер, халаттар, алдыжапқыштар тіккен. 1990 жылы Мәртөк өндіріс комбинатының оқушылары Республикалық слетке қатыса алған. Біздің ауданымыздан Сергей Лосев, Петр Камерцель, Юрий Срибныйлар қатысқан. Өндіріс комбинатының аркасында Мәртөк оқушылары болашақ мамандықтарына алғашқы қадам жасаған.

1990 жылдың 22 ақпанында аудандық Мәдениет үйінде «Тіл – халық жаны» атты Қазақ тілі қоғамының алғашқы ұйымдастырушылық конференциясы өтті. Бұл біріншіден, біздің ауданға 1993 жылғы 26 тамызындағы Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың келуі. Мәртөктіктер елбасын жылы қабылдап, оның жүргізіп жатқан саясатына қолдау көрсетті. Оның сапары Ақтөбе ауданынан басталып, Шевченко атындағы колхозынан өтіп, Мәртөк жерінде жалғасты. Президент «Феррохром» АҚ жана сүт цехін ашты. 1999 жылының 30 науырызы – ауданымыздың тарихындағы елеулі күн. Дәл осы күні «Отан» партиясының құрылу конференциясы өтті.оның қарсаңында, 1 наурызда Алматыда Республикалық «Отан» партиясының съезі өтті, онда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев сөз сөйледі. Партияның мақсаты – қоғамның әрі қарай демократиялануына бағытталған саяси және экономикалық реформаларды белсенді жүзеге асыру, әлеуметтік даму мен еліміздің тұрақтылығын сақтау, ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайту, азаматтардың патриоттық сезімі мен Қазақстан Республикасының жанжақты және үйлесімді дамуы үшін мақтанш пен жауапкершілік сезімдерін ояту.

1999 жылы Мәртөкте Ақтөбе медициналық колледжінің филиалы ашылды.бір ай өткен соң, қарашаның 27-де, аудан орталығында тағы бір оқу орнының филиалы ашылды. Студенттерді Ақтөбе гуманитарлық колледжі қабылдады.

2001 жылдың мамыр айында ауданда ғасыр басының елеулі оқиғасы болды. Мәртөкке Евроодағының делегациясы келді.

2001 жылы Мәртөк жерінде күйші-сазгер Қамбар Медетовтің 100-жылдық мерейтойы өтті. Оның атымен Балалар өнер мектебі аталатын болды. Осы БӨМ-нің және Жайсаңдағы мектеп-интернат қабырғаларына естелік тақталар ілінді. Қамбар Медетовтің өмірінен алынған көріністері қойылған ғылыми-практикалық конференция мерейтойдың ең басты шараларының бірі болды. Бұның сценарийін өнер мектебінің директоры Д.Құрманғалиева жазды. 2001 жылы ауданның 70 астам тұрғындары мемлекеттік медальдармен, еліміздің Елбасы Н.Ә.Назарбаевтің алғыс хаттарымен, естелік мерейтой белгілерімен марапатталды.

## МӘРТӨК СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІ

МӘРТӨК СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІ – Мәртөк аудан орталығында орналасқан. Солтүстікте Аққұдық селолық округімен, Байнассай, Қарашай селолық округтерімен, оңтүстік-батысында Қаратағаймен, оңтүстікте Тәңірберген ауылдық округімен ал шығыста Байнассай және Жайсаң округтарымен шектеседі. Округ көлемі – 21164 га.



**Климаты.** Округ құрғақ жерде орналасқан. Климаты материктік-континенталды. Ең салқын ай қаңтар  $t$  35–40градус. Ең ыстық ай шілде  $t$  40градус. Жиі топырақты боран болады. Күннің ұзақтығы аяз болмауына орташа есеппен 130 күн. Қазан айында ерте аяз болған қауіпті. Орташа есеппен жылдық жауын-шашын 250 мм. кей кезде жаңбыр жауады, айырмашылығы – қысы қарлы. Ауа ылғалдылығы сәуір айында 56 пайыз болады, мамырда 45 пайызға дейін төмендейді және жазда 37-40 пайызға дейін барады. Қардың орташа биіктігі 24-35 см, төмендеу жерлердің қары қалыңдау болып келеді. желдің басым бағыты – оңтүстік-батыстан. Желдің күштілігі топырақтың құрылуына әсер етеді.

**Жер бедері:** Округ территориясының жоғарғы жағы Елек өзенінің кең алқабын құрайды. Округтің негізгі бөлігі қиылысқан жер бедерлі, солтүстік-батыс жағында адырлы жазықтық байқалады.

**Топырағы:** Негізгі топырағы қара-қызылт. Сонымен бірге территорияда шағын сортаң жерлер бар. Елек өзенінің алқабының көгалды жерлерінің топырағы түрлі деңгейде тұзды және механикалық құрылымды. Жол бойына эрозияға қарсы ағаштар отырғызылған.

**Гидрография.** Аймақтың гидрографиялық құрылымын Елек өзені және Ақкөлдiң кіші тармақтары, Токпамбет Қайрақы, Көшенай қарасуы, Сүлеймен қарасуы, Сансызбай қарасуы, Шалабай қайраны, Божыр Сапарсай су қорлары құрайды. Елек өзені селолық округ территориясынан оңтүстік-шығыстан

батысқа карай ағып жатыр. Өзеннің аңғарында шағын көлдер орналасқан. 1973 жылы Елек өзеніне жаңа арна салынды. Қазір ескі арна мен жаңа арна аралығында арал пайда болған онда 3 шағын көлшіктер бар. Жарының биіктігі 25 метрге дейін жетеді. Өзеннің бойымен орташа сағасының ұзындығы 150 м дейін, тереңдігі 20-25 см болды. Өзеннің ағысы орташа қалыпты, кейбір жерлерде тереңдігі 2,5-3 м дейін барады. Қыста өзеннің кейбір жерлері түбіне дейін катады және көктемгі мұз ағыны 10 сәуірден басталады. Аймақта «День пессен», «Каменские», «Черепашье», «Казанская - 1», «Казанская - 2» бөгеттері бар. Тереңде жатқан жер асты суының көтерілуі 10 м-ден 25 м-ге дейін жетеді. Одан басқа 240 метр тереңдікте 7 артезиан су қоймасы бар.

**Өсімдік:** Құрғақ климаттың әсерінен округтің өсімдік жамылғысы шөлге төзімді далалық өсімдіктерге бейімделген. Шөптесін өсімдіктерден: сұлы, акселеу секілді түрлері көбірек кездеседі. Сонымен қатар емдік қасиеті бар өсімдіктерден: одонис, кровохлебка, тас шөп, қымыздық, жусан, белена өседі. Және де тыпшақ түрлері кеңінен таралған. Өзен жағасындағы топтасып өскен (терек, қандағаш, көктерек, жиде, тал, қарағаш) ағаштар өз алдына сән беріп тұрады. Сай-салаларда, су жағаларында бұталы өсімдіктерден қараған кең тараған. Көлдердің жағасында қамыс, қияқ өседі. Қайың қарағай, қарағаш ағаштары отырғызылған.

**Жануарлар әлемі:** Округтің жануарлар әлемі өте бай, ол жерде: күзен, түлкі, қоян, қарақұйрық, ақ тышқан, сусар, камшат, қабан, кірпі, дала тышқаны, саршұнақ, тасбақа, жыландар мекендейді. Құстардан: құтан, дала бүркіті, үкі, кекілік, шағала, үйректің барлық түрлері, қарлығаш, сұр қарлығаш, торғай, дала қыраны, кекілді суықторғай, тоқылдақ, көкек, жабайы көгершін, бұлдырық, жапалақ, бәбісек, қарға, сауысқан және т. б. кездеседі. Су қоймаларында: мөңке, шортан, тұқы, таутан, жайың, язь, қызылқанат, көксерке, лақа балықтары тіршілік етеді.

**Қорлары:** Мәртөк селолық округі құм мен сазға өте бай. Ауқымды жер қорларының құрамында 492 га - шикізат қоры, 8904 га – жайылым, 7510 га – жыртатылатын жер, жер асты және жер беті суларынан құралатын су қоры бар.

**Халқы:** Мәртөк селолық округ аумағында 10589 адам тұрады, оның 9944 Мәртөк селосының тұрғындары болса, Қазанда – 380 адам, Құмсайда – 165 адам тұрады. Селолық округта барлығы 19 ұлт өкілдері бар. Халық тығыздығы 1 шаршы метрге 5 адамнан келеді.

**Ауыл шаруашылығы:** Селолық округ табиғи-климаттық жағдайы бойынша тәуекелді егін шаруашылық аймаққа жатады. Бұрын округта ет-сүт мал шаруашылығы кең дамыған. Бүгінде ауыл шаруашылық өнімдерін өндірумен 31 ШҚ және 1 ЖШС айналысады. Округ бойынша 2008 жылы 4467 га – бидай, 1359 га – арпа, 140 га – майлы дақылдар егілді. Егін шығымы: бидайдан – 17,7 ц/га, арпадан – 22 ц/га.

ЖШС және ШҚ жерлері – 11650 га.

- «Казанка» ЖШС -5383 га – Кинас Э.
- «Караағаш» ШҚ -176 га. - Исмагулов А.
- «Талапкер» ШҚ -112 га. – Аймухамбетова Ж
- «Оралу» ШҚ -100 га. – Муканова М.
- «Витязь» ШҚ - 47 га. – Василькив Г.
- «Есентай» ШҚ - 205 га. – Орынбай А.
- «Арманды» ШҚ - 185 га. – Дүйсенбаев К.
- «Вия» ШҚ - 20га. – Вундер И.
- «Батырбек» ШҚ - 426 га. - Куатов Ж.
- «Султан А» ШҚ - 106 га. – Альжанов М.
- «Максат и К.» ШҚ - 175 га. – Курмантаева Г
- «Дамир» ШҚ - 113 га. – Нуржанов Б.
- «Токболат» ШҚ - 55 га. – Муратов Н.
- «Иона - Бо» ШҚ - 135 га. – Жумагазин А.
- «Содружество» ШҚ - 293 га. – Ивашенко А.
- «Заречье» ШҚ - 76 га. – Арендт В.
- «Риск» ШҚ - 195 га. – Руденко Ю.
- «Калина» ШҚ - 600 га. - Пуховикова П
- «Крумм» ШҚ - 69 га. – Крумм В.
- «Альянс» ШҚ - 68 га. – Цымбал В.
- «Сталкер» ШҚ - 24 га. -Кубитович П.
- «Турбек А» ШҚ - 140 га. – Жанибеков А.Т.
- «Алибек» ШҚ - 499 га. – Айтбаев С.
- «Сусар Б» ШҚ - 253 га. - Балсеитов Ы.
- «Курман» ШҚ - 210 га. - Нартаев Г
- «Ащибек» ШҚ - 95 га. - Камзин С.
- «Сарытоғай» ШҚ - 105 га. -Аймухамбетов Б.
- «Айдар» ШҚ - 215 га. - Акмурзин Ж.
- «Кумсай» ШҚ - 245 га. – Даниярова С
- «Сембай» ШҚ - 302 га. - Кусаинов К

**Білімі:** Қазіргі таңда аудан орталығы Мәртөк селолық округте 3 орта мектеп, Мәртөк және Қазан селоларында 2 негізгі, Құмсай ауылында бастауыш мектептері бар. Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндер үшін балабақшалар жұмыс істейді және туберкулез ауруына жақын балаларға жергілікті бюджеттен қамтылатын бақша бар. Сонымен қатар мектептен тыс – Қ.Медетов атындағы аудандық өнер мектебі. Спорт мектебі, УПК, УПМ, Оқушылар үйі қызмет етеді.

**Денсаулық сақтау:** Селолық округте орталық аудандық аурухана орналасқан және Құмсай, Қазан селоларында фельдшерлік амбулаториялық пункт бар.

**Мәдени ағарту жұмыстары:** Мәртөкте аудандық орталық кітапхана жұмыс істейді (кітап қоры – 39513 дана) және орталық балалар кітапханасы бар (кітап қоры – 14703 дана). Сонымен бірге аудандық Мәдениет үйі, Достық үйі аудандық өлкетану мұражайы, «Колос» кинотеатры, аудандық орталық аурухана жанынан ашылған денсаулық сақтау мұражайы бар.

**Дене шынықтыру және спорт:** Округ территориясында күрес, волейбол, футбол, шахмат, шаңғы, тоғызқұмалақ үйірмелері ерекше жұмыс жасауда. Спорт шеберлері аудандық, облыстық, республикалық жүдделерді жеңіп алды.

**Мәдени мұралары:** Құмсай бейіті. Қазақ моласы Қаратоғай-Мөртөк тас жолының маңында, Құмсай ауылынан оңтүстік-оңтүстік шығыста 4 км жерде, Елек өзенінің оң жағасында орналасқан. Зираті шамамен көлемі 100x100 м болатын алаңды алып жатыр. Моланың ескі бөлігіндегі жер үйінділері құлап түскен және дуалмен қоршалған. Тастан және құлтастан жасалған бірнеше құлыптастар сақталған.

Құмсай – II бейіті. Қазақ моласы Қаратоғай-Мөртөк тас жолының маңында, Құмсай ауылынан оңтүстік-оңтүстік шығыста 3 км жерде, Елек өзенінің оң жағасында орналасқан. Зираті шамамен көлемі 80x100 м алаңды алып жатыр. Моланың ескі бөлігіндегі жер үйінділері құлап түскен және дуалмен қоршалған. Тастан жасалған бірнеше құлыптастар сақталған.

Құмсай – III бейіті. Қазақ моласы Қаратоғай-Мөртөк тас жолы бойынша, Құмсай ауылынан оңтүстік-оңтүстік шығыста 1 км жерде, Елек өзенінің оң жағасында қыстау маңында орналасқан. Зираті шамамен көлемі 150x150 м алаңды алып жатыр. Моланың ескі бөлігіндегі жер үйінділері құлап түскен және дуалмен қоршалған. Бірнеше құлыптастар сақталған.

Казанка ауылындағы Ақтөбе уезінің комиссары Маслов Федот қабіріне орнатылған ескерткіш. Қабірде бесармақты жұлдыз бекітілген металды конструкциядан жасалған ескерткіш орнатылған. Қабір көлемі 2x2 метр метал дуалмен қоршалған. Жазуы жоқ. Қазақстан территориясындағы азамат соғысының тарихи ескерткіші. Паспортталған.

Мәртөк ауылындағы азамат соғысына қатысушыларға орнатылған ескерткіш. Ауыл саябағындағы тікбұрышты тұғырға үшбұрышты тас орнатылған. Оған «Честь и слава пашиим в борьбе за установление Советской власти на территории Мартукского района в 1918-1920г.г.» деген жазуы бар. Ескерткіш тақтасы бекітілген. Қазақстан территориясындағы азамат соғысының тарихи ескерткіші.

Мәртөк ауылындағы Ұлы Отан соғысына қатысқандарға орнатылған ескерткіші. Тікбұрышты формалы бетонды тұғырда бетоннан жасалған пирамида формалы 6-метрлік ескерткіш орнатылған. Ескерткішке бес

тармақты жұлдыз кіргізілген. Стелада «Нашим землякам павшим в борьбе за установление Советской власти в годы Великой Отечественной войны 1941-1945 г.г.» деген жазуы бар ескерткіш тактасы ілінген. ҰОС тарихи ескерткіші.

Казанка – I бейіті. Елек өзені оң жағалауындағы суайрық жотада орналасқан 11 жер обадан тұрады. Обалар ендікті бағыттағы ұзындығы 180м, ені 130м болатын аланда төбе болып орналасқан. Көлемі 2x30м-ден 2,5x30м болатын ең ірі үйінділер №1, 2, 3, 4 ортада және шығысқа қарай орналасқан. №1 обада геодезиялық белгі орнатылған. Солтүстік батыста 40 м жерде орналасқан №2 обаны айналмалы ор қоршап жатыр. Оба төбесі тегіс болғандықтан, оған конус формасын беріп тұр. №1 батысқа қарай 80 м жерде орналасқан №3 обадан тонаушылық шұңқыршығы бар. одан оңтүстік батыста 40-80 м жерде көлемдері 0,4x14 м (№9) және 0,2x6 м (№10, 11) болатын үш оба орналасқан. Қалған төрт оба ортада орналасқан. Олардың үшеуі (№5-7) №1 және №3 обалар арасында орналасқан. Олардың көлемі 0,3x14 м-ден 1,0x14 м аралығында түрленіп отырады. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж. тамызда табылған. Паспортталған.

Казанка – II бейіті. Елек өзені оң жағалауындағы суайрық жотада батыс-шығыс желісі бойынша 50 м жерде орналасқан 2 обадан тұрады. №1 шығыс обасы топырақты, үйіндісі жарты шар тәріздес формалы. Биіктігі 0,6 м, диаметрі 11 м. №2 оба тасты, үйіндісі тегіс, көлемі 10x0,2 м. ескерткіш ортағасырлық кезеңге жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж. тамызда табылған. Паспортталған.

Казанка – III бейіті. Елек өзенінің оң жағалауындағы суайрық үстірті дөңізде орналасқан ұзындығы 165 м болатын обалардың меридиандық тізбегі. №5 оңтүстік қорған (0,3x7м) – тасты. №3 солтүстік қорған (0,5x16м), №1 (0,6x17м) және оба №4 (0,7x19м) – топырақты. №1 орталық обаның төбесінде геодезиялық белгі орнатылған. Бірінші және үшінші қорғандардың арасындағы №2 оба сопақша, ендік бағытта созылып жатыр. Оның үйіндісінің көлемі: ені 8 м, ұзындығы 18 м. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж. тамызда табылған. Паспортталған.

Казанка – IV бейіті. Елек өзенінің оң жағалауындағы жазық суайрық жотада орналасқан жер оба. Көлемі 12x0,5 м. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж. тамызда табылған. Паспортталған.

Казанка – V бейіті. Елек өзенінің оң жағалауындағы меридиандық бағыттағы жазық суайрық жотаның 60x220 м аумағында аңызда үйме болып

орналасқан бес жер обадан тұрады. Обалар тегіс жыртылған. Үйінділер биіктігі 0,1-ден 0,4 м, диаметрі 10-нан 18 м. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж. тамызда табылған. Паспортталған.

Казанка – VI бейіті. Елек өзенінің оң жағалауындағы суайрық жотаның басында орналасқан жер обадан тұрады. Қорымның шығыс шегін ені 12 м, биіктігі 1 м болатын солтүстік-солтүстік батыс және оңтүстік-оңтүстік шығыс есі бойынша 500 м-ге созылып жатқан топырақты дуал айналып жатыр. 160x300 м аумағында солтүстік шығыстан оңтүстік батысқа қарай обалар шашыранды орналасқан. Олардың үйінділері 0,1x6 м-ден 0,6x26 м-ге дейін түрленіп отырады. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж. тамызда табылған. Паспортталған.

Казанка – VII бейіті. Елек өзенінің оң жағалауындағы суайрық үстірті дөңінде орналасқан. Меридиандық бағытта екі тізбекпен орналасқан 19 жер обадан тұрады. Оңтүстік тізбек көлемі 0,1x8 м-0,21x6 м-ден 0,3x20 м болатын тегіс үйінділі 11 обадан тұрады. Тізбек оңтүстік батыстан солтүстік шығысқа бағытталып 175 м-ге созылып жатыр. Тізбектің солтүстік шетінен 115 м батысқа қарай 8 үйіндіден тұратын обалардың екінші тобы орналасқан. Олар да солтүстік шығыстан оңтүстік батысқа қарай орналасқан. Бұл топтың ұзындығы 135 м, үйінділері топырақты және жайпақ формалы. Обалар көлемі шамамен 0,3x12 м-ден 0,5x20 м. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж. тамызда табылған. Паспортталған.

Казанка – VIII бейіті. Өзен ағып жатқан терраса етегінде орналасқан обалар тобы. Диаметрі 1-ден 5 м, биіктігі 0,1-ден 0,4 м болатын үйінділер жайпақ формалы және тасты. Ескерткіш ортағасырлық кезеңге жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1989ж. жазда табылған. Паспортталған.

Мәртөк – I обасы. Мәртөк-Ақтөбе тас жолынан солтүстікте 100 м жерде Мәртөк ауылынан оңтүстікте 10 км жерде жазық төбеде орналасқан. Оба көлемі: 8x0,4 м.

Мәртөк – II бейіті. Мәртөк ауылынан оңтүстікте қазақ моласынан 8 км жерде Елек өзенінің сол жағалауындағы бірінші жайылма үсті террасасындағы тік қыратта орналасқан. Оба көлемі: 20x0,5 м.

Мәртөк – V бейіті. Батыс-шығыс желісі бойынша 250 м жерде 14 жер оба тізбек бойынша созылып жатыр. Олардың көлемі: 0,2x10 м-ден 0,5x14 м-ге дейін. XX ғасырдың 20 жылдары басында И.А. Кастанье өз еңбектеріне тоқталған обалар осы обалар болуы ықтимал. Ескерткіш қола дәуіріне

жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987 жылы тамызда табылған. Паспортталған.

Мәртөк – VI бейіті. Елек өзенінің оң жағалауындағы суайрық үстірттің баурайында орналасқан. Үйіндісі тегіс жер оба, биіктігі 0,45 м, диаметрі 20 м. Ескерткіш ерте темір ғасырына жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж. тамызда табылған. Паспортталған.

Мұмасай – I бейіті. Диаметрі 6-16 м, биіктігі 0,3-1 м болатын жер обалар (6) мұсылман моласының солтүстік шетінен Мұмасай жырасынан батысқа, үш обаның батыс және солтүстік етегіндегі шұңқырлар аласа суайрықты бойлай солтүстікке және оңтүстікке 190 м-ге созылып жатыр. Ескерткіш ортағасырлық кезеңге жатады. АПИ археологиялық экспедициясымен 1987 жылы жазда табылған. Паспортталған.

Ащысай бейіті. Суайрық үстірт баурайында орналасқан. Екі жер обадан тұрады, оның біреуі тегіс жыртылған. №1 обаның етегінде солтүстік шығыста шайылып кеткен шұңқыр бар, үйіндінің басында триангуляциялық белгі бар. оба жартылай сфералық формалы, диаметрі 20, биіктігі 1,5 м. №2 оба тегіс жыртылған. Оның көлемі 7x0,1 м. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады АПИ археологиялық экспедициясымен 1989ж тамызда табылған. Паспортталған.

Басжиер – I бейіті. Жартылай сфералық формалы үлкен бір жер обадан 3,0x40 м және 50 м қашықта ендікті тізбекпен 90 м қашықта оңтүстік батысқа қарай орналасқан 3 жер обадан тұрады. Обалар көлемі 0,2x8 м-ден 0,3x12 м дейінгі аралықта. Обалар Елек өзенінің оң жағалауындағы суайрық үстірті дөңізде егіндіктің ескі орнында орналасқан. №1 обаның айналасы сақиналы ор. Оның үйіндісінің ортасындағы үлкен шұңқыр тонаушылықтың ізі.

Басжиер – II бейіті. Бейіт Елек өзенінің оң жағалауындағы суайрық үстірті дөңізде орналасқан 3 жер обадан тұрады. №1 оба: биіктігі 0,6 м, диаметрі 18 м. үйінді жартылай сфера тәріздес. Батысқа 25 м қашықта №2 (0,1x6 м) және оңтүстік-оңтүстік шығысқа 85 м қашықта №3 (0,3x6 м) орналасқан. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.



## МӘРТӨК СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША КӨП БАЛАЛЫ АНАЛАР



**Биданова Дәметкен** – 1953 жылы 1 желтоқсанда Түркіменістан Кунеургенч, Назлы Кылышаева ауылында туған. Білімі 8 кластық. 1972 жылы Биданов Суюнмен тұрмыс құрған. Өзі колхозда арендаторшы, жолдасы электрик. 10 баласы, 19 немересі бар. «Батыр ана», «Алтын алқамен» марапатталған. 2004 жылдан бері Мәртөк ауылында тұрады.

**Әлімханова Сымбат** – 1947 жылы Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Киров совхозында туған. Білімі 7 кластық. 1963 жылы Ашықбаев Қостаймен тұмыс құрды. Өзі «Талдық» совхозында аураханасыда санитарка, жолдасы мұғалім болып жұмыс жасаған. 10 баласы, 9 немересі, 1 шөбересі бар. «Батыр ана», «Алтын алқамен» марапатталған. Қазір Мәртөк ауылында тұрады.



**Тайманова Ұлмекен** – 1951 жылы 24 сәуірде Ресейде Орынбор облысы Беляев ауданы Ново-Орловка ауылында туған. Білімі 8 кластық. 1966 жылы Тайманов Сәбитпен тұрмыс құрды. Жолдасы «Победа» колхозында бас зоотехник болды. Кейін ол қайтыс болды. Майқараев Әмірге екінші рет тұрмысқа шықты, ол сол колхозда механизатор болып жұмыс жасады. Өзі сауыншы болды. 8 баласы, 11 немересі бар. «Күміс алқамен» наградталған. Қазір Мәртөк ауылында тұрады.

**Исметова Тамара** – 1958 жылы 12 қыркүйекте Қарақалпақстан Қалқабат ауданда туған. Білімі орта. 1977 жылы Усманов Сәрсенбаймен тұрмыс құрды. Өзі үй шаруасында болған, жолдасы жүргізуші болып жұмыс жасаған. Қазір ТОО «Алғабаста» жұмыс жасайды. 8 баласы, 3 немересі бар. «Күміс алқамен» наградталған. 2004 жылдан бері Мәртөк ауылында тұрады.





**Ильсова Роза Айтмұхамбетқызы** – 1968 жылы 14 ақпанда Қарақалпақстан Тәхиясы қаласында туған. Білімі 8 кластық. 1989 жылы Турманов Мергенбаймен тұрмыс құрды. Өзі үй шаруасында болған, жолдасы «Амударья» совхозында тракторшы болып жасаған. 8 баласы бар. «Күміс алқамен» наградталған. 2004 жылдан бері Мәртөк ауылында тұрады.

**Табанова Нұрбибі** – 1926 жылы 4 тамызда Атырау облысы Ақсай ауданы Талдықайран ауылында туған. Білімі сегіз кластық, кейін педучилищені бітірді. 1950 жылы Табанов Есболатпен тұрмыс құрды. Өзі бастауыш сыныптын мұғалімі, аудандық тұрмыстық комбинатта тігінші, жолдасы КСХТ-да слесарь болып жұмыс жасаған. 9 баласы, 18 немересі бар. «Күміс алқа», «Еңбек ардагері» наградталған. 1957 жылдан бері Мәртөк ауылында тұрады.



**Сәрсенова Маниға** – 1952 жылы 25 қаңтарда Қарақалпақстан Чибай қаласында туған. Білімі арнаулы-орта, медициналық. 1971 жылы Джұмабаев Джұмамұратпен тұрмыс құрды. Өзі үй шаруашылығында болған, жолдасы мектеп директоры, инспектор АБХБ. 11 баласы, 6 немересі, 1 шөбересі бар. «Күміс медалі», «Алтын алқамен» наградталған. 2004 жылы Мәртөк ауданына көшіп келді.

**Рзаева Қаламқас** – 1957 жылы Қарақалпақстан Хожейли ауданда туған. Білімі 8 кластық. 1974 жылы Тагабердиев Құрбаниязбен тұрмыс құрды. Өзі слесарь, жолдасы тракторшы, қазір элеваторда күзетші болып жұмыс жасайды. 8 баласы, 6 немересі бар. «Күміс алқамен» наградталған. 2002 жылдан Мәртөк ауданға көшіп келді.





**Шеринязова Сарегүл** – 1949 жылы Қарақалпақстан Бозотау ауданы «Қазанкеткен» совхозында туған. Білімі орта. 1971 жылы Аяганов Сағымбаймен тұрмыс құрды. Өзі ауруханада санитарка, жолдасы совхозда есепші болып жұмыс жасаған. 10 баласы, 6 немересі бар. «Алтын алқамен» наградталған. 2002 жылдан бері Мәртөк ауылында тұрады.

**Өтегенова Нысангүл** – 1939 жылы Ақбөте облысы Мәртөк ауданы Хозауыл ауылында туған. Білімі 2 кластық. 1957 жылы Өтегенов Сәрсенбаймен тұрмыс құрды. Өзі сауыншы, жолдасы «Яйсанский» совхозында тракторшы болып жұмыс жасаған. 8 баласы, 16 немересі бар. «Ана даңқы» орденінің 2 дәрежесімен наградталған. Қазір Мәртөк ауылында тұрады.



**Балмағамбетова Сатира** – 1942 жылы Ақбөте облысы Мәртөк ауданы Ефремовка ауылында туған. Білімі 5 кластық. 1959 жылы Балмағамбетов Жақсыбаймен тұрмыс құрды. Өзі сауыншы, жолдасы «Междуреченский» совхозының №2 бөлімшесінде малшы, бригадир болып жұмыс жасаған. 11 баласы, 15 немересі, 6 шөбересі бар. «Батыр ана», «Еңбек ардагері». 2000 жылдан бері Мәртөк ауылында тұрады.

**Сагиева Сәнтай** – 1941 жылы 21 мамырда Қарақалпақстан Хожейли ауданында туған. Білімі 4 кластық. 1958 жылы Сагиев Гапуринмен тұрмыс құрды. Өзі сауыншы, жолдасы малшы, «Қарақалпақстан» совхозында бригадир болып жұмыс жасаған. 10 баласы, 27 немересі бар. «Ана даңқы» орденінің 3 дәрежесімен наградталған. 2002 жылдан бері Мәртөк ауылында тұрады.





**Байбарақова Роза Мырзағалиқызы** – 1939 жылы Ақтөбе облысы Темір қаласында туған. Білімі 8 кластық. 1956 жылы Байбарақов Темірханмен тұрмыс құрды. Өзі қоғамдық тамақтану жұмысшысы, жолдасы аудан орталығында математика және физика пәндерінің мұғалімі. 10 баласы, 17 немересі, 1 шөбересі бар. «Батыр ана», «Күміс алқа», «Алтын жұлдыз» ордендерімен наградталған. Қазір Мәртөк ауылында тұрады.

**Қарсақбаева Роза Садыққызы** – 1938 жылы Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Новомихайловка ауылында туған. Білімі арнаулы-орта, медициналық. 1960 жылы Алдажаров Сақтапбергенмен тұрмыс құрды. Өзі Новомихайловка учаскелік ауруханасында фельдшер, одан кейін Амангельді ФАУ-ға жіберген, Ырғызда эпидемиолог, жолдасы жүргізуші, механик болып жұмыс жасаған. 9 баласы, 12 немересі бар. «Күміс алқа», «Социалистік жарыстың жеңімпазы», «Еңбек ардагері» медалімен наградталған. Қазір Мәртөк ауылында тұрады.



**Конивец Вера Никифоровна** – 1914 жылы Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Қаратоғай ауылында туған. Білімі жоқ. 1933 жылы Конивец Иванмен тұрмыс құрды. Өзі тыл қатысушысы, тракторшы, қарапайым жұмысшы, жолдасы «Ленин» колхозында тракторшы болып жұмыс жасаған. 9 баласы, 14 немересі, 11 шөбересі, 1 шөпшек бар. «Ана даңқы» орденінің 3 дәрежесі, «1941-1945ж.ж. Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 60 жыл» медалімен наградталған. 1973 жылдан бері Мәртөк ауылында тұрады.

**Кузьменко Евдокия Васильевна** – 1937 жылы Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Веренка ауылында туған. Білімі 7 кластық. 1956 жылы Кузьменко Петрмен тұрмыс құрды. Өзі сауыншы, бала күтуші, тәрбиеші, «Солнышко» балабақшасында аспазшы, жолдасы электродәнекерлеуші, ДЭУ-де бульдозерші, комбайыншы болып жұмыс жасаған. 10 баласы, 29 немересі, 4 шөбересі бар. «Батыр ана», КСРО жоғарғы Кеңесінің аналық үшін грамотасымен наградталған. Қазір Мәртөк ауылында тұрады.



**Төреғалиева Ұлша** – 1947 жылы 11 ақпанда Түркменстан Ташауз облысында туған. Білімі арнаулы-орта, медициналық. 1968 жылы Борашов Түгелмен тұрмыс құрыды. Өзі аудандық орталық ауруханада медбике, жолдасы ДРСУ-да есепші болып жұмыс жасады. 9 баласы, 7 немересі бар. «Аналық медалі», «Ана даңқы» ордені, «Еңбек ардагері» медалімен наградталған. 2005 жылдан бері Мәртөк ауылында тұрады.



**Әленова Бақтылы Базарбайқызы** – 1945 жылы Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Қараағаш ауылында туған. Білімі 7 кластық. Әленов Әжіханмен тұрмыс құрды. Өзі сауыншы, инкубатордың операторы, жолдасы «Яйсан» совхозында шопан болып жұмыс жасаған. 8 баласы, 11 немересі бар. «Күміс алқамен» наградталған. 1981 жылы Мәртөк ауылында туған.

**Қилыбаева Қанзада** – 1928 жылы Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Күмістөбе ауылкөнесі Қараағаш ауылында туған. Білімі 4 кластық. Бала жастан бастап «Қараағаш» колхозында жұмыс жасаған. 1949 жылы бірінші жолдасы Бақыт Ұлы Отан соғысынан кейін қатты жарақат алып, екі жылдан кейін қайтыс болды. Екінші жолдасы Қилыбаев Мусамен тұрмыс құрды. Өзі қарапайым жұмысшы, жолдасы «Жаңатан» колхозында тракторшы болып жұмыс жасаған. 9 баласы және 4 баланы бауырына басқан, 22 немересі, 1 шөбересі бар. «Күміс алқа», «Еңбек ардагері» медалімен наградталған. 1973 жылдан бері Мәртөк ауылында.



**Мұқанова Әлима** – 1938 жылы Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Қараағаш ауылында туған. Білімі 3 кластық. 14 жастан бастап сауыншы, кейін бұзаушы жұмыс істеді. 1955 жылы Мұқанов Үмбетиязбен тұрмыс құрды. Жолдасы «Қараағаш» колхозының тракторшы, есепші, малшы болып жұмыс жасаған. 8 баласы, 12 немересі бар. «Күміс алқамен» наградталған. 1977 жылдан бері Мәртөк ауылында тұрады.

**Баймұрзина Марфуға** 1935 жылы 25 желтоқсанда Ақтөбе облысы Исатай ауданы Зелений Дол ауылы «15 жыл Қазақстан» совхозы Білімі бастауыш. 1953 жылы Баймұрзин Хайрулламен тұрмыс құрды. Өзі қарапайым жұмысшы, малшы, жолдасы есепші болып жұмыс жасаған. 9 баласы, 22 немерелі, 4 шөбелері бар. «Күміс алқамен» наградталған. 1994 жылдан Мәртөк ауылында тұрады.



**Күзенбаева Сабилә Оразқызы** 1936 жылы 22 тамызда Ақтөбе облысы Шалқар ауданы 59 разьезд Берчугур станциясында туған. 1957 жылы Күзенбаев Бисенбаймен тұрмыс құрды. Өзі «Сарбұлақ» совхозында шопан көмекшісі, жолдасы 30 жылдан астам шопан болып жұмыс жасаған. 12 баласы, 25 немересі бар. «Батыр ана», «Ана данқы» орденінің 3 дәрежелерімен наградталған. 1994 жылдан бері Мәртөк ауылында тұрады.

**Ходжамұратова Гүлжахан** – 1936 жылы 26 қаңтарда Қарақалпақстан Хожелі ауданында туған. Білімі арнаулы-орта, медициналық. 1957 жылы Елубай Өзбекбаймен тұрмыс құрды. Өзі 30 жылдан астам туберкулез ауруханасының фельдшері, жолдасы жүргізуші болып жұмыс жасаған. 10 баласы, 37 немересі, 8 шөбересі бар. «Батыр ана», «Алтын алқа», «Еңбек ардагері», «1941-1945ж.ж. Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 60 жыл» медалімен наградталған. 2005 жылдан бері Мәртөк ауылында тұрады.



**Жаманбаева Рабиға Бұзайқызы** – 1940 жылы 22 тамызда Ақтөбе облысы Мәртөк облысы Шаруа ауылында туған. Білімі 7 кластық. 1958 жылы Жаманбаев Қуанмен тұрмыс құрды. Өзі сауыншы, жолдасы «Яйсаңский» совхозының №2 бөлімшесінде 40 жылдан астам шопан, малшы болып жұмыс жасаған. 9 баласы, 22 немересі, 4 шөбелері бар. «Күміс алқамен» наградталған. 1995 жылдан бері Мәртөк ауылында тұрады.

**Қанатбаева Бөбек** – 1943 жылы 15 қазанда Ақтөбе облысы Байғанин ауданы «Қазақстан» колхозында туған. Білімі 8 кластық. 1962 жылы Егізов Мынбаймен тұрмыс құрды. Өзі газовик, жолдасы «Караулкельдинский» совхозында бас есепші болып жұмыс атқарды. 8 баласы, 10 немересі бар, «Күміс алқамен» наградталды. 1998 жылдан Мәртөк ауылында тұрады.



**Жазықбаева Қаншайым** – 1942 жылы Қарақалпақстан Хожелі ауданы «Хатеп» совхозында туған. Білімі 6 кластық. 1959 жылы Өтебалиев Убайдулламен тұрмыс құрды. Өзі қарапайым жұмысшы, жолдасы күзет басшысы болып жұмыс жасаған. 8 баласы, 21 немересі, 1 шөбересі бар. «Ана данқы» ордені, «Аналық медалімен» наградталған. 2003 жылдан бері Мәртөк селосында тұрады.

**Касперова Мария Феропонтовна** – 1912 жылы 9 шілдеде Ресей Оренбург облысы Соль-Илецк ауданы Угольное ауылында туған. Білімі жоқ. 1932 жылы Касперов Василиймен тұрмыс құрды. Өзі тылдың қатысушысы, жолдасы тракторлық бригадасының бигадирі, темір жолында жұмысшы болып жұмыс жасаған. 8 баласы, 14 немересі, 17 шөбересі бар. «Күміс алқамен» наградталған. 1949 жылдан бері Мәртөк ауылында тұрады.



**Каямова Роза Мухтаденовна** – 1935 жылы 4 маусымда Ресей Перм облысы Октябрьск ауданы Самара ауылында туған. Білімі 7 кластық. 1954 жылы Каямов Мудариспен тұрмыс құрды. 10 баласы, 13 немересі бар. «Батыр ана», «Еңбек ардагері» медалімен наградталған. Қазіргі кезде Мәртөк ауылында тұрады.

**Сантова Роза Жұмабайқызы** – 1937 жылы Ресей Оренбург облысы Беляевск ауданы Буранчи ауылында туған. Білімі 7 кластық. 1958 жылы Саитов Абылаймен тұрмыс құрды. Өзі «Димитрова» колхозында сауыншы, жолдасы есепші болып жұмыс жасаған. 8 баласы, 9 немересі бар. «Күміс алқамен» наградталған. 1985 жылдан бері Мәртөк ауылында тұрады.



**Мырзагүлова Моншақ Күзенқызы** – 1936 жылы Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Жаңатан ауылында туған. Білімі 6 кластық. 1954 жылы Мырзагүлов Қазиханмен тұрмыс құрды. Өзі «Ақсу» колхозында сауыншы, жолдасы жүргізуші болып жұмыс жасаған. 9 баласы, 19 немересі, 3 шөбересі бар. «Күміс алқа», «Күміс» және «Қола» медальдары, «Аналар медалімен» наградталған. Қазір Мәртөк ауылында тұрады.

**Тәжібаева Зада** – 1948 жылы 6 шілдеде Қарақалпақстан Чимбай ауданында туған. Білімі 8 кластық. Ол ОРС «Тахнаташгидроэнергостройда» сатушы болып жұмыс істеді. 1963 жылы тұрмысқа шақты. 9 баласы, 5 немересі бар. «Күміс алқа», «ГОЭЛРО» мерейтойлық омыру белгісі, «1977 жылдың социалистік жарыстың жеңімпазы» медалімен наградталған. 2004 жылдан бері Мәртөк ауылында тұрады.



**Дәулетова Шарипа Ахметқызы** – 1932 жылы Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Құмсай ауылында туған. Білімі бастауыш. 1950 жылы Ізтлесев Әділханмен тұрмыс құрды. Өзі сауыншы, бұзаушы, жолдасы малшы болып жұмыс жасаған. 9 баласы, 15 немересі бар. «Ана даңқы» ордені, «Еңбек ардагері» медалімен наградталған. Қазір Мәртөк ауылында тұрады.





**Оналбаева Қаным Ысқаққызы** – 1936 жылы Ақтөбе облысы Қобда ауданы «14 жыл Қазақстан» ауылында туған. Білімі 8 кластық. 1952 жылы Оналбаев Қаналымен тұрмыс құрды. Өзі құрылыста жұмысшы, жолдасы «Междуреченский» совхозында тракторшы болып жұмыс жасаған. 9 баласы, 10 немересі, 7 шөбересі бар. «Күміс алқамен» наградталған. 1965 жылдан бері Мәртөк ауылыныда тұрады.

**Сәрсенбаева Құрбангүл** – 1959 жылы Түркменстан Ашхабад қаласында туған. Білімі орта. 1977 жылы Сәрсенбаев Ахметпен тұрмыс құрды. Өзі мақта жинаушы, жолдасы «Қызылгюч» колхозында құрылысшы болып жұмыс жасаған. 8 баласы, 1 немересібар. «Күміс алқамен» наградталған. 1999 жылдан бері Мәртөк ауылында тұрады.



**Қосмамбетова Марням** – 1934 жылы Ақтөбе облысы Қарабұтақ ауданы Тасоткелі ауылында туған. Білімі 7 кластық. 1952 жылы Қосмамбетов Сисенғалимен тұрмыс құрды. Өзі үй шаруасымен айналысты, жолдасы еңбек тылдың қатысушысы, жүргізуші. 8 баласы, 21 немересі, 2 шөбересі бар. «Күміс алқамен» наградталған. 1999 жылдан бері Мәртөк ауылында тұрады.

**Байкенова Сәнен Дербісқызы** – 1935 жылы Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Жаңатан ауылында туған. Білімі арнаула-орта, клубтық іс. Ол 30 жылдан астам мәдениетағарту қызметкері. 1954 жылы Байкенов Қуанышпен тұрмыс құрды. 10 баласы, 16 немересі бар. «Батыр ана» озат белгімен наградталған. Қазір Мәртөк ауылында тұрады.



**Ибрашева Замқора Жарылғасынқызы** – 1937 жылы 12 наурызда Ресей Чкаловск облысы Медногорск қаласында туған. Білімі 8 кластық. 1953 жылы Ибрашев Ізімқұлмен тұрмыс құрды. Өзі сауыншы, АЗФ-те аспазшы, жолдасы темір жолында жұмыс жасаған. 8 баласы, 17 немересі бар. «Күміс алқамен» наградталған. Қазір Мәртөк аудыныда тұрады.



Ақбатырова Бақтылы – 1940 жылы Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Хозауыл ауылында туған. Білім 5 кластық. 1957 жылы Ақбатырова Түркпенмен тұрмыс құрды. Өзі 30 жылдан астам сауыншы, жолдасы «Яйсан» совхозында малшы болып жұмыс жасаған. 9 баласы, 20 немересі бар. «Күміс алқа», «Еңбек ардагері» медалімен наградталған. Қазір Мәртөк ауылында тұрады.

Некрасова Елена Сергеевна – 1935 жылы Ресей Рязанск облысы Милославск ауданы «Прогресс» совхозында «Ольхи» ауылында туған. 1954 жылы Некрасов Владимирмен тұрмыс құрды. Өзі шошқа фермасында, жолдасы тракторшы болып жұмыс жасаған. 11 баласы, 27 немересі, 3 шөбересі бар. «Батыр ана», «Ерен еңбек үшін» медалімен наградталған. Қазір Мәртөк ауылында тұрады.



Тұрмағамбетова Ақбикеш – 1943 жылы Қарақалпақстан Хожелі ауданда туған. Білімі 7 кластық. 1958 жылы Төлегенов Қуанышпен тұрмыс құрды. Өзі сылақшы, суарнасында бақылаушы, жолдасы прораб болып жұмыс жасаған. 9 баласы, 23 немересі, 2 шөбересі бар. «Ана даңқы» ордендерінің 3 дәрежесімен наградталған. Қазір Қазан ауылында тұрады.

Чумаченко Нина Ананьевна – 1928 жылы 30 наурызда Украина Николаевск облысы Арбизинск ауданы Марьяновка ауылында туған. Білімі 3 кластық. 1948 жылы Чумаченко Иванмен тұрмыс құрды. Өзі бригадада, жолдасы тракторшы болып жұмыс жасаған. 1960 жылы Линовицк ауылына көшті. 9 баласы, 1 баланы бауырына басқан, 24 немерелері, 12 шөбересі бар. «Ана даңқы» орденімен, «Еңбек ардагері» медалімен наградталған. Қазір Қазан ауылында тұрады.





**Хожанова Ақзибаш** – 1947 жылы 10 мамырда Қарақалпақстан Шумансай ауданы «Кирова» колхозында туғ. Білімі арнаулы-орта, медициналық. 1965 жылы Жұмабаев Өтегенмен тұрмыс құрды. Өзі пошта тасушы, жолдасы электрик болып жұмыс жасаған. 11 баласы, 4 немересі бар. «Ана даңқы» орденінің 3 дәрежесімен наградталған. 2005 жылдан бастап Қазан ауылында тұрады.

**Қамзина Қаншайым** – 1937 жылы 17 шілдеде Ақтөбе облысы Алға ауданы Петровка ауылында туған. Білімі 7 кластық. 1955 жылы Қамзин Жаксылықпен тұрмыс құрды. Өзі 30 жылдан астам сауыншы, жолдасы тылдың қатысушысы, «Заветы Илича» колхозында тракторлық бригадала бригадир болып жұмыс жасаған. 10 баласы, 23 немересі, 4 шөбересі бар. «Күміс алқа», «Еңбек ардагері», «Ерен еңбек үшін» медальдарымен наградталған. 1955 жылдан бері Құмсай ауылында тұрады.



**Нартаева Алтынбике** – 1935 жылы 8 наурызда Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Құмсай ауылында туған. Білімі 3 кластық. 1955 жылы Нартаев Шағанмен тұрмыс құрды. Өзі тың игерушісі, 30 жылдан астам сауыншы, жолдасы «Заветы Илича» колхозында 44 жыл бойы механизатор болып жұмыс жасаған. 8 баласы бар. «Күміс алқа», «Тың жерлерді игеру үшін», «Ерен еңбек үшін» медалі, «Еңбек ардагері» медалімен наградталған. Қазір Құмсай ауылында тұрады.

**Өтениязова Назира** – 1936 жылы Түркменстан Куняургенч ауданы «Қызыл-Байтақ» ауылында туған. Білімі 7 кластық. 1954 жылы Өтениязов Аққұлмен тұрмыс құрды. Өзі 25 жыл сауыншы, жолдасы МТФ бастығы болып жұмыс жасаған. 8 баласы, 30 немересі, 2 шөбересі бар. «Социалистік жарыстың жеңімпазы», «Ана даңқы» орденімен наградталған. 2006 жылдан Мәртөк ауылында тұрады.





**Кенжалина Марзия** – 1940 жылы 22 шілдеде Ақтөбе облысы Шалқар ауданы «Шетырғыз» совхозында туған. Білімі 6 кластық. 1960 жылы Қанатбаев Молдабаймен тұрмыс құрды. Өзі малшы, жолдасы 30 жылдан астам тракторшы болып жұмыс жасаған. 10 баласы, 15 немересі, 2 шөбересі бар. «Күміс алқамен» наградталған. 1997 жылдан Мәртөк ауылында тұрады.

**Қарабалиева Зулхия** – 1934 жылы 8 наурызда Ресей Оренбург облысы Ақбұлақ ауданы Шукуневка ауылында туған. Білімі жоқ. 1953 жылы Қарабалин Истлеумен тұрмыс құрды. Өзі қарапайым жұмысшы, жолдасы «15 жыл Қазақстан» колхозында бригадир болып жұмыс жасаған. 8 баласы, 19 немересі, 5 шөбересі бар. «Күміс алқамен» наградталған. 2000 жылдан бері Мәртөк ауылында тұрады.



**Кәденова Зәреш** – 1937 жылы Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Саралжын ауылында туған. Білімі 3 кластық. 1956 жылы Кәденов Балтаумен тұрмыс құрды. Өзі 20 жылдан астам сауыншы, жолдасы 40 жылдан астам жүргізуші болып жұмыс жасаған. 8 баласы, 21 немересі, 4 шөбересі бар. «Күміс алқа», «Ана даңқы» орденінің 2 дәрежесімен, «Еңбек ардагері» медалі, «Коммунистік еңбек озаты», «1975 жылдың социалистік жарыстың жеңімпазы» медальдарымен наградталған. Қазір Мәртөк ауылында

тұрады.

**Қалиева Көркем** – 1923 жылы 1 қаңтарда Ақтөбе облысы Қобда ауданы Бегалы ауылында туған. Білімі 5 кластық. 1940 жылы Қалиев Бимұқанмен тұрмыс құрды. Өзі Яйсан училищенің курсын бітірген, тракторшы мамандығын алды. Ол Байнассай ауылына жол салды, жолдасы тылдың қатысушысы, малшы болып жұмыс жасаған. 11 баласы, 11 немересі, 8 шөбересі бар. «Ана даңқы» ордендерінің 3 дәрежесі, «Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 50 жыл», «1941-1945ж.ж. Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 60 жыл» медалімен наградталған. 1998 жылдан бері Мәртөк ауылында тұрады.



**Көңсұмбаева Шолпан** – 1942 жылы 1 қаңтарда Гурьев облысы Мақат ауданы Жылдыбай ауылында туған. Білімі бастауыш. 1958 жылы Көңсұмбаев Ұзақбаймен тұрмыс құрды. Өзі 30 жылдан астам мұнайшы, жолдасы жүргізуші болып жұмыс жасаған. 8 баласы, 18 немересі, 1 шөбересі бар. «Ана данқы» орденінің 2 дәрежесімен наградталған. 1998 жылдан Мәртөк ауылында тұрады.



тұрады.

**Мағамбетова Әсия Асылбековна** - 1939 жылы 17 тамызда Қостанай облысы Убаганский ауданы Ленин ауылында туған. Білімі 8 кластық. 1957 жылы Мағамбетов Жамбылмен тұрмыс құрды. Өзі шопан көмекшісі, сауыншы, жолдасы 25 жылдай шопан болып жұмыс істеді. 12 баласы, 33 немересі, 3 шөбересі бар. «Батыр ана», «Еңбек ардагері» медалдерімен наградталды. Екі мәрте аудандық кеңес депутаты болады. Қазір Мәртөк ауылында

**Тоғызбаева Балзиба** - 1926 жылы 15 сәуірде Ақтөбе облысы Мәртөк ауданында туған. Білімі 3 кластық. 1949 жылы Тоғызбаев Қосжанмен тұрмыс құрды. Өзі тылдың қатысушысы, колхоз бригадасында, содан кейін мектепте еден жуушы болып, жолдасы Ұлы Отан Соғысы қатысушысы, Карагаш аулында тарих пәнінің мұғалім, мектеп директоры қызметтерін атқарған. 8 баласы, 12 немересі бар. «Күміс алқа», «1941-1945 жж Ұлы Отан Соғысы 60 жылдық» мерейтойы медалімен наградталған. Қазір Мәртөк ауданында тұрады.



**Наурызбаева Базаргүл** - 1947 жылы Қарақалпақстан Республикасы Тахияташ қаласында туған. Білімі 8 кластық. 1965 жылы Наурызбаев Ұндыспаймен тұрмыс құрды. Өзі үй шаруасында, жолдасы Тахияташ ГРЭС-інде энергетик болып жұмыс істеді. 9 бала, 13 немересі бар. II дәрижелі «Ана данқы» орденімен наградталған. 2006 жылдан бастап Мәртөк ауылында тұрады.

**Әлімбетова Зәру** - 1938 жылы 18 мамырда Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Құмсай ауылында туған. Білімі 4 кластық. 1956 жылы Әлімбетов Хамитпен тұрмыс құрды. Өзі үй шаруасында, жолдасы Октябрь ауданының Пролетарский совхозында шопан, механизатор, милиционер болып жұмыс істеді. 9 баласы, 14 немересі, 4 шөбересі бар. «Күміс алқа», «Озат зейнеткер» атағы, «Еңбек ардагері» медалімен наградталған. 1996 жылдан бастап Мәртөк ауылында тұрады.



**Хакимова Несібелі** – 1935 жылы 20 қазанда Ақтөбе облысы Байғанин ауданында туған. Білімі 7 кластық. 1955 жылы Хакимов Серикпен тұрмыс құрды. Өзі Жайсан ауылында 43 жасында сауыншы, зоотехник, МТФ меңгерушісі болып жұмыс істеді. 10 баласы, 18 немересі, 5 шөбересі бар. «Батыр ана», «Алтын алқа», «Еңбек ардагері» медалімен наградталған. Суреттері талай рет құрмет тақтасында көрініп, аудандық кеңес депутаты болып жұмыс істеді. Қазірде Мәртөк ауылында тұрады.

**Джайкина Рысты Тулешевна** - 1927 жылы 25 тамызда Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы №37 разьезде туған. Білімі 10 кластық, арнаулы орта, педучилище. 1947 жылы Джайкин Жапармен тұрмыс құрды. Өзі кірпіш зауытында, жолдасы, ДЭУ-210 дол шебері, Ұлы Отан соғысына қатысушы. 10 бала, 18 немересі, 9 шөбересі бар. «Алтын алқа», «Батыр ана» орденімен наградталған. Қазір Ақтөбе қаласында тұрады.



**Ордабаева Балахан** (10.01.1923 ж. Мәртөк ауд. Жаңатаң а.туған). Білімі бастауыш. Жолдасы Ордабаев Әли ҮОС-ы ардагері, ал өзі еңбек майданына қатысушы, тракторшы, орман шаруашылығында жұмыс істеген. Ардақты ананың 10 баласы, 26 немересі, 7 шөбересі бар. «Батыр Ана» құрметті атағының және «Еңбек ардагері» медальдарының иегері.

**МӘРТӨК АУДАНДЫҚ ӘКІМДІГІ** - 1995 жылы құрылған. Қазіргі уақытта аудандық әкімдігіне 13 ауыл аймақтары (Аққұдық а/а, Байнассай а/а, Байғорысай а/а, Жайсан а/а, Қаратоғай а/а, Қарашай а/а, Құрмансай а/а,

Қызылжар а/а, Мәртөк а/а, Родник а/а, Тәнібергел а/а, Хазірет а/а, Хлебодар а/а) (аудандық ауылшаруашылық бөлімі, аудандық жер қатынас бөлімі, аудандық қаржы бөлімі, аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі, аудандық кәсіпкерлік бөлімі, аудандық білім бөлімі, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, аудандық ішкі саясат бөлімі, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі, аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі, аудандық құрылыс бөлімі, аудандық сәулет және қала құрылыс бөлімі, аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі) «Мемлекеттік жергілікті басқару туралы» Заң негізінде әкімшілік коллегиялық орган болғандықтан, аудан территориясында міндетті түрде орындалатын қаулы қабылдайды.

**МӘРТӨК АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ** – басқарушы өкілетті орган, өзінің жұмысын 1994 жылы 18 наурыздан бастап орындап келеді, депутаттардың бірінші шақырылған жиналысынан кейін. Аудандық мәслихатқа депутаттарды сайлау 1994 жылы 7 наурызда өтті. Аудандық мәслихаттың бірінші шақырылымына хатшы болып депутат Төлеген Табанов сайланды, екінші (29.10.1999 жылы) және үшінші (02.10.2003 жылы) шақырылымына – Үсен Жаманшалов, төртінші (2007 жылы) шақырылымына хатшы болып Амантай Смағұлов сайланды.

**МӘРТӨК АУДАНДЫҚ МҰРАҒАТЫ** - 1988 жылы 5 мамырда шаруашылық есебі негізінде құрылған. Мұрағаттың бірінші директоры Ф.А. Цыба болды. Мұрағат тарихынан: 1932 жылы алғашқы облыстық басқарма 1938 жылы НКВД қараған, 1946 жылы – Ақтөбе ішкі істер басқармасына. 1946 жылы Мәртөк аудандық мұрағаты ашылды. Құжаттар Новоалексеевка филиалында сақталды. 1988 жылдан бастап құжаттар аудандық мұрағатта сақталып келген. 1995 жылы аудандық мұрағат аудандық бюджеттің қаржыландыруға берілді. 2005 жылы Мәртөк аудандық мұрағатты «Мәртөк ауданының мемлекеттік мұрағаты» ММ болып қайта аталды. Мемлекеттік мұрағат бірыңғай мемлекеттік саясатты қамтамасыз етеді және құжатқұру, осы сұрақтар бойынша заңды және тұлғаларды қызметтерін үлестіреді. Қазақстан Республикасының ұлттық мұрағат құрын қалыптастыруымен айналысады, мұрағат қорындағы құжаттардың мемлекеттік есебін қамтамасыз етеді, қабылдау және сақтау, сондай-ақ мұрағат құжаттарын мемлекеттік органдардың, қоғамдық мекемелердің және азаматтардың әлеуметтік-құқықтық жағынан сұранысын орындау үшін қолданады, ұлттық мұрағат қорын біріктіруді – мұрағат ісі бойынша ауданның мекемелерін ұйымдарымен заңдылықтарын сақтауына мемлекеттік бақылауды жүргізеді. Ауданның мемлекеттік мұрағатында сақталуда тұрған 96 қор бар. Оған аудандағы мекемелердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың және шаруашылықтардың 28288 мұрағат ісі кіреді. Мәңгілік сақталуда 6279 құжаттар, 7 жеке мұрағаттар. Негізгі қордың мерзімдік сақталуы 75 жыл.

**МӘРТӨК АУДАНДЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МҰРАЖАЙЫ** - 1979 жылы Аудандық мәдениет үйінің жанынан ерлік және еңбек даңқы бөлмесі ашылды, оның көлемі 21 к.м. Экспозиция 3 бөлімнен құрылды, онда 120 экспонаттар болды: «Бұл күндері даңқы үнсіз қалмайды» (азамат соғысы кезінде), «Біздің ауылдың өмірі», «Ұлы Отан соғысы – 1941-1945ж.ж.». Еңбек және ерлік даңқы бөлмесін Мария Остафийчук басқарды. 1985 жылы Жеңіс күнінің 40-жылдығына Мәртөк аудандық ерлік және еңбек даңқы мұражайы ашылды, ол қоғамдық бастамада жұмыс істеді. 1986 жылдан бастап қоғамдық ерлік және еңбек даңқы мұражайы облыстық тарихи-өлкетану мұражайының Мәртөк бөлімшесі болып қайта құрылды. Ақтөбе облысы әкімдігінің қаулысына сәйкес 2006 жылды 1.01. бастап «Мәртөк аудандық тарихи-өлкетану мұражайы» ММ болып құрылды, мұражайдың бейнесі тарихи-өлкетану. Бүгін мұражайдың экспозициясы 200 кв.м көлемде жерді алып жатыр, және 8 залда жайғасқан, олар біздің жақтың мәдениетін және өнер жазбасын, тарихын ашады. Мұражай экспозициясы 25 бөлімнен құрайды, қорда және экспозицияда 2145 экспонаттар орналасқан.

**«МӘРТӨК ТЫНЫСЫ»** - аудандық газеті 1935ж. бастап шыға бастады. Алғашқы кезде газет «За большевистские колхозы» деген атпен 2250 данада басылды. Редакторы Д.К.Мастерова болды. 1953ж. мамыр айынан 2500 даналы «Сталинская Знамя», 1956ж. наурызда «Колхозная правда» атына ауыстырылды. Таралымы 3090 дана. 1962ж. сәуір айында қайта «Ленинский путь» деп өзгертілді. Таралымы 6470 дана. 1991ж. алғашқы саны «Мартукские новости» атымен шыққан. 2001ж. сәуір айында «Мәртөк тынысы» деген атпен жарияланды. 1957-89ж.ж. газетті Б.Н.Луस्कаны басқарды. 2006 жылдан бастап газетке ҚР Журналистер Одағының мүшесі С.О. Қаракеев редакторлық етеді.

**МӘРТӨК АУДАНДЫҚ САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ СТАНЦИЯСЫ.** Аудан санитарлық-эпид. ст-н алғашқы басшысы В.В.Горелов-Ауд. денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі. Ол кезде СЭС ауд. денсаулық сақтау бөлімінің құрамында болды. Штатта 5 адам, 2 дезинфектор, дезинструктор, акрихинизатор және без. бөлімінің меңгерушісі. Соғыстан кейінгі жылдары тіркелген аурулар: іш сүзек, безгек, қызылша дифтерия жұқпалы аурулары салдарынан балалар өлімі көп болған. Эпид. ауруларға қарсы жиналыстар өткізілді, мед. қызметкерлеріне барлық жағдай жасалды, безгекке қарсы жабдықтар таратылды. 1956ж. безгек жайлы соңғы оқиға тіркелген. Осы кезде ауд. СЭС штатында 25 адам болды, барлығының арнайы мамандығы бар, онда желінетін тамаққа тексеру жүргізу, суға, заттың сыртқы объектілеріне биологиялық материалдарды жұқпалы аурулардан сақтауды, өте қауіпті жұқпалы аурулардан, қауіпті сары топтарын, ауа тамшылары мен трансмиссивті жұқпалыларды тексеру барлығы зертханада аттестацияланған. Ауд. СЭС-нің міндеті мемлекеттік тазалық-эпид. бақылау. 1981ж. бастап, осы кезге дейінгі жетекшісі Қ.Қ.Базарбаев. Ол ҚР денсаулық сақтау ісінің үздігі.



**МӘРТӨК АУДАНДЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ** 1921 жылдың наурыз айында құрылған. ҚазССР Кеңестік халықтық комитеті азаматтарды мемлекеттік тіркеу жұмыстарын атқаратын АХАЖ бөлімін бекітті. Мұның алдында азаматтарды тіркеу жұмыстарымен мешіттер мен шіркеулер арнайы кітап ашып жүргізіп отырған. Орталық НКВД мен губернаторлық, уездік, және жергілікті Кеңестік атқарушы органдардың жанында АХАЖ бөлімі алғашқыда 4 звенодан тұрды. 1935-1959 жылдар аралығында Республикалық НКВД (МВД) құрылымында болды. Ал кейінгі 35 жыл ішінде АХАЖ бөлімдері жергілікті атқарушы органдардың құрылымдарында жұмыс істеді. Халыққа қызмет көрсету жағдайын жақсарту мақсатында жасалған құқықтық реформақалалық және аудандық АХАЖ бөлімдерін екі жақты бағыныштылықтан босатып Юстиция Министрлігінің құрамына енгізді. Аудандық АХАЖ бөлімінің мұрағаты аудан тарихын сақтап келеді. 1908 жылы 16 шіркеулік кітап болған. Ал қызметтің құрылғанынан бастап, мұрағат қорындағы азаматтық хал актілерінің саны 412-ге жетті. Және де ол жылдан-жылға толығып отырады. Бірнеше жылдан бері мұрағат кітаптарының көптеген беттері Евдокия Шведтің қолымен толтырылып отырған, ол кездері АХАЖ бөлімінде менгеруші қызметін Раушан Шынтасова атқарған. 2004 жылдың қыркүйек айынан бастап, бөлімнің аты ауданның әділет бөлімі болып өзгертілген. 2005 жылдың наурыз айынан бастап, әділет бөлімі қайта құрылып әділет басқармасы болды. Алғашқы әділет басқармасының бастығы болып, осы құрылымда 30 жыл еңбек еткен Любовь Колган қызмет атқарды.

**ҚР АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ МИНИСТРЛІГІ МӘРТӨК АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ БАСҚАРМАСЫ** – 1999 жылы аудандық ветеринарлық қадағалау бөлімінің базасында ұйымдастырылған. Ол өз құзырында арнайы атқару мен қадағалау және ауыл-шаруашылығы саласының салааралық үйлестіру жұмыстарын жасайтын ҚР-сының Ауылшаруашылығы Министрлігінің аймақтық өкілетті органы. Басқарманың негізгі жұмыстарының қатарына ветеринарлық жұмыстарды, өсімдіктерді қорғау және карантин жүргізу, ауылшаруашылық техникаларды, тұқымдық малшаруашылығын, егіншаруашылығының тұқымдарының сапасын мемлекеттік қадағалау шараларын жүргізу кіреді.



**МУСИН ЖАҚСЫЛЫҚ** (12.01.1935ж. Мәртөк ауд. Чапас а.-1939ж. Ақтөбе қ.) Мәртөк ОМ бітіргеннен кейін (1953) Тынық мұхит флотында әскери қызмет атқарды. Қазақ мемлекеттік а/ш инс-тын бітіріп, орыс ауд-ғы Калинин ат. ұжымшарда бас агроном, ауд. а/ш басқармасында бас агроном, орынбасар, а/ш өнімдерін сатып алу және сапасын анықтау жөніндегі мемлекеттік инспекторы болып жұмыс істеді. Осы ауданның партия комитетінің хатшысы, ауд. кеңес төрағасы. Ырғыз ауд.

партия ком-нің 1-ші хатшысы. Обл. атқ. Ком-ң бөлім меңгерушісі қызметтерінде болды. «Еңбек Қызыл Ту», 2 рет «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

**МӘРТӨК ВАЛЬСИ** - 1995ж. әнін жазған ауд. өнер мектебінің директоры Д.Құрманғалиева, сөзі №2 Мәртөк ОМ мұғалімі, ауд. «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Р.Ділмағанбетов. Мәртөк ауданының 60 жылдық мерейтойына арналған. Сахналарда өнер мектебінің күшімен орындалып, бейнетаспаға жазылған «Өркенді өмір» кітабының бетінен жарық көрген.

**МӘРТӨК ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕУ ОРТАЛЫҒЫ**-1998 ж. құрылған. МЗТО арқылы зейнетақы жас мөлшеріне сәйкес беріледі. 1999ж. қаңтардан бастап мемл. арнайы жәрдемақы, 1999ж. сәуірінен арнайы мемл. жәрдемақы, 2000ж. қаңтарынан бастап мемл. арнайы жәрдемақы беріледі. 2009 жылдың 1 қаңтарынан кейінгі берілген мәлімет бойынша түрлі зейнетақы алушылар саны 7000 адам және МЗТО ай сайын 91 683 000 теңге көлемінде зейнетақы мен жәрдемақы төлейді. Төлеммен қатар, жыл сайын зейнетақы мен жәрдемақы көлемінің өзгеруіне байланысты олардың көлемін есептеу жөнінде шешімдер шығарады. 1998ж. қаңтарынан бастап аудан тұрғындарына 20832 элементтік-жекеленген код берілді, яғни аудан тұрғындарының пайызы қамтылып отыр. МЗТО 37 түрлі зейнетақы және басқа да әлеуметтік төлемдер жүргізеді. 2001 жылдан бері бұл мекемені Қ.Б.Оразов басқарып отыр.

**МӘРТӨК МЕШІТІ** -1998ж. салынды. Мешітті салуға ауданының мұсылман халқы, ЖШС-тер шаруа қожлықтары демеушілік жасады.

**МӘРТӨК НЕГІЗГІ МЕКТЕБІ №4** 1934 жылы салынған. Мектеп мемлекеттік тілде жұмыс істейді. Ұжымда 15 мұғалім қызмет етеді. Жалпы білім алатын оқушылар саны 150.

**МИРАС** аудандық өлкетану экспедициясы. Аудан әкімінің орынбасары Ирина Цыбаның жетекшілігімен 2005 жылы 22 сәуірде ұйымдастырылған. Аудан көлемінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын, жәдігерлерді іздестіру жұмыстарын жасайды. Сонымен қатар «Дружба» атты Ресей өлкетану экспедициясымен байланысып отырады.

**МӘРТӨК ОРТА МЕКТЕБІ №1** 1974 жылы ашылған орыс мектебі. Мұнда 586 оқушы білім алады. Педагогикалық ұжымда 68 мұғалім қызмет етеді, оның 14-і жоғарғы дәрежелі, 18-і бірінші дәрежелі мамандар. Мектепте 23 толық жабдықталған кабинет, 12 жылдық білім беру жүйесіне ауысу аясында тәжірибелік сыныптар, интерактивтік тақталар, мультимедиялық кабинет бар. Мектеп жанында мұражай жұмыс істейді.

**МӘРТӨК ОРТА МЕКТЕБІ №3** 1961 жылы ашылған орыс мектебі. 326 оқушы білім алуда. Мектеп ұжымында 40 мұғалім жұмыс істейді, оның 9 жоғарғы дәрежелі, 10-ы бірінші дәрежелі мамандар. Мектеп физика және информатика пәндерінің компьютерлік сыныптарымен, мультимедиялық кабинетпен толық жабдықталған. Мектеп жанында Р.Мир-Хайдаров атындағы мұражай жұмыс істейді.

**МӘРТӨК ОРТАЛЫҚ АУДАНДЫҚ АУРУХАНА** 1978 жылы салынған. Ауруханада 1 стационар мен клиника-диагностикалық поликлиника бар. Бүгінгі күні ауруханада 16 мамандық бойынша дәрігерлер жұмыс істейді. Сырқаттарға уақытылы диагностикалық шараларды жасау үшін УЗИ-кабинеті, рентген сәулелі кабинеті, биохимиялық және бактериологиялық диагностика бөлімдері бар.

**МӘРТӨК МЕКТЕП ГИМНАЗИЯСЫ №2** 2007 жылы №2 қазақ орта мектебінің базасында ашылды. Қазақ орта мектебі тарихында 1934 жылы ашылған. Аталған мектеп қабырғасынан еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етіп жүрген көптеген түлектер ұшып шыққан. Бұл мектепте әр жылдары Е.Д.Гусева, А.Садуақасова, Г.Қосбергенова, Р.Жұмағалиева, Д.Шерниязова, К.Лиясова, А.Е.Выжимок, С.Ғабдірахманов, М.Күшбасев, Ф.Мифтахов секілді өзге де көптеген ұстаздар еңбек етті. Мектептен шыққан түлектер арасында көптеген көрнекті ғалымдар, ақындар, суретшілер тағы басқа белгілі мамандар болды. Бүгінде мектептегі бала саны 651 оқушы. Мұғалімдер саны 56, олардың 7-і жоғарғы дәрежелі, 12-сі бірінші дәрежелі санаттағы педагогтар. Мектеп жаңа замандық техникалармен жабдықталған. Соны бірге №2ММГ-ның жанында 120 балаға арналған интернат жұмыс жасайды. 2007-2008 оқу жылында интернатта 101 бала жатып оқыды.

**МӘРТӨК ОРТАЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ** - негізі 1917ж. 27 желтоқсанда қаланды. Кітапхана қоры орыс әдебиетінің түрлі жанрдағы 1600 дана кітабынан және 1200 мұсылман әдебиетінен тұрды. 1976ж. бері кітапхана АМУ ғимаратында орналасты. Кітапхана қоры 36 661 дана кітаптан тұрады, оның ішінде 3054 дана қазақ тілінде жыл сайын кітапханаға 19 мың адам келеді. Тұрақты оқырмандары 3000. Кітапханада оқырман залы бар. Онда анықтама әдебиеті мен 50 шақты мерзімді басылымдар алынады. Кітапхана әдебиеттер диспуттар, жастармен жүргізілетін блитцтурнирлер, «дөңгелек үстел» кезінде өзекті мәселелерді талқылау іскер кездесулер болып тұрады.

**МӘРТӨК ЭЛЕВАТОРЫ** – 1927 жылы алғаш рет ағаштан салынған, ол кезде «Заготзерно» деп аталған. Уақыт өткен сайын жер көлемі ұлғайтылып, кеңі бастады. Сол кезде оның орны бұзып тасталынып, жаңадан қайта салынды. Оның жұмыс істейтін маңызды ортасындағы мұнарасы 9 қабатты зәулім үйдің биіктігімен бірдей болды. Мұнараның екі жағында 6 корпусы бар.

Сонымен бірге элеватордың территориясында астық қоймалары бар. Жалпы элеватор мен қоймаларының жалпы сыйымдылығының көлемі 56,0 мың тонна. Мәртөк элеваторы бірнеше рет атын өзгертіп отырды. 1994-1997 жылдары «Алтын Астық» АҚ, 1997-2000 жылдар арасында «Алтын Астық» ЖШС, 2000-2002 жылдары «Хлебный дом» ЖШС, болып өзгеріп отырған. Ал қазіргі таңда «Рамазан» ЖШС-ның №2 представителі. Элеваторда астықты сақтау, астықты темір жолмен жіберу, кептіру, астықты тазарту жұмыстарын атқарады.

**МӘРТӨК ЭЛЕКТР ЖЕЛІСІНІҢ УЧАСКЕСІ** - «Ақтөбээнерго» АҚ 13 құрылымдық бөлімдерінің бірі. Қазіргі таңда Мәртөк ЭЖУ 30,1 мың тұрғыны бар, 6,6 мың шаршы км. аудан аумағын электр энергиясымен қамтамасыз етеді. Аудан электр желілі шаруашылығының жұмысын жөндеу қайта жабдықтау, жанарту және тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін жоспарлы іс-шаралар өткізіледі.

**МӘРТӨК МТС** - 1932ж. құрылды. Осы кезде Ақтөбе облысында дизельдік техникаға байланысты оқыту курстары ашылды. Оларда 13 адам оқыды. 1937ж. сәуірде МТС колхоздарға 22616 га жерден егін жинауға көмек көрсетті. 1957 ж. трактор жөндеу Мәртөк станциясы болып қайта құрылды. 277 трактор, 107 комбайн жөндеді. 1992ж. «Жөндеуші» АО болды.

**МЕДЕТОВ ҚАМБАР ЕРҚОЖАҰЛЫ** (1.05.1901ж. Мәртөк ауд. Жайсаң а.-20.01.1942. Амур обл. Тырма к)- күйші, әнші, мәдениет қайраткері, Е.Г.Брусиловский казактың «Дүйім дүлдүлдерінің» қатарына қосқан атақты орындаушы. Қаз ОАК (кейін Құрманғазы) ат. ұлт аспаптар оркестрінің негізін қалаушылардың бірі. Өнер сүйер қауым Қ.Медетов тур. лебіз-пікір білдірген үш адамды бұрыннан біледі. Олар: орыс А.В.Затаевич, қазақ А.Жұбанов және француз Ромен Роллан. 1923ж. Орынборда Затаевич Қамбардан 22 күй мен ән жазып алып, нотаға түсірді. Осы күйлер мен әндер енген «Қазақ халқының 1000 әні» кітабымен танысқан француз жазушысы Р.Роллан 1926ж. сәуірде Швейцариядан Затаевичке хат жазып, «Мен де нақ сіз сияқты «Аксақ құлан» туралы аңыздың сонша қарапайым әдіспен көңіл-күйіңізді баурайтын әсеріне қайран қалдым» деген. Брусиловский «Қыз Жібек» операсындағы Төлегеннің «Алты қазбен қоштасу» сазын және «Аксақ құлан» күйін хал. ком. Т.Жүргенов арқылы танысқан Қамбардың орындауында жазып алған. Демек, қазақтың тұңғыш ұлттық операсында Қамбар күйшінің де қолтаңбасы бар. XXғ. ең шебер орындаушысы атанған ол 1936ж. Мәскеуде өткен қазақ



өнері мен әдебиетінің онкүндігіне жетекші өнер иесі ретінде қатысты. Бірақ өнердегі өмірі қысқа болды. 1937ж. 1 желтоқсанда жалған жаламен тұтқындалып, 10 жылға Қыыр Шығысқа жер аударылды. Қ.Ерқожаұлының 100 жылдық мерейтойы 2001ж. сәуірде Алматыда арнаулы конференциямен, үлкен ән-күй мерекесімен атап өтілді.



**МИФТАХОВ ФАТТАХУДДИН МИФТАХОВИЧ** (1931.24.01-1975) Татар авт. Респуб-ның Верхний Берсут с. б. Еңбек жолын 1950-73ж.ж. бастады. Мәртөк казак ОМ аға пионер вожатыйы, тарих пәні мұғалімі, ұйымдастырушы, мектеп директоры, аупарткомның нұсқаушысы болды. Ауд. обл. газеттердің обл. телехабардың белсенді тілшісі, «Ақ көгершін», «Көк шыбық», «Жарық құлақ» кітаптарының авторы. «Тың жерлерді игергені үшін», «В.И.Лениннің туғанына 100 жыл» медальдарымен, облауаткомның, БКЛЖО ОК-ның

грамоталарымен марапатталған.

#### **МЕХАНИКАЛАНДЫРЫЛҒАН ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ** (1964ж)

Көлемі 4033га шаруашылық үшін 3059га жер бөлінген. 1988ж. Мәртөк орман шар-ғы өндірістік кәсіпорын. 2000ж. бастап орман мен жануарлар әлемін қорғайтын мем. мекемеге айналды. 18 адам жұмыс істейді. Мекемеде 3 автокөлік, 8 трактор, т.б. техника бар. Орман шар. ағаш отырғызып, орман, жануарларды қорғайды. «Тірі табиғат ескерткіші» мақсатында Шевченко ауылы көлемі 0,5га-дан 2 аумақ бөлінген. Ормандағы жануарлар: қасқыр, түлкі, суыр, борсық, жабайы шошқа, бұғы. Жеміс бағын отырғызу 1937ж. Жайсаң жерінен басталды. Онда алма, жүзім ағаштары, құлпынай, қарақат отырғызылды. Жеміс-жидек ағаштарын отырғызатын «бақ жетіліг» басталды. «Степь» ұжымшары ара шаруа-ғына 10 га жерге жеміс ағаштарын, бал беретін шөп өсірді. Ұжымшар Мичурин инс-мен байланысып, отырғызылатын жемс ағаштарын алдырып отырды. Ұжымшар 1934ж-8683 сом, 1937ж.-19763 сом, 1937-7729 сом, 1939ж-7172 сом пайда келтірді. Жеміс ағаштарын отырғызу «Победа» ұжымшарында, «Первомай» кеңшарында, «Байторғайсай», «Дмитриев» мектептерінде жалғасты. 1948ж. Мәртөк а. демалыс паркі салынды. Кейін Жайсаң, Хазірет а. ұйымдастырылды.

#### **МЕМЛЕКЕТТІК ТҰҚЫМ СЫНАУ АЙМАҒЫ** «Крестьянин»

ұжымшарының жанынан ашылған. 1937ж. ол 683га егістік, дәнді дақылдар мен көпжылдық және бір жылдық шөптердің өнімді түрлерін анықтаумен айналысып келеді. Тұқымның 126 түрлі бидай, 92 түрлі тары, 110 түрлі жүгері небары 833 түрлі тұқымды сынақтан өткізіп, өндіріске «Саратов-210», «саратов-29», Саррубра Бидайын, «Медикум-3955» арпасын енгізіп,

астықтың түсімін арттырды. БХШК көрмесіне қатысып, медальдармен, дипломдармен марапатталды.

**МИНЯЙЛО ВАСИЛИЙ ДАНИЛОВИЧ** (1906ж. Полтава обл. Годячский ауд. Сосновка а.д.к.) 1928ж. Мәртөк ауд. еңбекші депутаттарының Қарашай ауылдық кеңес председателі. 1932ж. Ақбұлақ ауд. қаржы бөлімі бастығы, 1934ж. обл. Мем. Саяси басқармасының 15 жыл атындағы №4 ет совхозында жетекші. 1935ж. аудандық қаржы бөлімінде салық инспекторы, Қазақстан К.П. аудком хатшысының көмекшісі, Мәртөк аудандық қаржы бөлімінің орынбасары. 1941-46жж. әскер қатарында, сонда батальон командирінің орынбасары. 1941-45жж. Ұлы Отан соғысында, 1946ж. аудандық қаржы бөлімі орынбасары, аудком төрағасы, Победа ұжымшарының төрағасы. Жауынгерлік «Қызыл Ту», «ҰОС –ның I-II дәрежелі», екі «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен, тоғыз медальмен марапатталған.



**МИР-ХАЙДАРОВ РАУЛЬ МИРСАИДУЛЫ** (17.11.1941. Мәртөк с.) – жазушы. Білімі орташа, құрылысшы-инженер. Құрылыс-монтаждау ұйымдарында көп жыл жұмыс істеген. Жас кезінде бокспен айналысқан, бірінші разрядты спортшы, бірнеше рет Ақтөбе обл. чемпионы. Ташкентте біраз жыл тұрған. Кейін Мәскеуге көшкен. Алғашқы әңгімесі «Полустанок Самсона» Мәскеудегі «Родники» альманагында жарияланған. Бірінші кітабы осы әңгімесі атымен шыққан. 1975ж. жас жазушылардың Мәскеудегі

IV Бүкілодақтық кеңесіне қатысқан. «Молодая гвардия» баспасынан «Оренбургский платок» кітабы жарық көрді. Осы баспадан «Пешие прогулки» (1988), «Двойник китайского императора» (1989), «Масть пиковая» (1990), кейінірек «Судить буду я», «Ранняя печаль», «За все-наличными», «Чти своего отца», «Жар птица», «Из Касабланки морем», «Седовласый с розой в петлице», «Налево пойдешь – коня потеряешь», «Такая долгая зима», «Дамба», «Знакомства по-брачному объявлению», «Путь в три версты», «Интервью для столичной газеты», кітаптары шықты. Мәскеудің «Голос» баспасынан төрт томдық, «Грампус эйт» баспасынан үш томдық, «Южная пальмира» баспасы шығармаларының төрт томдығын жариялады. Бірқатар кітаптары грузин, казак, карақалпақ, өзбек, алыс шетел тілдеріне аударылған. Ол комсомол сыйлығының лауреаты.

**МОЩИК КОНСТАНТИН МЕФОДЬЕВИЧ** (1914-1985жж. Мәртөк ауд. Студент с.д.к.) К.Маркс ұжымшарында тракторист. 1942-45жж. Ұлы Отан соғысына қатысты. «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Германияны жеңгені үшін», «ҰОС –ның 20,30ж жеңісі үшін» медальдарымен марапатталды. Шаруашылықтың үлгілі, тәжірибелі механизаторы болды. Еңбектегі үлкен

жетістіктері үшін «Ленин», «Қызыл Ту» ордендерімен, «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медалімен марапатталды.

**МОГИЛЕВ ПЕТР СИДОРОВИЧ** (1909 ж. Смоленск обл.Сафонов ауданы) Ұлы Отан соғысы ардагері, ауданның дамуында үлкен үлес қосқан маман. Еңбек жолын 1928 жылы Дорогобужск станциясында жұмысшы болып бастады. 1932-1935 жылдары Микоян атындағы Мәскеу комбинатында жұмыс істеді. 1935-1938 жылдары облыстық ауылшаруашылық бөлімінің меңгерушісі, 1942-1951 жылдары Мәртөк аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, 1951-1953 жылдары облыстық ауылшаруашылық бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды. «Еңбек Даңқ», «Қызыл Жұлдыз», «Ұлы Отан соғысы» ордендерімен және өзге де төсбелгілермен марапатталған.

**МУСИН ӘБДІҒАЛИ** - гвардия зеңбірек командирі, аға сержант. Ол соғыс даласындағы ерліктері үшін II дәрежелі «Даңқ» орденімен, «Қызыл Жұлдыз», «Ерлігі үшін», «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» екі медалімен және 2 БХШК медалімен марапатталған. А.Мусин ҰОС қатысушы, «Завета Ильича» ұжымшарының агрономы.

**МУХЛІСОВ НҰРЛАН КӨШЕНБАЙҰЛЫ** - 1954ж.

Ақтөбе обл. Мәртөк ауд. Жайсаң бекетінде д.к. Білімі-жоғары. 1984ж. Орал ПИ-ін бітіріп, 1992ж. Әл-Фараби ат. Қазақтың мемл. Ұлттық ун-де кандидаттық, Ломоносов ат. Мәскеу ун-де «Қазақстан тұтынушылық кооперациясы: тарих, тәжірибе, сабақтар» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Жоғ. оқу орындарына арналған 2 оқулық пен 1 монографияның авторы. Еңбек жолын алғаш Мәртөк ауд. мектептерде бастап, 1987-97ж.ж. Қ.Жұбанов ат. АМУ-де тарих кафедрасының оқытушысы, ғылыммен қамтамасыз сту бөлімінің жетекшісі, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1997ж. С.Бөйішов ат. Ақтөбе ун-нің тарих және саясаттану кафедрасының меңгерушісі, облыстық білім басқармасының бастығы қызметтерін атқарды.



**МУСИН ЕСЕТ БАҚЫТКЕРЕЙҰЛЫ** (05.05.1939 ж. Орынбор обл)-механизатор. Жайсаң АКТУ-5 –ды аяқтағаннан кейін «Жайсаң» совхозында жұмыс істеп бастаған. Еңбекте көрсеткен жақсы нәтижелері үшін «Еңбек Даңқ» орденімен және төсбелгілермен марапатталған.

**МУСИН ЖАҚСЫЛЫҚ** (12.10.1935 жылы Мәртөк ауданы Чапаевка селосы – 1989 жылы Ақтөбе) Мәртөк орта мектебін бітірген соң (1953ж.), Тынық мұхиты флотында әскерде болған. Қазақ ауылшаруашылық институтын

аяқтағаннан кейін 1963-1972 жылдары Калинин атындағы колхозда бас агроном, аудандық ауылшаруашылығы басқармасының орынбасары, ауылшаруашылық азық-түлігін дайындау сапасы мемлекеттік инспекторы, партияның аудандық комитетінің хатшысы, аудандық атқару комитетінің төрағасы, Ырғыз аудандық комитетінің бірінші хатшысы (1972-1989 ж.) қызметтерін атқарған. Екі мәрте «Еңбек Қызыл Ту» орденімен және «Құрмет белгісі» төсбелгісімен марапатталған.

**МУРТАЗИН ӘБДРАХМАН** (1864ж. Жайсаң ауылы-1937 ж. Арал қаласы) – белгілі ғалым, діни қызметкер. 1901-1903 жылдары екі мәрте Меккеге барып, қажылық құрған. Алғашында Түркияда Ислам институтында, кейінірек Кайр университетінің ислам факультетінде жоғары білім алған. Кайрде, Лондонның Оксфорд университетінде, Мәскеу университетінде ислам курсының сабақ берген. 1914 жылы елге оралып Қазан, Орынбор қалаларында жұмыс істеген. 1917 жылы желтоқсан айында «Алаш» партиясының 2-ші бүкілқазақ съезінде делегат болып барған. Кейін Ақбұлақ мешітінде хазірет болған. 1931 жылы репрессияға ұшырап, Арал теңізіндегі «Возрождение» аралына жер аударылды. Әбдірахман Муртазин туған өлкенің саяси және рухани өмірінде белсенділік танытты.

**МЫРЗАҒҰЛОВ САНСЫЗБАЙ ҚОҢЫРБАЙҰЛЫ** (10.09.1952 жылы Қазақстан ауылында туған) Орта мектептен соң «Жайсаң» совхозында механизатор болып еңбек еткен. Еңбек жолында жақсы көрсеткіштерге қол жеткізіп, «Құрмет белгісі» орденімен және де көптеген төсбелгілермен марапатталған.

**МЫҢҒЫСИН ҚАЗИ** (1885 ж. – қ.б.ж.б.) – діни және халыққа білім беру саласының қызметкері. Медреседе білім алып, мешітте имам болып істеген. Хазрет ауылында бала оқытқан. 1921-1948 жылдары Полтавка ауылында бастауыш мектепте мұғалім болған. Ұлы Отан соғысы жылдары Мәртөк ауданының Қызылжар селолқ кеңеске қарасты Чапаевка ауылында жеті жылдық мектептің директоры қызметін атқарды. Аудандық білім бөлімінің тарапынан мектепте жасаған еңбектері үшін марапатталып отырған. Сонымен бірге әртүрлі дәрежедегі төсбелгілердің иегері.

**МЯКИШЕВА ТАТЬЯНА ИВАНОВНА** (1955 ж.т. Қобда ауд. Новоалексеевка а.) Қобда а/ш өндірісінің еңбеккері. Еңбек жолын 1971ж. Мәртөк ауд. «Междуреченский» кеншарының сауыншылығынан бастады. Ол осы жұмыста жоғары еңбек табыстарына жетіп, есімі құрметтен аталды. Ш-дәрежелі Даңқ орденімен марапатталған. 1979ж. КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды. 1984-88ж. Мякишова Т.И ауд.мамаңдандырылған бірлестіктің партком хатшысы болып жүріп, Алматы халық шаруашылығы ин-ын эконмист мамандығы бойынша бітіріп шықты. 1989-95жж. Мәртөк ауд.партия, кәсіподақ ұйымдарында қызмет істеді. Кейін ауд.газеттің тілшісі.



**НАГОРНАЯ АННА ФЕДОРОВНА** (01.04.1940ж. Степное ауданының Песчанка ауылы) – ауылшаруашылығы саласының ардагері. Өзінің еңбек жолын 1954 жылы Ленин атындағы колхозда сауыншы болып бастаған. Жұмысында жақсы нәтижелер көрсеткен, соның ішінде төл алу және сүт сауудан жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізген. Анна Нагорнаяның елеулі еңбегі нәтижесінде екі мәрте «Ленин» орденімен (1971-1976 ж.), «Қазан Төңкерісі» (1973ж) орденімен төсбелгілермен марапатталған. КПСС-тің XXV съезрінде делегат болып барған. ВДНХ-ның алтын және күміс төсбелгілерінің иегері, «Передовой животновод КазССР» атағы берілген. Анна Нагорнаяның есімі Қазақстан Республикасының Алтын кітабына енгізілген.



**НАЗМУТДИНОВ АНУАР ИБРАГИМОВИЧ** (21.07.1946ж. Мәртөк а.) – спорт шебері. Кавказ әскери аймағының чемпионы. 1969 жылы Мәртөк БЖСМ-нің тренері. Жұмыс кезінде жүздеген разрядниктерді, ондаған спорт шеберлер кандидаттарды, бір КСРО спорт шеберін дайындаған. Оның оқушылардың арасында – Марат және Ерлан Мукашевтар, Бекен Қазанбаев, Талас Еденов және т.б. болды. Соңғы жылдарды Шаңды негізгі мектебінің директоры болды.

**НАУРЫЗБАЕВ АЗАМАТ ӨМІРҒАЛИУЛЫ**

26.05.1981ж. Мәртөк ауд.т. Мәртөк ОМ оқып жүріп, кикбоксинг секциясына қатысқан 1997ж. ҚР 4-чемпионатында Алматы қ. жастар арасында күміс медальға ие болды. 1998ж. Астана қ. өткізілген ҚР 5-чемпионатында алтын медальға ие болды. 1999ж. Атырау қ. өткізілген респуб. жарыста спорт шебері атағына ие болды. Осы жылы Лиссабонда (Португалия) өткен әлем чемпионатында күміс медальға ие болды. 2000ж. ҚР 11-12 чемпионаттарында алтын медальға ие болған. Феодосия қ. (Украина) өткізілген Әлем чemp.-да Европа құрама командасында болды. 1998-2001ж.ж. Қ.Жұбанов ат. Ақтөбе ун-де, 2001. Қостанай ун-де оқиды.



**НЕБ РОМАН ЯКОВЛЕВИЧ** (18.05.1927ж.) – ауыл шаруашылық еңбегінің ардагері. 1941ж. Ақтөбе облысының Степной ауданы «Авангард» колхозында жұмыс істеді. 1959 жылы кешенді бригаданың бригадирі болды. 1960 жылы Степной ауданы Киров атындағы колхозының төрағасы болып сайланды.

1967 жылы Мәртөк ауданының «Победа» колхозының төрағасы болды. «Құрмет белгісі» орденімен, ҚазССР құрмет грамотасымен марапатталған.

**НОВОДОНЦЫ** - Мәртөк ауданының оңтүстігінде, аудан орталығынан 85 шақырым, облыс орталығы Ақтөбеден 70 шақырым, Степановка селосынан 40 шақырым жерде орналасқан. Халық саны 181 адам, 7 ұлт өкілдері тұрады. (2007 жылғы дерек бойынша).

1905 жылы Украинадан Архип Мартышенко, Григорий Воин, Григорий Тарасенко, Данила Мыц және басқалар көшіп келіп Қара-Қобда өзенінің жағасына орналасқан. Олардың барлығы жиналып селоның атын атау мәселесін көтереді. Дон мен Полтавадан келген казактар көп талқылап, Дон казактары басым түсіп, жаңа жердегі Дон казактары деген мағынада Новодонцы деп атауды ұйғарады. Азамат соғысы аяқталып, кедейшіліктен арылып, енді бастарын көтере бергенде 1931-1933 жылдарғы ашаршылық басталады. Тұрғындарды аштықтан өзен құтқарып қалды, өзен беті қатса да олар балық аулап, кірпі мен саршұнақтарды ұстап жүрді. Сол кезде нан мен дәрумендердің орнына әр түрлі қалың шөптерді, тышқандарды пайдаланды. Осы қиындықтардың үстіне кәмпескелеу басталды. Григорий Воин, Архип Мартышенко және Григорий Тарасенколар отбасыларымен бірге кәмпескелеудің құрбандары болды. 1933 жылы «Еңбек» артелі ұйымдастырылды. Ал 1938 жылы селода «Жалпы еңбек» атты колхоз құрылды. Құрал-жабдықтардың барлығы ортақ болып, көпбалалы отбасыларға бір сиырдан ұстауға рұқсат етілді. Ол кезде селода 60 жер төле және жалғыз төбелі үй болды. Ол Қожақали атты қарттың үйі болатын. Үйдің төбесі темір, қамыспен жабылған және ақбалшықпен ақталған. Басында балалар үйлерінен оқытылды, бірақ 1937 жылы Кубань казақы Шашлонов Матвей №4 (Қызыл бұлақ) ауылдағы үлкен мешітті бұзып алып, төрт кластық мектеп пен колхоз қоймасын салады. Алғашқы мұғалімдер Овчаренко Матрёна Александровна, Овчаренко Прасковья Кириловна болды.

1921 жылы 15 қаңтарда бірінші оқу залы ашылды, онда өз еркімен өте сауатты Т.М. Мринский жұмыс істеді. Жергілікті Новодонцы тұрғындары – «Жартыучастю» деп атаған, себебі ауылға келіп қоныстанған адамдар жарты ауылды құрады. Қазақ ауылдары жақын аралықта орналасты: №14 ауыл - 2 км, №7 ауыл «Ақ ауыл» - 1,5 км., №4 ауыл «Қызыл бұлақ» - 5 км., №9 ауыл «Жолөткен» - 5 км. Ауылдардың бұлай атауына табиғатта әсер етті. №7 ауылы «Ақ ауыл» атау себебі ақ балшықтық болуы, сондықтан да үйлері әрқашан да ақ болып тұратын, №4 ауылы «Қызыл бұлақ» - атау себебі, жерінде қызыл бұлақ болатын, ал №9 ауылы «Жолөткен» - жол үстінде орналасқандықтан солай аталған. Бұл ауылда (киелі жер) – «Егіз-ата» деген жер бар, Литовка етегінде орналасқан. Бұл ауылда тастан тұрғызылған мешіттер болды, осы арада киелі егіздер жатыр (1890 жылы). Ертеде бұл ауылда ағалы-інілі «тәуіп егіздер» жасаған. Адамдар ауырса соларға асыққан. Егіздер ауру адамдарға, өлім алдындағы адамдарды емдеген. Егіздер

кайтқасын олардың кабіріне келіп емделген. Сенуші адамдардың айтуынша олардың кабірінің басына келгенде «қанатты пырақ ат» көрінеді.

Құрмансай жерінде емші-баксы Злиха апайдың жасаға. Репрессияға ұшырап (1929 жылы) өз құқынан айырылып, оған жаза қолдану бұйырылды, бірақ оған жолда қашуға мүмкіндік болды. Кейін ол Сарой аулына келіп орналасты. Злиха апай анық көріпкел болған.

Новодонцы ауылында белгілі сынықшы, емші Хамит өмір сүрді. Ол шөппен емдеумен айналасты. Ұлы Отан соғысы кезінде 1941-1945 жылдары Новодонцы ауылынан барлық ерлер майданға аттанды, жарыға жақыны қайта оралмады. «Өлкемізде дөңді дақылдар өнімі мен тыңды және кеңдерді игеру» қарары халық өмірінде тарихи маңызды оқиға болды.

1954-1955 жылдары 25 мың жер кеңдік жерлер игерілді. Новодонцы ауылына 1954 жылы үлкен топ алғашқы тың игерушілер комсомолдық жолдамамен Молдавиядан, Башқұртстаннан, Ульяновскіден, Орджиникидзеден Липов А., Кузнецов И., Чичерин И., Сауляк В., Протуляк В., Пастухов Г., Картавин Д., Пряникова Г. И және тағы басқалары келді. Екі жыл ішінде игерілген жер екі есеге көбейді, 3 мың гектар тың жер көтерілді. Қырмандар жетіспеді, сондықтан қасындағы орындарды тазалап астық төкті. 1970 жылы, 1975 жылы егіннен жоғары өнімдер алынды.

**НОВОФЕДОРОВКА БОР КЕН ОРНЫ** Мәртөк ауд., аудан орталығынан оңт.бат. 28км жерде. Кен орнының пайдалы қалыңдығы мастрихт қабатынан құралған, бор шоғырының қабаты 8-23м. Физикалық-механикалық қасиеті мен құрамы жағынан бор мал мен құстың азығына қосып беруге жарамды. Құрылыс материалы есебінде пайдалануға, соның ішінде өндіріс үшін жылдам сөнетін әктің 3-ші сортын өндіруге болады. Кен орны қорға қойылды.

**НҮРКИН ІСКЕНДІР** (15.03.1914, Қызылорда обл. Арал ауд. №2а-07.01.1984 Ақтөбе қ)- Партия кеңес қызметкері.

Еңбек жолын ағартушылық қызметтен бастады. Арал қ. Қарабұтақ ауд. мектептерінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, директор (1932-41) ҰОС қатысты. Қарабұтақ, Мәртөк, Темір, Шалқар ауд. партия ком-нің бөлім меңгерушісі, хатшы, 1-ші хатшы, ауд. атқару комитеті төрағасының 1-ші орынбасары қызметтерінде болған. Қазақстан Компартиясы ОК Жоғ. Партия мектебін бітірген. «Ленин», «Еңбек Қызыл Ту», 2 рет «Қызыл Жұлдыз» орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.



**НҮРЛЫКИН КАМИ** - (1900, Қарағанды обл. Честкин ауд. Ушлак с)- партия мүшесі, кеңес қызметшісі. 1919-29ж.ж. Балқаш балық артелінде а/ш-да жұмыс жасаған. Честкин облыстық атқ. ком-нің хатшысы. 1929-31ж.ж.

Қызылорда партия мектебінде оқыған. 193-37ж.ж. Ойыл, Табын аудандық партия комитетінің бөлім бастығы, Ойыл ауд. ком-нің 2-ші хатшысы. Төрағаның көмекшісі, қалалық коммуналдық шаруашылықтың бөлім бастығы. 1939-47ж.ж. Мәртөк ауд. атқ. ком-нің төрағасы. «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған.

**НҮРҒАЛИЕВ ТАЛАЙ МӘСӘЛІМУЛЫ** - (20.02.1930ж.т.) – Еңбек жолын Мәртөк ауд. жұмысшыдан бастаған, ол механизаторлық кәсіпті меңгерді. «Красный пахарь» ұжымшырында машина-трактор шеберханасының меңгерушісі жұмысында жүріп, ұжымшар өндірісін өркендету ісіне елеулі үлес қосты. Оның табысты еңбектері бағаланып, Ленин орденімен, бірнеше медальдармен марапатталды.

**НҮРМАҒАМБЕТОВ ҚҰЛҚАЙ ОРДАБАЙҰЛЫ** (15.10.1928ж.т. Мәртөк ауд. Жанатаң а) – орманшы. ҚазКСР-нің еңбек сіңірген орман өсірушісі, құрметті теміржолшы. 1954ж. Алматы а/ш инс-н орман шаруашылығы инженері мамандығы бойынша бітірген. 1954-60ж.ж. Ақтөбе мех. орман шар.-ғының инженер, бас орманшы, директор, обл. жоспарлау комитеті төрағасының орынбасары, 1961-94ж.ж. обл. және Бат. Қаз. өлкелік орман шар.-ғы басқармасының бастығы, Бат.Қаз. т.ж. Ақтөбе және Қызылорда обл. көгалдандыруды қорғау дистанциясының бастығы болды. Жанадан 6 орман шар.-ғы, 27 орманшылық, 7 цех ашылды. Т.ж. бойына 1-ші рет, қылқан жапырақтылар, үйеңкі талдары егілді. Абай даңғылының гүлзары, А.Молдағұлова ат. даңғыл, көл. 200га қалалық бақ іргетасы қаланды. 2 рет «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

**НҮРМАҒАМБЕТОВ САНСЫЗБАЙ ҰЗАҚБАЙҰЛЫ** (16.12.1957ж. Мәртөк ауданы Шаруа ауылы) – еркін күрестің КСРО спорт шебері. Ақтөбе педагогикалық институтын бітірген. Халықаралық турнирлердің жүлдегері – Душамбе (Тәжікістан), Гродно (Белорус), Қарағанды, жалпы Қазақстандық жастар ойындарынан, Қазақстан чемпионатында екі мәрте күміс жүлдегері.

**НҮРФАИС БАЙҒАРИН-ХАЗІРЕТ** (XIXғ. өмір сүрген) – Елек уезінде (Хазірет селолық округі) кірпіштап салынған 3 есікабаттық үй, мешіт, мектеп және жел диірменін тұрғызды. Ауылды оның діни атағымен Хазірет деп атаған. 4 кірпіш және 6 ағаш үй салған. 1875-76 жылдары оларда 33 отбасы тұрған. Шамамен 1878-179ж. Б.Юзефович «Русский вестник» журналында «О быте киргиз (казахов) Тургайской области» деген шағын мақала жазған.

Әдебиет: 1992ж. «События и судьба» В.Афанасьев.

**НҰРЫШЕВА БӘТИ ӨТЕНИЯЗҚЫЗЫ** (1958ж.т. Мәртөк ауд. Кеңсахара а) – а/ш өндірісінің шебері. Еңбек жолын 1976ж. ОМ бітірген соң ұжымшар клубының меңгерушілігінен бастаған. Білімі орта арнаулы, Сорочин а/ш техникумын Орынбор обл. бітірген. Кейін сауыншылық жұмысқа шығып, бұл салада ұдайы көрнскі нәтижелерге жетіп жүрді. Қоғамдық істердегі жемісті еңбегі және елеулі табыстары еленіп 1984ж. КСРО Жоғ. Кеңесінің депутаттығына сайланды.

**НОВОФЕДОРОВКА БОР КЕН ОРНЫ** –Мәртөк ауд. Ауд. орталығынан оңт-бат. 28 км жерде. Кен орнының пайдалы қалыңдығы мастрихт қабатынан құралған, бор шоғырының қабаты 8-23м . Физ-мех. қасиеті мен құрамы жағынан бор мал мен құстың азығына қосып беруге жарамды. Құрылыс материалы есебінде пайдалануға соның ішінде өндіріс үшін жылдам сөнетін әктің III сортын өндіруге болады. Кен орны қорға қойылды.

## О

**ОЗМИТЕЛЬ ФЁДОР ФЁДОРОВИЧ** (1918ж. Линовицкое с. Мәртөк ауд. 1944) – Кеңес Одағының Батыры (1944). Әскерге шақырылғанша Шевченко ұжымшарында мектеп мұғалімі болды. ІІ.Халком әскерінде қызмет етті. Ленинград әскери училищесін бітірді, 1941ж. Москва, Ленинград ұрыстарына қатысты. 1942ж.ақпанда арнаулы тапсырманы орындау үшін топ басқарып, неміс тылына жұмсалды. Витебск, Орша, Смоленск қимыл жасаған «Грозный» тобын басқарды. Минск-Мәскеу тас жолында үш рет көпірлерді бұзып, жаудың 20-ға жуық кәсіпорны мен қоймасын жарып, жауынгер тиеген 27 эшелон аударылды, немістің 2мыңнан астам солдатты жойылды. 1944ж шілдеде Палик өзені маңында партизандар қоршауға түсті. Қоршауды бұзу кезінде Озмитель гранат жарылысынан жарақаттанып, қаза болды.

**Ф.Ф. ОЗМИТЕЛЬ АТЫНДАҒЫ ЗАСТАВА**, бұл атақ 1975 ж. 4 мамырда берілді. Шығыс шекара округінде тәрбиеленген аға л-т Ф.Ф. Озмитель Отан соғысының алғашқы күндерінде арнаулы тапсырмамен жау тылына жіберілді. Онда партизан отрядының командирі болды. Ол басқарған отряд жаудың 27 әскери эшалонын, 45 жүк машинасын, 6 танкісін жойып, Москва-Минск жолындағы 3 көпірді қиратты. 1944 ж. шілдеде Минск обл-дағы Палик ө. маңында отряд жау қоршауында қалды. Кескілескен ұрыс үстінде Ф.Ф. Озмитель ерлікпен қаза тапты, қалған партизандар қоршауды бұзып шықты. КСРО Жоғ. Кеңесі төралқасының Указымен Ф.Ф. Озмительге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді /1944/.

Әдеб.: ҚКЭ. I-т. 551-б. Алматы, 1984.

**Ф.Ф. ОЗМИТЕЛЬ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕП** – Шевченко ауылында орналасқан. 1930ж. бастауыш, 1959ж. – сегізжылдық, 1989ж. – орта, 2007ж. – негізгі мектеп. 1963 жылы оған бұрынғы мектеп мұғалімінің, Совет Одағының батыры Ф.Ф.Озмитель атын берілді. 1966ж. ескерткіш тақтасын орнатылған. 1976ж. батырдың мүсіні қойылған, мұражай ашылған. Мұражайда ұйымдастырушы В.С.Криштов 37 жыл директоры болып жұмыс істеген. Типтік үлгідегі мектепті салған. 18 жұмыс істейтін мұғалімдердің 12-сі мектеп шәкірттері.

А.Айджанова, М.Зинченко.

**13 ЖЫЛДЫҚ ҚАЗАҚСТАН** – ауылы Мәртөк ауданының оңтүстік-батысында 60ш. жерде орналасқан. Ауыл Қазақстан Республикасының 13 жылдығы құрметіне аталған. Бірінші колхоз төрағасы болып Нығмет Исатаев жұмыс істеді. Атын өзгерткенге дейін Оралдан келген қоныс аударушылардың қойған «Қуандық» атымен аталған. Жері мал жайылымына жайлы, шөбі тығыз, Дөбетсай, Бекбайсай және Тамды шағын өзендері, бұлақтары, орман алқаптары көшпенді Табын және Өшебек рулы елдің қоныстануына ықпал еткен. бүгінде ауылда бастауыш мектеп, ФП, шаруа қожалықтар жұмыс істейді.

**ОЛЕШКО ПЁТР ТЕРЕНТЬЕВИЧ** (08.10.1918ж. Қарғалы ауд. Григорьевка а. – наурыз 1991ж. Ақтөбе қ) – Социалистік Еңбек Ері (1982). Еңбек жолын 1933ж. Новоресей ауд. Магаджанов атындағы кеңшарда жұмысшы болып бастады. 1941-46ж.әскер қатарында қызмет етті. Одан оралған соң өз кеңшарында аға механик болып жұмыс істеді. 1956ж. Троицк ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру техникумын, 1972ж. КОКП жанындағы Жоғарғы партия мектебін сырттай оқып бітірді. 1956ж. Мұғалжар ауд. «Ембі» кеңшарында бас инженер-механик, 1958-70жж. Қарабұтақ, Мәртөк ауд.басшы партия, кеңес жұмыстарында, Қарабұтақ аупарткомының екінші хатшысы, Мәртөк аупарткомының бірінші хатшысы, Мәртөк аумақтық-өндірістік басқармасының бастығы, ауд.Кеңес аткомының төрағасы, 1970-82жж. Комсомол ауд.парткомының бірінші хатшысы болған. КОКП XXV съезінің, Қаз. Компартиясы ХV съезінің делегаты, обл.партия органдарының мүшесі, халық депутаттары обл., ауд.кеңестері депутаты болып сайланды. Ленин орденімен, екі рет «Еңбек Қызыл Ту», «Қазан төңкерісі» ордендерімен және медальмен марапатталған.

**ОСТАПЕНКО ПАВЕЛ ИЛЬИЧ** 1924-20.02.1974ж. Мәртөк ауд. Красноярка с.туған. Еңбек жолын 1937ж. «Первый путь» ұжымшарынан бастаған. 1939ж. Жайсаң механикаландыру мектебін бітіріп, Шевченко МТС-нің комбайнері болып істеді. 1941-45жж.үшінші Беларусь және Қыршығыс майдандарында ұрысқа қатысқан. Өмірінің аяғына дейін «Карл Маркс» ұжымшарында еңбек етті. Әлденеше рет облпартком мүшесі болып сайланды. Ленин орденімен және 6 медальмен марапатталған.



**ОТАРҒАЛИЕВ БАҚЫТКАМАЛ САПАРҒАЛИ-ҰЛЫ** (16.04.1918-84ж.ж. Мәртөк ауд. Сабынды көл а. кенш. Амангелді а.т.) 1936-39ж.ж. Темір қ. оқып, Жайсаң балабақшасында жұмыс жасаған. ҰОС 1939-46ж.ж. Ленинград, Волхов майдандарында 142-ші атқыштар дивизиясының 946-шы атқыштар полкінің құрамында соғысқа қатысты. Соғыстан кейін 1946-82ж.ж. Мәртөк қазақ ОМ мұғалім, әскери жетекші, интернат меңгеруші қызметін атқарды. 2 рет II дәрежелі Отан соғысы, «Қызыл Жұлдыз» орденімен, бірнеше медальдармен

марапатталған.

**ОРДАБАЕВ ЖАНҒАЛИ ҚҰРМАНҒАЛИҰЛЫ**

(26.07.1948ж. Қарғалы ауд. Родниковка а)- мед. ғыл. докторы, профессор. 1972ж. Ақтөбе мед. ин-ның емдеу факультетін бітірген. Ақтөбе мед. ин-ның ассистенті, аға оқытушысы, емдеу факультеті деканының орынбасары, қазірге дейін кафедра меңгерушісі. 1975-79ж.ж. студенттер құрылыс отрядтары штабының бас дәрігері. 1996-98ж.ж. Ақтөбе мед. ин-ның ректоры. ҚР Медицина ғылым академиясының корреспондент-мүшесі (1996). Кандидаттық және докторлық диссертациялары зиянды заттардың адам денесіне ықпал етуін зерттеу мәселелеріне арналған. 12 жаңашылдық ұсыныстары, 1-ші дәрежелі өнер-табысы өндіріске енгізілген. 84 баспа табақ еңбегі жарияланған.



**Ө**

**ӨТЕМІСОВ БАҚТЫБАЙ** (01.01.1936ж.т. Мәртөк ауд. Полтавка а)- тарих ғыл. кандидаты (1975), доцент (1978). 1960ж. Орал ПИ бітірген. 1960-63ж.ж. Степной ауд. Петропавл, Косестек мектептерінде мұғалім. 1963-66ж.ж. Ақтөбе обл. комсомол комитетінде нұсқаушы, бөлім меңгерушісінің орынбасары, бөлім меңгерушісі. 1966-69ж.ж. Қазақстан ЛКЖО АҚ нұсқаушы лектор, лекторлар тобының жетекшісі. 1969-74ж.ж. ККП Алматы обл. ком-де лектор. 1974-85ж.ж. ҚКП ОК лектор. 1985-88ж.ж. Ақтөбе обл. парткомында бөлім меңгерушісі. «Нұр» университетінде, Батыс Қазақстан Қаржы және экономика ин-да аға оқытушы. Қоғамдық-саяси, ғылыми-теориялық, оқу-

әдістемелік мазмұндағы 40 баспа табактан астам оқулықтары, монографиясы, кітапшалары жарияланған.

**ӨТЕБАЛИНОВ ТӨРЕБАЙ ЖАМАЛУЛЫ** 1940-1970ж.ж. Челябині обл. Агаб ауд. туган. 1958ж. Ақтөбе обл. көшіп келген. Мәртөк ауд. тұрған. 13.02.1970ж. тергеуші қылмыскерді тұтқындау мақсатында ол Хлебодор а. қауырт топпен келеді. Үй ішіндегі қылмыскер топқа қарсы оқ жаудырады. Абайсызда тергеуші оққа ұшып қайтыс болады. КСРО ЖК Жарлығымен Т.Өтебалинов өлгеннен соң «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған.

## II

**ПАЛЬЧИКОВА КЛАВДИЯ ИВАНОВНА** (1923-1983жж. Мәртөк а.) – сауыншы. «Победа» ұжымшарында озат сауыншы. Шаруашылықтың экономикасын көтерудегі еңбегі үшін 1966ж. Ленин орденімен марапатталған.

**ПЕРВОМАЙКА** ауыл Мәртөк ауданының солтүстік-батысында, аудан орталығынан 24ш. орналасқан. Аққұдық ауыл аймағына кіреді. «Первомайский» совхозының бөлімшесі болды. Қазір ауылда бастауыш мектеп, медпункт, шаруа қожалықтары бар.

**ПИЛИПЕНКО ВИКТОР ИВАНОВИЧ** (1938 в.с. Линовицкое Мартукского района) – инженер-механик. Окончил Оренбургский сельхозинститут (1959), Академию общественных наук при ЦК КПСС (1987). Трудовой путь начал в колхозе им.С.М.Кирова в должности гл.инженера, работал первым секретарем райкома комсомола, инспектором областного комитета народного контроля, председателем Алгинского районного партгосконтроля. Познее занимал посты заместителя заведующего отделом обкома партии, первого заместителя председателя облисполкома, начальника облуправления хлебопродуктов. Награжден орденами «Трудового Красного Знамени», «Дружбы Народов», несколькими медалями.

**ПЛАВАН ВАСИЛИЙ ПАВЛОВИЧ** (01.03.1932ж. Родниковка ауданы Морозовка ауылы) – ауыл шаруашылық ардагері. Карл Маркс атындағы совхозында малышы болып жұмыс істеген. Халық шаруашылығының дамуына және ерен еңбек үшін «Құрмет белгісі» орденімен, КСРО ВДНХ күміс медалімен, басқа медальдармен марапатталған.



**ПОЗЫЧЕНЮК ФИЛИПП ИВАНОВИЧ** Мәртөк ауданының бірінші «Степь» коммунаның мүшесі. Орта-Азиялық коммунисттік институтын бітірді, тарихи ғылымының докторы, профессоры. ТМД елдері, Орта Азия тарихшыларды даярлауда өз үлесін қосқан.

**ПОКРОВКА** - Мәртөк ауд. солт.с. Ауд. орталығынан 47км. Ақтөбеден 130км. Халқы 451(1999). «Энгельс», «Чапаев» ұйымшарлары мен АҚ ұйымдасты. 1931ж. «Сельхозартель» 1950ж. «Чапаев» ат. ұжымшар болған. 1986ж. жер көл. 12455, егістік 5810га. Аудан аралық тас жол бар. Ірі елді мекендері: Покровка, Адыл, Сельский яр, Вершина. Өзендері: Қызылсай, Қарамоласай. Көлдері: Кругляк. Биіктіктері: Құлақбай. Сирек кездесетін шөптер: Таличев гүлшекіре. Ұжымшарда а/ш техн. жөндеу шеберханасы, негізгі мектепте, клуб, кітапхана, емхана, телерадиоторабы, балабақша, монша болған. Қарамағында 6 – 24 адам мүшесі бар «Руслан», «Заря», «Айбек», «Рахат», «Әкежан» ЖШС құрылған. Байторысай ауылдық округіне қарайды.

**ПОЛТАВКА** ауыл Мәртөк ауданының солтүстігінде Көшікбай өзенінің жағасында, аудан орталығынан 47ш., облыс орталығынан 115ш. жерде орналасқан. Халық саны – 512 адам. Полтавкіге бірінші қоныс аударушылар 1897 жылы келді, олар №88 қоныс аударушылар аймағын құрған. 1908 жылы шіркеу мектебін және бір күнбезді ағаш шіркеуін салып, 1935 жылы ғимаратты клуб қылып өзгертті, ал 1979 жылы ол өрттеніп кетті. Украинада көшіп келгендер қоныс аударған жеріндегі Полтав болысының құрметіне «Полтавка» деп атау берген. Қысқа статистикалық көзқарас бойынша Торғай-Орал қоныс аударушылардың ауданы 1908 жылы байырғы заманды бейнелейді: қазіргі «Полтавка» ежелгі «Мақпалсай». 1908 жылы онда 18 аула және 65 ер адам тұрды. Көшікбай өзені ауылдағы бұлақтардан бастау алады. Совет үкімет кезінде ауылда Чапаев атындағы колхозы болды. 23 адам үкімет сыйлығына лайық деп көрді. Бүгінгі күні Полтавкіде бос жерлері жоқ, олардың бәрі аграрлық өңделуде. Ауылда орта мектеп, кафе, клуб, ФАП, дүкендер және шаруа қожалықтары бар.

**ПОНОМАРЕНКО ИВАН ПОТАПОВИЧ** (1906ж. Орынбор губ. Орск у. Беляевка кенті – 1973ж. Алматы қ.) – Социалистік Еңбек Ері (1957). Қазақстанға 1911ж.келген. 1926ж. Мәртөк ауд. «Первый Линовицкий коллектив» а/ш артеліне кірген. 1928-30жж. Кеңес әскері қатарында қызмет етті. 1931-66жж. Ақбұлақ және Мәртөк МТС-нің учаскелік механиктер курсының тыңдаушысы, механигі және аға механигі, Мәртөк МТС-нің директоры, Мәртөк аудандық «Ауылмаштехника» бірлестігінің басқарушысы. 1956ж. Мәртөк МТС аймағындағы ұжымшарлар әр гектардан 13,4ц-ден дәнді дақыл жинады. Екі рет Ленин, «Еңбек Қызыл Ту», I дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен, 1941-45жж. «Ұлы Отан соғысындағы ерлік

еңбегі үшін», «Ерлік еңбегі үшін», «Тың жерлерді игергені үшін» медальдарымен, КСРО халық/ш жетістіктері көрмесіне бірнеше рет қатысты, көрменің үлкен алтын медалімен марапатталған. Ауд., обл.кеңестерінің депутаты болып сайланды.

**ПРОКОПОВ НИКОЛАЙ ИВАНОВИЧ** өмір жолын тракторшылықтан бастап, кәсіподақтық клубы, демалыс паркінің директоры, Спасска қаласының радио комитетінің қызметкері болды. 1941-54жж. Ұлы Отан соғысына және Жапон империалистерінің соғысына қатысты және Қызыл Кеңес әскерінің түрлі бөлімшелерінде қызметтерде болады. 1954-55жж. Ақтөбе қалалық әскери комитеттің үшінші бөлім бастығы. 1955-70жж. Мәртөк ауд.әскери ком.комиссары. 1970ж.ауд.әскери ком.нұсқаушы аупарткомының мүшесі. Ол үш рет «Қызыл Жұлдыз» орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған.

**ПРОСОЛУПОВ АЛЕКСАНДР АНДРЕЕВИЧ** (1900 жылы Свердловск облысы) – 1919-1950 жылдар аралығында жетекшілік жұмыстарда болған. 1937 жылы Мәртөк райком партиясының бірінші хатшы болды.

**ПЧЕЛА ВАСИЛИЙ ГРИГОРЬЕВИЧ** (27.03.1925ж.т. Мәртөк ауд. Ново-Михайловка с.) – инженер-механик. Орынбор а/ш инс-ын бітірген. 1942-44жж. Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1944-54жж.машина-трактор шеберханасында жүргізуші, темір ұстасы, кітапханашы, мұғалім болып қызмет істеген. 1959-86жж. Мәртөк ауд. «Дзержинский» кеңшарында бас инженер, директор, «Междуреченский» кеңшарының директоры, ауд.а/ш басқармасының бастығы. Үш рет «Еңбек Қызыл Ту», I дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен, медальдармен марапатталған.

## Р

**РЕННЕР ИВАН ИВАНОВИЧ** (1935ж.т.) – Мәртөк аудандық а/ш салаларында абыройлы еңбек етті. Мәртөк МТС-да шебер. Үздік еңбегі үшін Ленин орденімен марапатталған.

**РОДНИКОВКА** – 1896 ж. БҰЛАҚ – 1903 ж. Полтавка губ. укр-тар келіп қоныстанды. Мәртөк ауд. солт. шығыс село. Бұлақ өз. бойында. Ауд. орт 55км. Ақтөбеден 46 км. Халқы 2097 – 1999 ж. Жер көлемі – 73158 км. 1961 ж. К.Маркс атынд. кеңшары ашылды. Отан: «К.Маркс» /Родниковка/, «Ранний пар» /Драгомировка а./, «Калиновка» /Калиновка а./, «Жамбыл» /Берте а./ ұжымшары енді. 1993 ж. – «Бұлақ» кеңшары енді. 1997 ж. өнд. кооператив. 1998 ж. «Родник» ЖШС, 1993 ж. МТС ашылды. Мал басы: жылқы – 259 б, ірі-қара – 3081 б, қой-ешкі – 6657 б. Жұмысшы саны – 740 адам. Трактор бригадасының бригадирі Телев Өтемұрат 1974 ж. «Еңбек сіңген а/ш

қызметкері» атағы берілді. Сауыншы Сағынбаева Зейнеп Ғайсақызы 1900 ж. туған. 1951 ж. сайланған Қаз.КСР ЖК депутаты.





**РОДНИКОВ МИНЕРАЛДЫ БОЯУ КЕНТІ** - Родниковка кентінің бат. 18 км. Кен орнының пайдалы қазбалары қою қызыл, тығыз сазды минералды пигменттер. Өнімді қабаты сол-шығыстан оңт-батысқа 300м.ені 160м созылып жатқан кеңістік. Қалыңдығы 0,5-4,1 м ге дейін. Кен орны тереңдігі 4,8 м дейін зерттелді. Таудың техникалық мүмкіндіктері оны ашық әдіспен-карьер мен оңдестуге қолайлы.

## РОДНИКОВКА СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІ





**РОДНИКОВКА СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІ** - Мәртөк ауданының шығыс жағында орналасқан. Ол оңтүстік-батыста Хлебодар селолық округі, солтүстік-батыста Қарашай селолық округі, батыс жағында Қаратағай селолық округі, солтүстікте Қызылжар селолық округі, солтүстік-шығысында Хазірет селолық округі, оңтүстік-шығыс жағында Қарғалы ауданы, оңтүстікте Ақтөбе қаласымен шектеседі. Оның құрамына келесі елді мекендер кіреді: Родниковка, Калиновка, Бөрте, Сынтас, Бұтақ, Еңбекші. Жерді пайдалануының жалпы көлемі 74150 га құрайды. Округ аймағы бойынша аудан орталығымен байланысатын грейдерлік автожол өтеді.

### Родников селолық округі

#### Шартты белгілер:

-  Өзендер
-  Темір жол
-  Авто жолдары
-  Аудан және округ шекарасы

#### Условные обозначение:

-  Реки
-  Железная дорога
-  Автодороги
-  Границы района и округа



**Климаты:** Округ территориясы далалық аймақта орналасқан. Климаты өткір континенталды, үлкен жылдық және тәуліктік, аутқымалы ауа температура амплитудасымен сипатталады. Ең суық мерзім қаңтар айының аяғы, ең жылы мерзім шілде айы болып есептеледі. Аязсыз күндердің ұзақтығы 120 күнді құрайды. Дегенмен, күзгі аяздар да орын алады. Жылына орта есеппен 280 мм-ге дейін жауын-шашын болады және оның көбі маусым-шілде айларында жауады. Жауған қардың орташа биіктігі 50 см-ге жетеді. Көктем ұзақ болып, қар сәуір – мамыр айларында тегіс еріп кетеді. Жел – шығыс, оңтүстік-шығыс бағытында соғады.

**Жер бедері:** Аймақтың жер бедері адырлы-бұдырлы дөңгелді болып келеді. Кейбір шыңдар, мысалы «Кенбай таудың» биіктігі 383 метрге дейін жетеді. Округтың шығыс жағын сай-салала кесіп өткен. Ірі бөктерлер тегістікке өтеді. Микрорельефті толқынды жазықты қайың мен көктерек алқаптарымен қиылысқан, олардың 2-5 шақырымға дейін созылған. Аймақтың оңтүстік-батысында қалың ағаш өскіндерінің қойнауы бар Орал тауының етегі орналасқан. Сондықтан, селолық округ аумағының жер бедері әр түрлі және кешенді болып табылады.

**Топырағы:** Родниковка селолық округінің жері қоңыр-талшын түсті, құнарлы қара топырақты. Солтүстік-шығысында сазды қыртыс бар. бұлақтар мен ылғалдылықтың молдығынан шалғынды жер топырағы қалыптасады.

**Гидрография:** Гидрографиялық тізбегі Қиялы-Бөрте, Тасшоқыбұлақ, Бұтақ, Өңгер, Теренсай, Шолдақсай, Алақсай, Құрсай, Аққұдық, Былқылдақсай, Бөрте, Қарауыңгер, Айдарлысай, Сынтас, Қызылсай, Терісбұтақ, Бұрғашсай, Жаңбұлақ, Есеналыбұлақ, Қарабұлақ, Қарауылымбайсай бұлақтары мен өзендерімен көрсетілген. өзендердің суы таза әрі мөлдір, табаны тасты. Аймақта 1968-1973 жылдары салынған 3 бөгет бар.

**Қорлар:** Родниковка селолық округі құрылыс материалына бай. Онда ұсақ тас, құм, ақ және қызыл саз, бор, гипс, мыс бар. Ұлғайған жер қорында 716 га – кен, 86 га – шабындық, 40259 га – жайылым, 30654 га егіндік, жер үсті жер асты су бұлақтары бар.

**Өсімдік:** Өсімдік жамылғысын далалық және құрғақтыққа төзімді өсімдіктер құрайды. Онда дәнді өсімдіктерден сұлыбас, қалақай, мортыка, конакот, жоңышқа, тасшөп т.б. көп өседі. Типчаковский, акселеу ассоциациялары кеңінен таралған, сонымен қатар әртүрлі көгалдар жиі кездеседі. Мұнда саңырауқұлақ пен жидектерге бай аққайың мен көктерек алқаптары өсіп келеді. Ағаш тұқымдарынан – терек, үйеңкі, тал, вяз талдары бар. Сирек кездесетін өсімдіктер – меруертгүл, сүттіген.

**Жануарлар:** Ландшафтты – климатты жағдайының географиялық орналасуы бойынша аймақ әртүрлі жануарларға бай екенін көрсетеді. Мұнда: камшат, қасқыр, түлкі, қоян, борсық, қарсақ, сарышұнақ, суыр, құндыз, сусар, қабан, тышқан, ұсақ кеміргіштер, тасбақа, жыландар мекендейді. Ұялайтын және жылы жаққа кететін құстардан: аққулар, дуадақтар, көкқұстандар, дала қыраны, тырналар, кекіліктер, үкі, шағала, бүркіт, үйректің барлық түрлері, торғайлар, жапалақ, сауысқан, қарға, жабайы көгершіндер, қарақұс, қараторғай, көкек, шауқарға, ала қарға, қарлығаш, ителгі, сұр қарлығаш, бозторғай, тоқылдақ және басқалары бар. сирек кездесетін құстар – ақтырна, дуадақ. Балықтардан: алабұға, тұқы, ақтабан, шортан, жайын, таутан.

**Халқы:** Селолық аймақ аумағы 1995 жылы құрылған. Оның ішіне 6 елді мекен кіреді – Родниковка (1813 адам), Сынтас (5 адам), Бөрте (75 адам), Калиновка (19 адам), Бұтақ (32 адам), Еңбекші (2 адам). Бүгінде санақ бойынша (2006 ж)халық саны 1944 адам. Оның 66 пайызы – қазақтар, 15,6 пайызы – орыстар, 12 пайызы – украин, 2 пайызы – неміс, 0,77 пайызы молдаван, 1 пайыз – татар, 0,56 пайызы – белорустар, 0,2 пайызы – чуваштар мен 0,05 пайызы – каракалпақтар. Барлығы аймақта 15 ұлт өкілдері тұрады. Халық тығыздығы 1 шаршы шақырымға 3,8 адамнан келеді. Аймақта 48 пайызы – 927 еркек және 52 пайыз – 1017 әйел тұрып жатыр.

**Ауыл шаруашылығы:** Родниковка селолық округінің табиғи-климаттық жағдайы егін шаруашылығымен айналысуға, дөңді-дақылдар мен көкөніс өсіруге қолайлы, жылы агроклиматты аймаққа жатады. Округте өсімдік шаруашылығы дамыған. Қазіргі таңда ауыл шаруашылығымен бір «Родники» АҚ және 20 ШҚ-ры айналысады. Олардың қолданатын жалпы жер көлемі 30624га-ны құрайды.

«Родники» АҚ жерлері 55 266 га - Ракша С.

Земли крестьянских хозяйств занимают площадь 8170 га

«Санжар и К» ШҚ - 995 га. - Ильясов К.

«Болат» ШҚ - 186 га. – Алматаев Б.

«Даулет» ШҚ - 174 га. – Бакенов Н.

«Рахмет» ШҚ - 381 га. – Даукулов Е.

«Арыстан» ШҚ - 780га. - Арыстанғалиев Б.

«Ниет» ШҚ - 851 га.– Альбакасов Е.

«Данияр» ШҚ - 27 га. – Бакенов М.

«Саби» ШҚ - 219 га. – Жанкабаева Г

«Қызылсай» ШҚ - 478 га. – Абилов С.

«Айдар» ШҚ -120 га. – Фахретдинов Р.

«Ербол» ШҚ -843 га. –Мулькаманов Е.

«Еңбек» ШҚ - 605 га. – Сугурбаев Н.

«Чосон» ШҚ - 149 га. – Ким Д.

«Келешик» ШҚ - 541 га. – Тулеуов С.

«Ағайын» ШҚ - 152 га. – Шегербаев Б.

«Адал» ШҚ - 171 га. – Успанов Н.  
«Барыс-98» ШҚ - 490га – Наурызғалиев С.  
«Асем» ШҚ - 182 га. – Жакупов С.  
«Тан-Шолпан» ШҚ -596га. – Жумағазиев М  
«Берлик» ШҚ - 230 га. – Абилов К.

**Білім:** Қазіргі уақытта округте орта мектеп бар. Ондағы оқушылардың жалпы саны 334 бала. Ұстаздар ұжымында 36 мұғалім бар.

**Денсаулық сақтау:** Округ аумағында Родниковка дәрігерлік амбулаториясы орналасқан. Онда 6 елді мекеннің халқы қаралады және стационары бар.

**Мәдени-ағарту жұмысы:** Округ бойынша Родниковка селосында бір Мәдениет үйі және 12245 дана кітап қоры бар кітапхана жұмыс жасайды.

**Дене шынықтыру және спорт:** Селолық аймақта 2002 жылы «Бұлақ» футбол командасы құрылған. Ол барлық аудандық жарыстарға қатысады.

**Мәдени мұралары:** Сынтас қарстық шұңқырлар. Сынтас бұлағының оң жағалауындағы Ақтөбе ауданының Хазретовка ауылынан батыста 1924 жылға дейін мөлдір гипс өндіру үшін кен шығарылатын орын қызметін атқарған 2 қарстық шұңқыр орналасқан. 1975 жылы жазда кен шығарылатын орындарды қарау кезінде оңтүстік шұңқыр өңірінде жасыл яшмадан жасалған микродиттік қырғыш табылды. АОТӨМ-мен анықталды.

Сынтас обалы бейіті. Хлебодаровка ауылынан батыста 9,5 км жердегі қыратта орналасқан. 4 жер обадан және әрқайсысының ұзындығы 4 м болатын екі тасты бағаннан тұрады. 1972 жылы бригадир Досов Әдікеннің мәлімдеуінше белгілі болды, ҚазССР ҒА Тарих, археология және этнография институтымен 1974 және 1976 жылдары қазылды. Б.з.д. YI-Y ғғ. савромат тайпасының елек тобының әскери ақсүйектерін сипаттайды. Қараңыз: М.К. Қадырбаев, Ж. Курманкулов. Захоронения воинов савроматского времени на левобережье р.Илек, в книге «Прошлое Казахстана по археологическим источникам». Алма-Ата, 1976г., стр.137-156.

Сынтас – I бейіті. Екі жер оба, №2 оба үйіндісінде тас байқалады. Сынтас ауылынан оңтүстік оңтүстік шығыста 1,5 км жерде қазақ моласы маңында орналасқан. Олардың көлемі: №1 – 1,5-20м, №2 – 0,4x8 м. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады.

Сынтас – II бейіті. 10 жер обадан тұрады, оның ішінде №1, 3, 4, 7 үйінділерде тас кездеседі. Сынтас ауылынан оңтүстік оңтүстік бастыста 4 км жерде Сынтас өзенінің оң жағалауындағы тік қыраттың жотасында орналасқан. Олардың көлемі 0,1x6 м-ден 0,6x16 м аралығында. Ескерткіш ортағасырлық кезенге жатады.

Сынтас – III обасы. Диаметрі 25 м, биіктігі 0,6 болатын үйіндісінде тас кездесетін жер оба. Тригопункттен 100 м жерде жазық қыратта орналасқан.

Сынтас – V бейіті. Диаметрі 21 м, биіктігі 1,0 м болатын екі кішкене шұңқырлы үйіндісінде тас кездесетін жер оба. Дала жолы қиып өтетін жазық төбеде орналасқан.

Сынтас – V бейіті. Батыс-шығыс желісі бойынша созылып жатқан дала жолы қиып өтетін кішкене төбеде орналасқан үш обалы үйіндіден (диаметрі 20-26, биіктігі 0,5-1,0) тұрады. №2 обадан тригопункт орнатылған.

Родниковка – I бейіті. Бұрынғы Шеменовский хуторынан батыста 800 м жерде орналасқан биіктігі 0,2-0,6м және диаметрі 6-14 м болатын екі тасты обадан тұрады.

Родниковка – II бейіті. Шеменовский хуторынан солтүстік батыста 3 км жерде ендікті суайрықта орналасқан диаметрі 15-20 м, биіктігі 0,3-1 м болатын екі жер және бір тасты обадан тұрады.

Родниковка – III бейіті. Шеменовский хуторынан оңтүстік батыста 0,8 м жерде суайрық жотасында орналасқан үйіндісінде тас кездесетін жер оба. Диаметрі 12 м, биіктігі 0,6 м.

Родниковка – IV обасы. Бөлек оба. Үйінді топырақты (40, 1,3). Оның етегінің солтүстік батысы мен оңтүстік шығыс бөлігінде ұзындығы 30-32 м болатын шұңқыр байқалады. Тегіс жыртылған. Родниковка ауылынан шығыс солтүстік шығыста 12 км жерде орналасқан. АПИ археологиялық барлау тобымен 1988 жылы табылған.

Родниковка – V обалы бейіті. Екі жер обадан тұрады (50-40, 2,5-3). Оның етегінің солтүстік батысы мен оңтүстік шығыс бөлігінде ұзындығы 30-32 м болатын шұңқыр байқалады. Тегіс жыртылған. Родниковка ауылынан шығыста 12,5 км жерде орналасқан. АПИ археологиялық барлау тобымен 1988 жылы табылған.

Родниковка – VI обалы бейіті. Бес обадан тұрады. Үйінді топырақты (20-50, 0,2-2,5). №1 оба үйіндісі тасты-топырақты, ортасында тереңдігі 11 м болатын тонаушылық шұңқыры байқалады. Обалар етегінде ор бар. Ақтөбе қаласынан солтүстікте 27 км жерде және Құрайлы ауылынан солтүстік батыста 22 км жерде орналасқан. АПИ археологиялық барлау тобымен 1988 жылы табылған.

Родниковка – VII обалы бейіті. Ақтөбе-Родниковка тас жолының «31 км» жол сілтегішінен 1 км жерде Терес-Бұтақ бұлағының оң жағалауындағы етегі төртбұрышты формалы суайрықта орналасқан диаметрі 12-13 м, биіктігі 0,4-0,5 м болатын үйіндісінде тас кездесетін үш жер обадан тұрады.

Родниковка – VIII обалы бейіті. Диаметрі 16, биіктігі 0,4 м болатын үйіндісінде тас кездесетін жер оба. Ақтөбе-Родниковка тас жолынан 300 м жерде «28 км» және «29 км» көрсеткіштерінің арасында Терес-Бұтақ бұлағының оң жағалауында орналасқан.

Родниковка – IX обалы бейіті. Бұтақ өзенінен шығыста 0,8 км жерде Терес-Бұтақ бұлағының оң жағалауындағы суайрық шетінде орналасқан. Диаметрі 8-12 м және биіктігі 0,1-0,6 м болатын 3 обадан және 6 тасты шығыршықтан тұрады.

Родниковка – X бейіті. Оңтүстік оңтүстік шығыс-солтүстік солтүстік батыс желісі бойынша бір-бірінен 500 м жерде Родниковка ауылынан шығыс-солтүстік шығыста 6 км жерде орналасқан екі жер обадан тұрады. Оның көлемі: №1 – биіктігі 0,6 м, диаметрі 30 м, №2 – биіктігі 1,0 м, диаметрі 30м.

Родниковка – XI обасы. Бөлек қорған. Үйінді топырақ (20x0,6 м). Үйіндіде шұңқыр байқалады. Обадан триангуляциялық белгі орналасқан. Родниковка ауылынан шығыста 4,5 км жерде орналасқан.

Жамбыл – I бейіті. Дала жолы қиып өтетін еңсіз қыраттың жотасында Жамбыл ауылынан солтүстік солтүстік батыста 4 км жерде орналасқан екі обадан тұрады. Оба стегінде дала жолы өтіп жатыр. Олардың көлемі: №1 – 0,5x10м, №2 – 0,2x5м.

Жамбыл – II бейіті. Жамбыл ауылынан солтүстік солтүстік батыста 4 км жерде Бөрте өзенінің оң жағалауында бір-бірінен 150 м жерде орналасқан екі обадан тұрады. Обалар арасынан дала жолы өтіп жатыр. Олардың көлемі: №1 – 0,3x8м, №2 – 0,4x10м.

Жамбыл III бейіті. Жамбыл ауылынан солтүстік солтүстік батыста 9 км жерде Қиялы-Бөрте өзенінің оң жағалауында қазақ моласының оңтүстігінде орналасқан екі обадан тұрады. №1 оба үйіндісінде тас кездеседі. Олардың көлемі: №1 – 0,5x20м, №2 – 1,0x25м.

Калиновка обалары. Родниковкіден Қаратоғайға қарайғы жолдан солға, Елек өзенінің құйылысындағы бұлақтан 250-300 м оңтүстік-оңтүстік шығысқа қарай аласалар дөңгеленген төбе басында бір-бірінен 15 м жерде солтүстік-оңтүстік желіс бойынша екі тасты оба орналасқан. Обалар үйіндісі жарты шар тәріздес формалы. Олардың көлемі 9x0,4 және 5x0,2 м. ескерткіш ортағасырлық кезеңге жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж. тамызда табылған. Паспортталған.

Қарақұдық бейіті. Үлкен емес төбе жотасында орналасқан жарты шар тәріздес формалы 4 оба орналасқан. Үйінділер көлемі диаметрі 14-тен 38м,



биіктігі 0,5-тен 1,9 м. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1989ж. жазда табылған. Паспортталған.

Шилісай – I бейіті. Қыраттың жотасында орналасқан бөлек оба, бір жарым километр оңтүстік батыста шопан жері бар. Жарты шар тәріздес формалы топырақты үйіндінің диаметрі 14 м, биіктігі 0,3 м, оба төбесінде тригопункт орнатылған. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1989 жылы жазда табылған. Паспортталған.

Тереңсай бейіті. Жазық қыраттың жотасында орналасқан бөлек қорған. Жарты шар тәріздес формалы обаның топырақты үйіндісінің диаметрі 14 м, биіктігі 0,6 м. Қорғанның төбесінде триангуляциялық белгі орнатылған. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1989 жылы табылған. Паспортталған.

Үңгір мыс руднигі. Жуса-Сай өзеніне баратын жолдан солтүстікте Үңгір фермасынан солтүстікте 1,5 км жерде орналасқан (Леновицкий ауылына таман). Кішкене алаң бетіне ежелгі және ескі емес (XIX ғ. аяғы) мысты құмдақ тастардың көп таулы өнімі шығып жатыр. Қиялы-Бөрте өзенінің сол жағалауында Ақтөбе ауданының солтүстік батыс шекарасына жақын орналасқан объект міндетті дала тексерісін қажет етеді. 1976 жылы геолог В.И. Железконың айтуы бойынша тіркелді. А.К. Гусев еңбегінде аталады.

## РОДНИКОВКА СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША КӨП БАЛАЛЫ АНАЛАР



**Алтынбаева Мануар** – 1935 жылдың 15 қаңтарында Ақтөбе облысы Қызылтас ауылында туған. Білімі 6 кластық. 1952 жылы Мамбетов Ералымен тұрмыс құрған. Өзі «Жамбыл» колхозында жұмысшы, жолдасы аудандық компартияның нұсқаушысы, бригадир, баскарма болып жасады. 11 баласы бар. «Батыр-Ана» құрметті атағы берілген, «Ана данқы» орденінің үш дәрежесімен наградталған. Қазір Родниковка ауылында тұрады.

**Мыржақыпова Күлшат** – 1930 жылдың 1 қаңтарында Ақтөбе облысы Комсомол ауданы Жабасақ ауылында туған. Білімі жоқ. 1943 жылы Мыржақыпов Хасенмен тұрмыс құрады. Өзі үй шаруасында, жолдасы «Чапаев» совхозында қойма менгерушісі болып жасаған. 8 баласы, 12 немересі, 2 шөбересі бар. «Күміс алқамен» наградталған. Қазір Родниковка селосында тұрады.



**Садықова Жұмасұлу Наурызбайқызы** – 1938 жылдың 10 мамырында Ақтөбе облысы Қызылтас ауылында туған. Білімі бастауыш. 1958 жылы Садықов Нәжімеденмен тұрмыс құрған. Өзі сауыншы, жолдасы Карл Маркс атындағы колхозда бухгалтер болып жасаған. 8 баласы, 8 немересі бар. «Күміс алқа», «Еңбек ардагері», Аналық орденімен наградталған. Қазір Родниковка ауылында тұрады.

**Махамбетиярова Қазбек** – 1942 жылдың 25 тамызында Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Қалыбай ауылында туған. Білімі 7 жылдық. Өзі шопанның көмекшісі, жолдасы шопан болып жасаған. 8 баласы, 10 немересі бар. «Ана данқы» орденімен наградталған. Қазір Родниковка ауылында тұрады.





**Завадская Валентина Ниловна** – 1925 жылдың 11 маусымында Ресейдің Новосибирс облысы Курачи қаласында туған. Білімі 7 кластық. 1944 жылы Завадский Александрмен тұрмыс құрады. Өзі Карл Маркс атындағы совхозда жұмысшы, жолдасы ветврач болып жасаған. 8 баласы, 24 немересі бар. «Ана даңқы» орденімен наградталған. Қазір Родниковка ауылында тұрады.

**Турин Орынкул Сақыбайқызы** – 1941 жылдың 27 карашасында Қызылорда облысы Қармакшы ауданы Қаракөл ауылында туған. Білімі 7 кластық. 1958 жылы Турин Зиналадинмен тұрмыс құрған. Өзі «Северный» совхозында еден жуушы, жолдасы мұғалім болып жасаған. 9 баласы, 18 немересі бар. «Күміс алқа», «Ана даңқы» орденінің үш дәрежесімен наградталған. Қазір Родниковка ауылында тұрады.



**Қостаева Күнтаң** – 1938 жылдың 10 қазанында Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы «Нұра» совхозында туған. Білімі 3 кластық. 1956 жылы Қостаев Шакимен тұрмыс құрған. Өзі селолық клубта еден жуушы, жолдасы жүргізуші болып жасаған. 8 баласы, 25 немересі бар. «Күміс алқамен» наградталған. Қазір Родниковка ауылында тұрады.

**Қарағұлова Сұлушаш** – 1932 жылдың 20 қазанында Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Қызылжар ауылында туған. Білімі 3 кластық. 1950 жылы Қарағұлов Сартаймен тұрмыс құрған. Өзі малшы, жолдасы тракторшы болып жасаған. 11 баласы, 24 немересі, 13 шөбересі бар. «Ана даңқы» орденінің үш дәрежесімен, «Алтын алқамен» наградталған. Қазір Родниковка ауылында тұрады.



**Еспусинова Айсара Қабикқызы** – 1949 жылдың 30 сәуірінде Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы Петропавловка ауылында туған. Білімі 8 кластық. 1965 жылы Еспусинов Жаксылықпен тұрмыс құрған. Өзі сауыншы, бұзаушы, жолдасы малшы болып жасаған. 9 баласы, 12 немересі бар. «Күміс алқамен» наградталған. Қазір Родниковка ауылында тұрады.



**Гриченко Ольга Александровна** – 1945 жылдың 15 желтоқсанында Украина Чернигов облысы Кориюковский ауданы Рудня селосында туған. Білімі жоғары ауылшаруашылық. 1969 жылы Чурупченко Иванмен тұрмыс құрады. Өзі агроном, сауыншы, тракторлық бригаданың бригадирі, жолдасы техник-ұрықтандырушы болып жасаған. 8 баласы, 5 немересі бар. Аналық медалімен, «Ана даңқы» орденімен, «Еңбек ері» медалімен наградталған. Қазір Родниковка ауылында тұрады.

**Панькова Руфина Андриановна** – 1930 жылдың 1 қыркүйегінде Ресейдің Пермь облысы Частинский ауданы Западная деревнясында туған. Білімі бастауыш. 1954 жылы Фотин Иванмен тұрмыс құрады. Өзі интернатта түгі күтуші, жолдасы жүргізуші, тракторлық бригаданың бригадирі болып жасаған. Екеуі де тың жерлерді игеруге жолдамамен келген. 9 баласы, 25 немересі, 5 шөбересі бар. «Ана даңқы» орденімен, Аналық медалімен наградталған. Қазір Родниковка ауылында тұрады.



**Зажурило Зинаида Алексеевна** – 1938 жылдың 1 шілдесінде Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Жайсаң ауылында туған. Білімі 7 кластық. 1958 жылы Зажурило Виктормен тұрмыс құрған. Өзі Жанар-жағар май стансасында оператор, наубайханашы, бригадир, жолдасы «Қиыл» совхозында тракторшы болып жасаған. 8 баласы, 17 немересі, 3 шөбересі бар. «Күміс алқамен» наградталған, жергілікті кеңестің депутаты болып екі рет сайланған. Қазір

Родниковкада тұрады.

**Таутинова Күмісай** – 1940 жылдың 24 желтоқсанында Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Торанғұл ауылында туған. 1960 жылы Таутинов Қамалмен тұрмыс құрған. Өзі үй шаруасында болған, жолдасы шопан болып жасаған. 12 баласы, 20 немересі, 1 шөбересі бар. «Батыр-Ана» құрметті атағы бар. Қазір Родниковка ауылында тұрады.





**Кәрібаева Зауреш** – 1947 жылдың 7 қарашасында Ақтөбе облысы Ырғыз ауданында Ырғыз ауылында туған. Білімі орта. Өзі шопанның көмекшісі, жолдасы Кәрібас Абдуали шопан болып жасаған. 10 баласы бар. «Алтын алқамен» наградталған. Қазір Родниковка ауылында тұрады.

**Жанқабаета Қапиза** – 1928 жылдың 1 қаңтарда Ақтөбе облысы Шилісай ауылында туған. Білімі жоқ. 1948 жылы Жанқабас Қабимен тұрмыс құрған. Өзі бұзаушы, жолдасы малшы болып жасаған. 8 баласы, 34 немересі, 20 шөбересі бар. «Батыр-Ана» орденімен, «Еңбек ардагері» медалімен наградталған Қазір Родниковка селолық округінде тұрады.



**Киркимбаева Айман** – 1942 жылдың 12 сәуірінде Өзбекстан Республикасы Қарақалпақ АССР Хожелі қаласында туған. Білімі 7 кластық. 1962 жылы Киркимов Мұқашпен тұрмыс құрған. Өзі жұмысшы, жолдасы жедел жәрдемде жүргізуші болып жасаған. 10 баласы, 15 немересі бар. «Батыр-Ана» құрметті атағы берілген. Қазір Родниковка ауылында тұрады.

**Мамбетова Несібелі** – 1940 жылдың 8 наурызында Ақтөбе облысы Сынтас ауылында туған. Білімі 7 жылдық. 1960 жылы Мамбетов Нұралымен тұрмыс құрған. Өзі жұмысшы, жолдасы жүргізуші болып жасаған. 9 баласы 7 немересі бар. «Күміс алқамен» наградталған. Қазір Родниковка ауылында тұрады.



**Қабиева Қамбибі** – 1939 жылдың 16 қыркүйегінде Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Қызылжар ауылында туған. Білімі 3 кластық. 1957 жылы Қабиев Жамбылмен тұрмыс құрған. Өзі балабақшада күтуші, жолдасы тракторшы болып жасаған. 9 баласы, 6 немересі бар. «Батыр-Ана» құрметті атағы бар. Қазір Родниковка ауылында тұрады.

**Құдайбергенова Ұлдай Кәрімқызы** – 1938 жылдың 3 желтоқсанында Ақтөбе облысы Новоросей ауданы Бөрте ауылында туған. Білімі 8 жылдық. 1954 жылы Құдайбергенов Шәкенмен тұрмыс құрған. Өзі сауыншы, кітапханашы, шопан, жолдасы шопан, тракторшы болып жасаған. 11 баласы, 24 немересі, 8 шөбересі бар. «Батыр-Ана» құрметті атағы берілген, «Ана даңқы» орденінің үш дәрежесімен, «Еңбек ардагері» медалімен наградталған. Қазір Родниковка ауылында тұрады.



**Мусина Асылтас Шәкенқызы** – 1955 жылдың 5 желтоқсанында Ақтөбе облысы Сынтас ауылында туған. Білімі арнаулы орта. 1975 жылы Мусин Ерназармен тұрмыс құрған. Өзі аспазшы, жанар-жағар май стансасында оператор, жолдасы агроном болып жасаған. 8 баласы, 6 немересі бар. «Күміс алқамен» наградталған. Қазір Родниковкада тұрады.

**Убайдуллина Үміт** – 1940 жылдың 1 маусымында Ресейдің Орынбор облысы Адамовский ауданы Молотово селосында туған. Білімі орта. 1963 жылы Убайдуллин Алтынбаймен тұрмыс құрған. Өзі шопанның көмекшісі, жолдасы шопан болып жасаған. 10 баласы, 13 немересі бар. «Ана даңқы» орденінің екі дәрежесімен наградталған. «Үлгілі отбасы» грамотасымен марапатталған. Қазір Родниковка ауылында тұрады.



**Қасымова Мәнер** – 1946 жылдың 15 қарашасында Ақтөбе облысы Байганин ауданы Ебейті ауылында туған. Білімі 8 жылдық. 1963 жылы Теміров Князбен тұрмыс құрған. Өзі жұмысшы, жанар-жағар май стансасында оператор, жолдасы жүргізуші болып жасаған. 10 баласы, 17 немересі бар. «Күміс алқамен» наградталған. Қазір Родниковка ауылында тұрады.

**Загреддинова Тасқира Шайхутдинқызы** – 1935 жылдың 7 шілдесінде Ресейдің Нижнекамск облысы Алметовский ауданы Абдрахман селосында туған. Білімі 7 кластық. Өзі сауыншы, аспазы, наубайханашы, жылқышының көмекшісі, жолдасы Загреддинов Халим жылқышы болып жасаған. 9 баласы, 24 немересі, 4 шөбересі бар. «Ана даңқы» орденінің екі дәрежесімен наградталған, 4 жыл аудандық кеңесінің депутаты және 6 жыл жергілікті Кеңестің депутаты болып сайланған. Қазір Родниковка ауылында тұрады.



**РЫБАКОВКА (ЖАНАЖОЛ)** ауыл Мәртөк ауданының солтүстік-батысында орналасқан, аудан орталығынан 48 шақырым. Аққұдық ауыл аймағына кіреді. Халық саны – 268 адам. Ауылдың аты жер өлшеуішінің тегімен Рыбаков деп атаған. Ауылда негізгі мектеп, ФП, клуб және шаруа қожалықтары бар.

## С



**САРБАЕВ АМАНГЕЛДІ ТАСҚАЛИУЛЫ** 17.03.1947ж. биология ғылымдарының докторы. Орынбор обл. Мәртөк қазақ ОМ түлегі. Еңбек жолын Междуреченск орта мектебінен бастады. 1974ж. Қаз мемл-к а/ш ин-тын бітіріп, Новоресей және Мәртөк ауд. өсімдіктерді қорғау ст-да еңбек етті. 1980ж-1995ж. мемл. а/ш ин-ның аға ғылыми қызметкері, бөлім бастығы. Мамандығы бойынша Ленинград, Мәскеу қ. Иран, Түркия елдерінде даярлық курстарында болды. 1983ж. ғыл. кандидаты атағын (Ленинградта), 2001ж. ғыл. докторы (Алматы)

атағын алды.

**САРЖАНСАЙ (НАГОРНОЕ)** - ауылы Елек өзенінің сол жақ жағалауында, Мәртөк ауданының оңтүстік-шығысында, орталықтан 30 шақырым және Ақтөбе қаласынан 42 шақырымда орналасқан. Халық саны – 808 адам (2007 ж.). Бұрын ауыл жанында Жаңа-Елек, Тышқанбай елді мекендері болған. Ауыл Саржансай өзенінің атымен аталған. Аудан аралық тас жол бар. Ірі елді мекендері: Тышқанбай, №37 разьезд, Жаңа Елек, 1990ж. колхозда 83 трактор, 40 машина, 25 комбайн, 2834 қой болған. 62 адам КСРО ордендерімен медальдарымен марапатталған. Бұл жерде социалистік еңбек ері, Н.Н.Горовец жұмыс жасаған. Өзендері: Қарағансай, Бөтенсай, Төребексай, Саржансай, Елек, Тәңірберген, Жаманат. Көлдері: Мұқат. Колхозда а/ш техн. жөндей шеберхана, орта мектеп, интернат, клуб, кітапхана, ФАП, радиожелі, балабақша болған. «Жанару» ОК құрылған. «ЖаңаЕлек», «Нагимет», «Жігер», «Жұрынтас», «Сусар», «Танаберген», «Пеногюс», «Свет»

«Владимир», «Беломан» «Байкадам», «Әлім» шаруа қожалықтары ұйымдастырылған. Бүгін ауылда орта мектебі, балабақша, дәрігерлік амбулатория, кафе, ауылдық кітапхана өзінің 6775 дана кітап қорымен жұмыс істейді. Шаруашылық бірлестігі жұмыс істейді. Республикалық маңыздылығымен автотрассасы өтеді. Тәңірберген ауылдық аймағының орталығы.

**САРМАНОВА СӘБИЛЯ МУХАМЕДЬЯРҚЫЗЫ** (01.05.1941ж. Орынбор облысы) – еңбегі сіңген сауыншы. Сегіз сыныпты бітіріп, «Яйсанский» совхозының фермасында жұмыс істеді. Еңбекте үлкен көрсеткіш көрсеткен үшін «Құрмет белгісі» орденімен, медальдармен марапатталған.

**САЛЫҚ КОМИТЕТІ** -1990ж. Мәртөк ауд. мемлекеттік салық инспекциясы. 1996ж. ҚР салық комитеті болып аталған. 1998ж. оның 4 бөлімі ұйымдастырылған: аудит бөлімі, салық төлеушілермен жұмыс, есеп секторы, өндіру бөлімі. 2001ж. 9 ай ішінде 106702 теңге қаржы түсірілді.

**СЕРДИОК АЛЕКСЕЙ ЛАВРЕНТЬЕВИЧ** (05.03.1923ж. – 03.07.1997ж.) – Ұлы Отан соғысының ардегері, бейбітшілік уақытта «Междуреченский» совхозында еңбек етті. «Еңбек Данқы», «I-дәрежелі Отан соғысы» ордендерімен, 9 медальдармен марапатталған.

**СИМОНЕНКО ФЁДОР АРХИПОВИЧ** (1934ж. Қобда ауданы Үтек а.) – ауыл шаруашылық еңбегінің ардагері. Орал ауыл шаруашылық институтын бітірген. «Яйсанский» совхозында және «Красный пахарь» колхозында төраға болды. Екі мәрте «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған.

**СКАРБОВ АНИСИЙ КАЮПОВИЧ** (1927ж.т.) – механизатор. Шаруашылық жұмыстарына ерте араласты. Мәртөк ауд. «Жайсаң» кеңшарының экономикалық дамуына үлес қосты. Ленин орденімен марапатталған.

**СКЛЯРОВ ВАСИЛИЙ ПАВЛОВИЧ** 25.12.24-14.05.1990ж. Мәртөк ауд. Вознесен а. туған. Білімі жоғары. Орал Пи-ін бітірген. 1944-54жж. ол Вознесен орта мектебінің биология, дене тәрбиесі мұғалімі. 1954-84жж. орта мектеп директоры. ҰОС ардагері. «Қызыл Жұлдыз», «ҰОС. I-дәрежелі» ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған. Мектептің оқу-тәжірибе алаңында өндірілген өнімдер мен Мәскеудің Б.Х.Ш көрмесіне қатысып, медальдармен марапатталған.



**СОРОТКИН НИКОЛАЙ ВЛАДИМИРОВИЧ** «Междуреченский» совхозында механизатор. Ерен еңбек үшін «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, медальдармен марапатталған.

**СТАРЧЕНКО ЕВДОКИЯ ГЕРАСИМОВНА** 1922ж.д.к. ҰОС жылдары колхозда тракторшы болып, соғыс жылдарынан кейін көкөніс бригадасында, 1952-55жж. Мәртөк ауд.қаржы бөлімінде жұмыс жасады. Ол «Қазан төңкерісі», «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен, «Ерлік еңбегі үшін», «Тың жерлерді игергені үшін» «ҰОС жеңісінің 30 жылдығы» медальдарымен, «Еңбек ардагері» грамоталарымен марапатталды, 1962ж. «Еңбек құрметі» кітабына енді.

**СТЕПЬ** - ауылы Мәртөк ауданының солтүстік-батыс жағында, аудан орталығынан 24 км жағында орналасқан. Аққұдық ауыл округі құрамына кіреді. Халық есебі – 120 адам.

1919 жыл шиеленіспен уақыты, құр қалу, ашық, бұзылу жылы. Қыста Вознесеновка ауылына волисполком комиссары Маслов келді. Ол адамдарды жаймен таңдап бастады. 15 адам жинады – Тарасов, Иващенко, Козаря, Позыченко және т.б. Оларға еңбек бірлестік туралы айтты.

21 кедейлік аулаларынан «Степь» деген коммунасы құрылды. Сәуірдің 14 күні 22 атпен және 11 пағтары мен жерді жыртуға шықты. Коммунарлары бұрын байлардың қолында болған ең артық учаскелері алды. Ал енді не шықты? Кедейліктері жерді жыртады, ал олардың артынан байлары осы жерді қайтадан жырып келеді: «Біздің жеріміз, біздермен жырылған. Көмекке рахмет. Бірақ коммунарлары абыржу қалған жоқ. Тұрмысы орташа Ефим Сасенко байлардың мазақ еткеніне шыдай алмай. Ол Семен Жуков деген байды ұстап, барлықтың көзінше қамшымен ұрып алды. Кейін ауылдың күйлі тұратын адамдары және поп Сысоев тұтқынға алып және жерін аударды. 1924 жылы «Степь» коммунасын және Ақбұлақтың қасында «Муравьи» комманысын қосуға шешім қабылдады. Муравьевтердің басшысы Антон Тимошук келісті: «Мықты болмыз, екі шағын күштер ең бір үлкен күш!» Олар «Степь» коммуналына өзінің диірменін әкелді. Мұнда өзен бар, жерлері де жақсы. Ақтөбеде бірінші «Фордзон» деген тракторды алып, май шығарғышты салды. Коммунада енді 22 шаруашылығы болды. Жылдан жылға мал көбейіп, егін далалары кеңейіп, кіріс көбейді. Үлкен бақ өсті. 1935 жыл өзінің электростанциясы, клубы, радиосы, мектебі, кітапханасы болды. Барлық үйлерінде «Ильичтің шамы» жанды. Кейінірек коммуна совхоз «Первомайский» құрамына кіреді. Қазір Степь ауылында бастауыш мектебі бар. Шаруашылық қожалықтары бар.

**«СТЕПЬ» КОММУНАСЫ** тұңғыш қоныстанушылар әр жерден ХХ ғасырдың басында келгендер болды. Олар І дүниежүзілік, азамат соғыстарының зардабын көрді. 1920ж. 20жаңуя «Коммуна - Степь» артеліне бірікті. Өз жарғысын жасады. 1921ж. «Фордзон» тракторы келді. Жеміс

ағаштарын отырғызды. 1924ж ұжымжа 16 жанұя, 9 жылқы, 8 ұосарлы өгіз, 3 түйе, 16 сиыр, 50 қой, 5 шошқа, 4 арба және 1 трактор, 700га егістік болды. 1926ж. мұны А.М.Заворитько басқарды. 1936ж. алма ағашы 6500 түпке жетті. 9ц.құлпынай, 30кг.қарақат, т.б өнімдер жиналды. Ұжымшар 69 омарта ұстады, 10га жерге араларға қажетті шөп егілді. 1930-1957жж.ұжымшар, 1957-1990жж. Первомай кеңшарының 2-бөлімшесі болды. Мұнда Социалистік Еңбек Ері М.М.Чипигина, Қаз.КСР ЖК депутаты А.М.Заворитько қызмет етті.

**СТУДЕНЧЕСКОЕ** - Мәртөк ауданының солтүстік-шығыс жағында, Қиялы – Бөрте өзенінің жағасында, аудан орталығынан 80 км жағында, Ақтөбе облыс орталығынан 150 км., Андреевка ауылының 21 км жерде орналасқан. Халық саны 715 адам (қазақтар – 382, украиндар – 239, орыстар – 75, немістер – 3, татарлар – 1 және басқа ұлт өкілдері – 15, 2007 жылы көрсеткіші бойынша). Студентческ ауылы 1908 жылы құрылды. Ол үш қоныс аудару толқынды басынан өткізді. Басында осы жерге – 11 отбасы келді – қоныс аударушылары Лохвинск уезінің Полтавка губерниядан болды. Бұл қоныс аударушылар өзінің туған жерін тастап кетудің себебі жаппай репрессиядан болды, оны Полтавщинада ревлюция жайында алға шыққан қатысушылар қарсы патша үкіметі жасады. Олардың құрамына қоныс аударушылары: Кушкеренко Афанасий, Шабалин Митрофан Александрович, Петренко Самоил Иванович, Копайгора Иван Кузьмич, Лукашенко Трофим Дмитриевич, Моцык Петр Лукьянович, Копайгора Кузьма, Моцык Зинько Лукьянович, Моцык Мифодий Лукьянович, Дзюба Порфирий, Иващенко Иван кірді.

1909 жылы тағы 16 отбасы көшіп келді: Зинченко Гаврил Титович, Бублий Филипп Митрофанович, Луценко Филипп, Заяц Афанасий, Мазепа Антон, Билей Прокопий, Криштов Сазон Михеевич, Цюсько Григорий, Козленко Иван, Бражник Сидор, Пархоменко Аксентий, Рудин Иван, Бедный Кузьма, Бедный Владимир, Ильченко Константин.

1910 жылы тағы 10 отбасы көшіп келді: Якуша Антон Демидович, Михайленко Степан Стефанович, Кокоза Степан Федорович, Кокоза Павел Иванович, Зобенко Александр Максимович, Буртовой Савелий Захарович, Артюх Дмитрий, Цесько Василий Александрович, Погребной Гаврил, Неделько Иван Зотович.

Сонымен қатар, 1917 жылы ауыл 37 отбасынан тұрды. Адамдар өзінің ауылын Стедунеский деп атады, бұл атауы осы өлкенің ауа-райы өте суық болғанынан, аяздары мықты, жиі боран соғатын, үлкен қарлы жерінің нәтижесінде қойылған.

Ауыл өсті, адамдар тұрмысын жақсартып, отбасылық жұмысшылық еңбек бірлестігі пайда болды. Адам өмірдің жақсарғанын түсініп, Полтавка губерниядан жақын тумаларын өз ауылына шақыра бастады. Ауылы бұрын қазақтар қолында болған жерді патша үкіметі тартып алған жерде орнатылды. Торғай – Орал Переселенческ ауыдаанын картасында «Стедунеское» қоныс

аударуды №77 учаскесі болып белгіленді. Ауылы жерді сату ауданында болды, яғни қоныс аудару қоры капитал жинауға маңызды болды. Торғай – Орал қоныс аудару ауданына қысқа статистикалық шолу 1908 жылы бойынша сол уақыттың көрінісі толық береді. Берілген құжаттар бойынша Студенческ ауылы Алимбетовка (қазақ) болысына жатты. Жалпы адам саны – 175, әр ер адамына 12 ондық бөлінді, 1909 жылы ер адам саны – 43. Түпкілікті халықтың ауылы 3-4 шақырым қашықтықта Қиялы-Бөрте өзенінің бойында орналасқан. Халықтың саны бойынша Жағалбайлы руы басым болды.

1.Еламан ауылы – 6 шаруашылығы.

2.Қазыбай ауылы – 8 шаруашылығы.

3.Қаракісі ауылы – 5 шаруашылығы.

4.Қысмақ ауылы – 6 шаруашылығы.

5.Шуақ ауылы – 10 шаруашылығы (ол Шұбартөбе етегінде және Таймас төбесінде орналасқан).

6.Қытарсай ауылы – 15 шаруашылығы (осы ауылдың иесі өте бай Қытар деген кісі болған, оған Шуақ ауылы да қарасты, онда көбінесе малайлары тұрды. Тұрақты халықтары қоныс аударушыларды қастықпен қарсы алды, себебі олардың түпкі жерлерін тәркіленген. 1908 жылы жер үшін қазақтар мен «басқа ұлт өкілдерімен» күрес басталды, көтеріліс қатты тыйылды, ауылдар солтүстік-шығысқа қарай көшті.

1909-1912 жылдары Мәртөк ауылында көпшілік қонысын аудару саясаты негізінде Андреевка болысы құрылды, оған Андреевка (Тұрангүл), Линовицк (Жуса), Қаратаусай, Красноярск (Мақпалсай), Стеденческ ауылдары кірді.

Содан бері Стеденческ ауылы Торғай губерниясы Ақтөбе уезі Андреевка ауылының Болыс басқармасына бағынды. Себебі барлық тұрғындары революциялық күйіне келтірілген адамдары болды. 1917 жылдың революциясы рухын көтеріп қарсы алды. 1918 жылы Студенческ ауылында «Қызыл гвардия» отряды ұйымдастырылды, октябрь жеңіп алғанына қолдап шықты. Оған: Цюсько Павел Григорьевич, Зобенко Федор Александрович, Кокоза Иван Павлович, Рудик Константин Иванович, Копайгора Дмитрий, Мазела Трофим Антонович, Моценко Егор, Пархоменко Карп Аксентьевич, Моцьк Николай Зиновьевич кірді. 1920 жылы 3 қарашада Студенческ ауылында бірінші партиялық коммунистік ұясы ұйымдастырылды, оған Зобенко Василий Александрович, Цюсько Павел Григорьевич, Ильченко Афанасий Константинович, Шабалин Григорий Митрофанович кірді. Партия ұясының жетекшісі Зобенко Василий Александрович болды. Осы жылы селолық кеңес ұйымдастырылды, оның басқармасы Шабалин Григорий Митрофанович болды.

Азаматтық соғысының толқыны қазақтың шетіне де жетті. Колчак әскері Орынбор өлкесін басып алды. Соғыс Студенческ ауылында да өтті. Азаматтық соғысының жаңғырығынан ауылдың шетінде шұңқырлар мен қорғай траншеялары қалды. Ауылды қорғау кезінде шетел интервенциясымен және белогвардейск контрреволюциясымен қарсы ұрыста ауыл тұрғындары:

Кокоза Иван Павлович, Кокоза Владимир Иванович, Козленко Андрей Иванович, Мазепа Трофим Антонович, Моценко Егор Ильич, Моцук Николай Зиновьевич ерлікпен каза тапты.

1924 жылы Студенческ ауылында бірінші комсомол ұясы ұйымдастырылды, оған Неделько Илья Иванович, Цюсько Алексей Григорьевич, Бедный Семен Владимирович, Зобенко Степан Александрович, Луценко Константин Филиппович, Рудик Михаил кірді.

Жаңа саясаттың өзгерістерімен қатар ауылдағы жеке меншікті нығайтуы туралы атап өтті. «Андреевка болысы бойынша әкімшілік – шаруашылығы берілген тізімінің жиынтығына сәйкес» 1926 жылы Студенческ ауылының жеке шаруашылығында 56 адам болды. Шаруашылығында 52 жылқы, 94-өгіз, 344 – ірі қара мал, сепаратор – 1, соқа – 34, молотилка – 1, арба мен бричка темір жүрісімен – 32 болды. Негізгі қоғамдық құрылысынан 1 кооперативтік сауда мекемесі, оқу-үйі, 200 дана кітап қорымен, оны сауатты Цесько басқарды, Сауатсыздықты жою және I дәрежелі бастауыш мектебі 60 оқушы оқыды, онда Орешникова Надежда Матвеевна сабақ берді. Бірінші оқушылары Луценко Василий Яковлевич, Копайгора Петр Иванович, Шабалин Павел Григорьевич, Кокоза Михаил Трофимович болды, кейін олар жоғары білім алды. Криштова Ольга Степановна, Петренко Мария Никитична, Петренко Галина Никитична, Урдабаева Ижан Ергалиевна - мұғалімдер, Зобенко Анастасия Михайловна, Кокоза Мария Степановна, Луценко Леонид Яковлевич, Якуша Пелагея Антоновна, Кокоза Анна Никифоровна, Зобенко Мария Васильевна ұжымшарда бірінші механизаторшылар болып жұмыс істеді, Михайленко Иван Яковлевич техникум бітіріп бухгалтер болып істеді.

1928 жылы Студенческ ауылында халық саны – 473 адам болды. Ауыл ішінде 1928 жылы ауыл шаруашылықтың ұжымдастыру кезеңі басталды. 1929 жылы күзде Студенческ ауылында «Сталин» атындағы ұжымшар ұйымдастырылды. Бұрын ол «Степной - пахарь» деген алып ұжымшарына кірді. «Андреевка» ауыл орталығымен, кейін дербес ұжымшары болды. Ұжымшарға Студенческ ауылының 71 шаруашылығы кірді. Ұжымшарда екі бригада жұмыс істеді. Шаруашылықтың жалпы көлемі 400 га, егін далалары 212 га. Ұжымшарда 60 жылқы, 30 жұпты жұмыс өгіздері болды. Отызыншы жылдары еліміздің бірінші тракторшы Паша Ангелинаның ұраны бойынша әйелдер бригадалары ұйымдастырылды. Паша Ангелинаның ұраны Студенческ ауылын айналып өткен жоқ «Сталин» атындағы ұжымшарда әйелдер бригадасы құрылды. Оған Зобенко Анастасия Михайловна, Кокоза Мария Степановна, Якуша Пелагея Антоновна, Кокоза Анна Никифоровна, Зобенко Мария Васильевна, Бахтыбаева Зияда, Русанова Екатерина Прокофьевна, Тютюник Анастасия Михайловна, Тютюник Антонина Ивановна кірді.

Ұлы Отан соғысының жылдарында майданға Студенческ ауылының 180 тұрғыны шақырылды. Олардың 87 адамы соғыстан келген жоқ. Беляя Акулинаның отбасы қасіретті тағдырын ерекше атауға болады. Ұлы Отан соғысы кезінде күйеуі мен төрт ұлы майданынан келген жоқ. Шығыс

майданда Сталинградты қорғуға Цесько Николай Васильевич қатысты. «Қызыл Жұлдыз» орденімен Сагиденов Мұсағалий марапатталды. Майдан наградларымен Якуша Евдоким, Миралинов Сисен, Жумағалиев Ергали, Макаренко Иван Афанасьевич, Якуша Степан Антонович, Неделько Илья Иванович, Бахтыбаев Берсугур, Букаев Қуанышбай, Мацегора Василий, Криштов Тимофей және тағы басқаларды марапатталды.

Еркектер отан қоғауға кетті, ал бүкіл шаруашылықтың еңбегі әйелдердің мойнына түсті. Жасөспірімдер 10 жасынан «ересек» болды, себебі үлкен адамдарымен тең жұмыс істеді, бұл - Петренко Мария Дмитриевна, Рудик Александра Трофимовна, Кабачек Григорий Иванович, Туманова Галина Михайловна, Артығалиева Әсия. Үкімет наградасымен келесі ауылдың тұрғындары марапатталды: Петренко Татьяна Ивановна, Шабалин Петр Митрофанович, Зобенко Мария Ефимовна, Тютюник Антонина, Соколан Татьяна Зиновьевна, Криштова Мария, Буртовая Ульяна, Дусбаева Сапура, Ребгун Лидия Петровна.

Ауылдың өмірінде елеулі кезеңдері бұл тың жерлерін игеруі болды. Партия мен комсомол ұраны бойынша ауылға тың игерушілер: Туманов Алексей Гаврилович, Волков Юрий, Степанов Валерий келді, олар осында өзінің отбасын құрып, осында тұруға қалды. «Сталин» атындағы ұжымшары ауданда ең үздік болды, Москвада өткен ХШЖК (ВДНХ) қатысты.

1962 жылы Бөрте өзенінің атына сәйкес, ұжымшар «Буртинский» деген атына ие болды. Ұжымшарда мал шаруашылық кешені салынды. Мал шаруашылығы пайда болды, ұжымшар ІҚМ, құстарды, қойларды өсіру ісімен айналысты. Мал шаруашылығымен қатар және дақылдарды өсіруді қолға алды. Ұзық жылдары «Буртинский» ұжымшарының шаруашылықты меңгерушісі, Бублий Яков Филиппович болды, оның еңбегі «октябрь революция» орденімен марапатталды.

1970 жылы Қазақ ССР-50 жылдығы құрметпен өткізу уақытта Құрмет Тақтасына ескі тұрғындары: Зинченко С.Г. және Козога Г.П., тракторшы Петренко Михаил Самойлович түсірілді. Өндірістік озаты Бахитов Нуржан комбайнмен жақсы жұмыс істеген үшін «Волга» автомашинасын сыйлыққа алды. Өндірісте ерекше жетістікке шошқа өсіруші Рудик Александра Трофимовна ие болды, тракторшы Сапахов Ерсанн еңбегі үшін «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды, 1977 жылы соңжарыстың жеңіскерлері Мамбетов Даурен және Ружанский Сергей болды. Көп жылдар бойы «Бөрте» ұжымшарының озат малшылар Бахтыбаев Берсугур, Жанаев Жаксыбай, Буранкулов Кенжигали, Алиманов Бапай, Никонов Николай, Жусупов Сабыржан болды. Көп жылдар бойы «Бөрте» ұжымшарында озат тракторшы Горин Федор, озат комбайншы – Макаренко Николай, жақсы жетістіктерге бұзау өсіруші Степанова Нина, Бахтыбаева Умындық, Якуша Галина, Петренко Мария, Соколан Нина жетті. Көп еңбегін сауыншылар салды: Мацегора Лидия, Петренко Тамара, Жетписбаева Аксерик, Алиманова Назипа, Туманова Галина, Айкенова Айғанша және тағы басқалар. Еңбектің негізгі күшін көп жүргізушілер салды: Котляревский Анатолий, Якуша

Виктор, Заяц Яков, Дудников Григорий, Айкенов Тынышпай, Тукенов Барий, Калманов Тлеген, Жумагалиев Мухамбет, Истаев Урумбасар, Иванько Иван, Салыкбаев Урумбасар. 1977 жылы Студенческ ауылында жаңа клуб салынды. 1987 жылы жаңа жобадағы мектеп ашылды. Мектеп түлектері – дәрігер Копайғора Виктор Саратовск облысының Полеводинск аудандық аурухананда бас дәрігер, Зинченко Юрий Жайсаң аурухананың меңгерушісі, дәрігер-травматолог – Китаров Абдулла, әскери заңгер – Айкенов Арсен, дәрігер – Жакенова Сайра. Қазіргі күні Студенческ ауылында орта мектеп, фельдшерлік пункт, кітапхана 4184 кітап қорымен жұмыс істейді. Шаруашылық қожалықтары бар.

**СУХОВЕЙ МИХАИЛ СТЕПАНОВИЧ** (28.05.1939ж. Мәртөк ауд. Қаратусай с.д.к.). 1956ж. Жайсаң с. УТСХ №5 бітіріп, 1961-62жж. Кеңес әскері қатарында болды. 1962ж. зейнеткерлікке дейін «Красный пахарь» ұжымшарында тракторшылар бригадасының бригадирі, «Еңбек Қызыл Ту», «Ленин» ордендерінің иегері. 1987ж. Мәскеу к. КСРО а/ш өнеркәсіп кешенінің І съезіне қатысты.

**СЫНТАС** ауылы Мәртөк ауданының шығысында, аудан орталығынан 66ш. жерде орналасқан. Родниковка селолық округінің құрамына кіреді. Халық саны – 5 адам. Ауылды ағып жатқан Сынтас өзені атымен аталған. Карл Маркс атындағы бөлімшесі болған.

**СЫЧЕВ ВЛАДИМИР СЕРГЕЕВИЧ** 1924ж. Мәртөк селосында дүниеге келген. Еңбек жолын 1938ж бастаған. ҰОС ардагері. «Қоршауда қалған Ленинград қаласын босатуға», «Өмір жолы» арқылы қала халқын босатуға араласқан. Волков және Ленинград майдандарында болып, жарақат алған. Майданнан мүгедек болып оралған. 40 жыл бойы селодағы автопаркте еңбек еткен. «Қызыл Жұлдыз», «Құрмет» ордендерімен, «Ерлігі үшін», «Ленинградты қорғағаны үшін» медальдарымен марапатталған.



**СЕЙТМУХАММЕДОВ КЕНЖЕБЕК ТУМАНБАЙ-ҰЛЫ** 1971 жылы Атырау облысы Қызылқоға ауданы Аққұдық ауылында дүниеге келген. 1988 жылы Мәртөк казак орта мектебін, 1996 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. Республикалық «Халық Кеңесі», «Жас Алаш» газеттерінде қызмет еткен. Қазір ҚР ҰҚК шекара қызметінің апталық «Отан-сақшысы» (Часовой Родины) газетінің бөлім бастығы. Әскери шені – майор, ҚР Журналистер Одағының мүшесі. «Жұлдызын

жансын» атты кітаптың авторы.

**СҮҢҚЫЛДАҚ АҚҚУ** (ЛЕБЕДЬ КЛИКУН), ересек аққу толығымен ақ, аяғы қара, тұмысығының жоғ. жағы қара, түбі сары. Су үстінде мойнын тік ұстайды. Гүрілдеген дауысы бар. Өмірінің көп бөлігін су үстінде өткізеді. Әсем жүзеді бірақ сүнгімейді. Ұзақ жүгіріп барып судан ұшады, құрлыққа сирек шығады. Бірнеше жыл жұбымен тіршілік етеді. Балапаны көгілдір болып келеді. Торғай өз. Бойында маусымдық ұшу кезінде кездеседі. Қанатының ұз. 53-60см, салмағы 7-10кг, кейде 13 кг. ҚР «Қызыл Кітабына» енгізілген.

**САҒЫНБАЕВА ЗЕЙНЕП ҒАЙСАҚЫЗЫ** (1900ж. Мәртөк ауд. Бұлақ а.т.) Жас кезінен еңбекке араласып, Чкалов ұжымшарына мүше болып кірген. Жай қатардағы еңбек адамынан фирма менгерушілері дейін өскен. 1935ж. Қаз КСР-нің 15 жылдығы белгісімен марапатталған. Зейнеп басқарған ұжым 1950ж. жоспардан тыс 27мың литр сүт сауып, мал басын 105 процентке жеткізген. 1951ж. Қаз КСР ЖК депутаты болып сайланды.

**САПАХОВ ЕРСАЙЫН ЖҰМАҰЛЫ** 24.01.1940ж. Мәртөк ауд. Чапай а.д.к. 1957-60ж.ж. К.Маркс ұж. механизаторы болды. 1960-63ж.ж. Кеңес Армиясының қатарында. азаматтық борышын өтеген. 1963-95ж.ж. «Бөрте» ұж. тракторшысы, комбайншысы. Жемісті еңбегі үшін ауд. обл. граиоталарымен, «Еңбек Қызыл Ту», екі мәрте «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.

**САДУАҚАСҚЫЗЫ АСИЯ** - (14.04.1923ж. Әйтеке би ауд. Қарабұтақ а.д.к.)- аға мұғалім, композитор. Мұғалімдер ин. 1944ж. бітірген. №6 Қазақ ОМ мұғалім, Ақтөбеде Темір қазақ ОМ 1952-75ж.ж. Мәртөк қазақ ОМ мұғалім. Ардагерлерге арналған «Ана зоры», «Анашым», «Аққу әні», «Жас ұлан» әндері Мәртөк хорымен айтылған. «Есет батыр» «Әлия және т.б. әндері теледидар және радио арқылы кеңінен таратылған. Ол көптеген медальдар мен грамоталар иесі.



**САРҒОЖИН МҰРАТ** (18.06.1945ж.т. Ақбұлақ ауд. Орынбор обл.)-ғалым-инженер, техника ғылымдарының кандидаты, профессор. Қарағанды политехникалық ин-ын 1968ж. үздік бітірген. Алматы ауыр машина жасау зауытында инженер-конструктор. 1972-99ж.ж. Қазақ политехникалық ин-да Қазақ ҰТУ-те аға оқытушы, доцент, деканның орынбасары болды, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысты. Арнаулы құрылыс монтаждау, I автокөлік жолдары, түсті металл министрліктері мен Ғылыми академиясы тапсырыстары бойынша ғылыми жұмыстар жүргізді. 1994ж. академик

С.Жиенқұловпен бірігіп, студенттер мен оқытушыларға арналған «Ленталық конвейерлердің болжам есептері» оқу құралы кітабын жарыққа шығарды. 1998ж. Қазақ-Ресей Халықаралық ун-де академиялық директоры және Қазақ-Ресей инженерлік-экономикалық коллежінің директоры.

**СТЕПЬ** – ауылы Мәртөк ауданының солтүстік-батыс жағында, аудан орталығынан 24 шақырым қашықтықта орналасқан. Аққұдық ауылдық округінің құрамына кіреді. Халық саны – 120 адам.

## Т

**ТӘЖІБАЕВ АБАЙ САҒЫНҰЛЫ** - (1942ж. Мәртөк ауданы. Қызылжар а.кеңесі, Чапаев ад.к.)- Алматы мал дәрігері ин-ын бітірген. Мал дәрігері ғыл. кандидаты, ғылыми мекемеде жұмыс жасайды. Алматы қ. тұрады.

**ТӘЖІБАЕВ ШӨМІЛ САҒЫНҰЛЫ** (01.04.1945ж.т. Мәртөк ауд. Жусасай кенті)-тамақтану гигиенасы саласындағы ғалым, мед. ғыл. докторы (1985), профессор (1986). Ақтөбе медин-ын және Мәскеу медин-н аспирантурасын бітірген. 1972-74 ж.ж. Қаз. КСР Денсаулық сақтау министрлігінің өлкелік паталогия ғыл. зерттеу инс-да тамақтану биохимиясы зертханасының кіші, аға. ғылыми қызметкері, меңгерушісі, директор, 1988ж. директордың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары. Т.организмде белок, витамин жетіспеу себептері мен түрлерін зерттеп, олардың қалай өршитінін анықтады. I авторлық куәлік алған.

**ТӘЖІБАЕВ ҚАЛИ АХМЕТҰЛЫ** (1914 жылы Байғанин ауданында туған) еңбек ардагері. Мәртөк ауданының ауыл шаруашылығына ерекше еңбек еткен. Көп жылдар бойы ұжымшарда басшылық жасаған. Бірінші басшылық жасаған «III-интернационал» колхозы, ауданның партия комитеті, артта қалған «1 май» атындағы ұжымшарға басшы ретінде жіберіліп, ұжымшардың атын шығарды. Соғыс жылдарында ерен еңбегімен көзге түсті. Фашистік Германияны жеңуге үлес қосқаны үшін бірнеше орденмен марапатталған. «Еңбек Қызыл Ту» және «Құрмет» ордендерімен наградталған.





**ТӘЖІҒҰЛОВ МӘЖИТ ҚҰЛТАНҰЛЫ** (28.04.1938ж.т. Мәртөк ауд. «Қазақстанның 13 жылдығы» а.)- а/ш ин-сын бітіріп, ғалым-агроном, 1983ж. Алматы Жоғ. партия мектебін сырттай оқып бітіріп, «Жайсаң» кеңшарының Целинное бөлімшесінің агрономы. 1966-72ж.ж. Октябрь ауд. а/ш басқармасының бас агрономы. 1972-78ж.ж. Октябрь ауд. Дмитриев ат. кеңшар директоры.1978-82ж.ж. Байғанин ауаткомының төрағасы, 1982-88ж.ж. аупарткомының 1 хатшысы, 1988-94ж.ж. Ақтөбе обл. Парткомының, халық депутаттары облыстық Кеңесінің іс басқарушысы. 1994-97ж.ж. Ақтөбе обл. еңбек қорғау басқармасының бастығы. 1998ж. «ҚР Бейбітшілік және келісім кеңесі» қоғамдық бірлестігінің Ақтөбе обл. филиалы алқасының төрағасы. КОКП XXVIII съезінің, Қаз.Компартиясы ХУ, ХҮІ, ХҮІ съездерінің, Қаз. Азаматтық партиясы Құрылтай съезінің делегаты. 1979-91ж.ж. Ақтөбе обл. парткомының мүшесі,1980-94ж.ж. обл. Кеңестің депутаты болды. «Еңбек Қызыл Ту» «Қазан төңкерісі» «Халықтар достығы» ордендерімен, 7 медальмен, Қаз.КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.



**ТӘЖІБАЕВА МАРИЯ** (1936 ж. 14 жылдық Қазақстан) – сауыншы, Еңбек ардагері. Көп жылдар бойы «Победа» ұжымшарында еңбек істеді. Ерен еңбегі үшін екі мәрте «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет» орденімен марапатталған. Жолдасы Тәжібасов Асылханмен бірге ұл-қыздарын тәрбиелеп өсірді, адам қатарына қосты.





**ТӘҢІРБЕРГЕН-** Мәртөк, Қарғалы ауд. жеріндегі өзен. Ұзындығы 821км. Тасқорылар тау етегінен басталып, Елекке құяды. Аңғары кең /2-3км/, ариасының ені 40-60м., жағасы тік жарлы /2-5м/. Жауын-шашын, жер асты суымен қоректенеді. Орташа жылдық су шығыны 0,49 м/сек.

## ТӘҢІРБЕРГЕН АУЫЛДЫҚ АЙМАҒЫ





ТӘҢІРБЕРГЕН АУЫЛДЫҚ АЙМАҒЫ - Мәртөк ауданының оңтүстік-шығысында орналасқан. Батысында Жайсаң селолық округімен, оңтүстік-батысында Байнассай ауылдық аймағымен, солтүстігінен Қаратоғай, Мәртөк селолық округтерімен, шығысында Хлебодар селолық округімен және оңтүстігінде Құрмансай ауылдық аймағымен шекараласады. Жалпы қолданыстағы жер аумағы 66842 га жерді алып жатыр. Аймақтың территориясынан Республикалық маңыздылығы бар асфальт төселген тас жол өтеді, ол аймақты облыс және аудан орталығымен байланыстырады.



### Шартты белгілер:

-  Өзендер
-  Темір жол
-  Авто жолдары
-  Аудан және округ шекарасы

### Условные обозначение:

-  Реки
-  Железная дорога
-  Автодороги
-  Границы района и округа

**Климаты:** Округ территориясы далалық және құрғақ-далалық аймақта орналасқан. Климат жоғарғы континентальды болып келеді. Ең салқын мерзімі қаңтар айы, бұл айда ауа температурасы  $-35, -40$  градусқа дейін төмендейді. Ал жылдың ең ыстық уақыты шілде айында  $+40$  градусқа дейін көтеріледі. Аязсыз мерзімнің орташа ұзақтығы жыл ішінде 130 күнге дейін созылады. Қауіпті салқындық қазан айынан басталады. Орташа жылдық жауын-шашын мөлшері 250 мм құрайды, соның ішінде ең көбі маусым айында, ең азы ақпан айында түседі. Тұманды күндер мұзда жиі болып отырады. Кейде қысқа мерзімділігімен байқалатын нөсерлі жаңбырлар да болып отырады. Ауаның ылғалдылығы сәуір айында 56 пайызды, мамыр айында 45 пайызды құрап, жаз айларында 37-40 пайызға дейін төмендейді. Түскен қардың қалыңдығы орта есеппен 24 см-ден 33 см аралығын көрсетеді. Округте жазда және күзде шаңды дауылдар болып отырады.

**Жер бедері:** Аймақ территориясы жерінің ауқымды бөлігін Елек өзенінің кең алқабы құрайды, ал алқабын жоғарғы жағы таулы, қырлы болып келеді. Аймақтың батыс бөлігіндегі Ақсу ауылының айналасы солтүстікке қарай төбе-төбе болып созылып жатыр. Орталық бөлігінің жер бедері аралас. Тік жарлы бөктерлер Аймақ территориясымен қиылысатын Елек, Тәңірберген, Ақсу, Жамансу өзендерінің алқабына ауысады. Өзендер алқаптары толқынды болып келетін кішігірім жер бедерлерін құрайды. Ең биік төбелері Жалаңтау(244 м) және Белагорка(275 м). Ауыл аймағы тік жарлар, сай-салалармен тілгіленген, соның ішіндегі ең үлкені Саржансай болып келеді.

**Топырағы:** Аймақтың жер бедері өте күрделі. Мұнда негізінен кара-қызғылт топырақ басым. Сонымен бірге территорияның шағын бөліктерінде саздақ жерлері де кездеседі. Ал Елек өзенінің алқабының топырағы әртүрлі механикалық құрамы және әртүрлі дәрежедегі тұздылығы бар шалғындық жер топырағы тобына жатады. Жердің эрозияға ұшырамауы мақсатында жолдардың бойларына ағаштар отырғызылған.

**Гидрографиясы:** Ауылдық аймақтың гидрографиялық құрылымында Елек өзені, Тәңірберген(33 ш.), Жамансу(30ш.), Ақсу(24ш.) өзендері бар. Елек өзені аймақ территориясының оңтүстік-шығысынан солтүстік-батысқа қарай(36ш.) ағады. Өзен арналарының айналасында тобылғы секілді бұтақтар көп кездеседі. Өзен алқабының ені кей жерлерінде 3-5 шақырым жерді алып жатыр. Алқаптарындағы жарқабақтарының биіктігі 20 метр, ал кей бөліктерінде 30 метрге дейін жетеді. Жарқабақтарының топырағы саздақ, ал ағысқа жақын тұстары құмды болып келеді. Өзен ағысының кейбір тұстарында шағын тоғандар бар. Олардың ені 5 метрден, ұзындығы 300 метрге жететіндері де кездеседі. Тоғандардың тереңдігі шамамен 2 метрдей, ал өзенге ауысып отырған жерлерінде 20 см болатындары бар. Өзеннің еңістігі шамалы, сондықтан ағыс жылдамдығы да төмен. Судың тасу деңгейі 3-4 метрден жоғары болып келеді. Өзеннің тасу мерзімі (жылдық көрсеткіштің шамамен 80 пайызы) негізінен көктемнің сәуір-мамыр айларының енісіне тиеді. Қыста өзен кей аймақтарында түбіне дейін толықтай қатып қалады. Елек өзенінің суының құрамында аралас натрий-хлорид-сульфаты типте жоғарғы иондық көрсеткіштегі гидрокарбонат пен кальций бар. Аймақ территориясында «Мұқат» және «Жер» көлдері бар. Және 1967 жылы салынған бөген бар.

Жерасты суларының жатқан тереңдігі 10 мен 25 метр аралығында. Сонымен бірге артезиан суларының екі скважинасы бар.

**Өсімдіктері:** Құрғақ климаттың әсерінен аймақтың өсімдік қабатын далалық, құрғақшылыққа төзімді өсімдіктер құрайды. Шөптесін өсімдіктерден негізінен сұлы, ақ селеу, арпабае және қызғалдақтың әртүрі өседі. Дәрілік өсімдіктерден адонис, түймедақ, тасшөп, қымыздық, жусантәрізділер кең тараған. Сонымен бірге аймақта бетеге тәріздес шөптердің көп түрлері кездеседі. Өзеннің айналасында өскен терек, жиде, көктерек секілді ағаштар жергілікті табиғатқа өзіндік сән береді. Сай-салаларда бұтақтардан қараған бар. Ал өзен жағалауларында қияқшөп өседі.

**Жануарлар әлемі:** Өсімдіктер мен қатар хайуанаттар әлемі де әртүрлілігімен танымал. Мұнда күзен, түлкі, қасқыр, қоян, елік, сусар, дала тышқаны, саршұнақ, қосаяқ, тасбақа, жылан тіршілік етеді. Ал құстардан тырна, құтан, дала бүркіті, суқарақұс, құр, балшықшы, жапалақ, үкі, шағала, үйрек, бүркіт, және т. б. кездеседі. Аймақ территориясының өзендерінде табан, шабақ, шортан, көксерке, жайын, лақа, алабұға т.б. бар.

**Қорлары:** Тәңірберген ауыл аймағы табиғи ресурстардан тас көмірге (Ақсу, Кеңсахара), құрылыс материалдарына, оның ішінде қиыршық тасқа, шағыл тастарға, саз балшыққа, құмға өте бай. Көлемді жер ресурстарының қатарында: 3878 га кен орындары, 1023 га табиғи шабындықтар, 17864 га жайылымдық, 14125 га жыртлатын жерлер мен жерасты және жербеті суларымен толығып отыратын су ресурстары бар.

**Халқы:** Ауылдық аймақтың территориясы 1995 жылы құрылған және содан бері 66824 га жер көлемін қамтиды. Ауылдық аймақтың құрамына Саржансай, Кеңсахара және Ақсу елді мекендері кіреді. Саржансайда 808 адам, Кеңсахарада 583 адам, ал Ақсуда 18 адам тұрады. Халықтың тығыздығы 1 шаршы шақырымға 2 адамнан келеді.

**Ауыл шаруашылығы:** Климаттық жағдайына қарай Тәңірберген ауылдық аймағы, егіншаруашылығымен айналысу қауіптілігі бар аймаққа жатады. Бұрын бұл аймақтың жерінде сүтті және етті мал шаруашылығы мен шошқа өсіру дамыған болатын. Бүгінгі күні ауыл шаруашылығымен 2 ЖШС және 42 шаруа қожалықтары айналысады.

ЖШС және ШҚ жерлері – 28740 га

- «Кеңсахара» ЖШС - 1588 га. - Иркенов И.
- «Рад Агро» ЖШС - 2208 га. – Селенов М.
- «Сусар» ШҚ - 120 га. - Идрисов А.
- «Тәңірберген» ШҚ - 129 га. – Валиахметова
- «Сағдат» ШҚ - 114 га. - Утепбергенов
- «Байжан» ШҚ - 68 га. – Галлиев Г.
- «Жантай» ШҚ - 159 га. – Даулетбаев Ж
- «Жас-Талап» ШҚ - 409 га. – Ергалиев Ж.
- «Жана-Илек» ШҚ - 1553га- Молдағалиев Г.
- «Владимир» ШҚ - 165 га. – Мукомол В.
- «Пенакос» ШҚ - 151 га. – Махина Л.
- «Нагмет» ШҚ - 341 га. – Нагметов Б.
- «Елтай» ШҚ - 318 га. - Сапитов
- «Анар» ШҚ - 294 га. – Тлепова Б.
- «Свет» ШҚ - 91 га. – Ширяев В.
- «Жигер» ШҚ - 138 га. – Кенжеғалиев Е.
- «Журунтай» ШҚ - 75 га. – Журунтаев В.
- «Ильяс» ШҚ - 53 га. - Ильясов
- «Байкадам» ШҚ - 136 га. – Ильясов М.
- «Ақжол» ШҚ - 80 га. - Скаков Г.

«Влэна» ШҚ - 43 га. – Квон Р.  
 «Хадижат» ШҚ - 120 га. – Билалова Т.  
 «Тлеш» ШҚ - 260 га. – Тлешов К.  
 «Ынтымак» ШҚ - 804 га. – Бутинчинов Ж.  
 «Назар» ШҚ - 2401 га. – Саркулов Р.  
 «Бағдат ХХ I век» ШҚ -1446га- Кубайдуллин  
 «Караганда» ШҚ - 760 га. - Иманова Г.  
 «Еламан А» ШҚ - 1060 га. - Альжанова  
 «Баязит» ШҚ - 6973 га. - Иркенов  
 «Галымжан» ШҚ - 68 га. - Киясова Н.  
 «Алим» ШҚ - 90 га. - Дильжанов  
 «Берекет» ШҚ - 1676 га. – Молдагазы А.  
 «Телеу» ШҚ - 932 га. – Ильясов Т.  
 «Аксу» ШҚ - 659 га. – Жанабаев И.  
 «Алишер» ШҚ - 121 га. – Жумабаев Б.  
 «Талап» ШҚ - 188 га. – Иманов Т.  
 «Деметра» ШҚ - 37 га. – Чумаченко А.  
 «Нуржан» ШҚ - 145 га. – Карабалиев К.  
 «Шолпан» ШҚ - 727 га. – Бихамбетов Б.  
 «Замза» ШҚ - 145 га. - Утегенова Г.  
 «Казен» ШҚ - 221 га. - Байжанов А.  
 «Аргамак» ШҚ - 370 га. - Альмурзаев А.  
 «Адилет» ШҚ - 996 га. - Кобенев Б.  
 «Сапар» ШҚ - Турмагамбетов Б

**Білімі:** Қазіргі таңда аймақта 2 орта мектеп бар, оның бірі Саржансай, екіншісі Кеңсахара ауылдарында. Барлығының жалпы оқушыларының саны 299 бала. Педагогикалық ұжымдарда 58 мұғалім бар. Кеңсахара мектебінің жанында БЖСМ-ның филиалы жұмыс істейді, онда 16 бала қатысып жүр.

**Денсаулықсақтау саласы:** Аймақтың Саржансай ауылында дәрігерлік амбулатория, Кеңсахара ауылында фельдшерлік пункт бар.

**Мәдени-ағарту жұмыстары:** Ауылдық аймақа 1 кітапхана мен 1 клуб бар. 6775 кітап қоры бар кітапхана Саржансай ауылында, ал клуб Кеңсахара ауылында орналасқан.

**Спорт:** Аймақ территориясында спорттың шахмат, тоғызқұмалақ, үстел теннисі және еркін күрес(қыздар мен ерлер) жақсы дамыған. Мұндағы спортшылар аймақтық, аудандық, облыстық, тіпті Республикалық жарыстардан да жүдделі орындарға қол жеткізіп отырған.

**Мәдени мұралары:** “Начало алакольской эпохи в Урало-Казахстанском регионе” атты В.В. Ткачевтың ғылыми еңбектері негізінен Олардың далалық аймақтарында ертедегі мазарлардың барлығы 4 түрлі бейіттер комплексіне шоғырландырылғандығы мәлім. Бұл жерлерден батыс алакөл мәдени топтары Қазақстанның Орал аймақтарының мәдени мұралар тобынан айтарлықтай айырмашылығы барын байқауға болады.

Өзіндік ерекшеліктерінің бірі болып алакөл мәдени топтарының жерлеу барысындағы кабірге қою дәстүрлері, Сынтас ескерткіштерінің мәдениетінен мирасқа қалып, рәсімдері сақталған

Ақсу – I бейіті. Батыстан Шығысқа қарай 350 м тізбекпен 30 жероба орналасқан. Бейіттің ортасында ең ірі №1 оба тұр – үйінді жартылай сфералық формалы, биіктігі 2,5 м, диаметрі 45 м, жоғарысында диаметрі 5 м болатын тонау шұңқыры бар, сәл әріде геодезиялық белгі орнатылған. Батысқа 60 м таман мөлшері 0,2 – 5м-ден 1,0 – 16 м болатын 12 обадан тұратын үйінді орналасқан, қалған обалар №1 обадан шығысқа қарай кеңінен созылған. Олардың үйінділері 1,3 – 10 м-ден 0,2 – 10 м-ге дейін өзгеріп отырады. Шығыс шекарада қазақ молаларының шоғы орналасқан. Екі шығыстық оба тегіс жыртылған. Оба Елек өзенінің арнасынан оңтүстікке 250 м Ақсу және Елек өзендерінің арасындағы суды бөліп тұратын үстірт дөңінде орналасқан. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж. тамызда табылған. Паспортталған.

Ақсу – II бейіті. Екі жер оба бір-бірінен 85м қашықтықта солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарайғы белдікте Елек және Ақсу өзендерінің аралығындағы суайрық жотада орналасқан. Үйінділер тегіс. Көлемі: №1 – биіктігі 0,4 м, диаметрі 14 м, №2 – биіктігі 0,2 м, диаметрі 8 м. ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Ақсу – III бейіті. Солтүстік – солтүстік шығыс – оңтүстік оңтүстік – батыс желісінде 240 м қашықтықта Ақсу өзенінің солтүстік жағалауындағы суды бөліп тұратын үстірт дөңінде орналасқан 8 обадан тұрады. Ішіндегі ірі үйінділер №1 (1,0-18 м), 2 (1,3-20) солтүстікке таман орналасқан. №1 обаның үстінде геодезиялық белгі орнатылған. №1 обадан 70 м оңтүстікте №5 оба(1,0-12 м) орналасқан. Қалған обалардың көлемі 0,3-6 м-ден 0,8-10 м-ге дейін. Обалардың үйінділерінде көп мөлшерде жабайы шакпақ тастар кездеседі. Ескерткіш ерте дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Ақсу – IV бейіті. Үйінді тастарын қоса алғанда 4 оба Ақсу және Елек өзендерінің арасындағы суайрық үстірті дөңінде егіндіктің ескі онында орналасқан. Оба екі-екіден парлап орналасқан. №1,2 обалар бір-бірінен 50 м оңтүстікке қарай солтүстіктен- оңтүстікке таман белдікте жатыр. №2 обадан солтүстікте 100-120 м қашықта батыс-солтүстік батыс- оңтүстік оңтүстік-шығыс белдігінде бірінен-бірі 40 м қашықта үшінші және төртінші обалар орналасқан. Үйінділер жыртылған жермен қатты тегістелген. Обалар көлемі: №1 – 0,8-22 м; №2 – 0,3-20 м; №3 – 1,2-30 м; №4 – 1,0-30 м. ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен табылған. Паспортталған.

Ақсу – V бейіті. Жартылай сфералық формалы үйіндісінде тас кездесетін жер оба; биіктігі – 0,7 м, диаметрі – 22 м. Новомихайловка – Мәртөк тас жолындағы Ақсу өзенінен оңтүстік шығыста 3км жерде орналасқан.

Ақсу – VI бейіті. Бір-бірінен 30 м солтүстік шығыс-оңтүстік батыс белдігінде, Ақсу өзенінің солтүстік жағалауындағы суайрық дөңінде орналасқан 25 жер обадан тұрады. Шеттегі солтүстік №1 обаның (0,4-10 м) басында біруақытта геодезиялық белгі болған. №2 обаның үйіндісі жайпақ, биіктігі 0,15 м, диаметрі 8 м. ескерткіш ортағасырлық кезеңге жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Ақсу – VII бейіті. Ақсу өзенінің солтүстік жағалауындағы суайрық үстірті дөңінде орналасқан 4 жер обадан тұрады. Обалар солтүстік батыстан оңтүстік шығысқа қарай 100 м-ге созылған тығыз тізбекпен топталған. Үйінділер тегістелген. Ортада орналасқан көлемі жағынан ең үлкен оба №1 – 1,0-20 м. қалғандарының көлемі 0,15-10 м-ден 0,4-14 м-ге дейінгі аралықта. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Ақсу – VIII бейіті. Елек өзенінің сол жағалауындағы суайрық үстірті баурайында үш жер оба орналасқан. Обалар солтүстік- солтүстік шығыс-оңтүстік оңтүстік-батыс белдігінде бір-бірінен 140 м қашықта орналасқан. Обалар №1 (1,5-20 м), 2(0,6-20 м) солтүстік-солтүстік шығыс-оңтүстік оңтүстік-батыс белдігінде бір-бірінен 30 м жерде орналасқан. Олардан 110 м солтүстікте екінші текшекемердің үзілген жерінде №3 оба(0,25-8 м) орналасқан. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Ақсу – IX бейіті. Елек өзенінің сол жағалауындағы суайрық үстірті дөңінде төрт жер оба орналасқан. №1 обаның үйіндісі жартылай сфералық формалы, биіктігі 1 м, диаметрі 14 м, қалған үш оба солтүстікке қарай үшбұрыш тәріздес солтүстік-солтүстік шығыста 140 м жерде орналасқан. Олардың көлемі: №2 (1,4-22 м), №3 (0,5-20 м), №4 (1,0-22 м). ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Ақсу – X бейіті. Ақсу өзенінің оңтүстік жағалауындағы суайрық үстірті дөңінде тоғыз оба орналасқан. 400 м-ге созылған ендікті бағдар тізбегінен тұрады. Обалар үйіндісінің көлемі 0,2-12 м-ден 0,8-15 м аралығын қамтиды. Топтың ортасынан электрберіліс линиясы өтіп жатыр. Батысқа таман орналасқан төрт оба, олардан солтүстікке 100 м қашықта орналасқан №8 (0,15-12 м) және №9 (0,15-8 м) обалар сияқты тегіс жыртылған. Қола

дәуірінің ескерткіштері. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Ақсу – XI бейіті. Жартылай сфералық формалы жер оба:биіктігі 0,5 м, диаметрі 6 м, ескі қазақ моласының оңтүстік шетінде орналасқан. Діни кешен Елек өзенінің солтүстік жағалауындағы жайылма төбесінде орналасқан. Ескерткіш ортағасырлық кезеңге жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Ақсу – XII бейіті. Үш жер оба Ақсу өзенінің сол жағалауындағы суайрық обасында орналасқан. Обалар бірінен-бірі 210 м жерде солтүстік-солтүстік батыс- оңтүстік-оңтүстік шығыс белдігінде жатыр. Үйінділер тегіс жыртылған, солтүстікке таман орналасқан №1 оба көлемі 0,7x16 м, №2,3 обалар оңтүстікте бір-бірінен 30 м жерде батыс- солтүстік батыс-оңтүстік-оңтүстік шығыс белдігінде орналасып, көлемдері 0,4x16 м және 0,3x12 м.ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады.ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Ақсу – XIV бейіті. Дөңгелек жартылай сфера тәріздес үйінділі топырақты екі оба Елек өзенінің сол жағалауындағы суайрық үстірттің меже алқабында бір-бірінен 200 м қашықта солтүстік-солтүстік батыс-оңтүстік-оңтүстік шығыс белдікте орналасқан.солтүстікке таман орналасқан №2 обаның (1,7x28 м) басына геодезиялық белгі орнатылған. №1 оба көлемі – биіктігі 1,5 м, диаметрі 24 м. ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады.ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Ақсу – XVII бейіті. Елек езенінің сол құйылысының Ақсу өзенінің оң жағалауындағы суайрық үстірті дөңінде орналасқан жартылай сфералық формалы жер оба (1,4x23 м). үйінді айналасы дөңгелене қазылған. Оның төбесіне геодезиялық белгі орнатылған. Солтүстіктк 30 м жерде №2 оба(0,2x6 м) орналасқан. Оның үйіндісінде тастар кездеседі. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Ақсу – XVIII бейіті. Биіктігі 2 м, диаметрі 50 м болатын жер оба Ақсу өзенінің сол жағалауындағы суайрық үстірті дөңінде егіндіктің ескі орнында орналасқан. Оба маңында айналмалы ор. Үйінді жыртылған жермен тегістелген. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Ақсу – XX обасы. Биіктігі 0,4 м, диаметрі 8 м болатын тасты оба. Ақсу өзенінің оң жағалауындағы суайрық дөңінде орналасқан. Ескерткіш ортағасырлық кезеңге жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған.Паспортталған.



Ақсу – XXII бейіті. Жартылай сфералық формалы үйінділі екі жер оба солтүстік-солтүстік батыс-шығыс-оңтүстік шығыс белдігінде бір-бірінен 90 м жерде Ақсу өзенінің оң жақ жағалау басында орналасқан. Үйінділер көлемі: 0,4x8 м және 0,3x6 м. ескерткіш ортағасырлық кезеңге жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Ақсу – XXIII бейіті. Биіктігі 0,25 м, диаметрі 3 м-ден 5 м-ге дейін болатын төрт тасты оба солтүстік батыс-оңтүстік шығыс белдігі бойынша бір-бірінен 30 м жерде Ақсу өзенінің оң жағалауындағы суайрық үстірті дөңінде орналасқан. №2 обаның басында геодезиялық белгі орнатылған. Ескерткіш ортағасырлық кезеңге жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Ақсу – XXIV бейіті. Жайпақ үйінділі екі жер оба Ақсу өзенінің оңтүстік жағалауындағы суайрық жотаның басында орналасқан. Бір-бірінен солтүстік-оңтүстік белдеуде 15 м жерде жатыр, жанында шопан үйшігі мен малға арналған қаша бар. Көлемдері: №1 (0,2x8), №2(0,1x6). Ескерткіш ортағасырлық кезеңге жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Ақсу – XXV бейіті. Жартылай сфера тәрізді үйінділі жер оба Елек өзенінің сол жақ құйылысында Ақсу өзенінің оң жағалауындағы суайрық үстірті шетінде орналасқан. Биіктігі 1 м, диаметрі 16 м, оның басында кезінде геодезиялық белгі орнатылғандығын дәлелдейтін із бар. ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Ақсу – XXVI бейіті. Екі жайпақ жер оба Ақсу өзенінің оң жағалауындағы суайрық үстірті дөңінде ендікті орналасқан. Үйінділер көлемі: биіктігі 0,3 м, диаметрі 12 м. Қола дәуірінің ескерткіштері. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Ақсу – XXVII бейіті. Екі жер оба Ақсу өзенінің оң жағалауындағы суайрық үстірті дөңінде орналасқан. №1 оба топырақты, жартылай сфералық формалы, биіктігі 2,5 м, диаметрі 46 м, үйіндінің айналасында көлбеу айналмалы ор. Бірінші обаның етегінде оңтүстік батысқа қарай 30 м қашықта №2 оба орналасқан. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Алтынқазған бейіті. Елек өзенінің сол жақ құйылысындағы Танаберген өзенінің оң жағалауындағы суайрық үстірті дөңінде орналасқан. Жүйессіз

шашыранды орналасқан төрт обадан тұрады. Оңтүстіктен шет орналасқан №2 оба (1x20 м). үйінді жайылып кеткен. Солтүстікке 135 м қашықтықта ірі №1 (1,5x20 м) оба орналасқан, басына геодезиялық белгі орнатылған. Одан солтүстік шығысқа қарай 50 және 70 м қашықта №3 (0,5x18 м) және №4 (0,4x14 м) обалар орналасқан. №4 оба үйіндісі тасты. №12,3,4 обалар авариялық күйде тегіс жыртылған. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987ж тамызда табылған. Паспортталған.

Жамансу – I бейіті. Елек өзенінің жайылма тік жарындағы (сол жағалау) аласа суайрық жотасында орналасқан 5 жер обадан тұрады, толығымен алғанда ұзындығы 140 м болатын ендікті бағыттағы тізбекті құрайды. №5 оба олардың бәрінен бөлек (негізгі топтан шығысқа қарай) орналасқан. Ол көлемі жағынан ең үлкені (20x0,6м), қалғандарының диаметрі 12-15 м және биіктігі 0,25-0,4 м. №3 обаның үйіндісінде көлемі 4x6м болатын терең емес шұңқыр кездеседі. Ескерткіш ортағасырлық кезеңге жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 7.08.1987ж. табылған. Паспортталған.

Жамансу – II бейіті. Елек өзенінің сол жағалауы жайылмасынан 300 м жерде суайрықта 40м солтүстіктен оңтүстікке қарай тізбекпен орналасқан үйіндісі жарты шар тәріздес формалы көлемдері онша үлкен емес (диаметрі 6-8м, биіктігі 0,15-0,5м) төрт жер обадан тұрады. Ескерткіш ортағасырлық кезеңге жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 7.08.1987ж. табылған. Паспортталған.

Жамансу – III бейіті. Аласалау меридианды суайрықта бір-бірінен 100 м жерде орналасқан диаметрі 20-22 м, биіктігі 1 м болатын 3 жарты шар тәріздес формалы үйіндіден тұрады. №1 обаның батыс етегінде ор байқалады, №3 обаның үйіндісінде тас кездеседі, ол басқа екі обаның үйіндісінде де болуы мүмкін. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 7.08.1987ж. табылған. Паспортталған.

Жамансу – IV бейіті. Жазық суайрықта жүйесіз орналасқан диаметрі 7-9 м биіктігі 0,2-0,4 м болатын үйіндісінде тас кездесетін 3 обадан тұрады. Ескерткіш қола дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1987ж. жазда табылған. Паспортталған.

Жамансу – V обасы. Електің сол жағалауындағы суайрық басында орналасқан диаметрі 12 м, биіктігі 1 м болатын үйіндісі жарты шар тәрізді формалы жер оба. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1987ж. жазда табылған. Паспортталған.

Жамансу – VI обасы. Қазақ моласының солтүстік шетінде, Елек өзенінің сол жағалауы арнасының үзілген жерінде орналасқан диаметрі 16м, биіктігі 0,6 м

болатын жарты шар тәріздес формалы жер оба. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1987ж. жазда табылған. Паспортталған.

Жамансу – VII обасы. «1 км» белгісінен шығыста 1 км жерде Степановқаға баратын жолдағы суайрық төбеде орналасқан жарты шар тәріздес формалы үйіндісінде тас кездесетін жер оба. Диаметрі 12 м, биіктігі 0,6 м. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1987ж. жазда табылған. Паспортталған.

Жамансу – VIII бейіті. Меридиандық бағыттағы суайрық төбеде орналасқан, басында триопункті бар жер оба. Диаметрі 22 м, биіктігі 1,7м. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1987ж. жазда табылған. Паспортталған.

Кеңсахара – I бейіті. Елек өзенінің құйылысынан оңтүстікке 2 км жыртылған жерде бірінші жайылма террасында орналасқан 4 жер обадан тұрады. Обалардың біріне тригопункт орнатылған, қалғандары тегіс жыртылған. Олардың көлемдері: №1 – 1x40м, №2 – 0,5x20м, №3 – 0,7x18м, қорған №4 – 0,4x18м. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 07.08.1987ж. табылған. Паспортталған.

Кеңсахара – II бейіті. Солтүстік-солт.стік батыс-оңтүстік-оңтүстік шығыс желісі бойынша 300 м-ге Елек өзенінің сол жағалауындағы бірінші жайылма террасасының тік жары жағалауында тізектеліп созылған 16 жарты шар тәріздес формалы жер обадан тұрады. Ең үлкен №1 обада бұрында тригопункт орнатылған. №4 және №5 обалар мазар болуы мүмкін, өйткені оның негізінде квадратасты формалы жабай тастармен қалау байқалады. Обалар негізгі тобының көлемі 4-10x0,2-0,4 м шегінде. Оңтүстіктен №5 (18x0,5) және №16 (20x0,3м) обалар шеткері орналасқан. №1 оба көлемі: 20x1,0м. Ескерткіш ортағасырлық кезеңге жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 07.08.1987ж. табылған. Паспортталған.

Кеңсахара – III бейіті. Елек өзенінің жайылмасынан 4-5 км жерде, терең дала қойнауынды Елек өзенінің сол жағалауындағы суайрықта орналасқан. Обалар ұзын тізбекпен солтүстіктен шығысқа қарай 1,3 км-ге созылып жатыр. Бейіт 5 км жерде жақсы көрінеді. №5, 11, 13 обалар үйіндісінде тас кездеседі, ал қалғандары топырақты. Үйінділер көлемі шамамен диаметрі 7-40 м, биіктігі 0,4-1,7 м. Олардың барлығы дерлік тегіс жыртылған. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 07.08.1987ж. табылған. Паспортталған.

Кеңсахара – IV обасы. Елек өзені сол жағалауындағы ендікті бағыттағы суайрық жотада орналасқан диаметрі 8 м және биіктігі 0,5 м болатын жарты

шар тәріздес формалы оба. Үйінді топырақтан және ұсақталған шағыл тастан тұрады. Ескерткіш қола дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 12.08.1987 жылы табылған. Паспортталған.

Кеңсахара – V обасы. Терең дала қойнауының Елек өзені құйылысынан 5 км оңтүстікке, өзенінің сол жағалауындағы суайрықта орналасқан көлемі 1,5x25 м болатын жарты шар тәріздес жер оба. Ескерткіш ерте темір дәуіріне тән. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 12.08.1987 жылы табылған. Паспортталған.

Кеңсахара – VI бейіті. Елек өзенінің сол жағалауындағы терең дала қойнауындағы жазық төбе басында тығыз орналасқан бес жарты шар тәріздес жер обадан тұрады. Барлық обалар тегіс жыртылған. Көлемі жағынан үлкен обалар №1 (36x1,0) және №5 (40x1,0). Қалған обалардың көлемі 20-30x0,4-0,5 м аралығында өзгеріп отыр. Ескерткіш ерте темір дәуіріне тән. ҚазССР және АПИ археологиялық экспедициясымен 12.08.1987 жылы табылған. Паспортталған.

Кеңсахара – VII бейіті. Елек өзенінің сол жағалауында қазақ моласының солтүстік шетінде жазық қыраттың басында шоқ болып орналасқан жартылай сфералық формалы екі жер обадан тұрады. Обалар көлемі №1 - 10x0,7 м және №2 – 10x0,4 м.

Кеңсахара – VIII бейіті. Дала жолы қиып өтетін Елек өзенінің сол жағалауында жазық қыраттың басында орналасқан жартылай сфералық формалы екі жер обадан тұрады. Обалар көлемі: №1 – 12x0,5 м және №2 – 12x0,3м.

Нагорное бейіті. Ескерткіш 1955 жылы В.С.Сорокинмен (СССР археологиялық институтының Ленинград бөлімімен) табылды, 1960 жылы Қазақстанның археологиялық ескерткіштерінің кадастрімен №820 болып тіркелді. 1975 жылы Ақтөбе облыстық мұражайының археологиялық тобымен обалардың орналасуының жартыинструментальды жобасы жасалады. Қазылған жоқ. Қорым оңтүстік-батыс бағытта иілген 700 м кашықта субендікке созылған доға түріндегі 5 ірі жер оба тізбегінен тұрады. Обалар арасында кашықтық 70-тен 320 м камтып отыр. өзінің шұбалаңқылығымен ол көрші Ақтөбе ауданындағы Хлебодаровка ауылындағы Бесоба қорымына ұқсайды. Обалар рельефі әлсіз байқалады. Тек №4 обаның төбесінен ғана төрт жағынан ормен қазылған триангуляциялық белгінің қалдығы табылды. Обалар көлемі: диаметрі 28-ден 46 м, биіктігі 1,8-ден 3 м. Обалардың үшеуі (№1, 2, 5) тегіс жыртылған. Және егістің астында жатыр, обалар айналасында сол кезеңдегі көшпенділер жерлеуінен қалған жойылып бара жатқан кішкене обалар байқалады. Обалар савромат көсемдерінің тұрмысы және салты туралы жаңа мағлұматтар, ерте

көшпенділердің қолданбалы өнері, олардың қарулануы, басқа халықтармен байланысты туралы заттық материалдарды беруі мүмкін. Ескерткіш б.з.д. YIII-IV ғғ. жатады. Паспортталған.

Нагорное – II обасы. Елек өзенінің сол жағалауындағы бірінші жайылма террасасы жырасынан 100 м қашықта орналасқан көпжылдық жырту нәтижесінде үйіндісі құлаған жер оба (қазіргі көлемі 0,6x20). Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 07.08.1987 жылы табылған. Паспортталған.

Нагорное – III бейіті. Елек өзенінің сол жағалауындағы бірінші жайылма террасасы тік жарындағы жыртылған жерде ромб тәрізді орналасқан диаметрі 15-ден 22 м, биіктігі 0,3-тен 0,6 м болатын төрт жер обадан тұрады. Барлық қорғандар тегіс жыртылған. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 07.08.1987 жылы. Паспортталған.

Нагорное – IV бейіті. Елек өзенінің сол жағалауындағы жайылма террасаның егістіктің ескі орнында орналасқан жер оба (1,0x20 м). Обаға тригопункт орнату нәтижесінде үйінді квадратасты формаға ие болған. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 07.08.1987ж. табылған. Паспортталған.

Нагорное – V обасы. «Социализм» колхозы шегіндегі далада Елек өзені жағалауындағы суайрық басындағы арнада 10 км қашықта көлемі 1,2x20 м болатын жарты шар тәріздес формалы жер оба. Қорғанның төбесіне триангуляциялық белгі орнатылған. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 12.08.1987 жылы табылған. Паспортталған.

Нагорный – VI бейіті. Нагорное – V обасынан 0,7 км батысқа қарай суайрық жотада бір-бірінен 130 м қашықта батыс-шығыс желісі бойынша орналасқан екі жер обадан тұрады. Обалар биіктігі 1,6 және 1,8 м, диаметрі 36 және 50 м. Обалардың периметрі бойынша – шіліктер қамысы. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 12.08.1987ж. табылған. Паспортталған.

Танаберген – I бейіті. Екі шар тәріздес формалы жер оба Танаберген өзенінің тегіс жайылмауесті террасасындағы егістіктің ескі орнында орналасқан. Бір-бірінен батыс-шығыс желісі бойынша 70 м жерде жатыр. Олардың көлемі: №1 (шығыстық) биіктігі – 2 м, диаметрі 36м; №2 биіктігі – 2,5м. Екеуі де тегіс жыртылған. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987 жылы тамызда табылған. Паспортталған.

Танаберген – II бейіті. Елек өзенінің (сол жағалауы) бірінші жайылмауы террасасының жазық аумағында орналасқан. №1 жер обаны айналасында бірнеше тегісүйінділері байқалады. 1987 жылы оның көлемі 1,3x28 м шегінде болған. Қалған обалардың көпшілігі одан оңтүстік-оңтүстік шығыста 350 м жерде орналасқан. Көлемі 0,2x15м-0,7x22м болатын барлығы төрт үйінді. 1989 жылы осы жерде савромат мәдениетіне жататын №4 оба қазып алынды. 1991 жылғы қазба жұмыстары қалған обалар тобының да савромат мәдениетіне жататындығын көрсетті. №1 оба қола дәуірінен соңғы ортағасырлық кезең жерлеуімен ерекшеленеді. Қола дәуірінің катокөбісіндегі ор мәдениетінің жерлеулері бірегей болып табылады. Ескерткіш қола және ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987 жылы тамызда табылған. Паспортталған.

Танаберген – III обасы. Диаметрі 14 м, биіктігі 0,6 м болатын жазық үйінділі жер оба Танаберген өзенінің оң жағалауындағы суайрық үстіртте қазақ моласы маңында орналасқан. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987 жылы тамызда табылған. Паспортталған.

Танаберген – IV бейіті. Танаберген өзенінің суайрық үстіртінің басында қазақ моласы шегінде орналасқан диаметрі 16 м, биіктігі 0,7 м болатын жер үйінді. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. ҚазССР ҒА және АПИ археологиялық экспедициясымен 1987 жылы тамызда табылған. Паспортталған.

Танаберген – V бейіті. Танаберген өзенінің сол жағалауындағы суайрықтың басында орналасқан екі жер обадан тұрады. Обалар солтүстік батыс-оңтүстік шығыс желісі бойынша 75 м жерде орналасқан. Көлемдері: Қ №1 (0,65x10), Қ №2 (0,7x22м). Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық экспедициясымен 1987 жылы тамызда табылған. Паспортталған.

Танаберген – VI бейіті. Диаметрі 30м, биіктігі 1,0м болатын жер оба. Тагаберген өзенінің сол жағалауындағы шопан орнынан 500м жерде дала жолында орналасқан.

Танаберген – VII бейіті. Жартылай сфералық үйінділі екі жер оба (30x1,0 м, 28x0,9 м) Танаберген өзенінің оң жағалауындағы жазық төбеде орналасқан.

Танаберген – VIII бейіті. Танаберген өзенінің оң жағалауындағы құламалы төбеде қазақ моласы маңында 3 оба тобы орналасқан. Обалар көлемі: диаметрі 18-ден 25м, биіктігі 1,3-1,5 м.

Танаберген – IX бейіті. Танаберген өзенінің оң жағалауындағы дала жолында орналасқан 4 жер оба. №2 оба үйіндісінде тас кездеседі. Олардың көлемі биіктігі 0,3-1,8 м, диаметрі 13-30 м аралығында.

## ТӘҢІРБЕРГЕН АУЫЛДЫҚ АЙМАҒЫ БОЙЫНША КӨП БАЛАЛЫ АНАЛАР

**Мұхамбетова Зинеп-** 1928 жылы 1 мамырда Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Жаңа –Елек ауылында туған. Білімі бастауыш. 1946 жылы Мұхамбетов Мақсұтпен тұрмыс құрды. Өзі тылдың қатысушысы Социализм колхозының №1 бөлімшесінде алғашқы тракторшы болған. 9 баласы, 16 немересі, 3 шөбересі бар. «Күміс алқа», «Ана даңқы» ордені мен «Еңбек ері», «1941-1945 жж Ұлы Отан Соғысы жеңісіне 50 жыл» мерейтойы медалі, наградталған. Қазірде Саржансай ауылында тұрады.

**Құрбанбаева Бибісара-** 1946 жылы 30 қыркүйекте Өзбекстан Республикасы, Беруни ауданы Беруни совхозында туған. Білімі орта. 1965 жылы Бекешов Үскенмен тұрмыс құрды. Өзі қарапайым жұмысшы, жолдасы фельдшер болып жұмыс істеді. 8 баласы, 12 немересі бар. «Күміс алқамен» наградталған. 2002 жылдан бастап Саржансай ауылында тұрады.



**Молдағалиева Үмсындық-** 1936 жылы 16 желтоқсанда Ақтөбе облысы Родниковка ауданы Саржар ауылында туған. Білімі 7 кластық. 1955 жылы Молғалиев Ғаббаспен тұрмыс құрды. Өзі Социализм колхозының озат бұзаушысы, жолдасы селолық кеңес төрағасы. 10 баласы, 13 немересі, 3 шөбересі бар. «Батыр ана», «Еңбек ері», «ерен еңбегі үшін» медалі мен 10 бесжылдықтың озаты, жетістіктері үшін бүкіл одақтық халықшаруашылық жетістіктері көрмесіне 4 рет қатысқан. Ақтөбе облысының үздік малы атағына ие болған, халық шаруашылығын дамытудағы жетістіктері үшін 3 күміс, 1 қола медалін алған. Ол бірінші облыстық әйелдер съезінің қатысушысы болған. Қазіргі күні Саржансай ауылында тұрады.

**Сқақова Қарылға-** 1942 жылы 28 ақпанда Ақтөбе қаласында туған. Білімі 7 кластық. 1959 жылы Сқақов Мырзахметпен тұрмыс құрды. Өзі сауыншы, малшы қызметтерін атқарады, жолдасы Псковск комсомол ауданында инженер, жүргізуші болып жұмыс істейді. 10 баласы, 18 немересі бар. «Батыр ана», «Алтын алқа», аналық орденімен наградталған. 2003 жылдан бастап Саржансай ауылында тұрады.



**Байжанова Жауқан-** 1926 жылы 1 мамырда Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Құмсай ауылында туған. Білімі бастауыш. 1947 жылы Қазин Байжановпен тұрмыс құрды. Өзі тылдың қатысушысы, қарапайым жұмысшы, жолдасы атқосшы болып жұмыс істеді. 11 баласы, 32 немересі, 21 шөбересі бар. «Батыр ана», «1941-1945 жж Ұлы Отан соғысы жеңісіне 60 жыл» мерейтойы медалімен наградталған. 1946 жылдан бастап Кенсахара ауылында тұрады.

**Қабылова Шашты-** 1945 жылы 15 шілдеде Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Жамбыл ауылында туған. Білімі 7 кластық. 1963 жылы Қабылов Амангелдімен тұрмыс құрды. Өзі шабан көмекшісі, жолдасы жүргізуші болып жұмыс істеді. 8 баласы, 13 немересі бар. «Күміс алқамен» наградталған. 1996 жылдан бастап Кенсахара ауылында тұрады.



**Момынова Ақпал-** 1937 жылы 13 шілдеде Атырау облысы Қызылқоға ауданы Абай ауылында туған. Білімі арнаулы орта, медициналық. 1962 жылы Ермеков Қырымға тұрмысқа шығады. Өзі лобарант, жолдасы Қазақ ғылыми зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері болып жұмыс істеді. 9 баласы, 22 немересі бар. «Батыр ана» ордені, II дәріжелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталды. 1998 жылдан бастап

Кенсахара ауылының тұрғыны.



**Әбдікәрімова Ұлпан-** 1941 жылы Қарақалпақстан Республикасы Қоңырат ауданы Ахунбабай ауылында туған. Білімі 8 кластық. 1961 жылы Әбдікаримов Әбдірешпен тұрмыс құрды. Үстірт совхозында шопан көмекшісі болып, жолдасы 40 жыл шопан қызметін атқарады. 10 баласы, 8 немересі бар. «Батыр ана» атағына ие болған. 2004 жылдан бастап Кенсахара ауылында тұрады.



**Гельвих Анна Карловна-** 1944 жылы 30 мамырда Украина Республикасы Одесская облысы Березовка ауданы Ясная Поляна ауылында туған. Білімі 2 кластық. 1962 жылы Гельвих Александр Эмануиловичпен тұрмыс құрды. Өзі 35 жылдай сауыншы, жолдасы Победа колхозында тракторшы болып жұмыс істеді. 9 баласы, 7 немересі бар. III дәріжелі «Ана даңқы» ордені, «Еңбек ардагерімен» наградталған. Ұлы Отан Соғысы кезінде Қазақстанға жер аударылып, 1959 жылдан бастап

Кенсахара ауылында тұрады.

**Құлманова Балзия-** 1945 жылы 23 ақпанда Ақтөбе облысы Қобда ауданы Успенровка селосында туған. Білімі 6 класс. 1963 жылы Құлманов Тұрманмен тұрмыс құрған. Өзі 25 жылдай сауыншы, жолдасы Дзержинск совхозында малшы қызметін атқарады. 8 баласы, 14 немересі бар. II дәріжелі «Ана даңқы» орденімен наградталған. 2001 жылдан бастап Кенсахара ауылында тұрады.



**Башанова Қамагүл-** 1939 жылы 20 маусымда Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы 14 жылдық Қазақстан ауылында туған. Білімі бастауыш. 1956 жылы Башанов Рысқалимен тұрмыс құрды. Өзі сауыншы, жолдасы Социализм колхозында малшы болып жұмыс істеді. 9 бала, 15 немересі бар. «Күміс алқа», II дәрежелі «Ана даңқы» ордені, «1941-1945 жж Ұлы Отан Соғысы 60 жылдық» мерейтойы медалімен наградталған. Қазір Саржансай ауылында тұрады.



**Аманқұлова Сәбира Қабақанқызы** - 1928 жылы 20 шілдеде Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Қазақстан ауылында туған. Білімі 4 кластық. Ұлы Отан соғысы жылдары әртүрлі жұмыс атқарды. 1946 жылы Аманқұлов Өмірбасармен тұрмыс құрды. Өзі тылдың қатысушысы, жолдасы еңбек армиясына қатысушы, 33 разьезде станция кезекшісі, механик болып жұмыс істеді. 8 бала, 16 немере, 3 шөбересі бар. «Күміс алқа», «Ана даңқы» ордені, «1941-1945 жж Ұлы Отан Соғысы 60 жылдық» мерейтойы медалімен наградталды. Қазір Саржансай ауылының тұрғыны.

**Арықбаев Рабига** - 1942 жылы 5 мамырда Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Вознесенка ауылында туған. Білімі 7 кластық. 1959 жылы Арықбаев Сержанмен тұрмыс құрады. Рабига 30 жылдан астам уақыт Победа колхозында сауыншы, жолдасы малшы болып жұмыс істейді. «Еңбек ардагері», «Ерен еңбегі үшін» медалдері, «9 бесжылдық озаты», «11 бесжылдық озаты», социалистік еңбектің озаты, төрт жыл қатарынан аудандық кеңес депутаты болды. 1959 жылдан бастап Кенсахара ауылында тұрады.



**Нұржанова Жамиға** - 1932 жылы Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Құмсай ауылында туған. Білімі бастауыш. 1948 жылы Нұржанов Сәдумен тұрмыс құрды. Өзі қарапайым жұмысшы, жолдасы тракторшы болып қызмет еткен. 9 баласы, 27 немересі, 6 шөбересі бар. «Ана даңқы» ордені, аналық медалдерімен наградталған. 1968 жылдан бастап Кенсахара ауылында тұрады.

**Елемесова Алтыншаш** - 1949 жылы 10 ақпанда Қарақалпақстан Республикасы, Хожелі ауданы Карла Маркс атындағы колхозда туған. Білімі 8 кластық. Жүн иіруші болып жұмыс істеді. 1966 жылы Елемесов Мұратбай Ізтұрғанұлымен тұрмыс құрды. Өзі колхозшы, жолдасы тракторшы қызметтерін атқарған. 10 баласы, 19 немересі бар. «Алтын алқамен» наградталған. Қазіргі таңда Саржансай ауылында тұрады.





**Жәмитова Жансейя**- 1938 жылы Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Ақжар совхозында туған. Білімі орта. 1959 жылы Ильясов Тұңғышбаймен тұрмыс құрды. 1960 жылдан бастап екеуі де 30 жыл аудандық комсомол жолдамасы бойынша шопан болып жұмыс істеді. 9 баласы, 23 немересі, 2 шөбересі бар. «Күміс алқа», аналық медалдерімен наградталған. Қазір Ақсу ауылында тұрады.

**Ермұханова Күләш**- 1941 жылы 23 сәуірде Ақтөбе облысы Мәртөк ауданында туған. Білімі 5 кластық. 1960 жылы Ермұханов Ағымбаймен тұрмыс құрды. Өзі шопан көмекшісі, жолдасы шопан болып жұмыс істеді. 8 баласы, 10 немересі, 2 шөбересі бар. «Ана даңқы» орденімен наградталған. Қазіргі күнде Кенсахара ауылында тұрады.



**ТӘҢІРБЕРГЕНОВ СЫРБАЙ АМАНБАЙ-ҰЛЫ**

02.01.1960ж. Ақсұм а, Шалқар ауд. т. Батыс Қаз. а/ш ин-ын бітіріп, «Зооинженер» мамандығын алды. 1983-87ж.ж. Октябрь ауд. «Победа» кеңшарының зоотехнигі, бөлімше басқарушысы болған. 1987-95ж.ж. Октябрь ауд. а/ө бірлестігі басқарма бастығының орынбасары, аупартком нұсқаушысы, а/ш бөлімінің бастығы, партком хатшысы, әкімі болған. 1995ж. Мәртөк ауд. «Хазірет» ЖАҚ президенті. 1989-91ж.ж. Октябрь, Ақтөбе, Мәртөк ауд. әкімдерінің облыстық аудандық білім басқармаларының мақтау қағаздарымен, «Құрмет» орденімен (1999), «Тәуелсіздіктің 10 жылдығы» медалімен марапатталған.

**ТӘҢІРБЕРГЕН МОЛДАБАЙ** - көрнекті халық ақыны, композиторы, әнші, күйші, жыршы. 1858 жылы Торғай облысы Ақтөбе уезі, №3 Бүрлен болысында дүниеге келген. Әкесі қарапайым малшы болған. Молдабай кішкентайынан Торғай атасының қолында тәрбиеленген. Ол кісі өткір ойлы, қолына домбыра алып ән айтудан жалықпаған, үйіне үнемі ақын, әнші-домбырашыларды шақыратын, қонақжай адам болған. Осылайша Молдабай кіші жастан келіп-кетер өнерлі қонақтардан шеберлікке үйренген. Ол Тама рулы Аташалдан тараған Тәңірберлі болып келеді. Тәңірбергеннің – Батыр, Байын, Райын, Қошқар, Шуақ, Сары, Аманқұл, Жаманқұл атты 8 ұлы болған. Ырысымбет, Жолбарыс, Қараша деген үш баласы бар Сары Молдабайдың атасы болған. Екінші ұлы Жолбарыстан әншілік өнер тараған. Тама руының ата-бабалары кезінде 500 шақырым қашықтықтағы Текеколтығы деген жерден, Орал облысы Ақтөбе уезіне қоныс аударған. Молдабайдың дауысы Орынборда жақсы танымал еді, өйткені ол 70 –ші жылдары ақындар

байқауында жеңімпаз атанған. Молдабай Орынбор базарының «жұлдызы» болды деуге болады. Орынбор саудагерлері қыс мезгілінде Оралда атшабыс ұйымдастырғанда әншінің дауысы Орынбордың үстімен самғаған сұңқардай секілденетін. Жазушы, этнограф, ғалым-энциклопедист Ғалым Ахметов өзінің «Күй шебері Қамбар» атты мақаласында Молдабайдың дауысын XX ғасырдың 20-шы жылдары туған жері Қобда ауданында естігенін жазған. Молдабайдың домбырасы шағын болғандықтан әрдайым арнайы қабында арқасында жүрген. Бір кездері әнші үлкен тойдан қымбат сыйлық, ақ жібектен тігілген, алтын жіппен арабша жазулары бар орамал алып келген екен. Оны өмірінің соңына дейін сақтап, көз жұмар алдында осы орамалға домбырасын орап, өзімен бірге жерлеуін өсиет еткен. Өсиетін ұрпақтары орындады. 2007 жылы Молдабайдың бейітінің жанына М.С. Жанғалиев стелла орнатты.

**ТЕЛЕВ МҰРАТ** (20.05.1936ж. Родниковка а.) – ауыл шаруашылық еңбегінің ардагері, «ҚазССР еңбегі сіңген механизаторы». Трактор бригадасының бригадирі болды. «Ленин» орденімен, медальдармен марапатталған.

**ТИМИРОВА ФАИНА** (26.12.1926-1995жж. Ақтөбе обл. Мәртөк с.т.) 1950ж. Алматы Мемлекеттік дәрігерлік институтын бітірді. 1950-1995жж.оташы, Емхана бөлімінің меңгерушісі, 1955ж. КСРО оташылар ХХҮІ съезінің өкілі, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған, КСРО денсаулық сақтау саласының үздігі, I дәрежелі оташы. Ол «Тың жерлерді игергені үшін», «Еңбектегі ерлігі үшін», «В.И.Лениннің 100 жылдығын мерекелеудегі» медальдарымен, бірнеше мақтау құжаттарымен марапатталған.

**ТИНТУЛ НИКОЛАЙ ПЕТРОВИЧ** (1935ж.) – механизатор, ауыл шаруашылық еңбегінің ардагері. «Междуреченский» совхозында тракторшы болып жұмыс істеді. Өндіріс жетістіктері үшін «Ленин», «Қазан төңкерісі» ордендерімен марапатталған.

**ТКАЧЕНКО НИКОЛАЙ ИВАНОВИЧ** (05.12.1935ж. Орынбор облысы Ақбұлақ ауданы Сарыбұлақ ауылы) - әскерден келген соң Дзержинск атындағы совхозында электрик болды. Ұзақ жылдар мінсіз жұмыс жасаған үшін «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

**ТОЧЕНЬ АЛЕКСАНДР ДАНИЛОВИЧ** (1924 жылы Мәртөк а. – 1974 жылы Ақтөбе к.) – цирк атлеті. КСРО-ның спорт шебері (1967ж.). 1939-1941 жылдары - әскерде болған, тынық мұхиты флотының кемешісі. 1941-1945ж. Ұлы Отан соғысында қатысты. 1945-1954 жылдары – Мәскеу циркінің әртісі, 1954-1956ж.ж. Орынбор циркінде жұмыс істеген. 1956 жылы Ақтөбе авиакәсіпорында жұмыс істеген. «КСРО еңбегі сіңген спорт шебері» атағының иегері.

**ТӨНКЕРІС** ауылы Бөрте өзенінің бойында аудан орталығынан 30 шақырым жерде орналасқан. Ауылда мешіт болған, кейіннен мектеп болып өзгертілген. Онда балаларды Дәулетқали Хазірет оқытқан. Ауылға жақын Байнияз, Хазірет, Битөре, Мақымет, Қарынбай, Байсары, Есмұқан, Мұқаш жылгалары ағап жатқан. Бозтөбе, Қарбызтөбе, Назарәлітөбе, Шүрентөбе, Байынтөбе төбелері бар.

**ТУЧИН ВЛАДИМИР ФИЛИППОВИЧ** /8.8.1932ж. т. Тамбов обл. Любченко қ./ – ғалым-агроном. Батыс Қазақстан а/ш ин-ын бітірген. 1957-94жж. «Красное Знамя» ұжымшарында шаруашылықта бас агроном, «Жайсаң» кеңшарында ферма менгерушісі, бас агроном. «Первомайский» кеңшарының директоры. Первомай ауылдық Кеңесі атқару комитетінің төрағасы, техника қауіпсіздігі жөнінде инженер қызметінде істеген. «Еңбек Қызыл Ту», екі рет «Құрмет белгісі» ордендерімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

## У

**УӘЛИЕВ БЕКТІЛЕУ АБДРАХМАНҰЛЫ** - (1902ж. Бестамақ с.- 15.02.1938ж.Ақтөбе қ)- Мәртөк ауд. кеңесінде атқ. ком-тің I төрағасы. 1922ж. бастап Кеңес партия ұйымдарында жұмыс істей бастады. 1926-31ж.ж. БК (б) П Мағаджан ауд. партия ком-нің хатшысы, 1932ж. Жамбыл облысы Әулие-ата ауд. орт. РИК төрағасы. 1933-34ж.ж. Ақтөбе обл., Ойыл ауд. атқару ком. төрағасы. 1935ж. жоғары біліміне байланысты Мәртөк ауд. жана ауд. ұйымдастыру жұмысына жіберілді. 1937ж. қараша айына дейін Мәртөк ауд. кеңесі атқ. ком-нің төрағасы. 1937ж. қарашада заңсыз қудаланып, КСРО Жоғары Соты әскери ұжымының шешімімен 1938ж. 15 ақпанда қатаң жазаланды. ҚР «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заңына сәйкес 14.04.1993ж. ақталды.



**УРЖАЕВ РАМАЗАН** (1939)- Тәжірибелі малшы. Еңбек жолын Вознесен а. 1956ж. малшы болып бастаған және 1996ж. дейін жұмыс жасаған. Көп жылдық қажырлы еңбегі үшін «Құрмет белгісі» орденімен, көп медальдармен марапатталған.

## Ү

**ҮМБЕТОВ ҚАЗТАЙ** (1915-1987 ж.ж. Сынтас а.). 1938 жылы Темір каласында есепші қызметкерлерінің курсына оқып тәмамдайды. Соңынан 1942 жылға дейін Родниковка ауданының қаржы бөлімінде салық агенті қызметін атқарады. Ол кезде салық агенттеріне соғыстан қалып қояға бронь берілетін. Ал ол болса мұндай мүмкіндіктен бас тартып, өз еркімен майданға сұранып, аттанады. 1942 жылы Белорусия майданының 7 батальон командирінің байланысшысы болады. Кейін шайқастардың бірінде, фашистердің қоршауына түсіп, өздерінің оқ-дәрілері мен азық-түліктерінің таусылып, шайқас соңында жау қолына түсіп қалады. Неміс концлагерінің барлық ауыртпалықтары мен аштықты бастан кешіреді. 1944 жылы екінші майдан ашылып, фашист концлагерлерінде жатқан әскери тұтқындарды босатады. Солардың қатарында Қазтай Үмбетовте болады. Сөйтіп олардың барлығын Америкаға алып кетеді.

1944 жылы Отанына оралған Қазтай Үмбетов, өз елінде саяси репрессияға ұшырап, 10 жылға Солтүстікке жер аударылады. Сөйтіп туған жерінен аластатылып тағдырдың қиын тауқыметін басынан өткізеді. Айдауда жүріп Воркутакөмір шахтасында шахтер болып жұмыс істейді. Өзінің туған жерінен құда түсіп Раушанға 1951 жылы сонда үйленіп, 1952 жылы Мұрат, 1954 жылы Нұрболат есімді екі баласы дүниеге келеді.

1954 жылы туған жері Сынтасқа оралады. 1959 жылы соғыс ардагері ретінде «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысындағы жеңісі үшін» төсбелгісімен марапатталады. Ауылда шамамен 20 жылдай малшаруашылығы саласында адал еңбек етеді. Сол кездері К.Маркс атындағы колхозда жылқышы болып жүріп, жылқы шаруашылығындағы жоғарғы көрсеткіштері үшін 1973 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталады.

## Ф

**ФЕСЕНКО АЛЕКСЕЙ СТЕПАНОВИЧ** Карл Маркс атындағы колхозының механизаторы болды. Астық өндірісін арттырғаны үшін, 1966 жылы «Ленин» орденімен, медальдарымен марапатталған.

**ФОКША ИВАН СЕМЕНОВИЧ** (1929ж.) – Дзержинск атындағы совхозында механизатор, тракторшы болды. «Ленин», «Қазан төңкерісі» ордендерімен, медальдарымен марапатталған.

**ХАЗІРЕТ** - Мәртөк ауданының солтүстік шығысында, аудан орталығынан 120 шақырым қашықтықта орналасқан. Ол Хазрет селолық округінің орталығы. Халқының саны 801 адам.

Хазрет селолық округінің алғашқы ауылы Қия ауылы болған. Ауылдың негізін Н.Байғарин қалаған. 1880 жылы “Русский вестниктің бір санында Б.Юзефович “О быте киргизов (казахов) Тургайской области” деген мақаласында Елек уезіндегі казактардың көшпелі өмір салтынан отырықшылыққа ауысуы жайында жазған. Онда Ақтөбе болысының Елек уезінде ағаш тамдардан өзге кірпіштен салынған бес үйдің болғаны және де оның негізін салған Нүрпейіс Байғарин деп жазды. Алайда өкінішке орай бұл деректе ауылдың қай уақытта салынғаны жайында нақты айтылмаған. Н.Байғарин өз үйінің құрылысын салып бастаған, кейін оның қасына 4 отбасы қырғыз үйлерін салып, 6 отбасы ағаштан салды. Ал солардың жанына 22 жаңа жеркепелер салып, орналасты. Сөйтіп Юзефович келгенде ол жерде 33 отбасы болған. Осы жерлерге басқа жақтан қоныс аударушылар 1878-79 жылдары келе бастаған. Мұнан Хазрет селолық округіне қарасты Қия ауылының негізі шамамен 1875-76 жылдарда қаланды деп болжауға болады. Жер басқармасы қоныстанушыларға орын бере бастады. Херсон облысынан келген қоныстанушылардың тобына жер бөлімдері Сынтас өзенінің бойынан 1908 жылы беріле бастады.

Алғашқы үйді көп балалы отбасы Остап Княшко салды. Кейін оның үйі тұрған жерде клуб пен қосалқы бөлшектер қоймасы салынып, бертін келе 1972 жылы өртеніп кетті. Өзге шаруалар да үй тұрғыза бастады. Үйлер негізінен Қиядан әкелінген тастан және саман кірпіштен салынды. Жайлап ауыл өсе бастады.

1909-1910 жылдары Полтавадан қоныстанушылар келе бастады. Олардың қатарында Федор Гринь, Прокофий Ивченко, Роман Олейниктер болды. Олар өздерінің мерекелері мен дәстүрлерін берік ұстады. Мал ұстау мен бақша егу секілді шаруалармен айналысты. 1914 жылы ауылда шаруалардың 32 ауласы тіркелді. Ал 1917 жылы төңкеріс жайында ел ішінде хабар түсе бастады. 1918-1919 жылдары ауыл үстінен атаман Дутовтың отряды басып өтті. Бандыларға Ивашенко мен Карчук ауылды тонауға көмектесіп отырды. Соңында ауыл тұрғындары көтеріліп Дутовшылармен күреске шықты. Партизан жасақтарын құрап, өздеріне қару-жарак тауып жасырын түрде бандыларға шабуылдар ұйымдастырды. Партизан жасақтарының құрамында Михайл Горевой, Петр Ивченко, Иван Олейник болды. Жасақтар күн санап толығып отырды. Кейінірек осы тапқа Березовка ауылынан Селиверст Чепкин қосылды. Ол кезінде өзінің астындағы атын тартып алмақ болған үш офицерді айырмай шаншып тастаған. Бұл әрекеті үшін актер оны ұстап алуға әрекеттер жасаған, алайда ол құтылып шығып партизандармен бірге Андреевка ауылына қарай бет алған. Онда олар жергілікті партизан

жасақтарымен бірлесіп бейбітшілік орнағанша актармен күресуін тоқтатпаған.

Ауыл ішінде Петр Власенконың жетекшілігімен продрозверстка жүргізілді. Халықтан жиналған астық ат пен өгіз арбалармен Ақтөбеге жіберілген.

1922 жылдан бастап артельдер құрыла бастады. Алайда бұған дейін шаруалар еркін серіктестіктер құрып, жерді бірлесіп игерді, ал күзде өнімді өзара бөлісіп отырды.

1929 жылы Пивон Шепель және Александр Лысогор есімді шаруалар артель құруға тырысып, қатарларына 15 отбасын жинады, алайда бұл шара жүзеге аспады. 1929 жылдың желтоқсан айында «Ударник» колхозы құрылып, оның құрамына 29 отбасы бірікті. Қалғандары онша сеніңкіремеді. Колхоздың бірінші төрағасы болып Филлип Каличниченко тағайындалды. Әуелі олар ферма ұйымдастырды, алайда фермаға ғимараттың болмауынан мадды колхозшылардың үйлерінде ұстады. Көп уақыт 19 сиыр Федор Гринь есімді колхозшының қорасында тұрды. Алғашқы сауыншылары болып Галина Барыльченко мен Мария Шепень жұмыс істеді. Олардың ішінде жақсы жұмысшылардың қатарында Елена Скоропад болды. 1929 жылы алғашқы бастауыш мектеп ашылып, мұнда Борис Леонидович Химчук мұғалім болып жұмыс істеді. Сол жылы сауатсыздықты жою мақсатында көп адамдар партаға отырды. Оларға Алексей Дыбуля сабақ берді. 1932-1933 жылдары Хазрет ауылында жаңа мектеп салынды. Е. Барыльченко, Р. Олейник, Ф. Шепель «Үшінші фермадан» ағаш үй сатып алып, оны бұзып ауылға әкеліп құрастырған болатын.

1935 жылы колхозға 7 «Коммунар» тракторлары келді. Н. Барыльченко, Я. Барабаш, П. Дыбуля, Г.Шепельдер Родниковқада трактор айдауды үйреніп келіп тракторларға отырды. Олардың қатарында Т. Барыльченко, С. Иванько, Л. Черненко есімді жас қыздарда болды. Кейін алғашқы автокөлік пайда болды (алғашқы шофері И.Иванько).

1941 жылғы Ұлы Отан соғысы басталды. Ауыл ішіндегі ер азаматтардың барлығы дерлік майданға аттанды. Ал ауылда қалған әйелдер, кәрі-құртан шалдар мен балалар колхоз тірлігіне бел шешіп араласты. Осы уақыттарда колхозды Евдокия Иванько басқарды. Соғыстан оралғандары жағдайы кеткен ауылдың шаруашылығын көтерді.

1955-1956 жылдары колхоз тың игеруге барынша атсалысты. Белоруссия мен Украинадан Н.Зарубин, С.Перетятко, В.Гурковский, В.Токарь, А.Котов, С.Блинков, П.Тоболенко және т.б. тың игеруге келді. Жаңа техникалар келе бастады, жұмыс қызды. Ауыл ішінде тың игеруге келгендердің атына арналып Украинская атты көше бүтіндей салынды. 1956 жылы Хазрет ауылында 4 шағын колхоздар («Алабайтал», «Ударник», «Красный партизан», «Қызылшың») «Красный партизан» болып біріктірілді. Шаруашылық 4 бағытта сүт, ет, астық және жүн өндірумен жұмыс істеді.

1980-1990 жылдар аралығында ауылда орта мектеп, интернат, Мәдениет үйі, дүкен, быткомбинат, аурухана, кітапхана, бала-бақша, екі қабатты әкімшілік




гимараты, диірмен, комбайн цехы, МТМ, су құбыры, монша және пошта жұмыс істеді.

Жалпы жер көлемі 1989 жылы 44804 га құрады, оның 13098 га-ы егіс алқабы болатын. 1990 жылы колхоз иелігінде 88 трактор, 60 автокөлік, 45 комбайн, 150 бас жылқы, 850 бас ірі қара, 8360 бас қой болды. Кезінде 15 адам әртүрлі ордендермен және төсбелгілермен марапатталған.

Қайта құру кезеңінде «Хазрет» АОЗТ құрылды, кейін «Хазрет» ЖАҚ болып өзгертілді. Бүгінде округте «Хазрет» ЖШС мен 13 ШҚ жұмыс істейді. Ауылда орта мектеп, «Сынтас» шекара бекінісі, 10726 кітап қоры бар кітапхана, монша, наубайхана жұмыс істейді.

## ХАЗІРЕТ СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІ

ХАЗІРЕТ СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІ - Мәртөк ауданының шығысында орналасқан. Округ солтүстігінде Ресей Федерациясымен, солтүстік-батысында Родниковка және Қызылжар селолық округтарымен, шығысында Қарғалы ауданының жерлерімен, оңтүстігінде Қарашай селолық округінің жерлерімен шекараласады. Жалпы қолданыстағы жер көлемі 44357 га, оның ішінде 12658 га-ы шабындық, ал 30526 га жайылымдық жерлер.



**Климаты:** Климатының басты срекшелігі оның құрғақ болуында. Осы уақыт ішінде түсетін жауын-шашын мөлшері 183 мм, ал жалпы жылдық көрсеткіші 264-355 мм құрайды. Жыл ішіндегі аязсыз күндердің ұзақтығы 120-140 күнге созылады. Қыстың түсуі көбіне қазан айының соңғы онкүндігінің еншісіне тиеді. Қыс айларында ауа температурасы өзінің тұрақсыздығымен

ерекшеленеді. Жылдың ең салқын уақыты қаңтар айында, ауа температурасы көбіне -30-35 градус төмендеп, кейде -45-ке дейінгі аяз мөлшерін көрсетеді (Қыстағы орташа ауа температурасы -16-17 градус). Жер бетіне қардың түсуі қараша айының онкіндігінде байқалады, алайда ол тұрақсыз. Қардың тұрақты түрде жатуы қарашаның 16-26 аралығында, шамамен 10 см қалыңдықты көрсетеді. Жалпы қыс ішінде түсетін қар қалыңдығы 25-35 см шамасында. Қыста желдің бағыты да тұрақсыз, негізінен оңтүстік-шығыс пен шығыстан соғып тұрады. Қардың еруі 20-25 наурыз айында байқалады. Жылы температураның түсуімен қардың еруі күрт жылдамдап, сәуір айының 3 мен 8-і аралығында аяқталады. Көктем айларында ауа пен топырақтың температурасы жылдам қыза бастайды, наурыз бен сәуірдің аралығындағы орташа айлық температура 13-14 градусқа дейін көтеріліп, сәуір мен мамыр айларында ол тағы да 10 градусқа жоғарылайды. Жауын-шашынның қатынасынан көктем құрғақтау. Кей жылдары көктемде жауын-шашын түкте түспей, кейде оның мөлшері 3-4 есе артық түсіп те отырады. Көпжылдық орташа көрсеткіш бойынша наурыз айында жауын 18-23 мм, сәуірде 19-23, ал мамырда 29-38 мм түседі. Көктем келісімен ауа құрғақ болып келеді. Мұнда желдің жылдамдығының жоғары болып келетіндігі өз алдына әсер етіп, топырақ қабатының эрозияға ұшырауына әкеліп соқтырады. Жаз ыстық, әрі ұзақ болып келеді. Жаз айларында орташа тәуліктік температура 18-22 градус, ал орташа күндізгі температура 27-28 градусты көрсетеді. Өзге жыл мезгілдермен салыстырғанда жауын-шашын жазда көп түседі. Соның ішінде маусымда 31-34 мм, шілдеде 35-44 мм, тамызда 25-33 мм-ді көрсетеді. Желдің соғу жылдамдығы бәсеңдейді. Желдің ең төмен болу мерзімі тамыз айының енісінде (3/4 м/сек). Сонымен қатар кейде құйын тұрып, шаңды дауылдар да соғып отырады. Күз мерзімі жай түседі. Орташа айлық ауа температурасы тамыздан қыркүйекке қарай 6-7 градусқа, қыркүйектен қазанға қарай 8 градусқа, ал қараша айы қазан айынан 10 градусқа салқындайды. Алғашқы салқындық қыркүйектің соңында байқалады, кейде қыркүйектің басында да болып отырады. Жазғы жауын мөлшері: қыркүйекте - 21-29 мм, қазанда - 22-27 мм және қарашада 22-28 мм болады. Күзгі жауын-шашын өзгермелі. Кейбір жылдары айлап жаумайтын кездері болса, басқа жылдары 100 мм-ге дейін жететін кездері болады. Әдетте қазан айынан бастап бұлтты күндер көбейіп, жел ұлғая түседі. Көктемгі желдер эрозиялық-қауіпті желдер болып саналады, ол кезде топырақтың беті ашық болады, бұл - солтүстік-батыс және батыс желдері үлкен жылдамдықтағы желдер көктем мен қыс мезгілдерінде байқалады.

**Жер бедері:** Хазрет селолық округінің территориясы Мұғалжар тауының солтүстік жағында орналасқан. Жер бедері бойынша селолық округ аумағын 9 геоморфологиялық микроаудандарға бөлуге болады.

1 - аудан - Жездібай өзенінен солтүстіктеу және оңтүстіктеу, бөлшектелген жер бедерімен сипатталады. Онда сай-салалы, құламалы және шымдалған беткейлер бар.

- 2 – аудан – Березовка ауылы мен солтүстіктегі Белый және Черный бұлақтарымен, Мокрая арқалығы мен Алтай жылғасына жақын орналасқан.
- 3 – аудан – Белый және Черный бұлақтарынан солтүстіктеу, «Березовка - Хазірет» жолынан батысқа қарай Сынтас шатқалына дейін кіреді.
- 4 – аудан – Мокрая арқалығы және Алабайтал өзенінен батыста орналасқан. Адыр-бұдыр жер бедерінде шағын тегістелген жерлері бар, онда терең арқалықтар мен шымдалған шатқалдар көрінеді. Топырақтың беті ұсақ тасты.
- 5 – аудан – Сынтас өзенінен егіндікке қарай солтүстік жағында, батыс беткейіндегі бұрынғы СТФ-ның шығысындағы бірінші арқалыққа дейін орналасқан. Бұл жер үлкен көлемді алып жатыр және жер бедерінің күрделілігімен ерекшеленеді. Сынтас өзенінен ығысқан жатық шатқалдарымен салыстырғанда жердің оңтүстігі шымдалған арқалықтармен қиылысады.
- 6 – аудан – Бөрте өзенінің солтүстік-батыс бұрышында, жер пайдаланымда орналасқан. Жер бедері жеңілтолқынды тегістелген жерді елестетеді.
- 7 – аудан – бесінші жерден батысырақ орналасқан. Жер бедері ойлы-дөңді-жазықты. Дөң атыздары негізінде солтүстіктен оңтүстікке қарай созылып, жеңілтолқынды жазықтармен кезектесіп атыздар араларында орналасқан.
- 8 – аудан – Қия өзені мен Бұрмасайдан оңтүстікте, Первая арқалығынан шығысқа қарай орналасқан. Жер бедері адыр-бұдыр толқынды-жазықты. Дөңдер батыстан шығысқа, кей жерде солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай созылған атыздар немесе ойлар жасайды. Жер бедері жалпы терең арқалықтар мен шымдалған шатқалдармен өте анық кескіленген. Шатқалда жарлы қырлар мен сайлар бар. Бұл әсіресе Қызыл-шың-сай және Бұрмасай жыраларының геоморфологиялық жерлерінде болады.
- 9 – аудан – Қия және Бұрмасай өзендерінен солтүстікке қарай асқақтаған плато тәрізді. Бұрмасай мен Қия өзендерінің арасында асимметриялық тік жарлы қыр бар. Жер бедері топырақта үлкен орын алады, себебі ол жылу мен ылғалды таратушы рөлін атқарады. оңтүстік шатқалдың қары тез кетіп, егін ерте піседі. Жер бедерінің әр түрлілігінен топырақтың құрамы да бірдей болмайды. Сондықтан, селолық округтің жер бедері сан түрлі, оның элементтері жиі өзгеріп отырады. Пайдаланатын жерлер тегістеліп жыртылған. Өзендердің жағаларында суды сақтау аймақтары қарастырылған.

**Топырағы:** топырағы бойынша селолық округ оңтүстік кара топырақ аймағына жатады. Аймақтық топыраққа сортаң жерде кездесетін әр түрлі қалыптағы кара топырақ жатады. Негізгі түрлерінен басқа олардың тұқымдық белгілері болады, мысалы, - карбонаттық, сортаңдық, сорланғандық, деформациялық. Толқынды, адырлы-бұдырлы жер бедерімен, қаратопырақ оңтүстік толық емес және аз дамыған деп танылған. Селолық округ аумағында аймақтың негізгі топырағынан басқа, шалғындағы кара топырақ дамыған. Ол механикалық құрамы бойынша сазды әрі ауыркөмірсазды болып келеді. Мұндай жердің құнарсыздығын ескерсек, толығымен құлдырап

кетпеуі үшін көп жылдық шөптерді егіп, жайылым шалғынына айналдыруды қажет етті.

**Гидрография:** селолық аймақтың гидрографиялық тізбегіне – Қия, Сынтас, Жездібай өзендері, Қарасу, Сағанай, Сазанбай, Қарабұлақ, Ақбұлақ, Бошесай, Байман, Шолақсай, Қызылшын, Бұрмасай, Шөрегей, Әсетсай, Жінішкесай, Қызылағаш, Домбар, Алабайтал ағынсулары кіреді. Қия өзені шығыстан солтүстік-батысқа қарай аймақтың солтүстік шекарасымен 18 шақырымға ағып жатыр. Су жиынтығының көлемі 50,5 шаршы шақырым. Өзен алқабын анық көруге болады және ені 0,5 шақырымға дейін жетеді. Өзеннің суын шаруашылықтың қажетіне қолданып, мал суарады. Сынтас, Жездібай өзендері мен Қарасу, Сағанай, Сазанбай, Қарабұлақ, Ақбұлақ, Бошесай, Байман, Шолақсай, Қызылшын, Бұрмасай, Шөрегей, Әсетсай, Жінішкесай, Қызылағаш, Домбар, Алабайтал жылғалары әдетте жаз айларында кеуіп, орнында қамыс өсіп, шалшық сулар қалады. Бұл территорияда қолдан жасаған бөгеттер бар. Олар: «Қызылшын» (1960 ж), «Хазірет» (1963 ж), «Хазірет-2» (1963 ж), «Хазірет-3» (1963 ж), «Березовка-1» (1965 ж), «Березовка-2» (1965 ж).

**Гидрогеология:** селолық округ аумағының құрылымына жоғарыборлы, ортажылмаңды, жоғарыпермді горизонттар шөгінділері кіреді. Су сақтау горизонттары атмосфералық жауын-шашын арқылы ылғалданады. Ондағы судың деңгейі 2 метрден 50-ге дейін көтеріледі, ал сүзу коэффициенті ауысатын уақытта тәулігіне 2 ден 9 метрге дейін барады. Скважинаның ағымы 0,4 ден 1,6 л/сек. Су сақтайтын горизонттар сумен қамтамасыз етуге пайдалынады.

Ортажылмаңды шөгіндісінің су горизонты селолық аймақтың оңтүстік жағында кең таралған. Сулары ағысты. Су деңгейі 1-10 метр тереңдікте анықталады. Сулардың ұзақ тұрып қалған кезде минералдылығы төмендейді. Минералды арттырғанда 3 гр/л дейін өседі. Бұл сулар жайылымдарды суаруға пайдаланылады. Жоғарыпермді шөгіндісінің су горизонты округ тұрғындарының пайдаланып отырған жерінің солтүстік жағында орын алған. Жарықшаты аймақтың күштілігі 60-100 м-ге дейін алмасып тұрады, және скважинаның тереңдігін белгілейді. Скважинаның ағысы 1 ден 10 м-ге дейін өзгереді. Шөгіндіге су атмосфералық жауын-шашын арқылы жиналады. Су сақтайтын горизонт жайылымдарға пайдаланылады.

**Өсімдік:** Хазірет селолық округ аумағы оңтүстік далалық аймақта, жылы құрғақ оңтүстік қара топырақты және қоңыр-талшын мен сортаң далалығында орналасқан. Ол жердің өсімдіктері – типчак, жусан, акселеу, жұмсақ сабақты дәнді және әр түрлі құрғақтыққа төзімді шөптер. Азықтық жер суы 3 түрлі жер бедерімен түсіндіріледі: жазықтық, Табиғи жер суымен өсетін топтардың түрлеріне – акселеу-бетеге, жусанды топтар жатады. Аймақта бетеге-акселеулі жайылымдар кеңінен орын алған. Бұл топқа бетеге,

астық тектес дәнді шөптер кіреді. Оларды қолдану мезгілін айтсақ, көктемгі-жазғы-күзгіге жатады және малдың барлық түріне пайдаланылады. Жазғы жайылымның орташа өнімі – 2,4 – 8,2 ц/га. Бұл топтың құрамына әр түрлі жайылымдар, далалық мамық және бидайық селеулер кіреді. Жусан жайылымдары өзге шөптердің арасында шағын аймақтап кездеседі. Бұл топқа сұрыжусан, қаражусан, австриялық жусан, шағырлы мал жайылымдары жатады. Құрғақ жайылымдардың жазғы өнімі 2,1 – 4,5 ц/га-ға жетеді. Мал азығының сапасы жақсы. Күз мезгілінде қой мен жылқы малын жайуға болады.

Егінжай қорғанысы, орман алқаптарында ағаш өсімдіктерден үйеңкі, шегіршін, терек, қарағаш, сары қарағай өседі. Бұл орманды алқаптардың көбі 1970-1974жылдары отырғызылған. Егін қорғайтын орман алқаптары жолдың бойында, шекарада, егін ішінде, негізінде жел эрозиясы қауіпі бар жұмсақ жер қыртысында болады. Кейбір екке ағаштар су қоймалары мен тоған судың жағалауында орналасқан. Олар сулы жердің жағасын шайылып және кеуіп кетпеуіне ықпал етеді. Округте барлығы 283 га орманды жер суы бар, Березовкада – 60 га, Қияда – 223 га.

**Жануарлар әлемі:** округтің ландшафтты-климатты талаптарға сай географиялық орналасуы жануарлар әлемінің әр түрлілігі мен байлығына жағдай жасайды. Бұл жерде борсықтар, құндыздар, қасқыр, қоян, ақ тышқан, күзен, қарсақ, саршұнақ, қосаяқ, суыр, тасбақа, жыландар тегіс мекендейді. Аймақта кездесетін құстар әр түрлілігімен ерекшеленеді. Мұнда – тырна, ләйлек, аққу, құтан, дала қыраны, құр, балықшы, үкі, шағала, үйректің барлық түрлері, бүркіт және т. б., құстар ұялайды. Селолық округтің су қоры балықтың асыл түрлерімен бай: сазан, шәңке, шортан, мөңке, аққайран.

**Қорлары:** Хазірет селолық округі ұсақ тас, құм, ақ, қызыл саз- құрылыс материалдарымен танылған. 90-шы жылдары Хазірет селосынан 1,5 шақырым жерде геологтардың іздеу-барлау жұмыстары жүргізіліп, жас көмір және әзірге пайдалануға жарамсыз темір мен марганец кендері табылған. Кең жер қорына кеніш, шабындық, жайылым, егістік жерлері мен жер асты және жер үсті суларынан тұратын су қорлары кіреді.

**Халқы:** Хазірет селолық округінің аумағы 2001 жылы құрылған. Бұрын Березовский округі болып, 44354 га жерді алып жатқан. Оған Хазірет, Березовка, Алабайтал, Қия, Қызылшың елді мекендері кіреді. Бүгінде (2006 ж.) санақ қорытындысы бойынша халық саны 887 адамға жеткен және 12 ұлт өкілдерінен құрылған – 74,8 пайызы қазақтар, 20 пайызы орыстар, 15,1 пайызы украиндар, 1 пайызы татарлар, 1,9 пайызы немістер, 0,9 пайызы өзбектер, 0,6 пайызы марийцтер, 0,7 пайызы өзге ұлттар болып келеді. Халық тығыздығы 1 шаршы шақырымға 2,3 адамнан келеді. округ бойынша туу көрсеткіші өсіп отыр.

**Ауыл шаруашылығы:** Табиғи-климаттық жағдайы бойынша Хазірет селолық округі ылғалдылығы жеткіліксіз аймаққа жатады. Жылы агроклимат егіншілікпен айналысуға, астық, картоп, көкөністерді, дәнді дақылдарды өсіруге қолайлы. Бұрын бұл өңірде ет-сүт өндіруде мал шаруашылығы, шошқа, қой және құс шаруашылықтары кеңінен дамыған. Қазіргі таңда ауыл шаруашылығымен бір ЖШС мен 13 шаруа қожалығы айналысады.

«Хазрет» ЖШС - Танирбергенов С. Жалпы жер көлемі - 20532 га , соның ішінде шалғындық - 6978 га, құрғақ шабындық - 187 га, жайылым - 12900 га, өзге жерлер - 467 га.

«Акбота» ШҚ - 137 га. – Таманбаев С.

«Рустам» ШҚ - 205 га. – Тасмағанбетов

«Жездыбай» ШҚ - 800 га.- Ермағамбетов М.

«Болашак 1» ШҚ - 406 га. - Имамбаев С.

«Фарида» ШҚ - 386 га.- Туребеков М.

«Туребек» ШҚ - 650 га. – Туребеков Р.

«Марат» ШҚ - 214 га. – Туребеков С.

«Сагира» ШҚ - 569 га. - Истлеуов Х.

«Уразалы» ШҚ - 569 га. – Оразалин С.

«Азамат» ШҚ - 400 га. – Кубаев М.

**Білімі:** қазіргі таңда селолық округте 2 мектеп бар. Хазірет селосында қазақ-орыс орта мектебі және Березовкада бастауыш мектеп жұмыс жасайды. жалпы оқушылар саны 130 бала. Мұғалімдер саны 31 адам.

**Денсаулық сақтау:** округ аумағында 1 дәрігерлік амбулатория және бір фельдшерлік пункт қызмет етеді.

**Мәдени ағарту жұмыстары:** округ орталығы Хазірет селосында Мәдениет үйі ғимараты бар. 12443 дана кітап қоры бар кітапхана жұмыс істейді.

**Дене шынықтыру және спорт:** Округте 2002 жылдан бері «Хазірет» футбол командасы бар.

**Мәдени мұралары:** Қиялы-Бөрте өзенінің жағасында, Хазірет селосынан 10 шақырым жерде орналасқан ХІХ ғасырдың 2-ші жартысынан ХХ ғасырдың басындағы Атыолла – Қазіреттің қасиетті кешені ескі тарих жоспарындағы объект болып саналады. Ол оңтүстік-батыс жағында көне мешіт қалдығы мен қорымнан тұрады. Кешен 1991-1992 жылдары қоршалды. Оңтүстік-батыстан кіретін етіп, темір қоршаумен қоршалған. Бейіттің ескі жағы қоршалған аумақтың батыс жақ жартысында тұр.көптеген бейіттерде құлпытас ретінде өңделмеген жай тастар қойылған. Мешіт ғимараты өте ескірген, алайда бұрынғы құрылыс жоспары анық көрінеді. Тікбұрышты құрылыс солтүстік, батыс жақ жалпап салынғанымен және оңтүстік жағындағы михраб кертеші жоспар бойынша болатын. Михраб діңгегі ғимарат бойына созылған діңгек тәрізді оңтүстік, оңтүстік-батысқа қарай 10-15 градусқа ығыстырылған. Екі бөлме бір біріне дәліз арқылы жалғанған. Мешіт қабырғалары саздан құйылған тастардан салынған, ал ішкі беті сыланған. Оның іші-сырты өңделген. Ғимараттың төбесінің бір бөлігі мен қабырғалары құлаған. Жоғарғы ернеуіне дейінгі 3,85 м михрабты қабырға сақталып қалған.

Мешіттің солтүстік жағында молдалар мен оқушыларға арналған 4-5 құрылыс іздері көрінеді. Мешіт жаында 30-шы жылдарға дейін конфессионалдық мектеп қызмет еткен. XIX ғасырдың соңында XX ғасырдың басында мұнда сыйынатын кешен болған, өзен жағасында ауыл орналасқан. Хазрет аумағында тағы үш ескі бейіт табылған.

Березовка – I обалы бейіті. Березовка ауылынан шығыс оңтүстік шығыста 3 км жерде дала жолы қиып өтетін қыратта орналасқан 3 жер обадан тұрады. Олардың көлемі: диаметрі – 14 м-ден 20 м, биіктігі – 0,3-тен 0,1 м аралығында.

Березовка – II обалы бейіті. Оңтүстік оңтүстік батыс-солтүстік солтүстік-шығыс желісі бойынша созылып жатқан төрт жер оба кішкене жазық төбеде орналасқан. №№2,3 және 4 обалардың жер үйінділері жайпақ формалы, көлемдері: диаметрі – 10-12 м, биіктігі- 0,3-0,4 м. үйіндісінде таскездесетін ең ірі №1 (18x1,5 м) обаның үстіне триангуляциялық белгі орнатылған.

Березовка – III бейіті. Солтүстік – оңтүстік желісі бойынша созылып жатқан жеті обадан тұрады. Олардың жер үйінділері жартылай сфералық формалы, жайылып кеткен көлемі: диаметрі 8-ден 15 м, биіктігі 0,2-ден 0,4 м аралығында болған.

Березовка – IV обалы бейіті. Тоғыз жер обадан тұрады. Березовка ауылынан оңтүстік шығыста 2,5 км жерде орналасқан. АПИ археологиялық тобымен 1988ж табылған. Олардың көлемі: диаметрі – 16-дан 27 м, биіктігі – 0,4-0,8 м аралығында.

Березовка – V бейіті. Дала жолы кесіп жатқан кішкене жазық қыратта орналасқан 4 обадан тұрған. Обалар диаметрі 18-ден 25 м, биіктігі – 0,8-ден 1,2 м болатын жер үйінділері жартылай сфералық формалы болған. №№2 және 3 оба тас үйінділі. №1 обادا триангуляциялық белгі орнатылған.

Березовка – VI бейіті. Дала жолы кесіп жатқан кішкене жазық қыратта орналасқан бөлек оба. Жер үйіндісінің диаметрі – 30 м және биіктігі 1,0 м, жартылай сфералық формалы.

Березовка – VII бейіті. Березовка ауылынан батыста 4 км жыртылған жерде орналасқан. Он обадан тұрады. Ең ірі №1 оба (4,0x40м) жартылай сфералық формалы үйінділі, оның үстіне геодезиялық белгі орнатылған, жаында тереңдігі 1м болатын шұңқыршық бар. Қалған обалар екі бөлікпен орналасқан. Олардың көлемдері диаметрі 12-37м, биіктігі 0,2-2,0м. №5 оба (2x37м) айналмалы ормен қоршаулы, үйіндісінде тонау шұңқыры байқалады. №1 обадан басқалары тегіс жыртылған және жоғалудың алдында тұр.

Березовка – VIII бейіті. Биіктігі 1,5м, диаметрі 25м болатын жер оба Березовка ауылынан батыста 5 км жерде жазық төбеде орналасқан. Үйіндіде екі тонаушылық шұңқыры бар.

Хазретовка – I обалы бейіті. Екі обадан тұрады. Үйінді топырақты (12-14, 0,2-0,4). Обалар арасында дала жолы өтіп жатыр. Тегіс жыртылған. 1988 жылы АПИ археологиялық барлау тобымен табылған.

Хазретовка – II обалы бейіті. Бес жер обадан (4-14, 0,2-0,35) тұрады. Обалар тізбесін дала жолы қиып жатыр. №1 және №5 обалар тегіс жыртылған.

Хазретовка ауылынан солтүстік батыста 1 км жерде орналасқан. 1988 жылы АПИ археологиялық барлау тобымен табылған.

Хазретовка – II обалы бейіті. Жеті жер обадан (14-26, 0,3-0,5) тұрады. Обалар тобының батыс және оңтүстік бөлігінен қиылысқан жолдар өтіп жатыр. Тегіс жыртылған. Хазретовка ауылынан солтүстік батыста 10 км жерде орналасқан. 1988 жылы АПИ археологиялық барлау тобымен табылған.

Жаздыбай – VI бейіті. Көлемдері 8-ден 30м, биіктігі 0,2 –ден 3,5м болатын 10 жер оба ашық далада орналасқан. Оба үйінділері жарты шар тәрізді. №1 обадан тригопункт орнатылған. Обалардың көпшілігі қарап авариялық күйде жатыр. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады. АПИ археологиялық тобымен 1987ж. жазда табылған. Паспортталған.

Хазретовка ауылындағы Ұлы Отан соғысына қатысқандарға орнатылған ескерткіш. Кірпіш пен бетоннан жасалған тікбұрышты ескерткіш. Оған автоматы бар солтадаттың бюсті орнатылған. Бюсттің екі жағында ҰОС эпизотары бейнеленген. Ескерткіш металл дуалмен қоршалған. Стелада ҰОС жылдарында қаза тапқан батырлардың есімі жазылған және «Соғыстан оралмаған жерлестерімізге мәңгілік ескерткіш. 1941-1945. Вечная память землякам не вернувшимся с войны» деген жазуы бар ескерткіш тақтасы бекітілген. ҰОС тарихи ескерткіші.

Сынтас қарстық шұңқырлар. Сынтас бұлағының оң жағалауындағы Ақтөбе ауданының Хазретовка ауылынан батыста 1924 жылға дейін мөлдір гипс өндіру үшін кен шығарылатын орын қызметін атқарған 2 қарстық шұңқыр орналасқан. 1975 жылы жазда кен шығарылатын орындарды қарау кезінде оңтүстік шұңқыр өңірінде жасыл яшмадан жасалған микролиттік қырғыш табылды. АӨТӨМ-мен анықталды.

Сынтас. Қазақ моласы Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының Сынтас ауылынан оңтүстік-оңтүстік батыста 1 км жерде, жыра маңындағы үстірттің баурауында орналасқан. Зират шамамен көлемі 100x50 м болатын алаңды алып жатыр. Моланың жер үйінділері құлап түскен және тас дуалмен қоршалған. Бірнеше тас құлпытастар сақталған.

Қия мәйіті. Қазақ моласы Ресей Федерациясының мемлекеттік шекарасындағы Хазретовка ауылынан солтүстік және оңтүстік шығыс шетте 10 км жерде орналасқан. Зират 200x200 м көлемді аумақты алып жатыр. Жаңа жерлеу қабірлері моланың солтүстік және солтүстік шығыс жағында орналасқан. Моланың ескі бөлігі құлап түскен жер үйінділер мен дауылдардан тұрады. Бірнеше құлпытастар сақталған. Солтүстік шетінде ескі мешіт орналасқан.



## ХАЗІРЕТ СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША КӨП БАЛАЛЫ АНАЛАР



**Сакирова Айман** – 1942 жылдың 5 мамырында Ақтөбе облысы Әлімбетовка ауылында туған. Білімі 7 кластық. 1961 жылы Сакиров Ұрынмен тұрмыс құрған. Өзі сауыншы, жолдасы «Красный» партизан» колхозында тракторшы, шопан болып жұмыс жасаған. 9 баласы, 8 немересі бар. «Күміс алқамен» наградталған. Қазір Хазірет ауылында тұрады.

**Нұржанова Женис** – 1945 жылдың 1 қарашасында Ақтөбе облысы Шалқар ауданында Жаңа қоныс ауылында туған. Білім орта. 1963 жылы Нұржанов Қыдырбаймен тұрмыс құрған. Өзі шопанның көмекшісі, жолдасы «Айшуақ» совхозында шопан болып жұмыс жасаған. 9 баласы, 20 немересі бар. «Күміс алқа», «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградталған. Қазір Хазірет ауылында тұрады.



**Тұрсынбаева Зияш** – 1936 жылдың 1 қаңтарында Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданында туған. Білімі жоқ. 1954 жылы Нұрманов Төлеміспен тұрмыс құрған. Өзі сауыншы, жолдасы қойма меңгерушісі болып жұмыс жасаған. 9 баласы, 11 немересі бар. «Күміс алқамен» наградталған. Қазір Хазірет ауылында тұрады.

**Иванько Галина Степановна** – 1948 жылы Ақтөбе облысы Мәртөк ауданында туған. Білімі 8 кластық. 1967 жылы Иванько Дмитриймен тұрмыс құрған. Өзі Карл Маркс атындағы, «Красный партизан» колхозында сауыншы, жолдасы жүргізуші болып жұмыс жасаған. 9 баласы, 12 немересі бар. «Күміс алқамен» наградталған. Қазір Хазірет ауылында тұрады.



**Молдагереева Асылзада** – 1926 жылдың 1 қаңтарында Ресейдің Орынбор облысы Куvandық ауданы Новый поселкесінде туған. Білімі 2 кластық. 1944 жылы Молдагерев Бақтыбаймен тұрмыс құрған. Өзі еңбек майданына қатысушы, «Красный партизан» колхозында тракторшы, жолдасы ОТФ-тың меңгерушісі болып жұмыс жасаған. 11 баласы, 30 немересі, 18 шөбересі бар. Аналық

орденімен, «Батыр-Ана», «Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 60 жыл» медалімен наградталған. Қазір Хазірет ауылында тұрады.

**Алмашева Ақкенже** – 1940 жылдың 20 қаңтарында Ресейдің Орынбор облысы Кувандық ауданы Маячиний поселкесінде туған. Білімі 3 кластық. 1957 жылы Алмашев Төлөндімен тұрмыс құрған. Өзі шопанның көмекшісі, жолдасы «Красный партизан» колхозында шопан болып жұмыс жасаған. 10 баласы, 19 немересі бар. Аналық, «Батыр-Ана» ордендерімен, «Еңбек ардагері» медалімен наградталған. Қазір Хазірет ауылында тұрады.



**Самиянова Қама Табынбайқызы** – 1947 жылдың 25 қаңтарында Ақтөбе облысы Шалқар ауданы «Айшуақ» совхозында туған. Білімі 6 кластық. 1963 жылы Самиянов Ерішпен тұрмыс құрған. Өзі үй шаруасында болған, жолдасы шопан болып жұмыс жасаған. 9 баласы, 13 немересі бар. «Күміс алқамен» наградталған. Қазір Хазірет ауылында тұрады.

**Дәулетова Тыныштық** – 1936 жылы Ақтөбе облысы Ленин ауданы «Большевик» колхозында туған. Білімі 3 кластық. 1954 жылы Дәулетов Рысқалимен тұрмыс құрған. Өзі сауыншы, жолдасы «Красный партизан» колхозында шопан болып жұмыс жасаған. 9 баласы, 18 немересі, 4 шөбересі бар. «Ана даңқы» орденінің үш дәрежесімен наградталған. Қазір Хазірет селолық округінде тұрады.



**Дүйсенғалиева Шұға** – 1949 жылдың 2 қыркүйегінде Ақтөбе облысы Алға ауданы Нариман ауылында туған. Білімі орта. 9 баласы, 10 немересі бар. «Күміс алқа», «Ана даңқы» орденінің екі дәрежесімен наградталған. Сауыншы болып жұмыс жасаған. Қазір Хазірет ауылында тұрады.

**ХВОСТОВ МИХАИЛ ИОНОВИЧ** (1915ж. Шалқар ауд. Қауылжыр ст. – 25.07.1992ж. Ақтөбе қ.) - өндіріс жетекшісі. Білімі жоғары – КОКП ОК жанындағы партия мектебін бітірген. 1934-39жж. Біршоғыр ст. 8-ші жол дистанциясында есепші, бастығы. 1939-41жж. Орынбор т.ж.саяси бөлімінің нұсқаушысы, Ақтөбе обл.парткомының кадрлар бөлімінің сектор меңгерушісі. 1941-44жж. БК Орталық комитетінің «Ақтөбемұнай» тресіндегі парторгі. 1944-55жж. Темір, Новоресей, Мәртөк ауд.парткомының 1-ші хатшысы. Үш жыл партия мектебінің тыңдаушысы, 1958-61жж. Ақтөбе обл.парткомы а/ш бөлімінің меңгерушісі. Кейінгі екі жылда Қарабұтақ ауд.парткомының 1-ші хатшысы. 1963-83жж.обл.астық өнімдері басқармасы бастығының орынбасары, обл.а/ш өнімдерін сатып алу және сапасы жөніндегі бас инспектор, обл.астық өнімдері өндірістік басқармасының бастығы. 2-3-4-ші шақырылған ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің үш мәрте депутаты. Бес мәрте «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар Достығы», «Құрмет белгісі» ордендерімен және 7 медальмен марапатталған.

**ХЛЕБОДАР (САРЖАР)** - селосы аудан орталығынан 55 шақырым қашықтықта және облыс орталығы Ақтөбе қаласынан 22 ш жерде орналасқан. Халқының саны 2684 адам, 21 ұлт өкілдері трады. (2007ж деректер бойынша) № 37 разьезде 38 тұрғынды 10 аула бар.

Алғашқы қоныс аударушы қазақтар Саржар деген атпен Елек өзенінің көркем жағалауында орналасқан. Жергілікті округ халқы Қарағай, Құдық, Барақ ауыл (4ш), Байметен, Қызылжар, Сынтас, Қарабұтақ (15 ш), Дауыл тоғай, Тас бұлақ (15ш), Ақшатау, Торыс ауылдары болып біріккен. Бірақ тағы біршама – Жұмажан тоғай, Нарық тоғай, Шықылдақ (37 разьезд), Қурайлы сай, Дайрабай бұлақ, Сығалай бұлақ, Айдай көл, Жанбыр бұлақ, Құлмағамбет бұлақ, Дәментәу, Аңысай өзен атты жерлерді қазақтар жайлау ретінде пайдаланған.

Саржар ауылының негізі 19-шы ғасырдың екінші жартысында қаланған. Темір жолдың салынуына байланысты 1908 жылы орыс және украин қоныс аударушылары Зиброва, Галюга, Дворникова, Болтенколардың отбасылары жақсы жерге орналасу мақсатында қоныстанған. Олар уақытша үйлерде тұрып, №38 разьезде қызмет еткен. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде темір жол көптеген жұмысшыны қажет етіп, келушілер жол маңайына орналаса бастады. 1918 жылдың шілдесінде ақ гвардияшы Дутовтар бандасы Орынбор қаласын басып алып, Орта Азия мен орталық Ресейді байланыстыратын жолды кесіп тастады. Соғыс өршіп тұрды. Дутовтар армиясы Ақтөбеге шабуыл жасады. №38 разьезд көптеген босқындарға жайлы аймаққа айналды. 1918 жылдың қараша айында Шығыс әскери майданының Қызыл Армия бөлімшесі атаман Дутовтың жауынгерлеріне қарсы шайқас бастады. Ақ гвардиялықтар шегінгеннен кейін уақытша тұруға арналған үйшіктерді жағып жіберді. Көптеген тұрғындар баспанасыз қалды. Үй-жай тұрғызу қажет болды. Олар саздан үйлер сала бастап, аулаларға жайғасты. Саржар, Бәйтемен, Қарағай, Құдық, Қызылжар, ауылдарынан көшіп келген орыстар бірге өмір сүрді.

1919-1921 жылдары халық разьезді, темір жолды өңдеп қайта қалпына келтіріп, жер жыртып, мал өсірумен айналысты. 1921-1922 жылдарғы аштық қоныс аударушылардың екінші толқынын алып келді. Олар алғашқы егінді жинап алып, селоны – Хлебодаровка деп атады.

1929-1933 жылдар аралығында селолық Кеңестің бірінші төрағасы А.Поддубный болды. 1929 жылы селода (70-ке жуық аулаға) тәркілеу жүргізілді. Кәмпескеге ұшыраған Михаил Бутконың (2 ат, соқа, 10 қой), Петр Бутконың (2 ат, қол ұшырғышы, 4 қой), Иван Фоменконың (2 сиыр, 1 түйе), Корней Чеботаревтың (механикалық молотилка, 2 түйе, 2 сиыр), Алексей Чеботаревтың (2 сиыр, 2 түйе) отбасылары солтүстіктегі Магадан облысына айдалды. Олардың барлық ыдыстары мен мал-мүліктері мектеп алдында сатылды. Алынған дөңдер жалпыға тиісті жерлерге егілді. 1930 жылы «Красный Октябрь» ұжымшар құрылып, бірінші төрағасы болып С. Зотова сайланды. Ол кезде ұжымшарда барлығы 45 бас мал болды. Егін жинау науқаны аяқталған соң, 1 күнгі еңбек 200 гр дәнмен бағаланды. 1935 жылы 7000 га жері бола тұра, «Красный Казахстан» (қазіргі Құрайлы) ұжымшарымен бірігу туралы облысқа өтініш берілді. 1936 жылы Родниковка МТС-да қызмет көрсететін алғашқы тракторлар пайда болды. 1938 жылы кезекті ажырату жүргізіліп, «Красный Октябрь» колхозы қайтадан дербес болды. Саржар поселкесі ұжымшар бөлімшесі болып қалды. 1938-1940 Саржар, Жұмаш Құрмашев басқарған Ақшатау селолық Кеңестің территориясы болды. Хлебодаровка селосында қос топтамалы орыс бастауыш мектебі, Саржарда қос топты қазақ бастауыш мектебі жұмыс жасады. Соғыстан соң 1956 жылдың күзіне дейін ұжымшар халқы жұмыстарын істеп қалыпты өмір сүрді. Одан кейін Хлебодаровка мен Саржар Илек совхозының бөлімшелері болып саналды. 1965 жылы 1 шілдеде бөлімше «Хлебодаровский» совхозы болып қайта құрылды. Бірінші совхоз басшысы Николай Григорьевич Белик сайланып, 1982 дейін қызмет етті. Село болашағын ірі-қара мал өсіру шаруашылық бағытымен көтеріле бастады. Мал шаруашылығында шошқа және ет-сүт өндіруде ірі-қара мал болды. Осы жылдар ішінде село көгалдандырылып үлгерді. Жалпы ауыл шаруашылық жер көлемі 32392 га еді. оның 13740 га – егістік, 590 га – шабындық, 17641 га – жайылым, 3 га – бақтар. Совхоз бидай, арпа, сұлы, қара бидай, тары, бұршақ, көкөніс, картоп, бақша егумен айналысты. 1966 жылы мал шаруашылығында 1007 – ірі қара, 1305 – шошқа, 23 – жылқы бар еді. Үш жылдан кейін бұл көрсеткіш біршама жоғарылады, ірі-қара – 2000-ға шошқа – 10000, жылқы малы – 30-ға жетті.





1973 жылдың қыркүйегіне дейін Хлебодарда ескі ғимаратта сегіз жылдық мектеп болды, кейіннен 450орындық орта мектеп ашылды. 1978 жылы 6000 басқа арналған шошқа-қора пайдалануға берілді. 1983-1984 жылдары «Промтовары» және «Хозтовары» дүкендері ашылды. 1984 жылы 140 орындық екі қабатты балалар бақшасы іске қосылды. 1986 жылы жер көлемі 30644 га-ға жетті, оның 11881 га – егістік. 1988 жылы стадион қолдануға берілді.

## ХЛЕБОДАР СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІ





ХЛЕБОДАР СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІ - Мәртөк ауданының оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Батыста Тәңірберген ауылдық округімен, солтүстікте Қаратағай селолық округімен, солтүстік-шығыста Родников селолық округімен, оңтүстік-батыста Ақтөбе қаласымен және оңтүстікте Алға ауданымен шектеседі. Жалпы қолданылатын жер көлемі 34027 га құрайды. Округ аумағымен, битумді және асфальттанған облыспен, ауданмен қатынасатын Республикалық маңызды жол бар.



### Шартты белгілер:

-  Өзендер
-  Темір жол
-  Авто жолдары
-  Аудан және округ шекарасы

### Условные обозначения:

-  Реки
-  Железная дорога
-  Автодороги
-  Границы района и округа

**Климаты** – Округ территориясы жылы құрғақ қырда орналасқан. Климат өткір континенталді, ауаның температурасы күн мен түн және қыс пен жазда өзгеріп құбылып тұрады. Ең суық кезені қаңтар айының үшінші онкүндігінде, ең жылы кезең шілденің екінші онкүндігінде болады және де абсолюттік минимум 45 градус суықтықтан, 42 градус жылылығына дейін өзгереді. Аязсыз кезеңінің ұзақтығы 130 күн құрайды. Бірақта ерте күздік түсетін суықтық та бар. Орташа жылдық жауынның мөлшері 250 мм құрайды. жауынның көбірек түсетіні маусым айына (27 мм) және аздау түсетіні ақпан айында (14 мм) қарқынды және өткіншілігімен белгіленетін нөсер түрінде жауын-шашын (жауады) түседі.

(Сәуір-қазан) жылы температура кезінің жауын-шашыны 60-75 пайыз жылдық көлемін құрайды, бірақ негізгі жауын-шашынның көлемі күзде түседі. Сәуірде ауаның ылғалдылығы 52 пайыз құрайды, мамырда 40 пайызға түседі және жазғы айларда 36-37 пайыз құрайды. орташа қардың қалыңдығы 24 см құрайды. көктем ерте түскенде қардың еру шапшаңдығы сәуірдің бірінші онкүндігінде байқалады. Жел бағытының басымдылығы – оңтүстік-шығыс. Топырақтың желдік эрозиясы пайда болатын топырақ жасайтын процессіне қатты желдер әсер етеді. Шаң-тозаң боранмен жылдың алты күнін құрайды.

**Жер бедері:** жер бетінің құрылымы және шаруашылықта қолдануына байланысты аймақтың аумағын төртке бөлуге болады:

Солтүстік және Елек өзенінің оң жақ жағалауымен солтүстік-шығыс;

Елек өзенінің жайылымы;

Елек өзенінің жайылымының жоғарғы жағы мен орталық бөлігі.

Оңтүстік бөлігі.

Електің оңтүстік жағалауы ауыл аймағының шегінде, қасында жатқан учаскелерінен жоғары және жер бедері таулы болып келеді. Қираған орынның солтүстік учаскелерінде Саржар төбелер әртүрлі бағыттарға созылған. Оң жағалауының солтүстік-шығыс бөлігі шағын кесіп өтетін жер бедерімен сипатталады. Оң жағалауының ірі тік жарлары оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай кесіп өтетін Елек өзенінің жайылымына айналады. Елек өзенінің жайылымы иреленген микро жер бедерімен ерекшеленген. Жайылымның арна жанындағы және орта бөлігінде жер бедері төмпешіктелген. Аймақтың оңтүстік бөлігі сайлармен, орлармен кесілген төмпешіктелген шоқы болып көрінеді, соның ең ірісі Наурызбайсай, Қарағандысай. Сондықтан ауыл аймағының аумағы жер бедерінің әртүрлі жиынтығы ретінде сипатталады, сол себепті топырақтың құнарлылығының өзгеруіне әсер етті.

**Топырақ:** Жер бедерінің күрделі болу салдарынан аймақтағы топырақтар шұбарланып кеткен. Тегістелген орталық бөлігінде кара-қоңыр жер мен көп емес сортаң топырақтармен араласқан. Солтүстік және оңтүстік пайдаланатын аумақтарды жер бедері сортаң және нашар жерлермен араласып түскен. Тұйық терсең ойпатта кара топырақты жайылым кездеседі. Елек өзен топырағының құрамы әртүрлі дәрежеде тұздалған және

механикалық майлары бар. Темір жол жанында 2500 га құмды топырақ байқалады. 60-жылдары Батыс-Қазақстан аймақтық тәжірибелі станциясы эрозияға қарсы егіс далаларына кесе-көлдененінен ағаштар отырғызды.

**Гидрография:** гидрографиялық жүйе Елек өзенінен және оның Қарабұтақ (3км), Қарағандысай (3км), Құрайлысай (20км) шағын тармақтарынан тұрады. Ауылдық округ аумағында Елек өзені оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай ағады. Өзен арнасы бойымен ұзындығы 0,5км, ені 0,2-0,4км бекімеген құмдақ аумақтар жиі кездеседі. Өзеннің аңғары мен жағасында бұталар өседі, кеністігі жақсы өңделген. Ені -24 км 30-40м. Баурайының топырағы лайсан, төменге қарай ағыс бойынша жылжуына байланысты құмдақты, кей жерлерде құмды. Ағысы күшті бөліктерінің жағасында қызғылт балшық түрі кездеседі. Өзен еністігі 0,00075 және одан төмен. өзен еністігі елеусіз болғандықтан қозғалу күші төмен. Қалыпты және тасқынды су деңгейінің тербелісі өзен шығынына байланысты. Ең төменгі шығын жаз, қыс айларында байқалса, ең көбі көктем айында болады. Ағыстың негізгі бөлігі (шамамен 80% жылдық) тасқын суы биіктігі шамамен қалыпты деңгейден 2-3м жоғары болады. Деңгейдің тасқыннан кейін төмендеуі баяу жүреді, бірақ тым төмен деуге де болмайды, себебі жаз кезінде су тереңдігі кей жерінде 15-20см-ге дейін төмендейді. Ағыс жылдамдығы: жоғары(көктемде)-0,85л/сек., төменгі -0,2л/сек(жазда). Қыста өзен кей жерлерінде түбіне дейін мұз болып жатады. Мұз 179-220 күн аралығында тұрады. Елек суының минералдылығы төмен 1г/л-ден аспайды. Елек суының құрамында хлоридті-сульфат-натри түрінде гидрокарбонат және кальций иондары басым. Суы жұмсақ және қалыпты-қатты. Округ аумағында «Айдакөл» көлі бар. («Айдакөл» -әйел адамның есіміне байланысты атау, Хлебодар селосынан 3км жерде). 1951-1953жж. салынған екі плотина бар.

**Гидрогеология:** округ аумағындағы келесі су горизонттары белгілі: юра және аллювиалды.

Юра түзілісі сулары. Юра түзілісі бойында тек қана орта-юра шөгіндісі сулы болып келеді, төменгі жағында үлкен түйіршікті құм қабаты, ірі және ортақ құйылған қиыршық тасты және орта түйіршікті құм бөлігі болса, жоғарғы жағынан көмір араласқан құмдақ балшық түзілісі, төменгі юра қабаты сусыз балшықтан тұрады. судың химиялық құрамы хлорид-натрилі. Су қабатының тереңдігі 10-15м., синклиналды шұңқырларды 50м және одан көп. Судың көп бөлігі тұзды және минералдылығы 1 г/л-ден аспайды. Тек синклиналды бассейндердің орталығында ғана 3г/л-ге дейін жүреді.

Аллювиалды түзіліс сулары. Аллювиалды түзіліс сулары Елек өзеніне ұласады. Ежелгі және қазіргі аллювиалды су түзілімдері гидравликалық байланыста және бір су горизонтын құрайды. Су арасында әр түрлі қиыршықты құм және қиыршық тастар және 30% артық галька кездеседі, галька балшықпен араласқан, олардың орналасуы әр келкі. Егер бір скважинадан белгілі бір тереңдікте қиыршықты құм кездессе, екіншісінде жақын арақашықтықты (3м-дей аралықта) дәл сондай тереңдікте қиыршық тассыз құмды балшық кездеседі. Литологиялық кесінділерінің әртүрлілігі

өжелгі өзен аңғары қалыптасуының палеографиялық жағдайымен байланысты. Аллювияның су беру күші Елек өзенінде 10м-ден 70м-ге дейін. Су пунктерінің дебиті 0,1-ден 2л/с-ке дейін.

**Өсімдік:** Кенет өзгертін құрғақ континентальды ауа райы салдарынан өсімдіктер де соған бейімделіп қырда өсетін құрғақшылыққа төтеп беретін болып қалыптасады. Өсімдік әлемі дәнді дақылдарды, тимофеевқаларды, қалақай, жалбыздарды ұсынады. Мұнда боз селеу, жусанның көп түрлері және Елек өзенінің жағалауында, көлдердің айналасында шамалы көлемдерде шалғын шөптер кездеседі. Сайларда, (қырларда) жыраларда, өзен жағалауында қараған бұталары өседі.

**Жануарлар әлемі:** географиялық орналасуы, жер бедері – ауа райы жағынан байланысты жануарлар өңірі бар. Осы жерде бұғылар, еліктер, жабайы доңыздар, қасқырлар, түлкілер, қояндар, ақтышқандар, күзендер аламандар, егеуқұйрықтар, қарсақтар, саршұнақтар, тасбақалар, жыландар мекендейді. Құстар көбіне әртүрлілігімен ерекшелінеді, біздің аймағымызда оңтүстіктен көшкен құстар ұяланатын құстар – тырнарлар, аққулар, көкқұтандар, дала қырандары, кекіліктер, үкі, шағала, бүркіт, үйректердің барлық түрлері және т.б. Елек өзені және басқа жергілікті суларда бағалы балық түрлері бар: сазан, мөңке балық, тенге балық, шортан, көксерке, жайын, лака, аққайран.

**Қорлары:** Хлебодаровка ауыл аймағы мұнайға бай (Аша кең орны) құрылыс материалы – кырыштық тас, құм, балшық. Көлемді жер қорлары, шабындық жерлері (557,98 га), жайылым (13855,32 га) және жыртылған жер (13948 га), су қорлары, жерүсті мен жерасты су көздерінен тұрады.

**Халқы:** 1995 жылы ауыл аймағының жер көлемі ақпан айында 34027 га болды. Хлебодар ауыл өңірінде бір елді мекен – Хлебодар поселкесі және №37 разъезд бар. Қазір 2007 жылы қайта тіркеу тізімі бойынша халық саны 2722 адам. Соның ішінде 80,16 % - қазақтар, 7,97 % - орыстар, 6 % - украиндар, 1,69 % - немістер, 0,77 % - молдавандар, 0,59 % - татарлар, 0,22 % - белорустар, 0,15 % - азербейжандар, 0,15% - гректер, 0,29 % - армяндар, 0,07 % - мордвиндер, 0,11 % - шешендер, 0,48 % - тәжіктер, 0,29% - болгарлар, 0,29 % - башқұрлар, 0,18 – поляктар, 0,07 – гагауыздар, 0,07% - өзбектер, 0,18 % - чехтар, 0,11 % - каракаппақтар, 0,04 % - кәрістер. Барлығы округтер 21 ұлт өкілдері тұрады.

Халық тығыздығы 1 ш.км. 3,6 адамнан келеді. Бұл округте 1335 еркек - 49% және 1387 әйел - 51%. Жаңа туған сәбилердің есебінен (+ 26) көбеюде.

**Ауыл шаруашылығы:** Хлебодар ауыл аймағы ылғалдығы төмен, егіншілікті тәуекелділікпен егетін аймаққа жатады. Бұрын бұл аймақта ет-сүт, шошқа, құс шаруашылығы өркендеген. Бүгінгі күні 1 ЖШС және 16 шаруа қожалықтары бар. Олардың шаруашылық жер көлемі 23348,5 га.



Негізгі шаруашылық саласы шошқа өсіру, қосымша – ірі қара мал, жылқы, қой, түйе шаруашылықтары.

ЖШС және ШҚ жерлері – 23348,5 га

«Кайсар» ЖШС - 16984,4 га

соның ішінде шалғындық - 8009га, шабындық – 7432,5 га, ауыл шаруашылығы пайдаланысындағы жалпы жер көлемі – 1542,9 га.

«Нұр» ШҚ- 88,1 га. – Жумашев Т.

«Көктем» ШҚ - 204 га. – Атауов М.

«Айнагүл» ШҚ - 342 га. – Мұлықаева А.

«Нива» ШҚ - 284 га. – Лесев В.

«Қуандық» ШҚ - 2372 га. – Қарабаев - К.

«Алишев К.» ШҚ - 100 га.- Жантлеуова

«Дикан» ШҚ - 123 га. - Дузбаева З.

«Қарабутақ» ШҚ - 282 га. - Фисенко

«Ұстаз» ШҚ - 212 га. - Исаев Ж.

«Ермек» ШҚ - 423 га. - Барақов М.

«Колос» ШҚ - 296 га. - Сергеев П.

«Бабатай» ШҚ - 214 га. - Тажмуханов У.

«Ойсылқара» ШҚ -320 га.- Алиқенов Т.

«Диас» ШҚ - 651 га. - Жайлибаев К.

«Қуат» ШҚ - 225 га. - Асқаров С.

«Даригемир» ШҚ - 228 га. -Тажмуханов М.

«Кайсар» ЖШС – Ажигулов К.

**Білім беру:** Қазірде селолық аймақта Хлебодаровка селосында бір орта мектеп бар. Оқушылардың жалпы саны – 560.

**Денсаулық сақтау:** аймақта бір селолық дәрігерлік амбулатория бар.

**Мәдени ағарту саласы:** 12292 дана кітап қоры бар бір кітапхана жұмыс істейді.

**Денешынықтыру және спорт:** аймақта 1999 жылы футбол, волейбол, баскетбол командалары ұйымдастырылған. Олар аудандық жарыстарда бірнеше мәрте жеңімпаз атанды. Аймақтың құрама командасы аймақтық жарыстарда, аудандық спартакиадаларда, облыстық жарыстарда жақсы нәтижелерге жетті.

**Мәдени мұралары:** Ақтөбе облысындағы археологиялық қазбалар бүкіл Батыс-Қазақстан мен Оңтүстік Оралды зерттеу жұмыстарымен тығыз байланысты. 1917 жылға дейін осы өлкедегі археологиялық ескерткіштерді зерттеумен Орынбордың архив комиссиясының мүшелері айналысты, соның

ішінде И.А.Кастаньені айрықша атаған жөн. Совет уақытында облыста белгілі ғалымдар М.П. Грязнов пен Б.Н. Граков шінара зерттеулер жүргізді. Өткен ғасырдың 50-60 жылдарында облыстағы белгілі бір археологиялық нышандарды зерттеумен питерлік ғалым В.С. Сорокин айналысты. Облыста жүйелі археологиялық зерттеулер В.В. Родионов атымен байланысты, ол «Западноказахстанская» басқармасының бұрынғы бас геологі, зейнетке шыққаннан кейін Ақтөбе тарихи-өлкелік мұражайдың ғылыми кеңесшісі болды. 70-80 жылдары облыста археологиялық ескерткіштерді табу және оларды құрғатпау мақсатымен сапарларға шығып отырды. Сол кезде мұражайда археологиялық топ құрылды. Бұл топ Жаман-Қарғала I, Бесоба, Иманғазы-Қарасудағы ерте темір дәуірінің ескі қорымдарында қазба жұмысын жүргізді. В.В. Родионовтың табалы бойынша, М.Қ. Қадырбаевтың басшылығымен, Ж.Құрманқұлов пен Т.И. Куликтің қатысуымен ҚазССР Батыс Қазақстан институт тобы (ИИАЭ) 70-80 жылдары Елек өзенінің жоғары жағында «савроматтардың» Сынтас, Бесоба, Жалғызоба, Күміссай қорымдарында қазба жұмысын жүргізді.

Қоймыссай обалы бейіті. Ақтөбе ауданы Хлебодаровка совхозы даласында тас жолдан солтүстікте 400 м жерде Ақтөбе-Мәртөк тас жолының 32 км орналасқан. 1972 жылы күзде тракторлық бригаданың бригадирі Әдікен Досовтың мәлімдемесі бойынша табылды. Үш обадан тұрады. 1 және 2 обалар 1973 жылы қазылды. Б.з.д. V-VI ғғ. Ерте көшпелілердің савромат мәдениетінің мол материалын береді. Қараңыз: М.К.Қадырбаев, Ж.Құрманқұлов. Отчет Северо-Караууского отряда ЮККАЭ АН КазССР за 1973г. Рукопись, фонды АОИКМ.

Сынтас обалы бейіті. Хлебодаровка ауылынан батыста 9,5 км жердегі қыратта орналасқан. 4 жер обадан және әрқайсысының ұзындығы 4 м болатын екі тасты бағаннан тұрады. 1972 жылы бригадир Досов Әдікеннің мәлімдеуінше белгілі болды, ҚазССР ҒА Тарих, археология және этнография институтымен 1974 және 1976 жылдары қазылды. Б.з.д. VI-V ғғ. савромат тайпасының елек тобының әскери ақсүйектерін сипаттайды. Қараңыз: М.К. Қадырбаев, Ж. Құрманқұлов. Захоронения воинов савроматского времени на левобережье р.Илек, в книге «Прошлое Казахстана по археологическим источникам». Алма-Ата, 1976г., стр.137-156.

Сынтас – I бейіті. Екі жер оба, №2 оба үйіндісінде тас байқалады. Сынтас ауылынан оңтүстік оңтүстік шығыста 1,5 км жерде қазақ моласы маңында орналасқан. Олардың көлемі: №1 – 1,5-20м, №2 – 0,4x8 м. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады.

Сынтас – II бейіті. 10 жер обадан тұрады, оның ішінде №1, 3, 4, 7 үйінділерде тас кездеседі. Сынтас ауылынан оңтүстік оңтүстік бастыста 4 км жерде Сынтас өзенінің оң жағалауындағы тік қыраттың жотасында орналасқан.

Олардың көлемі 0,1x6 м-ден 0,6x16 м аралығында. Ескерткіш ортағасырлық кезеңге жатады.

Сынтас – III обасы. Диаметрі 25 м, биіктігі 0,6 болатын үйіндісінде тас кездесетін жер оба. Тригопункттен 100 м жерде жазық қыратта орналасқан.

Сынтас – V бейіті. Диаметрі 21 м, биіктігі 1,0 м болатын екі кішкене шұңқырлы үйіндісінде тас кездесетін жер оба. Дала жолы қиып өтетін жазық төбеде орналасқан.

Сынтас – V бейіті. Батыс-шығыс желісі бойынша созылып жатқан дала жолы қиып өтетін кішкене төбеде орналасқан үш обалы үйіндіден (диаметрі 20-26, биіктігі 0,5-1,0) тұрады. №2 обадан тригопункт орнатылған.

Хлебодаровка – I бейіті. Екі оба төбе басында орналасқан. Диаметрі 16 м, биіктігі 1,5 м болатын жартылай сфералық формалы үйіндісі тасты №1 оба үстіне геодезиялық белгі орнатылған. №2 обаның жер үйіндісінің көлемі 30x0,4 м.

Хлебодаровка – II бейіті. Диаметрі 14 м, биіктігі 0,4 м болатын үйіндісінде тас кездесетін жер оба кішкене қырат басына орналасқан.

Хлебодаровка – III бейіті. Жартылай сфералық формалы (10x0,3) үйіндісінде тас кездесетін жер оба дала жолынан 50м жерде орналасқан.

Хлебодаровка – IV бейіті. Жартылай сфералық формалы (20x0,4) үйіндісінде тас кездесетін жер оба Танаберген өзенінің оңтүстік суайрық жотасында орналасқан.

Хлебодаровка ауылындағы Ұлы Отан соғысына қатысқандарға орнатылған ескерткіші. Тікбұрышты формалы бетонды тұғырда бетоннан жасалған пирамида формалы 5-метрлік ескерткіші орнатылған. Ескерткішке бес тармақты жұлдыз кіргізілген. Ескерткіш металл дуалмен қоршалған. Стелада ҰОС жылдарында қаза болған батырлардың есімі жазылған. ҰОС тарихи ескерткіші.

## ХЛЕБОДАРОВКА СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША КӨП БАЛАЛЫ АНАЛАР



Қамысбаева Аппақ – 1944 жылдың 22 қаңтарында Ақтөбе облысы Байғанин ауданы «Доңызтау» колхозында туған. Білімі орта 1961 жылы Ибраимов Батырмен тұрмыс құрған. Өзі кітапханашы, жолдасы «Оймауыт» совхозында инженер болып жұмыс жасаған. 10 баласы, 13 немересі бар. «Алтын алқа», «Батыр-Ана», Аналық орденімен және «Ана даңқы» орденінің үш дәрежесімен наградталған. Қазір Хлебодар ауылында тұрады.

Баяубаева Айжан Әбдіғалиқызы – 1945 жылдың 3 ақпанында Ақтөбе облысы Родниковка ауданы Қарағай-Құдық ауылында туған. Білімі 8 кластық. 1962 жылы Баяубаев Тыныштықпен тұрмыс құрған. Өзі сауыншы, жолдасы «Хлебодар» совхозында механизатор болып жұмыс жасаған. 12 баласы, 13 немересі бар. «Алтын алқа», «Батыр-Ана», Аналық орденімен, «Ана даңқы» орденінің үш дәрежесімен, «Еңбек ардагері» медалімен наградталған. Қазір Хлебодар ауылында тұрады.



Әлпейісова Балкенже Кенжеғалиқызы – 1935 жылдың 20 мамырында Ақтөбе облысы Родниковка ауданы Қарағай-Құдық ауылында туған. Білімі 7 кластық. 1953 жылы Әлпейісов Қажармен тұрмыс құрған. Өзі қарапайым жұмысшы, жолдасы «Хлебодар» совхозында малшы болып жұмыс жасаған. 8 баласы, 18 немересі, 1 шөбересі бар. «Күміс алқа», «Ана даңқы» орденінің екі дәрежесімен наградталған. Қазір Хлебодар ауылында тұрады.

Меделбаева Ермек – 1967 жылдың 25 қыркүйегінде Ақтөбе облысы Байғанин ауданы «Абай» совхозында туған. 1959 жылы Меделбаев Нұрбатырмен тұрмыс құрған. Өзі шопанның көмекшісі, жолдасы «Оймауыт» совхозында шопан болып жұмыс жасаған. 10 баласы, 20 немересі бар. «Алтын алқа», «Батыр-ана», Аналық орденімен, «Ана даңқы» орденінің үш дәрежесімен, «Еңбек ардагері», «В.И.Леннің 100-жылдығы мерейтойлық медалімен» наградталған. Қазір Хлебодар ауылында тұрады.





**Барақова Кенжетай** – 1932 жылдың 10 наурызында Ақтөбе облысы Родниковка ауданы Қарағай-Құдық ауылында туған. Білімі 7 кластық. 1949 жылы Барақов Серікбаймен тұрмыс құрған. Өзі сауыншы, жолдасы «Хлебодар» совхозында тракторшы болып жұмыс жасаған. Жолдасы Ленин орденімен, Еңбек Қызыл ту орденімен наградталған. 8 баласы, 21 немересі, 2 шөбересі бар. «Күміс алқа», «Ана даңқы» орденінің үш дәрежесімен, «Еңбек ардагері» медалімен наградталған.

Қазір Хлебодар ауылында тұрады.

**Қалпақ Лиман** – 1929 жылдың 1 қаңтарында Ақтөбе облысы Байғанин ауданы оймауыт ауылында туған. Білімі 4 кластық. 1947 жылы Қалпақ Наурызбен тұрмыс құрған. Өзі жұмысшы, жолдасы «Оймауыт» совхозында есепші болып жұмыс жасаған. 10 баласы, 35 немересі, 6 шөбересі бар. «Алтын алқа», «Батыр- Ана», «Ана даңқы» орденінің үш дәрежесімен, «Еңбек ардагері», «Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 60 жыл» медалімен наградталған, Еңбек майданына қатысушы. Қазір Хлебодар ауылында тұрады.



**Қошанова Назира** – 1934 жылдың 3 ақпанында Ақтөбе қаласында туған. Білімі 5 кластық. 1953 жылы Қошанов Қабимен тұрмыс құрған. Өзі жұмысшы, жолдасы «Хлебодар» совхозында механизатор болып жұмыс жасаған. 9 баласы, 14 немересі, 1 шөбересі бар «Күміс алқа», «Ана даңқы орденінің екі дәрежесімен, «Еңбек ардагері» медалімен наградталған. Қазір Хлебодар ауылында тұрады.

**Тәжмұқанова Ұлман** – 1940 жылдың 8 наурызында Ақтөбе облысы Темір ауданы «Қайыңды» совхозында туған. Білімі 7 кластық. 1957 жылы Тәжмұқанов Өтеғалимен тұрмыс құрған. Өзі жұмысшы, жолдасы «Қайыңды» совхозында есепші болып жұмыс жасаған. 10 баласы, 29 немересі, 2 шөбересі бар «Алтын алқа», «Батыр-Ана», «Ана даңқы» орденінің үш дәрежесімен, Аналық орденімен, «Еңбек ардагері» медалімен наградталған. Қазір Хлебодар ауылында тұрады.





**Әшімова Әлима Қажықызы** – 1931 жылдың 3 қаңтарында Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы «Құмсай» колхозында туған. Білімі 5 кластық. 1948 жылы Әшімов Сабырмен тұрмыс құрған. Өзі СТФ-да жұмысшы, жолдасы мұғалім, кейін «Хлебодар» совхозында есепші болып жұмыс жасаған. 1969 жылға дейін Ресейде тұрған. 8 баласы, 11 немересі бар. «Күміс алқа» «Ана даңқы» орденінің екі дәрежесімен, «Еңбек ардагері» медалімен наградталған.

Қазір Хлебодар ауылында тұрады.

**Жиёмбаева Базия Айтжанқызы** – 1947 жылдың 5 сәуірінде Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы «Құмсай» колхозында туған. Білімі 8 кластық. 1964 жылы Жиёмбаев Айдармен тұрмыс құрған. Өзі сауыншы, жолдасы «Хлебодар» совхозында жұмысшы болып жасаған. 9 баласы, 14 немересі бар. Аналық орденімен, «Ана даңқы» орденінің екі дәрежесімен, «Еңбек ардагері», «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградталған, екі рет «Соцжарыстың жеңімпазы» атағына ие болған. Қазір Хлебодар ауылында тұрады.



**Еркекешова Бейбіт Сағидулақызы** – 1941 жылдың 8 наурызында Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Қызыл-Жұлдыз ауылында туған. Білімі 8 кластық. 1957 жылы Еркекешов Қадырғалимен тұрмыс құрады. Өзі пошташы, жолдасы «Хлебодар» совхозында жүргізуші болып жұмыс жасаған. 1969 жылы Ресейден көшіп келген. 9 баласы, 16 немересі бар. «Күміс алқа», «Ана даңқы» орденінің екі дәрежесімен наградталған. Қазір

Хлебодар ауылында тұрады.

**Бөлегенова Зига** – 1939 жылдың 8 қарашасында Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Құлтабан ауылында туған. Білімі орта. 1960 жылы Ақбазаров Сайынмен тұрмыс құрған. Өзі клубта жұмысшы, жолдасы «Байғанин» совхозында бригадир болып жұмыс жасаған. 8 баласы, 20 немересі бар. «Күміс алқа» «Ана даңқы» орденінің екі дәрежесімен наградталған. Қазір Хлебодар ауылында тұрады.





**Мәлікова Құттықыз** – 1938 жылдың 22 ақпанында Ақтөбе қаласында туған. 1953 жылы Әділхан Мәліковпен тұрмыс құрған. Өзі сақманшы, жолдасы «Хлебодар» совхозында тракторшы болып жұмыс жасаған. 9 баласы, 18 немересі, 2 шөбересі бар. «Күміс алқа», «Ана даңқы» орденінің екі дәрежесімен, «Еңбек ардагері», 1 дәрежелі «Еңбек даңқы» медалімен наградталған. Қазір Хлебодар ауылында тұрады.

**Бегімова Қымбат** – 1932 жылдың 5 мамырында Атырау облысы Ганошкино поселкесінде туған. Білімі арнаулы орта. 1955 жылы Бегімов Мырзалымен тұрмыс құрған. Өзі клуб меңгерушісі, кейін сауыншы, жолдасы «Хлебодар» совхозында есепші болып жұмыс жасаған. 10 баласы, 13 немересі, 1 шөбересі бар. «Ана даңқы» орденінің үш дәрежесімен, «Еңбек ардагері» медалімен наградталған. Қазір Хлебодар ауылында тұрады.



**Лепесова Нағима** – 1937 жылдың 20 мамырында Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Жарқамыс ауылында туған. Білімі орта. 1955 жылы Лепесов Зейнуламен тұрмыс құрған. Өзі ФП-с санитар, жолдасы совхозда бригадир болып жұмыс жасаған. 10 баласы, 18 немересі бар. «Күміс алқа», «Аналық орденімен, «Ана даңқы» орденінің үш дәрежесімен, «Еңбек ардагері» медалімен наградталған. Қазір Хлебодар ауылында тұрады.

**Шудабәева Қадиша** – 1945 жылдың 1 шілдесінде Ақтөбе облысы Байғанин ауданы «Оймауыт» совхозында туған. Білімі жоқ. 1963 жылы Сқақов Қанимен тұрмыс құрған. Өзі мектеп-интернатта аспазшы, жолдасы «Оймауыт» совхозында есепші болып жұмыс жасаған. 8 баласы, 10 немересі бар. «Күміс алқа», «Ана даңқы» орденінің екі дәрежесімен наградталған. Қазір Хлебодар ауылында тұрады.





Әлдемберген Ермек Жұмақазқызы – 1948 жылдың 6 сәуірінде Ақтөбе облысы Шалқар ауданы «Айшуақ» совхозында туған. Білімі 4 кластық. 1964 жылы Алдамбергенов Таңжарбаймен тұрмыс құрған. Өзі шопанның көмекшісі, жолдасы шопап болып жұмыс жасаған. 10 баласы, 17 немересі бар. «Күміс алқа», Аналық орденімен, «Ана даңқы» орденінің үш дәрежесімен, Еңбек Даңқы орденімен наградталған. Қазір Хлебодар ауылында

тұрады.

Көшкінбаева Орынгүл Таджимқызы – 1950 жылдың 15 қыркүйегінде Өзбекстан Республикасы Қарақалпақ АССР Нөкіс қаласында туған. Білімі 8 кластық. 1967 жылы Исмайлов Орынбаймен тұрмыс құрған. Өзі балабақшада тәрбиешінің көмекшісі, жолдасы жұмысшы болып жасаған. 8 баласы, 10 немересі бар. «Күміс алқа», «Ана даңқы» орденінің екі дәрежесімен наградталған. Бірнеше рет соцжарыстың жеңімпазы атанған. Қазір Хлебодар ауылында тұрады.



Аманқошова Айгүл – 1947 жылдың 3 наурызында Түркменстан Республикасы Ташауыз қаласында туған. Білімі 5 кластық. 1966 жылы Ерназаров Түзелбаймен тұрмыс құрған. Өзі дүкенде жұмысшы, жолдасы электромонтер болып жұмыс жасаған. 8 баласы 2 немересі бар. «Ана даңқы» медалінің екі дәрежесімен наградталған. Қазір Хлебодар ауылында тұрады.

Аязбаева Ақырыс – 1936 жылдың 4 қыркүйегінде ақтөбе облысы Ойыл ауданы Құмжарған ауылында туған. Білімі 9 кластық. 1954 жылы Аязбаев Жұмабаймен тұрмыс құрған. Өзі сауыншы, жолдасы «Қайыңды» совхозында зоотехник болып жұмыс жасаған. 10 баласы, 17 немересі бар. «Алтын алқа», «Батыр-Ана», Аналық орденімен, «Ана даңқы» орденінің үш дәрежесімен наградталған. Қазір Хлебодар ауылында тұрады.







**Құлсүгірова Шайзада Жайназарқызы** – 1937 жылдың 10 қыркүйегінде Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Жаңажол ауылында туған. Білімі 7 кластық. 1955 жылы Құлсүгіров Есенбаймен тұрмыс құрған. Өзі жұмысшы, жолдасы «Шалқар» совхозында инженер болып жұмыс жасаған. 10 баласы, 14 немересі, 3 шөбересі бар. «Алтын алқа», «Ана даңқы» орденінің екі дәрежесімен наградталған. Қазір Хлебодар ауылында тұрады.

**Сарина Рабига** – 1924 жылдың 25 қаңтарында Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Алтықарасу ауылында туған. Білімі 7 кластық. 1948 жылы Сарин Ақдәулетпен тұрмыс құрған. Өзі сауыншы, жолдасы «Хлебодар» совхозында малшы болып жұмыс жасаған. 9 баласы, 15 немересі, 5 шөбересі бар. 1949 жылы отбасы қуғынға ұшырап Кемеров қаласына жер аударылған. Шахтада 5 жыл жұмыс жасаған. 1955 жылы ақталып кейін келген. «Ана даңқы» орденінің екі дәрежесімен наградталған. Қазір Хлебодар ауылында тұрады.



**Көпенова Батпа** – 1944 жылдың 18 наурызында Өзбекстан Республика Қарақалпақ АССР Күнград қаласында туған. Білімі 3 кластық. 1965 жылы Көпенов Садулламен тұрмыс құрған. Өзі жұмысшы, жолдасы «Хорезм» совхозында механизатор болып жұмыс жасаған. 11 баласы, 20 немересі бар «Батыр-Ана», Аналық орденімен, «Ана даңқы» орденінің үш дәрежесімен наградталған. Қазір Хлебодар ауылында тұрады.

**Досмағамбетова Ұмсынай** – 1941 жылдың 10 мамырында Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Хлебодаровка ауылында туған. Білімі 4 кластық. 1958 жылы Досмағамбетов Жұматаймен тұрмыс құрған. Өзі егінші, қойма менгеруші, жолдасы «Хлебодар» совхозында малшы болып жұмыс жасаған. 10 баласы, 14 немересі бар. «Күміс алқа», «Ана даңқы» орденінің үш дәрежесімен наградталған. Қазір Хлебодар ауылында тұрады.





**Ермуханова Балқадиша** – 1952 жылдың 7 қыркүйегінде Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Оймауыт ауылында туған. 1971 жылы Әлиқенов Танатармен тұрмыс құрған. Өзі жылқышының көмекшісі, жолдасы жылқышы болып жұмыс жасаған. 8 баласы, 4 немересі бар. «Күміс алқа», «Ана даңқы» орденінің екі дәрежесімен наградталған. Дүниежүзі қазақтарының екінші құрылтайының қатысушысы. Қазір Хлебодар ауылында тұрады.

**Әлиева Гүлминұр Минибайқызы** – 1938 жылдың 10 сәуірінде Қазан қаласында туған. Білімі 8 жылдық. 1958 жылы Әлиев Сұлтанкереймен тұрмыс құрған. Өзі жұмысшы, жолдасы «Северный» совхозында жүргізуші болып жұмыс жасаған. Қазақстанға Башкириядан 1958 жылы келген. 8 баласы, 12 немересі 1 шөбересі бар. «Күміс алқа», «Ана даңқы» орденінің үш дәрежесімен наградталған. Қазір Хлебодар ауылында тұрады.



**Шоқпарова Ұлмекен Жангерейқызы** – 1936 жылдың 1 мамырында Ақтөбе облысы Қобда ауданы Ортақ ауылында туған. Білімі 2 кластық. 1956 жылы Шоқпаров Назарбаймен тұрмыс құрған. Өзі сауыншы болып жұмыс жасаған, жолдасы Ұлы Отан соғысының ардагері. 8 баласы, 11 немересі бар. «Күміс алқа», «Ана даңқы» орденінің үш дәрежесімен наградталған. Қазір Хлебодар ауылында тұрады.

**Әлиева Ұлтуған** – 1939 жылдың 1 қаңтарында Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Оймауыт ауылында туған. 1960 жылы Әлиев Жалғасбаймен тұрмыс құрған. Өзі жұмысшы, жолдасы «Оймауыт» совхозында жүргізуші, малшы болып жұмыс жасаған. 8 баласы, 17 немересі бар. «Күміс алқа», «Ана даңқы» орденінің екі дәрежесімен, «Еңбек ардагері» медалімен наградталған. Қазір Хлебодар ауылында тұрады.



**Абдуллаева Алтынак** – 1950 жылдың 20 қыркүйегінде Өзбекстан Республикасы Қарақалпақ АССР Нөкіс қаласында туған. Білімі жоғары. Ташкент ауылшаруашылық институтын бітірген, мамандығы экономист-бухгалтер. Тұрмыстық қызмет көрсету министрлігінде бас бухгалтер болып 10 жылдан астам уақыт жасаған. 1970 жылы Шерипов Базарбаймен тұрмыс құрған. Жолдасы ПМК-да тракторист болып жасаған. 8 баласы, 10 немересі бар. «Күміс алқа», «Ана данқы» орденінің екі дәрежесімен наградталған. Қазір Хлебодар ауылында тұрады.



**Павлюк Елизавета Фридриховна** - 1932 жылы Ресейде Ставрополь өлкесі Советский ауданы Каново селосында туған. Білімі жоқ. 1941 жылы «Красный колос» колхозына жер аударылды. 1975 жылы Новоросей ауданына көшіп келді. 1953 жылы Сейдер Адаммен тұрмыс құрған. Өзі 10 жасынан колхозда жұмысшы, жолдасы тракторшы болып жұмыс жасаған. 11 баласы, 32 немересі, 8 шөбересі бар. «Батыр-Ана», «Ана данқы» орденінің үш дәрежесімен наградталған. Қазір Хлебодар ауылында тұрады.

**Тезекбай Тынышпан** – 1930 жылдың 15 маусымында Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Оймауыт ауылында туған. Білімі 7 кластық. 1951 жылы Мұхамбетқали Тезекбаймен тұрмыс құрған. Өзі жұмысшы, жолдасы «Оймауыт» совхозында есепші болып жұмыс жасаған. 8 баласы, 21 немересі бар. «Ана данқы» орденінің үш дәрежесімен, «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60жыл» медалімен наградталған, еңбек майданының ардагері. Қазір Хлебодар ауылында тұрады.



**Өтенова Жұмабике** – 1929 жылдың 24 мамырында Гурьев облысы Қызылқолшы ауданы Миялы ауылында туған. Білімі арнаулы орта. 1948 жылы Өтенов Әбілқайырмен тұрмыс құрған. Өзі Ойылда зоотехник, жолдасы КГБ-нің құпия бөлмінің офицері болып жұмыс жасаған. 8 баласы, 24 немересі бар. «Күміс алқа», «Ана данқы» орденінің үш дәрежесімен, «Коммунистік еңбектің озаты», «Еңбек ардагері» медалімен наградталған. Қазір Хлебодар ауылында тұрады.

**Жумағалиева Ақбілек** – 1926 жылдың 1 қаңтарында Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Оймауыт ауылында туған. Білімі 4 кластық. 1946 жылы Жұмағалиев Молдағалимен тұрмыс құрған. Жолдасы Ұлы Отан соғысының ардагері. Екеуі 35 жыл шопан болып жұмыс жасаған. 8 баласы, 22 немересі, 12 шөбересі бар. «Ана данқы» орденінің екі дәрежесімен наградталған. Бірнеше рет соңжарыстың озаты болған. Қазір Хлебодар ауылында тұрады.



**Наринова Несібелі** – 1927 жылдың 1 қаңтарында Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Шұбарқұдық стансасында туған. 1932 жылы көшпен бірге Қарақалпақ АССР-не көшкен. Білімі жоқ. 1945 жылы Жарбаев Қадырмен тұрмыс құрған. Өзі үй шаруасында, жолдасы мақта зауытында жұмыс жасаған. 13 баласы бар. 40 жасында жесір қалған. «Батыр-Ана» құрметті атағы берілген. Қазір Хлебодар ауылында тұрады.

**Жайлыбаева Қарылға** – 1928 жылдың 15 наурызында Ақтөбе облысы Родниковка ауданы Қарағай-Құдық ауылында туған. Білімі 7 кластық. 1947 жылы Жайлыбаев Амандықпен тұрмыс құрған. Өзі дүкенші, кітапханашы, есепші, жолдасы «Хлебодар» совхозында бригадир болып жұмыс жасаған. Жолдасы Ұлы Отан соғысының мүгедегі. 8 баласы бар. «Күміс алқа», «Ана данқы» орденімен, көпбалалы аналарға берілетін барлық медальдармен наградталған. Қазір Хлебодар ауылында тұрады.



**Ахметова Күңзира** – 1926 жылдың 1 қаңтарында Өзбекстан Республикасы Қарақалпақ АССР Куйбышев ауданында туған. Білімі 4 кластық. 1946 жылы Ниятджанов Насратдинмен тұрмыс құрған. Өзі колхозда жұмысшы болған, еңбек майданының ардагері, жолдасы мұғалім болып жұмыс жасаған. 10 баласы бар. Аналық орденімен наградталған, «Батыр-Ана» құрметті атаққа ие. Қазір Хлебодар ауылында тұрады.

**Сүлейменова Жамиға Бисенғалиқызы** – 1936 жылдың 29 наурызында Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Жанатаң ауылында туған. Білімі 5 кластық. 1952 жылы Сүлейменов Манетпен тұрмыс құрған. Өзі бұзаушы, жолдасы тракторшы болып жұмыс жасаған. 9 баласы бар. «Күміс алқа», Аналық медалмен, «Ана даңқы» орденінің екі дәрежесімен, «Еңбек ардагері» медалімен наградталған. Қазір Хлебодар ауылында тұрады.



**Бекболатова Алтын Молдағалиқызы** – 1941 жылы Ақтөбе облысы Қобда ауданы Бегалы ауылында туған. Білімі бастауыш. 1960 жылы Бекболатов Құспанмен тұрмыс құрған. Өзі сауыншы, жолдасы шопан болып жұмыс жасаған. 9 баласы бар. «Күміс алқа», «Ана даңқы» орденінің үш дәрежесімен, «Еңбек ардагері» медалімен наградталған. Қазір Хлебодар ауылында тұрады.

**ХЛЕБОДАР ОРТА МЕКТЕБІ** - ең алғашқы темірмен жабылған бастауыш мектеп Трофимовтардың үйінде бодды. Балаларға Афанасий Яковлевич пен Наталья Васильевна Панфиловтар білім берді. Кейін, соғыстан соң сегіз жылдық мектеп салынды. Хлебодар орта мектебі 1973 жылы 450 орындық болып ашылды. 33 жыл ішінде бұл мектептен 6 медалист, 3 алтын белгі иегері және ерекше үлгідегі аттестатпен 4 бала шықты. Мектеп бітірушілер шет елде – Ресейде, Германияда оқытылады. Хлебодар мектебінің түлектерінің ішінде атағы шыққандар көп. Олар: Санкт-Петербургтегі құрылыс алаңын басқаратын Пархоменко Петр, Қайрат Құрманғалиев - Медицина ғылымының кандидаты, Алматы облыстық ауруханасының жетекші хирургі, Қайрат Жұмашев - ӨАҚ подпоковнигі, Астанада қызмет етеді, Германия клиникасының жетекші дәрігері Светлана Попова және ҚазССР білім үздігі атағын алғандар: Қабыл Қалиұлы Атанғарин, Нұркен Бархиянұлы Елдесов, Антонова Ольга Кузьминична.

**ХМЕЛЬ ФЁДОР ПРОХОРОВИЧ** 01.03.1925ж. Каменка с. Долин ауд. Днепропетров обл. Білімі жоғары, мамандығы мұғалімдік. Орал ПИ-дің тарих факультетін бітірген. 1941-42жж. «Земледелец» а/ш артелінің мүшесі, бригадирі. 1953-63жж. Новоросей аупарткомының нұсқаушысы, бөлім бастығы, ауатком төрағасының орынбасары. 1963-78жж. Мәртөк ауд. парт-мемлекеттік бақылау комитетінің төрағасы, 1978-86жж. Ақтөбе обл. аткомының бөлім бастығы, аға референт. «ҮОС II дәрежелі», «Құрмет белгісі» ордендерімен, «Тың жерлерді игергені үшін», «Советтік бейбітшілік қоры» медальдарымен, «КСРО халықтың бақылау қызметі» құрмет белгісімен марапатталған.

**ХОЗАУЫЛ** ауылы Мәртөк ауданының батысында орналасқан, аудан орталығынан 22 шақырым. Жайсаң селолық округіне кіреді. 5 отбасы тұрады.

## Ц

**ЦЕЛИННОЕ (Көкпекті)** Целинное (Көкпекті) ауылы – аудан орталығы Мәртөк ауылының батысында 32 шақырым қашықтықта орналасқан. Ауыл іргетасы 1955 жылы «Жайсаң» совхозына қарасты №3 бөлімшенің кеңсе құрылысының салынуымен қаланды. Ең алғашқы көшеде 12 үй болған. Құрылыс жұмыстарын бірінші болып Чеслав Гудебский, Иосиф Бергер жасады. Бөлімшенің егіс көлемі 10000 га болатын жері болды. Мұнда сонымен бірге 8 мың қой, ірі қара малының сауын және бордақылау табындары болды. Осында №9 тың көтеру бригадасы жұмыс істеді. Аталған бригаданың бригадирі В.Л. Алекрицкий кезінде «Ленин» орденімен және бірнеше төсбелгілермен марапатталған. Бүгінгі күні ауылда бастауыш мектеп, ФП, ауылдық клуб пен шаруа қожалықтары жұмыс істейді.

**ЦЫБА ФЕДОР АБРАМОВИЧ** (09.01.1928-1999жж. Мәртөк ауд. Ново-Федоров с.т.) Еңбек жолын 12 жасында «Красный скотовод» колхозынан бастаған. 1946ж. Кеңес әскері қатарында, 1959ж. Ақтөбе мал дәрігерлік техникумын бітіріп, 1960ж. СОКТ мүшесі, 1970ж. СОКТ ОК жоғарғы партия мектебін сырттай бітірді. 40 жыл ішінде әртүрлі жауапты кеңес пошталарында және а/ш жұмыстарында қызмет жасады. 1967-71ж. екі мәрте «Құрмет белгісі» орденімен, «Тың жерлерді игергені үшін», «Еңбектегі ерлігі үшін» медальдарымен, Социалистік сайыстың жеңімпазы белгісімен, 1971-74жж. ҚазССР Жоғарғы Кеңесінің және үш облатком мақтау құжатымен марапатталған. Жұмыс кезінде 19,20,21,22 партия конференциясында делегат, 1965ж. аупартком кандидаты, ауыл кеңесінде халық депутаты.

## Ч

**ЧЕМОДАНОВ ФЕДОР ЕВГЕНЬЕВИЧ** (14.11.1927 ж.т. Мәртөк ауд. Горноводское а.) – а/ш өндірісін ұйымдастырушылардың бірі. МТС жанындағы агро мектепті, еңбектен қол үзбей Батыс Қаз.а/ш ин-тын галым-агроном мамандығы бойынша бітірген. 1941-43жж. Қобда ауд. «Красный пахарь», Калинин атындағы ұжымшарларда бригадир, учаскелік агроном, трактор бригадасының есепшісі. 1944-51жж. Ұлы Отан соғысына қатысқан, Әскер қатарында қызмет еткен, дәрежесі полковник. 1952-73ж. Қобда ауд. Калинин атындағы ұжымшарда агроном, төраға, ауд. парткомында бөлім меңгерушісі, ауд. а/ш басқармасының бастығы. 1973-85жж. бұрынғы Қарабұтақ, Комсомол ауд. аткомдарының төрағасы, осы ауд. парткомының

бірінші хатшысы. 1985-91жж. Ақтөбе обл. агроөнеркәсіп комитеті жалпы бөлімінің меңгерушісі. Жергілікті сайланбалы органдардың, жетінші сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды. Ленин, екі рет «Еңбек Қызыл Ту», «II дәрежелі Отан соғысы» ордендерімен, 17 медальмен марапатталған.

**ЧИПЕГИНА МАРИЯ МИХАЙЛОВНА** (1907ж. Ақтөбе у. Веренка а. – 1982ж. Ақтөбе ауд.) – Социалистік Еңбек Ері. 1929ж. «Коллективист» ұжымшарына кірді. 1931-63жж. сауыншы, сақманшы, шошқа фермасының меңгерушісі. Мәртөк ауд. бірқатар ауылдарында шошқа өсіруші болған. 1947ж. мекендерді екі рет төлдетті, 9 мекеннен 252 торай алынды. Ұжымшар жоспарды 209 пайыз орындады. Ленин орденімен, "1941-45жж. ҰОС ерлік еңбегі үшін" медалімен марапатталған.

### Ш

**ШАВКИЛОВ КАСАИМ РАВЧАКОВИЧ** (10.03.1942ж. Орынбор облысы) – механизатор. Жайсаң СПТУ-5 бітірген. «Яйсанский» совхозында жұмыс істеген. Ерен еңбегі үшін «Еңбек даңқы» орденімен, медальдармен марапатталған.

**ШАҢДЫ (ЧАЙДА)** – Мәртөк ауданының оңтүстігінде орналасқан, аудан орталығынан 70 шақырым, облыс орталығы Ақтөбеден 85 шақырым, Құрмансайдан 25 шақырым жердегі село. Халқының саны – 325 адам, 11 ұлт өкілдерінен тұрады (2007 жылдың көрсеткіші бойынша).

Селоның тұңғыш тұрғындары – 1905 жылы Ресейден жер аударылған Сидор, Иван және Мария Рыбалкиндер. Олар жаңа орынға екі өгізбен келген. 1908 жылы Украинадан Григорий, Прохор, Иван Голышевтар, Афанасий Швачко, Петуховтар, Топтыгалар көшіп келген. 1912 жылы Киев губерниясынан Иван Деньганың отбасы көшіп келді. Олар төбенің басынан орын тепті. Ойпатқа отын, шөп шабу үшін түсетін. Үйді ағаштан жасады. Жер өлшеуші әрбір ер адамға 10-12 десятин жер бөліп берді. әр отбасы өз жерін айнала қазып, белгі қойды. (1905-1911 жылдары) Торғай облысы Ақтөбе уезінің картасында Шанды жері №47 көшіп келушілер учаскесі деп белгіленген.

1899 жылдың зерттеулері бойынша, Шанды жерінен қазақтарды ығыстырып, оларға тек Жамансу мен Ақсу, Қара Қобда өзенінің оң жақ жағалауындағы қыстақтарды қалдырған.

Шанды архив көрсеткіштерінде Торғай облысы Ақтөбе уезінде Ақтөбеден 100 шақырым жерде орналасқан. Ресми түрде ол Қарақобда болысының төртінші ауылдың әкімшілігіне қараған.

Осы жерде Гурьев уезінің Қарашегір болысының ауылдары (40 шаруашылық) көшіп-қонып жүрген. Олар сәуірде келіп, 1 қыркүйекте кететін болған.

Осында Теректі уезінің Оймауыт-желтау болысының №3 ауылы (25 шаруашылық) №7 ауылы (30 шаруашылық) жаз жайлауын өткізген.

Шаңды өңірі ешқашан бос болмаған. Қазақтардың Қарақобда болысы бұл берекелі жерде ірі кара малды көптеп өсірген. Мұнда деректер келтіруге болады:

1. Ауыл №18, 13 шаруашылық, 245 жылқымен 50 күн (10 сәуірден 1 маусымға дейін) жаз жайлауда болған.

2. №17 ауыл 5 шаруашылығы бар, 96 жылқымен 1 мамырдан 1 шілдеге дейін 60 күн

3. №3 ауыл 19 шаруашылығы бар, 367 жылқымен Шаңдының орта бөлігінде 20 сәуірден 1 шілдеге дейін көшіп-қонып жүрген.

4. №4 ауыл 18 шаруашылық 513 жылқымен көшіп жүрген.

5. №5 ауыл 6 шаруашылығы 249 жылқымен 5 мамырдан 1 шілдеге дейін көшіп жүрген.

